

Том 17

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

17 ТОМ

Март 1908 ~ июнь 1909

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1976

3К2
Л 40

Л $\frac{10102-270}{401\ (07)-76}$ 6—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он жетінші томына 1908 жылдың мартында — 1909 жылдың июнінде, Россияда қаражүздік реакцияның нағыз өршіп тұрған кезеңінде жазылған шығармалар енді. Баяндалған мәселелердің сипаты жағынан алғанда бұл томға кіргізілген шығармалар алдыңғы, он алтыншы томдағы еңбектерге тікелей жанасады.

Ленин бұл жылдары партияны сақтап қалу және нығайту жолында күрес жүргізеді, бірінші орыс революциясының сабақтарын одан әрі қорытындылайды, таптық күштердің арасалмағына талдау жасайды, аграрлық мәселені талдап зерттейді, жаңа жағдайға сәйкестіре партияның міндеттері мен саясатын белгілейді. Томға енген шығармаларда Лениннің партияның өз ішінде және халықаралық аренада оппортунизм мен ревизионизмге қарсы жүргізген күресі бейнеленген, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысы, милитаризмге және империалистік соғыс қаупіне қарсы күрес мәселелері бойынша большевизмнің позициясы негізделген.

Ленин Россияда буржуазиялық революцияның объективті міндеттері шешілмей қалды, сондықтан жаңа революциялық дағдарыс болмай қоймайды деген негізге сүйенді. Большевиктердің 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде қолданған стратегиялық жоспары өзінің бүкіл маңызын сақтады. «Орыс революциясының «табиғаты» туралы», «Орыс революциясын бағалау жөнінде», «Буржуазияның «солшылдануы» және пролета-

риаттың міндеттері» деген мақалаларында Ленин орыс революциясының сипаты мен қозғаушы күштеріне меньшевиктердің берген бағасының дәйексіздігін ашып көрсете отырып, алдағы жаңа буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың гегемон болуы қажеттігін және оның мүмкін екендігін атап көрсетеді. «Біздің буржуазиялық революцияның алғашқы науқаны (1905—1907 жылдар),— деп жазды ол,— біздің буржуазияның әбден солқылдақ және контрреволюцияшыл екендігін даусыз дәлелдеді, біздің пролетариаттың жеңімпаз революцияның *көсемі* болуға қабілеттілігін дәлелдеді, демократиялық шаруалар бұқарасының пролетариаттың бұл революцияны жеңімпаз революция етуіне көмектесуге қабілеттілігін дәлелдеді» (450-бет).

Ленин революцияны ұсақ буржуазиялық шеңберде қалдыруға тырысқан, революцияға басшылық етуді буржуазияның қолына беруге тырысқан меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қатаң сынға алады. Буржуазиялық революцияның жеңісін қамтамасыз ету үшін және бұл жеңісті біржола баянды ету үшін, деді ол, бұл революцияны оның тікелей, буржуазиялық мақсаттарынан едәуір әріге жеткізу керек деген маркстік қағиданы орыс революциясының барысы растады. Орыс буржуазиясының контрреволюцияшылдығы себепті, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі буржуазияның жеңісі ретінде болуы мүмкін емес деп Ленин тағы да атап көрсетеді. Тек пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын орнату ғана буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттерін жүзеге асыруға жеткізіп, оның социалистік революцияға ұласуына мүмкіндік ашады. Революцияның авангарды, жетекшісі ретінде жұмысшы табы дербес саясат жүргізуі тиіс, либералдарды оқшау қалдыра отырып, шаруаларды буржуазияның ықпалынан шығарып алып, олармен берік одақ жасасуды қамтамасыз етуі тиіс.

Ленин бұл кезеңде партияның аграрлық программасын одан әрі талдап жасауға және негіздеуге зор көңіл бөледі. Осы томға енген «Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе» деген шығармасында,

«Социал-демократияның орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген авторефератында, «Долданған П. Маслов», «Плеханов және К^0 ревизионизмді қалай қорғап отыр», «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» деген мақалаларында Ленин аграрлық мәселенің маркстік теориясын қорғайды және одан әрі дамытады.

Ленин өзінің еңбектерінде шаруалар қауымын күйретуге және революциялық қозғалысқа қарсы күресте патша өкіметінің сенімді тірегі ретінде деревняда көптеген кулактар тобын жасауға бағытталған столыпиндік аграрлық реформаның буржуазиялық-помещиктік сипатын көрсетіп берді. Ленин бұл саясатты патша самодержавиесінің аграрлық бонапартизм жағына қарай ойысқандығы, кулакқа жарамсақтанғандық деп сипаттады. Маркстің айтқандарына сүйене отырып, ол бонапартизмге классикалық анықтама береді. Оның мәні, деп жазады Ленин, бұл — өзінің ескі патриархтық тірегін жоғалтқан монархияның жалтаруы және оның ендігі жерде «құламас үшін әдісқойлық жасауға,— басқару үшін жағымпаздануға, — ұнау үшін параға сатып алуға,— тек найзаның ұшымен ғана жан сақтап отырмау үшін қоғамның азғындарымен, тура ұры-қарылармен ағайындасуға» мәжбүр болуы (299-бет).

Помещиктік латифундиялар, шаруалардың ортағасырлық үлесті жер меншігі және жұмыспен өтеу системасы түріндегі крепостниктік қалдықтар елдің өндіргіш күштерін дамыту жолындағы басты кедергі болып отырғандығын Ленин деревнядағы қоғамдық-экономикалық қатынастарды сипаттайтын көлемді статистикалық материалдың негізінде айқын көрсетіп берді. Шаруалар шаруашылығында үлесті жер ролінің кемігеніне тоқтала келіп, Ленин ескі жер иелігін, помещиктік және шаруалық жер иелігін де, қирату сөзсіз экономикалық қажеттілік болғанын атап көрсетеді. Түрлі таптар мен партиялар арасындағы күрес мұндай жағдайда осы қиратудың формалары, оның тәсілдері үшін: ол қирату столыпиндік жолмен, яғни помещиктік жер иелігін сақтау және шаруалар қауымын кулактардың тонауы жолымен немесе революциялық жолмен — поме-

щиктік жер иелігін толық жою, барлық орта ғасырлық кедергілерді жою жағдайында жүргізіле ме — міне осы үшін болады.

Ленин жерді национализациялаудың большевиктік программасын жан-жақты негіздейді, оның экономикалық және саяси маңызын ашып көрсетеді. Жерді национализациялау жолындағы күрес Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңіске жетуінің және оның социалистік революцияға ұласуының міндетті шарты болып табылады деген лениндік қағиданың маңызы ерекше зор.

Ленин кадеттердің, эсерлер мен меньшевиктердің аграрлық программаларына Россиядағы аграрлық қатынастар дамуының екі жолының күресі тұрғысынан қарай отырып, талдау жасайды. Кадеттер шын мәнісінде Столыпиннің саясатымен келіседі деп атап көрсетеді ол. Ленин меньшевиктердің (Масловтың және т. б.) аграрлық мәселедегі оппортунистік көзқарастарына үзілді-кесілді қарсы шығады. Ленин өзінің бірқатар шығармаларында Масловтың және оның жақтастарының ревизионистік позицияларда тұрғанын, олар Маркстің абсолюттік рента теориясын теріске шығаратынын және «топырақ құнарлылығының кеми беруі» деп аталатын буржуазиялық жалған идеяны қорғайтындығын айқын көрсетіп берді. Масловтың ревизионистік пікірлерін қорғағаны үшін Плехановты ол қатаң сынға алды. Ленин жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасының негізсіздігін ашып көрсетті, буржуазиялық революцияда оның реакциялық шара болып табылатынын, өйткені орта ғасырлық жер меншігін жоюдың экономикалық жағынан қажетті және лажсыз процесіне кедергі жасайтындығын, федерализмге және облыстардың бытырандылығына бастайтынын түсіндірді.

Партияның программасы мен тактикасы мәселелерінде меньшевиктердің марксизмнен шегінуі оларды ұйымдық мәселелерде де, реакция жылдарындағы партияның ұйымдық формалары мен қызмет тәсілдері жөніндегі мәселелерде сөзсіз оппортунизмге бастады. Меньшевиктер өздерінің либерал буржуазияны қолда-

ған теріс тактикасын жүргізе берді, кадеттермен блок жасауға барды. Партияның революциялық программасы мен революциялық ұрандарынан масқаралықпен бас тарта отырып, олар құпия революциялық жұмысты тоқтатуға тырысты, сөйтіп іс жүзінде жұмысшы табының революциялық партиясын құрту жолына түсті. Революциялық дәстүрлерден бас тарту арқылы меньшевиктер жария, реформистік жұмысшы партиясының өмір сүруіне патша үкіметінен рұқсат алуға тырысты.

Ленин РСДРП-дағы осы оппортунистік ағымға қарсы идеялық және ұйымдық ымырасыз күрес жүргізді. 1908—1909 жылдары әуелі Женевада, одан кейін Парижде эмиграцияда жүріп, Ленин Россиядағы партия ұйымдарымен тығыз байланысын үзбеді. Орасан зор қиындықтарды жеңе отырып, ол большевиктік партияның жұмысына шетелден басшылық етті. Ол редакциялаған және іс жүзінде большевиктердің орталық органы болған құпия «Пролетарий» газетінде партиядағы ішкі күрес мәселелері кеңінен жазылып отырды. «Пролетарийде» жарияланған мақалаларында Ленин жойымпаздықтың антипартиялық, оппортунистік мәнін әшкереледі, меньшевиктерді олардың «ең жексұрын парламенттік кретинизмге» дейін құлдырағаны үшін, құпия партия ұйымына қарсы айтқан ренегаттық сөздері үшін қатаң айыптады.

Жойымпаздарға қарсы күресте РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының үлкен маңызы болды, бұл конференция 1908 жылы декабрьдің аяғында Парижде өткен еді. «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» Лениннің баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Бұл мәселе бойынша конференция Ленин ұсынған қарарды шамалы өзгерістермен қабылдады (қараңыз: осы том, 357—360-беттер). Конференцияның шешімінде «тозғындау ықпалына түскен кейбір партиялық элементтердің арасында» байқалған революциялық марксизм мен партияның революциялық ұрандарынан шегінушілікке қарсы, РСДРП-ның құпия ұйымын жою әрекеттеріне қарсы күрес жүргізу партияның негізгі міндеттерінің бірі деп танылды.

Ленин жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күресе отырып, сонымен бірге партиядағы «солшыл» оппортунизмге қарсы, шақырымпаздық деп аталатынға қарсы күрес жүргізді. Революцияшыл лепірме сөздерді бүркеніп, реакция жағдайында партия тек қана құпия жұмыс жүргізуі тиіс деп мәлімдеген шақырымпаздар партияны жұмыстың жария формаларын пайдаланудан бас тартуға және III Мемлекеттік думадан социал-демократиялық фракцияны шақырып алуға үндеді.

Лениннің ұсынысы бойынша 1908 жылы июньде «Пролетарийде» Думаға және Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде шақырымпаздармен айтыс басталды. Газетте айтысқа салу үшін шақырымпаздардың мақалалары басылып отырды. Сонымен қатар Лениннің шақырымпаздар позициясының қателігі мен зияндылығын ашып көрсеткен мақалалары жарияланды. Осылайша «Пролетарийде» В. И. Лениннің «Екі хат жайында», ««Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында» және «Большевизмге карикатура» деген мақалалары басылды. Соңғы аталған еңбекте РСДРП Жалпы россиялық V конференциясына делегаттар сайлау кезінде петербургтік шақырымпаздар ұсынған платформа жан-жақты сыналды. Бұл мақалада Ленин шақырымпаздардың «жария ұйымдар жойылсын», «думадағы жария фракция жойылсын» деген ұрандары партияның бақылауынан қуана-қуана құтылғысы келетін жойымпаздарға ғана тиімді екенін көрсетіп берді. Шақырымпаздардың «революцияшылдығы» мен «солшылдығы» дегендер іс жүзінде кезеңнің объективті жағдайлары партияға жүктеген қиын, ауыр және күрделі жұмыстың алдында абыржушылық пен дәрменсіздікті ғана көрсетті. Реакция жылдарындағы партия жұмысының қиындықтары алдындағы бұл абыржушылық шақырымпаздарды жойымпаздармен жақындастырды. Партиялық құпия жұмыстан толық бас тартуға ашықтан-ашық шақырған жойымпаздар да, партияны сектанттыққа душар етіп, оның бұқарамен байланысының жария формаларын теріске шығарған шақырымпаздар да жұмысшы табының революциялық маркстік партиясының өмір сүруінің

өзіне елеулі қауіп туғызды. Міне сондықтан да Ленин шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» деп атады. Жойымпаздық та, шақырымпаздық та буржуазияның пролетариатқа ықпал жасауы болып табылатынын атап көрсете отырып, ол екі майданда — оңшыл жойымпаздыққа және солшыл жойымпаздыққа қарсы — күрес жүргізуге шақырды.

РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы жойымпаздықты оппортунистік ағым деп қатаң айыптай отырып, сонымен бірге шақырымпаздықтан да үзілді-кесілді іргесін аулақ салды. Лениннің шақырымпаздарға қарсы сөйлеген сөздері догматизм мен сектанттыққа қарсы, жаңа тарихи жағдайға сәйкес келмейтін ескі ұрандарды шаблонмен қолдануға қарсы қалай күресу керектігінің айқын мысалы болып табылады.

Ленин РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының шешімдерін 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Россиядағы жұмысшы қозғалысының дамуындағы бетбұрыс пункті болды деп есептеді. Конференциядан кейін ол партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газетінде «Жолға» деген мақала жазып, ол мақалада конференция жұмысына қорытынды жасады. Конференция таптардың өзара қарым-қатынасы мен патша өкіметінің саясатына маркстік талдау жасаудың негізінде, деп көрсетті Ленин, партияның құпия және жария жұмысын ұштастыру міндеттерінің дұрыс шешімін берді, дума трибунасын пайдалану қажеттігін негіздеді және думадағы фракцияның қызметі үшін жетекші нұсқаулар белгілеп берді. Ленин партияны идеялық жағынан топтастыруға, оның құпия партия ұйымдарын ұйымдық жағынан нығайтуға шақырды, ол ұйымдарға ең алдымен жұмысшылар ортасынан шыққан адамдар жетекшілік етуі керек деді, бұқара арасында социал-демократиялық үгітті жан-жақты дамыту қажеттігін көрсетті. Құпия партияны нығайту мақсатында Ленин партия ұяларын құруды, оларды ең алдымен өнеркәсіп орындарында құруды ұсынды. Бұл партия ұялары мен комитеттерінің міндеттері бұқарамен тығыз байланыс орнату үшін, бұқараның барлық талап-тілектеріне үн қосу үшін, әрбір

жеке мәселені пролетариаттың жалпы міндеттерімен, социализм жолындағы күреспен байланыстыру үшін, барлық пролетарлық жария ұйымдарда партияның жетекшілік ролін қамтамасыз ету үшін барлық жария және жартылай жария ұйымдарды пайдалану болуға тиіс.

Сондай-ақ, Ленин «Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының басқармасына» хатта да РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының шешімдеріне сипаттама берді; бұл хатта ол Герман социал-демократиясының Орталық Органы — «Vorwärts» газетінде конференция шешімдерінің бұрмалануына қарсы партияның Орталық Комитетінің атынан наразылық білдірді. Герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунист лидерлері меньшевиктерді ұдайы қолдап, оларға большевиктерге қарсы жалақорлық әрекеттер жүргізу үшін өздерінің басылымдары беттерінен кең орын беріп отырды.

Ленин осы томға енген бірқатар еңбектерінде II Интернационал оппортунистерінің теориясы мен тактикасын сынайды. Олардың ішінде Лениннің халықаралық аренадағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресін сипаттайтын «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласы аса маңызды орын алады. Бұл еңбекті Ленин 1908 жылы марттың екінші жартысында, Маркстің қайтыс болғанына жиырма бес жыл толуына арналған «Карл Маркс (1818—1883)» деген жинақ үшін жазған болатын. Осы кезеңдегі неғұрлым маңызды мәселе деп санай отырып, Лениннің нақ ревизионизмге қарсы күрес мәселелерін бұл жинаққа арнап жазылған мақаланың тақырыбы етіп алуы ерекше назар аударарлық.

Марксизмнің өрге басуы, оның идеяларының жұмысшы табының арасында таралуы және нығаюы, деп жазды Ленин, барлық оған дұшпан теориялар тарапынан марксизмге қарсы шабуылдың күшеюін сөзсіз туғызады. Марксизмге екі жақтан бірдей шабуыл жасалды: марксизмді бекерге шығаруға және жоюға босқа әуреленетін ресми буржуазиялық ғылымның тікелей шабуылдарымен қатар, ревизионистер қолданатын күрестің жасырын формалары да бар. Ревизионизмнің қауіптілі-

гі мынада: ол К. Маркстің ілімін түзету және қайта қарау деген желеумен марксизмді іштен әлсіретуге тырысады. Ленин ревизионистік көзқарастардың мәнін ашты, сөйтіп ревизионистердің теориялық «ізденулері» буржуазиялық идеологияның тозығы жеткен, ескі догмаларын қайталау болып табылатынын, ревизионизм өзінің мәні жағынан либералдық-буржуазиялық көзқарастардың бір түрі екенін көрсетіп берді.

Ленин ревизионизм өзінің соққысын марксизмнің жеке қағидаларына қарсы бағыттап отырған жоқ, ал оның барлық жақтарын: философияны, саяси экономияны және ғылыми социализмді ревизиялауға тырысып отыр деп атап көрсетті. Философия саласында ревизионистер диалектикалық материализмді теріске шығарып және революциялық диалектиканы «қарапайым (және баяу) эволюциямен», ал материализмді субъективтік идеализммен алмастыра отырып, буржуазиялық «ғылымның» соңынан салпақтап келеді.

Ревизионистердің экономикалық теориялары, атап айтқанда олардың экономикалық дағдарыстар заманы енді келмеске кетті-міс деген пікірлері мүлдем негізсіз. Ревизионистердің дағдарыстардың жоғалғандығы туралы пайымдауларын өмірдің өзі толығынан теріске шығарып отыр. «Жекелеген дағдарыстардың формалары, ретімен келуі, бейпесі өзгерді,—деп жазды Ленин,— бірақ дағдарыстар капиталистік құрылыстың құтылмас құрамды бөлігі болып қала берді» (22-бет). Ленин капиталистік қоғам экономикасындағы империализм заманына тән жаңа құбылыстарды,— картельдер мен трестердің өнеркәсіпті біріктіруін және сонымен бірге өндіріс анархиясының күшеюін, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің төмендеуін және капитал езгісінің күшеюін атап көрсетеді. Ол буржуазиялық демократия жағдайында таптық қайшылықтардың және тап күресінің мұқалуы жөніндегі ревизионистік «теорияларды» сынға алды. Ол тарихи фактілерге сүйене отырып, буржуазиялық парламентаризмнің «дағдарыстарды және саяси революцияларды» жойып жібермейтінін дәлелдеп берді.

Ревизионизмнің мәні — жұмысшы табының түпкі мақсатынан, социализмнің жеңісі жолындағы күрестен бас тарту. Ревизионистер жалған минуттық пайдаға бола пролетариаттың түбегейлі мүдделерін құрбан етеді. Ревизионизм дегеніміз капиталистік қоғамда терең таптық тамыры бар халықаралық құбылыс, сондықтан да партияның міндеті, деп үйретеді Ленин, жұмысшы қозғалысында ревизионизмнің таралуына қарсы ұдайы, дәйекті және табанды күрес жүргізу болып табылады. Ғылыми коммунизм позициялары күшейген сайын ревизионизммен күрестің шиеленісе түсетінін алдын ала болжай отырып, Ленин марксизмнің ревизионизмді сөзсіз жеңіп шығатынын күні бұрын айтты. Осы тамаша мақаланың мына соңғы сөздері асқан даналықпен айтылған: «Революциялық марксизмнің ревизионизмге қарсы XIX ғасырдың аяғындағы идеялық күресі, мещандықтың барлық ауытқулары мен әлсіздіктеріне қарамастан, өз ісінің толық жеңісіне қарай ілгері басқан пролетариаттың ұлы революциялық шайқастарының қарсаңы ғана болып табылады» (26-бет).

Лениннің «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласының халықаралық коммунистік қозғалыстың қазіргі заманғы реформизм мен ревизионизмге қарсы жүргізіп отырған күресінде орасан зор маңызы бар. Мақаланың ревизионизм пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың көрінісі екені туралы, ревизионизмнің таптық тамырлары туралы, оның халықаралық сипаты туралы, революциялық марксизмге қарсы оның қолданатын күрес әдістері туралы қағидалары қазіргі ревизионизмнің мәнін және оның коммунистік қозғалыс ішінде іріткі салушылық әрекеттерінің формаларын неғұрлым жақсы түсінуге көмектеседі.

«Марксизм және ревизионизм» деген мақаласы Лениннің орыс махистері мен құдай жасампаздарға баспасөз бетінде бірінші рет қарсы шығуы болды. Горькийдің жұртшылық алдында Богдановқа, Базаровқа және Луначарскийге қарсы шықпау жөніндегі өтінішіне жауап беріп Ленин былай деп жазды: «Егер партияның адамы белгілі бір уағыздың мейлінше теріс және *зиянды* екендігіне көзі жеткен болса, ол осы уағызға қарсы

шығуға міндетті; мұны Сіз түсінуге тиіссіз және, әрине, түсінесіз де. Егер олардың кітабы — *бүтіндей,* басынан аяғына дейін, бұтағынан тамырына дейін, Мах пен Авенариусқа дейін, сорақы, зиянды, филистерлік, поптық кітап екенін сөзсіз көріп-білмеген болсам (ал Базаровтың, Богдановтың және K^0 даналығының түп негіздерімен танысқан сайын бұған күн санап көбірек көзім жетіп жүр), мен шу көтермеген болар едім» (Шығармалар, 34-том, 392-бет). Өзінің мақаласын басып шығаруға бергені жөнінде Горькийге хабарлай келіп, Ленин бұл мақаланы ревизионистерге «ресми соғыс жариялау» деп атайды.

«Марксизм және ревизионизм» деген мақалаға ескертуінде Ленин таяу уақытта бірқатар мақалаларда немесе арнайы кітапшада Богдановтың, Базаровтың және басқа ревизионистердің философиялық көзқарастарын кеңінен сынамақшы екенін мәлімдейді. Бұл ниетін Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында іске асырды, бұл кітап маркстік философияның дұшпандарына қарсы ымырасыз күрестің жарқын үлгісі, большевиктік партиялықтың үлгісі және маркстік философияға қосылған аса бағалы үлес болып саналады.

Реакция жылдарында Ленин партияның дінге көзқарасы туралы мәселеге көп көңіл бөлді, бұл мәселені өте-мөте маңызды және көкейтесті мәселе деп санады. Діни уағызбен халық бұқарасының назарын революциялық күрестен бұрып әкетуге, діни идеологияны патша өкіметін және буржуазиялық-помещиктік құрылысты нығайту мақсатына пайдалануға дәмеленіп, реакцияшыл топтар дінді жандандыруға барынша тырысып бақты.

Ленин «Жұмысшы партиясының дінге көзқарасы туралы», «Таптар мен партиялар олардың дінге және шіркеуге көзқарасы жағынан алғанда» деген мақалаларында пролетарлық атеизмнің негізгі принциптерін тұжырымдады. Ол Маркстің «дін халықтың басын айналдыратын апиын» деген қағидасы дін туралы мәселеде бүкіл маркстік дүниетанымның ірге тасы болып табылатынын көрсетіп берді. Діннің әлеуметтік тамырларын

аша отырып, Ленин дінге қарсы күресті тек абстракты-идеологиялық уағызбен шектеп қоюға болмайды, оны діннің әлеуметтік тамырларын жоюға жеткізетін тап күресінің нақты практикасымен байланыстыру керек деді.

Социалистік қозғалыстағы дінге қарсы күрестің сабақтарын ескере отырып, Ленин пролетарлық атеизмнің принциптерінен шегінудің екі типіне қарсы шығады. Ол жүйелі атеистік насихатты және диалектикалық материализмді қорғауды шіркеуге және дінге сенушілерге қарсы бағытталған әкімшілік шараларымен алмастыруға тырысатын «солшыл» сөзуарларды сынайды. Ленин дінге бұлайша соғыс жариялау және заң шығару арқылы оған тыйым салу дінді тек күшейте түсуі және пролетариаттың таптық күресіне кедергі жасауы мүмкін екенін дәлелдейді. Сонымен бірге Ленин пролетарлық атеизм принциптерін оппортунистік жолмен бұрмалаушылыққа, мемлекетке қатынасы жағынан алғанда дін әркімнің жеке басының ісі болуы тиіс деген маркстік қағиданы партияның әрбір мүшесі үшін, тұтас партия үшін дін әркімнің жеке басының ісі болып табылады-мыс деп бұрмалаушылыққа үзілді-кесілді қарсы шығады. Мұндай позиция дінмен және шіркеумен ымыраласуға қарай бастайды, ал мұның өзі маркстік дүниетанымға түбірінен қайшы келеді.

Ленин «Жұмысшы партиясының дінге көзқарасы туралы» деген мақалада құдай жасампаздықты қатаң сынға алады. Энгельстің Фейербахты дінге қарсы күресксенде, оны жою үшін емес, қайта оны жаңарту үшін, жаңа дін жасап шығару үшін күресті деп кінәлағанын атап көрсете келіп, Ленин Луначарскийдің құдай жасампаздығын сынайды, оның «социализм дегеніміз дін» деген пікірі социализмнен дінге көшудің формасы болып табылады дейді. В. И. Лениннің бұл аталған еңбектерінде маркстік атеизмнің және партияның дін мен шіркеу жөніндегі саясатының теориялық негіздері дамытылған.

«Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген мақала ерекше орын алады. Бұл еңбек Л. Н. Толстойдың туғанына 80 жыл толуына байланысты жазыл-

ған және оның орасан зор маңызы бар. Лениннің мақаласы ең алдымен әуелде жазушыны қудалаған, ал мереке күндерінде «Европаның алдында әдептілік сақтау үшін» ол жөнінде мақтау сөздерді аямаған ресми баспасөзге қарсы және Толстойды «ұлы құдай іздемпаз» ретінде екіжүзділікпен дәріптеген либерал-буржуазиялық әдебиет зерттеушілері мен саясатшыларына қарсы бағытталды. Бұл мақтау сөздердің екіжүзділігін әшкерелей отырып, Ленин Толстой творчествосындағы нағыз данышпандық пен нағыз ұлылықтың неде екенін көрсетіп берді. Ленин оны орыс өмірінің теңдесі жоқ суретін жасаған, сонымен қатар дүние жүзілік әдебиеттің аса көрнекті шығармаларын берген данышпан суреткер ретінде сипаттайды. Толстойдың творчествосы орыс революциясының міндеттерімен тікелей байланыста алып қаралады. Ленин жазушының өз заманындағы қоғамның жалғандығы мен боямалығына қарсы шын наразылығын, оның капиталистік қанауды аяусыз сынағанын, үкіметтің зорлық-зомбылықтарын әшкерелегенін айтады, Толстойдың бүркеніш атаулының бәрін және қандайын болмасын сыпырып тастайтын өте байсалды реализмін атап көрсетеді. «Миллиондаған орыс шаруаларының Россиядағы буржуазиялық революция қарсаңында қалыптасқан идеялары мен пиғылдарын білдіруші ретінде алғанда,— деп жазды Ленин,— Толстой кемеңгер. Толстой ерекше, өйткені оның көзқарастарының жиынтығы тұтас алғанда біздегі революцияның нақ *шаруалардың* буржуазиялық революциясы ретіндегі өзгешелігін тура көрсетеді» (230-бет).

Сонымен қатар Ленин Толстойдың көзқарастарындағы, ілімiндегі және творчествосындағы қайшылықтарды ашады, сөйтіп бұл қайшылықтар XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі орыс тұрмысы жағдайларының көрінісі екендігін дәлелдейді. Жазушының ұлы талантын жоғары бағалай отырып, Ленин оның дүниеге көзқарасындағы көлеңкелі жақтарды да,— оның «ресми лауазым бойынша қызмет атқарып жүрген поптардың орнына адамгершілік нанымы бойынша қызмет атқаратын поптарды қоюға» тырысуын, қоғамдық кесепатқа қарсы белсенді күресті адамгершілік жағынан өзін-өзі же-

тілдіруге дәрменсіз шақырумен және «зұлымдыққа күшпен қарсыласпауды» уағыздаумен алмастыруын атап көрсетеді. Ленин Толстойдың көзқарастарының ең әлсіз, ең артта қалған жақтарын догмаға айналдыруға тырысқан орыс және шетелдік толстойшыларды келемеж етеді.

Лениннің «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген мақаласы әдебиеттің мәніне терең әлеуметтік талдау жасаудың және оған партиялық тұрғыдан қараудың үлгісі болып табылады.

Лениннің халықаралық саясат пен отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы мәселелері жөнінде жазған еңбектерінің ерекше зор маңызы бар. «Дүние жүзілік саясаттағы тұтанғыш материал», «Соғысқұмар милитаризм және социал-демократияның антимилитаристік тактикасы», «Ағылшын және неміс жұмысшыларының бейбіт демонстрациясы», «Балқандағы және Персиядағы оқиғалар», «Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі» деген мақалаларында Ленин халықаралық өмірдің аса маңызды оқиғаларын баяндайды және отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы, милитаризмге және соғыс қаупіне қарсы күрестегі социал-демократияның тактикасын белгілейді.

В. И. Ленин европалық отаршылардың Азиядағы тонаушылық, империалистік саясатын әшкерелеуге көп көңіл бөледі. Отаршылардың Персиядағы, Индиядағы және басқа елдердегі ұлт-азаттық күресті қалай басып-жаныштағанының мысалдары арқылы Ленин «бұқара капиталға қарсы, капиталистік отарлық системаға, яғни құлдыққа салу, тонау мен зорлық жасау системасына қарсы күреске аттанып, іс насырға шапқан кезде Европаның ең «мәдениетті», конституционализмнің ең жоғары мектебінен тәлім алған саяси «қайраткерлерінің» соншалықты *жыртқыш аңға* айналатынын» (188, 191-беттер) көрсетеді. Ленин Азияның азаттыққа ұмтылған езілген халықтарына қарсы цивилизациялы елдер деп аталатындардың контрреволюциялық коалициясын ешқандай екіжүзді сөздер мен дипломатиялық айла-шарғылар бүркемелей алмайды деп атап көрсетеді. Буржуазиялық екіжүзділердің бүркеншін сыпырып

тастау қажет, деп жазды ол, халық бұқарасының қалың көпшілігі алдында өз елдеріндегі пролетарлық күрестен қорыққандықтан Азиядағы революция жөнінде жандармның ролін атқарып отырған буржуазиялық үкіметтердің реакцияшылдығын ашу қажет. Ленин өзінің мақалаларында Шығыстағы революцияларды басыпжаншуға, отаршылдық тонау мен басқа жерлерді басып алуды жалғастыруға бағытталған отаршыл державалардың заговорын әшкерелейді.

Персиядағы, Түркиядағы, Индиядағы, Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалыстың табыстарын Ленин қуанышпен атап көрсетеді. Отар және тәуелді елдердің өз бостандығы жолындағы күресін Ленин халықаралық революциялық қозғалыстың бір бөлегі деп бағалайды. Ленин отаршылдық езгі мен отаршылдық саясат атаулының бәріне қарсы күресу халықаралық пролетариаттың тікелей міндеті деп жариялайды. «Отарлық саясат атаулы жойылсын, бөтеннің жерін басып алуды көздеген, бөтен халықты жаулап алуды, жаңа пұрсаттылықтар алуды, жаңа рыноктар, бұғаздар және т. с. алуды көздеген қол сұғушылық саясат пен капиталистік күрес атаулы жойылсын!» (253-бет).

Ленин отарлық тонауға қарсы күресті отарларда буржуазиялық реформалар жүргізу саясатымен алмастыруға тырысқан, сөйтіп іс жүзінде буржуазиялық мемлекеттердің отарлық саясатын сақтау және қорғау позициясын жақтаған голландиялық және герман оппортунистерін қатаң сынайды. Оппортунистер «қазіргі тәртіп жағдайында» отарлық тұрмыста «реформа жасауға» назар аударып, социал-демократияның отарлық саясатқа қарсы күресін, отарлық тонауға қарсы бұқара арасындағы үгітті, отарлардағы езілген бұқараның тойтарыс беру және қарсылық көрсету рухының оянуын ескерусіз қалдырады.

Лениннің барлық осы қағидалары қазіргі жағдайда, социалистік елдер, халықаралық жұмысшы табы және барлық прогресшіл күштер қолдап отырған ұлт-азаттық қозғалыстардың соққысынан империализмнің отарлық системасы күйреп жатқанда, отаршылдық атаулының барлық формалары мен көріністерін барлық жерде

бірдей неғұрлым тез және толық жою жолындағы күрес біздің заманымыздың ең маңызды міндеттерінің бірі болып отырғанда, ерекше маңыз алып отыр.

Халықаралық жағдайға арналған мақалаларында Ленин империализм заманына тән кейбір елеулі белгілерді ашып көрсетеді. Ол дамыған капиталистік елдердің бәрінде пролетариаттың буржуазиямен күресінің шиеленісе түскенін, трестерге қарсы халық бұқарасы қозғалысының күшейгенін, европалық елдердегі пролетариаттың революциялық күресінің Азиядағы халықтардың ұлт-азаттық қозғалысымен ұштасуын және социалистік революцияның жеңісі үшін қажетті жағдайлар әзірлейтін басқа бірқатар факторларды атап көрсетеді.

«Тұтанғыш материалдың,—деп жазады В. И. Ленин,— дүние жүзінің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің бәрінде де тез молайып бара жатқаны соншама, өрттің кеше ғана шырт ұйқыда жатқан Азия мемлекеттерінің көбін ашық шарпып бара жатқаны соншама, демек халықаралық буржуазиялық реакцияның күшейетіні және жеке ұлттық революция атаулының шиеленісетіні мүлде даусыз нәрсе» (197-бет).

Пролетариаттың революциялық қозғалысының өсуін айта келіп, Ленин оның барлық елдерде біркелкі және бірдей формада бола алмайтынын атап көрсетеді. Әр түрлі елдегі тарихи жағдайлардың, саяси тәртіптердің және жұмысшы қозғалысы формаларының түрліше болуы біртұтас революциялық процестің әр түрлі қарқынмен және түрліше көрінуін белгілейді. Әрбір ел, деп дәлелдейді Ленин, жалпы тасқынға өзінің бағалы, ерекше белгілерін қосады.

В. И. Ленин бұл жылдары дүние жүзілік соғыс қаупінің өсуіне және оған қарсы күресу мәселесіне зор көңіл бөлді. Ол бейбітшілікті нығайту туралы дипломатиялық жел сөздерді жамыла отырып, империалистік мемлекеттердің билеуші топтары соғысты қалай әзірлеп жатқанын, ашық және жасырын шарттардың, соғыс одақтарының кең жүйесін қалай жасап жатқанын көрсетіп берді.

Ленин соғыстардың себебі капитализмнің түпкі мә-

нінде жатқаны жөніндегі Штутгарт социалистік конгресінің қарарындағы қағиданы келтіреді. Соғыс атаулының туыуының әлеуметтік және ұлттық себептерін біржола жоюды социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңуімен байланыстыра отырып, Ленин сонымен бірге жұмысшы табының партияларын милитаризмге қарсы, империалистік соғыстарды болдырмау үшін күресуге шақырды, революцияшыл социал-демократияның антимилитаристік қызметінің және еңбекшілер бұқарасы арасында халықаралық ынтымақ идеяларын таратудың үлкен маңызы бар екенін атап көрсетті. Егер милитаризм мен соғыстар капитализм тұсында болмай қоймаса, онда оларға қарсы күрес жүргізудің, арнайы антимилитаристік жұмыс жүргізудің ешбір мағынасы жоқ деп мәлімдейтін оңшыл социал-демократтардың (Фольмар және т. б.) пайымдауларын Ленин сынға алады. Ол былай деп жазды: антимилитаристік насихаттың қажеттігі принциптік пікірлерден ғана тумайды, сонымен бірге бұл насихаттың практикалық жағынан қажеттігін және оның жемістілігін тарихи тәжірибе де дәлелдеп отыр. Ленин кейбір европалық социал-демократиялық партиялардың антимилитаристік үгітінен бірқатар жақсы мысалдар келтіреді, атап айтқанда, 1908 жылы 20 сентябрьде Берлинде болған ағылшын және герман жұмысшыларының соғыс қаупінің өсуіне қарсы бірлескен митингісін атап өтеді, сөйтіп соғыс пен бейбітшілік туралы мәселені шешу жұмысшы табының қолында екендігі туралы сол митингіде қабылданған қарарды баяндайды.

Ленин Фольмардың, Носкенің және оларды жақтаушылардың «қорғаныс» соғысына қатысу керектігі жайындағы пайымдаулары оларды ұлтшылдық жолына, өздерінің буржуазиялық отанын қорғау жолына итермелейтінін көрсетіп берді. Ол оңшыл социал-демократтардың кейінірек, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары, оларды социал-шовинизм позициясына әкеп соқтырған оппортунистік тактикасын сынады.

Оңшыл герман социал-демократтарының ұлтшылдық позициясы «Коммунистік манифестің» капитализм тұсында «пролетарлардың отаны жоқ» деген қағидасына

қайшы келетінін атап көрсете келіп, Ленин сонымен бірге пролетариаттың қандай отанда өмір сүргені оған бәрі бір деп мәлімдеген француз социалисі Густав Эрвенің анархистік сөзуарлығы мен ұлтшылдық нигилизміне де қарсы үзілді-кесілді тойтарыс берді. Ленин буржуазияның жалған, құлқыншыл патриотизмімен ортақ ешнәрсесі жоқ нағыз, пролетарлық патриотизмнің мәнін ашып көрсетті. «Отан, яғни белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік орта,— деп атап көрсетеді Ленин,— пролетариаттың таптық күресіндегі ең қуатты фактор болып табылады... Пролетариат өз күресінің саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларына қалай болса солай, немқұрайды қарай алмайды, демек, ол өз елінің тағдырына да немқұрайды қарай алмайды» (205—206-беттер).

Соғысқа көзқарас жөніндегі мәселені, деп үйретеді Ленин, социал-демократтар соғыстың қорғануды немесе шабуыл жасауды көздейтінін анықтау тұрғысынан емес, қайта халықаралық пролетариаттың таптық мүдделерін қорғау позициясынан шешулері керек.

Бейбітшілік үшін ұлы күрескер ретінде Ленин империалистік соғыстарға қарсы күрес жүргізуге шақырды. Ол мұндай үндеу тастаған кезде капитализм халықаралық аренада үстемдік етіп тұрған еді, ал соғысқа мүдделі емес қоғамдық және саяси күштер әлі әлсіз және жеткілікті ұйымдаспаған еді, сондықтан империалистерді ауыздықтай алмады. Қазіргі уақытта, социализм дүние жүзілік система болып, адамзат қоғамы дамуының шешуші факторына айналып отырғанда, соғыс болмай қоймайтын құбылыс болудан қалды. Социализмнің дүние жүзілік системасының, халықаралық жұмысшы табының, ұлт-азаттық қозғалыстың, соғысқа қарсы барлық елдердің және барлық бейбітшіл күштердің бірлескен күш-жігерімен дүние жүзілік соғыстың алдын алуға болады.

* *
*

Он жетінші томға В. И. Ленин Шығармаларына алғаш рет қосылған лениндік 12 документ енгізіліп отыр. Олардың ішінен бұрын Лениннің XXV жинағында жа-

рияланған сегіз документ 1908 жылы августа Орталық Комитеттің пленумында және 1908 жылы декабрьде РСДРП Жалпы россиялық V конференциясында Ленин ұсынған мәлімдемелер, қаулылар мен қарарлардың жобалары. Бұл материалдар партияның революциялық тактикасының жеңіп шығуы үшін Лениннің жойымпаз-меньшевиктерге қарсы қандай қажырлы күрес жүргізгенін көрсетеді. «Дайындық материалдар» бөлімінде лениндік 4 документ басылып отыр: «Жалпы россиялық партия конференциясын шақыру туралы қарардың жобасына РСДРП Орталық Комитетінің пленумында енгізілген түзетулер», «РСДРП Жалпы россиялық V конференциясында ұйымдық мәселе жөнінде сөйлепетін сөздің конспектісі», «Марксизм туралы лекциялардың жоспары» және ««Россияның қазіргі жағдайы» деген рефераттың жоспары».

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

ТУРА ЖОЛҒА [1]

1908 ж. 19 мартта (1 апрельде) «Пролетарий» газетінің 26-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

Екінші Думаның қуылуы және 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс[2] біздің революция тарихындағы бетбұрыс кезең, оның дамуындағы біршама ерекше дәуірдің немесе бұралаңның басы болды. Россиядағы таптардың күштері жалпы арасалмағының және аяқталмай қалған буржуазиялық революцияның міндеттері тұрғысынан қарағанда осы бұралаңның маңызы туралы біз бұдан бұрын да талай рет айтқан болатынбыз. Біз енді революцияның осы бетбұрысына байланысты партиялық жұмысымыздың жайына тоқталғымыз келіп отыр.

3 июньдегі реакциялық төңкерістен бері жарты жылдан артық уақыт өтті, ал осы төңкерістен кейінгі алғашқы жарты жыл барлық революциялық ұйымдардың, оның ішінде социал-демократиялық ұйымның да недәуір құлдырауымен, әлсіреуімен сипатталатыны күмәнсыз. Толқушылықтар, ауа жайылушылық және ыдыраушылық — бұл жарты жылдың жалпы сипаттамасы осындай. Әрине, басқаша болуы мүмкін емес те еді, өйткені тікелей тап күресі тоқырап отырған кезде реакцияның барынша күшеюі және оның уақытша үстем болуы революциялық партиялардың дағдарысын туғызбай қоймайды.

Енді осы дағдарыстың біткендігіне, қиын кезеңнің бастап өткендігіне, дұрыс жол айқындалып болғандығына, партияның қайтадан тура жолға — социалистік пролетариаттың революциялық күресіне дәйекті және

ұстамды түрде басшылық ету жолына түсіп отырғандығына айғақ болатындай толып жатқан белгілер қазірдің өзінде-ақ мүлде айқын байқалып отыр.

Партиядағы дағдарыстың аса тән, әрине, онша тым терең емес, бірақ бірден көзге түсетін деуге болатын сыртқы көріністерінің бірін алып қараңыз. Бұл — интеллигенцияның партиядан қашушылығы дер едік. Партиямыздың Орталық Органының[3] осы жылдың февралында шыққан бірінші номері, партияның ішкі өмірін бағалау үшін өте көп материал беретін және көпшілігін өзіміз көшіріп басып отырған бірінші номері, осы қашушылықты өте-мөте айқын сипаттайды. «Соңғы уақытта интеллигент қызметкерлердің *жоқтығынан* округтік ұйым өлді» деп жазады Кулебацк заводынан келген корреспонденцияда (Орталық өнеркәсіпті ауданның Владимир округтік ұйымы). «Біздің идеялық күштеріміз қардай еріп барады» деп жазады Уралдан. «Жалпы алғанда құпия ұйымдардан қашатын элементтер... және өрлеу кезінде ғана, бұл кезде көп жерлерде болған нақты бостандық кезінде ғана партияға қосылғандар біздің партия ұйымдарын тастап кетті». Сөйтіп Орталық Органның «Ұйымдастыру мәселелері жөнінде» деген мақаласы: «Жұртқа мәлім, соңғы уақытта интеллигенттер топ-тобымен қашуда» деп, әлгі хабарларды (және басылмай отырғандарын да) қорытып отыр.

Бірақ партияның жартылай пролетарлық, жартылай мещандық интеллигенциядан тазаруы пролетарлық бұқараның қаһармандық күресі кезінде жиналған жаңа, *таза пролетарлық* күштерді *жаңа өмірге* оята бастады. Біздің жаңағы корреспонденциядан келтірген үзіндіміз бойынша өте қиын күйге түскен, тіпті мүлде «өлген» Кулебацк ұйымының өзі қайта тірілген болып шықты. «Округтегі жұмысшылардың толып жатқан партиялық ұялары,—дегенді оқимыз біз одан,—көп ретте интеллигенттік күштерсіз, әдебиетсіз, тіпті партиялық орталықтармен ешқандай байланыссыз қалған күннің өзінде өлгісі келмейді... ұйымдасқандардың саны кемімегені былай тұрсын, қайта арта түсіп отыр... Интеллигенттік күштер жоқ, насихат жұмысын жұмысшылардың

өздерінің, неғұрлым саналы жұмысшылардың жүргізуіне тура келіп отыр». Бұдан «интеллигенцияның қашуы салдарынан бірсыпыра жерлерде («Социал-Демократ» № 1, 28-бет) жауапты жұмыс алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қолына көшіп отыр» деген жалпы қорытынды шығады.

Партия ұйымдарын мұндай басқа негізде, былайша айтқанда, таптық негізде қайта құру, әрине, қиын іс, сондықтан оның дамуында ауытқушылық та болмай қоймайды. Алайда — тек бірінші адым ғана қиын, ал ол адым енді жасалды. Жұмысшылардың өз ішінен шыққан алдыңғы қатарлы «интеллигенттердің» жұмысшылар бұқарасына басшылық етуінің тура жолына партия түсіп болды.

Кәсіпшілік одақтары мен кооперативтердегі жұмыс, әуелде сипалақтап қолға алынған жұмыс, толық қалыптасуда, тұрақты сипат алуда. Орталық Комитеттің екі қарары, кәсіподақтар туралы және кооперативтер туралы *екеуі де бірауыздан* қабылданған қарарлары, өскелең жергілікті жұмыстың әсерінен туған. Бейпартиялық ұйымдардың бәрінде партия ұяларының болуы; оларға пролетариаттың жауынгерлік міндеттері рухында, революциялық тап күресі рухында басшылық ету; «бейпартиялықтан партиялыққа көшу» («С.-Д.» № 1, 28-бет),— бұл арада да жұмысшы қозғалысының қазірдің өзінде-ақ түсіп отырған жолы, міне, осы. Алыс түкпірдегі провинциялық шағын қала Минскідегі бір партия ұйымының тілшісі былай деп хабарлайды: «неғұрлым революцияшыл пиғылдағы жұмысшылар олардан (әкімшілік бүлдіріп отырған жария одақтардан) сырт айналып, жасырын одақтардың құрылуына барған сайын іш тартып отыр».

Мүлде басқа саладағы жұмыс, Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы да, дәл осы бағытта, «бейпартиялықтан партиялыққа көшу» бағытында, дамып отыр. Бұл, әрине, тым оғаш естіледі, бірақ бұл факт: біздің кооперативтерде бірден «партиялықпен» істеп кете алмағанымыз сияқты,— өзіміздің парламенттік өкілдерiміздің жұмысын да бірден партиялық дәрежеге қоя алмаймыз. Халықтың еркін бұрмалаушы сай-

лау заңы бойынша сайланған,— жариялығын сақтап қалған социал-демократтар тобынан, алғашқы екі Дума үшін қудалаулардан кейін адам айтқысыз қатты сиреген осы топтан сайланған,— Думадағы біздің социал-демократтар партияның нағыз мүшелері болудан гөрі, *іс жүзінде* ең әуелі лажсыздан бейпартиялық социал-демократтар болды.

Мұның өзі өкінішті нәрсе, бірақ бұл факт, ашық жұмысшы партиясы не бары екі жыл ғана өмір сүрген кезде мыңдаған крепостниктік тормен шырмалған капиталистік елде басқаша болуы да неғайбыл еді. Ал бал салған тарелкаға үймелеген шыбын сияқты, думалық фракцияның айналасына үймелеген бейпартиялығы былай тұрсын, тіпті «бассыз» социал-демократтанушы интеллигенттер де революциялық емес социал-демократия құру жөніндегі өз тактикасын әлгі фактіге негіздегісі келді. Бірақ осы құрметті бернштейншілдердің әрекеті іске аспайтын сияқты! Социал-демократияның жұмысы мұнда да түзеле бастаған сияқты. Біздің жағдайымызда парламенттік социал-демократиялық жұмысты азды-көпті дұрыс жолға қоюдың әлі қаншалық зор еңбек жұмсауды керек ететіндігі жөнінде сәуегейлік етпей-ақ қояйық, көзді жұмбай-ақ қояйық,— бірақ Орталық Органның бірінші номерінде фракцияға айтылған партиялық сын бар екенін және Орталық Комитеттің фракция жұмысының неғұрлым дұрыс бағыты туралы *тікелей қарары* бар екенін ескертеміз. Біз Орталық Органда айтылған сынды еш уақытта барлық кемкетікті қамтыған сын деп есептемейміз, біздің ойымызша, мысалы, жерден түсетін алымдарды ең алдымен земстволарға беру үшін де, кедейлер арендалап отырған қалалық жерді қымбат емес бағамен *құнын төлеп алу* үшін де социал-демократтар дауыс бермеулері керек еді (қараңыз: Орталық Орган, № 1, 36-бет). Бірақ бұл мәселелердің бәрі, салыстыра айтқанда, екінші қатардағы мәселелер. Негізгі және ең басты нәрсе сол — фракцияны нағыз партиялық ұйымға айналдыру ісі біздің бүкіл жұмысымызда әбден белгіленіп болды, демек, мұның өзі қаншама еңбек жұмсауды керек етсе де, бұл жолда қандай қиындықтар, ауытқулар, жеке

дағдарыстар, жеке бастың қақтығыстары, т. с. қанша-лықты көп болса да, партия мұны жүзеге асырады.

Нағыз социал-демократиялық, шын-партиялық жұмысты түзетудің әлгі белгілерінің қатарында құпия баспаны күшейтудің өте-мөте айқын көрініп отырған фактісі бар. «Урал сегіз газет шығарып отыр,— дегенді оқимыз Орталық Органнан,— Қырым — 2, Одесса — бір газет шығарып отыр, Екатеринославта таяуда газет шығады; Петербургтің, Кавказдың және ұлттық ұйымдардың баспа қызметі недәуір». Шетелдегі социал-демократиялық екі органның үстіне, шектен шыққан полициялық кедергілерге қарамастан, Россияда да Орталық Орган шығарылды. Орталық-өнеркәсіптіауданда «Рабочее Знамя»[4] облыстық органы әзірленіп жатыр.

Социал-демократиялық партияның аяғын нық баса түсіп отырған жолы жоғарыда айтылғандардың бәрінен әбден айқын көрінеді. Партиялық орталықтардың берік құпия ұйымы, жүйелі құпия баспа, ал ең бастысы: жергілікті және әсіресе заводтағы партия ұялары —бұқарамен тікелей байланыста болатын, жұмысшылардың өздерінен шыққан алдыңғы қатарлы адамдар басқарып отырған ұялар,—біздің революциялық және социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының мызғымас берік ұйтқысын қалаған және жасаған негізіміз міне, осындай. Ал осы құпия ұйтқы *өзінің* қанатын бұрынғы кездегісінен әлдеқайда кең жаятын болады, *өзінің* ықпалын Дума арқылы да, кәсіпшілік одақтарында да, кооперативтерде де, мәдени-ағарту қоғамдарында да бұрынғы кездегісінен әлдеқайда кең тарататын болады.

Алғаш қарағанда, партия жұмысының осы жүйесінде ерекше заң заманында (1878—1890 жж.)[5] немістерде қалыптасқан жұмыспен тамаша ұқсастық бар. Буржуазиялық революциядан кейін герман жұмысшы қозғалысының отыз жыл ішінде (1848—1878) өткен жолын — орыс жұмысшы қозғалысы үш жыл (1905 жылдың аяғы — 1908 ж.) ішінде өтеді. Бірақ осы сырт-қы ұқсастықтың аржағында ішкі терең айырмашылық көрінбей қалып отыр. Германиядағы буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін өткен отыз жыл *осы* революцияның объективті-қажет міндеттерін толығы-

нан орындады. 60-жылдар басындағы конституциялық парламентте де, неміс елдерінің үлкен бөлегін біріктірген династиялық соғыстарда да, жалпыға бірдей сайлау правосының көмегімен империя құруда да бұл революцияның дәурені өтті. Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның бірінші ұлы жеңісінен және бірінші ұлы жеңілісінен кейінгі әлі өтіп бітпеген үш жыл, осы революцияның міндеттерін орындамағаны былай тұрсын, қайта ол бұл міндеттерді түсінушілікті пролетариат пен шаруалардың *қалың* бұқарасына тұңғыш рет енгізді. Конституциялық жалған үміттер және қаражүздік патша өкіметінің либерал малайларының демократтығы жөніндегі сенім осы екі жылдан аз-ақ асатын уақыттың ішінде әбден құрып бітті.

Россиядағы буржуазиялық революцияның жүзеге асырылмаған объективті міндеттері негізінде дағдарыс тууы сөзсіз. Таза экономикалық, арнайы-финанстық, ішкі-саяси және сыртқы оқиғалар, жағдайлар мен қиын-қыстау сәттер дағдарысты шиеленістіріп жіберуі мүмкін. Сондықтан пролетариат партиясы,— жария және жартылай жария ықпалдың неғұрлым көп, неғұрлым алуан түрлі құралдарын меңгерген, берік құпия социал-демократиялық ұйымды құрудың тура жолына түсе отырып,— бұл дағдарысты 1905 жылғы октябрь мен декабрьдегіден гөрі үзілді-кесілді күреске күштірек әзірлікпен қарсы ала алады.

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ «ТАБИҒАТЫ» ТУРАЛЫ

Кадеттік *«Речь»* өзінің таяудағы бір бас мақаласында[6] — есіктен қуып шығарылған табиғат, терезеден қайта кіреді деп лепіреді. Біздің контрреволюциялық либералдардың ресми органының осы бағалы мойындауын айрықша атап көрсету қажет, өйткені әңгіме орыс революциясының *табиғаты* туралы болып отыр. Сондықтан ауытқушы, солқылдақ, контрреволюциялық буржуазиялық либерализмге *қарсы* ғана жеңіп шыға алатын *шаруа* буржуазиялық революциясының осы «табиғатына» большевизмнің негізгі көзқарасын оқиғалардың қандай күшпен растап отырғанын әбден кесіп айтуға болмайды.

Бірінші Думаның алдында, 1906 жылдың басында, Струве мырза: «шаруа Думада кадет болады» деп жазды. Мұның өзі ол кезде мужикті аңқау монархистен оппозицияның жақтаушысы етіп қайта тәрбиелеуді *әлі де болса ойлайтын* либералдың *батыл* пікірі еді. Мұның өзі бюрократияның органы, Витте мырзаның малайларының газеті, «Русское Государство»[7] «сұр шекпенділер құтқарады», яғни шаруалардың ауқымды өкілдігі самодержавие үшін қолайлы болып табылады деп сендіріп жүрген кезде болды. Ол уақыттарда (алыста қалған замандарда! одан бері толық екі жыл өтпеді ме!) бұл сияқты пікірлердің көп таралғаны соншалық, Стокгольм съезінде[8] тіпті меньшевиктердің сөздерінде де осындай сарындар айқын сезілді.

Бірақ монархистердің осы жалған үміттері мен *либералдардың жалған үміттерін* бірінші Дума[9] қазірдің өзінде-ақ біржолата жойды. Мейлінше қараңғы, мешеу, саяси-сәби, партиялық жағынан ұйымдаспаған мужик кадеттерден[10] *өлшеусіз солшылырақ* болып шықты. Кадеттердің «трудовиктік рух» пен трудовиктік саясатқа[11] қарсы күресі алғашқы екі Дума бойына болған либералдық «әрекеттің» негізгі мазмұны болып табылады. Сондықтан, екінші Дума[12] қуылғаннан кейін, Струве мырза — либерал контрреволюционерлердің ішіндегі алдыңғы қатарлы адам — трудовиктер туралы өзінің ызалы пікірлерін ақтарғанда, шаруалардың «радикалдық етуші интеллигент» көсемдеріне қарсы крест жорығын жариялағанда, ол мұнысы арқылы либерализмнің *толық күйрегенін*[13] білдірді.

Екі Думаның тәжірибесінен кейін либерализм толық сәтсіздікке ұшырады: ол «мужикті қолға үйретіп» *ала алмады.* Ол мужикті жуас, көнгіш, помещиктік самодержавиемен ымыра жасауға келіскіш ете алмады. Буржуазияшыл адвокаттардың, профессорлар мен басқа да интеллигенттік сілімтірлердің либерализмі «трудовиктік» мужиктерге «бейімделе» алмады. Ол саяси жағынан да, экономика жағынан да мужиктен *артта қалған* болып шықты. Ал орыс революциясының алғашқы дәуірінің күллі тарихи маңызын мына сөздермен қорытуға болады: либерализм өзінің контрреволюцияшылдығын, шаруа революциясын басқаруға өзінің қабілетсіздігін *қазірдің өзінде-ақ* біржолата дәлелдеді; тек революциялық-республикалық жолда ғана, социалистік пролетариаттың басшылығымен нағыз жеңіске жетуге болатындығын шаруалар *әлі* толық түсінген жоқ.

Либерализмнің күйреуі помещиктік реакцияның үстемдік етуі болып табылды. Қазір, осы реакциядан қорқып қалған, реакция кемсіткен, масқаралаған, столыпиндік конституциялық комедияның басыбайлы жәрдемшісіне айналған либерализм кейде өткендегісі туралы жылап та алады. Трудовиктік рухпен күресу, әрине, ауыр, адам төзгісіз ауыр болды. Бірақ... дегенмен... әлгі рух тағы да күшейсе, біз екінші рет ұтпас па екенбіз? Онда біз маклердің ролін сәттірек атқармас па екенбіз?

Біздің қадірлі, біздің атақты П. Струве тіпті революцияға дейін-ақ: шеткері партиялардың арасындағы күрестің шиеленісуінен әрқашан да аралық партиялар ұтады деп жазған жоқ па еді?

Міне, сондықтан трудовиктермен күресте сілесі қатқан либералдар трудовиктік рухтың қайта тууын бетке ұстап, реакцияға қарсы ойқастайды! «Оңшыл шаруалар мен священниктердің жаңа ғана Мемлекеттік думаға жер жөнінде берген жобаларында,— делінген «Речьтің» сол бас мақаласында,— ескі трудовиктік рух байқалады. Кадеттік емес, нақ трудовиктік рух байқалады». «Жобаның біреуі шаруалардікі, оған Мемлекеттік думаның 41 мүшесі қол қойған. Екіншісі — священниктердікі. Бірінші жоба екіншіден батылырақ, бірақ екінші жоба да кей жағынан алып қарағанда (кадеттік «Речьті» тыңдаңыз!) аграрлық реформаның кадеттік жобасын көп артқа тастап кетеді». Либералдар мынаны мойындауға мәжбүр болып отыр: атақты 3 июнь заңы бойынша сайлаушыларды електен өткізудің бәрі жүзеге асырылғаннан кейін бұл факт, кездейсоқтықты емес, ол орыс революциясының *табиғатын* көрсетеді (біз мұны бұрын да көрсеткенбіз: «Пролетарийдің» 22-номерін қараңыз) *.

Шаруаларда — деп жазады *«Речь»* — жер қоры аралық инстанция мағынасында емес, «тұрақты мекеме мағынасында» айтылған. Кадеттер осыны мойындай отырып, реакцияға бейімделіп, оған қызмет етіп, бірінші Думадан екінші Думаға көшкенде олардың өздері қалай жер қорын (яғни белгілі бір түрде, белгілі бір дәрежеде, жерді национализациялауды мойындауды) өз программасынан алып тастағаны туралы, жерге толық жеке меншік болу жөніндегі гурколық көзқарасқа[14] көшкендігі туралы әдептілікке салынып үндемей отыр.

Шаруалардан — деп жазады *«Речь»* — жер әділ баға бойынша (демек, кадеттік баға бойынша) сатып алынады, бірақ — кілтипанды осы «бірақ»!—бағаны «сол

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 454—458-беттер. *Ред.*

жергілікті жердің бүкіл халқы сайлайтын» жер жөніндегі жергілікті мекемелер белгілейді.

Сондықтан кадет мырзалардың бірдемелер жөнінде үндемеуіне тағы да тура келеді. Бүкіл халықтың бұлай сайлауы бірінші Думаның да, екінші Думаның да әйгілі «трудовиктік» жобасын, жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру арқылы сайланатын жер жөніндегі жергілікті комитеттердің жобасын көріне еске түсіретіні туралы үндемеуіне тура келеді. Алғашқы екі Дума либералдарының демократиялық тұрғыдан қарағанда бірден-бір болуы мүмкін осы жобаға қарсы қандай жексұрындық күрес жүргізгені туралы, өзінің баспасөзінде, *«Речьтің»* кейін Милюковте («Күрес жылы») [15] көшіріп басылған бас мақаласында, Кутлердің жобасында және Чупровтың мақаласында (кадеттік «Аграрлық мәселе», екінші том) [16] өздерінің айтқандарын Дума трибунасынан толық *айтқысы келмей,* өздерінің адам аярлықтай қипаңдап айналсоқтауы туралы үндемеуіне тура келеді. Атап айтқанда, олар өздерінің баспасөзінде мынаны мойындады: олардың ойынша, жер жөніндегі жергілікті комитеттер шаруалар мен помещиктердің саны тең өкілдерінен және үшінші адам ретінде *үкіметтің өкілінен* құрылуға тиіс. Басқаша айтқанда: барлық жерде помещиктің көпшілік болуын қамтамасыз ету арқылы (помещиктік самодержавиенің өкілін қосқанда помещиктер әрқашан да шаруаларға қарсы көпшілік болады) кадеттер мужикті помещикке біржола жығып берді.

Парламенттік буржуазиялық либерализм жүліктеріне бұл туралы неге үндемеуге *тура келетінін* біз толық түсінеміз. Жұмысшылар мен шаруалар орыс революциясының жолындағы осы аса ірі кезеңдерді ұмытып кетеді деп олар бекерге ойлайды.

Тіпті священниктер, осы әсіре-реакционерлер, үкімет әдейі асырап отырған қаражүздік жауыздар, өздерінің аграрлық жобасында кадеттерден асып түсіп отыр. Тіпті олар да жердің «әдейі жоғарылатылған бағаларын» төмендету туралы, тұтыну нормасынан аспайтын учаскелерді салық атаулыдан босатып, жерге прогрессивтік салық салу туралы әңгіме қозғап отыр. Деревня свя-

щеннигінің, қазыналық православиенің осы урядигінің, буржуазиялық либералдан гөрі мужик жағына *көбірек* шыққан себебі не? Оның себебі: деревня священнигіне мужикпен көрші тұруға, мыңдаған жағдайларда оған тәуелді болуға, тіпті кейде — шіркеу жерінде поптардың шаруаларша ұсақ егіншілікпен айналысқан кезінде — нағыз шаруалардың күйіне түсуіне тура келетіндігінен. Деревня священнигініңең барып тұрған зубатовтық Думадан деревняға қайтуына тура келеді, ал жазалау экспедициялары және Столыпиннің тұрақты әскери қоныстары деревняны қалай тазартқанымен, помещиктер жағына шыққан адамның деревняға *қайтуына болмайды*. Сонымен, мужикті помещикке жығып беру ең реакцияшыл попқа білімдар адвокат пен профессордан гөрі қиынырақ түседі.

Иә, иә! Есіктен қуып шығарылған табиғат, терезеден қайта кіреді. Шаруалар Россиясындағы ұлы буржуазиялық революцияның табиғаты мынадай: пролетариаттың басшылық ролімен іске асырылатын шаруалар көтерілісінің жеңісі ғана, буржуазиялық либерализмнің имманенттік контрреволюцияшылдығына қарамастан, бұл революцияны жеңіске жеткізе алады.

Либералдардың тек қана не трудовиктік рухтың күшіне сенбеуі керек — көрер көзге факт болып отырғанда, бұл мүмкін емес,— не жаңа саяси жүліктікке үміт артуы керек. *«Речьтің»* қорытынды сөздеріндегі бұл жүліктіктің программасы мынадай: «Бұл тектес реформаны (атап айтқанда: «ең кең демократиялық негіздегі» аграрлық реформаны) практика жүзінде шындап қою ғана халықты утопиялық әрекеттерден сауықтыра алады». Мұны былай оқыңыз: ұлы мәртебелі Столыпин мырза, тіпті өзіңіздің барлық дарларыңыз және үшінші июньдегі заңдарыңыз арқылы да сіз халықты «утопиялық трудовиктік рухтан» «сауықтыра» алмадыңыз. Бізге тағы бір рет байқап көруге рұқсат етіңіз: біз халыққа ең кең демократиялық реформа жасауға уәде береміз, ал іс жүзінде помещиктік төлем арқылы, жер жөніндегі жергілікті мекемелерде помещиктердің басымдылығы арқылы халықты «сауықтырамыз»!

Біз, өз тарапымыздан, бейбіт конституциялық жолдарға «утопиялық» сенімнен халықты «сауықтыруға» күш салып отырғаны үшін Милюков, Струве мырзаларға және К^{0}-ға шын жүректен алғыс айтамыз. Сауықтырғалы жатыр, сірә, сауықтыратын да шығар.

«Пролетарий» № 27,
(8 апрель) 26 март, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ РЕВИЗИОНИЗМ

1908 ж. марттың екінші жартысында — кеш дегенде 3(16) апрельде жазылған

1908 ж. 25 сентябрь мен 2 октябрь (8 және 15 октябрь) аралығында мына жинақта басылған: «Карл Маркс (1818—1883)». С.-Петербург, О. және М. Кедровтар баспасы Қол қойған Вл. Ильин

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

Егер геометриялық аксиомалар адамдардың мүдделеріне қайшы келетін болса, онда бұл аксиомалар теріске шығарылған болар еді,— дейді белгілі нақыл сөз. Теологияның ескі соқыр сенімдеріне қайшы келген табиғи-тарихи теориялар нағыз арпалысқан күрес туғызды және осы күнге дейін туғызуда. Қазіргі қоғамның алдыңғы қатарлы табын тәрбиелеу және ұйымдастыру ісіне тікелей қызмет етіп отырған Маркстің ілімі сол таптың міндеттерін көрсететіндігі және — экономикалық даму себепті — қазіргі құрылыстың жаңа тәртіптермен сөзсіз алмастырылатындығын дәлелдейтіндігі таңданарлық нәрсе емес; бұл ілімнің өмір жолындағы өзінің әрбір қадамын күреспен жасауға тиіс болғандығы да таңданарлық нәрсе емес.

Дәулеттілер табынан шыққан өскелең жастарды ақымақ ету үшін, оларды сыртқы және ішкі жауларға «айдап салу» үшін қазыналық профессорлар қазыналық тұрғыдан оқытатын буржуазиялық ғылым мен философия туралы айтып та керегі жоқ. Бұл ғылым марксизмді теріске шығарылып, жойылған деп есептеп, ол туралы тыңдағысы да келмейді; социализмді теріске шығарудан мансап іздейтін жас ғалымдар да, неше түрлі тозығы жеткен «системалардың» өсиетін сақтаған қаусаған қарттар да бірдей жанталасып, Маркске шабуыл жасауда. Марксизмнің өсуі, оның идеяларының жұмысшы табына тарауы және орнығуы марксизмге қарсы осы буржуазиялық әрекеттердің жиіленуін және шиеле-

нісуін туғызбай қоймайды, ресми ғылым марксизмді «жойдым» деген сайын, марксизм соғұрлым нығая береді, шынығa береді, өміршең бола береді.

Бірақ жұмысшы табының күресімен байланысты болған, көбінесе пролетариаттың арасына тараған ілімдердің ішінде де марксизм өзінің жағдайын әсте оп-оңай бірден орнықтыра қойған жоқ. Өзі өмір сүрген алғашқы жарты ғасырда (XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап) марксизм өзіне түп негізінде жау теорияларға қарсы күресті. 40-жылдардың алғашқы жартысында Маркс пен Энгельс философиялық идеализм көзқарасындағы радикал жасгегельшілдерден есесін қайтарды. 40-жылдардың аяғында экономикалық ілімдер саласындағы күрес — прудонизмге [17] қарсы күрес басталады. Елуінші жылдарда бұл күрес аяқталды: дауылды 1848 жылы өздерін көрсеткен партиялар мен ілімдерді сынау. 60-жылдарда күрес жалпы теория саласынан тікелей жұмысшы қозғалысына неғұрлым жақын салаға — бакунизмді Интернационалдан қуу [18] саласына көшеді. 70-жылдардың басында Германияда аз ғана уақыт прудонист Мюльбергер шығады; 70-жылдардың аяғында позитивист Дюринг шығады. Бірақ бұл екеуінің де пролетариатқа ықпалы енді тіпті мардымсыз. Марксизм жұмысшы қозғалысындағы басқа идеологиялардың бәрін енді сөзсіз жеңе бастайды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарына таман негізгі белгілері жағынан алғанда бұл жеңіске қол жетті. Тіпті прудонизм дәстүрлері бәрінен де гөрі ұзағырақ орын тепкен роман елдерінде де жұмысшы партиялары іс жүзінде өздерінің программалары мен тактикасын маркстік негізге сүйеніп құрды. Жұмысшы қозғалысының қайта жаңғырған халықаралық ұйымы — мезгіл-мезгіл өтетін интернационалдық съездер түріндегі — маңызды мәселенің бәрінде де бірден және күрессіз дерлік марксизм жолына түсті. Бірақ марксизм өзіне жау біршама тұтас деген ілімдердің бәрін ығыстырып шығарған кезде,— бұл ілімдерде көрінген тенденциялар өздеріне басқа жол іздей бастады. Күрестің формалары мен себептері өзгерді, бірақ күрес жалғаса берді. Сөйтіп марксизм өмір сүрген екінші жарты ғасыр (өткен ға-

сырдың 90-жылдары) марксизмнің ішіндегі марксизмге жау ағыммен күресуден басталды.

Бұл ағым [19] Маркcті түзетудің, Маркcті қайта караудың, ревизионизмнің неғұрлым көбірек шу көтерген және неғұрлым тұтас түрін бастаушы бұрынғы ортодокс марксист Бернштейннің атымен аталды. Тіпті Россияда да,— елдің экономикалық мешеулігі салдарынан және крепостниктік тәртіптің қалдықтарынан жаншылған шаруалардың басымдығы салдарынан, маркстік емес социализм табиғи түрде бәрінен де гөрі ұзақ орын тепкен Россияда да,— бұл маркстік емес социализм біздің көз алдымызда көрінеу ревизионизмге ұласып отыр. Біздің социал-халықшылдар аграрлық мәселеде де (барлық жерді муниципализациялау программасы), программа мен тактиканың жалпы мәселелерінде де ескі, өзінше тұтас және марксизмге түп негізінде жау системаның құрып бара жатқан, керексіз болып бара жатқан қалдықтарын барған сайын Маркске «түзетулер енгізумен» ауыстыра бастап отыр.

Маркске дейінгі социализм қиратылды. Ол енді күресті өзінің дербес негізінде емес, ал марксизмнің жалпы негізінде, ревизионизм ретінде жүргізіп отыр. Ревизионизмнің идеялық мазмұны қандай екендігін қарап көрелік.

Философия саласында ревизионизм буржуазиялық профессорлық «ғылымның» соңынан салпақтады. Профессорлар «Кантқа қарай кейін» шегініп еді,— ревизионизм де неокантшылдардың [20] соңынан сүйретілді; профессорлар философиялық материализмге қарсы мың рет айтылған поптық пасықтықты қайталап еді,— ревизионистер де мұртынан күліп, материализм әлдеқашан «теріске шығарылған» деп (сөзбе-сөз соңғы хандбух бойынша) міңгірледі; профессорлар Гегельді «өлген иттей» [21] жек көріп, өздері Гегельдің идеализмінен мың есе ұсақ әрі пасық идеализмді насихаттап, диалектикаға келгенде иықтарын жирене қиқаңдатып еді,— ревизионистер де солардың соңынан еріп, «айлакер» (және революциялық) диалектиканы «қарапайым» (және жайбарақат) «эволюциямен» ауыстырып, ғылымды философиялық жолмен дөрекілендіру батпағына батты;

профессорлар өздерінің идеалистік системаларын да, «сыншылдық» системаларын да үстем болып отырған орта ғасырлық «философияға» (яғни теологияға) сәйкестендіріп, өздерінің қазынадан алған жалақыларын ақтап еді,— ревизионистер де дінді осы күнгі мемлекет жөнінде емес, алдыңғы қатарлы таптың партиясы жөнінде «әркімнің жеке ісі» етуге тырысып, сол профессорларға қарай жылжып жақындай түсті.

Маркске мұндай «түзетулер енгізудің» шынында таптық маңызы қандай болғаны туралы сөз қылып жатудың қажеті жоқ — істің жайы өзінен-өзі анық. Біз бұл арада ревизионистер мылжыңдаған жөн-жосықсыз пасықтықтарды дәйекті диалектикалық материализм тұрғысынан сынаған халықаралық социал-демократияның ішіндегі бірден-бір марксист Плеханов болғанын ғана атап өтеміз. Қазіргі уақытта Плехановтың тактикалық оппортунизмін сынауды сылтау етіп, ескі және реакциялық философиялық қоқысты өткізбекші болған мейлінше қате әрекеттер жасалып жүргендіктен де мұны үзілді-кесілді атап көрсету керек*.

Саяси экономияға көшкенде, ең алдымен, бұл салада ревизионистердің «түзетулері» анағұрлым жан-жақты және тыңғылықты болғандығын көрсету керек; олар жұртқа «шаруашылық дамудың жаңа мәліметтерімен» әсер етуге тырысты. Өндірістің шоғырлануы және ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстырып шығаруы ауыл шаруашылығы саласында мүлде болып жатқан жоқ, ал сауда мен өнеркәсіп саласында өте баяу өтуде десті. Қазір дағдарыстар сирек, әлсіздеу бола бастады, сірә, картельдер мен трестер капиталдың дағдарыстарды мүлде жоюына мүмкіндік берер десті. Капитализм күйрейді деген «күйреу теориясы» тап қайшылықтарының әлсіреу және бәсеңсу тенденциясы себепті қисынсыз теория

* Қараңыз: Богдановтың, Базаровтың және басқалардың «Марксизм философиясының очерктері» деген кітабы. Бұл арада осы кітапты талдап жатудың реті жоқ, сондықтан мен әзірше мынаны айтумен ғана шектелуге тиіспін: неокантшыл ревизионистер туралы тексте айтылғанның *бәрі* істің шын мәнісіне келгенде осы «жаңа» неоюмист және необерклишіл ревизионистерге де қатысты екенін жақында бірқатар мақалаларда немесе ерекше кітапшада көрсетпекшімін. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 18-том. *Ред.)*

болды десті. Ақырында, Маркстің құн теориясын да Бем-Баверкше түзеткен теріс болмас еді десті.

Бұл мәселелер бойынша ревизионистермен күресу, бұдан жиырма жыл бұрын Энгельстің Дюрингпен айтысқанындағыдай, халықаралық социализмде теориялық ойды жемісті түрде жандандырды. Ревизионистердің дәлелдері фактілер мен цифрлар қолға алына отырып талданды. Ревизионистердің осы заманғы ұсақ өндірісті үнемі боямалайтындығы дәлелденді. Өнеркәсіпте ғана емес, егіншілікте де ірі *өндірістің* ұсақ өндірістен техникалық және коммерциялық жағынан артық екендігін даусыз анық мәліметтер дәлелдеп отыр. Бірақ егіншілікте товар өндірісінің дамуы анағұрлым баяу, сондықтан да егіншіліктің дүние жүзілік шаруашылықтың *айырбасына* прогрессивті түрде тартылуын білдіретін арнаулы тарауларын (кейде тіпті арнаулы операцияларды) осы күнгі статистиктер мен экономистердің, әдетте, бөліп көрсетуі нашар болып жүр. Натуралды шаруашылықтың қираған орнында ұсақ өндіріс тамақтануды ұдайы нашарлатумен, үнемі ашаршылыққа ұшыраумен, жұмыс күнін ұзартумен, малдың сапасын және оны күтуді нашарлатумен күнелтуде, бір сөзбен айтқанда, капиталистік мануфактураға майдагерлік өндіріс қандай құралдармен қарсы тұрса, бұл да сондай құралдар қолданумен тіршілік етуде. Ғылым мен техниканың ілгері басқан әрбір қадамы капиталистік қоғамда ұсақ өндірістің негізін сөзсіз, аяусыз күйретеді, сондықтан социалистік экономияның міндеті — осы процесті, оның көбінесе күрделі, шым-шытырық болып келетін формаларының бәрін зерттеу,— ұсақ өндірушіге капитализм тұсында жан сақтап қалу мүмкін еместігін, шаруа шаруашылығының капитализм тұсында күні қаран екендігін, шаруаның пролетардың көзқарасына көшу қажеттігін дәлелдеу. Ревизионистердің бұл мәселедегі ғылыми күнәсы — олар сыңаржақ түрде, үзіп-жұлып алынған фактілерді капитализмнің бүкіл құрылысымен байланыссыз үстірт қорытындылады, олардың саяси күнәсы — шаруаны революцияшыл пролетардың көзқарасына көшуге итермелеудің орнына, өздері тілесе де, тілемесе де, лажсыздан шаруаны қожайынның

көзқарасына (яғни буржуазияның көзқарасына) көшуге шақырды немесе итермеледі.

Дағдарыстар теориясы мен күйреу теориясы жөнінде ревизионизмнің ісі бұдан да нашар болды. Өнеркәсіптің бірнеше жыл бойы өрге басып, гүлденуінің әсерімен Маркс ілімінің негіздерін өзгерту керек деп өте қысқа уақыт қана және нағыз болжамсыз адамдар ғана ойлай алар еді. Ревизионистерге дағдарыстардың дәурені өтпегендігін өмір шындығының өзі-ақ тез арада көрсетіп берді: гүлденуден соң дағдарыс басталды. Жекелеген дағдарыстардың формалары, ретімен келуі, бейнесі өзгерді, бірақ дағдарыстар капиталистік құрылыстың құтылмас құрамды бөлігі болып қала берді. Картельдер мен трестер өндірісті біріктіріп, сонымен қатар барша жұрттың көз алдында өндіріс анархиясын, пролетариаттың мұқтаждығын және капитал езгісін күшейтті, сөйтіп тап қайшылықтарын бұған дейін болмаған дәрежеде шиеленістіре түсті. Жекелеген саяси және экономикалық дағдарыстар мағынасында да, бүкіл капиталистік құрылыстың толық апатқа ұшырауы мағынасында да капитализмнің күйреуге бет алғандығын нақ осы ең жаңа алып трестер ерекше көрнекі түрде әрі ерекше кең көлемде көрсетті. Көптеген белгілері көрініп, жуықта басталғалы тұрған өнеркәсіп дағдарысы туралы сөз қылмағанның өзінде, Америкада жақында болған финанс дағдарысы, бүкіл Европада жұмыссыздықтың сұрапыл асқынуы,— осының бәрі ревизионистердің жуықтағы «теорияларын» барлық жұрттың ұмытуына, бәлкім, сол ревизионистердің өздерінің де көпшілігінің ұмытуына әкеліп соқтырды. Тек осы интеллигенттік тұрлаусыздықтың жұмысшы табына берген сабақтарын ұмытпау керек.

Құн теориясы туралы мынаны ғана айту керек: Бем-Баверкше тым бұлдыр емеурін білдіру мен күрсінуден басқа, ревизионистер мұнда ештеңе бере алған жоқ, сондықтан да ғылыми ойдың дамуында ешқандай із де қалдырмады.

Саясат саласында ревизионизм марксизмнің негізін, атап айтқанда: тап күресі туралы ілімді шынымен қайта қарамақшы болды. Саяси бостандық, демократия,

жалпыға бірдей сайлау правосы тап күресі үшін керекті негізді құртады, сөйтіп «Коммунистік манифестің»: жұмысшылардың отаны жоқ деген ескі қағидасын теріске шығарады,— десті бізге. Демократияда, «көпшіліктің еркі» үстем болғандықтан, мемлекетке таптық үстемдіктің органы деп қарауға да, реакционерлерге қарсы прогресшіл, социал-реформаторлық буржуазиямен одақтар жасасудан бас тартуға да болмайды десті.

Ревизионистердің бұл қарсылықтары әжептәуір қисынды көзқарастар жүйесіне,— атап айтқанда: ертеден мәлім либералдық-буржуазиялық көзқарастар жүйесіне барып сайғандығы даусыз. Барлық азаматтар ешбір айырмасыз дауыс беру правосына, мемлекет істеріне қатысу правосына ие болған соң, буржуазиялық парламентаризм таптарды және тапқа бөлінушілікті жояды деп либералдар әрдайым айтып келді. XIX ғасырдың 2-жартысындағы Европаның бүкіл тарихы, XX ғасырдың басындағы орыс революциясының бүкіл тарихы мұндай көзқарастардың қаншалық қисынсыз екендігін айқын көрсетті. «Демократиялық» капитализмнің бостандығы тұсында экономикалық айырмашылықтар бәсеңдемейді, қайта күшейіп, шиеленісе түседі. Ең демократиялық буржуазиялық республикалардың таптық езу органы ретіндегі мәнін парламентаризм жоя алмайды, қайта оны ашып көрсетеді. Бұрын саяси оқиғаларға белсене қатысқандарға қарағанда, халықтың анағұрлым көбірек бұқарасының көзін ашып, ұйымдастыруға жәрдемдесе отырып, парламентаризм мұнысымен дағдарыстар мен саяси революциялардың жойылуын емес, сол революциялар кезінде азамат соғысының барынша шиеленісуін әзірлейді. Мұндай шиеленістің сөзсіз болатындығын 1871 жылдың көктеміндегі Париж оқиғалары мен 1905 жылдың қысындағы орыс оқиғалары мейлінше айқын көрсетті. Француз буржуазиясы пролетарлық қозғалысты басу үшін, өзінің отанын ойрандаған жалпы ұлттық дұшпанымен, жат елдің әскерімен, бір секунд те ойланбастан мәмлеге келді. Кімде-кім парламентаризм мен буржуазиялық демократизмнің таласты бұрынғы уақыттағыдан гөрі анағұрлым қаттырақ түрде жаппай күштеумен шешуге бастайтын бұлтартпастай

ішкі диалектикасын түсінбесе,— ол адам бұл парламентаризм негізінде мұндай «таластарға» жеңімпаздықпен қатысуға жұмысшылар бұқарасын шындап әзірлейтін, принцип жағынан ұстамды насихат пен үгітті жүргізе алмайды. Батыста социал-реформаторлық либерализммен, орыс революциясында либералдық реформизммен (кадеттер) одақтар, келісімдер, блоктар жасасу тәжірибесі бұл келісімдер бұқараның санасын топастандыратындығын, бұқара күресінің шын маңызын күшейтпей, қайта нашарлататындығын, күресушілерді күреске неғұрлым қабілетсіз, әлдеқайда табансыз және сатқын элементтермен байланыстыратындығын айқын көрсетті. Француз мильеранизмі [22]— ревизионистік саяси тактиканы ауқымды, нағыз ұлттық көлемде қолданудың ең ірі тәжірибесі,— ревизионизмге бүкіл дүние жүзінің пролетариаты еш уақытта ұмытпайтындай практикалық баға берді.

Ревизионизмнің социалистік қозғалыстың түпкі мақсатына көзқарасы оның экономикалық және саяси тенденцияларын табиғи түрде толықтырды. Бернштейннің «Ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген қанатты сөзсымағы ревизионизмнің мәнін ұзақ пайымдаулардың көбінен артығырақ аңғартады. Өздерінің әрекет-мінезін істің орайласу сәтіне қарай белгілеушілік, күнделік оқиғаларға, саяси майда-шүйделердің бұлтарыстарына қарай ыңғайланушылық, пролетариаттың түпкілікті мүдделерін және бүкіл капиталистік құрылыстың, бүкіл капиталистік эволюцияның негізгі белгілерін ұмытушылық, шынында бар немесе болар-ау деген минуттық пайдаларға бола осы түпкілікті мүдделерді құрбан етушілік,— міне, ревизионистік саясат осындай. Бұл саясаттың мәнінің өзінен айқын көрінетін нәрсе мынау: ол ұшы-қиырсыз, алуан түрлі формада болуы мүмкін және әрбір азды-көпті «жаңа» мәселе, оқиғалардың күтілмеген және алдын ала болжанбаған азды-көпті бұлтарысы, бұл бұлтарыс дамудың негізгі бағытын болмашы ғана, ең қысқа уақытқа ғана өзгертсе де, әрдайым ревизионизмнің белгілі бір түрін туғызбай қоймайды.

Ревизионизмнің болмай қоймайтындығы оның қазіргі

қоғамдағы таптық тамырларымен байланысты. Ревизионизм — интернационалдық құбылыс. Германиядағы ортодокстар мен бернштейншілердің, Франциядағы[23] гедистер мен жоресистердің (қазір әсіресе бруссистердің), Англиядағы Социал-демократиялық федерация мен Тәуелсіз жұмысшы партиясының[24], Бельгиядағы Брукер мен Вандервельдтің, Италиядағы интегралистер мен реформистердің[25], Россиядағы большевиктер мен меньшевиктердің қатынасы,— бұл елдердің бәрінің қазіргі халжайында ұлттық жағдайлары мен тарихи кезеңдері мейлінше алуан түрлі бола тұрса да,— барлық жерде өзінің мәні жағынан бірдей екендігіне азды-көпті мағлұматы бар және ойлай білетін әрбір социалистің сәл болса да күмәндануы мүмкін емес. Қазіргі халықаралық социализмнің ішіндегі «бөліну», шынында, дүние жүзіндегі түрлі елдерде қазірдің өзінде *бір* жолмен бара жатыр, мұнысы арқылы бұдан 30—40 жыл бұрын әр түрлі елдерде халықаралық біртұтас социализмнің ішінде әр текті тенденциялар күрескен кездегіге қарағанда, ілгері басқан зор қадамды дәлелдеп көрсетеді. Осы күні роман елдерінде «революциялық синдикализм»[26] түрінде көрініп отырған *«солдан шыққан* ревизионизм» де марксизмді «түзетіп», соған бейімделуде: Италиядағы Лабриола, Франциядағы Лагардель теріс түсінілген Маркстен дұрыс түсініліп отырған Марксke екінің бірінде жүгінеді.

Біз бұл арада оппортунистік ревизионизм болып әлі онша дами қоймаған, интернационалдық болып үлгірмеген, ең болмаса бір елдің социалистік партиясымен бірде-бір практикалық шайқаста төтеп бермеген *бұл* ревизионизмнің идеялық мазмұнын талдауға тоқталып жатпаймыз. Сондықтан біз жоғарыда суреттелген «оңнан шыққан ревизионизммен» шектелеміз.

Капиталистік қоғамда ревизионизмнің сөзсіз болуы неліктен? Ұлттық ерекшеліктер мен капитализм дамуы дәрежелерінің айырмашылықтарынан гөрі оның тереңірек болуының себебі неден? Оның себебі, капиталистік елдің қайсысында болса да пролетариатпен қатар әр уақытта ұсақ буржуазияның, ұсақ қожайындардың қалың топтары тұрады. Капитализм ұсақ өндірістен туды жә-

не үнемі содан туып отырады. Капитализм толып жатқан «орта топтарды» ылажсыз жаңадан туғызып отырады (фабриканың қосымша бөлегі, үйде істелетін жұмыс, ірі индустрияның, мысалы, велосипед және автомобиль индустриясының талабынан туып, бүкіл елде бытырап жатқан ұсақ шеберханалар, т. т.). Бұл жаңа ұсақ өндірушілердің де пролетариат қатарына шығарылып тасталатыны сондай даусыз. Дүниеге ұсақ буржуазиялық көзқарастың кең жұмысшы партиялары қатарынан қайта-қайта білініп жатуы әбден табиғи нәрсе. Пролетарлық революцияның шұғыл өзгерістеріне дейін осылай болуға тиіс екендігі және әрдайым осылай болатыны да әбден табиғи нәрсе, өйткені мұндай революцияны жүзеге асыру үшін халықтың көпшілігін «толық» пролетарландыру керек деп ойлау өте үлкен қате болар еді. Біздің қазірде көбінесе тек идея жағынан бастан кешіріп отырғанымызды: Маркске теориялық түзетулер енгізушілікке қарсы таластарды,— қазірде практикада жұмысшы қозғалысының кейбір жеке мәселелері бойынша ғана ревизионистермен тактикалық алауыздықтар және сол негізде туған жікке бөлінушілік ретінде көрініп отырғандарды,— пролетарлық революция барлық талас мәселелерді шиеленістіретін кезде, бұқараның әрекет-мінезін анықтау үшін барлық алауыздықтарды нағыз тікелей маңызы бар пункттерге шоғырландырған кезде, күрес қызуы үстінде дұшпанды достан айыра білгізетін кезде, дұшпанға шешуші соққылар беру үшін нашар одақтастарды лақтырып тастайтын кезде, жұмысшы табының мұны анағұрлым зор мөлшерде тағы да сөзсіз бастан кешіруіне тура келеді.

Революциялық марксизмнің ревизионизмге қарсы XIX ғасырдың аяғындағы идеялық күресі, мещандықтың барлық ауытқулары мен әлсіздіктеріне қарамастан, өз ісінің толық жеңісіне қарай ілгері басқан пролетариаттың ұлы революциялық шайқастарының қарсаңы ғана болып табылады.

СҮРЛЕУ ЖОЛМЕН!

Орыс революциясына, яғни оның алғашқы үш жылына баға беру күн тәртібінде тұр. Біздің саяси партиялардың таптық табиғатын айқындап алмайынша, біздің революциядағы таптардың мүдделері мен өзара жай-жағдайын есепке алмайынша, пролетариаттың ең таяудағы міндеттері мен тактикасын белгілеу ісінде бір адым да ілгері басуға болмайды. Біз осы мақалада әлгіндей есепке алу әрекеттерінің біріне оқушыларымыздың назарын аударғалы отырмыз.

Ф. Дан мен Г. Плеханов «Голос Социал-Демократаның» [27] 3-номерінде — біреуі революцияның қорытындыларына жүйелі түрде баға берумен, екіншісі — жұмысшы партиясының тактикасы туралы қорытынды пікірлермен сөйлеп отыр. Данның бағасы: пролетариат пен шаруалардың диктатурасына үміт арту жай елес қана болмай қоймады дегенге саяды. «Пролетариаттың жаңадан кең көлемде революциялық бой көрсету мүмкіндігі... едәуір дәрежеде буржуазияның позициясына байланысты». «Оның (жаңа өрлеудің) алғашқы кезеңдерінде,— революциялық жұмысшы қозғалысының өрлеуі қала мещандарын қозғалысқа көтергенге дейін, ал қалалық революцияның дамуы деревняда өртті тұтандырғанға дейін — басты саяси күш есебінде бетпе-бет қарсы келетін пролетариат пен буржуазия болады».

Осы сияқты «ақиқаттардан» шығатын тактикалық қорытындыларды Ф. Дан көрер көзге бүгіп қалған. Ол өзінің сөздерінен өзінен өзі шығатын қорытындыны:

жұмысшы табына меньшевиктердің атышулы тактикасын — буржуазияны қолдауды ұсыну керек деген қорытындыны жазуға, сірə, ұялған болса керек (кадеттермен жасасқан блоктарды, кадеттік министрлік құру ұранын қолдау дегенді, Плехановтың толық билігі бар Думасын, т. т. еске түсіріңіз). Бірақ оның есесіне Плеханов «Голос Социал-Демократаның» 3-номеріндегі фельетонын төмендегі сөздермен: «Маркс пен Энгельстің Германияда бұдан жарты ғасырдан аса бұрын жасаған осы қателерін» (атап айтқанда: сол кездегі капитализмнің дамуға қабілеттілігін жете бағаламау және пролетариаттың революциялық қимылға қабілеттілігін асыра бағалау) «орыс марксистерінің 1905—1906 жылдары қайталамау қолынан келген болса, Россия үшін жақсы болған болар еді!» деген сөздермен аяқтап, Данды толықтырды.

Мұның өзі айдан анық. Дан мен Плеханов затты өз атымен тура атамай, пролетариаттың кадеттерге тəуелділігі жөніндегі меньшевиктік саясатты ептеп қана ақтауға тырысады. Енді бұл əрекетті олардың «теория жағынан негіздеуін» қарастырып көрейік.

Дан «шаруалар қозғалысы» «қалалық революцияның буржуазиялық жəне пролетарлық арналарында өсуі мен дамуына» байланысты деп пайымдайды. Сондықтан «қалалық революцияның» өрлеуінен кейін шаруалар қозғалысының өрлеуі болды, ал қалалық революция құлдырағаннан кейін «революцияның өрлеуімен жаншылып қалған деревнядағы ішкі антагонизмдер қайтадан күшейе бастады» жəне «үкіметтің аграрлық саясаты, шаруаларды ыдырату саясаты жəне т. т. біршама табысқа жете бастады». Осыдан келіп жаңа өрлеудің алғашқы кезеңдерінде пролетариат пен буржуазия басты саяси күш болып табылады деген жоғарыда біз келтірген қорытынды шығады. «Бұл қағиданы,— Ф. Данның пікірінше,— пролетариат революцияның дамуы үшін, даму болғанда революцияның жаңа өрлеуінің *алғашқы баспалдағын* алыс артқа тастап, аграрлық мəселені радикалды (!!) шешу ұраны арқылы (sic!*) қоғамды то-

* — солай! *Ред.*

лық демократияландыруға жеткізетін дамуы үшін пайдалануға тиіс және пайдалана алады».

Бұл пайымдаудың бүтіндей біздің революциядағы аграрлық мәселені *радикалды* түрде түсінбеушілікке құрылғандығын және бұл түсінбеушіліктің мәселені «шешу» «ұраны арқылы» «толық демократияландыру» туралы арзан, бос сөздермен мүлде нашар бүркемеленіп отырғанын көру қиын емес.

Ф. Дан «пролетариат пен шаруалардың дикатурасына үміт арту» халықшылдық соқыр сенімдерге, деревняның ішкі антагонизмдерін және шаруалар қозғалысының дарашылдық сипатын ұмытуға байланысты және байланысты болып келді деп ойлайды. Мұның өзі — дағдылы және қашаннан жұрттың бәріне белгілі меньшевиктік көзқарастар. Бірақ бұл көзқарастардың бүкіл қисынсыздығын осыған дейін Ф. Данның біз талдап отырған мақаласындағыдай етіп бадырайта көрсеткен адам бола қойды ма екен. Аса құрметті публицист аграрлық мәселенің оның өзі қарама-қарсы қойған *«шешімінің» екеуі де* «шаруалар қозғалысының дарашылдық сипатына» сай келетіндігін ретін тауып *байқамағансып отыр!* Шынына келгенде, Данның пікірінше, «біршама табысқа» жеткен столыпиндік шешім шаруалардың дарашылдығына негізделген. Бұл күмәнсыз. Ал Ф. Данның «радикалды» және «қоғамды толық демократияландырумен» байланысты деп атаған екінші шешімі ше? Аса құрметті Дан ол шешім шаруалардың дарашылдығына *негізделмеген* деп ойлай ма екен?

Қырсықтың өзі сол,— «аграрлық мәселені радикалды шешу ұраны арқылы қоғамды толық демократияландыру» туралы бос сөзбен Данның радикалды түрде жете түсінбеушілігі бүркемеленген. Ол аграрлық мәселенің объективті түрде мүмкін, бірақ тарих әлі біржолата таңдап алмаған екі «шешіміне» білместіктен, соқыр адамша *соқтығып* отыр, бұл *екі* шешімнің сипатын және екі шешімнің де жағдайларын айқын және дәл түсіне алмай отыр.

Столыпиндік аграрлық саясаттың «біршама табысқа» жете алатын себебі не? Оның себебі, капиталистік дамудың арқасында біздің шаруалардың ішінде бір-бі-

ріне дұшпан шаруа буржуазиясы мен шаруа пролетариаты әлдеқашан-ақ құрылған-ды. Столыпиндік аграрлық саясаттың толық табысқа жетуі мүмкін бе және оның мәнісі қандай болады? Егер Столыпин үшін бірден-бір қолайлы жағдай туатын болса, оның табысқа жетуі мүмкін, ал ол буржуазиялық Россияда *бүкіл* жерге, помещиктік жерге де, шаруа жеріне де жеке меншікті *біржолата* (пролетарлық революцияға дейін) нығайту мағынасында аграрлық мәселені «шешу» деген сөз. Мұның өзі Россияның капиталистік дамуын шынымен қамтамасыз ететін *пруссиялық* типтегі «шешім» болады, бірақ бұл адам айтқысыз баяу, билікті ұзақ уақытқа юнкерге беретін шешім болады, объективті жағынан *мүмкін,* «аграрлық мәселені» капиталистік жолмен шешетін басқа бір шешімнен гөрі,— пролетариат пен шаруалар үшін мың есе азапты шешім болады.

Осы екінші шешімді Дан, мәселенің байыбына бармастан, «радикалды» шешім деп атады. Арзан сөзсымақ, түйір ой да жоқ. Столыпиндік шешім де өте радикалды, өйткені ол ескі қауымды және Россияның ескі аграрлық құрылысын радикалды түрде бұзады. Орыс буржуазиялық революциясында аграрлық мәселені *шаруаларша* шешудің ол мәселені *столыпиндік-кадеттік* шешуден шын айырмашылығы мынада: бірінші шешім жерге помещиктік жеке меншікті сөзсіз жояды, ал жерге шаруаның жеке меншігін жоюы әбден ықтимал (шаруалардың үлесті жері туралы бұл жеке мәселеге біз әзірше тоқталмаймыз, өйткені Данның пікірі тіпті біздің қазіргі, «муниципализаторлық», аграрлық программамыздың тұрғысынан қарағанда да түгелдей теріс).

Қазір осы екінші шешім объективтік жағынан алғанда шынымен мүмкін бе? деген сұрақ туады. Күмәнсыз мүмкін. Бұл жөнінде ойлана білетін марксистердің бәрі келіседі, өйткені *бұлай болмағанда* ұсақ меншікшілердің ірі меншікті конфискелеуге талаптануын пролетариаттың қолдауы реакциялық алаяқтық болған болар еді. Басқа бірде-бір капиталистік елде бірде-бір марксист ірі жер меншігін конфискелеуге *шаруалардың* талаптануын қуаттаған программа жазбайды. Россияда

большевиктер де, меньшевиктер де мұндай қолдаудың қажеттігіне келіседі. Неге? Неге десеңіз, Россия үшін капиталистік аграрлық дамудың *басқа* жолы, «пруссиялық» жолы емес, «американдық» жолы, помещиктік-буржуазиялық (немесе юнкерлік) жолы емес, шаруалық-буржуазиялық жолы *объективтік* жағынан алғанда мүмкін жол.

Столыпин мен кадеттер, самодержавие мен буржуазия, екінші Николай мен Петр Струве помещиктік жер меншігін сақтап қалу арқылы Россияның тозығы жеткен аграрлық құрылысын капиталистік әдіспен «тазарту» керектігіне келіседі. Олар ол меншікті қалай жақсы сақтап қалу жөнінде және қаншалықты сақтап қалу жөнінде ғана келісе алмай отыр.

Жұмысшылар мен шаруалар, социал-демократтар мен халықшылдар (трудовиктер, халықтық-социалистер, оның ішінде эсерлер) помещиктік жер меншігін күшпен жою арқылы Россияның тозығы жеткен аграрлық құрылысын *капиталистік* әдіспен «тазарту» керектігіне келіседі. Олардың келіспей отырғаны мынау: социал-демократтар қазіргі қоғамдағы аграрлық революция атаулының, айталық, мейлінше радикалды аграрлық революцияның да, муниципализацияның да, национализацияның да, социализацияның да, бөлістің де капиталистік сипатын түсінеді, ал халықшылдар мұны түсінбейді, түсінбегенде помещиктік-буржуазиялық эволюцияға қарсы шаруалық-буржуазиялық аграрлық эволюция жолындағы өзінің күресін теңгермелік туралы мещандық-утопиялық сөздермен бүркемелеп түсінбейді.

Ф. Данның шатасуының бәрі, тайыз ойлауының бәрі мынадан: орыс буржуазиялық революциясының экономикалық негізін ол радикалды түрде түсінбеген. Осы революциядағы шаруалардың жер үшін күресінің экономикалық мазмұны мен маңызы туралы мәселе жөнінде Россиядағы маркстік социализм мен мещандық социализмнің арасында орын алған алауыздықтың ар-жағынан нақтылы қоғамдық күштердің объективті-мүмкін капиталистік аграрлық эволюцияның белгілі бір жолы үшін күресін *«байқамаған»*. Ал ол өзінің осы мүлде түсінбеушілігін Столыпиннің «біршама табысы»

туралы және «аграрлық мәселені радикалды шешу ұраны арқылы қоғамды толық демократияландыру» туралы сөздермен бүркеді.

Шынына келгенде аграрлық мәселе Россияда қазір былай қойылып отыр: столыпиндік саясаттың табысқа жетуі үшін аштан өлгісі келмейтін, өз деревняларынан қуылғысы келмейтін шаруалар бұқарасын ұзақ жылдар бойы күшпен жаншу және қырып-жою керек. Тарихта мұндай саясаттың *табысқа* жеткен мысалдары болғанды. Егер біз Россияда мұндай саясаттың табысты болуы «мүмкін емес» десек, бұл бос, қисынсыз демократиялық сылдыр сөз болған болар еді. Мүмкін! Бірақ біздің міндетіміз — мұндай табыстың қандай құрбандықтармен келетінін халыққа айқын көрсету, сөйтіп шаруалар революциясы *арқылы* капиталистік аграрлық дамудың басқа жолы үшін, неғұрлым төте, неғұрлым жедел жолы үшін бар күшті салып күресу. Капиталистік елде пролетариаттың басшылығымен шаруалар революциясының болуы қиын, өте қиын нәрсе, бірақ ол мүмкін нәрсе, сондықтан ол үшін күресу керек. Революцияның үш жылы біздерге және бүкіл халыққа революция үшін күресу керектігін ғана үйретіп қойған жоқ, оның үстіне қалай күресуді де үйретті. Кадеттерді қолдау саясаты жөніндегі меньшевиктік «айла-тәсілдердің» ешқандайы да революцияның әлгі сабақтарын жұмысшылардың санасынан аластай алмайды.

Сонан соң. Егер, бұқараның күресіне қарамастан, «пруссиялық» жолдың табысты болуы үшін столыпиндік саясат жетерліктей ұзақ уақыт тұрақтаса не болмақ? онда Россияның аграрлық құрылысы әбден буржуазиялық құрылыс болады, ірі шаруалар үлесті жерді түгелдей дерлік өз қолына алады, егіншілік капиталистік егіншілік болады, сөйтіп *капитализм* тұсында аграрлық мәселенің радикалды да, радикалды емес те «шешілуі» мүмкін болмайды. Онда адал ниетті марксистер жалпы «аграрлық программа» атаулыны тура, ашықтан-ашық лақтырып тастап, бұқараға былай дейді: Россияны юнкерлік капитализммен емес, американдық капитализммен қамтамасыз ету үшін жұмысшылар қолынан келгеннің бәрін істеді. Жұмысшылар енді

сіздерді пролетариаттың әлеуметтік революциясына шақырады, өйткені аграрлық мәселені столыпиндік рухта «шешкеннен» *кейін* шаруалар бұқарасының экономикалық тұрмыс жағдайларын айтарлықтай өзгерте алатын *ешқандай басқа* революцияның *болуы мүмкін емес.*

Россияда буржуазиялық революция мен социалистік революцияның арақатынасы туралы мәселе, өзінің орысша мақаласын немісше қайта баяндағанда Данның мүлде шатастырған мәселесі міне осындай байланыста болып отыр (*«Neue Zeit»*[28] № 27).

Россияда столыпиндік-кадеттік аграрлық жол негізінде де буржуазиялық революциялардың болуы мүмкін, тіпті сөзсіз де. Бірақ *мұндай* революцияларда, 1830 және 1848 жылдардағы француз революцияларында болған сияқты, «аграрлық мәселені радикалды шешу ұраны арқылы қоғамды толық демократияландыру» туралы айтуға да болмайды. Немесе дұрысырағы: мұндай революцияларда тек мещан *quasi**-социалистер ғана капиталистік жолмен қалыптасқан ел үшін бұрын шешіліп қойылған аграрлық мәселенің «шешілуі» (әсіресе «радикалды шешілуі») туралы одан әрі мылжыңдайтын болады.

Бірақ Россияда капиталистік аграрлық тәртіптер әлі тіпті де қалыптасқан жоқ. Бұл тек біздер үшін, меньшевиктер мен большевиктер үшін ғана, тек революцияға іш тартатын, оның жаңадан өрлеуін тілейтін адамдар үшін ғана айқын емес,— бұл Петр Струве мырза сияқты революцияның дәйекті, саналы және ашықтанашық батыл дұшпандары үшін де, қаражүздік самодержавиенің достары үшін де айқын. Егер ол бізге Бисмарк керек, реакцияны жоғарыдан революцияға айналдыру керек деп «зар қақсайтын» болса, онда мұның өзі атап айтқанда, Струвенің біздегі Бисмаркті де, жоғарыдан болатын революцияны да *көрмей* отырғандығы. Струве бір ғана столыпиндік реакция арқылы, мындаған дар ағашы арқылы кнехтының помещиктік-буржуазиялық, берік Россиясын орнатуға болмайтынын көріп отыр. Ұлттық тарихи міндеттерді шешу (бисмаркша

* — жалған. *Ред.*

болса да), Германияны біріктіру, жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу тәрізді басқа бірдеңе керек. Ал Столыпинге Рига музейінің[29] батырларымен Думбадзені ғана біріктіруге тура келіп отыр! Тіпті 1905 жылғы 11 декабрьдегі заң бойынша берілген Витте сайлау правосын да жоюға *тура келіп отыр!*[30]. Аграрлық саясаттың Дан айтқан «біршама табысына» разы шаруалардың орнына, Столыпинге тіпті үшінші думалық шаруалардың өздерінен «трудовиктік» талаптарды есітуге тура келіп отыр!

Біздерде ретке келтірілген, қарапайым, баяу және тап-түйнақтай, күзелген және орнықты «конституция» жасаудан еш нәрсе *шықпағанын,* әлі де еш нәрсе шықпай отырғанын айқын көріп отырғанда, Петр Струве қалайша «зарламасын», қалайша жаны қиналып, еңіремесін?

Струве өзінің қайда бара жатқанын жақсы біледі. Ал Ф. Дан революцияның үш жылы бойына ештеңеге үйренген жоқ, ештеңені ұмытқан жоқ. Соқыр адамдай, ол әлі де болса пролетариатты Струве мырзалардың қанаты астына сүйреп отыр. Ол, бізде пролетариат пен буржуазия «басты саяси күштер» болып шығуы ықтимал деген бәз баяғы реакциялық меньшевиктік сөздерді әлі де міңгірлей береді... кімге қарсы, құрметтім? Гучковқа қарсы ма? монархияға қарсы ма?

Ф. Данның бұл жерде либералдарды қаншалықты боямалауға дейін барғанын оның немісше мақаласы көрсетіп отыр. Ол неміс жұртшылығына тіпті былай деп баяндаудан ұялмайды: қалалардың мещандары III Думаға «прогресшіл сайламшыларды» (яғни кадеттерді) сайлады, ал шаруалар реакцияшыл сайламшылардың 40 процентін берді-міс!— дейді. Столыпинге қол шапалақтайтын «прогресшіл» Милюковтар мен Струвелер жасасын! Үшінші Думада трудовиктік рухты көрсететін «реакцияшыл» шаруаларға қарсы Дандардың Милюковтармен одақтасуы жасасын!

Ал Плеханов сол бір реакцияшыл меньшевиктік теориялардың пайдасына Энгельсті бұрмалап отыр. Энгельс 1848 жылғы Маркстің тактикасы *дұрыс* тактика болды, ол тактика, тек сол тактика ғана пролетариатқа

дұрыс, баянды, ұмытылмас сабақтар берді деді. Энгельс бұл тактиканың бірден-бір дұрыс тактика болғанына *қарамастан,* оның сәті түспеді, пролетариаттың даярлығының жеткіліксіздігінен, капитализмнің дамуының жеткіліксіздігінен сәті түспеді деді[31]. Ал Плеханов болса, Энгельсті нақ бір мазақ еткендей, Бернштейндер мен Стрельцовтарды мейлінше мәз-мәйрам еткісі келгендей,— Энгельсті Маркстің тактикасына «өкінгендей» етіп түсіндіреді! Маркс кейін бұл тактиканы қате деп мойындап, неміс кадеттерін қолдау тактикасын артық деп санағандай етіп түсіндіреді!

Г. Плеханов ертеңгі күні бізге Энгельс 1849 жылғы көтерілістер жөнінде: «қолға қару алмау керек еді» деп тапты демес пе екен?

Маркс пен Энгельс пролетариатты революциялық тактикаға, күресті ең жоғарғы формаларына дейін дамыту тактикасына, пролетариатты либерал сатқындардың соңынан еруге бастайтын тактикаға емес, қайта шаруаларды пролетариаттың соңынан еруге бастайтын тактикаға үйретті.

«Пролетарий» № 29,
(29) 16 апрель, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕРДІҢ ОКТЯБРИСТЕРМЕН БЛОГЫ МА?

Петербургтен «Frankfurter Zeitung»[32] газетіне келген 1 (14) апрельдегі жеке телеграмма былай деп хабарлайды: «Марттың аяғынан бері октябристердің [33], баяу оңшылдардың, кадеттердің және бейбіт жаңарту партиясының [34] арасында олардың *блок* құруына болмас па екен деген мәселе туралы жасырын келіс сөздер жүргізіліп жатыр. Жоспар енді нағыз оңшылдардың қолдауына үміт арта алмайтын октябристерден шығып отыр. Әсіресе Думбадзе жөнінде сауал қойғаны үшін октябристерге разы емес осы нағыз оңшылдар оппозициямен бірге центрге қарсы дауыс беруге ниет етіп отыр. Мұндай тәсіл Думаның жұмысын қиындатқан болар еді, өйткені нағыз оңшылдар мен оппозицияның бірігуі центр мен баяу оңшылдардың 223 дауысына қарсы 217 дауыс береді. Бірінші кеңес (блок туралы) 12 апрельде (ескіше 30 мартта) болды. Оған пропорциялық негізде сайланған 30 сенімді өкіл қатысты. Бұл кеңес ешқандай нәтижеге келе алмады, сондықтан таяудағы аптаның ішінде жаңа кеңес шақыруға қаулы етілді».

Бұл хабардың қаншалықты анық екенін біз білмейміз. Қалай болғанда да орыс газеттерінің үндемеуі бұған қарсы дәлел болып табылмайды, сондықтан біз шетел баспасөзінің хабары туралы оқушыларымызды хабардар етуді қажет деп есептейміз.

Жасырын келіс сөздердің жүргізіліп жатқандығында принцип жағынан адам нанбайтын ештеме жоқ. Кадеттер өздерінің бүкіл саяси тарихы арқылы, 1905 жылдың

ноябрінде Струвенің Виттеге барып жолығуынан бастап, 1906 жылдың жазында Треповпен және К °-мен жүргізген жасырын келіс сөздері [35] арқылы, т. т. және т. с. арқылы өздерінің тактикасының мәні — билік жүргізушілерге артқы есіктен жүгіргіштеу екенін *дәлелдеді*. Дегенмен, егерде келіс сөздер туралы бұл хабар тіпті теріс болып шыққанның өзінде де — өздерінің оңға бұрылуы негізінде кадеттердің октябристермен жасасқан үнсіз блогы *іс жүзінде* III Думада [36] *бар екендігі* күмәнсыз болып қала береді. Кадеттердің сөйлеген сөздерінің мазмұны мен олардың саяси бой көрсетулерінің сипаты туралы айтпағанның өзінде, кадеттердің III Думада бірнеше рет дауыс берулері мұны даусыз дәлелдейді.

Біз III Думада *екі* көпшілік бар деп тіпті ол шақырылмастан бұрын айтқанбыз (қараңыз: «Пролетарий» және РСДРП-ның 1907 жылғы Бүкіл россиялық ноябрь конференциясының қарары[37]) *. Бұл фактіні мойындаудан бас тарту (меньшевиктердің істегеніндей), ең бастысы — *кадеттік-октябристік* көпшіліктің *таптық* сипаттамасынан бас тарту — бұл өзіңді буржуазиялық либерализмнің жетектеп сүйреуіне көну болады деп біз соның өзінде-ақ дәлелдегенбіз.

Кадеттердің таптық жаратылысы өзін барған сайын айқынырақ аша түсіп отыр: кімде-кім мұны 1906 жылы көргісі келмесе, ол адамды фактілер мұны қазір *мойындауға* мәжбүр етеді, немесе бүтіндей оппортунизмге сырғып түсуге мәжбүр етеді.

«Пролетарий» № 29 (29) 16 апрель, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 149—159 және 184—186-беттер. *Ред.*

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫН БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕ [38]

Революцияны Маркcше жасау туралы Россияда енді ешкім ойламайды да. Таяуда бір либералдық газет,— тіпті демократиялық дерлік,—тіпті социал-демократиялық дерлік,— (меньшевиктік) «Столичная Почта» [39] газеті осылай деді, немесе осыған жуық мағынада айтты. Қазіргі саясаттағы көңіл күйінің мәнін және интеллигенцияның, шала-шарпы оқыған мещандардың нағыз қалың топтары арасында, бәлкім, тіпті мүлдем сауатсыз ұсақ буржуазияның көптеген жіктері ішінде де, біздің революцияның сабақтары жөнінде сөзсіз басым болып отырған көзқарастың *мәнін* әлгі сөздердің авторлары дұрыс аңғарғанын мойындау керек.

Бұл сөздерде, жалпы алғанда, пролетариаттың революциялық міндетіне берік сенетін, қалың бұқараның революциялық қозғалысы атаулыны қолдауға, күресті күшейтіп, оны ақырына дейін жеткізуге бар ынтасымен әзір тұрған марксизмге ғана өшпенділік көрініп қойған жоқ. Жоқ. Оның үстіне бұл сөздерде орыс революциясының *практикасында тіпті таяуда ғана іс жүзінде* сыннан өткен күрес тәсілдеріне, әрекет ету әдістеріне, тактикаға деген өшпенділік те көрініп отыр. Біздің революцияның барлық жеңістері,—немесе жартылай жеңістерінің, дұрысырақ айтқанда, ширек-жеңістерінің бәрі,— түгелдей және тек қана еңбекші халықтың пролетарлық емес элементтерін бастаған пролетариаттың тікелей-революциялық тегеурін көрсетуінің арқасында мүмкін болды. Жеңілістің бәрі осындай тегеуріннің әл-

сіреуінен туды, одан іргені аулақ салатын, оның болмауын, ал кейде (кадеттерде) тіпті оны тура жоюды көздеген тактикаға байланысты болды.

Ал қазір, контрреволюциялық жазалау шаралары өршіп тұрған дәуірде, мещандар өмірдің жаңа ұлықтарына қорқақтықпен бейімделіп отыр, аз уақытқа қолына билік тигендерге еріп кетіп отыр, ескіден безіп отыр, оны ұмытуға тырысуда, революцияны Марксше жасауды Россияда енді ешкім ойламайды, «пролетариат диктатурасы» туралы, *тағысын-тағылар* туралы ешкім ойластырмайды деп өзін де, басқаларды да сендірмекші болып отыр.

Буржуазияның басқа революцияларында да ескі өкіметтің көтерілісші халықты күшпен жеңуі «білімді» қоғамның қалың топтары арасында әрқашан сары уайым мен ыдыраушылық туғызды. Бірақ іс жүзінде бостандық үшін күрескен, нағыз революциялық оқиғаларда азды-көпті елеулі роль атқарған буржуазиялық партиялардың арасында әрқашан жалған үміттер байқалып келді, Россиядағы интеллигент мещандардың арасында қазір басым болып отырған нәрселерге қарама-қарсы жалған үміттер байқалып келді. Ол жалған үміттер «бостандықтың, теңдіктің және туысқандықтың» сөзсіз, тез *және* толық жеңісінің жалған үміттері еді, буржуазиялық республика емес, жалпы адамзаттық республика жөніндегі, жер жүзінде бейбітшілік орнататын, адамдарда игі ниет туғызатын республика жөніндегі жалған үміттер еді. Ол жалған үміттер монархия мен орта ғасырлық тәртіп езген халық ішінде таптық араздықтың болмауы жөніндегі, зорлық-зомбылық әдістерімен «идеяны» жеңуге мүмкін еместігі жөніндегі, дәурені өткен феодализм мен буржуазияшылдығы мүлде мойындалмаған немесе мейлінше бұлдыр мойындалып келген, еркін, демократиялық, республикалық жаңа тәртіптің мүлде қарама-қарсылығы жөніндегі жалған үміттер еді.

Сондықтан ғылыми социализм көзқарасына еңбекпен жеткен пролетариат өкілдерінің контрреволюциялық дәуірлерде буржуазиялық республикашылдардың жалған үміттеріне қарсы, революцияның дәстүрлерін және

оның мәнін идеалистік тұрғыдан түсінуге қарсы, белгілі бір таптың арасындағы ұстамды және елеулі жұмыстың орнына жүрген үстірт сөздерге қарсы күресуіне тура келді (мысалы, 1850 жылы Маркс пен Энгельстің күресуіне тура келгені сияқты)[40]. Бізде мұның керісінше. Біз тұрпайы республикашылдықтың жаңа, өзгерген жағдайларда революциялық жұмысты жалғастыра берудің маңызды ісіне кедергі жасайтындай жалған үміттерін көрмей отырмыз. Біз республиканың маңызын *асырып көрсетуді,* феодализм мен монархияға қарсы күрестің осы қажетті ұранын бүкіл еңбекшілердің және жалпы алғанда қаналушылардың күллі азаттық күресінің ұранына айналдыруды көрмей отырмыз. Осы *тәрізді* идеяларды қоректендіруші социалист-революционерлер[41] және оларға жақын топтар үркердей бір уыс болып қалды, ал үш жылдық революциялық дауылдың (1905—1907) дәуірі оларға республикашылдықпен барынша әуестенудің орнына *оппортунистік* мещандықтың жаңа партиясын, энестерді[42], саясатқа қарсы бүлікшілдік пен анархизмнің жаңадан күшеюін әкелді.

Мещандық Германияда 1848 жылғы революцияның алғашқы тегеурінінен кейін екінші күні-ақ ұсақ буржуазиялық республикалық демократияның жалған үміттері айқын сезілді. Мещандық Россияда 1905 жылғы революцияның тегеурінінен кейін екінші күні ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің, күрессіз ымыраласуға қол жеткізем деп үміттенген, күрестен қорыққан және бірінші жеңілістен кейін өзінің өткендегісінен безуге асыққан, қоғамдық атмосфераға сары уайымды, жасқаншақтық пен ренегаттықты таратқан ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің жалған үміттері айқын сезілді және барған сайын сезіле түсуде.

Бұл айырмашылықтың екі революцияның әлеуметтік құрылысы мен тарихи жағдайындағы айырмашылықтан туып отырғандығы анық. Бірақ мәселе Россияның ұсақ буржуазиялық халық бұқарасының ескі тәртіппен онша күшті қайшылықта болмағандығында емес. Қайта мұның керісінше. Біздің шаруалар орыс революциясының бірінші дәуірінде-ақ XIX ғасырдың бұрынғы буржуазиялық революцияларындағыдан әлдеқайда күшті, нақ-

тылы, саяси саналы аграрлық қозғалыс жасады. Мәселе мынада: Европадағы революциялық демократияның ұйтқысы болған топ,— қалалардағы цехтық қолөнер кәсібі, қалалық буржуазия мен ұсақ буржуазия,— Россияда контрреволюциялық либерализмге бет бұруға *тиіс болды.* Европадағы социалистік төңкерістің халықаралық армиясымен қол ұстасып ілгері басқан социалистік пролетариаттың саналылығы,— крепостниктердің ғасырлар бойғы езгісі нағыз ашынған жағдайға дейін, помещиктік жерді конфискелеуді талап етуге дейін жеткізген мужиктің өте-мөте революцияшылдығы,— европалық либерализмнен гөрі орыс либерализмін контрреволюцияның құшағына анағұрлым күштірек итермелеген жағдайлар міне осындай. Сондықтан орыс жұмысшы табына мына міндет ерекше салмақты жүктелді: революциялық күрестің дәстүрлерін, интеллигенция мен мещандардың безуге асығып отырған дәстүрлерін сақтау, осы дәстүрлерді дамытып, пығайту, оларды халықтың қалың бұқарасы санасына енгізу, оларды болмай қалмайтын демократиялық қозғалыстың келесі өрлеуіне дейін жеткізу.

Жұмысшылардың өздері стихиялы түрде дәл осындай бағыт ұстап отыр. Олар ұлы октябрь және декабрь күресін аса құштарлықпен қарсы алды. Олар өздерінің жағдайы осы тікелей революциялық күреске байланысты *ғана* өзгеретінін мейлінше айқын сезді. Олар қазір бір тоқымашының өзінің кәсіпшілік органына жазған хатында: фабриканттар біздің ие болған жеңістерімізді тартып алды, мастердің көмекшілері біздерді тағы да бұрынғысынша қорлап отыр, *тұра тұрыңыздар, 1905 жыл тағы да келер* дегенін айтып отыр немесе, ең болмағанда, осылай сезініп отыр.

Тұра тұрыңыздар, 1905 жыл тағы да келер. Жұмысшылар, міне, осылай қарайды. Күрестің бұл жылы оларға *не істеу керектігінің* үлгісін берді. Интеллигенция мен ренегаттық жасаушы мещандар үшін бұл — «қағынған жыл», бұл *нені істемеу керектігінің* үлгісі. Пролетариат үшін революцияның тәжірибесін қорытып, оны сын көзімен меңгеру дегеніміз — күрестің *сол кездегі* әдістерін *неғұрлым нәтижелі* түрде қолдануға

үйрену, сол октябрьдің стачкалық күресін, декабрь қарулы күресін неғұрлым кең, неғұрлым жинақты, неғұрлым саналы күрес ету болуға тиіс. Ренегаттық жасаушы интеллигенцияны өз соцынан жетектеуші контрреволюциялық либерализм үшін революцияның тәжірибесін меңгеру дегеніміз «жабайы» бұқаралық күрестің «аңғырт» қызбалығынан біржолата қол үзіп, оның орнына столыпиндік «конституционализм» негізіндегі «мәдени, цивилизацияланған» *конституциялық* жұмыс жүргізу болуға тиіс.

Қазір революцияның тәжірибесін меңгеріп, оны сын көзімен тексеру туралы жұрттың бәрі және әркім-ақ айтып жүр. Бұл туралы социалистер мен либералдар да айтып жүр. Оппортунистер мен революцияшыл социал-демократтар да айтып жүр. Бірақ революциялық тәжірибені меңгерудің алуан түрлі рецептерінің бәрі нақ жоғарыда *көрсетілген* екі қарама-қарсылықтың арасында ауытқып отырғанын бәрі бірдей түсіне бермейді. Жұрттың бәрі бірдей мына бір сұрақты айқын қоя бермейді: — біз революциялық күрестің тәжірибесін меңгеріп, неғұрлым ұстамды, қажырлы және неғұрлым батыл күрес үшін ол тәжірибені бұқараның меңгеруіне көмектесуге тиіспіз бе,— әлде біз кадеттердің революцияны сатып кету «тәжірибесін» меңгеріп, оны бұқараға таратуға тиіспіз бе?

Карл Каутский бұл мәселеге оның негізгі теориялық қойылысы жағынан қарады. Европаның басты тілдерінің бәріне аударылған өзінің «Әлеуметтік революция» деген белгілі еңбегінің екінші басылуына ол орыс революциясының тәжірибесіне қатысты бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Екінші басылуының алғы сөзі 1906 жылдың октябрінде жазылды делінген, демек, 1905 жылғы «дауыл мен тегеурін» туралы ғана емес, сонымен бірге біздің революцияның «кадеттік дәуірінің» басты оқиғалары туралы да, кадеттердің сайлаудағы жеңістері мен бірінші Думаға жаппай (жаппай дерлік) әуестенудің заманы туралы да пікір айту үшін автордың қолында материал болған.

Жалпы алғанда «әлеуметтік революцияның формалары мен құралдарын» (Каутскийдің еңбегінің жетінші

параграфының, яғни атап айтқанда, 1905—1906 жылдар тәжірибесінің көрсеткеніне қарай толықтырылған параграфының тақырыбы осылай делінген) зерттеуші марксиске *жаңа* материал беру үшін Каутский орыс революциясының тәжірибесінен қандай мәселелерді айтарлықтай ірі және негізгі,— немесе, тым болмағанда, қаншалықты маңызды мәселелер деп есептеді екен?

Автор екі мәселені алған.

Біріншіден, орыс революциясында жеңіске жетуге, ол революцияны нағыз жеңімпаз революция етуге *қабілетті* күштердің таптық құрамы туралы мәселе.

Екіншіден, бұқара күресінің орыс революциясы тудырған формаларының — революциялық жігердің бағыты жағынан және тегеурінді сипаты жағынан жоғары формаларының, атап айтқанда: декабрь күресінің, яғни қарулы көтерілістің маңызы туралы мәселе.

Орыс революциясына азды-көпті ой жүгіртіп қарайтын социалистің қай-қайсысы да (әсіресе марксист) мұның өзі орыс революциясын бағалау жөніндегі, сонымен қатар істің қазіргі жайының жұмысшы партиясына көрсетіп отырған тактикалық бағытын бағалау жөніндегі түбегейлі, нағыз басты мәселелер екенін мойындауға тиісті. Егер біз объективті-экономикалық жағдайлар себепті орыс буржуазиялық революциясын жеңімпаз етуге қандай таптардың *қабілетті* екенін толық, айқын түсініп алмасақ, онда бұл революцияны жеңімпаз етуге ұмтылу туралы біздің айтып жүргендеріміз бос сөз болады, тек қана демократиялық тақпақ айту болады, буржуазиялық революциядағы біздің тактикамыз сөз жоқ принципсіз және ауытқушы тактика болады.

Екінші жағынан алғанда, елдің бастан кешіріп отырған жалпы ұлттық дағдарысының ең күшейіп тұрған кездерінде революциялық партияның тактикасын нақтылы белгілеу үшін революцияны жеңіспен аяқтау рухында *қимылдай* алатын таптарды тек көрсетіп қана қою мүлде жеткіліксіз. Революциялық дәуірлердің бейбіт даму деп аталатын дәуірлерден, экономикалық жағдайлар терең дағдарыстар туғызбайтын, күшті бұқаралық қозғалыстарды туғызбайтын кездегі дәуірлер-

ден айырмашылығының өзі сол, бейбіт даму дәуірлерінде күрестің *формалары* сөзсіз *анағұрлым алуан түрлі* болады, бұқараның тікелей революциялық күресі басшылардың парламенттегі, баспасөздегі және т. с. насихаттық-үгіттік ісінен басым болады. Сондықтан, егер біз революциялық дәуірлерді бағалауда түрлі таптардың күрес *формаларына* талдау жасамай, олардың қимылының *бағытын* белгілеумен қанағаттансақ, онда біздің пайымдауымыз ғылыми жағынан шала, диалектикалық емес болады, ал практикалық-саяси жағынан ол *құрғақ ақылгөйсушілікке* айналады (жақшаның ішінде айта кетейік, Плеханов жолдас өзінің социал-демократтардың орыс революциясындағы тактикасы туралы жазбаларында оның оннан тоғызына қанағаттанып отыр).

Революцияны нағыз марксисше, диалектикалық материализм тұрғысынан бағалау үшін оны белгілі бір объективті жағдайларға қойылған, белгілі бір түрде қимыл жасайтын, күрестің белгілі бір формаларын азды-көпті нәтижелі қолданатын нақты бар қоғамдық күштердің күресі ретінде бағалау керек. Осындай талдаудың негізінде, әлбетте, тек осы негізде ғана күрестің *техникалық* жағына, оның техникалық мәселелеріне баға беру марксист үшін әбден орынды болмақ, ол ол ма, өте қажет те. Күрестің белгілі бір формасын мойындап, оның әдісіне үйренудің қажеттігін мойындамау біздің *қазіргі* сайлауға қатысудың керектігін мойындай отырып, *бұл* сайлаудың техникасын белгілеуші заңмен есептеспегенімізбен пара-пар болады.

Енді жоғарыда қойылған екі мәселеге — революцияның *бүкіл* дәуірі ішінде, РСДРП-ның Лондонда болған большевиктік үшінші съезі [43] және сонымен бір уақытта Женевада өткен меньшевиктік конференция [44] өз тактикасының принципті негіздерін нақтылы қарарларда белгілеген кезден, 1905 жылдың көктемінен бастап, біріккен РСДРП-ның 1907 жылғы көктемде болған Лондон съезін [45] қамтыған дәуірі ішінде, жұртқа мәлім, орыс социал-демократтары арасында өте ұзақ және қызу айтыстар туғызған мәселеге Каутскийдің берген жауабына көшейік.

Бірінші мәселеге Каутский мынандай жауап береді. Батыс Европада, дейді ол, пролетариат халықтың басым көпшілігі болып табылады. Сондықтан қазіргі Европада демократияның жеңуі пролетариаттың саяси үстемдік етуі деген сөз. «Россияда, оның шаруа халқы басым болып тұрғанда, мұны күтуге болмайды. Әрине, социал-демократияның Россияда да таяу (немісше: absehbar ягни көз жіберуге болатын, көз алдыңа елестетуге болатын) уақытта жеңіп қалуы мүмкін, бірақ бұл жеңіс пролетариат пен шаруалар одағының (Koalition) ісі ғана болған болар еді». Сөйтіп, Каутский тіпті мұндай жеңіс Батыс Европадағы пролетарлық революцияға сөзсіз күшті түрткі болған болар еді дегенді де айтады.

Сонымен, біз буржуазиялық революция деген ұғымның мұндай революцияда жеңіске жете алатын күштерді әлі жеткілікті түрде анықтай алмайтындығын көріп отырмыз. Сауда буржуазиясы немесе сауда-өнеркәсіп буржуазиясы басты қозғаушы күш ролін атқарған буржуазиялық революциялар болуы мүмкін және болған да. Мұндай революциялардың жеңіске жетуі буржуазияның тиісті тобының буржуазияның дұшпандарын (пұрсаттылығы бар дворяндар немесе тежеусіз монархия сияқты) жеңуі ретінде мүмкін болған-ды. Россияда мәселе басқаша болып отыр. Бізде буржуазиялық революцияның жеңуі *буржуазияның жеңісі болуы* мүмкін емес. Мұның өзі қисынсыз нәрсе сияқты, бірақ бұл факт. Шаруа халықтың басымдығы, крепостниктік (жартылай) ірі жер иелігінің оны адам айтқысыз басып-жаншуы, қазірдің өзінде социалистік партияға ұйымдасқан пролетариаттың күші мен саналылығы,— осы жағдайлардың бәрі *біздің* буржуазиялық революцияға *ерекше* сипат береді. Бұл ерекшелік революцияның буржуазиялық сипатын жоймайды (Каутскийдің позициясы туралы өздерінің өте сәтсіз ескертпелерінде Мартов пен Плехановтың мәселені солай көрсеткісі келгеніндей). Бұл ерекшелік тек біздің буржуазияның контрреволюциялық сипатын, *мұндай* революцияда жеңу үшін пролетариат пен шаруалар диктатурасының қажеттігін туғызады. Өйткені буржуазиялық револю-

цияда *жеңіске* жететін «пролетариат пен шаруалардың одағы» пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқа ештеме де емес.

Бұл жағдай революция уақытында социал-демократия ішінде болатын тактикалық алауыздықтардың басталар жері болып табылады. Жеке таластардың бәрін (жалпы алғанда кадеттерді қолдау туралы, солшыл блок пен оның сипаты және т. т. туралы мәселе жөнінде) және жеке жағдайлар жөніндегі қақтығыстарды тек осыны ескере отырып қана түсінуге болады. Большевиктер мен меньшевиктердің революцияның бірінші дәуіріндегі (1905—1907 жылдар) алауыздықтарының *себебі,* істің байыбына бармаған адамдардың кейде ойлайтынындай, тіпті де «жігерлілікте» немесе «бойкотшылдықта» емес, тек әлгі негізгі тактикалық алауыздықта болып отыр.

Алауыздықтың осы себебін барынша жіті зерттеудің, екі Дума және тікелей шаруалар күресінің тәжірибесін *көрсетілген тұрғыдан алып* талдап тексерудің қажеттігі тәптіштеп жатпаса да түсінікті. Егер біз мұндай жұмысты *қазір* істемесек,— онда партия ішінде ескі таластарды қоздырмайынша немесе фракциялық жанжалдар мен алалықты туғызбайынша, қозғалыстың келесі өрлеуі кезінде тактика саласында бір адым да ілгері басу біздің қолымыздан келмейтін болады. Социал-демократияның либерализм мен шаруалардың буржуазиялық демократиясы жөніндегі көзқарасы орыс революциясының тәжірибесі негізінде белгіленуге тиіс. Әйтпесе бізде пролетариаттың принципті-ұстамды тактикасы болмайды. Ескерте кететін нәрсе, «пролетариат пен шаруалардың одағын» әр түрлі таптардың қосылуы немесе пролетариат пен шаруалар партияларының қосылуы мағынасында еш уақытта да түсінуге болмайды. Қосылу былай тұрсын, тіпті ұзақ уақытқа келісім жасасу атаулының өзі жұмысшы табының социалистік партиясын мерт қылатын нәрсе болар еді және революциялық-демократиялық күресті *әлсіретер* еді. Шаруалардың либерал буржуазия мен пролетариаттың арасында сөзсіз ауытқуы оның таптық жағдайынан туады, ал біздің революция күрестің нағыз алуан түрлі сала-

ларында бұған толып жатқан мысалдар берді (Витте Думасына бойкот жасау; сайлау; I және II Думадағы трудовиктер және т. т.). Пролетариат революция авангардының нағыз дербес саясатын жүргізе отырып қана шаруаларды либералдардан бөліп ала алады, оларды либералдардың ықпалынан босата алады, күрестің барысында өз соңынан ерте алады, сөйтіп одақты, шаруалар қашан және қаншалықты революцияшылдықпен күрессе, сонда және сонш алықты дәрежеде «одақты» *іс жүзінде* іске асыра алады. Трудовиктермен ымдасу емес, қайта олардың әлсіздігі мен бұлталақтауын аяусыз сынау, республикалық және революциялық шаруалар партиясының идеясын насихаттау, блок пен келісімді алданыш ету үшін емес, ортақ дұшпанды *жеңу* үшін пролетариат пен шаруалардың «одағын» жүзеге асыра алады.

Орыс буржуазиялық революциясының біз көрсеткен ерекше сипаты жаңа заманның басқа буржуазиялық революцияларынан оны бөлектейді, бірақ оны шаруалар өте көрнекті революциялық роль атқарған ескі замандардағы *ұлы* буржуазиялық революциялармен жақындастырады. Бұл жөнінде Фридрих Энгельстің өзінің тамаша терең мағыналы және ой-пікірлерге бай: «Тарихи материализм туралы» деген мақаласында жазғандары өте-мөте көңіл аударарлықтай («Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуының» ағылшынша басылуына алғы сөз; оны Энгельстің өзі «Neue Zeit»-те неміс тіліне аударған болатын, 1892—1893, XI жыл, 1-том). «Ерекше бір нәрсе,— дейді Энгельс,— үш ұлы буржуазиялық революцияның үшеуінде де» (Германиядағы реформация және XVI ғасырдағы шаруалар соғысы; XVII ғасырдағы ағылшын революциясы; XVIII ғасырдағы француз революциясы) «жауынгер армия шаруалар болды. Ал, әрбір жеңістен кейін, сол жеңістің экономикалық салдарынан сөзсіз күйзеліске ұшырайтын тап дәл осы шаруалар болып отырды. Кромвелден кейін жүз жыл өткен соң ағылшын йоменриі (yeomanry — шаруалар) мүлде дерлік құрып кетті. Ал, оның бер жағында, тек осы йоменри мен қалалардың плебейлік элементінің араласуы арқасында ғана күрес үзілді-

кесілді түрде ақырына дейін жеткізілген еді, сөйтіп I Карл эшафоттан бірақ шыққан-ды. Жеңістің, ең болмағанда, сол кездің өзінде-ақ жинау үшін әбден пісіп жетілген жемістерін буржуазияның ала алуы үшін революцияны ол мақсаттан анағұрлым әрірек апару керек болды. 1793 жылы Францияда да, 1848 жылы Германияда да дәл осылай болды. Шынында, буржуазиялық қоғамның даму заңдарының бірі, сірә, осындай болу керек». Ал осы мақаланың басқа бір жерінде Энгельс былай деп көрсетеді: Француз революциясы «күрес ақырына дейін жеткізілген, күресуші жақтардың бірінің, атап айтқанда, аристократияның толық құртылуына дейін, ал екіншісінің, атап айтқанда, буржуазияның толық жеңуіне дейін жеткізілген бірінші көтеріліс» [46] болды.

Энгельстің бұл тарихи байқауларының немесе қорытуларының екеуі де орыс революциясының барысында тамаша дәлелденді. Тек шаруалар мен пролетариаттың, «қалалардың плебейлік элементінің», араласуы ғана буржуазиялық революцияны айтарлықтай ілгері бастыра алатындығы да дәлелденді (егер XVI ғасырдағы Германия, XVII ғасырдағы Англия мен XVIII ғасырдағы Франция жөнінде шаруаларды бірінші қатарға қоюға болатын болса, XX ғасырдағы Россияда бұл көзқарасты керісінше өзгерту сөзсіз қажет, өйткені пролетариаттың инициативасы мен басшылығынсыз шаруалар — түк емес). Революцияның тікелей, таяудағы, қазірдің өзінде әбден пісіп жетілген буржуазиялық мақсаттарынан революцияны *едәуір әрі* алып бару керектігі, алып барғанда *әлгі* мақсаттарды шынымен жүзеге асыру үшін, болмашы ғана буржуазиялық жетістіктерді біржолата баянды ету үшін әрі алып бару керектігі де дәлелденді. Сондықтан, 1905 жылы өзінің қарарында Кавказ меньшевиктерінің айтқанындай, «буржуазия жалтарып кетпес үшін» немесе, Плехановтың Стокгольмде айтқанындай, «реставрациядан кепілдік» болуы үшін революцияны тікелей-буржуазиялық, тар өрісті-буржуазиялық шеңберлерге алдын ала құрсап қою жөніндегі мещандық рецептілерге Энгельстің қап-

дай жиреніішпен қарайтын болғанын кесіп айтуға болады!

Екінші мәселені, 1905 жылғы декабрь көтерілісіне баға беру туралы мәселені, Каутский өз кітапшасының екінші басылуына жазылған алғы сөзде талдайды. «Мен ендігі жерде,— деп жазады ол,— келешектегі революцияларда қарулы көтерілістер мен баррикадалық шайқастар шешуші роль атқармайды деп, 1902 жылғы сияқты, кесіп айта алмаймын. Москвадағы көше ұрыстарының тәжірибесі бұған қарсы өте айқын дәлел болады, өйткені азғана бір топ адам баррикадалық күресте тұтас бір армияға қарсы апта бойы тотеп бере алды, егерде басқа қалалардағы революциялық қозғалыстың сәтсіздігі армияға жәрдем жіберуге мүмкіндік бермеген болса, сөйтіп, ақырында, адам нанғысыз басым күш көтерілісшілерге қарсы шоғырландырылмаған болса, жеңіске де жетіп қалған болар еді. Әрине, баррикадалық күрестің осы біршама табысының мүмкін болған себебі: қала халқы революционерлерді жігерлі түрде қолдады, ал әскерлердің мүлде берекесі қашты. Ал осыған ұқсас бірдеңе Батыс Европада болуы мүмкін емес деп кім кесіп айта алар екен?»

Сонымен, көтерілістен бір жылдай кейін, күрескерлердің рухының көтеріңкілігін тікелей қолдау мақсатына әуестенуге болмай қалғанның өзінде, Каутский сияқты сақ зерттеушінің өзі Москва көтерілісін баррикадалық күрестің «біршама табысы» деп үзілді-кесілді мойындап отыр және болашақтың революцияларында көше ұрыстарының ролі зор бола алмайтындығы туралы өзінің жалпы қорытындысын түзетуді қажет деп есептейді.

1905 жылдың декабрь күресі соғыс техникасы мен соғыс ұйымының қазіргі жағдайларында қарулы көтерілістің жеңе *алатынын дәлелдеді.* Декабрь күресінің берген нәрсесі сол, халықаралық жұмысшы қозғалысының бәрі таяудағы пролетарлық революцияларда ұрыстардың мұндай формаларының болуы ықтимал екендігімен бұдан былай санасуға тиіс. Біздің революцияның тәжірибесінен шынымен туатын қорытындылар міне осындай,— нағыз қалың бұқараның игеруге тиісті

сабақтары міне осындай. Плехановтың пайымдаулары *бағытынан,* оның декабрь көтерілісі туралы: «қолға қару алмау керек еді» [47] деген геростраттық-атышулы пікірінің бағытынан әлгі қорытындылар мен әлгі сабақтар қандай алшақ жатыр. Мұндай баға беру қандай ұшан-теңіз ренегаттық түсіндірулер туғызды десеңізші! жұмысшы бұқарасына азғындық пен мещандық ымырашылдықтың рухын тарату үшін оған қандай қисапсыз көп жексұрын либералдық қолдар жармасты десеңізші!

Плехановтың берген бағасында тарихи шындықтың ұшығы да жоқ. Егер Коммунадан жарты жыл бұрын көтеріліс жасау ақылдан адасқандық болады деген Маркс, дегенмен де, осы «ақылдан адасқандықты» XIX ғасыр пролетариатының ұлы бұқаралық қозғалысы ретінде бағалай білген болса, онда орыс социал-демократтары қазір декабрьдегі күрес Коммунадан кейінгі ең қажетті, ең заңды, ең ұлы пролетарлық қозғалыс болды деген сенімді бұқараға мың мәртебе артық правомен жеткізуге тиіс. Социал-демократиядағы кейбір интеллигенттер не айтса, оны айтсын, қалай жыласа, олай жыласын,— Россияның жұмысшы табы дәл осындай көзқарастарда тәрбиеленетін болады.

Бұл мақаланың поляк жолдастарға арналып жазылып отырғанын ескере отырып, бұл арада, бәлкім, ескерту жасау қажет болар. Амал не, поляк тілін білмегендіктен, мен поляк жағдайларымен тек есіткендерім арқылы ғана таныспын. Сондықтан нақ Польшада дәрменсіз партизаншылдықтың, террор мен жарқ-жұрқ бұрқ етпелердің нәтижесінде, нақ пролетариат пен шаруалардың көтеріліс дәстүрлері мен біріккен күресі үшін тұтас бір партия (Поляк социалистік партиясының «оңшылдары» деп аталатыны [48]) өзінің түбіне өзі жетті деп маған оп-оңай қарсы шығуға болады. Осы тұрғыдан қарағанда поляк жағдайларының қалған Россияның жағдайларынан шынында түбегейлі өзгешелігі болуы әбден мүмкін. Ол туралы кесіп айта алмаймын. Алайда революциялық тактикадан ауытқуды, әділ тойтарыс пен күрес туғызған мұндай мағынасыз ауытқуды біз Польшадан басқа еш жерде көрмегенімізді

ескерте кетуге тиіспін. Бұл арада өзінен-өзі мынандай ой туады: 1905 жылдың декабрінде бұқаралық қарулы күрес нақ Польшада болған жоқ қой! Мұның өзі революцияны «жасайтын» анархизмнің бұрмаланған және мағынасыз тактикасының нақ Польшада, тек Польшада ғана орын тепкендігінен емес пе екен, онда азғана уақытқа болса да бұқаралық қарулы күрестің дамуына жағдайлардың мүмкіндік бермегендігінен емес пе екен? Дәл *осындай* күрестің дәстүрі, декабрь қарулы көтерілісінің дәстүрі, жұмысшы партиясы ішіндегі анархистік тенденцияларды шаблондық, филистерлік, мещандық моральдің көмегімен емес, мақсатсыз, мағынасыз, бытыраңқы күштеуден кең қозғалыспен, тікелей пролетарлық күресті шиеленістірумен байланысты мақсатты, бұқаралық күштеуге бет бұру жолымен жеңу үшін кейде бірден-бір елеулі құрал болып табылмай ма?

Біздің революциямызға баға беру туралы мәселенің тек теориялық қана емес, нағыз тікелей, бүгінгі күнге қажетті практикалық маңызы да бар. Біздің насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысымыздың бәрі қазіргі кезеңде жұмысшы табы мен жартылай пролетар халықтың ең қалың бұқарасының ұлы 3 жылдың сабақтарын игеру процесімен үздіксіз байланысты. Біз алдымызда революциялық дүмпу жолының немесе ұзақ, баяу, ұсақ адымдар жолының жатқандығын қазір анықтауға мағлұматтар мүмкіншілік бермейді деген жалаң мәлімдеме жасаумен (Поляк социалистік партиясының «солшылдарының» Х съезінің қарарлары рухында) қазіргі кезеңде шектеле алмаймыз. Әрине, қазір дүние жүзіндегі ешқандай статистика мұны анықтай алмайды. Әрине, біз өзіміздің жұмысымызды, болашақ біздерге қандай ауыр сындар әзірлеп қойса да, түгелдей жалпы *социалистік* рухпен мазмұнға толы болатындай етіп жүргізуге тиіспіз. Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Осымен тоқтап қалу пролетариат партиясына ешқандай нақтылы басшылық бере білмеу деген сөз. Революцияның үш жылғы тәжірибесін қорыту жөнінде қазір біз жұмысты қандай бағытта жүргізетін боламыз? — деген мәселені біз тура қойып, берік шешіп

алуға тиіспіз. Біз ауытқушылар мен ұнжырғасы түсушілерді ұғындыру үшін, ренегаттық етушілерді және социализмнен сырт айналушыларды масқаралау үшін жұмысшы партиясы бұқараның тікелей революциялық күресін, 1905 жылғы октябрь мен декабрьдегі күресін, пролетариаттың Коммунадан кейінгі аса ұлы қозғалыстары деп білетінін, күрестің тек осындай формаларын дамыту ғана революцияның келешек табыстарының кепілі болатындығын, күрестің осы үлгілері күрескерлердің жаңа ұрпақтарын тәрбиелеу ісінде бізге шамшырақ болуға тиіс екендігін ашықтан-ашық және жұрттың бәріне естірте мәлімдеуге тиіспіз.

Күнделікті жұмысымызды осындай бағытта жүргізе отырып және партияның көптеген жылдар бойғы байыпты және ұстамды әзірлік ісі ғана 1905 жылы партияның пролетариатқа ықпалын толық қамтамасыз еткенін есте сақтай отырып,— біз оқиғалардың дамуы қандай болса да және самодержавиенің іріп-шіру қарқыны қандай болса да, жұмысшы табының ұдайы нығайып, саналы революциялық социал-демократиялық күш болып өсуіне жете аламыз.

1908 ж. апрельде «Przegląd Socjaldemokratyczny» журналының 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Орыс тілінде 1908 ж. (23) 10 майда «Пролетарий» газетінің 30-номерінде басылған

Журнал текстімен салыстырылған газет тексті бойынша басылып отыр

ЕКІНШІ ЛЕКТЕГІ КАДЕТТЕР

Россиядан алынып, осы номерде «Ғылыми хроника» деген тақырыппен басылып отырған корреспонденция оқушылардың ерекше назарын аударарлық. Біз — газетіміздің дәл шығар алдында — тілші айтып отырған фактілерді растайтын деректер алдық, сондықтан олар жөнінде толығырақ тоқталып өтуге тиіспіз.

Жаңа саяси ұйым туып келеді; қоғамдық қозғалыстың кейбір жаңа бет бұрысы байқалып отыр. Буржуазиялық демократияның «кадеттерден солырақ» болғысы келетін, меньшевиктер мен социалист-революционерлерді өзіне тартқысы келетін элементтері топтасып жатыр. Үшінші Думадағы кадеттік оппозиция дегеніміз іріп-шіріп жатқан өлексе, сондықтан одан тысқары «бірдеме істеу» қажет деген әлдененедей бұлдыр санасезім туып келе жатқан сияқты.

Фактілер осындай. Олар өзінің нақтылығы жағынан тіпті де әлі айқындала қойған жоқ, бірақ олар революцияның алғашқы үш жылының сабақтары тұрғысынан қарағанда, түсінікті және даусыз құбылыстарды қазірдің өзінде белгілеп отыр.

Бірінші лектің кадеттері революцияның ашық сахнасына 1905 жылдың жазында шықты. Олар толық емес үш жылдың ішінде гүл жаруға үлгірмей,— солып үлгірді. Олардың орнына екінші лектің кадеттері пайда болып отыр. Бұл ауысудың мәні неде және ол жұмысшы партиясының алдына қандай міндеттер қойып отыр?

Бірінші лектегі кадеттер 1904 жылғы банкеттерде дуылдасты, земство науқанын жүргізді, таптардың самодержавиеге және өз араларындағы қарым-қатынастары әлі мүлде айқындалмай тұрған кездегі, яғни бұқараның ашық күресі және топсымақтардың емес, таптардың саясаты осы қарым-қатынастарды белгілегенге дейінгі қоғамдық өрлеудің басталғанын білдірді. Кадеттер ол кезде конституцияны емес, хрен қосқан қортпа балық етіне қол жеткізуді ойлаған помещиктен бастап, қызметшіге, жалдама интеллигенцияға дейінгі білімді қоғам деп аталатын буржуазиялық қоғамның кез келген элементтерінің бәрін топтады. Кадеттер «тарихи өкіметтің», яғни патша самодержавиесінің және жұмысшы табы мен шаруалардың күресуші бұқарасы арасында *делдалдық* істеуге әзірленді. 1905 жылы жазда патшаға жіберілген депутация осындай құлдық ұрушылықтың басы болды,— өйткені орыс либералдары құлдық ұрушылықтан басқа делдалдықты түсінбейді. Сондықтан сол кезден бері орыс революциясының онша-мұнша бірде-бір ірі кезеңі — буржуазиялық либерализмнің самодержавие мен қаражүздік помещиктік шайканың қызметшілеріне әлгі әдіспен құлдық ұрып, «делдалдық» жасамаған бірде-бір кезеңі тіпті болған емес. Ол 1905 жылдың авгусында Булыгин Думасына бойкот жасау жөніндегі революциялық тактикаға қарсы күресті. Ол 1905 жылдың октябрінде октябристердің ашық контрреволюциялық партиясын бөліп шығарды, сөйте отырып Петр Струвені Виттенің ауыз бөлмесіне жіберді, баяулық пен жинақтылықты уағыздады. Ол 1905 жылдың ноябрінде почта-телеграф стачкасын кінәлады және солдат көтерілістерінің «сұмдықтарына» қайғырды. Ол 1905 жылдың декабрінде келесі күні «ақылдан адасқандықтың стихиясын» талқандау үшін (сірә, тебу үшін деп айту керек еді) үрейленіп Дубасовқа барып тығылды. Ол 1906 жылдың басында самодержавиені нығайту үшін миллиард қарыз беруге қарсы либералдар шетелде үгіт жүргізуден тайынбайды-мыс деген «масқаралық» күдіктен өзін қызу қорғады. Артқы есіктен Треповке жасырын жүгіргіштеп, трудовиктер мен жұмысшы депутаттарына қарсы

күресе отырып, либерализм бірінші Думада халық бостандығы туралы көпіре сөйледі. Ол Выборг манифесі [49] арқылы екі қоянды бірдей ұстауға тырысты, өзінің мінез-құлқын — ретіне қарай — революцияны қолдау рухында да, революцияға қарсы күресу рухында да түсіндіруге тырысты. Кадеттердің либерализмі өзінің октябристік жаратылысын мейлінше айқын көрсеткен бірінші және екінші Думалар туралы айтудың да керегі жоқ.

Кадеттердің үш жыл бойы «қожалық етіп болғандығы» соншалық, жаңадан жанданудың әрекеттері «кадеттерден солырақ» деген ұранмен әуел басынан-ақ байланыстырылып отыр! Бірінші лектің кадеттері *өздерінің болу мүмкіндігін жойды.* Олар халық бостандығына өздерінің бастан-аяқ сатқындық жасауы арқылы өздерін жерледі.

Бірақ ескілердің орнына келуші екінші лектің кадеттері сол өлексенің уымен уланған жоқ па екен? «Социал-кадеттер», жаңа ұйымның төңірегінде ерекше шу көтеруші халықтық социалист мырзалар үш жылдың тәжірибесі бойынша бізге бұрыннан таныс ескі эволюцияны қайталауға ниет етіп отырған жоқ па екен?

Бұл сұраққа болашақ туралы болжам жасау арқылы емес, өткенге талдау жасау арқылы жауап беру керек. Ал бұл талдау «эсер меньшевиктердің», халықтық социалист мырзалардың трудовиктік, шаруалық саяси ұйымның немесе, дұрысында, саяси қозғалыстың ортасында, өздерінің «жақсы күндерінде», мысалы, бірінші Дума заманында өздері әрекет еткен ортада кадеттердің ролін шынымен атқарғанын даусыз көрсетеді. Орыс революциясындағы халықтық социалистер «партиясының» (топсымақтың?) тарихынан негізгі фактілерді еске түсіріңіз. «Азаттық одағында» [50] олар алғашқы сынға түсті. 1905 жылдың декабрінде эсерлер партиясының съезінде олар — кадеттер мен эсерлер арасында үнемі ауытқушылар — социалист-революционерлермен бірге де, бөлек те болғысы келіп, қисынсыз аралық позицияны қорғады. Октябрь бостандықтары дәуірінде олар саяси газеттерді социалист-революционерлермен блоктаса басқарды. Бірінші Дума заманында да солай бол-

ды: «жоғары» дипломатия, алауыздықтарды жұрт көзінен «шебер» бүркемелеу! Бірінші Дума қуылғаннан кейін, көтерілістердің екінші кезеңі сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, Свеаборгты[51] басып тастағаннан кейін осы джентельмендер — оңға бұрылуға *бел байлайды*. Олар көтеріліс идеясын баспасөзде жария түрде жамандап, белсенді республикалық насихаттың мезгілі жетпегендігін дәлелдеу үшін, басқа еш нәрсе үшін де емес, өз партиясын «жария етіп» отырғандығы түсінікті. Бірінші Думадағы шаруа депутаттары алдында олар өздерінің аграрлық жобасы жөнінде эсерлердің қойған 33 қолына [53] қарсы 104 адамның қойған қолын [52] жинап, эсерлерді жеңіп шығады. Шаруа қожайынсымағының жерді национализациялауға буржуазиялық «ақылға қонымды» талпыныстары «социализацияның» бұлдырынан басым түседі. Шаруалардың саяси-революциялық ұйымына, көтеріліс жасау үшін ұйымдасуға ұмтылудың орнына, біз социал-кадеттердің жариялылық және парламентаризм ойынын ойнауға, өрісі тар интеллигенттік үйірмешілдікке ұмтылуын көріп отырмыз. Орыс шаруасының кадеттен, интеллигенттік оппортунист энестен интеллигенттік ұстамсыз революционер эсерге ауытқуы ұсақ егіншінің екі жақты жағдайын, пролетариат тарапынан басшылық болмайынша ұстамды таптық күрес жүргізуге оның қабілетсіздігін көрсетеді.

Ал егер энес мырзалар ақылы толыспағандарды — меньшевиктер мен эсерлерді өз соңынан сүйреп, қазір солшыл кадеттермен тағы «бытыса» бастайтын болса, онда мұның өзі бүкіл бұл компанияның революцияның үш жылы бойына ештемеге үйренбегені болып табылады. Олар экономикалық талаптар араны ашады деп түсінеді. Олар неғұрлым жақын — саяси талаптар негізінде біріккісі келеді. Олар тек бұқаралық күрес қана күшті екенін, тек елеулі экономикалық қайта жаңартулар үшін ғана мұндай күрестің өрістей алатынын, басқа елдердегі сияқты, Россияда да көрсеткен революцияның барысында мүлде ештеме түсінбеген.

Меньшевиктер мен эсерлердің солшыл кадеттердің соңынан тағы да қайта сүйретіліп еріп отырғаны жаңа-

лық емес. Петербургте II Думаның сайлауында осылай болған. Біреулерінде кадеттік министрлік туралы және толық билікті Дума туралы мәселе жөнінде, екіншілерінде энестермен жасырын блок жасасуда осылай болған-ды. Мещан интеллигенцияның «дертке ұмтылуын», либерал буржуазия қанатының астына ұмтылуын туғызатын, сірә, терең себептер бар болса керек.

Бұл ұмтылуды, әрине, әрқашандағыдай, жаңа өрлеуді немесе күштердің жаңадан топтасуын пайдалану туралы және т. с. сөздермен бүркемелейді.

Иә, мырзалар, өлексені... пайдалануды біз де жақтаймыз — бірақ оны «тірілту» үшін емес, онымен жерді тыңайту үшін, шірік теориялар мен филистерлік пиғылдарды қолпаштау үшін емес, «сайтан адвокатының» ролі үшін пайдалануды жақтаймыз. Біз халықты энестер мен солшыл кадеттердің осы жаңа, жақсы, тамаша мысалымен үйретеміз, нені істемеу жөнінен, сондай-ақ кадеттік сатқындық пен мещандық болбырлықтан қашуға үйретеміз. Біз осы жаңа жарымжанның (егер ол өлі тумаған болса) өсуі мен жетілуін жіті бақылап отырамыз,— сөйтіп мұндай ұрықтың, *егер ол жансыз болмаса,* қазіргі Россияда жұмысшы табы мен шаруалардың бұқаралық күресінің даусыз және сөзсіз бастамасы болып табылатындығын сағат сайын еске салып отырамыз. «Азаттық одағы» жанданып келеді. Егер бұлай болса, онда мұның өзі жоғарғылардың бірдемені сезе бастағаны деген сөз. Ал егер бұлай болса, онда мұның өзі бастамадан кейін жалғасы болады, интеллигенттік абыржудан кейін пролетарлық күрес болады деген сөз.

Сондықтан біз күрестің сабақтары арқылы ғана, тек күресте ғана, тек революциядағыша күресуші шаруалар бұқарасымен революциядағыша жақындасудың сабақтары арқылы ғана, біз халықты екінші лектегі кадеттердің сахнаға шығуы жөнінде үйрететін боламыз.

«Пролетарий» № 30,
(23) 10 май, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҚ КЕЗІНДЕГІ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ [54]

1908 ж. бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1918 ж. Москвадағы «Жизнь и знание» баспасында жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр.

Бұл мақаланың мақсаты — орыс ауыл шаруашылығындағы қоғамдық-экономикалық қатынастардың бүкіл жиынтығының қысқаша очеркін беру. Мұндай еңбек арнаулы зерттеу сипатында бола алмайды. Бұл еңбек маркстік зерттеудің қорытындысын шығаруға тиіс, біздің ауыл шаруашылық экономикамыздың азды-көпті әрбір ірі белгілерінің орыс халық шаруашылығының жалпы құрылысынан алатын орнын көрсетуге тиіс, Россиядағы аграрлық қатынастардың дамуының жалпы бағытын суреттеп, қалай болса да осы дамуды белгілейтін таптық күштерді ашып көрсетуге тиіс. Сондықтан біз осы көрсетілген көзқарас тұрғысынан Россиядағы жер иелігін, содан соң помещиктік шаруашылық пен шаруа шаруашылығын қарастырамыз, ал соңында біздің эволюциямыздың XIX ғасыр бойы не нәрсеге жеткізгені туралы және оның XX ғасырға қандай міндеттер артып кеткендігі туралы жалпы қорытындылар береміз.

I

Европалық Россиядағы XIX ғасырдың аяғындағы жер иелігін біз жер жөніндегі 1905 жылғы ең жаңа статистиканың (Орталық статистика комитеті бастырған, СПБ. 1907 [55]) мәліметтері бойынша суреттей аламыз.

Бұл зерттеу бойынша Европалық Россияда есепке алынған барлық жер 395,2 миллион десятина болатын. Бұл жердің негізгі үш топқа бөлінуі мынадай: [62-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Айта кету керек, біздің статистика қазыналық жердің есебіне қиыр солтүстіктегі, Архангельск, Олонец

I топ — жеке иеліктер	101,7	млн. дес.
II » » үлесті жерлер	138,8	» »
III » » қазыналық және басқа жерлер	154,7	» »
Европалық Россиядағы барлық жер	395,2	млн. дес.

және Вологда губернияларындағы жүз миллионнан астам десятина жерді енгізіп отыр. Европалық Россияның нағыз ауыл шаруашылық жер қоры туралы сөз болып отырғандықтан, қазыналық жердің орасан көп бөлегін шығарып тастау керек. Социал-демократтардың орыс революциясындағы аграрлық программасы жөніндегі өзімнің еңбегімде (бұл еңбек 1907 ж. аяғында жазылған, бірақ оның жарыққа шығуы авторға байланысты емес себептерден кешікті) мен Европалық Россияның нағыз ауыл шаруашылық жер қорын шамамен 280 миллион десятина деп белгіледім *. Қазыналық жерден бұған жүз елу миллион емес, не бары 39,5 миллион десятина кіреді. Демек, Европалық Россияда помещиктер мен шаруалар меншігінен тыс жер көлемінің *жетіден бір бөлігінен азырағы* қалады. Жетіден алты бөлігі антагонистік екі таптың қолында.

Сословие ретінде де өзара айырмасы бар бұл таптардың жер иелігін қарастырып корейік, өйткені жеке иеліктегі жердің көпшілігі дворяндардың жерлері, ал үлесті жерлер — шаруалардың жерлері болып табылады. Жеке иеліктегі 101,7 миллион десятина жердің 15,8 миллионы қоғамдар мен серіктіктердікі, ал қалған 85,9 миллион десятинасы жеке адамдардың меншігінде. Осы соңғы жердің 1905 жылы және, сонымен қатар, 1877 жылы сословиелер бойынша бөлінуі мынадай: [63-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, Россиядағы негізгі жеке меншікшілер дворяндар екен. Орасан көп жерге солар иелік етеді. Бірақ дамудың бағыты мынадай болып отыр: дворяндардың жер иелігі кеміп келеді. Жер иелігінің сословиесіздігі өсіп келеді, төтенше тез өсіп келеді. 1877—1905 жылдардың ішінде «басқа сословиелердің» жер иелігі бәрі-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 209-бет. *Ред.*

Иелердің сословиелері	Қарайтын жер 1905 ж. млн. дес.	%	1877 ж. млн. дес.	%	1905 жылы көбейгені + кемігені — млн. дес.	неше есе
Дворяндарға	53,2	61,9	73,1	79,9	−19,9	−1,40
Дін адамдарына	0,3	0,4	0,2	0,2	+ 0,1	+1,74
Көпестер мен ардақты азаматтарға	12,9	15,0	9,8	10,7	+ 3,1	+1,30
Мещандарға	3,8	4,4	1,9	2,1	+ 1,9	+1,85
Шаруаларға	13,2	15,4	5,8	6,3	+ 7,4	+2,21
Басқа сословиелерге	2,2	2,5	0,3	0,3	+ 1,9	+8,07
Шетел азаматтарына	0,3	0,4	0,4	0,5	− 0,1	−1,52
Жеке меншікшілерге қарайтын барлық жер	85,9	100,0	91,5	100,0	− 5,6	−1,09

нен де гөрі тез өскен (28 жыл ішінде сегіз есе), содан соң шаруалардың жер иелігі тез өскен (екі еседен артығырақ). Демек, шаруалар өздерінің ішінен жерге жеке меншікшіге айналатын әлеуметтік элементтерді барған сайын көп бөліп шығарып отырады. Бұл жалпы факт. Сондықтан біз шаруа шаруашылығына талдау жасаған кезде осындай бөліп шығаруды туғызып отыратын қоғамдық-экономикалық механизмді ашып көрсетуге тиіспіз. Әзірше Россиядағы жеке жер меншігінің дамуы — сословиеліктен сословиесіздікке көшуде болып отырғандығын дәл анықтау қажет. Дворяндардың феодалдық немесе крепостниктік жер меншігі XIX ғасырдың аяқ кезінде бүкіл жеке жер меншігінің орасан көпшілігін қамтып келді, бірақ даму жерге буржуазиялық жеке меншіктің орнауына қарай ашықтан-ашық бет алды. Жасақшылардан, вотчинашылардан, қызмет адамдарынан және т. с. мұра ретінде алынған жеке иелік кеміп келеді. Ақшаға сатып алынған жерге жеке иелік өсуде. Жер өктемдігі кеміп, ақша өктемдігі күшеюде. Жер сауда айналымына барған сайын көп тартылуда; мұндай тартылудың мөлшері жер иелігі туралы мәліметтердің бір өзі көрсетіп отырғанынан әлденеше есе күшті екендігін біз бұдан былайғы баяндауда көреміз.

Алайда «жер өктемдігі», яғни Россиядағы крепостник-помещиктердің орта ғасырлық жер иелігінің өктем-

дігі XIX ғасырдың аяғында әлі де болса қаншалықты күшті екендігі жеке жер меншігінің иеліктің мөлшеріне қарай бөлінуі жөніндегі мәліметтерден ерекше айқын көрінеді. Біз пайдаланып отырған деректеме ең ірі жеке жер иелігі туралы мәліметтерді ерекше толық ажыратып көрсетеді. Иеліктің мөлшеріне қарай жердің жалпы бөлінуі мынадай:

Иеліктер тобы	Иеліктер	Десятина жер	Орта есеппен 1 иелікке келетін десятина
10 дес. және онан кем	409 864	1 625 226	3,9
10— 50 »	209 119	4 891 031	23,4
50— 500 »	106 065	17 326 495	163,3
500— 2 000 »	21 748	20 590 708	947
2 000—10 000 »	5 386	20 602 109	3 825
10 000 дес. жоғары »	699	20 798 504	29 754
500 дес. жоғары барлығы	27 833	61 991 321	2 227
Европалық Россия бойынша жиыны	752 881	85 834 073	114

Жеке жер иелігінде ұсақ меншіктің болмашы ғана роль атқаратындығы мұнан көрініп отыр. Бүкіл жер иелері санының жетіден алтысы, 753 мыңның 619 мыңы, не бары $6^1/_2$ миллион десятина жерге ие болып отыр. Мұның керісінше, орасан зор латифундиялар бар: *жеті жүз* меншікшінің әрқайсысының жері *орта есеппен отыз мың десятина.* Бұл жеті жүз адамның жері алты жүз мың ұсақ жер иелерінің жерінен үш есе көп. Ал латифундиялар жалпы алғанда орыстың жеке жер иелігінің айрықша белгісі болып табылады. 500 десятинадан артық жері бар иеліктердің бәрін бөліп шығаратын болсақ, онда 62 миллион десятина жері бар, яғни орта есеппен әрқайсысының 2 227 десятинадан жері бар жиырма сегіз мың меншікшілер бар болып шығады. Барлық жеке жер иелігінің төрттен үші осы 28 мыңның қолында *. Иелерінің сословиесі бойынша алғанда — бұл орасан зор латифундиялар көбінесе дво-

* Текстіні цитаттармен шұбарландырмау үшін осы арада біржола мынаны айта кетейік: мәліметтердің көпшілігі жоғарыда көрсетілген еңбектен және «Россияда капитализмнің дамуынан» алынды, 2-басылуы, СПБ., 1908. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, *Ред.)*

рядардікі. 27 833 иеліктен 18 102 иелік, яғни үштен екісі дерлігі дворяндардікі, ал олардың жері $44^1/_2$ миллион десятина, яғни латифундиялардағы барлық жердің 70 проценттен астамы. Сонымен, Россияда XIX ғасырдың аяғында орасан көп жердің — оның үстіне, жұртқа мәлім, сапа жағынан ең жақсы жерлер — бұрынғыша (орта ғасырдағыша) пұрсатты дворяндық сословиенің қолында, кешегі крепостник-помещиктердің қолында шоғырланып отырғандығы анық. Мұндай латифундияларда шаруашылықтың қандай формалары қалыптасып жатқандығын біз төменде толық айтамыз. Қазір жалпы жұртқа мәлім мынадай бір фактіні, әдебиет жүзінде Рубакин мырза айқын суреттеп көрсеткен фактіні, қосымша ретінде қысқаша ғана көрсете кетейік: дворяндық латифундиялардың осы иелерінің ішінде бюрократияның ең жоғары ұлықтары бірінен соң бірі кездесіп отырады[56].

Үлесті жер иелігіне көшейік. Жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінбеген 1,9 миллион десятинаны есептемегенде, жердің қалған бөлегі, 136,9 миллион десятинасы, $12^1/_4$ миллион шаруа үйлерінің иелігінде. Мұның өзі орта есеппен үй басына 11,1 десятинадан келеді. Бірақ үлесті жердің өзі де біркелкі бөлінбеген: оның жартысына жуығы, 137 миллион десятинадан 64 миллион десятинасы, жерге бай 2,1 миллион үйдің, яғни жалпы үй санының *алтыдан бірінің* қолында болып отыр.

Европалық Россияда үлесті жердің бөлінуі туралы жиынтық мәліметтер мынадай:

Үйлер тобы	Үйлер	Десятина	Орта есеппен 1 үйге келетін десятина
5 дес. дейін	2 857 650	9 030 333	3,1
5—8 »	3 317 601	21 706 550	6,5
8 дес. дейінгі барлығы	6 175 251	30 736 883	4,9
8—15 дес. дейін	3 932 485	42 182 923	10,7
15—30 »	1 551 904	31 271 922	20,1
30 дес. жоғары	617 715	32 695 510	52,9
Европалық Россия бойынша жиыны	12 277 355	136 887 238	11,1

Сонымен, үлесті жері бар үйлердің жартысынан көбінің — 12,3 миллионнан 6,2 миллионының — үй басына 8 десятинаға дейін жері бар. Бүкіл Россия бойынша жалпы және орта есеппен алғанда мұның өзі — семьяны асырау үшін сөзсіз жеткіліксіз мөлшер. Бұл үйлердің шаруашылық хал-жағдайы туралы пікірге келу үшін әскери-ат санағының (дүркін-дүркін және үнемі бүкіл Россияны қамтитын бірден-бір санақтың) жалпы мәліметтерін еске салайық. Европалық Россияның 48 губерниясында, яғни Дон облысы мен Архангельск губерниясын есептемегенде, 1896—1900 жылдары 11 112 287 шаруа үйлері бар деп есептелген. Бұлардың ішінде аты жоқтары 3 242 462 үй, яғни 29,2 процент болған. Жалғыз аттылары 3 361 778 үй, яғни 30,3 процент. Россияда атсыз шаруаның қандай болатындығы белгілі (әрине, біз бұл арада қала төңірегіндегі сүт шаруашылығының, темекі және т. с. шаруашылықтардың белгілі бір ерекше аудандарын алып отырғанымыз жоқ, жалпы қорытындыларды алып отырмыз). Сонымен қатар жалғыз атты шаруаның жоқшылық пен қайыршылықта болатындығы да белгілі. Алты миллион үй дегеніміз — 24 миллионнан 30 миллионға дейін халық деген сөз. Ал бүкіл осы халық—ұлтарақтай ғана үлесті жері бар пауперлер, қайыршылар, ал мұндай жарытымсыз жерде күнелтуге болмайды, онда аштан өлуге ғана болады. Егер жері бар ауқатты шаруашылыққа өзіне-өзі тақыл-тұқыл жетіп тұру үшін кемінде 15 десятина жер керек дейтін болсақ, онда 10 миллион шаруа үйлері бұл мөлшерден төмен дәрежеде болып шығады, ал олардың 72,9 миллион десятина жері бар.

Содан соң. Үлесті жер иелігі жөнінде оның өте маңызды бір белгісін көрсете кету қажет. Үлесті жердің шаруалардың арасында бөлінуінің әркелкілігі жеке иеліктегі жерлердің бөлінуінің әркелкілігінен әлдеқайда кем. Бірақ оның есесіне үлесті жері бар шаруалардың арасында толып жатқан басқадай айырмашылықтар, бөлінушіліктер, межелер бар. Бұл — шаруалардың көптеген ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан разрядтарының арасындағы айырмашылықтар. Бұл межелерді айқын көрсету үшін әуелі бүкіл Европалық Россия

бойынша жалпылама алына салған мәліметтерді көрейік. 1905 жылғы статистика мынадай негізгі разрядтарды көрсетеді. Бұрын иелікте болған шаруалар — бұлардың орта есеппен үй басына 6,7 десятинадан үлесті жері болған. Бұрынғы мемлекеттік шаруаларда — 12,5 десятинадан. Бұрынғы уделдік шаруаларда — 9,5 десятинадан. Колонистерде — 20,2 десятинадан. Чиншілерде — 3,1 десятинадан. Резештерде — 5,3 десятинадан. Башқұрттар мен тептярларда[57]—28,3 десятинадан. Прибалтика шаруаларында—36,9 десятинадан. Казактарда—52,7 десятинадан жер болған. Шаруалардың үлесті жер иелігі — нағыз орта ғасырлық иелік екендігі осының өзінен-ақ көрініп отыр. Шаруалар арасында әлі де қалып отырған толып жатқан межелерде крепостниктік право осы уақытқа дейін сақталып отыр. Разрядтар өзара бірінен-бірі тек жерінің мөлшері жағынан ғана өзгеше болып қоймай, сонымен қатар төлемдердің мөлшері жағынан да, жер үшін төлем шарттары жағынан да, жер иелігінің сипаты және т. т. жағынан да өзгеше болып отыр. Бүкіл Россия бойынша жалпылама алына салған мәліметтердің орнына бір губерния бойынша мәліметтерді алып қарайық, сонда біз бүкіл осы межелердің қандай мәні бар екендігін көреміз. Саратов губерниясы бойынша земстволық-статистикалық жинақты алайық. Біз мұнан жалпы орыстық разрядтардан, яғни жоғарыда көрсетілген разрядтардан басқа мынаны көреміз: жергілікті зерттеушілер сыйлыққа жер алушы шаруалар, толық меншікші шаруалар, қауымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалар, ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар, помещиктік шаруалардан мемлекеттік болған шаруалар, қазыналық учаскелерді арендаға алушы шаруалар, қоныс тепкен меншікші шаруалар, қоныс аударған шаруалар, ерік алған шаруалар, оброк төлемейтін шаруалар, ерікті егінші шаруалар, бұрынғы фабрикалық шаруалар разрядтарын және т. т.[58] айырып көсетеді. Бұл орта ғасырлық межелердің көптігі сонша, тіпті кейде бір деревняның шаруалары «N. N. мырзаның бұрынғы шаруалары» және «М. М. ханымның бұрынғы шаруалары» болып мүлдем әр түрлі екі категорияға бөлінеді. Орыс-

тың шаруашылық қатынастарына даму тұрғысынан, крепостниктік тәртіптің орнына буржуазиялық тәртіптің орнауы ретінде қарай білмейтін біздің либерал-халықшылдық бағыттағы жазушылар, әдетте, бұл фактіні елеусіз қалдырып жүр. Шынында, бұл фактінің бүкіл маңызын бағаламайынша, Россияның XIX ғасырдағы тарихын және әсіресе оның тікелей нәтижесін — Россиядағы XX ғасырдың басындағы оқиғаларды — түсіну ешбір мүмкін емес. Егер халық шаруашылығының ең басты саласында орта ғасырлық қатынастар қадам басқан сайын кедергі болып, бөгет жасап отыратын болса, айырбас өсіп, капитализм дамып келе жатқан ел әр түрлі дағдарыстарды бастан кешірмей тұра алмайды. Атышулы қауым [59],— оның маңызы туралы бізге әлі айтуға тура келеді,— шаруаларды пролетарланудан сақтап қала алмай, іс жүзінде ұсақ одақтарға және «өмір сүру мәнісін» бүтіндей жойған разрядтарға тура маталып қойған шаруаларды бытырататын орта ғасырлық меженің ролін атқарып отыр.

Европалық Россиядағы жер иелігі туралы қорытындыларға көшуден бұрын істің тағы бір жағын көрсете кету керек. Біздің шаруаны крепостниктіктің сірі жанды қалдықтарының қандайлық дәрежеде «құсырып», қыспақтап және жаныштап отырғандығының шын мөлшерін есептеп білу үшін «жоғарғы 30 мың» помещиктің жері мен миллиондаған шаруа үйлері жерінің мөлшері туралы мәліметтер де, шаруалардың жер иелігіндегі орта ғасырлық межелер туралы мәліметтер де әлі жеткіліксіз. Біріншіден, помещиктердің пайдасына шаруаларды экспроприациялаудан, 1861 жылғы ұлы реформа [60] деп аталатын экспроприациялаудан, кейін шаруаларға үлес етіп қалдырылған жерлер сапа жағынан помещиктік жерлерден әлдеқайда нашар. Мұны земство статистикасының жергілікті баяндаулары мен зерттеулерінің бүкіл орасан көп әдебиеті дәлелдейді. Бұл жөнінде помещиктік жерлермен салыстырғанда шаруалар жерінің шығымдылығы кем екендігін көрсететін толып жатқан даусыз мәліметтер бар; бұл айырмашылық ең алдымен үлесті жерлердің сапасы нашарлығына байланысты, тек содан кейін ғана жерді өңдеудің нашарлы-

ғына және шаруаның күйзелген шаруашылығының кемшіліктеріне байланысты, мұны жалпы жұрт мойындаған. Екіншіден, 1861 жылы помещиктер шаруаларды жерден «азат еткен» кезде, көбінесе шаруаларға берілген жерлер әдейі оларды «өз» помещигінің тұзағына түсетіндей етіп бөлінген. Орыстың земстволық статистика әдебиеті помещиктік шаруашылықты жүргізудің өте тамаша, бұл кезге дейін өмірде еш жерде болып көрмеген дерлік, өзінше бір бөлек әдісін суреттеу арқылы саяси экономия ғылымын байытты. Бұл — *кесінді жерлер арқылы құрылған* шаруашылық. 1861 жылы шаруалар өздерінің шаруашылығына қажетті суаттардан, мал жайылымдарынан және т. с. «азат етілді». Жерді басқаны үшін алынатын төлемнен және басқалардан помещик мырзаларға өте сенімді — және өте таза — пайда түсіп тұруын қамтамасыз ету үшін шаруаларға бөлінетін жер помещик жерінің арасынан сыналап кесіліп берілді. «Тауық жіберерлік жер жоқ» деген сөз — шаруалардың осы аянышты шындығы, осы «не жерде емес, не көкте емес адамның ажуасы» шаруа жер иелігінің статистика арқылы көрсетуге келмейтін өзгешелігін ұзақ цитаттардың қандайынан болса да артық суреттейді. Бұл өзгешелік, өзінің түп негізі жағынан да, помещиктік шаруашылықты ұйымдастыру әдісіне тигізетін әсері жағынан да, нағыз барып тұрған крепостниктік екендігін айтпаса да болады.

Енді біз Европалық Россиядағы жер иелігі жөніндегі қорытындыларға көшеміз. Біз помещиктік және шаруалық жер иелігінің жағдайларын жеке-жеке алып көрсеттік. Енді біз оларды өзара байланыста алып қарауымыз керек. Бұл үшін Европалық Россиядағы жер қорының мөлшері туралы жоғарыда келтірілген шамамен алынған цифрды — 280 миллион десятинаны — алайық, сөйтіп, бүкіл осы жердің әр түрлі типтегі жер иеліктерінің арасында қалай бөлінетіндігін қарап көрейік. Бұл типтердің қандай екендігі бұдан былайғы баяндауда толық көрсетіледі, ал қазір, біраз ілгері озып, негізгі типтерді жорамалмен алып көрейік. Үй басына 15 десятинаға дейін мөлшердегі жер иеліктерін біз бірінші топқа жатқызамыз — бұлар крепостниктік қанаудан

жанышталған, күйзелген шаруалар. Екінші топ орта шаруалар болады — бұлардың жері 15 десятинадан 20 десятинаға дейін. Үшінші топ — ауқатты шаруалар (шаруа буржуазиясы) мен капиталистік жер иелігі, бұлардың 20 десятинадан 500 десятинаға дейін жері бар. Төртінші топ — крепостниктік латифундиялар,— бұлардың 500 десятинадан аса жері бар. Осы топтар бойынша шаруалық жер иелігі мен помещиктік жер иелігін бірге қосып, аздап жинақтаңқырап *, шамамен есептеп шығарсақ (мен мұны жоғарыда аталған еңбегімде толық көрсеткенмін), XIX ғасырдың аяғында орыс жер иелігінің сипаты мынадай болғанын көреміз.

Европалық Россиядағы XIX ғасырдың аяғындағы жер иелігі

	Саны иеліктер	Саны десятиналар (миллион есебімен)	1 иелікке келетін десятина
а) Крепостниктік қанаудан жанышталған, күйзелген шаруалар	10,5	75,0	7,0
б) Орта шаруалар	1,0	15,0	15,0
в) Шаруа буржуазиясы мен капиталистік жер иелігі	1,5	70,0	46,7
г) Крепостниктік латифундиялар	0,03	70,0	2 333
Барлығы	13,03	230,0	17,6
Иеліктердің мөлшері бойынша бөлінбегені		50,0	
Жиыны	13,03	280,0	21,4

Қайталап айтайық: бұл арада алынып отырған топтарға берілген экономикалық сипаттаманың дұрыстығы бұдан былайғы баяндауда дәлелденеді. Ал егер бұл сипаттаманың (істің шын мәніне келгенде мұның өзі шамамен алынбауы мүмкін емес) кей жерлері сынға түсерліктей болса, онда біз оқушының мынаны зер салып байқап отыруын сұраймыз: кей жерлерін сынау арқылы істің мәнін мойындамаушылықты жасырын өткізіп жіберушілік болмайтын болсын. Ал істің мәні мынада: орыс жер иелігінің бір полюсінде 75 миллион десятина жері бар $10^1/_2$ миллион үй (50 миллионға

* Мәселен, латифундияларға 62 миллион десятина помещиктік жердің үстіне 5,1 миллион десятина уделдік жер және әрқайсысының 1000 десятинадан аса жері бар 272 сауда-өнеркәсіп серіктіктерінің 3,6 миллион десятина жері қосылған.

жуық халық) болса, екінші полюсінде 70 миллион десятина жері бар *отыз мың семья* (жүз елу мыңға жуық халық) болып отыр.

Жер иелігі туралы мәселені тындыру үшін бізге енді Европалық Россияның өз шегінен шығып, отарлаудың маңызын жалпы түрде қарастырып өту қалады. Россия империясының (Финляндияны қоспағанда) барлық жер қоры туралы оқушыға біраз түсінік беру үшін Мертваго мырзаның мәліметтерін пайдаланайық. Айқын көрсету үшін біз ол мәліметтерді кесте түрінде келтіреміз және оған 1897 жылғы санақ бойынша халықтың есебін көрсететін цифрларды қосамыз. [72-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Россияның шеткері аймақтары туралы біздің әлі де аз білетіндігіміз осы цифрлардан айқын көрініп тұр. Әрине, ішкі Россиядағы жер мәселесін халықты шеткері аймақтарға көшіру арқылы «шешуге» болады деп ойлау барып тұрған сандырақ болар еді. Мұндай «шешімді» тек есуастар ғана ұсына алатындығына ешбір күмәндануға болмайды, Европалық Россиядағы ескі латифундиялардың нақ сол Европалық Россияның ішіндегі тұрмыс пен шаруашылықтың жаңа жағдайларына қайшы келуі, жоғарыда біз көрсетіп өткен қайшылықтар, *Европалық Россияның* сыртында емес, оның өз ішінде белгілі бір төңкеріс арқылы «шешілуге» тиіс екендігіне ешбір күмәндануға болмайды. Істің мәнісі шаруаларды крепостниктіктен қоныс аударту арқылы құтқаруда болып отырған жоқ. Істің мәнісі орталықтағы аграрлық мәселемен қатар отарлаудың аграрлық мәселесі тұрғандығында болып отыр. Әңгіме Европалық Россиядағы дағдарысты отарлау туралы мәселе арқылы бүркемелеуде емес, әңгіме крепостниктік латифундиялардың орталықтың *да*, шеткері аймақтардың *да* түбіне жететін салдарлары болып отырғандығын көрсетуде. Орыстың отарлау ісіне Россияның орталығындағы крепостниктіктің қалдықтары *кедергі* болып отыр. Европалық Россияда аграрлық төңкеріс жасамайынша, шаруаларды крепостниктік латифундиялардың езгісінен азат етпейінше, орыстың отарлау ісін азат етуге және оны тәртіптеуге *болмайды*. Бұл тәртіптеудің мәнісі қо-

	Барлық жер		Соның ішінде		Соның ішінде пайдаға асатыны				Халық 1897 ж.	
	Шаршы шақырым мың есебімен	Миллион десятина	Ешбір мағлұмат жоқ жерлер, млн. дес.	Есепке алынған жерлер млн. дес.	Егістік	Шабындық	Орман	Жиыны	Барлығы мың есебімен	Бір шаршы шақырымға келетіні
					Миллион десятина					
Польша Патшалығының 10 губерниясы	111,6	11,6	—	11,6	7,4	0,9	2,5	10,8	9 402,2	84,3
Волганың батысындағы 38 губерния	1 755,6	183,0	—	183,0	93,6	18,7	34,0	146,3	—	—
Волганың солт. мен шығысындағы 12 губерния	2 474,9	258,0	—	258,0	22,3	7,1	132,0	161,4	—	—
Европ. Россияның 50 губерниясы бойынша жиыны	4 230,5	441,0	—	441,0	115,9	25,8	166,0	307,7	93 442,9	22,1
Кавказ	411,7	42,9	22,1	20,8	6,5	2,2	2,5	11,2	9 289,4	22,6
Сибирь	10 966,1	1 142,6	639,7	502,9	4,3	3,9	121,0	129,2	5 758,8	0,5
Орта Азия	3 141,6	327,3	157,4	169,9	0,9	1,6	8,0	10,5	7 746,7	2,5
Азиялық Россия бойынша жиыны	14 519,4	1 512,8	819,2	693,6	11,7	7,7	131,5	150,9	—	—
Россия империясы бойынша барлығы	18 861,5	1 965,4	819,2	1 146,2	135,0	34,4	300,0	469,4	125 640,0	6,7

ныс аудару жөнінде бюрократтық «қамқорлық жасауда» емес, «қоныс аударуды ұйымдастыруда» да емес,— либерал-халықшыл лагерьдің жазушылары осындай ұйымдастыру туралы сөз қылуды жақсы көреді,— мұның мәнісі орыс шаруасын латифундия иелерінің мәңгілік кіріптарлығында қараңғылықта, надандықта және тағылықта қалуға мәжбүр ететін жағдайларды жоюда болып табылады.

Мертваго мырза өзінің Прокопович мырзамен бірлесіп жазған кітапшасында («Россияда қанша жер бар және біз оны қалай пайдаланамыз?» М., 1907) егіншілік мәдениетінің өсуі жарамсыз жерді жарамды жерге айналдыратындығын әділ айтқан. Іске жетік академиктер Бер және Гельмерсен 1845 жылы былай деп жазған болатын: Таврия даласы «ауа райы жағынан және суының кемдігі жағынан *қашанда* өте құнарсыз және егіске қолайсыз болып қала береді!!»[61]. Ол кезде Таврия губерниясының халқы 1,8 миллион четверт астық өндіретін еді. 60 жылдан кейін халық екі есе көбейді және 17,6 миллион четверт астық өндіретін, яғни бұрынғысынан он есе дерлік көп өндіретін болды.

Мұның өзі өте дұрыс және маңызды пайымдау, бірақ Мертваго мырза бір нәрсені ұмытып кеткен: Новороссияны тез отарлауға мүмкіндік туғызған негізгі жағдай Россияның орталығында *крепостниктік правоның жойылуы болды.* Орталықтағы төңкеріс қана оңтүстікті тез арада, кең түрде, американша қоныстандыруға және оны индустрияландыруға мүмкіндік берді (Россия оңтүстігінің 1861 жылдан кейін *американша* өсуі туралы өте көп айтылды ғой). Ал қазір Европалық Россияда төңкеріс болғанда ғана, онда крепостниктік тәртіптің қалдықтары бүтіндей жойылғанда ғана, шаруаларды орта ғасырлық латифундиялардан құтқарғанда ғана отарлаудың жаңа дәуірі *шынымен* ашылады.

Россиядағы отарлау мәселесі елдің орталығындағы аграрлық мәселеге бағынышты мәселе болып табылады. XIX ғасырдың аяғы біздің алдымызға екінің бірін таңдап алу қажеттігін қойып отыр: не «ежелгі» орыс губернияларындағы крепостниктік тәртіп үзілді-кесілді жойылады; онда біздің шеткері аймақтарымызды отар-

лау ісінің тез, кең, американа дамуы қамтамасыз етіледі. Немесе орталықтағы аграрлық мәселе сөз бұйдаға салынады; онда өндіргіш күштердің дамуы ұзақ уақытқа бөгелетіндігі, отарлау ісінде де крепостниктік дәстүрлердің сақталатындығы сөзсіз. Бірінші жағдайда егіншілікті ерікті фермер жүргізеді, екінші жағдайда кіріптар мужик және кесінді жерлер арқылы «қожалық ететін» барин жүргізеді.

II

Енді помещиктік шаруашылықтың ұйымдастырылуына көшейік. Жұртқа мәлім, бұл ұйымдастырудың негізгі сипаты капиталистік системаны («ерікті жалдау») жұмыспен өтеу системасымен біріктіру болып табылады. Бұл жұмыспен өтеу системасы дегеніміз не?

Бұл сұраққа жауап беру үшін крепостниктік право кезінде помещиктік шаруашылықтың қалай ұйымдастырылғанына көз жіберіп өту қажет. Заңдық, әкімшілік, тұрмыстық тұрғыдан қарағанда крепостниктік правоның не нәрсе болғаны жұрттың бәріне мәлім. Бірақ крепостниктік право кезінде помещиктер мен шаруалардың экономикалық қатынастарының мәні неде болғаны туралы мәселеге жұрт өте сирек көңіл бөледі. Ол кезде шаруаларға үлесті жерді помещиктер беретін. Кейде олар шаруаларға қарызға басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын, мәселен, құрылыстық ағаш, мал және т. с. беріп отыратын. Ал крепостной шаруаларға помещиктің осындай үлесті жер беруінің қандай маңызы болды? Егер қазіргі қатынастарға сәйкестіріп айтатын болсақ, ол кезде үлесті жер *жалақының формасы* болатын. Капиталистік өндірісте жұмысшыға жалақы ақшалай төленеді. Капиталистің пайдасы ақша күйінде түседі. Қажетті еңбек пен қосымша еңбек (яғни жұмысшыға төленетін ақыны өтейтін еңбек пен капиталиске тегін қосымша құн беретін еңбек) фабрикада бір еңбек процесіне, фабрикалық бір жұмыс күніне біріктірілген және т. т. Барщиналық шаруашылықта істің жайы басқаша. Қажетті еңбек пен қосымша еңбек, құлдық шаруашылықтағы сияқты, мұнда да бар. Бірақ

еңбектің бұл екі түрі уақыт арқылы және кеңістік арқылы бөлінген. Крепостной шаруа үш күн бариннің жұмысын істеп, үш күн өзінің жұмысын істейді. Барин үшін ол помещиктік жерде немесе помещиктік егісте істейді. Өзі үшін ол өзінің үлесті жерінде істейді, помещикке керекті жұмысшы күшін асырап-сақтауға қажетті астықты өзі үшін және өз семьясы үшін ол өзі табады.

Демек, шаруашылықтың крепостниктік немесе барщиналық системасы шаруашылықтың капиталистік системасымен мына жағынан бірдей болады: мұның екеуінде де қызметші тек қажетті еңбектің өнімін ғана өзі алып, қосымша еңбектің өнімін өндіріс құрал-жабдықтарының иесіне тегін беріп отырады. Крепостниктік шаруашылық системасының капиталистік системадан мынадай үш түрлі өзгешелігі бар. Біріншіден, крепостниктік шаруашылық — натуралды шаруашылық, ал капиталистік шаруашылық ақшалы шаруашылық болып табылады. Екіншіден, крепостниктік шаруашылықта қанау құралы қызметкерді жерге *бекіту,* оған үлесті жер беру болып табылады, ал капиталистік шаруашылықта қызметкерді жерден босату болып табылады. Крепостник-помещик табыс (яғни қосымша өнім) алу үшін үлесті жері бар, құрал-сайманы, малы бар шаруаны өзінің жерінде ұстап отыруға тиіс. Жері жоқ, аты жоқ, шаруашылығы жоқ шаруа — крепостниктік қанау үшін жарамсыз объект. Капиталист табыс (пайда) алу үшін нақ сол жері жоқ, шаруашылығы жоқ, өзінің жұмыс күшін ерікті еңбек рыногында сатуға мәжбүр болған қызметшімен істес болуға тиіс. Үшіншіден, үлесті жер алған шаруаның *өз басы* помещикке *тәуелді* болуға тиіс, өйткені, өзінің жері болса, ол бариннің жұмысын істеуге *зорлап апармаса* бармайды. Шаруашылық системасы мұнда «экономикадан тыс зорлауды», крепостниктікті, заң бойынша тәуелділікті, толық праволы болмаушылықты және т. т. туғызады. Мұның керісінше, «үлгілі» капитализм дегеніміз меншікші мен пролетардың арасында еркін рынокта шарт жасасудың толық бостандығы болып табылады.

Крепостниктік немесе, дәл сол мағынадағы барщиналық шаруашылықтың осы экономикалық мәнін айқын ұғынып алғанда ғана біз жұмыспен өтеудің тарихи орны мен маңызын түсіне аламыз. Жұмыспен өтеу дегеніміз — барщинаның тура және тікелей қалдығы. Жұмыспен өтеу дегеніміз — барщинадан капитализмге өту. Жұмыспен өтеудің мәнісі мынада: помещиктік жерлерді шаруалар *өз құрал-сайманымен* өңдеп беріп, оған жартылай ақшалай, жартылай заттай (жер үшін, кесінді үшін, мал жайылымы үшін, қысқы қарыз және т. с. үшін) ақы алады. Шаруашылықтың жарма-жарлық деп аталатын формасы жұмыспен өтеудің бір түрі болып табылады. Жұмыспен өтеу болатын помещиктік шаруашылық үшін тіпті нашар болса да көлігі, құрал-сайманы бар, үлесті жері бар шаруа болуы қажет; сонымен қатар бұл шаруаның жоқшылықтан езіліп кіріптарлыққа баратын болуы қажет. Ерікті жалдануды орнына кіріптарлыққа бару жұмыспен өтеудің қажетті серігі болып табылады. Мұнда помещик ақшаға және бүкіл еңбек құралдарына түгелдей ие болып отырған кәсіпкер-капиталист сияқты болмайды. Жұмыспен өтеу тұсында помещик көрші шаруаның мұқтаждығымен пайдаланып, оның еңбегін үш есе арзанға алатын өсімқор ретінде болады.

Мұны анығырақ көрсету үшін егіншілік департаментінің мәліметтерін алайық, бұл мәліметтерді жер иеленуші мырзалардың мүддесіне қайшы деп ешбір күдіктенуге болмайды. «Шаруашылықтағы ерікті жалдама еңбек және т. т.» (*«Қожайындардан* алынған ауыл шаруашылық және статистикалық мәліметтер» V кітап. СПБ., 1892) деген белгілі басылым орталық қара топырақты өңір туралы 8 жыл (1883—1891) ішіндегі мәліметтерді келтіреді: күзгі астықтың бір десятинасын шаруа құрал-саймандарымен толық ұқсатып шығарудың орта бағасын 6 сом деп есептеу керек. Сол кітапта былай делінген: егер нақ сол жұмыстардың құнын ерікті жалдау бойынша есептейтін болса, ол уақытта аттың істеген жұмысын *есептемегенде,* тек көліксіз жұмысшының еңбегіне ғана 6 сом 19 тиын төленеді; аттың істеген жұмысын 4 сом 50 тиыннан кем

бағалауға болмайды (цитат келтіріліп отырған кітаптың 45-беті; «Россияда капитализмнің дамуы», 141-бет *). Демек, ерікті жалдама еңбектің бағасы 10 сом 69 тиын, ал жұмыспен өтелетін еңбектің бағасы — 6 сом болады. Егер бұл құбылыс кездейсоқ, бірлі-жарым болмай, қалыпты және әдеттегі нәрсе болатын болса, онда бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? «Кіріптарлық», «өсімқорлық», «пайдакүнемдік» және т. с. сияқты сөздер келісім жасау формасын және оның сипатын суреттейді, бірақ оның шаруашылық мәнін түсіндірмейді. 10 сом 69 тиын тұратын жұмысты шаруа бірнеше жылдар бойы 6 сом алып қалай істей алады? Шаруаның мұны *істей алатын* себебі — оның үлесті жері шаруа семьясы шығынының жарым-жартысын өтеп, жалақыны «ерікті жалдану» нормасынан төмендетуге *мүмкіндік береді*. Шаруа мұны нақ мынадай себеп бойынша істеуге мәжбүр болады: шаруаның жартымсыз үлесті жері оған өз шаруашылығымен күнелтуге мүмкіндік бермей, оны көрші помещикке матап береді. Сондықтан капитализмнің барщинаны ығыстырып шығару процесінің бір буыны ретінде ғана мұндай құбылыстың «қалыпты» нәрсе бола алатындығы түсінікті нәрсе. Өйткені мұндай жағдайлардың салдарынан шаруа сөзсіз күйзеледі, сөйтіп баяу болса да сөзсіз пролетарға айналады.

Саратов уезі бойынша осы тектес, бірақ бұдан гөрі біраз толығырақ тағы бір мәліметтерді келтірейік. Қыста жалдап қойып, жалақының 80—100 проценті алдын ала беріліп қоятын жағдайда, бір десятина жерді өңдеп, оның егінін жинап, тасып және бастырып беру үшін төленетін орташа ақы 9,6 сом. Жұмыспен өтеу болғанда егістіктің арендалық бағасы — 9,4 сом. Ерікті жалдану болғанда — $17^1/_2$ сом! Бір десятина жерді орып, тасып беру бағасы жұмыспен өтегенде — 3,8 сом, ерікті жалдану кезінде — $8^1/_2$ сом және т. т. Бұл цифрлардың әрқайсысында шаруалардың бітпейтін мұқтаждығының, кіріптарлығының және күйзелуінің ұзақ жыры бар. Бұл цифрлардың әрқайсысы Россияда

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 211—212-беттер. *Ред.*

XIX ғасырдың аяғында крепостниктік қанау мен барщина қалдықтарының қаншалықты *сірі жанды* болып отырғанын дәлелдейді.

Жұмыспен өтеу системасының қаншалықты кең таралғандығын есепке алу өте қиын. Әдетте істің жайы мынадай болады: помещиктік шаруашылықта жұмыспен өтеу системасы мен капиталистік система бірігіп отырады, бұлар егіншіліктің әр түрлі жұмыстарына қарай қолданылады. Жердің болмашы бөлегі помещиктік құрал-сайманмен, жалдама жұмысшылардың күшімен өңделеді. Жердің көбі шаруаларға жарма-жарлыққа, жұмыспен өтеуге арендаға беріледі. Бұл жөнінде жеке иеліктегі шаруашылық туралы бірсыпыра жаңа мәліметтерді жинақтаған Кауфман мырзаның егжей-тегжейлі еңбегінен алып, бірнеше сипаттамалар келтірейік *. Тула губерниясында (мәліметтер 1897—1898 жылдарға жатады) — «помещиктер бұрынғы үш танапты егісте қалып отыр... алыстағы жерлерді шаруалар үлесіп алған»; иеліктегі жерлердің өңделуі өте-мөте нашар. Курск губерниясы: «...бағасының қымбаттылығынан тиімді болғандықтан жерді шаруаларға десятиналап бөліп берушілік... жердің тозуына әкеп соқтырды». Воронеж губерниясы: «... орташа және ұсақ иелер «көбінесе шаруашылығын тек қана шаруа құрал-саймандарымен жүргізеді немесе өздерінің имениелерін арендаға береді... шаруашылықтардың көпшілігінде шаруашылыққа ешқандай жақсарту кіргізбейтін әдістер қолданылып отырады».

Бұл сияқты пікірлер бізге мынаны көрсетеді: Анненский мырзаның «Егін шығымының әсері және т. т.» деген кітабында Европалық Россияның әр түрлі губернияларына жұмыспен өтеу системасының немесе капиталистік системаның басым болуы жөнінде берген жалпы сипаттамасын XIX ғасырдың аяқ кезіне толық қолдануға болады. Бұл сипаттаманы шағын кесте түрінде келтірейік:

---

* «Аграрлық мәселе» Долгоруков пен Петрункевич бастырған, II том, М., 1907, 442—628-беттер: «Жеке жер иелігінің мәдени-шаруашылықтық маңызы туралы мәселе жөнінде».

	Губерниялар саны			
	Қара топырақты	Қара топырақты емес	Барлығы	Жеке иелердегі барлық егіс (мың десятина)
I. Капиталистік система басым губерниялар	9	10	19	7 407
II. Аралас система басым губерниялар . . .	3	4	7	2 222
III. Жұмыспен өтеу системасы басым губерниялар .	12	5	17	6 281
Барлығы	24	19	43	15 910

Демек, осы кестеге енгізілген 43 губернияның бәрінде де кейінгі қатарға ысырылған жұмыспен өтеу қара топырақты өңірде сөзсіз басым болып отыр. Бұл арада мынаны көрсете кету қажет: I топқа (капиталистік система) егіншілік орталыққа нақ жата қоймайтын жерлер — прибалтикалық губерниялар, оңтүстік-батыс (қызылша өсіретін аудан), оңтүстік, екі астаналық губерниялар енгізілген.

Егіншіліктегі өндіргіш күштердің дамуына жұмыспен өтеудің қандай әсер ететіндігін Кауфман мырзаның еңбегінде жинақталған материалдар айқын көрсетеді. Одан біз мынаны оқимыз: «Шаруаның ұсақ арендасы мен жарма-жарлық ауыл шаруашылығының прогресіне өте-мөте кедергі болып отырған жағдайлардың бірі екендігінде күмән болмауы керек...» Полтава губерниясы бойынша ауыл шаруашылығының шолуында: «жалдап алушылар жерді нашар өңдейді, нашар тұқым себеді, жерді бүлдіреді» деп ұдайы корсетіліп келеді. Могилев губерниясында (1898 ж.) «шаруашылықты жақсартудың қандайына болса да жарма-жарлық шаруашылықтың қолайсыздықтары кедергі болып отырады». «Днепр уезінде ауыл шаруашылығының жағдайы өте нашар, оған ешқандай жаңалық енгізу, оны жақсарту туралы ойлауға да болмайды», ал мұның басты себептерінің бірі аренданың шөмелелік тәртібі [62] болып отыр. «Біздің материалдарымыз,— деп жазады Кауфман мырза (517-бет),— бізге, тіпті бір имениенің көлемінде өзі жыртқан жерлерде егіншіліктің жаңа, негұр-

лым жетілген системалары қолданылып отырғанда, арендаға берілген жерлерде шаруашылықтың уақыты өткен, ескі тәсілдері қолданылып келе жатқандығын көрсететін бірсыпыра анық деректер беріп отыр». Мәселен, арендаға берілген жерлерде кейде тіпті көңмен де тыңайтылмайтын үш танапты егіс қала береді де,— экономиялық егістік жерлерінде көп танапты ауыспалы егіс қолданылады. Жарма-жарлық шөп егуге бөгет жасайды, жерді тыңайту ісінің өріс алуына кедергі болады, жақсы ауыл шаруашылық құралдарын қолдану ісін бөгейді. Осылардың бәрінің нәтижесі егіннің шығымы жөніндегі мәліметтерге айқын әсер етеді. Мысал үшін Симбирск губерниясының бір латифундиясын алайық: экономиялық егістік жердің бір десятинасынан түсетін өнім қара бидайдан 90 пұт, бидайдан 60 пұт, сұлыдан 74 пұт болса, жарма-жарлық жердің бір десятинасынан түсетін өнім 58—28—50 пұт. Уезд бойынша (Горбатов, Нижний Новгород губерниялары) жалпы мәліметтер мынадай:

Қара бидайдың бір десятинадан түсетін өнімі пұт есебімен

Жер қыртысының разрядтары	Үлесті жерлер	Жеке иеліктегі жерлер: Экономиялық егіс	Жеке иеліктегі жерлер: Жарма-жарлық	Жеке иеліктегі жерлер: Арендалық
I	62	74	—	44
II	55	63	49	—
III	51	60	50	42
IV	48	69	51	51
Барлық разрядтар үшін	54*	66	50	45*

Сөйтіп, крепостниктік әдіспен (жарма-жарлық және ұсақ аренда) өңделетін *помещиктік* жерлер үлесті жерлерден *аз* өнім беріп отыр! Бұл — өте зор маңызы бар факт, өйткені бұл факт Россияның ауыл шаруашылығы жөнінен артта қалғандығының, бүкіл халық шаруашылығының тоқырауының және егіншінің адам айтқысыз қорлық көруінің басты және негізгі себебі — *жұмыспен өтеу* системасы, яғни крепостниктік тәртіптің тікелей

* Кауфман мырзаның еңбегінің 521-бетінде, сірә, осы екі цифр қате басылған болу керек.

қалдығы екенін даусыз дәлелдеп отыр. Крепостниктік латифундиялардың, дәстүрлердің, шаруашылық системаларының езгісі сақталып отырған кезде, несие берудің қандайы болса да, мелиорацияның қандайы болса да, шаруаға «жәрдем берудің» қандайы болса да, бюрократтар мен либералдардың жаны сүйетін «көмектесу» шараларының қандайы болса да ешқандай елеулі нәтиже бермейді. Қайта мұның керісінше, помещиктік жер иелігін жойып, орта ғасырлық ескі қауымды тасталқан ететін (мәселен, жерді национализациялау қауымды полициялық, чиновниктік жолмен талқандамайды) аграрлық төңкеріс тамаша тез және шын мәнінде кең прогреске сөзсіз негіз қалаған болар еді. Жармажарлық жерлер мен арендалық жерлердегі астықтың өнімінің масқара төмен болуы «баринге» жұмыс істеу системасының салдарынан болып отыр. Егер нақ сол, қазіргі егінші «баринге» жұмыс істеуден босайтын болса, бұл жерлердегі астықтың өнімі ғана артып қоймай, сонымен қатар шаруашылықтағы крепостниктік кедергілерді жоюдың арқасында үлесті жерлердегі астықтың өнімі де сөзсіз көтерілер еді.

Қазіргідей жағдайда жеке иеліктегі шаруашылықта капиталистік прогресс бар екені, әрине, рас, бірақ ол прогресс өте баяу және «тағы помещиктің» саяси, әлеуметтік үстемдігін әлі ұзақ уақыт Россияның мойнынан түсірмейтіндігі созсіз. Енді біз бұл прогрестің неден байқалатынын қарастырып, оның кейбір жалпы нәтижелерін анықтап көрейік.

«Экономиялық» егістіктердің, яғни капиталистік жолмен өңделетін помещиктік жерлердің, өнімі шаруалар егістігінің өнімінен жоғары болып отырғандығы егіншілікте капиталистік техникалық прогрестің бар екенін көрсетеді. Бұл прогресс жұмыспен өтеу системасынан ерікті жалдама еңбек системасына көшумен байланысты. Шаруалардың күйзелуі, атсыз қалуы, құрал-сайманынан айрылуы, егіншінің пролетариатқа айналуы помещикті өз құрал-сайманымен жұмыс істеуге көшуге *мәжбүр етеді.* Ауыл шаруашылығында машиналарды қолдану өсіп келеді, бұл машиналар еңбек өнімділігін арттырады және таза капиталистік өндіріс-

тік қатынастардың дамуына сөзсіз бастайды. Россияға шетелдерден 1869—1872 жылдары 788 мың сомға, 1873—1880 жылдары 2,9 миллион сомға, 1881—1888 жылдары, 4,2 миллион сомға, 1889—1896 жылдары 3,7 миллион сомға, 1902—1903 жылдары 15,2—20,6 миллион сомға ауыл шаруашылық машиналары әкелінді. Россияда (фабрикалар мен заводтардың тым жабайы статистикасы бойынша, шамамен алғанда) 1876 жылы 2,3 миллион сомның, 1894 жылы 9,4 миллион сомның, 1900—1903 жылдары 12,1 миллион сомның ауыл шаруашылық машиналары жасалып шығарылған. Бұл цифрлардың егіншілікте прогресс бар екендігін, прогресс болғанда, әрине, нақ капиталистік прогресс бар екендігін дәлелдеп отырғандығы даусыз. Сонымен қатар бұл прогрестің қазіргі капиталистік мемлекетте: мысалы — Америкада болуы мүмкін прогреспен салыстырғанда өте баяу екендігі де даусыз. 1900 жылғы 1 июньдегі санақ бойынша, Құрама Штаттардың фермаларында 838,6 миллион акр жер, яғни 324 миллион десятинаға жуық жер болған. Фермалардың саны — 5,7 миллион, сонда орта есеппен 1 фермаға — 146,2 акрдан (60 десятинаға жуық) келеді. Ал енді осы фермерлер үшін өндірілген егіншілік құралдары 1900 жылы *157,7 миллион долларға* тең болды (1890 ж.—145,3 млн. доллар; 1880 ж.— 62,1 млн, доллар) *. Бұлармен салыстырғанда орыс цифрлары адам күлерліктей аз, ал аз болып отырған себебі — бізде крепостниктік латифундиялар орасан үлкен және күшті болып отыр.

Жер иелері мен шаруалардың арасында ауыл шаруашылығының жақсартылған құралдарының біршама таралу мөлшері арнаулы анкета бойынша есепке алынды; бұл анкетаны өткен ғасырдың 90-жылдарының орта кезінде егіншілік министрлігі жүргізді. Бұл анкетаның Кауфман мырзада егжей-тегжейлі баяндалған мәліметтерінің жиынтығын біз мынадай кесте бойынша келтіре аламыз:

* «Abstract of the Twelfth Census». 1900, Third Edition, Washington, 1904, pages 217 and 302 — agricultural implements («Он екінші санақтың шолуы». 1900, 3-басылуы, Вашингтон, 1904, 217 және 302-беттер — ауыл шаруашылық құралдары. *Ред.).*

Аудандар	Ауыл шаруашылығының жақсартылған құралдарының кең таралғандығын көрсететін процент	
	Жер иелерінде	Шаруаларда
Орталық егіншілік	20–51	8–20
Орта Волга	18–66	14
Новороссия	50–91	33–65
Белоруссия	54–86	17–41
Приозерный	24–47	1–21
Москва маңы	22–51	10–26
Өнеркәсіптік	4–8	2

Осы аудандардың барлығын алғанда орта есеппен помещиктерде 42 процент, шаруаларда 21 процент болып шығады.

Көңмен тыңайтудың таралуы жайында статистиканың барлық мәліметтері түгелдей мынаны даусыз дәлелдейді: «жер иелерінің шаруашылығы бұл істе шаруа шаруашылығынан қашанда әлдеқайда ілгері болып келді және осы уақытқа дейін әлдеқайда алда тұр» (Кауфман, 544-бет). Ол ол ма: реформадан кейінгі Россияда помещиктердің шаруалардан көң сатып алуы сияқты құбылыс өте-мөте кең тарады. Ал мұның өзі — шаруалардың ең шегіне жеткен мұқтаждығының нәтижесі. Соңғы кезде бұл құбылыс кеміп келеді.

Ақырында, помещиктік шаруашылық пен шаруа шаруашылығында егіншілік техникасының қаншалықты жоғары екендігі туралы мәселе бойынша дәл және жаппай статистикалық мәліметтер шөп егісінің таралуы жөнінен бар (Кауфман, 561-бет). Басты қорытындылар мынау:

Жылдар	Европалық Россияда мал азығындық шөп егісі	
	Шаруаларда	Жер иелерінде
1881	49,8 мың дес.	491,6 мың дес.
1901	499,0 » »	1046,0 » »

Помещиктік шаруашылық пен шаруа шаруашылығының арасындағы бүкіл осы айырмашылықтардың нәтижесі қандай? Бұл туралы пікір айту үшін тек егін шығымдылығы жөніндегі мәліметтер ғана бар. Бүкіл

Европалық Россияда 18 жылдың ішінде (1883—1900) егіннің шығымдылығы орта есеппен мынадай болды (четверт есебімен):

	Қара бидай	Күздік бидай	Жаздық бидай	Сұлы
Жер иелерінде	6,0	5,75	5,0	8,5
Шаруаларда	5,0	5,0	4,25	7,0
Айырмашылығы	16,7 %	13,0 %	15,0 %	17,6 %

Кауфман мырзаның бұл айырмашылық «тіпті де көп емес» (592-бет) деуі өте дұрыс. Бұл арада 1861 жылы шаруаларға *жердің жаманы* қалдырылғандығын ғана емес, сонымен қатар бүкіл шаруалар жайында алынған жалпы орта есептің үлкен айырмашылықтарды тасалап тұрғандығын да (мұны біз қазір көреміз) ескеру керек.

Помещиктік шаруашылықты алып қарағаннан кейінгі біздің жасайтын жалпы қорытындымыз мынадай. Бұл салада капитализмнің өзіне жол салып отырғандығы мейлінше айқын. Барщина шаруашылығы ерікті жалдама еңбек шаруашылығына ауысып келеді. Капиталистік егіншіліктің техникалық прогресі жұмыспен өтеу егіншілігі мен ұсақ шаруа егіншілігіне қарағанда барлық бағытта да әбден айқын біліні келеді. Бірақ бұл прогресс қазіргі капиталистік ел үшін тым баяу. Сөйтіп XIX ғасырдың аяғында Россияда бүкіл қоғам дамуының қажеттері мен крепостниктік тәртіптің арасында мейлінше шиеленіскен қайшылық болып отыр, бұл қайшылық помещиктік дворяндық латифундиялар түрінде, шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы түрінде шаруашылық эволюциясына кедергі болып отыр, езушіліктің, тағылықтың, орыс өміріндегі ежелгі езгінің сансыз көп түрлерінің қайнар көзі болып отыр.

III

Шаруа шаруашылығы — Россияда қазіргі аграрлық мәселенің басты пункті. Біз жоғарыда шаруа жер иелігінің жағдайлары қандай екенін көрсеттік, енді біз шаруа шаруашылығының, техникалық мағынада емес,

саяси-экономикалық мағынада қалай ұйымдасқандығын алып қарауға тиіспіз.

Біз бұл арада ең алдымен шаруалар қауымы туралы мәселені кездестіреміз. Бұл мәселеге арналып өте көп әдебиет жазылған, ал біздің қоғамдық пікірдің халықшылдық бағыты өзінің дүниеге көзқарасының негізгі пункттерін осы «теңгермелілік» мекеменің ұлттық ерекшеліктерімен байланыстырады. Бұл жөнінде ең алдымен мынаны көрсете кету керек: орыс жер қауымы жөніндегі әдебиетте мәселенің әр түрлі екі жағы—бір жағынан, егіншілік пен тұрмыстық, екінші жағынан, саяси-экономикалық жағы ұдайы ұштасып, бастан-аяқ араласып кетіп жүр. Қауым жөніндегі шығармалардың көпшілігінде (В. Орлов, Трирогов, Кейсслер, В. В.) мәселенің бірінші жағына соншалықты көп орын беріліп, көңіл аударылады да, екінші жағы мүлде көлеңкеде қалып қояды. Оның бер жағында мұндай тәсіл мейлінше теріс. Басқа елдердің қайсысының болса да жер қатынастарына қарағанда, орыс жер қатынастарының өзгеше екендігі күмәнсыз, бірақ аграрлық тұрмысы жағынан, жер қатынастарының тарихы жағынан, жер иелігі мен жерді пайдаланудың формалары және т. т. жағынан озара нақ осындай едәуір айырмашылықтары болмайтын таза капиталистік, жалпы жұрт таныған капиталистік, екі елді таба алмайсыз. Орыс жер қауымы жөніндегі мәселеге маңыз берген және оны күшейткен нәрсе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап біздің қоғамдық пікірдің негізгі екі бағытын — халықшылдық бағыт пен маркстік бағытты ерекшелеген нәрсе мәселенің егіншілік жағы да емес, тұрмыстық жағы да емес. Мүмкін, жергілікті зерттеушілер егіншілік тұрмыстың нақ жергілікті ерекшеліктерін барлық жағынан есепке алу үшін және сондай-ақ полициялық рухқа бөленген, ұсақ-түйек ережелерге қарсы бюрократияның надандықпен, нағыз арсыздықпен шабуыл жасауына тойтарыс беру үшін мәселенің бұл жағына көп көңіл бөлуге тиіс болған болар. Бірақ қауымның *ішінде шаруашылықтың* қандай *типтері* құрылып келе жатқандығы, ол типтердің қалай дамып келе жатқандығы туралы мәселені, жұмысшы жалдаушылар мен қара

жұмысқа жалданушылардың арасында, ауқаттылар мен кедейлер арасында, шаруашылығын жақсартып, техникасын жетілдіріп отырғандар мен күйзелушілердің, шаруашылығын тастап, деревнядан қашып кетіп жатқандардың арасында қандай қатынас орнап келе жатқандығы туралы мәселені қайта бөлістің түрлерін, олардың техникасын және т. с. зерттеу арқылы бүркемелеп тастау қалай да экономиске тіпті лайық іс емес. Күмән жоқ, Россияның халық шаруашылығын зерттеу үшін өте бағалы материал берген біздің земство статистиктері осы шындықты түсінгендіктің арқасында өткен ғасырдың 80-жылдарында шаруаларды *ресми* әдіспен қауымдар бойынша, үлесті жері бойынша, ревизиялық [63] немесе ер адамдардың санына қарай топқа бөлуден әрбір үйдің *шаруашылық ауқатына* қарай бірден-бір ғылыми топқа бөлушілікке көшті. Ескерте кетейік, Россияны экономика жағынан зерттеуге өте-мөте зор ынта қойылған сол бір кездері, тіпті В. В. мырза сияқты бұл мәселе жөнінде «партияшыл» жазушы да «жергілікті статистика басылымының жаңа типін» (В. В. мырзаның «Северный Вестниктің» [64] 1885 жылғы 3-номеріндегі мақаласының аты) жан-тәнімен құттықтап: «цифр мәліметтерін шаруалардың село немесе қауым сияқты мейлінше әр түрлі экономикалық топтарының құрандысына лайықтамай, қайта осы топтардың өздеріне лайықтау қажет»,— деген болатын.

Біздің қауымның негізгі сипаты, халықшылдарға оны ерекше маңызды етіп көрсететін сипаты,— жерді пайдаланудың теңгермелігі болып табылады. Біз қауымның теңгермелікке қалай жететіні туралы мәселені мүлдем былай қалдыра тұрып, тікелей экономикалық фактілерге, бұл теңгерміліктің нәтижелеріне тоқталамыз. Европалық Россияда бүкіл үлесті жердің бөлінуі, жоғарыда дәл мәліметтер арқылы біздің көрсеткеніміз сияқты, тіпті де теңгермелік емес. Шаруалардың разрядтары арасындағы, әр түрлі деревнялар шаруалары арасындағы, тіпті бір деревнядағы әр түрлі помещиктердің шаруаларының («бұрынғы») арасындағы бөліс те теңгермелікке ешбір жанаспайды. Жерді қайта бөлу аппараты тек ұсақ қауымдардың ішінде ғана, осы

томаға-тұйық кішкентай одақтарды теңгермелі етіп отыр. Үлесті жердің үйлер арасында қалай бөлінгені жөніндегі земство статистикасының мәліметтерін алып қарайық. Бұл арада, әрине, біз үйлердің топқа бөлінуін семьялардың үлкендігіне қарай, қызметшілердің санына қарай айырмай, қайта әрбір үйдің *шаруашылық ауқатына* қарай (егісіне, жұмыс малының санына, сиырының санына және т. с. қарай) алуға тиіспіз, өйткені ұсақ егіншіліктің капиталистік эволюциясының бүкіл мәні — патриархтық одақтардың ішінде мүлік жағынан теңсіздік туғызып, оны күшейтуде, содан соң жай ғана теңсіздікті капиталистік қатынастарға айналдыруда. Демек, егер біз шаруалар арасындағы шаруашылық ауқатының айырмашылықтарын әдейілеп зерттеуді мақсат етпеген болсақ, онда жаңа шаруашылық эволюциясының барлық ерекшеліктерін бүркеген болар едік.

Алдымен мысал боларлық бір уезді алып (земство статистикасының егжей-тегжейлі комбинациялық кестелері бар үй басы зерттеуі жеке уездерге лайықталған), содан кейін өзімізге керек қорытындыларды бүкіл Россия шаруаларына қолдануға мәжбүр ететін дәлелдерді келтірейік. Материалды «Капитализмнің дамуынан» аламыз, II тарау *.

Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде шаруалардың бірыңғай қауымдық жер иелігі ғана бар, мұнда үлесті жер былайша бөлінген:

	Бір үйге келетін	
	Еркек, әйелі бар барлық жан	Үлесті жер, десятина
Егін екпейтіндер	3,5	9,8
5 дес. дейін егін егетіндер	4,5	12,9
5—10 » »	5,4	17,4
10—20 » »	6,7	21,8
20—50 » »	7,9	28,8
50 дес. көп »	8,2	44,6
Барлығы	5,5	17,4

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 62—194-беттер. *Ред.*

Бұдан біз үйлердің шаруашылық ауқаты артқан сайын семья мөлшерінің де сөзсіз дұрыс үлкейетінін көреміз. Семьяның көптігі шаруаның ауқатты болуы негіздерінің бірі екендігі анық. Бұған дау жоқ. Әңгіме тек бүкіл халық шаруашылығының қазіргі жағдайында бұл ауқаттылықтың қандай қоғамдық-экономикалық қатынастарға әкеп соғатындығында ғана. Ал үлесті жерге келетін болсақ, біз оның бөлінуі, онша елеулі дәрежеде болмаса да, әркелкі екендігін көреміз. Шаруаның үйі негұрлым ауқатты болса, үлесті жер *халықтың жан басына* соғұрлым көп келеді. Төменгі топта, еркек, әйелі бар, жан басына үлесті жер 3 десятинадан азырақ келеді; одан былайғы топтарда 3 десятинаға таяу — үш десятинадан, 4 десятинаға таяу — төрт десятинадан келеді, ақырында, ең соңғы жоғарғы топта, еркек, әйелі бар, жан басына үлесті жер 5 десятинадан артығырақ келеді. Демек, семьяның негұрлым көп болуы және үлесті жермен негұрлым көп қамтамасыз етілуі шаруалардың *болмашы азшылығының* ғана ауқатты болуына негіз болып отыр. Өйткені жоғарғы екі топ барлық үй санының не бары *оннан бір* бөлігін ғана қамтиды. Үй санының, халық санының және үлесті жер бөлінісінің арасындағы арақатынас мынадай:

Үйлердің топтары	Жиынына келетін проценті		
	Үйлер	Еркек, әйел халқы	Үлесті жер
Егін екпейтіндер	10,2	6,5	5,7
5 дес. дейін егін егетіндер	30,3	24,8	22,6
5—10 дес. »	27,0	26,7	26,0
10—20 » »	22,4	27,3	28,3
20—50 » »	9,4	13,5	15,5
50 дес. көп »	0,7	1,2	1,9
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Үлесті жер бөлінуінің пропорциялығы, қауымдық теңгермеліктің нәтижесін біздің есепке алып отырғандығымыз бұл цифрлардан айқын көрінеді. Әрбір топ бойынша халықтың проценттік үлесі мен әрбір топ бойынша үлесті жердің проценттік үлесі бір-біріне өте

жақын. Бірақ кейбір үйлердің шаруашылық ауқаттылығының әсері мұнда да байқала бастап отыр: төменгі топтардың жер үлесі халқының үлесінен *кем,* жоғарғы топтарда — *артық.* Ал бұл құбылыс бірен-саран емес, тек бір уезде ғана болып отырған құбылыс емес, бүкіл Россия үшін ортақ құбылыс. Жоғарыда көрсетілген еңбекте мен Россияның нағыз әр түрлі жерлеріндегі 7 губернияның 21 уезі бойынша біртектес мәліметтерді жинақтаған болатынмын. Жарты миллион шаруа үйлерін қамтитын бұл мәліметтер барлық жерде де арақатынастың бірдей екендігін көрсетеді. 20 процент ауқатты үйлердің халқы 26,1—30,3 процент және үлесті жері 29,0—36,7 процент. 50 процент өте кедей үйлердің халқы 36,6—44,7 процент және үлесті жері 33,0—37,7 процент. Үлесті жердің бөлінуі барлық жерде де пропорциялы, сонымен қатар қауымның шаруа буржуазиясының жағына ауып отырғандығы барлық жерде де байқалып отыр; пропорциялықтан шегінушілік барлық жерде де шаруалардың жоғарғы топтарының пайдасына болып отыр.

Сонымен, шаруашылық ауқаттылығына қарай шаруалардың топқа бөлінуін зерттей отырып, бізді қауымның «теңгермелік» әсерін елемейді деп ойлау мейлінше қате болар еді. Қайта мұның нақ керісінше, бұл теңгермеліктің шын шаруашылық маңызын біз нақ дәл мәліметтер арқылы есепке алып отырмыз. Біз нақ осы теңгермеліктің қаншалықты көп жайылып отырғандығын, бүкіл қайта бөліс системасының, *ақыр аяғында,* неге әкеліп соғатындығын көрсетіп отырмыз. Бұл система сапасы әрқилы және шұрайы әрқилы жерлерді өте жақсы бөлетін-ақ болсын, бірақ шаруалардың ауқатты топтарының кедей топтарынан басым екендігі үлесті жерді бөлуде *де* байқалып отырғандығы даусыз факт. Басқа, үлесті емес, жерлерді бөлудегі әркелкілік әлдеқайда күшті, оны біз қазір көреміз.

Шаруа шаруашылығында аренданың қандай маңызы бар екені белгілі. Жерге зәрулік осы негізде кіріптарлық қатынастардың керемет әр түрлі формаларын туғызады. Жоғарыда біз айтып өттік, шаруалардың жерді арендаға алуы қай жерде болса да істің мәнісіне

келгенде помещиктік шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы болып табылады,— баринге жұмыс күшін табудың крепостниктік әдісі болып табылады. Сөйтіп, біздің шаруалық аренданың крепостниктік мәні күмәнсыз. Егер сөз болып отырған елдің капиталистік эволюциясымен істес болып отырған болсақ, біз шаруалық арендада *буржуазиялық* қатынастардың қалай көрінетіндігін және көрінетін-көрінбейтіндігін арнайы зерттеуге тиіспіз. Бұл үшін тағы да, тұтас қауымдар мен деревнялар туралы емес, қайта шаруалардың әр түрлі шаруашылық топтары туралы мәліметтер қажет. Мәселен, «Земство статистикасының қорытындыларында» Карышев мырза мынаны: заттай арендалар (яғни ақшаға емес, жарма-жар болып немесе жұмыспен өтейтін болып алынатын аренда) жалпы ереже бойынша *барлық жерде де* ақшаға алынатын арендадан қымбат екендігін, қымбат болғанда едәуір, кейде екі есе қымбат екендігін, содан соң заттай арендалардың *басқадан да гөрі шаруалардың ең кедей топтарында күшті* дамығандығын мойындауға тиіс болды. Азды-көпті ауқатты шаруа жерді ақшаға жалдауға тырысады. «Жалдаушы аренданың тиісті бағасын ақшалай төлеуге, сөйтіп бөтеннің жерін пайдалану бағасын арзандатуға зәредей мүмкіндікті болса да пайдаланып бағады» (Карышев, цитат алынып отырған шығарманың 265-беті).

Демек, бізде аренданың крепостниктік белгілерінің бүкіл ауыртпалығы ең кедей шаруаларға түседі. Ауқаттылар орта ғасырлық бұғаудан босанып шығуға тырысады, ал мұның өзі олардың ақша қаражатының аз-көптігіне қарай мүмкін болуда. Ақшаң болса — қолма-қол ақшаға кәдімгі рынок бағасы бойынша жер жалдап ала аласың. Ақшаң жоқ болса — кіріптарлыққа барасың, жарма-жарлық түрінде немесе жұмыспен өтеу түрінде жерге үш есе қымбат төлейсің. Еңбектің жұмыспен өтеу бағасы ерікті жалдама еңбек бағасынан неше есе төмен екендігін біз жоғарыда көрдік. Ал егер аренда шарттары ауқаты әр түрлі шаруалар үшін әрқилы болатын болса, онда, әрине, біз шаруаларды үлесті жеріне қарай топқа бөлумен ғана шектеле алмаймыз (Карышев үнемі осылай етеді), өйткені

мұндай топтау ауқаты әр түрлі үйлерді *жасанды түрде* жай қоса салады, село пролетариатын шаруа буржуазиясымен араластырып жібереді.

Айқын көрсету үшін Саратов губерниясының Камышин уезі бойынша мәліметтерді алайық, бұл губернияны бүтіндей қауымдық деуге болады (бұл губерниядағы 2 455 қауымнан 2 436 қауым жерді қауымдасып иемденеді). Мұнда жерді арендалау жөнінде үйлердің әр түрлі топтарының арасындағы қатынастар мынадай:

Үй қожайындарының топтары	Үйлердің проценті	Үлесті жері бар 1 үйге келетін десятина: Үлесті егістік	Арендаға алынған жер
Жұмыс көлігі жоқтар	26,4	5,4	0,3
1 жұмыс көлігі барлар	20,3	6,5	1,6
2 » » »	14,6	8,5	3,5
3 » » »	9,3	10,1	5,6
4 » » »	8,3	12,5	7,4
5 және одан көп жұмыс көлігі барлар »	21,1	16,1	16,6
Барлығы	100,0	9,3	5,4

Үлесті жердің бөлінуі бізге қазірдің өзінде-ақ тапыс: жан басына есептегенде ауқатты үйлер кедей үйлерге қарағанда үлесті жермен жақсы қамтамасыз етілген. Аренданың бөлінісі мұнан *он есе* әркелкі көрінеді. Төменгі топқа қарағанда жоғарғы топта үлесті жер үш есе көп (5,4-ке 16,1). Ал арендаланған жер төменгі топқа қарағанда жоғарғы топта *елу есе* көп (0,3-ке 16,6). Демек, аренда шаруашылығының ауқаттылығы жағынан алғанда шаруалар арасындағы айырмашылықты теңестірмейді, қайта оны ондаған есе күшейтіп, шиеленістіре түседі. Халықшыл-экономистерде (В. В., Ник.—он, Маресс, Карышев, Вихляев және басқалар) сан рет кездесіп жүрген бұған керісінше қорытынды мынадай қатеге негізделген. Әдетте, шаруалардың үлесті жеріне қарай топқа бөлінуін алады да, үлесті жері көптерге қарағанда үлесті жері аздар жерді көп

арендалайды деп көрсетеді. Осыған келеді де тынады, жерді көбінесе үлесті жері аз қауымдардың ауқатты үйлері арендалайтындығын, сондықтан қауымдардың сырт қарағандағы теңгермелігінің қауым ішіндегі бөліністің орасан зор әркелкілігін бүркемелеп қана тұратындығын көрсетпейді. Мәселен, Карышевтің өзі былай деп мойындайды: «арендаларды көп пайдаланып отырғандар а) жермен неғұрлым аз қамтамасыз етілген разрядтар, бірақ b) олардың ішіндегі неғұрлым күйлі топтар» (көрсетілген шығарманың 139-беті), бірақ, солай бола тұрса да, арендалардың топтар бойынша бөлінуін жүйелі зерттемей отыр.

Халықшыл-экономистердің бұл қатесі айқынырақ көрінуі үшін Маресс мырзадан бір мысал келтірейік («Егін шығымдылығы мен астық бағаларының әсері» деген кітапта, I том, 34-бет). Ол Мелитополь уезі бойынша алынған мәліметтерден «аренданың шамамен алғанда жан басына біркелкі бөлінуін» шығарып отыр. Мұның мәнісі қалай? Мұның мәнісі: егер үйлерді еркек қызметкерлердің санына қарай бөлсек, онда мынадай болып шығады: қызметкерлері жоқ үйлер «орта есеппен» арендалаушы үй басына 1,6 десятинадан жер арендалайды, 1 қызметкері бар үйлер 4,4 десятина, екі қызметкері бар үйлер — 8,3 десятина, үш қызметкері бар үйлер — 14,0 десятина жер арендалайды. Әңгіменің түйінінің өзі осында: бұл «орта есепке» шаруашылық ауқаты мүлдем әр түрлі үйлер кіреді, мысалы, қызметкері бар үйлердің ішінде 2—3 жұмыс көлігі бар, 4 десятинадан жер арендалап, 5—10 десятина егін егетін үйлер бар, сонымен қатар 4 және одан артық жұмыс көлігі бар 38 десятинадан жер арендалап, 50 десятинадан артық егін егетін үйлер де бар. Сонымен, Маресс мырзаның шығарып отырған теңгермелігі *жалған* нәрсе. Іс жүзінде Мелитополь уезінде 20 процент ең бай үйлер, өздерінің үлесті жерлермен де, сатып алынған жерлермен де неғұрлым жақсы қамтамасыз етілгендігіне қарамастан, бүкіл арендалық жердің 66,3 процентін, яғни үштен екі бөлігін қолдарына жинап алып, барлық үйлердің *жартысы* болып отырған кедей үйлердің үлесіне ол жердің тек 5,6 процентін ғана қалдырып отыр.

Содан соң. Егер біз, бір жағынан, атсыз және жалғыз атты үйлердің бір десятинаны немесе тіпті оның бір бөлігін ғана арендаға алып отырғандығын көретін болсақ, екінші жағынан, төрт және одан көп аты бар үйлердің 7—16 десятинаны арендаға алып отырғандығын көретін болсақ, онда бұл арада санның сапаға айналып отырғаны айқын нәрсе. Бірінші аренда — мұқтаждықтан болып отырған аренда — кіріптарлық аренда болып табылады. Мұндай жағдайларда тұрған «арендашы» жұмыспен өтеу арқылы, қыста жалдану, қарыз ақша алу және т. с. арқылы қаналу құралына айналмай тұра алмайды. Мұның керісінше, 12—16 десятина үлесті жері бар және *оның үстіне* 7—16 десятинадан жер арендалап алатын үйдің мұқтаждықтан емес, байлықтан арендалайтындығы, «азық-түлік» үшін емес, баю үшін, «ақша табу» үшін арендалайтындығы анық. Біз бұл арада аренданың капиталистік фермерлікке айналуын, егіншілікте кәсіпкерліктің туып келе жатқандығын айқын көріп отырмыз. Мұндай үйлер егіншілікте жұмысшылар жалдамай тұра алмайды, мұны төменде көреміз.

Енді мынадай сұрақ туады — бұл нағыз кәсіпкерлік аренданың өзі қаншалықты жалпы құбылыс болып табылады? Біз төменде сауда егіншілігінің әр түрлі аудандарында кәсіпкерлік шаруашылықтың өсуі түрліше байқалатындығын көрсететін дәлел келтіреміз. Ал қазір тағы да бірнеше мысалдар келтіріп, аренда туралы жалпы қорытынды жасайық.

Таврия губерниясының Днепр уезінде 25 және одан артық десятина егін егетін үйлер жалпы үй санының 18,2 проценті болады. Олардың үй басына 16—17 десятинадан үлесті жері бар және 17—44 десятинадан жер арендалайды. Самара губерниясының Новоузенск уезінде 5 және одан артық жұмыс көлігі бар үйлер жалпы үй санының 24,7 проценті болады. Олар үй басына үлестен тыс 14—54—304 десятина жерді арендаға ала отырып, (бірінші цифр 5—10 жұмыс көлігі бар топқа жатады, бұлар үй санының 17,1 проценті, екіншісі — 10—20 жұмыс көлігі барлар, бұлар үй санының 5,8 проценті, үшіншісі — 20 және одан артық жұмыс көлігі

барлар, бұлар үй санының 1,8 проценті), үй басына 25—53—149 десятинадан егін егеді. Үлесті жерді олар басқа қоғамдардан 12—29—67 десятинадан және өз қоғамынан 9—21—74 десятинадан арендаға алады. Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде барлық үйлердің 10,1 проценті 20 десятина және одан артық егіс егеді. Бұлардың үй басына 28—44 десятинадан үлесті жері бар және 14—40 десятинадан егістік жерді, 118—261 десятинадан шабындық жерді арендаға алады. Орел губерниясының екі уезінде (Елецк мен Трубчевск) 4 және одан көп аты бар үйлер жалпы үй санының 7,2 проценті болады. 15,2 десятинадан үлесті жері бола тұрып, олар жерді сатып алу және арендаға алу арқылы өздерінің жер пайдалануын 28,4 десятинаға дейін жеткізеді. Воронеж губерниясының Задон уезінде бұған сәйкес цифрлар мынадай: үйлердің 3,2 процентінде үй басына 17,1 десятинадан үлесті жер бар, ал бүкіл пайдаланатын жері 33,2 десятинадан келеді. Нижний Новгород губерниясының үш уезінде (Княгинин, Макарьев және Васильск) үйлердің 9,5 проценті 3 және одан көп аты барлар. Бұларда үлесті жер үй басына 13—16 десятинадан, ал барлық пайдаланып отырған жерлері 21—34 десятинадан келеді.

Шаруалар арасындағы кәсіпкерлік аренда бірлі-жарым және кездейсоқ құбылыс емес, қайта жалпы және барлық жерде болып отырған құбылыс екені осыдан көрініп отыр. Барлық жерде де қауымдардың ішіненауқатты үйлер бөлініп шығады, бұлар қашан да болмашы азшылық болып табылады және қашан да кәсіпкерлік аренда арқылы капиталистік егіншілік ұйымдастырып отырады. Сондықтан азық-түліктік және капиталистік арендалар туралы жалпы сөздер арқылы біздің шаруалар шаруашылығының мәселелері жөнінде еш нәрсені анықтауға болмайды: аренда ішінде крепостниктік белгілердің дамуы туралы және *сол аренда ішінде* капиталистік қатынастардың құрылуы туралы *нақты мәліметтерді* зерттеу қажет.

Біз жоғарыда 20 процент ең ауқатты үйлерде халық пен үлесті жердің қаншасы шоғырланып отырғаны туралы мәліметтер келтірдік. Енді біз оған қосымша

ретінде мынаны айтуымызға болады: шаруалардың арендаға алып отырған барлық жерінің 50,8 проценттен 83,7 процентке дейініне солар ие болып, бүкіл арендаға алынатын жердің 5 проценттен 16 процентке дейінін төменгі топтардағы үйлердің 50 процентінің үлесіне қалдырып отыр. Мұнан шығатын қорытынды айқын; егер бізден — Россияда қандай аренда басым, азық-түліктік аренда басым ба, немесе кәсіпкерлік аренда басым ба, мұқтаждықтан арендалау басым ба, немесе ауқатты шаруалардың арендасы басым ба, крепостниктік (жұмыспен өтеу, кіріптарлық) аренда басым ба, немесе буржуазиялық аренда басым ба деп сұраса, онда оған беретін жауап біреу-ақ болуы мүмкін. Арендалаушы үйлердің санына қарағанда, арендалаушылардың көпшілігі мұқтаждықтан арендалайтындығы күмәнсыз. Шаруалардың орасан зор көпшілігі үшін аренда кіріптарлық болып табылады. Арендаланған жердің санына қарағанда, оның кемінде жартысы ауқатты шаруалардың, капиталистік егіншілік ұйымдастырып отырған село буржуазиясының қолында екендігі күмәнсыз.

Арендаға алынған жердің бағасы туралы мәліметтер көбінесе арендалаушылардың барлығына және барлық жерге бірдей «орта есеппен» алынып келтіріліп жүр. Бұл орта есептің шаруалардың адам айтқысыз мұқтаждығы мен езілгендігін қаншалықты дәрежеде *боямалап* көрсететіндігі Таврия губерниясының Днепр уезі бойынша алынған земство статистикасының мәліметтерінен көрінеді, онда сәті түсіп, әдеттегідей емес, шаруалардың әр түрлі топтарының жерді арендалау бағасы көрсетілген: [96-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, аренданың бір десятинасына төленген «орта» баға — 4 сом 23 тиын болып шығады, мұның өзі істің нағыз мәні болып табылатын қайшылықтарды жуып-шайып, шындықты турадан-тура бұрмалайды. Кедейлер орта бағадан үш еседен аса қымбат болатын күйзелтерлік бағамен арендалауға мәжбүр болып отыр. Байлар жерді «көтере» сатып алып, әрине, оны ыңғайы келгенде мұқтаж болған көршісіне 275 процент пайдаға сатады. Аренданың да арендасы бар. Крепостниктік

	Жер арендалайтын үйлердің проценті	Жер арендалайтын 1 үйге келетін егіс десятинасы	1 десятинаның сомға шаққандағы бағасы
5 дес. дейін егетіндер	25	2,4	15,25
5—10 » » »	42	3,9	12,00
10—25 » » »	69	8,5	4,75
25—50 » » »	88	20,0	3,75
50 дес. көп » »	91	48,6	3,55
Барлығы	56,2	12,4	4,23

кіріптарлық бар, ирландиялық аренда бар, сондай-ақ жермен сауда жасаушылық, капиталистік фермерлік бар.

Шаруалардың үлесті жерді арендаға беруі сияқты құбылыс қауымның ішінде капиталистік қатынастар бар екенін, кедейлердің күйзеліп, сол күйзеліп отырған бұқараның есебінен азшылықтың байып отырғандығын онан бетер айқын көрсетеді. Жерді арендалау және арендаға беру, міне мұның өзі, қауыммен және оның теңгермелігімен ешбір байланысы жоқ құбылыс болып табылады. Егер кедейлер өздеріне теңгермелеп берілген жерді байларға арендаға *беруге* мәжбүр болып отырса, үлесті жердің бөлінуіндегі бұл теңгерміліктің шын өмірде қандай маңызы болмақ? Сондықтан «қауымшылдық» көзқарастардың теріс екендігін үлесті жердің ресми, ревизиялық, қазыналық теңгермелігін өмірдің осылайша *тыс қалдырып* отырған фактысынан артық айқын дәлелдейтін нәрсені ойлап табуға бола ма? Теңгерміліктің қандайы болса да дамып келе жатқан капитализмнің алдында дәрменсіз екендігін кедейлердің үлесті жерді арендаға беріп отырғандығы фактісі және байлардың аренданы жинап алып отырғандығы фактісі ап-айқын дәлелдейді.

Үлесті жерді арендаға берудің бұл құбылысы қаншалықты көп таралып отыр? Әзірше біз қанағат етуге мәжбүр болып отырған, қазір ескіріп қалған, өткен ғасырдың 80-жылдарындағы земстволық-статистикалық зерттеулер бойынша, жерді арендаға беретін үйлердің

саны және арендаға берілетін үлесті жердің проценті көп емес сияқты болып көрінеді. Мәселен, Таврия губерниясының Днепр уезінде үй иелерінің 25,7 проценті үлесті жерін арендаға береді; арендаға берілген үлесті жер — 14,9 процент. Самара губерниясының Новоузенск уезінде үйлердің 12 проценті жерін арендаға береді. Саратов губерниясының Камышин уезінде арендаға берілетін жер — 16 процент. Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде $23^1/_2$ мың қожайыннан $8^1/_2$ мың қожайын, яғни үштен бірінен көбірегі үлесті егістігін арендаға береді. 410 мың десятина үлесті жердің $50^1/_2$ мың десятинасы, яғни 12 процентке жуығы арендаға беріледі. Воронеж губерниясының Задон уезінде $135^1/_2$ мың десятина үлесті жердің $6^1/_2$ мың десятинасы, яғни 5 проценттен кемірегі арендаға беріледі. Нижний Новгород губерниясының үш уезінде 433 мың десятина жердің 19 мың десятинасы, яғни мұның да 5 проценттен кемірегі арендаға беріледі. Бірақ бұл цифрлардың бәрі тым аз сияқты болып қана көрінеді, өйткені мұндай проценттік қатынастардан барлық топтардағы қожайындар жерді арендаға аздыкөпті біркелкі береді екен деп іштей жорамалдаушылық туады. Ал мұндай жорамалдаушылық шындыққа тікелей қарама-қарсы. Жерді арендалаудың және арендаға берудің абсолютті цифрларынан гөрі, арендаға берілетін жердің немесе арендаға жер беретін қожайындардың орта процентінен гөрі мынадай факты — жерді арендаға беретін негізінен кедейлер екені, жердің ең көбін арендаға алатын ауқаттылар екені анағұрлым маңызды. Земстволық-статистикалық зерттеулердің мәліметтері бұл жөнінде зәрредей де күмән қалдырмайды. 20 процент неғұрлым ауқатты үйлерге арендаға берілетін барлық жердің 0,3 процентінен 12,5 процентіне дейіні келеді. Мұның керісінше, 50 процент төменгі топтардың үйлеріне арендаға берілетін барлық жердің 63,3 процентінен 98,0 процентіне дейіні келеді. Ал кедейлердің арендаға беретін осы жерлерін арендаға алатын да, әрине, сол ауқатты шаруалар. Жерді арендаға берудің шаруалардың әр түрлі топтарында әр қилы маңызы бар екендігі бұл жерде тағы да айқын болып

отыр: кедейлер жерін арендаға бергенде — жерді өңдеуге мүмкіндігі болмай, тұқымы, малы, құрал-сайманы болмай, ақшаға өте мұқтаждықтан, жоқшылықтан береді. Байлар жерін арендаға аз береді, олар шаруашылықтың мүддесі үшін жердің бір бөлігін екінші бөлігіне айырбастап отырады, не жермен тікелей сауда жасайды.

Таврия губерниясының Днепр уезі бойынша нақты мәліметтер мынадай:

	Проценттері	
	Үлесті жерді арендаға беретін үй қожайындары	Арендаға берілетін үлесті жер
Егін екпейтіндер	80	97,1
5 дес. дейін егетіндер	30	38,4
5—10 дес.	23	17,2
10—25 » » »	16	8,1
25—50 » » »	7	2,9
50 дес. коп » »	7	13,8
Уезд бойынша	25,7	14,9

Жерді өңдемей тастаушылық және орасан зор мөлшерде пролетарланушылық бұл арада ат төбеліндей аз ғана байлардың жермен сауда жасауымен ұштасып отырғаны осы мәліметтерден айқын көрініп отырған жоқ па? Арендаға берілетін жердің проценті нақ сол үй басына 17 десятинадан үлесті жері бар, 30,0 десятинадан сатып алынған жері бар, 44,0 десятинадан арендаға алған жері бар ірі егіншілерде көбейіп отырғандығы ерекше көзге түсерлік емес пе? Жалпы және тұтас алғанда Днепр уезіндегі бүкіл кедейлер тобының, яғни үйлердің 40 процентінің 56 мың десятина үлесті жері бар, осылар 8 мың десятина жерді арендаға алып, 21 $^{1}/_{2}$ мың десятина жерді арендаға береді. Ал барлық үйлердің 18,4 процентіне тең, 62 мың десятина үлесті жері бар ауқатты топ 3 мың десятина үлесті жерді арендаға беріп, 82 мың десятина жерді арендаға алады. Таврия губерниясының үш уезінде бұл ауқатты топ

150 мың десятина үлесті жерді, яғни бүкіл арендаға берілетін үлесті жердің бестен үш бөлігін арендаға алады! Самара губерниясының Новоузенск уезінде 47 процент атсыз үйлер және 13 процент жалғыз атты үйлер үлесті жерді арендаға береді, ал 10 және одан көп жұмыс көлігі барлар, яғни барлық үйлердің тек 7,6 проценті, 20—30—60—70 десятинадан *үлесті* жерді арендаға алады.

Аренда туралы айтқанымызды сатып алынған жер жөнінде де қайталап айтуға тура келеді. Бұл арадағы айырмашылық мынау: арендада крепостниктік тәртіптің белгілері бар, аренда белгілі бір жағдайларда жұмыспен өтеушілік және кіріптарлық болады, яғни қайыршыланған көрші шаруалардың арасынан жұмыс күшін помещиктік шаруашылыққа матап қою әдісі болады. Ал үлесті жері бар шаруалардың жеке меншігіне жер сатып алуы таза буржуазиялық құбылыс. Батыста батырақтар мен күндікшілерді кейде оларға ұсақ жер участкесін сату арқылы жерге матап қояды. Біздің Россияда бұл сияқты іс 1861 жылғы «ұлы реформа» түрінде ресми түрде әлдеқашан істелген, ал қазіргі шаруалардың жер сатып алуы қауымнан селолық буржуазия өкілдері шығып жатқанын ғана көрсетеді. Шаруалардың жер сатып алуы 1861 жылдан кейін қалай дамығандығы туралы біз жоғарыда, жер иелігі туралы мәліметтерді талдаған кезде, айтып өттік. Ал бұл арада сатып алынған жердің азшылықтың қолында орасан зор мөлшерде шоғырланып отырғандығын көрсету керек. 20 процент ауқатты үйлердің қолына сатып алынған жердің 59,7 процентінен 99 процентіне дейіні жиналған; 50 процент өте кедей үйлердің қолына шаруалар сатып алған барлық жердің 0,4 процентінен 15,4 процентіне дейіні жиналған. Сондықтан біз былай деп батыл айта аламыз: 1877 жылдан 1905 жылға дейін шаруалар жеке меншігіне алған 7 $^1/_2$ миллион десятина жердің (жоғарыдағыны қараңыз) $^2/_3$ бөлігінен $^3/_4$ бөлігіне дейіні ауқатты үйлердің болмашы азшылығының қолында болып отыр. Шаруалар қоғамдары мен серіктіктерінің жер сатып алуы жөнінде де, әрине, нақ осыны айтуға болады. 1877 жылы шаруалар қоғамда-

рының меншігінде 765 мың десятина сатып алынған жер бар еді, 1905 жылы 3,7 миллион десятина жер болды, ал шаруалар серіктіктерінің жеке меншігінде 1905 жылы 7,6 миллион десятина жер болды. Қоғамдардың сатып алған немесе арендаға алған жерлері жеке адамдар сатып алган немесе арендаға алган жерлерден өзгеше түрде бөлінеді деп ойлау қателескендік болган болар еді. Фактілер мұның керісінше көрсетіп отыр. Мәселен, Таврия губерниясының материктік үш уезі бойынша шаруалар *қоғамдарының* қазынадан арендаға алған жерлерінің бөлінісі туралы мәліметтер жиналған болатын, бұл мәліметтер бойынша, арендаға алынған жердің 76 проценті ауқатты топтың (үйлердің 20 процентіне жуығы) қолында, ал арендаға алынған барлық жердің тек 4 проценті ғана 40 процент кедей үйлерде болып шықты. Шаруалар арендаға алынган немесе сатып алынған жерлерді тек «ақшаға қарай» бөледі.

IV

Шаруалардың үлесті, арендалық, сатып алынатын, арендаға берілетін жерлері жөнінде жоғарыда келтірілген мәліметтердің жинағы мынадай қорытындыға әкеп тірейді: шаруалардың *жерді іс жүзінде пайдалануының* шаруалардың ресми, қазыналық, үлесті жер иелігіне сәйкестігі күннен-күнге кеміп барады. Әрине, егер жалпы цифрларды немесе «орта» мөлшерді алатын болсақ, онда үлесті жердің арендаға берілуі аренда арқылы өтеледі, қалған аренда мен сатып алынған жер барлық үйлер арасында бірдей бөлінген секілді көрінеді, сөйтіп іс жүзіндегі жер пайдаланудың қазыналық, яғни үлесті жер пайдаланудан онша елеулі айырмашылығы жоқ деген пікір туады. Бірақ мұндай пікір жалған болып шығады, өйткені шаруалардың жерді іс жүзінде пайдалануы үлесті жердің алғашқы теңгермелігінен *нақ шеткері топтарда* неғұрлым алшақ болады, сондықтан «орта» есепті пайдаланғанда іс сөзсіз бұрмаланады.

Шынында шаруалардың бүкіл жер пайдалануы, үлесті жер пайдаланумен салыстырғанда, төменгі топтар үшін относительді түрде,— ал кейде абсолютті түрде

де,— аз болып шығатын көрінеді (жерін арендаға беру; аренда үлесінің тым аз болуы); сатып алынған жер мен арендаға алынған жердің шоғырлануы себепті, бүкіл жерді пайдалану, үлесті жер иелігімен салыстырғанда, относительді түрде де, абсолютті түрде де жоғарғы топтар үшін қашан да болсын неғұрлым жоғары болатын көрінеді. Жоғарыда көргеніміздей, ең кедей топтардағы үйлердің 50 процентінің қолында 33 проценттен 37 процентке дейін үлесті жер бар; олардың пайдаланудағы барлық жері не бары 18,6—31,9 процент. Кейбір реттерде екі есе дерлік кемиді екен: мысалы, Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде үлесті жердің 37,4 проценті және пайдаланудағы бүкіл жердің 19,2 проценті ғана болып отыр. 20 процент ауқатты үйлерде үлесті жердің 29—36 проценті, ал пайдаланудағы бүкіл жердің 34—49 проценті болып отыр. Осы қатынастарды көрсету үшін кейбір нақты мәліметтерді алайық. Таврия губерниясының Днепр уезінде 40 процент кедей үйлердің 56 мың десятина үлесті жері бар; олардың пайдалануындағы бүкіл жері 45 мың десятина, яғни 11 мың десятина *кем*. Ауқатты топтың (үйлердің 18 проценті) 62 мың десятина үлесті жері бар; оның пайдалануындағы барлық жері 167 мың десятина, яғни 105 мың десятина артық. Нижний Новгород губерниясының үш уезі бойынша мәліметтер мынадай:

	1 үйге келетін десятина	
	үлесті жер	пайдалануындағы барлық жер
Аты жоқтар	5,1	4,4
1 аты барлар	8,1	9,4
2 » »	10,5	13,8
3 » »	13,2	21,0
4 және одан көп	16,4	34,6
Барлығы	8,3	10,3

Мұнда да арендаға алу мен арендаға берудің нәтижесінде ең төменгі топта жерді пайдалану абсолютті түрде кеміп шығып отыр. Ал бұл төменгі топ, яғни ат-

сыздар үйлердің бүтіндей 30 процентін қамтиды. Үйлердің үштен біріне жуығы жерді арендаға алудан және арендаға беруден абсолютті *зиян шегеді*. Бір аты барлар (үйлердің 37 проценті) өзінің жер пайдалануын көбейтіп отыр, бірақ, шаруалық жер пайдаланудың көбеюінің орта мөлшеріне қарағанда (8,3 десятинадан 10,3 десятинаға дейін) бұл тым жартымсыз, тым аз көбею болып табылады. Сондықтан бұл топтың жалпы жер пайдаланудағы *үлесі* кеміді: барлық үш уезд бойынша бұл топтың 36,6 процент үлесті жері болған болса, енді жалпы жерді пайдаланудың 34,1 процентіне ие болып қалып отыр. Мұның керісінше, жоғарғы топтардың болмашы азшылығы өзінің жер пайдалануын орташа мөлшерден анағұрлым арттырған. Үш аты барлар (үйлердің 7,3 проценті) жер иелігін бір жарым есе көбейтіп, 13 десятинадан 21 десятинаға дейін жеткізді. Көп аты барлар (үйлердің 2,3 проценті) — екі еседен артығырақ көбейтіп, 16 десятинадан 35 десятинаға дейін жеткізді.

Демек, біз жалпы құбылыс ретінде *шаруа шаруашылығында үлесті жер ролінің кемігендігін* көріп отырмыз. Бұл кемушілік деревняның екі полюсінде де түрліше жолдармен болып отыр. Кедейлерде үлесті жердің ролі кеміп барады, себебі өскелең мұқтаждық пен күйзелушілік үлесті жерді арендаға беруге, жерді тастауға, малдың, құрал-сайманның, тұқымның, ақша қаражатының жеткіліксіздігі салдарынан егін шаруашылығын *кемітіп*, не қандай болсын бір болмашы жұмысқа жалдануға, немесе... жан тәсілім беруге *мәжбүр етеді*. Төменгі топтардағы шаруалар қырылып жатыр,— аштық, цинга, сүзек өз дегенін істейді. Шаруалардың жоғарғы топтарында үлесті жердің маңызы кеміп барады, өйткені кеңейіп келе жатқан шаруашылық үлесті жердің шегінен анағұрлым асып кетуге мәжбүр болуда, жаңа жер иелігіне, алым төлейтін емес, ерікті, ежелгірулық емес, рыноктан сатып алынатын жер иелігіне: сатып алу мен арендаға көшуге мәжбүр болуда. Шаруалар неғұрлым жерге бай болса, крепостниктік правоның іздері неғұрлым әлсіз болса, шаруашылықтың дамуы неғұрлым тез болса, үлесті жерден бұл сияқты

құтылу, бүкіл жерді сауда айналымына тарту, арендаға алынған жерде сауда егіншілігін ұйымдастыру соғұрлым күшті болады. Бұған мысал — Новороссия. Онда ауқатты шаруалардың үлесті жерден гөрі сатып алынған жер мен арендаға алынған жерде шаруашылығын көбірек жүргізетінін жаңа біз көріп өттік. Мұның өзі қисынсыз сияқты көрінеді, бірақ бұл факт: Россияның ең жері көп аймағында үлесті жермен ең жақсы қамтамасыз етілген ауқатты шаруалар (үй басы 16—17 десятинадан үлесті жері бар) егін шаруашылығының негізгі салмағын үлесті жерден *үлесті емес* жерге аударып отыр!

Шаруалардың тез дамып келе жатқан екі полюсінде үлесті жер ролінің кему фактісінің, XIX ғасыр XX ғасырға өсиет еткен, біздің революциямызда тап күресін туғызып отырған аграрлық төңкерістің шарттарын бағалау үшін, айта кету керек, өте зор маңызы бар. Ескі жер иелігін, помещиктік жер иелігін де, шаруа жер иелігін де, *қирату сөзсіз экономикалық қажеттік* болып отырғандығын осы факті айқын көрсетеді. Бұл қирату сөзсіз болатын нәрсе, сондықтан оған жер бетінде ешбір күш кедергі бола алмайды. Күрес осы қиратудың қандай формада, қандай әдіспен жүргізілуі жөнінде болып отыр: помещиктік жер иелігін сақтап қалып, қауымды кулактарға талатып, столыпиндік жолмен жүргізу керек пе, немесе жерді национализациялау арқылы помещиктік жер иелігін жойып, жердегі орта ғасырлық межелердің бәрін құрта отырып, шаруалық жолмен жүргізу керек пе деген мәселеде болып отыр. Бірақ біз бұл туралы төменде толығырақ айтамыз. Бұл арада мынадай бір маңызды жағдайды: үлесті жер ролінің кемуі алым-салықтар мен міндеткерліктің өте-мөте әркелкі бөлінуіне әкеліп соғатындығын көрсете кету қажет.

Орыс шаруасынан алынатын алым-салықтар мен оның міндеткерліктерінде орта ғасырлық жағдайдың орасан зор іздері сақталып отырғандығы мәлім. Біз бұл арада Россияның финанс тарихына жататын егжей-тегжейлерге тоқтала алмаймыз. Бұл арада төлемді — орта ғасырлық оброктың осы тікелей жалғасын, поли-

циялық мемлекеттің жәрдемімен крепостник-помещиктерге әперілетін осы алымды көрсетіп өтудің өзі де жеткілікті. Дворяндар мен шаруалардың жеріне салынатын салықтың біркелкі емес екенін, заттай міндеткерліктерді және т. т. еске салса да жетеді. Біз *шаруа бюджеттері*[65] жөніндегі Воронеж статистикасының мәліметтері бойынша алым-салықтар мен міндеткерліктің жиынтық мөлшерін ғана келтіреміз. Шаруа семьясының орта есеппен жылдық жалпы табысы (бір типтес 66 бюджеттің мәліметтері бойынша) 491 сом 44 тиын, жалпы шығысы 443 сом. Таза табысы 48 сом 44 тиын. Ал «орташа» үйге түсетін алым-салықтар мен міндеткерліктің сомасы 34 сом 35 тиынға тең. Сонымен, алым-салықтар мен міндеткерліктер *таза табыстың* 70 проценті болып шығады. Әрине, бұл тек формасы жағынан ғана алым-салықтар, ал іс жүзінде мұның өзі — *«алым төлеуші сословиені»* бұрынғыша крепостниктік әдіспен қанау болып табылады. Орташа семьяның ақшалай таза табысы не бары 17 сом 83 тиынға тең, яғни орыс шаруасынан алынатын «алым-салық» оның ақшалай таза табысынан *екі есе көп болып шығады,*— 1849 жылдың мәліметтері бойынша емес, 1889 жылдың мәліметтері бойынша осындай!

Бірақ орташа цифрлар бұл арада да шаруалардың мұқтаждығын боямалап, шаруалардың хал-жағдайын іс жүзіндегісінен әлденеше есе жақсартып көрсетеді. Шаруалардың шаруашылық ауқаты әр түрлі топтары арасында алым-салықтар мен міндеткерліктің бөлінуі туралы мәліметтер атсыз шаруалар мен жалғыз атты шаруаларда (яғни Россиядағы барлық шаруа семьяларының *бестен үш бөлігінде)* алым-салықтар мен міндеткерлік, олардың ақшалай таза табысы былай тұрсын, тіпті жалпы таза табысынан да әлденеше есе көп екендігін көрсетеді. Бұл мәліметтер мынау: [105-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Аты жоқ және жалғыз атты шаруалар өзінің *жалпы* шығынының *жетіден бір* бөлігін *және оннан бір* бөлігін алым-салық есебінде төлейді. Крепостниктік оброк осындайлық жоғары бола қойды ма екен: өз меншігіндегі шаруалар бұқарасының лажсыздан күйзелуі поме-

	Бюджет мәліметтері (1 шаруашылыққа сом есебімен)			
	Жалпы табыс	Шығыс	Алым-салықтар мен міндеткерлік	Бұлар шығынға неше %
а) Аты жоқтар	118,10	109,08	15,47	14,19
б) 1 аты барлар	178,12	174,26	17,77	10,20
в) 2 » »	429,72	379,17	32,02	8,44
г) 3 » »	753,19	632,36	49,55	7,83
д) 4 » »	978,66	937,30	67,90	7,23
е) 5 және одан көп	1 766,79	1 593,77	86,34	5,42
Орта есеппен	491,44	443,00	34,35	7,75

щикке тиімсіз болған болар еді. Алым-салықтардың әркелкілігіне келетін болсақ, бұл әркелкілік орасан зор: ауқаттылар өз табысының мөлшеріне қарай алғанда үш есе — екі есе кем төлейді. Бұл әркелкілік не себепті болып отыр? Мұның болып отырған себебі, алым-салықтардың денін шаруалар жерге қарай бөледі. Алым-салықтардың үлесі мен үлесті жердің мөлшері шаруаға: «жан басы» деген бір түсінікке ұласады. Егер біз келтіріп отырған мысалымызда әр түрлі топтарда бір десятина үлесті жерге келетін алым-салықтар мен міндеткерліктің жиынын есептеп шығаратын болсақ, онда мынадай цифрлар шығады: а) 2,6 сом; б) 2,4; в) 2,5; г) 2,6; д) 2,9 және е) 3,7 сом. Ерекше салық алынатын ірі өнеркәсіп орындары бар ең жоғары топтардан басқасында, біз алым-салықтардың шамамен алғанда тең бөлінгендігін көреміз. Үлесті жердің мөлшері, жалпы және тұтас алғанда, бұл арада да алым-салықтардың үлесіне сәйкес келіп отыр. Бұл құбылыс біздің қауымның алым төлеу сипатының тікелей қалдығы (және тікелей дәлелі) болып табылады. Жұмыспен өтеу шаруашылығы шарттары бойынша да мұның басқаша болуы мүмкін емес; егер бұл шаруалар ашаршылықтан шығармайтын үлесті жерге матаулы болмаса, сол үлесті жер үшін үш есе қымбат төлеуге міндетті болмаса, онда помещиктер «азаттық берілгеннен кейінгі жарты ғасыр бойы көршілес шаруалардан шығатын кіріптар қызметшілермен өздеріп қамтамасыз ете алмаған болар еді. Шаруалардың үлесті жерден ақша *төлеп құтылуына,*

үлесті жерден бас тартқаны үшін «үстеме» төлеуіне, яғни кететін адамның үлесін алған адамға біраз қосымша ақша төлеуіне тура келген жағдайлар Россияда *XIX ғасырдың аяғында* жиі кездескендігін ұмытпау керек. Мәселен, Жбанков мырза «Әйелдер өлкесі» деген кітабында (Кострома, 1891 ж.) Кострома шаруаларының тұрмысын суреттей келіп, былай дейді: шет кәсіптегі костромалықтардың ішінен жер үшін «қожайындардың сол жерге төлейтін алым-салықтың белгілі бір азғана мөлшерін алатындары сирек кездеседі, әдетте жерді жалға бергенде оны жалдап алған адам сол жердің айналасын қоршап қоюы үшін ғана жалға береді, ал алым-салықтардың бәрін қожайынның өзі төлейді». 1896 жылы шыққан «Ярославль губерниясының шолуында» шет кәсіпке кетуші жұмысшыларға үлесті жерден төлеп құтылуға тура келетіндігін көрсететін осы сияқты толып жатқан деректер кездеседі.

Әрине, таза егіншілік губернияларында мұншалықты «жер өктемдігін» біз кездестірмейміз. Бірақ деревняның екі полюсінде де үлесті жер ролінің кеміп бара жатқаны сияқты құбылыстың басқа формада бұлар үшін де сөзсіз күші бар. Бұл жалпыға бірдей факт. Солай болғандықтан, алым-салықтарды үлесті жерге қарай бөлушілік салық салуды барған сайын әркелкі етпей қоймайды. Экономикалық даму барлық жағынан және барынша әр түрлі жолдар арқылы мынаған әкеліп соғады: жер иелігінің орта ғасырлық формалары күйрейді, сословиелік межелер (үлесті, помещиктік және т. б. жерлер) құруға бет алады, шаруашылықтың жаңа формалары әр түрлі жер иелігінің кез келген пұшпақтарынан құралады. Жер иелігінің орта ғасырлық формаларын осылай «тазалауды» аяқтау ісін XIX ғасыр XX ғасырға сөзсіз орындайтын міндет ретінде өсиет етіп қалдырады. Бұл «тазалау» жерді шаруалық национализациялау түрінде жүргізіле ме немесе кулактардың қауымды тез талауы түрінде және помещиктік шаруашылықты юнкерлік шаруашылыққа айналдыру түрінде жүргізіле ме, күрес осы жөнінде болып отыр.

Шаруалар шаруашылығының қазіргі құрылысы туралы мәліметтерді қарастыра отырып, жер туралы мәсе-

леден мал шаруашылығы туралы мәселеге көшейік. Біз бұл арада да, жалпы құбылыс ретінде, тағы да мынаны анықтауға тиіспіз: шаруа шаруашылықтары арасында малдың бөлінуі үлесті жердің бөлінуіне қарағанда *анағұрлым* әркелкі болып отыр. Мысалы, Таврия губерниясының Днепр уезіндегі шаруалардың мал шаруашылығының мөлшері мынадай:

	Бір үйге келетіні	
	үлесті жер дес.	барлық мал саны
Егін екпейтіндер	6,4	1,1
5 дес. дейін егетіндер	5,5	2,4
5—10 дес »	8,7	4,2
10—25 » »	12,5	7,3
25—50 » »	16,6	13,9
50 дес. көп »	17,4	30,0
Орта есеппен	11,2	7,6

Шеткері топтардың арасындағы айырмашылық, үлесті жердің мөлшері бойынша айырмашылыққа қарағанда, малдың саны бойынша *он есе* көп. Шаруашылықтың шын мөлшері, мал шаруашылығы туралы мәліметтер бойынша да, орташа мәліметтермен және үлесті жердің басым ролі жөніндегі жорамалмен шектеліп қабылданған мөлшерге өте аз ұқсайтын болып шығады. Біз қай уезді алсақ та, барлық жерде үлесті жердің бөлінуіне қарағанда малдың бөлінуі анағұрлым әркелкі болып шығады. Белгілі бір уездегі немесе уездер тобындағы шаруалардың қолындағы барлық малдың 37 проценттен 57 процентке дейіні 29—36 процент үлесті жері бар 20 процент ауқатты үйлердің қолына жиналған. Төменгі топтардағы үйлердің 50 процентінің үлесіне барлық малдың 14 проценттен 30 процентке дейіні қалады.

Бірақ бұл мәліметтер шын айырмашылықтардың бүкіл мәнін әлі де толық көрсетіп отырған жоқ. Малдың саны жөніндегі мәселемен қатар, оның *сапасы* жөніндегі мәселенің де маңызы кем емес, кейде тіпті мұның маңызы артық та болады. Шаруашылығы титықтап біт-

кен, барлық жағынан кіріптарлыққа шырмалған, жартылай күйзелген шаруаның сапасы азды-көпті жақсы малды сатып алып, ұстауға шамасы келмейтіндігі өзінен-өзі түсінікті. Қожайын (сорлы-қожайын) ашығады екен, мал да ашығады, басқаша болуы мүмкін де емес. Аты жоқ және жалғыз атты шаруалардың, яғни Россиядағы барлық шаруа шаруашылықтарының *бестен үш бөлігінің* мал шаруашылығының тым жартымсыз екендігін Воронеж губерниясы бойынша алынған бюджет мәліметтері өте-мөте айқын көрсетеді. Шаруалардың мал шаруашылығын сипаттау үшін осы мәліметтердің ішінен іріктеп алынған деректерді келтірейік:

	Бір жылдық шығынның орта мөлшері (сом)		
	Ірі малға шаққанда 1 шаруашылыққа келетін барлық бас	Құрал-саймандар мен малға толықтыруға және жөндеуге кететіні	Мал азығына кететіні
а) Аты жоқтар	0,8	0,08	8,12
б) 1 аты барлар	2,6	5,36	36,70
в) 2 » »	4,9	8,78	71,21
г) 3 » »	9,1	9,70	127,03
д) 4 » »	12,8	30,80	173,24
е) 5 және одан көп	19,3	75,80	510,07
Орта есеппен	5,8	13,14	98,91

1896—1900 жылдары Европалық Россияда аты жоқ шаруалар $3^1/_4$ миллион үй болған. Жұмыс көлігі мен құрал-сайманға жылына *сегіз тиын* жұмсап отырғанда, олардың егіншілік «шаруашылығы» қандай екендігін түсіну қиын емес. Бір аты бар шаруалар $3^1/_3$ миллион үй. Құрал-сайман мен малды толықтырып отыруға жұмсайтын жылдық шығыны бес сом болып отырғанда, олардың көретін күні өмір бойы жоқшылықтың бейнетін тарту ғана болмақ. Тіпті екі аты бар шаруалар ($2^1/_2$ миллион үй) мен үш аты бар шаруалардың (1 миллион үй) жұмыс көлігі мен құрал-саймандарға жұмсайтын жылдық шығыны да не бары 9—10 сом. Тек жоғарғы

екі топтың ғана (барлық 11 миллион шаруа шаруашылықтарынан мұндай шаруа шаруашылықтары бүкіл Россия бойынша 1 миллион) жұмыс көлігі мен құрал-сайманға жұмсайтын шығыны дұрыстап жүргізілетін егіншілік шаруашылықтың шығынына аздап болса да ұқсайды.

Мұндай жағдайларда малдың сапасы әр түрлі топтардың шаруашылықтарында бірдей бола алмайтыны әбден табиғи нәрсе. Бір жұмыс атының құны, мәселен, мынадай: жалғыз аты бар шаруада — 27 сом, екі аты бар шаруада — 37 сом, үш аты бар шаруада — 61 сом, төрт аты бар шаруада — 52 сом және көп аты бар шаруада — 69 сом. Төменгі топ пен жоғарғы топтың арасындағы айырмашылық 100 проценттен асады. Ал мұндай құбылыс ұсақ және ірі шаруашылығы бар капиталистік елдердің бәріне бірдей ортақ құбылыс болып табылады. Мен өзімнің «Аграрлық мәселе» деген кітабымда (I бөлім, СПБ. 1908) *, Дрекслердің герман егіншілігі мен мал шаруашылығы жөніндегі зерттеулері де нақ осындай нәтиже бергендігін көрсеткен болатынмын [66]. Орташа бір малдың орташа салмағы ірі имениелерде 619 килограмм (1884 ж., цитат алынған шығарманың 259-беті), 25 және одан артық гектар жері бар шаруа шаруашылықтарында — 427 килограмм, $7^1/_2$—25 гектар жері бар шаруашылықтарда — 382; $2^1/_2$—$7^1/_2$ гектар жері бар шаруашылықтарда — 352 және, ақырында, $2^1/_2$ гектарға дейін жері бар шаруашылықтарда — 301 килограмм болған.

Сонымен қатар жердің күтімі, әсіресе жерді тыңайту, малдың саны мен сапасына байланысты болып отыр. Жоғарыда біз бүкіл Россия бойынша алынған статистика мәліметтерінің бәрі, шаруа жерлерімен салыстырғанда, помещик жерлерінің жақсы тыңайтылғандығын дәлелдейді деген болатынбыз. Енді біз крепостниктік право кезінде дұрыс және заңды болған бұл сияқты бөліністің ескіргендігін көріп отырмыз. Әр түрлі шаруа шаруашылықтарының арасында терең тұңғиық бар екен, сондықтан орташа шаруа шаруашылығы туралы

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 255—266-беттер. *Ред.*

ұғымға сүйенетін зерттеулердің, есептердің, қорытындылардың, теориялардың бәрі де бұл мәселе жөнінде мүлде теріс қорытындыларға әкеп соғады. Амал не, земстволық статистика қауымдар бойынша алынған мәліметтермен шектеліп, үйлердің әр түрлі топтарын өте сирек зерттейді. Алайда Пермь губерниясында (Красноуфимск уезі) үй басы зерттеу жүргізілгенде, басқалардан ерекше, әр түрлі шаруа үйлерінің жерді тыңайтуы жөнінде дәлме-дәл мәліметтер жиналған:

		Егістік жерге жалпы көң тасып төгетін шаруашылықтардың проценті	1 үйге (көң тасушы үйге) шаққанда неше көлік көң тасылды
5 дес. дейін егетіндер		33,9	80
5—10 дес.	»	66,2	116
10—20 »	»	70,3	197
20—50 »	»	76,9	358
50 дес. көп	»	84,3	732
	Орта есеппен	51,7	176

Бұл арада біз енді шаруашылықтың мөлшеріне қарай шаруашылықтың әр түрлі егіншілік типтері бар екенін көріп отырмыз. Басқа жерде де бұл мәселеге көңіл бөлген зерттеушілер осы секілді қорытындыларға келген. Орел статистиктері ауқатты шаруалардың бір ірі қарадан жинаған көңі кедей шаруалардың жинаған көңінен екі есе дерлік артық деп хабарлайды. Үй басы 7,4 қара мал болғанда мұндай жиналған көң 391 пұт болады, ал үй басы, 2,8 қара мал болғанда көң — 208 пұт болады. Көң жинаудың «қалыпты» мөлшері 400 пұт деп есептеледі, демек, тек аздаған ауқатты шаруалар ғана норманы орындай алады. Кедейлер сабан мен көңді отынға пайдалануға, кейде тіпті көңді сатуға мәжбүр болады және т. т.

Осымен байланысты шаруалар арасында аты жоқтар санының көбеюі туралы мәселені қарастыруымыз керек. 1888—1891 жылдары Европалық Россияның 48 губерниясында барлық 10,1 миллион үйдің 2,8 миллионы, яғни 27,3 проценті аты жоқ үйлер болды. Шамамен ал-

ғанда 9—10 жылдан кейін, 1896—1900 жылдары, 11,1 миллион үйдің 3,2 миллионы, яғни 29,2 проценті аты жоқ үйлер болды. Демек, шаруаларды экспроприациялаудың өсіп отырғандығы күмәнсыз. Бірақ егер бұл процеске агрономия тұрғысынан қарайтын болсақ, онда жай қарағанда қисынсыз қорытынды шығады. Мұндай қорытындыны біздің шаруа шаруашылығындағы және агрономия тұрғысынан қарағанда қалыпты деп есептелетін «қалыпты» үш танапты шаруашылықтағы 1 атқа келетін егіс десятиналарының санын салыстыра отырып, белгілі халықшыл жазушы В. В. мырза 1884 жылдың өзінде-ақ («Вестник Европы»[67], 1884 ж., № 7) жасаған болатын. Оның есебінше, шаруалар атты *тым көп* ұстайды екен: шаруаларда әрбір атқа агрономия бойынша 7—10 десятина егістік келуі тиіс, ал оның орнына 5—8 десятинадан ғана келеді. Осыдан кейін В. В. мырза мынадай қорытынды шығарды: «Демек, Россияның бұл облысындағы (орталық қара топырақты өңірдегі) халықтың бір бөлегінің атсыз қалып отырғандығына, белгілі дәрежеде, жұмыс малының саны мен өңделуге тиісті жер көлемінің арасындағы дұрыс қатынастың қайтадан қалпына келуі деп қарау керек». Іс жүзінде бұл «қисынсыздық» мынадан: атсыз қалушылық аттарының саны мен өңделетін жер колемінің арақатынасы «қалыпты» болып отырған ауқатты үйлердің қолында жердің шоғырлануымен бір мезгілде болып отыр. Бұл «қалыпты» арақатынас «қайтадан қалпына келтіріліп» отырған жоқ (өйткені ондай нәрсе біздің шаруа шаруашылығында еш уақытта да болған емес), оған тек шаруа буржуазиясының ғана қолы жетіп отыр. Ал «қалыпты еместік» өндіріс құрал-жабдықтарының ұсақ шаруа шаруашылығында бытырап кеткендігінде болып отыр: жалғыз атты миллион шаруаның миллион атпен өңдейтін жерінің көлеміндей жерді ауқатты шаруалар $^1/_2$ немесе $^3/_4$ миллион атпен әлгілерден жақсы және ұқыпты өңдейді.

Шаруа шаруашылығындағы құрал-сайман жөнінде шаруалардың қарапайым құрал-сайманы мен жақсартылған егіншілік құралдарын айыра білу керек. Біріншінің бөлінуі, жалпы және тұтас алғанда, жұмыс көлі-

гінің бөлінуіне сәйкес келеді; бұл сияқты мәліметтерден шаруа шаруашылығын сипаттау үшін біз жаңа ешнәрсе таба алмаймыз. Ал анағұрлым қымбат тұратын жақсартылған құралдар тек неғұрлым ірі шаруашылықта ғана өз құнын өтей алады, оларды тек ойдағыдай өркендеп келе жатқан шаруашылықтар қолдана алады, олар өте-мөте күшті шоғырланған. Бұл шоғырлану туралы мәліметтердің өте зор маңызы бар, неге десеңіз бұлар, шаруа шаруашылығының *прогресі* қандай бағытта, қандай қоғамдық жағдайларда болып отырғандығы туралы дәлме-дәл пікірге келу үшін мүмкіндік беретін бірден-бір мәліметтер болып табылады. 1861 жылдан бері бұл бағытта бір адым алға басқандық бар екеніне күмәндануға болмайды, бірақ бұл прогрестің тек помещиктік шаруашылықта ғана емес, сонымен қатар шаруа шаруашылығында да капиталистік сипаты бар екендігіне қарсы шығушылық немесе күмәндanушылық өте жиі кездеседі.

Жақсартылған құралдардың шаруалар арасында бөлінуі туралы земстволық статистика мәліметтері мынадай:

	100 шаруашылыққа келетін жақсартылған а.-ш. құралдары	
	Орел губерниясының 2 уезі	Воронеж губерниясының 1 уезі
Аты жоқтар	0,01	—
1 аты барлар	0,2	0,06
2—3 »	3,5	1,6
4 және одан көп аты барлар	36,0	23,0
Орта есеппен	2,2	1,2

Бұл өңірде жақсартылған құралдар шаруалар арасында басқа жерлерден гөрі нашар тараған. Мұндай құралдары бар үйлердің жалпы проценті мүлде жарытымсыз. Бірақ төменгі топтар мұндай құралдармен мүлдем пайдаланбайды дерлік, ал жоғары топтардың арасында олар үнемі қолданылып отырады. Самара губерниясының Новоузенск уезінде қожайындардың тек 13

процентінің ғана жақсартылған құралдары бар, оның бер жағында бұл процент 5—20 жұмыс көлігі бар топта 40 процентке дейін, 20 және одан көп жұмыс көлігі бар топта 62 процентке дейін көбейеді. Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде (уездің үш ауданы) 100 шаруашылыққа жақсартылған 10 құрал келеді, бұл — жалпы орта есеп; 20—50 десятина жер өңдейтін 100 шаруашылыққа 50 құрал келеді, ал 50 десятина жер өңдейтін 100 шаруашылыққа тіпті 180 құрал келеді. Егер әр түрлі уездер бойынша алынған мәліметтерді салыстыру үшін біз жоғарыда келтірілген проценттік қатынастарды алатын болсақ, онда мынадай болып шығады: барлық жақсартылған құралдың 70 процентінен 86 процентке дейіні 20 процент ауқатты үйлердің қолында, ал 50 процент кедей үйлердің үлесіне 1,3 проценттен 3,6 процентке дейіні қалып отыр. Демек, шаруалардың арасында жақсартылған құралдардың таралуы жөніндегі прогрестің (айта кету керек, жоғарыда цитат алынған 1907 жылғы еңбекте Кауфман мырза осы прогресс туралы айтады) ауқатты шаруалардың прогресі екендігі күмәнсыз. Барлық шаруа үйлерінің бестен үш бөлігінің, аты жоқтар мен жалғыз аты барлардың, бұл жақсартуларды пайдалануға мүлде дерлік шамасы келмейді.

V

Шаруалар шаруашылығын қарастырғанда, біз бұған дейін шаруаларды көбінесе қожайын есебінде алып келдік, сонымен қатар шаруалардың төменгі топтарының қожайындар қатарынан ұдайы ығыстырылып отыратындығын көрсеттік. Қайда ығыстырылады? Әлбетте, пролетариат қатарына ығыстырылады. Енді біз пролетариаттың, әсіресе село пролетариатының, осы құрылуының, атап айтқанда, қалай болып жатқандығын және егіншілікте жұмыс күші рыногының қалай құралып жатқандығын егжей-тегжейлі қарастырып өтуіміз керек. Егер жұмыспен өтеу шаруашылығына тән таптық тұлғалар — крепостник-помещик пен үлесті жері бар кіріптар шаруа болса, онда капиталистік шаруашылыққа тән таптық тұлғалар — жалдаушы-фермер мен жал-

данушы батырақ немесе күндікші болып табылады. Помещик пен ауқатты шаруаның жалдаушыға айналуын біз айтып өттік. Енді шаруаның жалданушыға айналуын қарастырып көрейік.

Ауқатты шаруалар жалдама еңбекті көп қолдана ма? Егер батырағы бар үйлердің шаруа үйлерінің барлық санына орта есеппен неше процент келетінін алатын болсақ (әдетте жұрттың істейтіні сияқты), онда шамалы ғана процент болып шығады: Таврия губерниясының Днепр уезінде 12,9 процент, Самара губерниясының Новоузенск уезінде 9 процент, Саратов губерниясының Камышин уезінде 8 процент, Пермь губерниясының Красноуфимск уезінде 10,6 процент, Орел губерниясының 2 уезінде 3, 5 процент, Воронеж губерниясының 1 уезінде 3,8 процент, Нижний Новгород губерниясының 3 уезінде 2,6 процент. Бірақ бұл сияқты мәліметтер, шындығында жалған мәліметтер, өйткені батырағы бар үйлердің мөлшері барлық үй санына, оның ішінде батырақтар жіберетін үйлердің де санына қарай белгіленген. Капиталистік қоғамның бәрінде буржуазия халықтың болмашы азшылығы болып табылады. Жалдама жұмысшылары бар үйлер қашан да «аз» болады. Мәселе мынада: мұнда шаруашылықтың ерекше типі қалыптасып келе ме немесе жұмысшы жалдау кездейсоқ нәрсе ме? Земство статистикасының мәліметтері бұл сұраққа да барынша айқын жауап береді, бұл статистика ауқатты шаруа топтарында батырағы бар үйлердің проценті жалпы уезд бойынша орта есепке қарағанда әлдеқайда жоғары екендігін барлық жерлерде де көрсетіп отыр. Пермь губерниясының Красноуфимск уезі бойынша мәліметтерді келтірейік, бұл мәліметтерде батырақтар жалдау туралы ғана емес, сонымен қатар күндікшілер жалдау туралы да, яғни егіншілікке неғұрлым тән жалдау формасы туралы да деректер бар. [115-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Біз, кедей үйлерге қарағанда, ауқатты үйлердің семьясындағы жан санының көп екендігін, өз семьясынан қызметкерлер көп екендігін көріп отырмыз. Бірақ солай бола тұрса да, олар жалдама еңбекті әлдеқайда көп қолданады. «Семьялық кооперация» шаруашылық-

	Жұмысшылар жалдайтын шаруашылықтардың проценті				
	1 үйге келетін еркек қызметкерлердің саны	Мерзімді уақытқа	Шөп шабуға	Егін оруға	Астық бастыруға
Егін екпейтіндер	0,6	0,15	0,6	—	—
5 дес. дейін егін егетіндер	1,0	0,7	5,1	4,7	9,2
5—10 дес. »	1,2	4,2	14,3	20,1	22,3
10—20 » »	1,5	17,7	27,2	43,9	25,9
20—50 » »	1,7	50,0	47,9	69,6	33,7
50 дес. көп »	2,0	83,1	64,5	87,2	44,7
Орта есеппен	1,2	10,6	16,4	24,3	18,8

ты кеңейтудің негізі болып табылады, сойтіп оның өзі капиталистік кооперацияға айналады. Жоғары топтарда жұмысшылар жалдау нағыз системаға, кең көлемді шаруашылық жүргізудің қажетті шартына айналып отыр. Сонымен қатар күндікшілер жалдау шаруалардың тіпті орта тобында да едәуір көп таралған: егер жоғары екі топта (үйлердің 10,3 проценті) үйлердің көпшілігі жұмысшылар жалдайтын болса, онда 10—20 десятина жер өңдейтін топта (22,4 процент) барлық үйлер санының *бестен екі бөлігінен көбірегі* егін оруға жұмысшылар жалдайды. Мұнан шығатын қорытынды мынау: ауқатты шаруалар оздеріне қызмет етуге даяр тұрған миллиондаған батырақтар мен күндікшілер армиясы болмаса, өмір сүре алмаған болар еді. Ал егер батырақтары бар үйлердің орташа проценті туралы әрбір уезд бойынша алынған мәліметтерде, өзіміз көргендей, едәуір ауытқушылық болып отырған болса, онда батырақтары бар үйлердің шаруалардың жоғары топтарында шоғырлануы, яғни ауқатты үйлердің кәсіпкерлерге айналуы сөзсіз жаппай құбылыс болып табылады. 20 процент ауқатты үйлерге батырақтары бар үйлердің жалпы санының 48 процентінен 78 процентіне дейіні келеді.

Деревняның екінші полюсінде әр түрлі жалдама жұмысшылар беріп отыратын үйлердің саны туралы статистика, әдетте, бізге мәліметтер бермейді. Губернатор-

лық есептердің және әр түрлі департаменттердің қазыналық ескі статистикасымен салыстырғанда, біздің земстволық статистика бірсыпыра мәселелер жөнінде алға қарай өте ірі адым жасады. Бірақ бір мәселеде, атап айтқанда, шаруалардың «табыстары» деп аталатын мәселеде, қазыналық ескі көзқарас земстволық статистикада да сақталған. Өзінің үлесті жерінде егіншілікпен айналысу шаруаның нағыз кәсібі деп есептеледі; бөтен кәсіптің бәрі басқа жақтан табатын «табыстарға» немесе «кәсіптерге» жатқызылады, оның бер жағында, бұл арада шаруашылық категориялары шатастырылады, ал мұны саяси экономияның қарапайым ережесінің өзі ажырата білуді талап етеді. «Ауыл шаруашылық өнеркәсіпшілерінің» разрядына, мысалы, жалдама жұмысшылар бұқарасымен қатар қожайын кәсіпкерлер де (мысалы, бақшашылар) кіріп кетеді, солармен қатар қайыршылар мен саудагерлер де, үй қызметшілері мен қожайын-қолөнершілер де және т. с. сол «табысы бар үйлер» есебіне жатқызылады. Бұл барып тұрған саяси-экономиялық былық крепостниктік тәртіптің тікелей қалдығы екендігі айқын. Помещик үшін *өзінің* оброкшi шаруасы басқа жақта не істесе де: сауда жасай ма, жалданып жұмыс істей ме немесе қожайын есебінде өнеркәсіппен айналыса ма, шынында да, бәрібір болды; жалпы оброк крепостной шаруалардың бәріне бірдей түсетін-ді, олардың бәрі өздерінің нағыз негізгі жұмысынан уақытша және шартты түрде басқа жаққа кеткен деп есептелетін.

Крепостниктік право жойылғаннан кейін бұл көзқарас күннен-күнге өмір шындығына мейлінше қайшы келе бастады. Табысы бар шаруа үйлерінің көпшілігі, сөз жоқ, жалдама қызметкерлер беріп отыратын үйлердің санына жатады, бірақ біз бұл арада мәселенің мейлінше толық бейнесін көре алмаймыз, неге десеңіз *қожайын*-өнеркәсіпшілердің азшылығы әлі де болса жалпы есепке кіріп, мұқтаждық тұрмыстағылардың халін *боямалап* көрсетеді. Мұны айқын көрсету үшін бір мысал келтірейік. Самара губерниясының Новоузенск уезі бойынша статистиктер толып жатқан «кәсіптердің» [68] ішінен «егіншілік кәсібін» бөліп шығарған. Әрине, бұл тер-

мин де дәл емес, бірақ, қалай дегенмен де, мамандықтардың тізімі жаңағы сияқты 14 063 «өнеркәсіпшінің» 13 297-сі батырақтар мен күндікшілер екендігін көрсетіп отыр. Демек, мұнда жалдама жұмысшылар өте басым. Сөйтіп, егіншілік кәсіптерінің бөлінуі мынадай болып отыр:

			Егіншілікті кәсіп ететін еркек қызметкерлердің проценті
Жұмыс көлігі жоқтар			71,4
1 жұмыс көлігі барлар			48,7
2—3	»	»	20,4
4	»	»	8,5
5—10	»	»	5,0
10—20	»	»	3,9
20 және одан көп	»		2,0
		Уезд бойынша	25,0

Демек, аты жоқ шаруалардың оннан жетісі, ал жалғыз аттылардың жартысына жуығы дерлік жалдама жұмысшылар. Пермь губерниясының Красноуфимск уезі бойынша егіншілікті кәсіп ететін үйлердің орташа мөлшері — 16,2 процент, ал жерді өңдемейтіндердің 52,3 проценті, 5 десятинаға дейін өңдейтіндердің 26,4 проценті «өнеркәсіпшілер». Егіншілік кәсібі өз алдына арнайы бөлектенбеген басқа уездер бойынша істің жайы мұнан көмескілеу, бірақ, дегенмен, «кәсіптер» мен «табыстар», жалпы айтқанда, төменгі топтардың мамандығы екендігі жалпы ереже болып қалады. Төменгі топтардағы үйлердің 50 процентіне жалданып табыс табатын барлық үйдің 60 процентінен 93 процентіне дейіні келеді.

Біз мұнан шаруалардың төменгі топтары, соның ішінде жалғыз атты үйлер мен аты жоқ үйлер, халық шаруашылығының жалпы құрылысындағы өзінің алатын орны бойынша, *үлесті жері бар батырақтар мен күндікшілер* (кеңірек айтқанда: жалдама жұмысшылар) екендігін көріп отырмыз. Бұл қорытындыны 1861 жылдан кейін бүкіл Россияда жалдама еңбекті пайдаланудың өсуі туралы мәліметтер де, төменгі топтардың табыс

көзі туралы бюджеттік зерттеулер де, ақырында, бұл топтардың өмір сүру дәрежесі туралы мәліметтер де дәлелдеп отыр. Біз осы үш түрлі дәлелге біраз толығырақ тоқтап өтпекпіз.

Бүкіл Россияда селолық жалдама жұмысшылар санының өсуі туралы тек шет кәсіптегі жұмысшылар жайында ғана жалпы мәліметтер бар, бірақ бұл мәліметтер олардың егіншілікте істейтіндері мен егіншілікте істемейтіндерін дәл айырып көрсетпейді. Бұлардың жалпы санының ішінде біріншілері басым ба немесе екіншілері басым ба деген мәселені халықшылдық әдебиетте біріншілерінің пайдасына шешкен, бірақ біз төменде бұған керісінше көзқарастың дәлелдерін көрсетеміз. 1861 жылдан кейін шаруалар ішінде шет кәсіптегі жұмысшылар санының тез өсу фактісіне ешбір күмәндануға болмайды. Мұны барлық деректемелер дәлелдейді. Бұл құбылыстың статистика жүзіндегі шамалас бейнесін паспорттан түсетін табыс туралы және берілген паспорттардың саны туралы мәліметтерден көруге болады. Паспорттан түскен табыс 1868 жылы 2,1 миллион сом болған, 1884 жылы — 3,3 миллион сом, 1894 жылы — 4,5 миллион сом болған. Мұның өзі екі еседен артық өскенін көрсетеді. Европалық Россияда берілген паспорттар мен билеттердің саны 1884 жылы 4,7 миллион және 1897—1898 жылдары 7,8—9,3 миллион болған. Бұл арада біз он үш жыл ішінде екі есе көбейгенін көреміз. Бұл мәліметтердің бәрі жалпы және тұтас алғанда өзге есептерге сай келеді, мәселен, Уваров мырзаның есебіне сай келеді, ал Уваров мырза 20 губернияның 126 уезі бойынша земстволық статистиканың, көпшілігі ескірген, мәліметтерін жинақтап, шет кәсіптегі жұмысшылардың ықтимал цифрын 5 миллион адам деп есептеген [69]. С. Короленко мырза жергілікті жердегі артық жұмысшылардың саны туралы мәліметтер бойынша бұл цифрды 6 миллион адам деп есептеген.

Николай — он мырзаның пікірі бойынша, бүкіл осы жиынтық есептің «орасан көпшілігі»— егіншілік кәсіптері көрінеді. Мен «Капитализмнің дамуында»*— 60,

*Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 621—634-беттер. *Ред.*

80 және 90-жылдардың мәліметтері мен зерттеулері бұл қорытындының теріс екендігін мейлінше дәлелдейтіндігін егжей-тегжейлі айтқан болатынмын. Шет кәсіптегі жұмысшылардың көпшілігі, орасан көпшілігі болмаса да,— егіншіліктен тыс жұмысшылар болып табылады. 1898 жылы Европалық Россияда бір жерде тұруға берілген куәліктердің губерния бойынша бөлінуі туралы ең толық және ең жаңа мәліметтер мынадай:

Губерниялар топтары	1898 ж. бір жерде тұруға берілген барлық куәліктер саны
1) Егіншілік емес шет кәсіпке кетушілері басым 17 губерния	3 369 597
2) Өтпелі 12 губерния	1 674 231
3) Егіншілік шет кәсіпке кетушілері басым 21 губерния	2 765 762
Барлығы 50 губерния бойынша	7 809 590

Егерде өтпелі губернияларда жартысы егіншілік жұмысшылар деп жорамалдасақ, онда *шамамен алғандағы,* ең ықтимал бөлініс мынадай болмақ: егіншіліктен тыс жалдама жұмысшылар 4,2 миллионға жуық және *егіншіліктегі жалдама жұмысшылар 3,6 миллионға жуық болады.* Бұл цифрға Руднев мырзаның цифрын[70] қатар қою керек, ол 1894 жылы 19 губерниядағы 148 уезд бойынша земство статистикасының мәліметтерін жинақтап, ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылардың саны шамамен $3^1/_2$ миллион деп есептеген. 80-жылдардың мәліметтері бойынша бұл цифр жергілікті жұмысшыларды да, егіншілік шет кәсіптегі жұмысшыларды да қамтиды. 90-жылдардың аяқ кезінде шет кәсіптегі ауыл шаруашылық жұмысшыларының бір өзі ғана осындай мөлшерде болған.

Егіншіліктегі жалдама жұмысшылар санының өсуі помещиктік шаруашылық пен шаруа шаруашылығын қарастырғанда өзіміз көрген егіншіліктегі капиталистік кәсіпкерліктің дамуымен тікелей байланысты болып отыр. Мәселен, ауыл шаруашылығында машинаның қол-

данылуын алып қараңыздар. Ауқатты шаруаның машина қолдануы кәсіпкерлікке көшу болып табылатындығын біз дәлме-дәл мәліметтер арқылы көрсетіп өттік. Ал помещиктік шаруашылықта машина және жалпы жақсартылған құралдар қолдану капитализмнің жұмыспен өтеуді сөзсіз ығыстырып шығаруы болып табылады. Шаруа құрал-саймандарының орнына помещиктік құрал-сайман қолданылады; ескі үш танапты егістің орнына, құралдардың ауысуымен байланысты, техникалық жаңа әдістер қолданылады; кіріптар шаруа жақсартылған құралдармен жұмыс істеуге жарамсыз болып қалады, сойтіп оның орнын батырақ немесе күндікші басады.

Европалық Россияның реформадан кейін машина қолдану басқалардан гөрі көбірек дамыған ауданында келімсек жұмысшылардың жалдама жұмысшы күшін қолданушылық та басқалардан гөрі көбірек таралған. Бұл аудан — Европалық Россияның оңтүстік және шығыс шет аймақтары. Бұл ауданға егіншілік жұмысшыларының келуі өте ерекше, айқын бейнеленген капиталистік қатынастар туғызды. Ескі және осы уақытқа дейін басым болып отырған жұмыспен өтеуді барған сайын өзіне жол салып келе жатқан жаңа бағытпен салыстыру үшін бұл қатынастарға тоқталып өту қажет. Ең алдымен оңтүстік ауданда егіншіліктегі жалақының өте-мөте жоғары екендігін көрсету қажет. Ешқандай кездейсоқ ауытқуды болғызбайтын бүтін бір он жылдың (1881—1891 ж.) мәліметтері бойынша, Россияда жалақы бәрінен де Таврия, Бессарабия және Дон губернияларында жоғары. Бұл жерде жылдық қызметкер, ішіп-жемін қоса есептегенде, 143 сом 50 тиын алады, мерзімді (жазға жалданған) қызметкер — 55 сом 67 тиын алады. Жалақының жоғарылығы жағынан мұнан соңғы орынды неғұрлым өнеркәсіпті аудан — Петербург, Москва, Владимир және Ярославль губерниялары алады. Бұларда селолық жылдық жұмысшыға 135 сом 80 тиын, мерзімді жұмысшыға 53 сом төлейді. Жалақының ең төмен дәрежеде болуын орталық егіншілік губернияларда (Қазан, Пенза, Тамбов, Рязань, Тула, Орел және Курск губерниялары), яғни жұмыспен өтеу-

дің, кіріптарлықтың және крепостниктік тәртіптің неше түрлі қалдықтарының негізгі аймағында кездестіреміз. Мұнда егіншіліктегі жылдық қызметкер не бары 92 сом 95 тиын ғана алады — неғұрлым капиталистік губерниялардағыдан бір жарым есе аз алады, ал мерзімді жұмысшы — 35 сом 64 тиын — оңтүстіктегіден жаз бойына 20 сом кем алады. Нақ осы орталық ауданнан жұмысшылардың орасан көп кететіндігін де көреміз. Бұл араданп әрбір көктем сайын $1^1/_2$ миллионнан аса адам жартылап егіншілік табысқа (негізінен оңтүстікке кетеді, енді бір бөлегі өнеркәсіптік губернияларға да кетеді— мұны төменде көреміз), сонымен қатар астаналар мен өнеркәсіптік губернияларға егіншіліктен тыс жұмыстарға кетеді. Жұмысшылардың басқа жаққа кететін осы басты ауданы мен жұмысшылар келетін басты екі ауданның (егіншілік оңтүстік және өнеркәсіптік екі губерниясы бар астаналар) арасында орташа жалақысы бар губерниялар аймағы жатыр. Бұл губерниялар өз ретінде жұмысшылардың бір бөлегін неғұрлым қымбатырақ төлейтін аудандарға жібере отырып, жұмысшылардың бір бөлегін ең «арзан» және ең ашаршылықтағы орталықтан алып отырады. С. Короленко мырзаның «Ерікті жалдама еңбек» деген кітабында жұмысшылар кезбелігі мен халықтың қоныс аударуының бұл процесі өте көп материалдар негізінде толық суреттелген. Сөйтіп, капитализм халықты неғұрлым біркелкі (әрине, капиталдың тілегі тұрғысынан) орналастыруға жетеді; жалақыны бүкіл ел көлемінде бірдей етеді, нағыз біртұтас, ұлттық, еңбек рыногын құрады; кіріптар мужикті жоғары жалақымен «қызықтырып», ескі өндіріс әдістерінің сүйенетін негізін бірте-бірте тартып алады. Осыдан келіп помещик мырзалар жергілікті жұмысшылар азып кетті, басқа жаққа кетушілік жүгенсіздік пен маскүнемдік туғызды, қала жұмысшыларды «бұзды» және т. т. және т. т. деп үнемі наразылық білдіреді.

Жұмысшылардың ең көп келетін ауданында XIX ғасырдың аяқ кезінде егіншілікте айтарлықтай ірі капиталистік кәсіпорындар құрылды. Капиталистік кооперация, мәселен, молотилка сияқты машиналарды қол-

дану кезінде құралды. Херсон губерниясындағы[71] ауыл шаруашылық жұмысшыларының өмірі мен еңбек жағдайларын суреттеп жазған Тезяков мырза — ат күшімен жүргізілетін молотилкаға 14-тен 23-ке дейін және одан да артық жұмысшы керек, ал бу молотилкасына 50-ден 70-ке дейін жұмысшы керек деп көрсетеді. Кейбір шаруашылықтарда 500—1000 жұмысшы жиналған — мұның өзі егіншілік үшін өте жоғары цифр. Капитализм анағұрлым қымбатырақ еркектердің еңбегін әйелдердің және балалардың еңбегімен ауыстыруға мүмкіндік берді. Мәселен, Таврия губерниясының бұрын 40 000 жұмысшыға дейін жиналатын, ал өткен ғасырдың 90-жылдарында 20—30 мың жұмысшы жиналған, ең басты жұмысшы рыноктарының бірі болған Каховка дейтін жерде 1890 жылы жұмысшылардың 12,7 проценті әйел болғаны есепке алынған, ал 1895 жылы әйелдер саны 25,6 процентке жеткен. Балалар 1893 жылы 0,7 процент болып, ал 1895 жылы 1,69 процентке жеткен.

Капиталистік экономиялар жұмысшыларды Россияның барлық түкпірлерінен жинай отырып, оларды өз қажетіне қарай іріктеп, фабрикалық жұмысшылар иерархиясы сияқты нәрсе құрған. Мәселен, толық жұмысшы, жартылай жұмысшы деп айырады — олардың ішінен тағы да «күші зор жұмысшылар» (16—20 жас) — және «жәрдемі аз» жартылай жұмысшылар (8—14 жастағы балалар) деп айырады. Бұл арада помещиктің «өз» шаруасына «патриархтық» деп аталатын ескі көзқарасының ешбір ізі де қалмайды. Жұмыс күші басқа товарлардың барлығы сияқты товарға айналады. «Нағыз орыс» типіндегі кіріптарлық жойылуда, ол орнын апта сайын берілетін ақша төлеміне, жанталасқан бәсекеге және жұмысшылар мен қожайындардың стачкаларына беруде. Жалдау рыноктарында орасан көп жұмысшылар бұқарасының жиналуы және еңбек жағдайларының адам айтқысыз ауыр, денсаулыққа зиянды болуы, ірі экономияларға қоғамдық бақылау қою талабын туғызды. Бұл талаптар егіншіліктегі «ірі индустрия» үшін тән нәрсе, бірақ саяси бостандық пен жұмысшылардың ашық ұйымдары болмаған жағдайда,

олар, әрине, ешбір берік бола алмайды. Келімсек жұмысшылардың еңбек жағдайларының қаншалықты ауыр екендігі жұмыс күнінің $12^1/_2$ сағаттан 15 сағатқа дейін созылатындығынан көрініп тұр. Машинада істейтін жұмысшылардың зақымдануы дағдылы құбылысқа айналған. Жұмысшылардың (мысалы, молотилкада істеушілердің) кәсіби аурулары етек алып жайылған және т. т. XIX ғасырдың аяғындағы Россиядан жұмыспен өтеу және барщиналық шаруашылықтың таза орта ғасырлық, алдыңғы қатарлы елдерде әлдеқашан жойылған, әдістерімен қатар, таза капиталистік қанаудың барлық «тамашаларын», мейлінше дамыған, американдық, түрін де көруге болады. Россиядағы аграрлық қатынастардың мейлінше әр қилы болу себебі қанаудың крепостниктік және буржуазиялық әдістерінің қат-қабат араласып жатқандығына келіп саяды.

Орыс егіншілігіндегі жалдама еңбек жағдайларын баяндауды аяқтау үшін төменгі топтардағы шаруалардың шаруашылығы туралы бюджеттік мәліметтерді көрсете кетейік. Жалдама жұмыс бұл арада «табыстар» немесе «кәсіптер» деген сыпайы атаумен көрсетілген. Бұл табыстардан түсетін пайда мен егіншілік шаруашылығынан түсетін пайданың арақатынасы қандай? Аты жоқ және жалғыз атты шаруалардың воронеждік бюджеттері бұған дәл жауап береді. Аты жоқ шаруаның барлық салалардан түсетін жалпы табысы 118 сом 10 тиын делінген, соның ішінен 57 сом 11 тиын егіншіліктен, 59 сом 4 тиын «кәсіптерден» түседі. Бұл соңғы сома «жеке кәсіптерден» түскен 36 сом 75 тиын табыстан және 22 сом 29 тиыны басқа түрлі табыстардан құралады. Соңғылардың ішіне *жерді жалға беруден түскен табыс* та кіреді! Жалғыз аты бар шаруаның жалпы табысы 178 сом 12 тиын, соның ішінен 127 сом 69 тиыны егіншіліктен және 49 сом 22 тиыны кәсіптерден түседі (35 сом — жеке кәсіптерден, 6 сом арбакештіктен, 2 сом «сауда-өнеркәсіптік орындар мен кәсіпорындарынан» және 6 сом әр түрлі табыстар). Егер егін шаруашылығына жұмсалатын шығынды алып тастайтын болсақ, онда егіншіліктен түсетін табыс 69 сом 37 тиын болады да, кәсіптерден түсетін табыс 49 сом 22 тиын болады.

Міне, Россиядағы барлық шаруа үйлерінің бестен үш бөлігі өзінің күнелтуіне қажетті қаражатты осылайша табады. Мұндай шаруалардың тұрмыс дәрежесі батырақтардың тұрмыс дәрежесінен жоғары емес, кейде төмен де болатындығы түсінікті. Сол Воронеж губерниясында бір жылға жалданатын батыраққа төленетін орташа ақы (1881—1891 жылдардағы он жыл бойынша) 57 сом, оның үстіне оның ішім-жеміне кететін 42 сом қосылады. Оның бер жағында, семьясында 4 жаны бар аты жоқ шаруаға *бүкіл семьясының* ішім-жемі *бір жылға 78 сом* тұрады, семьясында 5 жаны бар жалғыз атты шаруаға бір жылға 98 сом тұрады. Жұмыспен өтеу арқылы, алым-салықтар және капиталистік қанау арқылы орыс шаруасы Европада мүмкін еместей көрінетін сонішалық қайыршылық, аштық тұрмысқа душар етілген. Европада бұл сияқты әлеуметтік типті *пауперлер* деп атайды.

VI

Шаруалардың жіктелуі туралы жоғарыда айтылғандардың бәрін қорыту үшін ең алдымен бүкіл Европалық Россия бойынша әдебиетте бар бірден-бір қорытынды мәліметтерді келтірейік, бұл мәліметтер шаруалардың ішіндегі әр түрлі топтардың әр түрлі кезеңдерде қандай болғаны туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Бұл — әскери ат санағының мәліметтері. Өзімнің «Капитализмнің дамуы» деген кітабымның екінші басылуында мен Европалық Россияның 48 губерниясы бойынша 1888—1891 және 1896—1900 жылдар ішіндегі осындай мәліметтерді жинақтаған болатынмын *. Мұның неғұрлым маңызды нәтижелерін сұрыптап алғанда мынадай: [125-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл мәліметтер, жоғарыда менің жол-жөнекей айта кеткенімдей, шаруалардың экспроприациялануы өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Үйлер санының бір миллиондық өсімі төменгі екі топтың өсуіне ғана кетіп отыр. Осы уақыттың ішінде аттың жалпы саны 16,91 миллионнан 16,87 миллионға дейін кеміді, яғни тұтас

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 148—149-беттер. *Ред.*

	Шаруа үйлерінің саны (миллион)			
	1888—1891 жж.		1896—1900 жж.	
	Барлығы	%	Барлығы	%
Аты жоқтар	2,8	27,3	3,2	29,2
1 аты барлар	2,9	28,5	3,4	30,3
2 » »	2,2	22,2	2,5	22,0
3 » »	1,1	10,6	1,0	9,4
4 және одан көп	1,1	11,4	1,0	9,1
Барлығы	10,1	100,0	11,1	100,0

алғанда барлық шаруалар ат жөнінде біраз кедейленді. Жоғарғы топ та кедейленді, бұл топтың 1888—1891 жылдары үй басы 5,5 аты болған, ал 1896—1900 жылдары үй басы — 5,4 аты болды.

Бұл мәліметтерден шаруалардың ішінде «жіктелу» болып жатқан жоқ деп оңай қорытынды шығаруға болады: ең кедей топ бәрінен де гөрі артық көбейген, ең бай топ бәрінен де гөрі көп азайған (үй санына қарай). Бұл жіктелу емес, қайыршылықтың біркелкіленуі! Ал осы сияқты әдістерге негізделген мұндай қорытындыларды әдебиетте өте жиі кездестіруге болады. Бірақ біз: шаруалардың ішіндегі топтардың арақатынасы өзгерді ме деген сұрақ қойсақ, онда біз мұнан басқаша жағдайды көреміз. 1888—1891 жылдары төменгі топтардағы үйлердің жартысында аттың жалпы санының 13,7 проценті бар еді, ал 1896—1900 жылдары да аттардың нақ осындай проценті болды. Неғұрлым ауқатты топтарды қамтыған үйлердің бесінші бөлегінде алғашқы дәуірде барлық аттың 52,6 проценті, екінші дәуірде — 53,2 проценті болды. Әрине, топтардың арақатынасы өзгермеді дерлік екені анық. Шаруалар кедейленді, ауқатты топтар кедейленді, 1891 жылғы дағдарыс барынша мықтап әсер етті, бірақ село буржуазиясының күйзеліп келе жатқан шаруаларға көзқарасы бұдан өзгерген жоқ және, істің мәнісіне келгенде, өзгере алмады да.

Үзіп-жұлып алынған статистикалық мәліметтерге сүйеніп, шаруалардың жіктелуі туралы пікір айтпақшы болған адамдар көбінесе осы жағдайды ескермей жүр. Мәселен, аттардың бөлінуі туралы жеке мәліметтер шаруалардың жіктелуі туралы мәселе жөнінде әлденендей

түсінік бере алады деп ойлау адам күлерлік болар еді. Шаруа шаруашылығы туралы мәліметтердің *бүкіл жинағымен* байланысты алып қарамайынша, бұл бөліну әлі еш нәрсені дәлелдей алмайды. Егер біз бұл мәліметтерді қарастыра келіп, жерді арендаға алу мен жерді арендаға берудің, жақсартылған құралдар мен тыңайтқыштардың, табыстар мен сатып алынған жердің, жалдама жұмысшылар мен мал санының бөлінуі жөнінде топтардың арасында бәріне ортақ нәрсе бар екенін анықтадық десек, егер біз құбылыстың осы әр түрлі жақтарының өзара айрылмастай байланысты екендігін және бір-біріне қарама-қарсы экономикалық типтердің — пролетариат пен село буржуазиясының,— құралып отырғандығын корсететіндігін дәлелдесек, егер біз осының бәрін анықтадық десек, сонда да біз жоғарыда айтылғандардың бәрін *анықтап суреттеу* үшін, айталық, аттың қалай бөлінгендігі туралы болса да жеке мәліметтерді сол анықталған молшерде ғана ала аламыз. Мұның керісінше, бізге, айталық, ауқатты топта белгілі бір дәуірдің ішінде аттар санының кемігендігінің пәлендей бір жағдайын дәлел етіп келтіруі мүмкін, бірақ *тек осыған* сүйеніп шаруалар ішіндегі село буржуазиясы мен шаруалардың басқа топтарының арасалмағы туралы белгілі бір жалпы қорытындылар шығару барып тұрған сорақылық болар еді. Капиталистік елдердің бірде-бірінде, шаруашылықтың бірде-бір саласында бірқалыпты даму жоқ және (рынок үстем болып тұрғанда) болуы да мүмкін емес: секірмелі түрде болмай, бұраң жолсыз, бірде тез ілгері басып, бірде бұрынғы дәрежесінен уақытша төмендеп кемімейінше, капитализм дами *алмайды.* Ал орыстардың аграрлық дағдарысы туралы және алдағы болатын төңкеріс туралы мәселенің мәні тіпті де капитализмнің даму дәрежесінің нақ қандай екендігінде немесе бұл дамудың қарқыны қандай екендігінде емес, қайта бұл мәселенің мәнісі мынада болып отыр: мұның өзі капиталистік дағдарыс пен капиталистік төңкеріс пе, әлде жоқ па, мұның өзі шаруаларды селолық буржуазияға және пролетариатқа айналдыру жағдайларында болып отыр ма, әлде жоқ па, қауым ішіндегі жеке үйлердің арасындағы қатынастар бур-

жуазиялық қатынастар ма, әлде жоқ па. Басқаша айтқанда: Россиядағы аграрлық мәселе жөніндегі зерттеулердің қандайының болса да бірінші міндеті аграрлық қатынастардың таптық мәнін сипаттау үшін керекті негізгі мәліметтерді анықтап алу болып табылады. Қандай таптармен және дамудың қандай бағытымен шұғылданып отырғанымызды анықтап алғаннан кейін ғана жеке мәселелер туралы, дамудың қарқыны туралы, жалпы бағыттың белгілі бір түр өзгерістері және т. т. туралы сөз болуы мүмкін.

Россиядағы реформадан кейінгі шаруа шаруашылығына маркстік көзқарастардың негізі — бұл шаруашылықтың типін ұсақ буржуазиялық деп тану. Маркстік лагерьдегі экономистердің экономист-халықшылдармен таласының өзі, ең алдымен, атап айтқанда бұл сипаттама дұрыс па, оны қолдануға бола ма деген мәселе туралы болды (егер алауыздықтардың шын мәнін анықтау көзделген жағдайда, осылай болуы да керек). *Бұл* мәселені мейлінше анықтап алмайынша, белгілі бір неғұрлым нақты немесе практикалық мәселеге ұмтылып, бірде-бір қадам ілгері басуға болмайды. Мәселен, егер біздің аграрлық эволюцияның жалпы қандай бағытпен келе жатқандығы, оқиғалардың белгілі бір барысында қандай таптардың ұтатындығы және т. т. алдын ала анықталмаған болса, аграрлық мәселені шешудің XIX ғасыр XX ғасырға өсиет етіп қалдырған қайсыбір жолдарын қарастыру мүлде үмітсіз және былыққан іс болар еді.

Шаруалардың жіктелуі туралы жоғарыда біз келтірген егжей-тегжейлі мәліметтер, атап айтқанда, аграрлық төңкерістің барлық басқа мәселелерінің негізін анықтайды, мұны түсініп алмайынша ілгері басуға болмайды. Россияның қарама-қарсы түкпірлерінде біз егжей-тегжейіне жете зерттеген шаруалардың әр түрлі топтарының арасындағы қарым-қатынастардың жиынтығы қауым ішіндегі қоғамдық-экономикалық қатынастардың нақ шын мәнін көрсетеді. Бұл қарым-қатынастар осы тарихи жағдайда шаруа шаруашылығының ұсақ буржуазиялық жаратылысын айқын көрсетеді. Марксистер егіншіліктегі ұсақ өндіруші (үлесті жерде

қожалық етсе де немесе басқа жерде қожалық етсе де бәрібір) товар шаруашылығының дамуы жағдайында сөзсіз ұсақ буржуа болады дегенде, бұл қағидаға жұрт аң-таң болған еді; бұл қағида басқалардың үлгілерінен біздің ерекше жағдайларымызға дәлелсіз, жайдан-жай көшіріле салып отыр деушілер болды. Бірақ топтардың өзара қатынастары туралы, арендаға алынған жерді бай қауымшылардың кедей қауымшылардан қағып әкетуі туралы, біріншілердің батырақтар жалдауы және екіншілердің жалдама жұмысшыларға айналуы туралы және тағы сондайлар туралы толып жатқан мәліметтер, міне осы мәліметтердің барлығы, марксизмнің теориялық қорытындыларын дәлелдеп, ол қорытындыларды талассыз айқын етеді. Россияның шаруашылық дамуына бағыт беру ісіндегі қауымның маңызы туралы мәселе осы мәліметтер арқылы *біржолата шешіледі,* өйткені шын (ойдан шығарылмаған) қауымның нақ осы шын бағытын біздің мәліметтер көрсетіп отыр. Үлесті жердің бүкіл теңгермелігіне қарамастан, қайта бөліс-терге және т. с. қарамастан, қауымшы-шаруалардың шын мәніндегі шаруашылық дамуының бағыты, атап айтқанда, село буржуазиясының құрылуында және аса кедей қожайындар бұқарасын пролетариат қатарына ығыстырып шығаруында *болып отыр.* Столыпиндік аграрлық саясат та,— мұны төменде көреміз,— трудовиктер талап етіп жүрген жерді национализациялау да осы дамудың бағытында болып отыр, әйтседе қоғам дамуының тездігі, өндіргіш күштердің өсуі және бұқараның мүдделерін неғұрлым сақтау тұрғысынан қарағанда, аграрлық мәселені «шешудің» бұл екі формасының арасында үлкен айырма бар.

Бізге енді Россияда сауда егіншілігінің дамуы туралы мәселені де қарастырып өтуге тура келеді. Осының алдындағы баяндауда, алғы шарт ретінде, бүкіл реформадан кейінгі заманның өзгешелігі сауда мен айырбастың күшеюі екендігі туралы жалпыға мәлім факті айтылған еді. Мұны дәлелдейтін статистикалық мәліметтер келтіріп жату бізднше ешбір керексіз нәрсе сияқты. Бірақ, біріншіден, қазіргі шаруа шаруашылығының рынокқа нақ қаншалықты бағынышты болып

отырғанын, ал екіншіден, рынокқа бағынуына қарай егіншіліктің қандай *ерекше* формалары болатындығын көрсету керек.

Бірінші мәселе жөнінде Воронеж земствосының бюджеттік статистикасында анағұрлым дәлірек мәліметтер бар. Мұнда біз шаруа семьясының ақшалай шығыны мен табысын барлық шығын мен табыстан бөліп шығара аламыз (табыс пен шығынның жалпы жинақтары жоғарыда келтірілді). Рыноктың ролін көрсететін кесте мынадай:

	Шаруаның ақшалай шығыны мен табысы жалпы шығын мен табыстың неше проценті?	
	%	%
Аты жоқтар	57,1	54,6
1 аты барлар	46,5	41,4
2 » »	43,6	45,7
3 » »	41,5	42,3
4 » »	46,9	40,8
5 және одан көп	60,2	59,2
Орта есеппен	49,1	47,9

Сонымен, ауқатты шаруалар мен қайыршылыққа ұшырап, жартылай пролетарға айналған шаруалар шаруашылығы туралы айтпағанның өзінде, тіпті *орта* шаруаның шаруашылығы да рынокқа өте-мөте қатты бағынышты. Сондықтан шаруа шаруашылығы туралы сөз қылғанда рыноктың, айырбастың, товар өндірісінің ролі басым екенін және оның өсіп келе жатқанын елемейтін пікірдің қандайы болса да түбірімен теріс. Крепостниктік латифундиялар мен помещиктік жер иелігін жою,— XIX ғасырдың аяғында орыс шаруаларының барлық ниет-арманы болған бұл шара рыноктың өктемдігін бәсеңдетпейді, қайта *күшейтеді,* өйткені сауда мен товар өндірісінің өсуіне жұмыспен өтеу және кіріптарлық *кедергі болып отыр.*

Екінші мәселе жөнінде мынаны айту қажет: егіншілікке капиталдың енуі өзінше бір ерекше процесс, бұл процесті бет алды ала салған, жалпы орыстық мәліметтермен ғана шектеліп дұрыс түсінуге болмайды. Егін-

шілік сауда егіншілігіне кенеттен айналмайды және мемлекет ішіндегі әр түрлі шаруашылықтар мен әр түрлі аудандарда бірдей бола қоймайды. Қайта керісінше, рынок, әдетте, күрделі егіншілік шаруашылығының бір жерде бір жағын бағындырса, екінші жерде екінші жағын бағындырып отырады, оның бер жағында, мұның басқа жақтары жойылып кетпейді, ал «басты» жағына, яғни ақшаға айналған жағына қарай бейімделіп отырады. Мысалы, бір жерде көбінесе саудалық астық шаруашылығы қалыптасады: мұның сату үшін өндіретін басты өнімі астық болып табылады. Мұндай шаруашылықта мал өсіру бағынышты роль атқарады және барабара — егін шаруашылығының бір жақты дамуы шегіне жеткен жағдайларда — жойылуға таяйды. Мәселен, Америкада қиыр батыстың «бидай фабрикалары» кей кезде бір жаздың ішінде мүлдем дерлік малсыз ұйымдастырылды. Басқа жерлерде көбінесе саудалық мал шаруашылығы қалыптасады; мұның сату үшін өндіретін басты өнімдері ет немесе сүт өнімдері болып табылады. Таза егіншілік шаруашылығы мал өсіруге бейімделеді. Әрине, бұлардың әрқайсысында әр шаруашылықтың мөлшері де, шаруашылықты ұйымдастыру әдістері де әр түрлі болатындығы түсінікті. Қала маңындағы сүт шаруашылығы туралы оның егісінің мөлшеріне қарап пікір айтуға болмайды. Ірі және ұсақ шаруашылықтың тең өлшеуішін қырдағы егінші үшін, огородшы үшін, темекі егуші үшін, «сүт фермері» (егер ағылшынша айтсақ) және т. т. үшін қолдануға болмайды.

Егіншілікке айырбас пен сауданың енуі оны мамандандырады, ал бұл мамандандыру барған сайын өсіп келеді. Шаруашылықтың белгілі бір көрсеткішінің өзі (мысалы, аттың саны) сауда егіншілігінің әр түрлі аудандарында түрліше маңыз алады. Мәселен, астана маңындағы жерде орналасқан аты жоқ шаруалардың ішінде, айталық, сауын малы бар, үлкен сауда айналымын жасайтын, жалдама жұмысшылар ұстайтын ірі қожайындар бар. Әрине, аты жоқтар мен жалғыз аттылардың жалпы саны ішінде мұндай фермерлердің саны тіпті болмашы ғана, бірақ егер біз бүкіл елді қамтитын жалпы мәліметтердің өзін ғана алатын болсақ, онда біз

егіншіліктегі капитализмнің айрықша түрін есепке ала алмаймыз.

Бұл жағдайға ерекше көңіл бөлу керек. Мұны ескермейінше, егіншілікте капитализмнің дамуы туралы дұрыс түсінік алуға болмайды және оп-оңай тұрпайы қате жіберуге болады. Егіншіліктің шын ерекшеліктерімен санасқанда ғана процестің бүкіл күрделілігін түгел қамтуға болады. Егіншілік өзінің ерекшеліктері арқасында капиталистік дамудың заңдарына бағынбайды деушілік мүлдем теріс. Егіншіліктің ерекшеліктері оның рынокқа бағынуына кедергі жасайды, бұл осылай, бірақ сөйте тұрса да, жер-жердің бәрінде және барлық елдерде сауда егіншілігінің *өсу* процесі тоқтаусыз өтіп жатыр. Бірақ бұл сауда егіншілігінің құрылу формасы, шынында да, өз алдына ерекше және ол айрықша зерттеу әдістерін талап етеді.

Бұл айтылғанды түсіндіру үшін Россиядағы сауда егіншілігінің әр түрлі аудандарынан айқын мысалдар алайық. Саудалық астық шаруашылығы ауданында (Новороссия, Заволжье) дәнді астық өнімі өте тез өскендігін көреміз; 1864—1866 жылдары бұл губерниялар орталық қара топырақты губерниялардан кейін еді: халқының жан басына 2,1 четверттен ғана таза өнімі болды; 1883—1887 жылдары бұл губерниялар орталықтан озық шығып, жан басына 3,4 четверттен таза өнім жинады. Бұл ауданның реформадан кейінгі дәуірдегі айрықша өзгешелігі — егіс көлемінің өсуі. Бұл ауданда жерді өңдеу ісінде мейлінше артта қалғандық өте жиі кездеседі — барлық назарды мүмкін болғанынша жерді көп жыртуға ғана аударады. Мұнда XIX ғасырдың екінші жартысында американдық «бидай фабрикаларына» ұқсас жағдай қалыптасты. Егістің көлеміне қарай (жоғары топтардағы шаруалардың егісі үй басы 271 десятинаға жетті) шаруашылықтың мөлшері мен типінің қандай екені туралы пікір айтуға әбден болады. Басқа ауданда — өнеркәсіпті және, атап айтқанда, астана маңындағы ауданда — егіс көлемін бұл сияқты өсіру туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұл жерге, саудалық астық шаруашылығы емес, саудалық мал шаруашылығы өте-мөте тән болып отыр. Мұнда өңделетін жердің деся-

тина санына немесе жұмыс атының санына қарап шаруашылық туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға болмайды. Анағұрлым жарамды өлшеуіш болатын нәрсе — сиыр саны (сүт шаруашылығы). Бұл жерде ірі шаруашылық прогресінің айрықша белгісі, егіс көлемін арттыру емес, ауыспалы егісті өзгерту, шөп егісі болып табылады. Аты көп үйлер мұнда аз; тіпті ат санының азаюының өзі кейде шаруашылықтың прогресін көрсететін болуы мүмкін. Мұның есесіне, Россияның басқа өңірлеріне қарағанда, бұл жердегі шаруалар сиырға бай. Благовещенский мырза земстволық статистиканың қорытындылары бойынша, орта есеппен үй басы 1,2 сиырдан келеді деп есептеді; Петербург, Москва, Тверь және Смоленск губернияларының 18 уезінде үй басы 1,6 сиырдан, тек Петербург губерниясында ғана үй басы 1,8 сиырдан келеді[72]. Сауда капиталы да, өндіріске жұмсалатын капитал да бұл жерде көбінесе мал шаруашылығының өнімдерінен алынады. Табыс мөлшері бәрінен гөрі сауын сиырдың санына байланысты. «Сүт фермалары» қалыптасып келеді. Ауқатты шаруалардың егіншілік жұмысшыларын жалдауы көбеюде, *өнеркәсіпті* губернияларға жүдеп-жадаған орталықтан *егіншілік* жұмысқа адамдар барып жататындығын біз айтқан болатынбыз. Бір сөзбен айтқанда, сол бір қоғамдық-экономикалық қатынастар бұл жерде таза егіншілік жағдайларға ұқсас емес егіншілік жағдайларында, мүлдем басқаша формада көрініп отыр.

Ал егер арнаулы дақылдарды, мысалы, темекі өсіруді, немесе егіншіліктің өнімдерді техникалық өңдеумен ұштасуын (шарап жасау, қызылша-қант, май шайқайтын, картоп-крахмал және т. б. өндірістер) алатын болсақ, онда кәсіпкерлік қатынастардың көріну формалары мұнда саудалық астық шаруашылығы бар жердегі формаларға да, саудалық мал шаруашылығы бар жерлерде қалыптасып жатқан формаларға да ұқсас емес болып шығады. Бұл жерде өлшеуіш етіп не арнаулы егістердің көлемін, не сол шаруашылықпен байланысы бар, өнімдерді техникалық өңдейтін кәсіпорынның мөлшерін алуға тура келеді.

Егіс көлемін немесе мал санын ғана ескеретін егіншіліктің жалпы статистикасы формалардың осы алуан түрлерінің бәрін бірдей жете қамти алмайды, сондықтан мұндай статистикадағы анықтамаға ғана негізделіп жасалған қорытындылар бастан-аяқ теріс болып шығады. Барлығына бірдей жалпы цифрлар мен дерексіз алынған орта мөлшерлерге қарап ойлағандағыдан гөрі сауда егіншілігі анағұрлым тез өсіп келеді, айырбастың ықпалы кеңірек жайылуда, капитал ауыл шаруашылығын анағұрлым тереңірек қайта құруда.

VII

Енді аграрлық мәселенің және XIX ғасырдың аяғында Россияда болған аграрлық дағдарыстың мәні туралы жоғарыда айтылғандарды қорытайық.

Бұл дағдарыстың мәні неде? М. Шанин «Муниципализация немесе меншікке болу» (Вильна, 1907 ж.) деген кітапшасында біздегі егіншілік дағдарысы — егіншілік мәдениетіне байланысты дағдарыс, оның нағыз терең тамырлары — Россиядағы мүлде төмен егіншілік техникасын көтеру қажеттігінде, егіншіліктің ең жоғары системаларына көшу қажеттігінде және т. т. болып отыр деп дәлелдемек болады.

Бұл пікір дұрыс емес, неге десеңіз, бұл тым дерексіз пікір. Жоғары техникаға көшудің қажет екендігінде күмән жоқ, бірақ, біріншіден, бұл көшу Россияда 1861 жылдан кейін іс жүзінде болды да. Прогресс қаншама баяу болғанымен, помещиктік шаруашылық та, шаруа шаруашылығының ауқатты азшылығы да шөп егуге, жақсартылған құралдар қолдануға, жерді неғұрлым жүйелі және ұқыпты түрде тыңайтуға және т. т. көшкендігі мейлінше талассыз нәрсе. Ал егіншілік техникасының бұл баяу прогресі 1861 жылдан бері келе жатқан жаппай процесс болғандықтан, жұрттың бәрі мойындап отырған XIX ғасырдың аяғындағы егіншілік дағдарысының өршуін түсіндіру үшін, тегінде, ол баяу прогресті көрсетіп қана қою әлі жеткіліксіз. Екіншіден, аграрлық мәселені «шешудің» өмірде көрініп отырған екі формасының екеуі де, помещиктік жер иелігін сақтап

қалу және қауымды мүлдем жою, қауымды кулактарға талату жолымен оны *жоғарыдан* столыпиндік әдіспен шешу де,— помещиктік жер иелігін жойып, бүкіл жерді национализациялау жолымен оны шаруаларша (трудовиктерше) *төменнен* шешу де, аграрлық мәселені осы екі жолмен шешудің екеуі де жоғары техникаға көшуді өзінше оңайлатады, егіншілік мәдениетінің артуы бағытында жүреді. Тек бұл шешімдердің біреуі осы прогресті кедей шаруаларды егіншіліктен ығыстырып шығару процесін тездетуге сүйеніп жүргізеді, екіншісі — крепостниктік латифундияларды жою арқылы жұмыспен өтеуді ығыстырып шығару процесін тездетуге сүйеніп жүргізеді. Кедей шаруалардың өз жерінде «қожалық етуі» өте-мөте нашар, бұл күмәнсыз факт. Демек, егер олардың жерлерін тасқынды әдіспен пайдалануға және ат төбеліндей ауқатты шаруалардың баса-көктеп талап алуына берсе, онда егіншілік мәдениетінің көтерілетіндігінде күмән жоқ. Бірақ жұмыспен өтеу және кіріптарлық әдісі арқылы пайдаланылып отырған помещиктік жерлердің өте-мөте нашар, *үлесті жерлерден де нашар* өңделіп отырғандығы да дәл осындай күмәнсыз факт (жоғарыда келтірілген мәліметтерді еске түсіріңіз: 1 десятина үлесті жерден 54 пұт, экономиялық жерден 66 пұт, жарма-жар өңделген жерден 50 пұт, шаруалардың жылдап арендаға алған жерінен 45 пұт). Помещиктік шаруашылықтың жұмыспен өтеу системасы егіншіліктің адам айтқысыз артта қалған әдістерін сақтаушылық болып табылады, егіншілік мәдениетінде де, бүкіл қоғамдық өмірде де тағылықты мәңгіге сақтаушылық болып табылады. Демек, егер барлық жұмыспен өтеуді түп тамырымен жұлып алса, яғни бүкіл помещиктік жер иелігін мүлде жойса (және оның үстіне төлемсіз жойса), онда егіншілік мәдениетінің көтерілетіндігі күмәнсыз.

Демек, аграрлық мәселе мен аграрлық дағдарыстың мәні егіншілік мәдениетінің көтерілуі жолындағы кедергілерді жоюда емес, бұл кедергілерді *қандай ретпен* жоюда, бұл жоюды қай таптың және қандай әдістермен жүргізуінде. Ал елдің өндіргіш күштерінің дамуы жолындағы кедергілерді жою сөзсіз қажет, мұның өзін

сөздің субъективтік мағынасында ғана емес, сонымен қатар объективтік мағынасында да жою қажет, яғни бұл жою болмай қоймайды, оны болдырмауға ешқандай күштің шамасы келмейді.

М. Шаниннің қателігі мынада: ол егіншілік техникасын котеру қажеттігі туралы дұрыс қағиданы тым жалпылама алған, орыс егіншілігінде крепостниктік белгілер мен капиталистік белгілердің араласып келуінің өзіндік ерекше формаларын ескермеген; оның бұл қателігін аграрлық мәселемен шұғылданатын өте көптеген жазушылар да істеп жүр. Россия ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерінің дамуына ең басты және негізгі кедергі болып отырған нәрсе крепостниктік тәртіптің қалдықтары, яғни ең алдымен жұмыспен өтеу және кіріптарлық, одан кейін крепостниктік алым-салықтар, шаруаның тең праволы еместігі, оның жоғары сословие алдында төмендеушілігі және т. т. және т. т. болып табылады. Крепостниктік тәртіптің бұл қалдықтарын жою әлдеқашан шаруашылық қажеттілікке айналды, ал егіншілік дағдарысының XIX ғасырдың аяқ кезінде адам айтқысыз қатты шиеленіскен себебі — Россияны орта ғасырлықтан азат ету процесі тым созылып кеткендіктен, жұмыспен өтеу және кіріптарлық тым ұзақ уақыт «жайлап» алғандықтан болып отыр. 1861 жылдан кейін бұлардың жойылуы тым саябырлап кеткені соншалық, жаңа организмге крепостниктік тәртіптен тез тазарудың күш жұмсау әдістерін қолдану да қажет болды.

Орыс егіншілігінің бұл жаңа шаруашылық организмі қандай? Мұны біз осының алдындағы баяндауда ерекше толық көрсетуге тырыстық, өйткені бұл жөнінде либерал-халықшылдық лагерьдегі экономистерде өте-мөте теріс түсініктер бар. Бізде крепостниктік қауызды жарып шығып келе жатқан жаңа шаруашылық организм — сауда егіншілігі мен капитализм. Помещиктік шаруашылық жұмыспен өтеу арқылы, үлесті жері бар шаруаны кіріптар ету арқылы жүргізілмейтін болғандықтан, оның экономикасы капиталистік сипаттарын мейлінше айқын көрсетеді. Шаруа шаруашылығының экономикасы — біз қауымның ішіне көз жіберіп, үлесті

жер иеленудің ресми теңгермелігіне қарамастан өмірде не болып жатқанын көре білетіндігіміз себепті — барлық жерде де бізге тағы да таза капиталистік белгілерді көрсетеді. Сауда егіншілігі, барлық кедергілерге қарамастан, Россияда ұдайы өсіп келеді, ал бұл сауда егіншілігі сөзсіз капиталистік егіншілікке айналуда, бірақ бұл айналудың формалары жеке аудандарда мейлінше әр қилы болады және өзгеріп отырады.

Орта ғасырлық қауызды күшпен жою, жаңа шаруашылық организмнің бұдан былай еркін дамуы үшін қажет болып отырған күшпен жою, дегеніміз не болуға тиіс? Мұның өзі орта ғасырлық жер иелігін жою болуға тиіс. Россияда осы кезге дейін помещиктік жер иелігі де, сондай-ақ шаруа жер иелігінің едәуір бөлегі де орта ғасырлық сипатта болып отыр. Экономикалық жаңа жағдайлар, кедей шаруаны өзінің ежелгі үлесті жерін арендаға беруге мәжбүр ете отырып, ауқатты шаруаны түрліше жерлердің: үлесті жерлердің де, сатып алынған жерлердің де, помещиктерден арендаға алынған жерлердің де пұшпақтарынан өзінің біршама ірі шаруашылығын құрастыруға мәжбүр ете отырып, жер иелігінің бұл орта ғасырлық шеңберлері мен кедергілерін қалай қиратып жатқандығын біз жоғарыда көрдік. Ал помещиктік жерде жерді жұмыспен өтеушілікке, шаруаларға жылдап берілетін арендаға, ірі шаруашылық егісіне бөлу шаруашылықтың жаңа системаларының ескі, орта ғасырлық жер иелігі шеңберінен тысқары құрылып жатқандығын көрсетеді.

Бұл жер иелігін ескіден үзілді-кесілді қол үзгенде ғана бірден жоюға болады. Мұндай шара жерді национализациялау болып табылады, 1905—1907 жылдардағы дәуірде шаруалардың барлық өкілдерінің азды-көпті дәйекті түрде талап еткені де осы болатын. Жерге жеке меншікті жою сауда және капиталистік жер иелігінің буржуазиялық негіздерін ешбір өзгертпейді. Жерді национализациялаудың социализмге немесе тіпті жерді пайдаланудың теңгермелігіне әйтеуір бір қатысы бар дейтін пікірден қате еш нәрсе жоқ. Социализмге келетін болсақ, оның мәнісі товар шаруашылығын жоюда екендігі мәлім. Ал национализациялау дегеніміз — жер-

ді мемлекеттің меншігіне айналдыру, ал мұндай айналдыру жердегі жеке шаруашылыққа ешбір зардабын тигізбейді. Ауқатты мужик жерді «біржола» сатып алса да, помещиктік немесе қазыналық жерді арендаға алса да, кері кеткен әлсіз шаруалардың үлесті жерлерін «жинап» алса да бәрібір, мұнан оның шаруашылық (капиталистік) системасы өзгермейтіні сияқты, жердің бүкіл елдің, бүкіл халықтың меншігі немесе «игілігі» болуынан, міне бұдан, бұл жердегі шаруашылық системасы өзгермейді. Айырбас жойылмаған соң, социализм туралы сөз қылудың өзі күлкілі. Ал егіншілік өнімдері мен өндіріс құрал-жабдықтарының айырбасы жер иелігі формаларына ешбір тәуелді емес. (Жақша ішінде ескерте кетейін: мен бұл арада национализацияның экономикалық маңызын ғана баяндап отырмын, оны программа ретінде қорғап отырғаным жоқ; жоғарыда аталған еңбегімде* мен оны қорғағанмын да.)

Теңгермелікке келетін болсақ, үлесті жердің бөлінуінде оның іс жүзінде қолданылғанын біз жоғарыда көрсеттік те. Біз үлесті жердің қауым ішінде біршама теңгермелі бөлінетіндігін, тек байлар жағына қарай сәл ауытқитынын көрдік. Бірақ кедейлердің жерді арендаға беруі және аренданың байлардың қолында шоғырлануы салдарынан бұл теңгерміліктен өте аз қалады. Бірақ қожайындар арасында мүлік айырмашылығы және бұл айырмашылықты шиеленістіре түсетін айырбас системасы болып отырғанда, жер иелігіндегі теңгермеліктің ешқайсысы да шын мәнінде жерді пайдаланудың әркелкілігін жоя алмайтындығы айқын.

Национализацияның экономикалық маңызы оны барлық жұрттың жапатармағай іздеп жүргендігінде емес. Оның маңызы — буржуазиялық қатынастарға қарсы күресуде емес (национализация дегеніміз — ең дәйекті буржуазиялық шара, мұны Маркс әлдеқашан атап көрсеткен болатын [73]), ал крепостниктік қатынастарға қарсы күресуде болып отыр. Орта ғасырлық жер иелігінің ала-құлалығы шаруашылықтың дамуын бөгейді; сословиелік шеңберлер сауда айналымына бөгет жасайды;

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 289—325-беттер. *Ред.*

ескі жер иелігі мен жаңа шаруашылықтың сәйкессіздігі шиеленіскен қайшылықтар туғызып отыр; латифундиялардың арқасында помещиктер жұмыспен өтеудің сақталуын созып келеді; шаруалар, нақ геттодағы сияқты, үлесті жер иелігінде қамалып отыр, ал бұл жер иелігінің шеңберлерін өмір әрбір қадам сайын қиратуда. Национализация жер иелігіндегі барлық орта ғасырлық қатынастарды түгелдей құртады, жердегі жасанды межелердің бәрін жояды, жерді шын мәнінде азат етеді,— сонда кім үшін? кез келген азаматтар үшін бе? Тіпті де олай емес. Аты жоқ шаруаның (яғни $3^1/_4$ миллион үйдің) бостандығы, өзіміз көргендей, үлесті жерді арендаға беруінде болып отыр. Жер — *қожайын үшін,* жалпы алғанда шаруашылықтың және жеке алғанда дүние жүзілік рыноктың қазіргі жағдайлары қойып отырған талаптарға сәйкес жерді шын мәнінде өңдегісі келетін және өңдей *алатын* адам үшін азат болады. Национализация крепостниктік тәртіптің жойылуын және әр түрлі орта ғасырлық қоқсықтан арылтылған жерде таза буржуазиялық фермерліктің дамуын тездетер еді. Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезінде қалыптасқан национализацияның шын тарихи маңызы міне осы.

Капитализм үшін жер иелігін тазартудың басқа жолына, объективтік жағынан болмай қалуы мүмкін емес жолына келетін болсақ, онда бұл жол, өзіміз көргендей, дәулеттілердің қауымды тездете тонауы және ауқатты шаруалардың жерге жеке меншігін нығайту болып табылады. Мұнда жұмыспен өтеу мен кіріптарлықтың басты қайнар көзі мызғымай қала береді, помещиктік латифундиялар қала береді. Демек, капитализмге жолды тазартудың мұндай әдісі, бірінші әдіске қарағанда, өндіргіш күштердің еркін дамуын өте-мөте төмен дәрежеде қамтамасыз ететіні айқын. Латифундиялар сақталатын болғандықтан, кіріптар шаруаның, жарма-жарлықтың, жылдық ұсақ аренданың, «барин» жерлерін шаруаның құрал-сайманымен өңдеудің сақталатындығы сөзсіз, яғни нағыз артта қалған егіншілік мәдениетінің және патриархтық деревня тұрмысы деп аталатын бүкіл азиаттық тағылықтың сақталатындығы сөзсіз.

Дамып келе жатқан буржуазиялық Россиядағы аграрлық мәселені «шешудің» мен көрсеткен екі әдісі егіншілікте капитализм дамуының екі жолына сай келеді. Мен бұл жолдарды пруссиялық және америкалық жол деп атаймын. Бірінші жолдың сипаты мынадай: жер иелігінің орта ғасырлық қатынастары бірден жойылмайды, жайлап капитализмге бейімделе береді, осының арқасында капитализм жартылай феодалдық сипаттарын ұзақ уақыт сақтайды. Пруссиялық помещиктік жер иелігін буржуазиялық революция қиратқан жоқ, қайта ол аман қалып, негізі капиталистік болғанмен, село халқы Gesindeordnung * және т. с. сияқтыдан белгілі бір тәуелділікте болмайынша тұра алмайтын «юнкерлік» шаруашылықтың негізі болды. Осының салдарынан юнкерлердің әлеуметтік және саяси үстемдігі 1848 жылдан кейін көптеген он жылдар бойына нығайды, сондықтан Германия егіншілігінің өндіргіш күштерінің дамуы Америкадағыдан әлдеқайда баяу болды. Америкада, мұның керісінше, капиталистік егіншіліктің негізі ірі помещиктердің құл иеленуге сүйенген ескі шаруашылығы болған жоқ (азамат соғысы құл иеленуші ірі шаруашылықтарды талқандады), қайта азат жердегі, бір жағынан, орта ғасырлық тұсаулардың бәрінен, крепостниктік тәртіп пен феодализмнен, ал екінші жағынан, жерге жеке меншіктің тұсауларынан да азат жердегі азат фермердің азат шаруашылығы болды. Америкада жер орасан мол жер қорынан номиналды төлемге үлестіріліп отырды, сөйтіп Америкада толық капиталистік жаңа негізде ғана жерге жеке меншік дамыды.

Капиталистік дамудың бұл екі жолының екеуі де Россияда 1861 жылдан кейін толығынан айқын көрінді. Помещиктік шаруашылықта прогресс бар екендігінде күмән жоқ, оның бержағында, бұл прогрестің баяулығы кездейсоқ емес, крепостниктік тәртіптің қалдықтары жойылмай тұрғанда ол сөзсіз болатын нәрсе. Сондай-ақ, шаруалар неғұрлым ерікті болса, крепостниктік правоның қалдықтары оларды неғұрлым аз қысатын болса

* — Малайлар туралы устав. *Ред.*

(мәселен, оңтүстікте осы қолайлы жағдайлардың бәрі бар), ақырында, жалпы және тұтас алғанда шаруалар жермен неғұрлым жақсы қамтамасыз етілген болса, шаруалардың жіктелуі соғұрлым күшті болатындығы, селолық кәсіпкер-фермерлер табының соғұрлым тез құралатындығы да күмәнсыз нәрсе. Дамудың осы жолдарының қайсысы түпкілікті басым болып шығады, осыған сәйкес қажетті және болмай қалмайтын қайта құруды қай тап жүргізеді: ескі барин-жер иесі жүргізе ме немесе ерікті шаруа-фермер жүргізе ме — елдің келешек дамуы жөніндегі мәселе түгелінен осыған келіп саяды.

Бізде жерді национализациялау жерді сауда айналымынан шығару деп ойлайтындар аз емес. Алдыңғы қатардағы шаруалар мен шаруа идеологтарының көпшілігі сөзсіз осы көзқараста болып отыр. Бірақ бұл көзқарас түбірінен қате. Шынында, мұның керісінше болмақ. Жерге жеке меншік оған капиталды еркін жұмсауға бөгет болып табылады. Сондықтан, жерге жеке меншік үстем болып тұрғандағыдан гөрі, жерді мемлекеттен арендаға еркін алу тұсында (ал буржуазиялық қоғамда национализацияның шын мәнісі осыған келіп саяды) жер сауда айналымына *күштірек* тартылады. Жерге капитал жұмсау еркіндігі, егіншіліктегі бәсеке бостандығы жеке меншік тұсындағыдан гөрі еркін аренда тұсында анағұрлым артық болмақ. Жерді национализациялау дегеніміз,— былайша айтқанда, лендлордсыз лендлордизм. Ал егіншіліктің капиталистік жолмен дамуында лендлордизмнің қандай мәні бар екені туралы Маркс «Қосымша құн теорияларында» тамаша терең пікір айтады. Мен оның бұл пікірін аграрлық программа туралы жоғарыда аталған еңбегімде келтірген болатынмын, алайда мәселе өте маңызды болғандықтан оны бұл жерде тағы да бір рет қайталап өтейік*.

Рикардоның рента теориясының тарихи жағдайлары туралы параграфта («Theorien über den Mehrwert». II. Band, 2. Teil, Stuttgart, 1905, S. 5—7**) Маркс бы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 266—270-беттер. *Ред.*

** — «Қосымша құн теориялары». II том, 2-бөлім, Штутгарт, 1905, 5—7-беттер [74]. *Ред.*

лай дейді: Рикардо мен Андерсон «континентте өте оғаш сияқты болып көрінетін көзқарасқа сүйенеді». Атап айтқанда: олар «жерге капиталды қандай жолмен болса да қолдануға кедергі боларлықтай жер меншігі мүлдем жоқ» деп жорамалдайды. Тосыннан қарағанда, мұның өзі — қайшылық, неге десеңіз, нақ Англияда феодалдық жер меншігі өте-мөте толық сақталған деп есептеледі. Бірақ Маркс былай деп түсіндіреді: нақ сол Англияда капитал «дәстүрлі егіншілік тәртіптерін дүниеде еш жерде болып көрмегендей етіп аяусыз қиратты». Бұл жөнінде Англия — «дүние жүзіндегі ең революцияшыл ел». «Тарихи мирас болып қалған тәртіптердің бәрі, олар егіншіліктегі капиталистік өндіріс жағдайларына қайшы келген немесе ол жағдайларға сәйкеспеген жерлерде, аяусыз жойылып жіберілді: селолық қоныстардың орны ғана өзгертіліп қоймай, сонымен қатар сол қоныстардың өздері де жойылды; ауыл шаруашылық халықтың үйлері мен қоныс жерлері ғана жойылып қоймай, сонымен қатар бұл халықтың өзі де жойылды; шаруашылықтың ежелгі орталықтары ғана жойылып қоймай, сонымен қатар бұл шаруашылықтың өзі де жойылды. Немістерде,— дейді одан әрі Маркс,— экономикалық тәртіптер қауымдық жерлердің (Feldmarken) дәстүрлік қатынастары арқылы, шаруашылық орталықтарының орны арқылы, халықтың жиналған белгілі жерлері арқылы белгіленген болып шықты. Ағылшындарда егіншіліктің тарихи тәртіптерін XV ғасырдан бастап біртe-бірте капитал жасаған болып шықты. Ағылшындық «clearing of estates» («жерлерді тазарту») деген техникалық сөз континенттік елдердің ешбірінде кездеспейді. Ал осы clearing of estates деген сөздің мағынасы не? Оның мағынасы мынау: отырықшы халықпен де мүлдем санаспады — оны қуып шықты; бар деревнялармен де мүлдем санаспады — оларды жермен жексен етті; шаруашылық құрылыстармен де мүлдем санаспады — оларды қиратуға берді; ауыл шаруашылығының сол кездегі түрлерімен де мүлдем санаспады — оларды бірден өзгертіп жіберді, мәселен, егістік жерлерді мал жайылатын жерлерге айналдырып жіберді; бір сөзбен айтқанда, өндірістің барлық жағдай-

ларын дәстүр бойынша өмір сүріп келген күйінде қабылдамай, бұл жағдайларды тарихи жолмен тиісті формада *жасап отырды,* бұл жағдайларды капиталдың барынша тиімді қолданылу талабына әрбір жеке реттерде сәйкес келетіндей етіп жасап отырды. Демек, осылай болғандықтан, *жер меншігі шынында да жоқ болып шығады,* өйткені бұл меншік, тек ақшалай табыс алуды ғана көздеп, капиталға — фермерге — еркімен қожалық етуге мүмкіндік береді. Басында атам заманғы қауымдық жерлерден, шаруашылықтың орталықтарынан, жер иелігінің коллегиясынан және т. с. басқа еш нәрсе жоқ қайдағы бір померандық помещиктің» (Маркс Родбертусты айтып отыр, оның рента теориясын Маркс осы шығармасында егжей-тегжейіне жете және тамаша түрде бекерге шығарады) «осы есептен егіншілік қатынастарының дамуы туралы Рикардоның «тарихи емес» көзқарастары жөнінде зәресі ұшып, зар қағуы мүмкін». Ал шындығына келгенде «ағылшын жағдайлары — қазіргі замандағы жер меншігін, яғни капиталистік өндіріс арқылы *түрі өзгерген* жер меншігін адекватты (мейлінше жетілген) түрде дамытып отырған бірден-бір жағдайлар болып табылады. Бұл пунктте ағылшын теориясы (яғни Рикардоның рента теориясы) қазіргі замандағы өндіріс әдісі үшін, яғни капиталистік өндіріс әдісі үшін үлгілі теория болып табылады».

Англияда бұл жер тазарту шаруа жер иелігін зорлап қирату арқылы революциялық формаларда жүргізілді. Дәурені өткен ескілікті қирату Россияда да мүлде сөзсіз болады, бірақ бізге қажетті қиратуды қай тап және қандай формада жүргізетіндігі туралы мәселені он тоғызыншы ғасыр (тіпті жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жеті жылы да) әлі шешкен жоқ. Қазіргі уақытта Россиядағы жер бөлінісінің негізі қандай екенін біз жоғарыда көрсеттік. Біз 75 миллион десятина жері бар $10^1/_2$ миллион шаруа үйлеріне қарама-қарсы 70 миллион десятина жері бар 30 000 үй латифундия иелері бар екенін көрдік. Мұндай негізде өршімей қоймайтын күрестің мүмкін нәтижелерінің бірі мынадай: он миллион үйдің жер иелігі екі есе дерлік өседі, ал жоғарыдағы отыз мыңның жер иелігі құриды. Осы мүмкін нәтиже-

ні таза теориялық жағынан, Россияда XIX ғасырдың аяғында аграрлық мәселенің қалай қалыптасқандығы тұрғысынан алып қарастырып көрейік. Мұндай өзгерістің нәтижесі қандай болуға тиіс еді? Жер иелігінің арақатынастары тұрғысынан алып қарағанда, орта ғасырлық үлесті және орта ғасырлық помещиктік жер иеліктері қайтадан араластырылуға тиіс болатындығы анық. Ескілік түбірімен жойылар еді. Жер иелігі қатынастарында дәстүрлік еш нәрсе қалмас еді. Жер иелігінің жаңа қатынастарын қандай күш белгілер еді? Теңгермелік «принципі» ме? Халықшылдық идеологияның әсері тиген алдыңғы қатардағы шаруа осылай деп ойлауға бейім. Халықшыл осылай ойлайды. Бірақ бұл жалған үміт. Қауым ішінде заң мойындаған және әдет-ғұрыппен қастерленіп келген теңгермелік «принципі» жер иелігін іс жүзінде мүлік жөніндегі ауқаттылықтың айырмашылықтарына бейімдеушілікке апарып соғады. Сондықтан, орыс мәліметтері де, батыс европалық мәліметтер де мың мәртебе дәлелдеп отырған осы *экономикалық факт* негізінде біз былай дейміз: теңгермелікке сену соқыр сенім ретінде тас-талқан болар еді, ал *жер иелігін араластыру бірден-бір берік нәтиже болып қала берер еді. Мұндай* нәтиженің маңызы зор бола ма? Өте зор болады, ойткені басқа шараның ешқайсысы да, басқа реформаның ешқайсысы да, басқаша қайта құрудың ешқайсысы да Россияда егіншілік техникасының неғұрлым тез, кең және еркін прогресінің болуына және біздің өміріміздең крепостниктік тәртіптің, сословиеліктің, азиаттықтың барлық іздерінің құрып бітуіне бұл нәтижедей толық кепілдік бере алмас еді.

Техниканың прогресі ме?— деп бізге, бәлкім, біреулер карсы шығар. Бірақ шоп егу жөнінде де, машиналар қолдану жөнінде де, жер тыңайту жөнінде де және, әрине, малдың сапасы жөнінде де, т. т. жөнінде де помещиктік шаруашылықтың шаруа шаруашылығынан жоғары тұрғандығы дәлме-дәл мәліметтер арқылы жоғарыда көрсетілген жоқ па? Иә, бұл көрсетілді және бұл ешбір күмәнсыз факт. Бірақ шаруашылықты ұйымдастырудағы, техникадағы және басқалар жөніндегі

бұл айырмашылықтардың *бәрі де егін шығымдылығында* қорытылып отырғандығын ұмытпау керек. Ал біз помещиктердің шаруаларға *жарма-жарлық және сол сияқты өңдеуге* берілген жерлеріндегі егін шығымдылығы үлесті жердегі егін шығымдылығынан төмен екендігін көрдік. Россиядағы помещиктік шаруашылық пен шаруа шаруашылығында егіншілік мәдениетінің дәрежесі туралы айтқанда, міне, осы жағдайды әрқашан дерлік ұмыт қалдырып жүр! Помещиктік шаруашылық капиталистік жолмен жүргізілетін *болғандықтан* жоғары дәрежеде тұр. Ал істің барлық мәні мынада: осы «болғандықтанның» өзі XIX ғасырдың аяқ кезінде жұмыспен өтеуді біздің орталықта шаруашылықтың басым системасы етіп қалдырды. Қазіргі кезде де помещиктік жерлерде өзінің атам заманғы құралдарын, әдістерін және т. т. қолданып, кіріптар шаруа қожалық етіп *отырғандықтан, солай болғандықтан,* помещиктік жер иелігі артта қалушылық пен тоқыраудың ең басты себебі болып табылады. Жер иелігіндегі біз талқылап отырған өзгеріс жарма-жарлық жерлер мен арендаға алынған жерлердегі егін шығымдылығын арттырар еді (қазір бұл егін шығымдылығы — жоғарыдағы цифрларды қараңыз — 50 және 45 пұт болып отыр, ал үлесті жерде 54 пұт және жер иелерінің егістерінде 66 пұт). Егер осы егін шығымдылығы тіпті үлесті жерлердегі егін шығымдылығының дәрежесіне дейін *ғана* көтерілсе, соның өзі де ілгері қарай өте зор қадам басқандық болар еді. Бірақ үлесті жерлердегі егін шығымы да өсетіндігі — әрі шаруаның крепостниктік латифундиялардың езгісінен азат болуы нәтижесінде, әрі ол кезде үлесті жерлердің, мемлекеттің барлық басқа жерлері сияқты, ерікті жер болуының — (барлық азаматтардың емес, егіншілік капиталы бар азаматтардың, яғни —) фермерлердің бәрінің бірдей қолы жететін жер болуының нәтижесінде көтерілетіндігі өзінен-өзі түсінікті.

Бұл қорытынды әсте егін шығымдылығы туралы біз алып отырған мәліметтерден шығып отырған жоқ. Қайта керісінше, бұл мәліметтер орыстың помещиктік және шаруа шаруашылығының эволюциясы туралы мәлі-

меттердің *бүкіл жиынтығынан* шығатын қорытындыны айқын көрсету үшін ғана алынып отыр. Бұл қорытындыны бекерге шығару үшін XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс егіншілігінің тарихы крепостниктік өндірістік қатынастарды буржуазиялық өндірістік қатынастармен ауыстыру тарихы екендігі фактісін бекерге шығару керек.

Егер қазіргі кездегі шаруа шаруашылықтарының саны туралы мәліметтерге сүйенетін болсақ, онда біз қарастырып отырған аграрлық өзгеріс егіншіліктің өте ұсақталып кетуіне соқтырар еді деген пікір тууы мүмкін. Ғапу етіңіз, он үш миллион шаруашылық 280 миллион десятина жерде отыр ғой! мұның өзі масқара бытыраңқылық емес пе? Біз бұған былай деп жауап береміз: мұндай өлшеусіз бытыраңқылықты біз *қазір* де көріп отырмыз ғой, өйткені *қазір* он үш миллион шаруашылық 280 миллион десятинадан *кем* жерде *қожалық етіп* отыр! Демек, біз көңіл қойып отырған өзгеріс осы қаралып отырған жағдайда қайткенде де жамандық келтірмеген болар еді. Ол ол ма. Біз мұнан әрі сұрақ қоямыз: бұл өзгеріс болған кезде шаруашылықтардың жалпы саны бұрынғыша қалады деп ойлауға негіз бар ма? Халықшылдық теориялардың ықпалымен және есілдерті жерге қарай ауып, тіпті өнеркәсіп жұмысшыларын ұсақ егіншіге айналдыру туралы арман етуге дейін баратын шаруалардың өз пікірлерінің ықпалымен жұрт, әдетте, нақ осылай ойлайды. Орыс өнеркәсіп жұмысшыларының біразы да XIX ғасырдың аяғында шаруалардың осы көзқарасында болғандығы күмәнсыз. Бірақ мәселе мынада: осы көзқарас *дұрыс па?* ол *объективті* шаруашылық жағдайларға және экономикалық дамудың барысына сәйкес келе ме? Шаруа көзқарасына негіз болып отырған нәрсе, өрлеп келе жатқан келешек емес, күні өткен және қайтып келмейтін ескілік екенін көру үшін бұл мәселені айқын қоюдың өзі жеткілікті. Шаруа көзқарасы *дұрыс емес*. Ол кешегі күннің идеологиясы, ал экономикалық даму *іс жүзінде* егінші халықтың көбеюіне емес, азаюына апарып соғады.

Жер иелігі қатынастарындағы біз қарастырып отырған өзгеріс егінші халық мөлшерінің бұл кему процесін, дамып келе жатқан капитализм елдерінің бәріне ортақ процесті жоймайды, жоя алмайды да. Бәлкім, маған былай деп сұрақ қояр: жерге жұрттың бәрінің де қолы жетуіне еркіндік болатын болса, бұл өзгеріс егінші халықтың кемуіне қалайша әсерін тигізе алар еді? Мен бұған шаруалар депутаты (Полтава губерниясы) Чижевский мырзаның Думадағы бір сөзінен цитат келтіру арқылы жауап беремін. 1906 жылы 24 майдағы мәжілісте ол былай деді: «Бізде шаруалар, бізді осында жіберіп отырған сайламшылардың өздері, мысалы, былай деп есеп жасаған еді: «Егер біз бұдан гөрі сәл бай болсақ, егер біздің әрбір семьямыз жылына бес-алты сом ақшаны қантқа жұмсай алатын болса,— қызылша өндіруге болатын уездердің әрқайсысында, қазіргі бар заводтардың үстіне, бірнеше қант заводтары пайда болар еді». Егер бұл заводтар пайда болған болса, шаруашылықты интенсивтендіру үшін оған соншалықты көп адам керек болатындығы әбден табиғи нәрсе! Қант заводтарының өндірісі ұлғаяр еді және т. т.» («Стенографиялық есептер», 622-бет).

Мұның өзі жергілікті қайраткердің ерекше тән мойындауы болып табылады. Егер жалпы аграрлық қайта құрылыстардың маңызы туралы оның пікірін сұраса, ол, әлбетте, халықшылдық көзқарастарды айтар еді. Бірақ мәселе «пікірлер» туралы қойылмай, қайта құрудың *нақты* нәтижелері туралы қойылғандықтан, *капиталистік шындық халықшылдық утопиядан* бірден үстем болып шықты. Өйткені шаруалардың өз депутаты Чижевский мырзаға айтқаны нақ капиталистік шындық, капиталистік өмірдің шындығы. Ұсақ егіншілер бұқарасының хал-жағдайы қандай болса да азды-көпті елеулі жақсарған кезде, қант заводтары саны және олардың өнімділігі өсуі шынында да өте зор болар еді; ал тек қызылша-қант өндірісі ғана емес, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптің барлық салалары да: тоқыма, темір қорыту, машина жасау, жалпы құрылыс өнеркәсіптері және тағы басқа өнеркәсіптер де орасан зор

алға басып, «өте көп жұмыс күшін» қажет ететіндігі өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан бұл экономикалық қажеттілік теңгермелік туралы тамаша сенімдер мен қиялдардың бәрінен де күшті болып шығар еді. Үш миллион екі жүз елу мың аты жоқ үйлер аграрлық қайта құрылыстардың *ешқайсысынан да,* жер иелігіндегі өзгерістердің ешқайсысынан да, «үлесті жер берудің» ешқайсысынан да «қожайын» бола алмайды. Бұл миллиондаған үйлер (жалғыз аты барлардың да бірсыпырасы), жоғарыда озіміз көргендей, өздерінің ұлтарақтай жерінде *азап шегіп, өздерінің үлесті жерлерін арендаға беруде.* Өнеркәсіптің американдық дамуы капиталистік қоғамдағы мұндай үмітсіз халдегі қожайындардың көпшілігін егіншіліктен *сөзсіз* айырар еді, ал мұндай айырушылыққа бөгет жасауға «жерге праволы болудың» ешқандайының да күші жетпес еді. Бүгінгі күннің нақты шындығы — мүлдем аянышты, қайыршылық және ескірген құрал-сайманымен өзінің үлесті жерін де, бариннің жерін де шұқылап жүрген он үш миллион ұсақ қожайындар болып отыр; мұның өзі — егіншіліктегі *жасанды* артық халық болып табылады, жасанды болғанда, әлдеқашан дәурені өткен және таяқтаусыз, атуасусыз, жазалаушы экспедициялярсыз, тағы сондайларсыз бірде-бір күн *тұра алмайтын* крепостниктік қатынастарды күшпен сақтап қалу мағынасында жасанды болып отыр. Бұқараның хал-жағдайын елеулі жақсартудың қандайы болса да, крепостниктік тәртіптің қалдықтарына тиетін елеулі соққының қандайы болса да деревнядағы бұл артық халықты *сөзсіз* азайтар еді, халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке тартылу (қазірдің өзінде баяу болып жатқан) процесін аса зор көлемде күшейтер еді, шаруашылықтардың санын 13 миллионнан анағұрлым кем цифрға түсіріп кемітер еді. Россияны қазіргідей қытайша емес, америкаша алға бастырар еді.

Россиядағы XIX ғасырдың аяғындағы аграрлық мәселе қоғамдық таптардың шешуіне: крепостниктік ескілікті жойып, жер иелігін тазарту, капитализм үшін, өндіргіш күштердің өсуі үшін, таптардың еркін және

ашық күресі үшін бүкіл жолды тазарту міндетін қойды. Ал бұл міндеттің қалай шешілетіндігін таптардың нақ осы күресі анықтайды.

Жаңаша 1 июль, 1908 ж.

ҚАЗІРГІ ҚҰЛДЫРАУДЫҢ КЕЙБІР БЕЛГІЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Оң жақтан, буржуазиялық демократтар мен социалистік оппортунистер лагеріндегі, идеялық және ұйымдық құлдыраудың,— контрреволюция құтырына түскен дәуірде — ұсақ буржуазиялық интеллигенттер басым партиялар мен ағымдардың ішінде болмай қоймайтын құлдыраудың бар екендігін біздің әлденеше рет атап көрсетуімізге тура келген-ді. Бірақ, егер біз *«сол жақтағы»,* ұсақ буржуазиялық «социалист-революционерлер» лагеріндегі, құлдырауға тоқталмаған болсақ, құлдыраудың сипаты толық берілмеген болар еді.

Әрине, «сол жақтағы» деген сөзді бұл арада солшылдық ойынын *ойнауға* бейім адамдарды сипаттау үшін өте-мөте шартты мағынада ғана қолдануға болады. Орыс революциясының нақ ең жоғары өрлеген дәуірінде ашық, бұқаралық, саясатта эсерлердің «революционизмі» бүкіл тұрақсыздығын, баянсыздығын, бүкіл принципсіздігін ерекше айқын сездіргенін біз «Пролетарийде» сан рет көрсетіп өткенбіз. Енді аса ірі оқиғаларды ғана еске салып өтсек жеткілікті болады. 1905 жылғы күзгі өрлеу кезі: эсерлер жария «халықтық-социалистік партияға» қарай тартқан энестермен жасырын блок жасады. Социалист-революционерлер партиясының 1905 ж. декабрьдегі съезі эсер партиясының ондай екінші сыңарын құру «жоспарын» қабылдамады, бірақ 1906 жылдың көктемгі және жазғы өрлеуі кезінде біз тағы да эсерлердің күнделік газеттерде, яғни бүкіл халықтық үгіттің басты трибунасында, энестермен

бір блокта болып отырғанын көреміз. Бұл энестер 1906 жылы күзде, Свеаборг пен Кронштадт[75] жеңіліске ұшырағаннан кейін, революциядан ашық бас тартады, оппортунистер ретінде ашық бой көрсетеді, солай бола тұрсада, Петербургте II Дума сайлауы (1907 жылғы көктем) эсерлердің, энестердің және трудовиктердің «халықтық блогын» тағы туғызады. Қысқасы, революция социалист-революционерлер партиясының аздыкөпті белгілі бір таптық тірегінің жоқтығын әбден және біржола ашып берді, іс жүзінде оны ұсақ буржуазиялық шаруа демократиясының шылауы, қанаты ролiне әкеп тіреді, сөз жүзіндегі революциялық серпін мен энестік-трудовиктік дипломатияның арасында үнемі ауытқып отыруға *мәжбүр етті.* Революцияның бүкіл ұзына бойына эсерлерден бөлінуге тырысып, бірақ біржола бөліне алмай қойған максималистердің бөлініп шығуы халықшылдық революцияшылдықтың таптық тұрақсыздығын ғана дәлелдеді. Енді эсерлік центрге, «таза» эсерлерге,— деп жаздық біз «Пролетарийдің» өткен 4-номеріндегі «Эсер меньшевиктер» деген мақалада,— марксистерден үйреніп алған дәлелдер арқылы эсерліктегі екі «жаңа» бағыттың екеуінен де қорғанудан басқа еш нәрсе қалмай отыр*. Егер социал-демократтар революциядан белгілі бір тапты, атап айтқанда, пролетариатты, өзімен бірге біржола топтастырып және бүкіл халықаралық социал-демократияға тән екі ағымды, оппортунистік ағым мен революциялық ағымды әбден айқындап шыққан болса, социалист-революционерлер революциядан ешқандай тікелей негізсіз және оларды, бір жағынан, ұсақ қожайынсымақтар бұқарасымен байланысты трудовиктер мен энестерден, екінші жағынан, интеллигенттік террорлық топ ретіндегі максималистерден бөле алатын ешқандай белгілі межесіз шықты.

Ал қазір, максимализмнің — мүмкін уақытша — жойылғанынан кейін біз оған туыстас ағымның жаңа түрде қайтадан туғанын көріп отырмыз. «Революционная Мысль»[76] (№ 1—апрель, 1908, № 2 — июнь), «социалист-революционерлер тобының» органы, «социалист-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 439-бет. *Ред.*

революционерлер партиясының ресми органынан», яғни орталық органынан, «Знамя Трудадан»[77] іргесін аулақтатып, «біздің (яғни эсердің) теориялық дүние танымымызды, күресу мен ұйымдасу жөніндегі біздің эсерлік әдістерімізді *қайта қарау»* қажет деп жариялап отыр. Әрине, жаңа газеттің уәде етіп отырған бұл «қайта қарауының» бәрі, бұл «сыншыл творчестволық жұмыстың» бәрі — таза бос сөз. Іс жүзінде теорияны ешқандай қайта қарау туралы сөз болып отырған жоқ және болуы да мүмкін емес, өйткені жаңа газеттің ешқандай теориялық дүние танымы жоқ, тек террорға шақыруларды мың құбылтып қайта жырлауы ғана және революцияға, бұқаралық қозғалысқа, жалпы алғанда партияның маңызына және тағы сондайларға көзқарастардың осы жаңасымақ, ал іс жүзінде ескі және өте ескі тәсіліне қолапайсыздықпен, білместікпен, аңғалдықпен икемделуі ғана бар. Ондай «теориялық» білім қорының таңданарлық жұтаңдығы қайта қарау, сынау және творчество жөніндегі көпірме уәделермен салыстырғанда ап-айқын көрінеді. Эсерліктегі «жаңа» бағыттың да, «ескі» бағыттың да теориялық көзқарастарының мүлдем шатасып жатқандығы «социалист-революционерлер партиясының ресми органы басшыларының көзқарастарында болып жатқан эволюцияны» — «оқиғаларды тездету» үшін «орталық саяси террорды үздіксіз» күшейте көрсетумен бейнеленетін эволюцияны «Революционная Мысльдің» баса көрсетуінен одан да гөрі айқын көрінеді. Бұл — «Знамя Труданың» 8-номерінен алынып отырған цитат. Ал оның 10—11-номерлерінде (февраль — март, 1908 ж.) біз «орталық саяси террорға» «бүкіл партияның күшін жұмылдыру» туралы, бұған «өте мол ақша қаражатын» табудың қажеттігі туралы дәл сондай сөздерге кездесеміз, сонымен бірге дәл осы арада бұл қаражаттардың шығуы мүмкін жеріне астарлы ишара жасалады: «кадеттер мен бейбіт жаңартушыларға дейінгі барлық партиялар,— деп жазады «Знамя Труда» 7—8-беттерінде,— осы істің ең таяу жемістерімен пайдаланады. Сондықтан да партия өзінің осы күресінде барынша кең қоғамдық көмекке дәмеленуге праволы».

Жаңа газеттің сөздерінде ешқандай жаңалықтың жоқтығын оқушы көріп отыр. Ол газет тек «солшыл» және революцияшылсымақ сөздермен бүркемеленген *құлдырауды* бағалауға сабақ боларлық материал беретіндігі жағынан ғана ерекшеленеді. Меньшевиктер «Голос Социал-Демократада» (№ 1) либералдардан ақша қаражатын жинауды мақсаттардың белгілі саяси бірлігімен ақтап отыр. Эсерлер «Знамя Трудада» кадеттер мен бейбіт жаңартушыларга: сіздер жемістерімен пайдаланатын боласыздар ғой дейді. Ұшқары жақтар қосылуда. Ұсақ буржуазиялық оппортунизм мен ұсақ буржуазиялық революцияшылдық кадеттер мен бейбіт жаңартушыларға — әр жағынан болса да — бірдей «қарағыштауда».

Аталып отырған ұшқары жақтар тек осы мәселеде ғана қосылып отырған жоқ. Революциядан меньшевиктер де, «революцияшыл» халықшылдар да түңіліп отыр. Партиялық, ескі партиялық дәстүрлер, революциялық бұқаралық күрес дегендерге қолды бір-ақ сермеп тастауға бұлардың екеуі де әзір. «Барлық революциялық партияларға дерлік ортақ қате, қазіргі болып жатқан дағдарыста мерт қылған қате,— деп жазады «Революционное Недомыслие»,— бұқаралық халық көтерілісінің мүмкіндігіне және қажеттігіне асыра сенушілікте болды»... «Өмір партияның үмітін ақтамады». Байқайсыздар ма, социалист-революционерлердің «социалистік программаны маркстік шаблонмен» құрғаны, «революция туралы түсінікке экономикалық қажеттіліктер туғызатын, бұқаралық қозғалыс пен бұқаралық көтеріліс мәнін бере отырып, рас, инициативалы азшылыққа түзету жасай отырып» құрғаны бекер болған. Түзетулердің орнына, «инициативалы азшылықтың белсенді қимылының теориясы мен практикасын» дамыту керек (№ 1, 6—7-беттер). «Революционердің бойын билейтін тікелей сезімнің және оны рухтандыратын мұраттардың» маңызын барынша дәріптеу керек (№ 2, 1-бет), ал теориялық мәселелер, философия және ғылыми социализм дегендердің бәрі де «жаңа» әлеуметтік-революциялық обскуранттардың ойынша түкке тұрмайтын нәрсе. «Қарулы көтерілістің азды-көпті жуық (дәл осы-

лай: «азды-көпті жуық» деп айтылған) арада болуына үміт бар ма?» — деп «Революционное Недомыслие» сұрақ қояды да, оған өзі: «Ондай үміт жоқ, бұған жұрттың бәрі қосылады» (№ 2, 2-бет) деп жауап береді. Қорытынды: Россияда «саяси төңкерісті тек революциялық азшылық жасайды, басқаша болуы мүмкін емес» (7-бет). «Революциялық партиялардың соңғы үш жыл ішіндегі сәтсіздіктерінің себебі кездейсоқ нәрсе емес және олар, біздің көзқарасымыз бойынша, объективтік жағдайлардан ғана, тактикалық қателерден ғана болып қойған жоқ, сондай-ақ олардың ұйымдастыру концепциясына байланысты болды» (10-бет): революционерлер өздерінің алдына, байқасаңыздар, бұқараға шын басшылық ету жөнінде «орындалмайтын міндеттер» қойды; социал-демократтар эсерлерді *абыржытты* және оларға, нағыз іске — террорлық күреске — зиян келтіре отырып, шаруаларды ұйымдастыру және оларды жаппай қарулы көтеріліске әзірлеу туралы ойлауға итермеледі (11-бет). Партиялардың мейлінше орталықтануы — «генералдық» — «жалаң өктемдікке салу рухы» (12-бет) — бәле осында болып отыр. «Біздің орыстық жағдайларымызда үлкен күшті партия құрудың практикалық мүмкіншілігі жоқтығын да, оның барлық көлеңкелі жақтарын да ескермей, революционерлер алға қойған мақсатқа жетудің бірден-бір құралы және кепілі осындай партияда деп білді» (12-бет).

Жеткілікті болар! «Революционная Мысльде» қандай ойлардың шым-шытырық болып жатқандығына, оның қандай обскурантизмді уағыздап отырғандығына, революцияшылсымақ программа істің алғашқы қиыншылықтарынан кейін-ақ қандай арсыз тоғышарлық торығуға, қорқақтыққа және түңілуге құрылып отырғанына,— міне осыларға сөзді шығын етіп жатудың қажеті жоқ. Жоғарыда келтірілген цитаттардың өзі-ақ осыны айтып тұр.

Бірақ оқушы мұндай пікірлер — ешкім білмейтін, азғантай бір топтың әлдеқалай айта салған жай бос сөзі ғой деп ойламасын. Жоқ, ондай көзқарас қате болар еді. Мұнда өзінше бір логика бар, партиядан, халық революциясынан түңілудің, *бұқараның* тікелей револю-

циялық күреске қабілеттілігінен түңілудің логикасы бар. Бұл — интеллигенттік дегбірсіздіктің, долылықтың, ұстамды, табанды жұмысқа қабілетсіздіктің, теория мен тактиканың негізгі принциптерін өзгерген жағдайларга қолдана білмеудің, біздің жуырда ғана басымыздан кешірген жағдайларымыздан әлдеқайда өзгеше жағдайларда үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе білмеудің логикасы. Тек жоғарғы таптарға ғана емес, сонымен қатар төменгі таптарға да еніп отырған тоғышарлық бүлінуге қарсы күреске барлық күшті бағыттаудың орнына, бытыранды партия күштерін сыннан өткен революциялық принциптерді қорғауға берік ұйымдастырудың орнына, міне осылардың орнына, бұқара арасындағы таптық тірегінен қол үзген ұшқалақ адамдар өздерінің үйренген нәрселерінің бәрін лақтырып тастайды, «қайта қарауды», яғни ескі қоқсыққа, революциялық майдагерлікке, шағын топтардың бытыраңқы жұмыс істеуіне қарай кейін қайтуды жариялайды. Бұл шағын топтар мен жеке адамдардың террорлық күрестегі ешқандай ерлігі, *партия* адамдары ретінде олардың істеп отырғаны *құлдыраудың* көрінісі екенін өзгерте алмайды. Сондықтан, оппортунистің еңсесі түсуінен де, террористің ашынуынан да, мысалы, ұсақ буржуазияның белгілі бір психологиясы мен белгілі бір өзгешелігі көрінетіні сияқты,— революцияның жеңілуін басынан кешірген елдердің бәрінің тәжірибесі дәлелдейтін,— ақиқатты біліп қою өте маңызды.

«Қарулы көтерілістің азды-көпті жуық арада болуына үміт жоқ екендігіне жұрттың бәрі қосылады». Міне бұл дөкір, бір сарынды сөздің мәнісін ойланып қараңызшы. Жұрт, сірә, әуелі кең көлемді саяси дағдарысты туғызатын, ал одан кейін, бұл дағдарыстың шиеленіскен кезінде, азамат соғысын туғызатын объективтік жағдайлардың жайын ешқашан ойланбаған болса керек. Жұрт қарулы көтеріліс ұранының маңызын және қолданылатын жағдайларын *түсінбей* тұрып, ол *«ұранды» жаттап алған*. Сондықтан олар ойланылмаған, сеніп ала салынған ұрандарды революцияның алғашқы жеңілістерінен кейін-ақ оп-оңай тастап кете береді. Ал егер бұл адамдар марксизмді XX ғасырдың бірден-бір

революциялық теориясы деп бағалаған болса, егер олар орыс революциялық қозғалысының тарихынан үйренген болса, онда олар бос сөз бен шып революциялық ұрандардың дамуының арасындағы айырмашылықты көрген болар еді. Социал-демократтар көтеріліс «ұранын» демонстрациялар Кричевский мен Мартыновты «шабуыл» туралы айқай салуға мәжбүр еткен 1901 жылы да, Надеждин марқұм ескі «Искраның» жоспарын «әдебиетшілдік» деп атаған 1902 және 1903 жылдары да ұсынған емес. Олар көтеріліс ұранын тек 1905 ж. 9 январьдан кейін, жалпы ұлттық саяси дағдарыстың *туғанына,* оның бұқараның тікелей қозғалысы арқылы күн сайын емес, сағат сайын шиеленісіп келе жатқанына ешбір адам күмән қылмайтын кезде ғана ұсынған болатын. Сонан соң бірнеше айдың ішінде ғана бұл дағдарыс көтеріліске *жеткізген.*

Бұдан қандай сабақ алуға болады? Алатын сабақ мынадай: біз енді әзірленіп келе жатқан жаңа саяси дағдарысты зер сала бақылап отыруымыз, бұқараға 1905 жылдың сабақтарын, шиеленіскен дағдарыстың бәрінің көтеріліске көшпей қоймайтынын үйретуіміз, дағдарыс басталған кезде осы ұранды көтеретін ұйымды нығайтуымыз керек. Ал «жуық арада болуына үміт бар ма?» деп мәселе қою босқа әурешілік. Россиядағы жағдай — азды-көпті ойланып сөйлейтін социалистің еш біреуі болжау жасауға бел байлай алмайтындай жағдай. Біздің *білетініміздің* және айта алатынымыздың бәрі мынау ғана: аграрлық қатынастарды қайтадан жасамайынша, ескі жер құрылысын толық озгертпейінше, Россия өмір сүре алмайды, ал ол омір сүруі керек. Столыпин осы өзгерісті помещиктік жолмен істеп шыға ма, немесе жұмысшылардың басшылығымен мұны шаруалардың *өздері* өзіне пайдалы етіп жасап шыға ма, күрес міне осы үшін болып жатыр. Социал-демократтардың атқаратын ісі — өсіп келе жатқан дағдарыстың осындай *экономикалық* негізін бұқараға айқын түсіндіру және революцияның мол сабақтарын халықтың үйренуіне көмектесетін, жаңа революциялық «науқан» үшін жетіліп келе жатқан күштер жетілген кезде олар-

дың күресіне *басшылық ете алатын* байсалды партия ұйымын тәрбиелеу.

Бірақ бұл жауап «ұрандар» дегеніміз, белгілі бір тарихи кезеңге жасалған таптық талдаудан және есептен шыққан практикалық қорытынды емес, партияға немесе бағытқа біржолата беріліп қойған бой тұмар деп қарайтын адамдарға, әрине, «нақты емес» болып көрінеді. Өз тактикасын әбден белгіленген және әлі белгісіз кезеңдердің айырмашылықтарымен үйлестіре білмеушілік саяси тәрбиесіздіктің және ой-өрісі тарлығының салдары екені ондай адамдарға түсініксіз. Ұйым нығайтылсын! Біздің революциялық «байбаламшыл» ерлеріміз «қазір», дерсу, ертең-ақ, ешқандай шу, жанжал тугызбайтын ондай қарапайым залалсыз міндеттерді жаратпай, мұрнын кіржитеді. «Өмір партияның күткен үмітін ақтамады». Ал мұның өзі күшті партиялардың ролі мен маңызын дүниеде болып көрмеген дәрежеде *дәлелдеп* шыққан 3 жылғы революциядан кейін айтылып отыр! *Таптарға* басшылық етуге шын қабілеті бар *партияны* тіпті Плевелік тәртіп [78] жағдайларында да құруға *болатынын* нақ осы орыс революциясы өзінің алғашқы дәуірінде-ақ көрсетіп берді. 1905 жылдың көктемінде біздің партиямыз астыртын үйірмелердің одағы еді; ал күзінде ол *миллиондаған* пролетариаттың партиясы болып алды. «Бірден» ол осылай болып шықты ма, мырзалар, немесе он жылдық баяу, табанды, көзге түспейтін, даурықпасыз жұмыс осындай нәтижені *әзірлеп* және қамтамасыз етіп отыр ма? Егер біздің басымыздан кешіріп отырғанымыздай кезеңде ресми және ресми емес эсер мырзалар *бірінші* орынға шаруа бұқарасының арасында,— трудовиктің, ағым ретіндегі, былжыр революцияшылдығынан негұрлым берік, идеялы, қатаң және ұстамды бір нәрсе жасап шығаруға қабілеті бар,— *партия* ұйымын құруды қоймай, патшаны олтіруді қоятын болса,— онда біз халықшылдық социализм Россияда өлгелі жатыр, ол әлдеқашан өліп болды, оның көсемдері, халықшылдар ретінде халық революциясының алғашқы науқанында-ақ өздерінің «күйрегенін» көмескілеу сезіп отыр дейтін боламыз.

Революцияда басшылық роль немесе тіпті дербес роль атқаруға қабілеттілікті шаруалардан біз күткен жоқ болатынбыз, сондықтан біз өте-мөте бұлдыр және болжыр идеялар болса да, революциялық-демократиялық идеялардың шаруалар арасына орасан мол тарағандығын көрсеткен бірінші науқанның сәтсіздікке ұшырағанына мойн қоймаймыз. Сөйтіп біз революцияға дейін қалай жұмыс істеген болсақ, партиялық дәстүрдің бұзылып кетпеуі үшін, партияның нығаюы және ол *екінші* науқанда 2—3 миллион пролетарларды емес, одан бес, он есе көп пролетарларды басқара алатын болуы үшін тағы да сондай ұстамды және табанды түрде жұмыс істей білеміз. Сіздер бұл міндетке сенбейсіздер ме? Сіздерді бұл зеріктіріп жібере ме? Ендеше, жолдарың болсын, құрметті мырзалар: сіздер революционер емессіздер, сіздер жай ғана даурықпасыздар!

Сонымен сіздердің ресми органыңыз III Думаға қатысу туралы мәселені де қоянпық адамдарша қойып отыр *. «Знамя Труданың» 10—11 номерінде бір қояншық біздің III Думадағы социал-демократ депутаттарымыздың *қателерін* табалап, олардың мәлімдемелері жөнінде: «Бұл мәлімдемелер туралы, бұл дауыс берулер және қалыс қалулар туралы кім біледі?» (11-бет) деп таңырқаған болады.

Біз бұған былай дейміз: иә, III Думадағы біздің социал-демократ депутаттарымыз көптеген қателер жасады. Ал эсерлердің керек етіп алып отырған тап осы мысалы *жұмысшы партиясы* мен *интеллигенттік топтың* іске көзқарасындағы айырмашылықты көрсетеді. Саяси толастық пен құлдырау дәуірінде осы құлдыраудың Дума фракциясында да көрінбей қоймайтынын, бұл фракция екінші Думадағыдан гөрі біздегі III Думада ең ірі

* Эсер бойкотизмінің толық талдауын «Пролетарийдің» 18-номерінен — «Өңін айналдырған парламенттік кретинизм» туралы мақаладан қараңыз. 1907 жылдың күзінде-ақ эсерлер шын революцияшыл бойкоттік дәстүрге шақырғансып, іс жүзінде бұл дәстүрді қорлаған, революцияшыл *бойкот-шабуылды* әлсіз, бейшаралық түрдегі «қатысудан бас тартумен» алмастырып, оны жоққа шығарған болатын... Сол кездің өзінде-ақ олар сенгіш көпшілікті: реакцияшыл Думаға «сырт беру» өкіметті «ірі моральдық» жеңіліске ұшырату және «жалпы саяси жағдайды өзгертуге бірінші келелі қадам басу» болады деп сендірген.

Сол кездің өзінде-ақ «партиялық атақ шығаруға ғана бола бұқараның миын шатастырудан ұялмайтын мырзалардың...» бұл «революциялық риторикасының» шын сипатын ашып көрсеткенбіз.

партия күштерін бұрынғыдан да аз шоғырландыратынын жұмысшы партиясы түсінеді. Сондықтан жұмысшы партиясы өз депутаттарының қателерін сынап және түзетіп отырады; әрбір ұйым әрбір сөйлеген сөзді талқылай келе және пәлендей-түгендей бір мәлімдеме немесе сөз қате екен деген қорытындыға келе отырып, бұқараның саяси бой көрсетуіне материал береді. Алаң болмай-ақ қойыңыздар, эсер мырзалар: саяси дағдарыстың шиеленіскен кезінде біздің фракция және қайткенде де біздің думалық фракцияның мүшелері *өз борыштарын өтей алады.* Ал біздің олардың қателерін сынауымыз бұқара алдында ашық, жария түрде жасалады. Бұл сыннан депутаттар үйренеді, таптар үйренеді, талай ауыр кезеңдерді көрген және ауыр жағдайдан қояншықтану арқылы емес, *барлық* ұйымдардың қажырлы және табанды күресі арқылы ғана абыроймен шығуға болатынын білетін партия үйренеді. «Пролетарий», шетелде шығатын газет болғандықтан, алыста жатып кеңес беруді сақтықпен жасау жөніндегі міндетін түсінді, бірақ ол да фракцияның жұмысын жақсарту шараларын ашық ұсынды. Біздің партиялық ашық сынымыз фракцияның жұмысымен қосылып бұқараға думалық мәлімдемелерді де, оларға жасалған партиялық түзетулердің *сипатын* да білгізеді. Партия ұйымдары мен партиялық баспасөз үлкен құлдырауды басынан кешіріп жатқан кезеңдерде думалық сөзді бағалай білмеу деген өлшеусіз интеллигенттік жеңілтектік жасау болады.

Эсер мырзалар өздерінің партия органдарында өздерін ашықтан-ашық сынап, түзеткен жағдайда ашық социалистік сөздердің мағынасын түсінбейді. Эсер мырзалар *өз* қайраткерлерінің қателері жөнінде үндемеуді тәуір көреді: Гершунидің кадет сүйгіштігі туралы «ұятсыз» мәлімдемеміз үшін бізді балағаттап, «Знамя Труданың» 10—11 номері мұны тағы еске түсіріп отыр. Біз бұл мәселе жөніндегі пікірімізді әлдеқашан-ақ айтқан болатынбыз* және оны өзінің революциялық ұйымға берілгендігімен аса зор құрметке ие болған, патша

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 169—177-беттер. *Ред.*

жендеттерінің азапқа салуынан қайтыс болған адамның артынан іле-шала қайталап айтпаған болар едік. Бірақ эсер мырзаларға мәселені көтеру керек болатын болса,— біз жауап береміз. Балағаттаудан басқа сіздер бізге ешбір жауап бере алмайсыздар, мырзалар, Гершунидің социалист-революционерлер партиясының февраль (1907 ж.) съезіндегі позициясын сіздердің қайсыларың мақұлдап, қайсыларың мақұлдамайтыныңызды сіздер турадан-тура ашық айта алмайсыздар. Сіздер мәселенің мәні бойынша жауап бере алмайсыздар, өз көсемдеріңіздің қателерін, оларды жақтаушылардың санын және т. т. аша алмайсыздар, неге десеңіз сіздерде *партия* жоқ, сіздер жеке адамдарды, мәлімдемелерді, бағыттарды және сарындарды ашық сынаумен бұқараны тәрбиелеуді бағаламайсыздар.

Жұмысшы табы өз өкілдерін ашық сынай отырып, өз ұйымын тәрбиелей және шынықтыра біледі. Бірден болмаса да, жанжалсыз болмаса да, күрессіз және еңбексіз болмаса да, *біз* әйтеуір оқиғалардың қиын бұрылысы біздің алдымызға қойған қиын міндетті: Думадағы ашық сөйлеген сөздерді партиялық құпия жұмыспен ұштастыруды *шешіп шығамыз.* Осы міндетті шешуде революцияның бірінші науқанын басынан кешірген партияның толысып жетілгендігі корінеді,— осы міндетті шешуде екінші науқан кезінде пролетариаттың социал-демократияның басшылығымен неғұрлым шебер, неғұрлым ұйымдаса күресетіндігінің және негұрлым батыл жеңетіндігінің бір кепілдігі туады.

«Пролетарий» № 32,
(15) 2 июль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің текстi
бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ [79]

АВТОРЕФЕРАТ

Поляк жолдастардың өтінішін орындап, мен бұл арада жоғарыда аты аталған кітабымның мазмұнын қысқаша баяндап беруге тырысып көрмекпін, бұл кітап 1907 ж. ноябрьде жазылған еді, бірақ маған *байланысты емес* жағдайлармен осыған дейін басылып шыққан жоқ*.

Бұл кітаптың бірінші тарауында мен «Россиядағы аграрлық төңкерістің экономикалық негіздері мен мәнін» қарастырдым. Россиядағы жер иелігі жөніндегі (1905 жылға қатысты) ең жаңа деректерді салыстыра отырып және Европалық Россияның барлық 50 губерниясындағы жер қорын жинақтап алғанда 280 миллион десятина деп есептеп, мен осының нәтижесінде үлесті жер мен жеке иеліктегі барлық жер меншігі мынадай болып бөлінеді деп сипаттадым: [161-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Қоғамдық статистикамен азды-көпті таныс әрбір адам бұл сипаттаманың шамамен ғана дұрыс екенін түсінеді. Алайда біз үшін маңыздысы — либерал-халықшылдық бағыттағы экономистердің, әдетте, өздері де соған белшесінен батып, істің мәнін де соған көміп тастап жүрген егжей-тегжей емес, процестің таптық мазмұны. Мен берген сипаттама осы мазмұнды анықтайды, орыс революциясында күрестің не үшін болып жатқандығын көрсетеді. 30 000 помещик — негізінен, дво-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 205—444-беттер. *Ред.*

	Иелік саны	Дес. жер мөлшері	1 иелікке орта есеппен келетін дес. жер
	(миллион	есебімен)	
а) крепостниктік қанау езген, күйзелген шаруалар	10,5	75,0	7,0
б) орта шаруалар	1,0	15,0	15,0
в) шаруа буржуазиясы және капиталистік жер иелігі	1,5	70,0	46,7
г) крепостниктік латифундиялар	0,03	70,0	2 333,0
Барлығы	13,03	230,0	17,6
Иеліктер бойынша бөлінбеген жер	—	50,0	—
Жиыны	13,03	280,0	21,4

ряндар, сондай-ақ уделді ведомство 70 миллион десятина жерді иеленіп отыр. Осы негізгі фактіні басқа бір фактімен: $10^1/_2$ миллион шаруа үйлері мен өте ұсақ меншікшілердің иелігінде 75 миллион десятина жер бар екенін салыстыру керек.

Соңғылары өздерінің иеліктерін алғашқыларының есебінен *екі есе ұлғайта* алар еді: күреске әр түрлі таптардың көзқарасы түрліше болуына қарамастан, күрестің болмай қоймас объективтік *тенденциясы* осындай.

Аграрлық дағдарыстың экономикалық мәні жоғарыда келтірілген сипаттамадан барынша анық түсінікті болады. Мұқтаждық, надандық және крепостниктік тәртіптің қалдықтары езіп отырған миллиондаған ұсақ, күйзелген, кедейленген шаруа жайылым, өріс, суат үшін, жалпы алғанда «жер» үшін, қысқы қарыз, т. б., т. с. үшін өзінің ауыл шаруашылық құрал-сайманымен помещиктің жерін өңдеп беріп, оған жартылай крепостниктік тәуелді болмайынша, басқаша тіршілік ете *алмайды*. Екінші жағынан, орасан зор латифундиялардың иелері мұндай жағдайда күйзелген көрші шаруалардың еңбегін пайдаланбайынша, басқаша жолмен шаруашылығын жүргізе *алмайды*, өйткені шаруашылықты бұлайша жүргізу капитал жұмсауды және жер өңдеудің жаңа системасына көшуді талап етпейді. Орыс экономикалық әдебиетінде талай рет жазылып келген жү-

мыспен өтеу системасының өзі лажсыздан осылайша болып келіп отырады. Мұның өзі *крепостниктік тәртіптің одан әрі өріс* алуынан басқа еш нәрсе емес. Қанаудың негізі — жұмысшыны жерден бөлектеу емес, қайта күйзелген шаруаны жерге еріксіз байлап-матау, меншікшінің капиталы емес, қайта соның жері, латифундия иесінің құрал-сайманы емес, қайта шаруаның көне соқасы, егіншілік мәдениетінің прогресі емес, қайта атам заманғы ескішілдік, «еркін жалдану» емес, қайта өсімқорлыққа кіріптарлық болып табылады.

Егіншілік мәдениеті саласындағы істің жоғарыда көрсетілген жайының нәтижелерін мынадай цифрлармен көрсетуге болады: үлесті жерде егін десятинасынан 54 пұт өнім береді, помещик жеріндегі хуторлық егісте, помещиктің есебінен помещиктің құрал-сайманымен өңделіп, жалдама еңбек пайдаланылған ретте десятинасынан 66 пұт өнім, нақ сол помещик жерінде «жарма-жарлық» деп аталатын тәсілмен өңделген егін десятинасынан 50 пұт өнім береді, ақырында, шаруалар арендаға алған помещик жерінің десятинасынан 45 пұт өнім алынады. *Крепостниктік-өсімқорлық* жолмен (жоғарыда айтылған «жарма-жарлық» және шаруалардың арендаға алуы) өңделген помещиктік жерлер құнары кеткен, сапасы нашар үлесті жерге қарағанда нашар өнім береді. Крепостниктік латифундиялар күшейтіп отырған бұл кіріптарлық Россияның өндіргіш күштерінің дамуы үшін *басты* кедергіге айналып отыр.

Алайда жоғарыда келтірілген сипаттамадан тағы да бір өзгеше нәрсе байқалады. Атап айтқанда: бұл даму капиталистік елде екі түрлі жолмен өтуі *мүмкін.* Не латифундиялар сақталады да, солар бірте-бірте жердегі капиталистік шаруашылықтың негізіне айналады,— бұл аграрлық капитализмнің пруссиялық типі; мұнда юнкер өктем болады. Ондаған жылдар бойы сол юнкердің саяси өктемдігі, ал шаруаның тепкіге ұшырап, қорлық көруі, қайыршылығы мен надандығы сақталып келеді. Өндіргіш күштер дамуы — 1861 жылдан 1905 жылға дейінгі орыс егіншілігіндегі сияқты — өте баяу ілгері басып келеді.

Немесе революция помещиктік жер иелігін жояды. *Еркін* жердегі, яғни барлық орта ғасырлық қоқсықтан тазарған жердегі еркін фермер капиталистік егіншіліктің негізі болады. Бұл — аграрлық капитализмнің *американдық* типі, капитализм тұсында болуы мүмкін барлық қолайлы жағдайлардың ішінен халық бұқарасы үшін неғұрлым қолайлы жағдайларда *өндіргіш күштердің сонағұрлым тез дамуы* болып табылады.

Шындығында орыс революциясында күрес «социализация» үшін немесе халықшылдардың басқа ойдан шығарған сандырақтары үшін болып отырған жоқ — бұл мещандық идеология, ұсақ буржуазиялық бос сөздер, одан басқа еш нәрсе де емес,— *қайта* бұл күрес Россияның капиталистік дамуы қай жолмен барады: «пруссиялық» жолмен бара ма әлде «американдық» жолмен бара ма деген мәселе *туралы* болып отыр. Революцияның осы *экономикалық* негізін анықтап алмайынша, аграрлық программа туралы мәселеден тіпті *еш нәрсе* түсінуге болмайды (абстракт-қолайлы жағын алып қарастырып, ал экономикалық-болмай қоймайтын жағын анықтамаған Маслов осылай еш нәрсе түсінбеді).

Орынның жеткіліксіздігі маған бірінші тараудың қалған мазмұнын баяндауыма мүмкіндік бермей отыр; оны екі ауыз созбен ғана қорытамын: кадеттердің бәрі де аграрлық төңкерістің мәнін бүркемелеуге бар күшін салып тырысуда, ал Прокопович мырзалар бұл жөнінен оларға *жәрдемдесіп отыр.* Кадеттер революциядағы аграрлық программалардың негізгі екі *бағытын:* помещиктік бағыт пен шаруа бағытын шатастырып («ымыраластырып») отыр. Содан соң, тағы да екі ауыз сөзбен айтсақ: Россияда капиталистік аграрлық эволюцияның екі типі — пруссиялық типі де (помещиктік шаруашылықтың капитализм бағытымен *бірте-бірте* дамуы), американдық типі де (шаруалардың жіктелуі және неғұрлым еркін, жерге бай оңтүстікте өндіргіш күштердің тез дамуы) 1861—1905 жылдардың өзінде-ақ байқалған болатын. Ақырында, осы тарауда мен сөз еткен отарлау туралы мәселе, оны да бұл арада баяндауға мүмкіндік жоқ. Мынаны ғана ескерте кетемін: Россияда жүздеген миллион десятина жерді пайдала-

нуға *басты* кедергі болып отырған нәрсе — орталықта жер иелігіндегі крепостниктік латифундиялар. Осы помещиктерді жеңу соншалықты күшті серпін тудырып, бұл серпін техника мен егіншілік мәдениетін соншалықты дамытар еді, сөйтіп өңдеуге жарамды жер көлемі 1861 жылдан бергі артқанынан да он есе тез ұлғаяр еді. Бірнеше цифр келтірейік: бүкіл орыс мемлекетіндегі 1965 миллион десятина барлық жердің 819 миллион десятинасы туралы *ешқандай* мәлімет жоқ. Сонымен, талдап қарауға тек 1146 миллион десятинасы ғана қалады, мұнан пайдаланылып отырғаны 469 миллион десятина, мұның ішінде 300 миллион десятинасы орман. *Егер* Россия помещиктік латифундиялардан *құтыла қалса,* қазір еш нәрсеге жарамсыз болып жатқан орасан көп жер таяу арада жарамды болып шығады*.

Менің кітабымның екінші тарауы РСДРП-ның аграрлық программалары революцияның тексеруіне түскепіне арналған. Барлық бұрынғы программалардың негізгі қатесі — Россияда капиталистік аграрлық эволюция *типінің* қандай болуы мүмкін екендігі жөнінде оншама нақты түсініктің болмағандығында. Стокгольмдегі съезде жеңіске жетіп, партияға *муниципализация* программасын берген меньшевиктер осы қатені қайталады. Стокгольмде мәселенің нақ *экономикалық жағы,* яғни ең маңызды жағы *мүлде қаралған жоқ,* маркстік талдау болған жоқ, «саяси» пайымдаулар, саясатқұмарлық басым болды. Мұны тек *ішінара* Стокгольм съезі өткен уақыттың өзімен түсіндіруге болады, ол кезде барлық назар 1905 жылдың декабріне және 1906 жылғы бірінші Думаға баға беруге аударылған еді. Сондықтан да *Стокгольмде* Масловтың муниципализациясын өткізген Плеханов капиталистік елдегі «шаруалардың аграрлық революциясының» (Стокгольм съезінің протоколдары, 42-бет, Плехановтың сөзі) *экономикалық*

* Либерал-халықшыл экономистер былай деп пайымдайды: орталықта жер жеткіліксіз *болғандықтан,* Сибирьдің, Орта Азияның, т. с. жарамсыз *болғандығынан* отарлау үшін қосымша жер бөліп *беру керек дейді.* Мұның өзі, әттең жердің жеткіліксіздігі болмаса, помещиктік латифундияларды тимей қоя тұрса да болар еді дегенді көрсетеді. Марксистер мүлде басқаша пайымдауға тиіс: помещиктік латифундиялар жойылмай *тұрып,* орталықта да, отарларда да (Россияның шеткері аймақтарында) өндіргіш күштердің шапшаң дамуы мүмкін емес.

мазмұнының байыбына мүлде барған жоқ. Бұл не бос сөз және марксистке лайықсыз демагогияға салынып, алдап-арбау арқылы шаруалардың көңілін «аулау» («Bauernfang»), немесе *шаруалардың жеңісі* арқасында капитализмнің неғұрлым тез дамуына *экономикалық* мүмкіндік бар болғаны, ал бұлай болған күнде «шаруалардың аграрлық революциясының» осы жеңісіне сай келетін жеңісті, аграрлық капитализмнің соған сай келетін жолын, жер иелігіндегі қарым-қатынастардың соған сәйкес келетін системасын қалайда айқын түсініп алу керек.

Неғұрлым ықпалды «муниципализаторлардың» Стокгольмдегі басты дәлелі шаруалар үлесті жерлерді национализациялауға *теріс* қарайды дегенге негізделген. Муниципализацияны жақтаушылардың *баяндамашысы* Джон: «Шаруалардың *меншігіндегі* үлесті жерлерін пайдалануына мемлекеттің қол сұғу әрекетіне қарсы, ол жерді «национализациялау» «әрекетіне қарсы» «біз бір ғана Вандеяға [80] тап болып қоймай, шаруалардың жаппай көтерілісіне тап болар едік» (қандай сұмдық!) деп даурыққан болатын (Стокгольм съезі протоколдарының 40-беті). Костров былай деп даурықты: «Шаруаларға оны (национализацияны) ұсыну — оларды өзімізден аулақтатып алу деген сөз. Шаруалар қозғалысы бізден тысқары кетеді немесе өзімізге қарсы шығады, сөйтіп біз революциядан сырт қалып қоямыз. Национализация социал-демократияны әлсіретеді, оны шаруалардан бөліп тастайды, сөйтіп революцияны да әлсіретеді» (88-бет).

Тегі, бұл түсінікті шығар. Шаруалар национализацияға теріс қарайды,— меньшевиктердің басты дәлелі, міне, осы. Ал *егер бұл рас болса*, онда «шаруалардың аграрлық революциясын» шаруалардың *ырқынсыз*... жасаудың өзі кісі күлерлік іс екені анық емес пе?

Шынында бұл рас болар ма екен? 1905 жылы П. Маслов былай деп жазды: «Қазіргі уақытта Россияда жерді национализациялауды аграрлық мәселені шешудің құралы деп тануға болмайтын себебі, национализацияның ең алдымен (осы «ең алдымен» деген сөзді байқа-

ңыз) мүлде утопиялық нәрсе екендігінде» ...«Ал шаруалар бұған келісе қоя ма»? *(П. Маслов,* «Аграрлық программаларға сын», 1905 ж., 20-бет).

Ал *1907 ж. мартта* былай деп жазылды: «Халықшылдық топтардың бәрі (трудовиктер, халықтық социалистер, социалист-революционерлер) жерді белгілі бір формада национализациялауды жақтайды» *(«Образование»* [81] журналы, 1907 ж., № 3, 100-бет). Және де мұны жазған кім? *Нақ сол П. Масловтың өзі!*

Міне сізге жаңа Вандея! міне сізге шаруалардың национализацияға қарсы көтерілісі! Және де өзінің қатесін адал мойындаудың орнына, шаруалардың неліктен национализацияны жақтап шығуға тиіс болғандығын *экономикалық* тұрғыдан зерттеудің орнына, Маслов Иван Непомнящийдің істегенін істеп отыр. Ол өзінің сөзін және Стокгольм съезінде сөйленген сөздердің бәрін де *ұмытуды артық көрді.*

Ол ол ма. «Қолайсыз оқиғаның» ізін жасыру үшін, Маслов трудовиктер *«орталық өкіметке үміт артып»* (ibid.*), национализацияны мещандық пайымдау себебінен жақтап шығыпты-мыс деп трудовиктер туралы өсек шығарып отыр. Мұның өсек екенін төмендегідей салыстыру дәлелдейді. Трудовиктердің *бірінші* Думаға да, *екінші* Думаға да ұсынған жер жөніндегі жобасының 16-параграфында былай делінген: «Жалпы халықтық жер қорын меңгеру ісі жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жергілікті өзін өзі басқару орындарына жүктелуге тиіс, бұлар заң белгілеген шекте дербес әрекет жасайтын болады».

Меньшевиктер өткізген РСДРП-ның аграрлық программасында былай делінген: РСДРП «... 4) ұсақ жер иелігінен басқа жеке иеліктегі жерлерді конфискелеуді және бұл жерлерді демократиялық негізде сайланған жергілікті өзін өзі басқарудың ірі («қалалық және селолық округтерді біріктіретін — 3-пункт») органдарының қарамағына беруді» талап етеді.

---

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

Бұл программалардың арасындағы елеулі айырмашылық «меңгеру» және «қарамағына»* деген сөздердің айырмашылығында емес, ал төлем туралы мәселеде (бұл мәселе Стокгольм съезінде Дан мен К^0-ға *большевиктердің* қарсы дауыс беруімен қабылданбай қалған-ды, оны меньшевиктер съезден кейін тағы да өткізуге тырысқан-ды) және *шаруалардың* жерлері туралы мәселеде болып отыр. Меньшевиктер бұларды бөліп көрсетеді, трудовиктер бөлмейді. *Трудовиктер менің пікірімнің дұрыс екендігін муниципалистерге дәлелдеп берді.*

Трудовиктердің I және II Думаға ұсынған программасының шаруалар бұқарасының программасы екендігіне күмәндануға болмайды. Мұны шаруалар депутаттарының әдебиеті де, сол сияқты олардың жобаларға қойған қолдары да, губерниялар бойынша олардың бөлінуі де — осылардың бәрі мұны мейлінше иланымды дәлелдейді. 1905 ж. Маслов былай деп жазды: «әсіресе» (цитат келтірілген кітапшаның 20-беті) үй-жайлы шаруалар национализацияға келісе алмайды. Бұл *«әсіресе»* сандырақ болып шықты. Мәселен, Подольск губерниясындағы шаруалар — үй-жайлы егінші шаруалар, соның өзінде «104-тің» жер жөніндегі жобасына (трудовиктердің жоғарыда цитат келтірілген жобасы) бірінші Думада 13 подольдық, екінші Думада 10 подольдық қол қойды!

Шаруалардың национализацияны жақтап шыққаны неліктен? Мұның себебі, олар барлық орта ғасырлық жер меншігін *жоюдың* қажеттігін алысты болжай алмайтын марксистсымақтардан гөрі түйсігімен-ақ әлдеқайда жақсы түсінді. Егіншілікте капитализмге жол аршу үшін орта ғасырлық жер меншігі жойылуға *тиіс,* сөйтіп капитал түрлі елдерде және түрліше дәрежеде ескі орта ғасырлық жер иелігін *жойды* да, оны рыноктың талаптарына бағындырып, сауда егіншілігі жағдайына сай қайта құрды. Маркс «Капиталдың» үшінші томының өзінде былай деп көрсеткен болатын: капиталис-

* «Қарамағына беру» деген сөз «меншігіне беру» деген сөзбен өзгертілсін деген түзетуді *Стокгольмде меньшевиктер қабылдатпай тастады* (Протоколдардың 152-бетін қараңыз).

тік өндіріс әдісі жер меншігінің капитализмге сай келмейтін тарихи формаларына тап болады да (кландық (рулық), қауымдық, феодалдық, патриархтық және т. с. жер иелігі), оларды жаңа экономикалық талаптарға сай қайта құрады[82].

«Қосымша құн теорияларында»* «Рикардоның рента теориясының тарихи жағдайлары» деген параграфта бұл пікірді Маркс danышпандықпен айқын дамытты. Ол онда былай дейді: «Капиталистік өндіріс VII Генрих заманынан бастап дәстүрлі егіншілік тәртіптерін дүние жүзінің ешбір жерінде осыншама аяусыз күйреткен емес, ол өзіне мұндай жетілген (адекваттық=мейлінше сәйкес келетін) жағдайларды ешбір жерде туғызып көрген емес, бұл жағдайларды осыншама дәрежеде ешбір жерде өзіне бағындырып көрген емес. Бұл жөнінен Англия — дүние жүзіндегі ең революцияшыл ел». «Ал осы clearing of estates (сөзбе-сөз алғанда=поместьелерді тазарту немесе жерлерді тазарту) деген сөздің мағынасы не? Оның мағынасы мынадай: отырықшы халықпен де мүлде санаспады — оны қуып шықты,— бұрыннан бар деревнялармен де мүлде санаспады — оларды жермен жексен етті,— шаруашылық құрылыстармен де мүлде санаспады — оларды қиратып тастады,— ауыл шаруашылығының сол кездегі түрлерімен де мүлде санаспады — оларды бірден өзгертіп жіберді, мәселен, егістік жерлерді малдың өрісіне айналдырып жіберді,— бір сөзбен айтқанда, өндірістің барлық жағдайларын дәстүрлі күйінде қабылдамай, бұл жағдайларды тарихи жолмен тиісті формада *жасап отырды,* бұл жағдайлар капиталдың барынша тиімді жұмсалуы талабына әрбір ретте сәйкес келетін формада жасап отырды. Демек, осылай болғандықтан, *жер меншігі* шынында да жоқ *болып шығады,* өйткені бұл меншік, тек ақшалай табыс алу ниетін ғана көздеп, капиталға — фермерге — еркімен қожалық етуге мүмкіншілік береді» (6—7-беттер) [83].

Капиталға кедергі болатын барлық ескі жер иелігін *жою,* жерге жеке меншікті жою — орта ғасырлық фор-

---

* «Theorien über den Mehrwert». II. Band, 2. Teil, Stuttgart, 1905 («Қосымша құн теориялары». II том, 2-бөлім, Штутгарт, 1905. *Ред.).*

маларды неғұрлым тез жоюдың және капитализмнің неғұрлым еркін дамуының шарттары, міне, осындай. Россияда да орта ғасырлық жер иелігін осылай революциялық жолмен *«тазалау»* болмай қоймайды, және де мұны дүние жүзінде ешбір күш тоқтата да алмайды. Бұл «тазалау» *помещиктік* бола ма немесе *шаруалық бола ма,* мәселе, міне, осында *ғана, күрес тек қана осы үшін* болып отыр. Орта ғасырлық жер иелігін помещиктердің «тазалауы» — мұның өзі шаруаларды 1861 жылғы тонау, мұның өзі 1906 жылғы столыпиндік аграрлық реформа (87-статья бойынша шыққан заң). *Шаруалардың капитализм үшін жер «тазалауы» — бұл жерді национализациялау.*

Жұмысшылар мен шаруалар жүзеге асыратын *буржуазиялық* революциядағы национализацияның тура осы *экономикалық* мәнін Маслов, Плеханов және К° мүлде түсінбеді. Олар аграрлық программаны крепостниктік қатынастардың аса маңызды қалдықтарының бірі саналатын орта ғасырлық жер иелігімен күресу үшін жазған жоқ, капитализмге толық жол ашып беру мақсатымен жазған жоқ, қайта ескіні жаңамен, үлесті жер беру арқылы туған жер меншігі мен революция конфискелеген крепостниктік латифундияларды «үйлестіріп» біріктіруге *мещандық бейшаралық әрекет жасау* үшін жазды.

Ақырында, муниципализация *идеясының* бүкіл мещандық реакцияшылдығын көрсету үшін аренда жөнінде мәліметтер келтіремін (аренда туралы мәселенің маңызын, Масловпен екі арада болған таласта, мен өзімнің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшамда 1906 жылдың өзінде-ақ көрсеткен болатынмын*). Саратов губерниясындағы Камышин уезінде **: [170-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Асқан дана Маслов пен Плеханов шаруалардың меншігіне қалдырып отырған *үлесті* жер мен «муниципализациялайтын» *үлесті* емес (арендалық) жердің *шын*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 251—282-беттер. *Ред.*

** «Россияда капитализмнің дамуы», 2-басылуы, 51, 54 және 82-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 87, 91 және 132—133-беттер. *Ред.*).

Үй қожайындарының топтары	Үлес бөлгенде пайда болған бір иелікке келетін десятина жер			
	Үлесті егістік жерлер	Арендаға алынған жерлер	Арендаға берілген жерлер	Барлық егін егілген жер
Жұмыс көлігі жоқтар	5,4	0,3	3,0	1,1
1 жұмыс көлігі барлар	6,5	1,6	1,3	5,0
2 » » »	8,5	3,5	0,9	8,8
3 » » »	10,1	5,6	0,8	12,1
4 » » »	12,5	7,4	0,7	15,8
5 және одан артық малы барлар	16,1	16,6	0,9	27,6
Орта есеппен	9,3	5,4	1,5	10,8

экономикалық арақатынасына көз салыңыздаршы. Атсыз шаруалар өздері арендаға алған жерге қарағанда *он есе көп жерді арендаға береді,* ал Россияда мұндай шаруашылықтардың жалпы саны 1896—1900 жылдарда 11,1 миллион шаруашылықтың ішінен $3^1/_4$ миллион шаруашылық болатын.—Бұлардың егін егетін жері өздеріндегі «үлесті» жерден бес есе аз. Бір аты бар шаруалардың (бүкіл Россияда $3^1/_3$ миллион шаруашылық) арендаға алатын жері арендаға беретін жерінің *мөлшерінен аз-ақ асады,* ал егін егетін жердің көлемі «үлесті» жерінен *кем* болып шығып отыр. Жоғарғы топтардың бәрінде, яғни шаруалардың азшылығында, бұлардың арендаға алатын жерлері арендаға беретін жерлерінен бірнеше есе көп, ал егін егетін жердің көлемі шаруа неғұрлым ауқатты болса, оның «үлесті» жерінің мөлшерінен соғұрлым артық болады.

Бұл сияқты қатынастар *бүкіл* Россияда үстем болып отыр. Капитализм егіншілік қауымын қиратады, шаруаларды «үлесті» жердің өктемдігінен *азат етеді,* деревняның екі полюсінде де үлесті жердің ролін кемітеді, ал терең ойшыл меньшевиктер даурығып: «шаруалар үлесті жерлерді национализациялауға қарсы көтеріліске шығады» дейді.

Россияда тек помещиктік жер меншігі ғана емес, сонымен қатар шаруаның үлесті жер меншігі де орта ғасырлық нәрсе болып табылады, мұны меньшевиктер «естен шығарып жіберген». Жаңа, капиталистік қаты-

настарға *мүлде сай келмейтін* үлесті жер меншігін нығайту дегеніміз — реакциялық шара, ал муниципализация үлесті емес, «муниципализациялауға жататын» меншіктен өзгеше үлесті меншікті *нығайтады*. Үлесті жерді иелену шаруаларды орта ғасырлық мыңдаған қоршау мен орта ғасырлық қазыналық «қауым» арқылы бөліп тастап, өндіргіш күштердің дамуын тежейді. «Қауымды» және үлесті жерге осы иелікті капитализм *сөзсіз* жояды. Столыпин мұны сезіп отыр, сондықтан оны қара жүздік жолмен қиратуда. Шаруалар мұны сезіп отыр, сондықтан шаруалық жолмен немесе революциялық-демократиялық жолмен қиратқысы келеді. Ал меньшевиктер даурығып: «Үлесті жерге қол тигізуге болмайды» дейді.

Национализация ескіліктің қалдығы болып табылатын «қауымды» және орта ғасырлық үлесті жер меншігін жояды, жойғанда капиталистік қоғамда бұл тәртіптерді шаруалар мүддесін мейлінше көздей отырып, жалпы алғанда көкейімізге қонатындай етіп жояды. «Шаруалар мәселесі жөніндегі материалдар (Бүкіл россиялық шаруалар одағының 1905 ж. 6—10 ноябрьде өткен делегаттық съезінің мәжілістері туралы есеп)». Петербург, 1905 ж., деген кітапшадан біз мынаны оқимыз: ««Қауым» жөніндегі атышулы мәселе мүлде көтерілген жоқ және үн-түнсіз теріс шешілді: жер жеке адамдар мен серіктіктердің пайдалануында болуға тиіс делінген бірінші және екінші съездің де қарарларында» (12-бет). Үлесті жерді национализациялаудан шаруалардың өздері зардап шекпей ме деген сұраққа делегаттар былай деп жауап берді: «Бәрібір бөліске салған кезде алады» (20-бет). Меншік иесі шаруа (және оның идеологы Пешехонов мырза) «бәрібір бөліске салған кезде жер алатынын», таяуда крепостниктік латифундиялардың жойылатынын жақсы біледі. Ал барлық жерді национализациялауды білдіретін кең көлемдегі «бөліске салу» меншік иесі шаруаға орта ғасырлық бұғаудан босану үшін, жерді «тазалау» үшін, жер пайдалануды жаңа экономикалық жағдайларға сәйкестендіру үшін керек. Мұны екінші думада социалист-революционерлер атынан сөз сөйлеген Му-

шенко мырза өте жақсы айтты, ол өзіне тән аңғалдықпен былай деді: «Жерді бөлшектеу жойылған кезде ғана, жерге жеке меншік принципі орнатқан барлық қоршаулар алынып тасталған кезде ғана (егіншілерді) дұрыс орналастыруға болады» (II Думаның протоколдары, 1172-бет). Осы мәлімдемені Маркстің жоғарыда келтірілген сөздерімен салыстырыңызшы, сонда сіз нақты мазмұнның: ескі орта ғасырлық жер меншігін буржуазиялық-революциялық жолмен тазалаудың «социализациялау» мен «теңестіру» деген мещандық сылдыр сөздің тасасында жасырынып қалып қойғанын түсінесіз.

Жерді муниципализациялау буржуазиялық революцияда *реакциялық* шара болып табылады, өйткені бұл шара орта ғасырлық жер меншігін жою жөніндегі экономикалық жағынан қажетті және болмай қалмайтын процеске, барлық *қожайындар* үшін, олардың халжағдайы, бұрынғысы, 1861 жылғы үлесті жері және т. т. қандай болғанына қарамастан, жер жөнінде *біркелкі* экономикалық жағдай орнату процесіне кедергі жасайды. Жерді меншікке бөлу ендігі жерде *реакцияшылдық* болар еді, өйткені ол қазіргі ескірген және ескіліктің қалдығы болып табылатын үлесті жерге меншікті сақтап қалар еді; бірақ соңынан, национализация арқылы жерді толық тазалағаннан кейін, *жаңа,* еркін *фермерліктің* ұраны ретінде, мұндай бөліс мүмкін болар еді*. Марксистердің ісі, жайғасып орналасуға, ескілікке бейімделуге ұмтылған мещандарға әсте де көмектесу емес, радикал буржуазияның (яғни шаруалардың) ескі қоқсықты мүмкіндігінше неғұрлым толық жоюына және капитализмнің тез дамуын қамтамасыз етуіне жәрдемдесу болып табылады.

Үшінші тарау «национализация мен муниципализацияның теориялық негіздеріне» арналған.

Капиталистік қоғамда жерді национализациялаудың мәнісі, дифференциялы рентаны жою емес, абсолютті рентаны жою және т. т. деген сияқты әрбір марксистке

* М. Шанин өзінің «Муниципализация немесе меншікке бөлу» Вильна, 1907, деген кітапшасында, мәселенің егіншілікке қатысты жағын баса көрсеткен, бірақ дамудың екі жолын және қазіргі жер иелігін жоюдың маңызын түсінбеген.

жалпы мәлім нәрселерді мен, әрине, поляк жолдастарға қайталап жатпаймын. Мен орыс оқушыларды ескере отырып, бұл жөнінде толығырақ айтуға *тиісті болдым,* өйткені Петр Маслов: Карл Маркстің абсолютті рента жөніндегі теориясы жатқан бір «қайшылық», «мұның себебі осы қайшылыққа толы үшінші томның ол қайтыс болған соң шығарылып, оған автордың жазған алғашқы нобайлары да енгендігінде ғана (!!)» («Аграрлық мәселе»)* деп пайымдады.

Карл Маркстің жазған алғашқы нобайларын түзеткісі келген Петр Масловтың бұл дәмесі мен үшін пәлендей жаңалық емес. Маркстің рента теориясын *«Жизнь»*[85] журналында Масловтың қалай бұрмалағанын мен тіпті 1901 жылы *«Заря»*[84] журналының өзінде-ақ көрсеткен болатынмын**. Алайда Петр Маслов сол өрескел және күмәнсыз сандырағын осыдан кейін ілешала 1906 жылы (3-басылуына алғы сөз, 1906 ж. 26 апрель делінген), Маркс абсолютті рента теориясын әбден айқын анықтаған «Қосымша құн теориялары» жарыққа *шыққаннан кейін де* қайталады. Бұл барып тұрған сорақылық! Петр Масловтың Маркске жасаған «түзетулеріне» менің кітабымда берілген толық талдауды бұл арада қайталап жатуға мүмкіндік болмағандықтан, бұл түзетулердің буржуазиялық саяси экономияның жауыр болған дәлелі екендігін көрсетумен ғана шектелемін. Маркстің абсолютті рента теориясына Петр Маслов «кірпіш өндірісін» қарама-қарсы қоюға дейін барып отыр (111-бет), «жер құнарлылығының кеми беру заңын» қоздыра түсіп отыр, ««мұхиттың ар жағындағы» елдердің бәсекесін бұл заңсыз түсіндіруге болмайды» (107-бет) дейді, сөйтіп, ақыр соңында, *Маркстi теріске шығармайынша, халықшылдардың көзқарасын теріске шығарып болмайды* деп айтуға дейін барып отыр: «Егер нақты бір жер көлеміне біртіндеп жұмсалған еңбек өнімділігінің төмен құлдырау фактісі болмаса, халықшылдардың... идиллиясы, сірә, әлі де жүзеге асқан болар еді». (Масловтың *«Образование»* журналында жазғаны, 1907, № 2, 123-бет). Бір сөзбен

---

* «Аграрлық мәселе», 3-басылуы, 108-бет, ескерту.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 129-бет. *Ред.*

айтқанда, Петр Масловтың экономикалық теориясында абсолютті рента туралы, жер құнарлылығының кеми беру «фактісі» туралы, «халықшылдықтың» негізгі қателері туралы, егіншілік мәдениетін жақсарту мен техниканы жақсарту арасындағы айырмашылық туралы мәселе жөнінен ешбір *нәрлі сөз жоқ*. Капиталдың ресми қорғаушылары мейлінше тұрпайыландырған нағыз буржуазиялық дәлелдер арқылы абсолютті рента теориясын теріске шығарып, Маслов марксизмді бұрмалаушылар қатарына қайткенде де қосылуға тиісті болған еді. Бірақ марксизмді бұрмалап, соның өзінде Петр Масловтың өте тапқыр болып шыққаны сонша, оның «Аграрлық мәселе» жөніндегі кітабының немісше аудармасына Маркстің жазған алғашқы нобайларына жасаған түзетулерінің бәрі *енгізілмепті*. Европалықтардың алдына келгенде Маслов *өзінің теориясын қалтасына тығып қалдырыпты!* Осыған орай бейтаныс бір адам туралы айтылған бір әңгіме ойыма еріксіз түсті — деп жазғанмын мен III тарауда — әлгі бейтаныс кісі ежелгі заман философтарының әңгімелесуіне алғаш рет қатысыпты да жұмған аузын ашпапты. «Егер сен ақылды болсаң,— деген екен сонда философтардың бірі әлгі бейтаныс адамға,— онда сен ақымақтық жасап отырсың. Егер сен ақымақ болсаң, онда ақылдылық жасап отырсың».

Кімде-кім абсолютті рента теориясын теріске шығарса, ол капиталистік қоғамда жерді национализациялаудың маңызын түсіну мүмкіндігінің бәрінен өзін өзі жұрдай айыратыны өзінен өзі түсінікті, өйткені национализация дифференциялы рентаны жоймайды, абсолютті рентаны ғана жояды. Кімде-кім абсолютті рентаны теріске шығарса, ол капитализмнің дамуына *кедергі* болып табылатын жеке меншік жер иелігінің экономикалық маңызының қандайын болса да мойындамағаны. Осының салдарынан Маслов және К°: национализация ма әлде муниципализация ма («жерді кімге беру керек?») деген мәселені сөзсіз саяси мәселеге апарып сайдырады да, мәселенің экономикалық мәнін елеусіз қалдырады. Үлесті жерге (яғни сапасы жағынан нашар және нашар қожайындардың қолында-

ғы жерге) жеке меншікті жердің қалған (жақсы) жартысына қоғамдық меншікпен ұштастыру азды-көпті дамыған және еркін капиталистік мемлекетте *сорақылық* болып шығады. Бұл — артық-кемі жоқ тура *аграрлық биметаллизм.*

Меньшевиктердің осы қатесі салдарынан жерге жеке меншікті сынау ісін социал-демократтар социалист-революционерлердің қолына беріп қойған болып шықты. Маркс «Капиталда» мұндай сынның тамаша үлгісін көрсетіп берді*. Ал бізде социал-демократтар капитализмнің дамуы тұрғысынан алып сынау ісімен мүлде шұғылданбайтын болып шығып отыр, сөйтіп бұқараға халықшылдардың сыны ғана, яғни жерге жеке меншікті мещандықпен бұрмалап көрсететін сын ғана мәлім болып отыр.

Бүге-шіге ретінде еске сала кетейін, орыс әдебиетінде национализацияға қарсы мынадай: ұсақ шаруа меншігі тұсындағы национализация «ақшалай рента» болып шығар еді деген дәлел де келтірілді. Бұл дұрыс емес. «Ақшалай рента» (қараңыз: «Капитал», III)[87] помещик үшін осы заманғы форма берілген процент болып табылады. *Қазіргі* шаруа арендасы тұсында жер үшін ақы төлеу белгілі бір дәрежеде *ақшалай рента* болып табылатыны күмәнсыз. Крепостниктік латифундиялардың жойылуы шаруалардың жіктелуін тездетеді, қазірдің өзінде-ақ капиталистік аренда жасап отырған шаруа буржуазиясын күшейтеді: шаруалардың жоғарғы топтарындағы жер арендасы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді еске түсіріңізші.

Ақырында, айта кетерлік тағы бір нәрсе, национализацияны капитализм дамуының өте жоғары сатысында ғана жүзеге асыруға болады-мыс деген көзқарас марксистер арасында көп тарап жүр. Бұл дұрыс емес. Ол кезде, енді буржуазиялық революция туралы емес, ал социалистік революция туралы мәселе кезекке қойылатын болады. Жерді национализациялау анағұрлым дәйекті буржуазиялық шара болып табылады. Маркс

* Қараңыз: мәселен, «Das Kapital», III, 2. T., S. 346—347 капитализмнің дамуы үшін кедергі болып табылатын жер бағасы туралы. Бұл да сонда, 344—345, 341 және 342[86].

мұны «Философия қайыршылығынан»[88] бергі жерде *сан рет* айтқан болатын. Маркс «Қосымша құн теорияларында» былай дейді (II. Band, I. Teil, S. 208): «Радикал буржуа жерге жеке меншікті теория жүзінде теріске шығарады... Ал практика жүзінде оның батылдығы жетпейді, өйткені меншіктің бір формасына шабуыл жасау, еңбек жағдайларына жеке меншік формасына шабуыл жасау, меншіктің басқа формасы үшін де өте қауіпті болар еді. Оның үстіне, буржуа өзін өзі жерге орнықтырды»[89]. Россияда буржуазиялық революция мынадай жағдайларда: сан миллиондаған бұқара үшін национализация программасын ұсынуға «батылы барып отырған» және әлі «өзін жерге орнықтырмаған», яғни жерге (буржуазиялық) меншіктің болуынан алатын олжасы мен «пайдасына» қарағанда, жерге *(орта ғасырлық)* меншіктің болуынан көп зиян шегетін радикал буржуа (шаруа) өмір сүріп отырған жағдайларда жасалады. Орыс революциясы кадет пен жұмысшы арасында ауытқып жүрген осы «радикал буржуа» өзінің жаппай бой көрсетуімен пролетариаттың революциялық күресінде оны қолдаған жағдайда ғана жеңе алады, басқаша болуы *мүмкін* емес. Орыс революциясы пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы түрінде ғана жеңеді, басқаша болуы мүмкін емес.

Кітаптың төртінші тарауында аграрлық программа мәселелеріндегі «саяси және тактикалық» пікірлер жөнінде сөз болады. Мұнда бірінші орында Плехановтың «атақты» дәлелі тұр: «менің позициямның кілті,— деп даурықты ол Стокгольмде,— реставрацияның мүмкіндігін көрсетуде болып отыр» (Протоколдар, 113-бет). Ал бұл мүлде тот басқан кілт, «реставрацияның болмауына кепілдік» деген желеумен реакциямен *келісім жасасуды* көздейтін кадеттің кілті. Плехановтың дәлелі — ең бейшаралық софизм, өйткені реставрацияның болмауына кепілдік жоқ деп оның өзі айтады, бірақ сөйте тұрып ол мұндай кепілдікті *ойлап шығарып отыр.* «Ол (муниципализациялау) жерді ескі тәртіптің саяси өкілдерінің қолына бермейді» (45-бет, Плехановтың сөйлеген сөзі). Реставрация дегеніміз не? Ол — мемле-

кеттік өкімет билігінің ескі тәртіп өкілдерінің қолына көшуі. Реставрацияның болмауына кепілдік болуы мүмкін бе? Жоқ, мұндай кепілдіктің «болуы да мүмкін емес». (Протоколдар, 44-бет, Плехановтың сөйлеген сөзі). Сондықтан... кепілдікті—«муниципализация жерді бермейді» дегенді ойлап шығарды.

Муниципализация тұсында үлесті жер мен помещиктік жердің арасында *экономикалық* жағынан айырмашылық қалады, яғни муниципализация реставрацияны немесе *осы айырмашылықты* de jure *қалпына келтіруді* жеңілдетеді. *Саяси* жағынан алғанда муниципализация дегеніміз помещиктік жер жөніндегі иеліктің ауысуы туралы *заң* болып табылады. Заң дегеніміз не? Үстем таптардың еркін білдіргендік. Реставрация тұсында тағы да *сол* таптар қайтадан *үстемдік жасайтын* болып шығады. Заң оларды байлап-матай ала ма, Плеханов жолдас? Егер сіз бұл жөнінде ойланған болсаңыз, үстем таптардың еркін білдіруін ешқандай заң байлап-матай алмайтындығын түсінген болар едіңіз. Ал национализация реставрацияны *экономикалық* жағынан қиындатады, өйткені ол *барлық* межелерді, жерге орта ғасырлық меншіктің *күллісін құртып,* оны біртұтас болып қосылатын жаңа капиталистік өндіріс жағдайларына *бейімдейді.*

Плехановтың софистикасы *кадет* тактикасын: пролетариатты толық жеңіске бастамай, қайта ескі өкіметпен *келісімге* бастайтын тактикасын қабылдағандық болып табылады. Шындығында «реставрацияны болдырмауға» бірден-бір абсолютті «кепілдік»— Батыстағы социалистік төңкеріс, ал относительді кепілдік — революцияны ақырына дейін жүргізу, ескіні *неғұрлым тыңғылықты* жою, саясатта демократия дәрежесінің *барынша* жоғары болуы (республика) және экономикада капитализмге жол аршу болып табылады.

Плехановтың басқа бір дәлелі мынадай: «Иелігінде жері бар қоғамдық өзін өзі басқару органдарында муниципализация реакцияға қарсы тірек жасайды. Бұл тірек өте күшті тірек болмақ» (Протоколдар, 45-бет). Дұрыс емес. Капитализм заманында жергілікті өзін өзі басқару еш уақытта және еш жерде де реакцияға қарсы

тірек болған емес, бола алмайды да. Капитализм мемлекеттік өкімет билігін *қайткенде* де орталықтандыруға *бастайды,* сондықтан жергілікті өзін өзі басқарудың *қандайы болса да* реакциялық мемлекеттік өкімет билігі тұсында сөзсіз жеңіліске ұшырайды. Плеханов капиталистік қоғамда реакцияға қарсы тұруы мүмкін бірден-бір тірек — «орталықтағы демократизмге» немесе *республикаға* назар аудармай, қайта үлкен тарихи міндеттерге келгенде әрдайым дәрменсіз болып шығатын, ұсақ, уақ-түйекшіл, дербестігі жоқ және бытыраңқы келетін жергілікті өзін өзі басқару орындарына көңіл бөліп, *оппортунизмді* уағыздайды. Россияда орталық өкіметті жеңіп алмайынша, «шаруалардың аграрлық революциясы» жеңе *алмайды,* ал Плеханов меньшевиктерді Стокгольмде меньшевик Новоседский білдірген мынадай көзқарасқа иландырады: «Шын мәнінде демократиялық жергілікті өзін өзі басқару органдары болған күнде қазіргі қабылданған программа (тыңдаңыздар!) орталық үкіметтің демократиялық дәрежесі оның ең жоғары дәрежеде демократияланғаны болып есептелмеген күннің өзінде де жүзеге асырыла алады. Демократиялануы, былайша айтқанда, тіпті біршама болған күнде де муниципализация зиянды емес, қайта пайдалы болады» (Протоколдар, 138-бет).

Бұл айдан анық. Халықты монархияға бейімделуге үйрете берейікші, біздің облыстардағы әрекетімізге, бәлкім, «олар көңіл аудара» қоймас, Щедриннің шабақтары сияқты, «бізге де тіршілік сыйлар» дегендік. Орталықта «біршама», меньшевиктік демократизм болып тұрғанда, муниципализация мен *жергілікті* демократизм мүмкін дегенге үшінші Дума жақсы мысал болып табылады.

Содан соң муниципализация федерализмді және облыстардың бөлшектенуін нығайтады. II Думада *оңшыл казак* Карауловтың национализацияны Плехановтан кем түспей шенеп, *облыстар бойынша муниципализациялауды жақтап пікір айтқаны* тегін емес (Протоколдар, 1366-бет). Россияда казактардың жерлері қазірдің өзінде-ақ *муниципализациялау болып табылады.* Және

де мемлекеттің нақ осы жеке облыстарға бөлшектенуі революцияның алғашқы үш жылдық науқандағы жеңілу себептерінің бірі болды!

Национализация,— делінген мұнан кейінгі бір дәлелде,— буржуазиялық мемлекеттің орталық өкіметін күшейтеді! Біріншіден, бұл дәлел *жекелеген ұлттардың* социал-демократиялық партияларында сенімсіздік туғызу ниетін көздеп ұсынылып отыр. «Бәлкім,— деп жазады П. Маслов *«Образованиеде»*, 1907, № 3, 104-бет,— кейбір өңірде шаруалар өз жерлерін бөлісуге келісер, бірақ барлық жерді национализациялау жобасы мағынасыздық болып шығуы үшін бір үлкен аудан (мәселен, Польшаның) шаруаларының өз жерлерін бөлісуден бас тартуы жеткілікті». Несін айтасың, жақсы-ақ дәлел! Демек, «бір үлкен аудан шаруаларының бас тартуы жеткілікті» және т. т. деп біз республикадан бас тартуға тиісті емес пе екенбіз? Бұл дәлел емес, *демагогия.* Біздің саяси программамыз жеке провинцияларға кең автономия беруді талап етіп, зорлық пен әділетсіздік атаулыны теріске шығарады (партия программасының 3-пунктін қараңыз). Мұның мәнісі: әңгіме буржуазиялық қоғамда қол жетпейтін жаңа «кепілдіктерді» қайтадан ойлап шығаруда болмай, пролетариат партиясының өзінің насихат және үгіт жұмысы арқылы, бөлшектенуге емес, қайта бірігуге *шақыруында,* меңіреу түкпірде тағылануға және ұлттық тарөрістілікке емес, қайта орталықтанған мемлекеттердің ізгі міндеттерін шешуге *шақыруында* болып отыр деген сөз. Аграрлық мәселені Россияның орталығы шешеді, шеткері аймақтарда *өнеге* арқылы әрекет жасаудан басқаша ештеңе істеуге *болмайды**. Бұл, социал-демократты былай қойғанда, әрбір демократқа да айқын нәрсе. Сонымен, мәселенің түйіні тек мынада: пролетариат шаруаларды биік мақсаттарға дейін *көтеруге* тиіс пе әлде шаруалардың мещандық дәрежесіне дейін *төмен құлдырауға* тиіс пе дегенде болып отыр.

---

* Капиталистік мемлекетте жерге жеке меншік пен национализация қатар өмір сүре *алмайды.* Бұл екеуінің біреуі бел алатын болады. Жұмысшы партиясының міндеті анағұрлым жоғары системаны қолдау болуға тиіс.

Екіншіден, национализация орталықтың озбырлық жасау мүмкіндігін, бюрократияны және т. т. күшейтеді делініп жүр. Бюрократияны алатын болсақ, жерді *меңгеру* ісі национализация тұсында да жергілікті өзін өзі басқару органының қолында қалатынын айту керек. Бұл жоғарыда келтірілген дәлелдің жалған екенін көрсетеді. Орталық өкімет жалпы шарттарды белгілейді, яғни, мәселен, жерді бөліп беру атаулының бәріне тыйым салады және т. т. Ал біздегі қазіргі, яғни меньшевиктік, программа, «қоныстандыру қорын» ғана емес, сонымен қабат «жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар мен суларды» да «демократиялық мемлекеттің қарамағына» беріп отырған жоқ па? Бұқпалап бас саугалау — ақылсыздық, бұл арада да *шексіз* озбырлықтың болуы мүмкін, өйткені *қандай* ормандар мен сулардың жалпы мемлекеттік маңызы бар екенін орталық мемлекеттік өкіметтің өзі анықтайды. Меньшевиктер «кепілдікті» іздейтін жерден іздемейді: орталық пен облыстар арасында жанжалдың мейлінше аз болуын орталықтағы толық демократизм *ғана, республика* ғана қамтамасыз ете алады.

Буржуазиялық монархистерді (кадеттерді) бұқпантайлап қолдап, буржуазиялық республикашылдарды да қолдау ойына келгенде жұрт алдында кеудесін қағатын меньшевиктер: «буржуазиялық мемлекет күшейіп кетеді»,— деп даурығады. Объективтік тарихи, қоғамдық даму алдымызға қойып отырған нағыз тарихи мәселе мынау: аграрлық эволюцияның пруссиялық типі ме әлде америкалық типі ме? Конституционализмнің алдамшы бүркеншін жамылған помещиктік монархия ма әлде шаруалық (фермерлік) республика ма? Мәселені тарихтың *осылайша* объективті қойғанын көрмегенсу,— шиеленіскен тап күресінен, демократиялық революция жөніндегі мәселені төте, айқын, батыл қоюдан мещандықпен бой тасалап, өзіңді де, өзгені де алдау деген сөз.

Біз «буржуазиялық мемлекеттен» құтыла алмаймыз. Бұл туралы мещандар ғана арман ете алады. Біздегі революцияның буржуазиялық революция болып табылатын себебі де нақ мынада: мұнда социализм мен

капитализм арасында күрес болып отырған жоқ, *капитализмнің екі формасы арасында,* оның дамуының екі жолы арасында, буржуазиялық-демократиялық мекемелердің екі формасы арасында күрес болып отыр. Октябристердің немесе кадеттердің монархиясы да меньшевик Новоседскийдің көзқарасы тұрғысынан қарағанда *«біршама»* буржуазиялық «демократия» болып табылады. Пролетарлық-шаруалық республика да буржуазиялық демократия болып табылады. Біз өзіміздегі революцияда ескі тәртіпке қарсы буржуазияның белгілі бір топтарын белгілі бір дәрежеде *қолдамайынша, бір адым да* ілгері баса алмаймыз және бір адым ілгері басқанымыз да жоқ.

Егер бізге национализацияның мәнісі — ақшаны армияға жұмсауды, ал муниципализацияның мәнісі — ақшаны медицинаға және халық ағарту ісіне жұмсауды білдіреді деушілер болса, онда мұның өзі филистерге лайық софистика. Маслов осылай, тура осылай пайымдайды: «...Национализация, яғни (sic!*) жер рентасын армия мен флотқа жұмсау; жерді муниципализациялау, яғни рентаны халықтың керегіне жұмсау» (*«Образование»,* 1907, № 3, 103-бет). Бұл — мещандық социализм, немесе ұстап алған шыбынның құйрығына себу керек дейтін порошокпен шыбындарды қыру! Қайырымды Маслов мынаны түсінбеген: Егер Россияда земстволар, Батыста муниципалитеттер медицинаға және т. т. ақшаны мемлекетке қарағанда көп жұмсап отырған болса, мұның себебі — буржуазиялық мемлекет қазірдің өзінде-ақ көп кіріс беретін көздерден *өздерінің* маңызды шығындарын (буржуазияның тап ретіндегі үстемдігін қамтамасыз етуге керекті шығындарын) өтеп болған, ал жергілікті мекемелерге «халықтың керегі» делінетіндер үшін *екінші дәрежелі* қаржы көздерін *қалдырып* отыр. Жүздеген мың сом — әскерге, тиын-тебен — *пролетариаттың* мұқтажына жұмсалады,— буржуазиялық мемлекет шығындарының шын арасалмағы міне осындай, ал рентаны муниципалитеттердің *«қарамағына» берсе* болғаны, буржуазиялық

---

* — солай! *Ред.*

мемлекет əкkі болған «саясатшыл» меньшевиктердің алдауына түсіп қалады деп ойлау үшін Маслов болу керек қой! Осы «əкkі саясаттың» арқасында буржуазиялық мемлекет жүздеген мыңды пролетарларға, ал тиын-тебенді армия мен флотқа бере бастар ма еді?

Шындығында меньшевиктер мынадай мещандық саясатты: бізде фермерлердің орталықтандырылған буржуазиялық республикасы болуға тиіс пе əлде юнкерлердің орталықтандырылған буржуазиялық монархиясы болуға тиіс пе деген тарих алға қойған зəру мəселені шешуден жергілікті өзін өзі басқарудың провинциялардағы меңіреу түкпірінде жалтарып қалу саясатын жүргізіп отыр. Жалтармаңдар, мырзалар! Ешқандай провинциализм де, муниципалдық социализмге жарамсақтанудың ешқандайы да сіздерді осы *зəру* мəселені шешуге *сөзсіз* қатысудан құтқара алмайды. Сіздердің қулықтарыңыз шындығында бір ғана жайды: республикалық тенденцияның маңызын түсінбей, кадеттік тенденцияны жасырын қолдап отырғандықтарыңызды аңғартады.

Меньшевиктер, муниципализацияны жақтағанда, Европадағы фабиштілдердің «муниципалдық социализміне» жəдігөйлік жасап отырғанына Стокгольм съезінің протоколдары айқын айғақ болып отыр. «Кейбір жолдастар,— дейді онда Костров,— муниципалдық меншік жөнінде бірінші рет есітіп отырған сияқты. Бұлардың естеріне сала кетейін, Батыс Европада «муниципалдық социализм» (Англия) деген тұтас бір бағыт бар (нақ солай!! Костров, айтқысы келмесе де, расын айтты!)» (Протоколдар, 88-бет). Бұл *«бағыттың» барып тұрған оппортунизм* бағыты екендігін Костров та, Ларин де* ойламапты. Мещандық реформаторлықты буржуазиялық революцияның міндеттеріне тіркестіру социалист-революционерлерге лайық іс, ал социал-демократтарға бұлай істеу дұрыс емес, мырзалар! Ба-

* «Шаруа мəселесі жəне социал-демократия». Меньшевиктердің программасына берілген өте-мөте көмескі түсінік. 66-бетті қараңыз. 103-бетте, муниципализацияны жақтаушы бұл бейшара *национализацияны ең жақсы жол* деп көрсетеді!

тыста буржуазиялық интеллигенцияның (Англияда фабишілдердің, Германияда бернштейншілдердің, Францияда брусшылдардың) негізгі назарды мемлекеттік *құрылыс* мәселелерінен жергілікті *өзін өзі басқару* мәселелеріне аударғаны түсінікті. Біздің алдымызда тұрған мәселе нақ осы мемлекеттік *құрылыс,* соның аграрлық негізі жөніндегі мәселе, сондықтан бұл арада «муниципалдық социализмді» жақтау деген сөз аграрлық социализм *ойыншн ойнау* деген сөз. Болашақтағы демократияшыл Россияның жайбарақат муниципалитеттерінде «өздеріне ұя салып алуға» мещандар-ақ асыға берсін. Пролетариаттың міндеті, бұқараны осы мақсат үшін ұйымдастыру емес, қайта бүгінгі күні *толық* демократияландыру жолында, ертеңгі күні социалистік төңкеріс жасау жолында революциялық жолмен күресуге ұйымдастыру болып табылады.

Біздерді, большевиктерді, революциялық көзқарастарыңыз утопизм, қиял деп жиі жазғырады. Және де мұндай жазғыруды дәл осы национализация жөнінде жиі-жиі естуге тура келеді. Бірақ сол жазғырулар нақ осы арада бәрінен де гөрі дәлелсіз. Кімде-кім национализацияны «утопия» деп санаса, ол саяси өзгерістер мен аграрлық өзгерістердің ауқымы арасында қажетті сәйкестілік болуын ойламайды. Кәдімгі мещанның көзқарасы тұрғысынан қарағанда, национализация «утопия» екені республиканың «утопия» екендігінен кем соқпайды! Мұның екеуінің де утопия екені *«шаруалардың»* аграрлық революциясының, яғни капиталистік елде шаруалар көтерілісінің жеңіске жетуінің утопия екенінен ешбір кем соқпайды. Күнделікті тыныш даму мағынасында алғанда бұл өзгерістердің бәрінің де «қиындығы» бірдей. Сондықтан да дәл осы және тек қана национализацияның утопия екені туралы айғайдың өзі ең алдымен экономикалық төңкеріс пен саяси төңкерістің арасында қажетті әрі ажырамас тығыз байланыс бар екендігін *түсінбегендіктің* айғағы. Помещиктік (таза помещиктік қана емес, сонымен қабат октябристік те) самодержавиені құртпайынша, помещиктердің жерлерін конфискелеу (большевиктер де, меньшевиктер де мойындаған программалық талап)

мүмкін болмайды. Және де миллиондаған саналы бұқараның революцияшыл қимылынсыз, жаппай ерліктің ұлы тасқынынсыз, Коммуна [90] дәуірінде Париж жұмысшылары туралы К. Маркстің айтқанындай, сол бұқараның «аспанға атой салуға» тас түйін әзірлігінсіз, білгірлігінсіз самодержавиені құртуға болмайды. Сол сияқты, крепостниктік тәртіптің ғасырлар бойы шаруаларды қыспаққа салып келген *барлық* қалдықтарын, соның ішінде *бүкіл* орта ғасырлық жер меншігін, қазыналық «қауымның» барлық бұғауларын, үкімет «жарылқап берген» қарғыс атқан мардымсыз кәкір-шүкірді және т. с. және т. с. түбегейлі жоймайынша, бұл революциялық тасқын көкейге қонбайды да.

Орынның жеткіліксіздігінен (мақаланың маған «Пшеглонд»[91] редакциясы көрсеткен көлемін былай да үлкейтіп алдым білем) мен кітабымның *бесінші* тарауының («II Думада аграрлық мәселе туралы болған жарыс сөздер бойынша таптар мен партиялар») мазмұнына тоқталып жатпаймын.

Шаруалардың Думада сөйлеген сөздерінің зор саяси маңызы бар, өйткені бұл сөздерден шаруалардың помещиктік езгіден құтылуға ынтызар болып отырғандығы, орта ғасырлыққа, бюрократияға деген лаулаған өшпенділігі, *қарапайым* шаруалардың тура өздерінің стихиялы, көбінесе аңғал және онша әбден айқын емес, бірақ сонымен қабат қызу революцияшылдығы көрініп отыр, мұның өзі шаруалар бұқарасын дворяндарға, помещиктерге, Романовтарға қарсы соншама мүмкіншілігі мол жойқын күш-жігер кернеп отырғандығын ұзақ сонар пайымдаулардан әлдеқайда артық дәлелдейді. Саналы пролетариаттың міндеті шаруалар аграрлық төңкеріспен ұштастырып жүрген толып жатқан мещандық алдаудың, социалистік-сымақ құрғақ сөздердің, аңғал-балалық үміттің бәрін аяусыз ашып, анықтау, әшкерелеу және жою болып табылады, ал бұларды жойғанда, шаруаны тыныштандыру, жуасыту (халық бостандығының опасыздары, кадет мырзалар екі Думада да осылай жасады) үшін емес, қайта бұқара арасында болаттай берік, мызғымас, батыл революцияшылдық туғызу үшін жою керек. Мұндай *революцияшылдық*

болмайынша, *шаруалар* бұқарасының табанды және аяусыз күресі болмайынша, конфискелеу де, республика да, жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын сайлау правосы да үмітсіз «утопия» болып қалады. Сондықтан марксистер: Россияның экономикалық дамуының екі бағыты, капитализмнің екі жолы барынша ашық бейнеленіп отыр деп мәселені анық, айқын қоюға тиіс. Бұл жөнінде жұрттың бәрі жақсылап ойлансын. Бұл екі бағыт бізге бірінші революция науқанының барысында, 1905—1907 жылдардағы үш жыл ішінде анықталғанда, теориялық жинақтау ретінде емес, 1861 жылдан бергі жерде байқалған эволюцияның пәлендей бір *белгілерінен* туындаған қорытынды ретінде анықталған жоқ. Жоқ, қазір бізге бұл бағыттар дұшпан таптар *белгілеген* бағыттардың дәл өзі болып анықталып отыр. Помещиктер мен капиталистер (октябристер) капиталистік бағыттан өзге бағыттың жоқ екендігін және *бұлар үшін* «қауымды» еріксіз, жедел қиратпайынша, қиратқанда да өсімқорлықтың ашық талауымен, полицияның немесе «жазалаушы» отрядтардың «талапайлап тонауымен» барабар келтіріп қиратпайынша, басқа жолмен жүру мүмкін емес екендігін әбден түсініп алған. Бұл «әрекет»— мойныңды үзіп алуың оп-оңай әрекет! Ал шаруалар бұқарасының да «патша-ағзамға» деген сенімі атаулының, бейбіт жолға деген сенімі атаулының күллісі үмітсіз екенін және жалпы алғанда бүкіл орта ғасырлықты, соның ішінде жерге бүкіл орта ғасырлық меншікті құрту үшін революциялық күрестің қажет екендігін тура осы үш жыл ішінде айқын түсінгені бұдан да кем болған жоқ.

Социал-демократияның бүкіл насихаты мен үгіті осы нәтижелерді бұқараның санасына құюға, революцияның *екінші* науқанында бұқараның қолдан келгенше жақсы ұйымдасып, батыл, табанды шабуыл жасауы үшін өздерін осы тәжірибені пайдаға асырып қалуға әзірлеу ісіне негізделуге тиіс.

Сондықтан да Плехановтың пролетариат пен шаруалардың өкіметті жеңіп алуы «халық еріксізілдігін» қайта тудыру болып шығады деген тақырыпта Стокгольмде сөйлеген сөздері өте реакцияшылдық сөздер.

Плеханов өзін өзі қисынсыз жағдайға ұшыратып отыр: оныкі пролетариат өкіметті жеңіп алмайтын, шаруалар өкіметті жеңіп алмайтын «шаруалардың аграрлық революциясы» болып шығады! Мұның керісінше, большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы ажырасудың бас кезінде ашықтан-ашық меньшевиктер жағына ойысқан Каутский идеялық тұрғыдан большевиктер жағына шығып, революцияның жеңуі «пролетариат пен шаруалар одақтасқан» күнде ғана мүмкін екендігін мойындады.

Жерге бүкіл орта ғасырлық меншікті толық жоймайынша, толық «тазартпайынша», яғни жерді национализацияламайынша, мұндай революция болмақ емес. Пролетариат партиясының міндеті — ең дәйекті, ең түбегейлі буржуазиялық аграрлық төңкерістің осы ұранын тарату. Ал біз *мұны* орындап шыққан соң, бұдан былайғы перспективалардың қандай боларын көре жатармыз; мұндай төңкеріс капитализм тұсында өндіргіш күштердің американың жолмен тез дамуына негіз *ғана* болып шыға ма, немесе ол Батыстағы социалистік революцияның беташары болып шыға ма, мұны көре жатармыз.

18 июль, 1908 жыл.

P. S. Бұл арада мен аграрлық программаның өзім жазған жобасын қайталап отырған жоқпын, бұл жоба РСДРП Стокгольм съезіне ұсынылып, социал-демократиялық әдебиетте талай рет басылды. Тек бірнеше пікір айтумен ғана шектелемін. Капиталистік аграрлық эволюцияның екі бағыты болып отырғанда, программада «егер» (Стокгольм съезінде қолданылған техникалық сөз) қайткен күнде де болуға тиіс, яғни программа екі мүмкіндікті де ескеруге тиіс. Басқаша айтқанда: әзірше істің жайы осы уақытқа дейінгідей болып отырғанда, біз жерді пайдалану бостандығын, аренда ақысын кемітетін сот құрылуын, сословиелікті жоюды және т. т. талап етеміз. Бірақ *сонымен қатар біз қазіргі* бағытпен де *күресеміз,* өндіргіш күштердің дамуын тездету, тап

күресінің құлашын кең жайып, еркін болуы мүддесін көздеп, шаруалардың революциялық талаптарын да қолдап отырамыз. Шаруалардың орта ғасырлыққа қарсы революциялық күресін қолдай отырып, социал-демократиялық жұмысшы партиясы былай деп түсіндіреді: капиталистік қоғамда аграрлық қатынастардың ең жақсы формасы (және сонымен қатар крепостниктік тәртіпті жоюдың ең жақсы формасы) жерді национализациялау болып табылады, түбегейлі аграрлық төңкеріс, помещиктердің жер меншігін конфискелеу және жерді национализациялау тек түбегейлі саяси төңкеріспен, самодержавиені жоюмен және демократиялық республика орнатумен ұштастырылған күнде ғана мүмкін болады.

Аграрлық программаның мен жазған жобасының *мазмұны* осындай. Бұл жобаның осы кездегі *барлық* аграрлық өзгерістердің буржуазиялық белгілерін сипаттауға және социал-демократияның таза пролетарлық көзқарасын анықтауға арналған бөлімі Стокгольмде *қабылданып,* қазіргі программаға *еніп отыр.*

1908 ж. августа
«Przegląd Socjaldemokratyczny»
журналының 6-номерінде
басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың тексті бойынша
басылып отыр
Поляк тілінен аударма

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК САЯСАТТАҒЫ ТҰТАНҒЫШ МАТЕРИАЛ

Европа мен Азияның әр түрлі мемлекеттеріндегі революциялық қозғалыстың осы соңғы кезде өзін айбарлы түрде танытқаны соншалық, пролетариаттың халықаралық күресінің жаңа және бұрынғыдан анағұрлым биік кезеңі көз алдымызда енді әжептәуір айқын көрініп отыр.

Персияда контрреволюция жасалды, ол Россияда бірінші Думаны таратудың Россияда 1905 жылдың аяғында болған көтеріліспен өзінше бір ұштасқан түрі секілді болды. Орыс патшасының жапондардан масқара талқандалған әскерлері контрреволюцияға жанын сала қызмет етіп, қарымта қайтаруда. Россиядағы ату, жазалау экспедициялары, соққыға жығу, ел тонаудағы ерліктерінен кейін тағы да сол казактардың Персиядағы революцияны басып-жаншу жолындағы ерліктері жалғасып келіп отыр. Николай Романовтың қаражүздік помещиктерді және стачкалар мен азамат соғысынан үрейленген капиталистерді бастап, Персия революционерлеріне қарсы қаһарын төгіп отырғаны, бұл түсінікті және де Россияның христиан дініне берік жауынгерлерінің үлесіне халықаралық жендеттер ролін атқару бірінші рет қана тиіп отырған жоқ. Англия араласпағансып екіжүзділік жасап отырса, Персияның реакционерлері мен абсолютизмді жақтаушылары жөнінде көріне достық бейтараптық ұстап отырған болса,— бұл біршама басқаша құбылыс. Бұқара капиталға қарсы, капиталистік отарлық системаға, яғни құлдыққа салу,

Цѣна 25 сант.
PRIX: 25 centimes.
PREIS: 20 Pfennig.
PRICE: 2½ d.

LE PROLÉTAIRE, organe russe social-democrate.

№ 33

ПРОЛЕТАРІЙ

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь.

ЖЕНЕВА, Среда, (5 авг.) 23 Іюля 1908

Органъ С.-Петербургскаго и Московскаго комитетовъ Р. С.-Д. Р. П.

Горючій матеріалъ въ міровой политикѣ.

«Пролетарий» газетінің бірінші беті, № 33, (5 август) 23 июль, 1908 ж. Онда В. И. Лениннің «Дүние жүзілік саясаттағы тұтанғыш материал» деген бас мақаласы жарияланған

Кішірейтілген

тонау мен зорлық жасау системасына қарсы күреске аттанып, іс насырға шапқан кезде Европаның ең «мәдениетті», конституционализмнің ең жоғары мектебінен тәлім алған саяси «қайраткерлерінің» соншалықты *жыртқыш аңға* айналатынын өз үйінде жұмысшы қозғалысының өскеніне күйініп, Индиядағы революциялық күрестің өрлеуінен зәресі ұшқан ағылшын либерал буржуазиясы барған сайын жиірек, барған сайын ашығырақ, барған сайын анығырақ көрсетіп отыр. Бір жағынан, Индияның қожайындары, екінші жағынан, орыстың контрреволюцияшыл үкіметі өзара бөлісіп алғалы отырған елдегі персиялық революционерлердің халі мүшкіл. Бірақ Тавриздегі табанды күрес, күлталқаны шығып жеңілген сияқты көрінген революционерлердің соғыста әлденеше рет жеңіске жеткені, Россияның Ляховтары мен ағылшын дипломаттарының көмегіне сүйенсе де, шахтың басбұзарлары төменгі жақтан нағыз күшті қарсылыққа ұшырап отырғанын көрсетеді. Реставрация әрекеттеріне қарсы соғыста тойтарыс бере білетін, бұл әрекеттердің ерлерін бөтен ел адамдарынан жәрдем сұрауға мәжбүр ететін мұндай революциялық қозғалысты жою мүмкін емес және Персия реакциясының нағыз толық жеңісінің өзі де мұндай жағдайда халықтың жаңадан ашынғандығының бастамасы ғана болып шығар еді.

Түркияда әскерлерде жас түріктер [92] басқарған революциялық қозғалыс жеңіске жетті. Рас, бұл жеңіс жартылай жеңіс немесе тіпті болмашы ғана жеңіс, өйткені Түркияның Екінші Николайы әзірге Түркияның атышулы конституциясын қалпына келтіруге уәде берумен шығарып салып отыр. Бірақ революциялардағы мұндай жартылай жеңістер, ескі өкіметтің лажсыздан мұндай асығыс берген жеңілдіктері азамат соғысының жаңа, анағұрлым батылырақ, анағұрлым ушыққан, халықтың қалың бұқарасын көбірек қамтитын шиеленістердің ең сенімді кепілі болып табылады. Ал азамат соғысының мектебі халықтар үшін зая кетпейді. Бұл — ауыр мектеп, оның беретін сабағының толық курсында контрреволюцияның жеңістері, өшіккен реакционерлердің сойқаны, ескі өкіметтің бүлікшілдерді тағылықпен

жазалауы және т. б. *болмай қоймайды.* Ал халықтардың бұл азап мектебіне түскеніне әккі педанттар мен алжыған тірі аруақтар ғана көз жасын төге алады; бұл мектеп езілген таптарды азамат соғысын жүргізуге үйретеді, революцияны жеңіске жеткізуге үйретеді, қазіргі замандағы құлдар бұқарасы арасында езілген, топас, надан құлдардың ішінде шер болып қатқан өшпенділікті,— өзінің құлдық жағдайының масқаралығын ұғынған құлдарды ұлы тарихи ерліктерге бастайтын ошпенділікті күшейтеді.

«Цивилизациялы» ағылшын капиталистерінің Индиядағы жергілікті құлдары дәл соңғы кезде өз «мырзаларының» жаман мазасын кетіріп отыр. Англияның Индияны басқару системасы деп аталатын зорлық-зомбылық пен тонаушылықтың ұшы-қиыры жоқ. Қалың бұқараның мұндағыдай қайыршылығы, халықтың ұдайы ашығуы жер жүзінің,— әрине, Россиядан басқа,— ешбір жерінде жоқ. Ерікті Британияның орыс және орыс емес кадеттер үшін беделді, «прогресшіл» (іс жүзінде=капитал алдында малайлық істеуші) публицистиканың жұлдызы — Джон Морли (Morley) тәріздес, нағыз либерал және радикал қайраткерлері Индияны билеушілер ретінде нағыз Шыңғысхандарға айналып барады, олардың қарамағындағы халықты «тыныштандырудың» барлық шараларына, тіпті саяси наразыларға *дүре соғуға* дейінгі шараларды қолдануға рұқсат беру де қолынан келіп отыр! Ағылшын социал-демократтарының Индиядағы «Justice» («Әділет»)[93] атты апталық шағын газетін шығаруға әлгі Морли секілді либерал және «радикал» сұрқиялар *тыйым салып тастады.* Ал ағылшын парламентінің мүшесі, «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» (Independent Labour Party) көсемі Кейр Гарди батылдығы жетіп Индияға барып, жергілікті халыққа демократияның ең жай талаптары туралы айтып бергенде, Англияның бүкіл буржуазиялық баспасөзі «бүлікшіге» қарсы ұлып қоя берді. Қазірде Англияның өте беделді газеттері Индияның тыныштығын бұзатын «үгітшілер» туралы тістене сөйлеп, судьялардың үнді демократ-публицистеріне қарсы

нағыз Россиядағыша, плевеше шығарған үкімдері мен қолданған әкімшілік жазалау шараларын дәріптеп отыр. Бірақ Индияда көшедегі қалың бұқара *өздерінің* жазушыларын және саяси көсемдерін арашалай бастады. Ағылшын қорқау қасқырларының үнді демократы Тилак (Tilak) жөнінде шығарған жауыздық үкімі,— ол ұзақ уақытқа жер аударуға сотталған, оның бер жағында таяуда Англияның қауымдар палатасында қойылған талап мынадай жайды анықтады: үнді-присяжныйлар оны ақтауды жақтаған, ал айыптау үкімі *ағылшын-присяжныйлардың* дауыс беруімен шығарылған! — ақша қапшығы малайларының демократтан осы кек алуы Бомбейде көше демонстрациялары мен стачка туғызды. Пролетариат Индияда да қазірдің өзінде бұқаралық саналы саяси күрес жүргізу дәрежесіне дейін өсіп жетілді,— ал бұл осылай болса, онда Индиядағы ағылшын-орыс тәртіптерінің дәурені өтті деген сөз! Еуропалықтар өздерінің Азия елдерін отарлық тонауы арқылы сол елдердің бірі — Жапонияны оның дербес ұлт болып дамуын қамтамасыз еткен соғыста ұлы жеңістерге жетуге шынықтырды. Ағылшындардың Индияны ғасырлар бойы тонауы, бұл «алдыңғы қатарлы» еуропалықтардың Персия мен Индия демократиясына қарсы қазіргі күресі Азияда миллиондаған және он миллиондаған пролетарларды *шынықтыратынына,* шынықтырғанда езушілерге қарсы дәл сондай (жапондарша) жеңімпаздықпен күресуге шынықтыратынына ешбір күмән жоқ. Еуропаның саналы жұмысшыларының енді азиялық жолдастары бар және ол жолдастарының саны күн сайын емес, сағат сайын көбейе беретін болады.

Орта ғасырлыққа қарсы революциялық қозғалыс соңғы айларда Қытайда да ерекше күшті білініп отыр. Рас, нақ осы қозғалыс жөнінде әзірше тұжырымды еш нәрсе айтуға болмайды,— ол туралы мәліметтер соншама аз да, Қытайдың түрлі жерлеріндегі бүліктер туралы хабарлар соншама көп,— дегенмен, Қытайда «жаңа рухтың» және «еуропалық лептердің» әсіресе орыс-жапон соғысынан кейін мықтап өскені күмәнсыз, ал олай болса, Қытайдағы ескі бүліктердің саналы демократиялық қозғалысқа айналатыны да сөзсіз. Бұл жолы

отарлық тонауға араласушылардың кейбіреулері абыржи бастады, бұл француздардың Үнді-Қытайдағы қылықтарынан көрініп отыр: олар революционерлерді жазалау жөнінде Қытайдың «тарихи өкіметіне» *көмектесті!* Олар Азиядағы «өздерінің» іргелес жатқан жерлерінің бүтіндігі үшін де сондай қорықты.

Бірақ француз буржуазиясы тек жалғыз Азиядағы жерлері үшін ғана абыржып отырған жоқ. Париж түбіндегі Вельнев-Сан-Жорждағы баррикадалар, сол баррикадаларды тұрғызған стачкашыларға оқ ату (бейсенбі, 30 (17) июль),— міне осы оқиғалар Европада тап күресінің шиеленіскенін тағы, тағы да көрсетіп берді. Францияны капиталистердің атынан билеп отырған радикал Клемансо пролетариаттағы республикалық-буржуазиялық жалған үміттердің соңғы қалдықтарын жою жолында ерекше ыждағатты қимыл көрсетуде. «Радикал» үкіметтің бұйрығы бойынша әрекет жасаушы әскерлердің жұмысшыларға оқ атуы,— Клемансоның тұсында бұрынғыдан гөрі жиілей түспесе, кеми қойды ма екен. Осынысы үшін Клемансоны француз социалистері қазірдің өзінде «Қызыл» деп атап отыр, ал енді оның агенттері, жандармдары мен генералдары жұмысшы қанын тағы да төккен кезде, буржуазияның бұл ең прогресшіл республикашылының бір ретінде жұмысшы делегаттарына айтқан: «сіздер мен біздер баррикаданың екі жағындамыз» деген қанатты сөзін социалистер естеріне түсірді. Иә, француз пролетариаты мен нағыз барып тұрған буржуазияшыл республикашылдар енді баррикаданың екі жағына біржолата шығып алды. Республиканы қолға алып және қорғай отырып, Францияның жұмысшы табы көп қан төкті, ал қазіргі уақытта, әбден нығайған республикалық тәртіптер негізінде меншік иелері мен еңбекшілердің үзілді-кесілді күресі барған сайын тез төніп келеді. «Бұл жай соққыға жығу ғана болған жоқ,— деп жазады 30 июль туралы «L'Humanité»[94]— бұл шайқастың бір бөлегі болды». Генералдар мен полицейлер жұмысшыларды қалай да арандатып, қарусыз, бейбіт демонстрацияны ұрысқа айналдырғысы келді. Бірақ стачкашылар мен манифестанттарды жан-жағынан қоршап

алып, осы құр қол адамдарға тап бергенде, әскерлер қарсылыққа кездесті, оларды дереу баррикадалар құруға мәжбүр етті, сөйтіп істі бүкіл Францияны дүрліктірген оқиғаларға дейін жеткізді. Тақтайдан жасалған бұл баррикадалар адам күлерліктей нашар еді, деп жазады сол газет. Бірақ маңыздысы бұл емес. Маңыздысы сол — үшінші республика баррикадаларды дағдыдан шығарып тастаған еді. Енді «Клемансо оларды қайтадан дағдыға енгізді»,— ал оның бер жағында, «1848 жылғы июнь жендеттері мен 1871 жылы Галифе» азамат соғысы туралы қаншама ашық айтқан болса, ол да мұны соншама ашық айтып отыр.

30-июль оқиғалары жөнінде бұл тарихи ұлы даталарды еске түсіріп отырған жалғыз социалистік баспасөз ғана емес. Буржуазиялық газеттер жұмысшыларға ашу кернеген ызамен тиісіп, оларды өздерін социалистік революцияны бастамақшы болған адамдарша ұстады деп айыптайды. Осы газеттердің бірі мұның өзінде, ұсақ-түйек болғанмен, екі жақтың оқиға болған жердегі пиғылын суреттейтін ерекше бір эпизодты келтіреді. Жұмысшылар өздерінің жараланған бір жолдасын көтеріп алып бара жатып, стачкашыларға қарсы шабуылға команда беруші генерал Вирвэрдің қасынан өткен кезде, манифестанттар тобынан «Saluez» («құрмет көрсетіңіз») деген айқай шығады. Сонда буржуазиялық республиканың генералы жараланған дұшпанына құрмет көрсеткен екен.

Пролетариаттың буржуазиямен арадағы күресінің шиеленіскені алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің бәрінде де байқалып отыр, ал соның өзінде тарихи жағдайлардың, саяси тәртіптердің және жұмысшы қозғалысы формаларының түрліше болуы белгілі бір тенденцияның әр түрлі болып көрінуімен шарттас келіп отырады. Толық саяси бостандық болып отырған, пролетариаттың қандай да болса немесе, ең болмағанда, азды-көпті нақты революциялық және социалистік дәстүрі жоқ болып отырған Америка мен Англияда бұл шиеленісу трестерге қарсы қозғалыстың күшейгенінен, социализмнің және оған ауқатты таптардың назар аударуының өте-мөте өскенінен, жұмысшы ұйымдарының,

кейде олардың таза экономикалық ұйымдарының жоспарлы және дербес-пролетарлық саяси күреске көшкенінен біліniп отыр. Австрия мен Германияда, ішінара Скандинавия елдерінде де тап күресінің шиеленіскені сайлау күресінен, партиялардың қарым-қатынасынан, әр түрлі буржуа атаулының бәрінің ортақ жауы — пролетариатқа қарсы өзара жақындасуынан, соттар мен полициялық жазалаудың күшейгенінен біліniп отыр. Бір-біріне дұшпан екі лагерь өз күштерін баяу, дегенмен ұдайы көбейтіп барады, өздерінің ұйымдарын нығайтуда, болашақтағы революциялық шайқастарға дабырламай, жұмыла даярланғандай, бүкіл қоғамдық тіршілігінде бірінен бірі барған сайын анық алыстап барады. Роман елдерінде,— Италияда, әсіресе Францияда,— тап күресінің шиеленісуі өте-мөте қауырт, қатаң, кейде тікелей революциялық дүмпулерден көрініп отыр, мұндай кездерде пролетариаттың өздерін езушілерге қарсы іштi кернеген өшпенділігі тұтқиыл күшпен сыртқа теуіп шығады да, парламенттік күрестің «бейбіт» жағдайы нағыз азамат соғысы көріністерімен алмасады.

Пролетариаттың халықаралық революциялық қозғалысы әр түрлі елдерде біркелкі және бірдей формаларда дамымайды және дами алмайды. Жұмыстың барлық салаларындағы мүмкіндіктердің бәрін толық және жан-жақты пайдалану әр түрлі елдер жұмысшыларының тап күресінің қорытындысында ғана қалыптасады. Ортақ тасқынға әрбір ел өзінің бағалы, өзіне тән белгілерін қосады, бірақ әрбір жеке елде қозғалыстың қандай болса да біржақтылығы болады, жекелеген социалистік партиялардың қандай болса да теориялық не практикалық кемшіліктері болады. Жалпы және тұтас алғанда біз халықаралық социализмнің алып адыммен алға басқанын, жаумен екі арада болған бірсыпыра нақты қақтығыстарда пролетариаттың миллиондаған армияларының топтасқанын, буржуазиямен арадағы шешуші күрестің — пролетариаттың осынау бір соңғы ұлы көтерілісі болған Коммуна кезіндегімен салыстырғанда жұмысшы табы тарапынан әлденеше

есе артық *әзірленген* күрестің таянғанын айқын көріп отырмыз.

Ал Азияда революциялық-демократиялық күрестің шиеленісуімен қатар, бүкіл халықаралық социализмнің осы алға басқан адымы орыс революциясын айрықша және өте-мөте қиын жағдайға қойып отыр. Орыс революциясының Европада да, Азияда да халықаралық ұлы одақтасы бар, бірақ мұнымен қатар және *нақ осының салдарынан* оның тек ұлттық, тек россиялық қана емес, оның үстіне *халықаралық* жауы да бар. Капиталистік елдердің бәрінде де пролетариаттың күшейіп келе жатқан күресіне қарсы реакция тумай қоймайды және де бұл реакция бүкіл дүние жүзінің буржуазиялық үкіметтерін Азияда да, әсіресе Европада да, халық қозғалысы атаулыға қарсы, революция атаулыға қарсы біріктіреді. Біздің партиядағы оппортунистер, Россияның либерал интеллигенциясының көпшілігі сияқты, Россияда буржуазияны «сыртқа теппейтін», оны үркітпейтін, «шамадан тыс» реакция туғызбайтын, революцияшыл таптардың өкіметті басып алуына бастамайтын буржуазиялық революция болуын әлі күнге дейін арман етеді. Бос үміттер! Филистерлік утопия! Тұтанғыш материалдың дүние жүзінің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің бәрінде де тез молайып бара жатқаны соншама, өрттің кеше ғана шырт ұйқыда жатқан Азия мемлекеттерінің көбін ашық шарпып бара жатқаны соншама, демек халықаралық буржуазиялық реакцияның күшейетіні және жеке ұлттық революция атаулының шиеленісетіні мүлде даусыз нәрсе.

Россиядағы контрреволюция біздегі революцияның тарихи міндеттерін орындамайды және орындай алмайды. Орыс буржуазиясы халықаралық антипролетарлық және антидемократиялық ағымға таман онан сайын ойысып барады. Орыс пролетариатының либерал одақтастарға сенім артпағаны жөн. Орыс пролетариаты Россиядағы аграрлық мәселені шаруа бұқарасының өздері күшпен шешуі қажет екеніне сүйене отырып, соларға каражүздік помещиктер мен қаражүздік самодержавиенің үстемдігін құлатуға көмектесе отырып, Россияда пролетариат пен шаруалардың демократиялық

диктатурасын орнатуды өзінің міндеті етіп қоя отырып және өзінің күресі мен өзінің жеңістерінің халықаралық революциялық қозғалыспен ажырамастай тығыз байланысты екенін есінде сақтай отырып, революцияның толық жеңісіне қарай өз жолымен дербес алға баса беруге тиіс. Контрреволюцияшыл буржуазияның (Россиядағы да және бүкіл дүние жүзіндегі де) либерализмі жөніндегі жалған үміттер барынша азая берсін. Халықаралық революцияшыл пролетариаттың өсе беруіне неғұрлым көбірек көңіл бөліпсін!

«Пролетарий» № 33,
(5 август) 23 июль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕДАКЦИЯДАН [95]

Маслов жолдастың теориядағы сәтсіздіктері жөніндегі бұл очерк Н. Лениннің біздің аграрлық дамуымыздың тенденцияларын жүйелі түрде талдауға арналған еңбегінен алынды. Әлбетте, Масловтың тым қарадүрсін ревизионизм рухындағы «ерекше» аграрлық теорияларын әшкерелеу партия программасының кейбір қағидаларын да сынауға соқтырмай қоймайды. Бұл мәселе жөнінде біз партия баспасөзіндегі айтысты әбден мезгілі жеткен іс деп есептейміз.

Ал Маслов жолдастың теориялық «жаңалықтарына» келетін болсақ, онда бұлар жөнінде біздегі аграрлық ревизионистің сақтаушы-періштесі ретінде, әсіресе Плеханов жолдасқа арнап айтпақ бір-екі сөзіміз бар.

«Голос Социал-Демократаның» 6—7-номерлерінде, аса маңызды теориялық мәселелерді талқылай келіп, сіз жол-жөнекей, *лайықсыз* деп танылуға тиіс, жалтарма екіұшты пікірлер айтуға бой ұрдыңыз. Сіз біздің партияның қайсыбір мүшелері өзіңізге *жолдас емес* екенін баспасөз бетінде мәлімдеуге батылдық жасадыңыз, ал сөйте тұра біздің ұйымымыздан шығуға Өзіңіз қамданып отырсыз ба, немесе одан оның қайсыбір мүшелерін шығартуды көздеп отырсыз ба, мұны ашық, анықтап түсіндіруге ерлігіңіз жетпеді. Бұл әрі қорқақтық, әрі дөрекілік.

Ал енді, әділ жауынгер, Өз Масловыңыздың ревизионистік ерліктерін ойластырып көріңізші. Мұның өзі, әдебиетке сүйеніп айтсақ, Өзіңіздің қаһарлы Думбадзе

ретінде атағыңыз жайылған нақ сол өзін өзі билейтін кішкене қалашық басшылығындағы іс қой. Маслов жолдастың ойдан шығарған ревизионистік пікірлеріне Сіздің сыныңыз қайсы? Карл Маркстің экономикалық теориясын Сіздің қорғағаныңыз қайсы? Масловты барынша қолдап, оны қолпаштап келген Сіз емей, кім еді?

Біздегі партиялық Фамусовтар марксизмді жақтаушы тым қатал күрескерлердің ролін ойнауға қарсы емес,— бірақ олар фракцияшыл тамыр-таныстық үшін марксизмнен барынша лағып кетушілікті бүркемелеуден де тартынбайды!

«Пролетарий» № 33,
(5 август) 23 июль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОҒЫС ҚҰМАР МИЛИТАРИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ АНТИМИЛИТАРИСТІК ТАКТИКАСЫ

I

Дипломаттар әбігерленуде. «Ноталар», «хабарлар», «мәлімдемелер» бұршақша жауып жатыр; тақта отырған манекендер шампан толы бокалдарын қолға ұстап, «бейбітшілікті нығайтып жатса», олардың қолтығына кіріп алған министрлер күбір-күбір сөйлесуде. Бірақ құзғын жиналса, өлімтіктің иісі шыққаны екенін «қол астындағылар» өте жақсы біледі. Ал консерватор лорд Кромер ағылшын палатасына былай деп мәлімдеді: «біз ұлттық (?) мүдделер қыл үстінде тұрған шақта, билік жүргізушілердің ниеті қаншалықты бейбіт (!) болғанымен, қызбалық барынша өршіп, қақтығысу қаупі мен мүмкіндігі туып отырған шақта өмір сүріп отырмыз».

Тұтанғыш материал соңғы уақытта жеткілікті жиналды және ол барған сайын көбеюде. Персиядағы революция мұндағы европалық державалар қойған барлық қоршауларды — «ықпал жүргізу салаларын» сапырылыстыру қаупін туғызып отыр. Түркиядағы конституциялық қозғалыс бұл вотчинаны европалық капиталистік жыртқыштардың шеңгелінен құтқарып алу қаупін төндіруде; ал қазір шиеленісе бастаған ежелгі «мәселелер» — македониялық, орта азиялық, қиыр шығыстық мәселелер, т. т. және т. т. одан сайын қауіпті болып көтеріліп отыр.

Оның бер жағында, қазіргі кездегі толып жатқан ашық және құпия шарттардың, келісімдердің және т. т. торы құрылып отырғанда «ұшқыннан жалын лаулауы»

үшін қайсыбір «державаны» сәл ғана шертіп қалудың өзі-ақ жеткілікті.

Сондықтан үкіметтер қару-жарағын бір-біріне қарсы неғұрлым айбарлана кезенген сайын, олар өз еліндегі антимилитаристік қозғалысты соғұрлым аяусыз жаныштайды. Антимилитаристерді қудалау экстенсивті және интенсивті күшейіп барады. Клемансо-Брианның «радикал-социалистік» министрлігі Бюловтың юнкерлік-консервативтік министрлігінен кем зорлық-зомбылық жасап отырған жоқ. 20 жасқа жетпеген адамдардың саяси жиналыстарға қатысуына тыйым салатын, одақтар мен жиналыстар туралы жаңа заң қолданылысымен іле-шала бүкіл Германияда «жастар ұйымдарының» таратылғаны Германияда антимилитаристік үгітті мейлінше қиындатып жіберді.

Осының нәтижесінде социалистердің антимилитаристік тактикасы туралы Штутгарт конгресінен[96] бергі жерде өшуге айналған талас партия баспасөзінде қайтадан жанданып келеді.

Сырттай қарағанда оғаш көрінетін құбылыс мынадай: бұл мәселенің маңызы соншама айқын бола тұрса да, пролетариат үшін милитаризмнің зияндылығы соншалықты айқын, бадырайып көрініп тұрса да, антимилитаристік тактика туралы батыс социалистері арасындағы таластағыдай бұлталақтаушылық, пікір алалығын туғызып жүрген өзге мәселені табу қиын.

Бұл мәселенің дұрыс шешілуіне керекті принципті алғышарттар әбден берік, әлдеқашан айқындалған және ешқандай пікір алалығын туғызбайды. Қазіргі милитаризм—капитализмнің нәтижесі. Ол өзінің екі формасында да: өздерінің сыртқы қақтығыстарында капиталистік мемлекеттер қолданатын әскери күші (немістердің айтатынындай, «Militarismus nach aussen») есебінде және пролетариат қозғалыстарының қандайын болса да (экономикалық және саяси) жаныштау үшін үстем таптардың қолындағы құралы («Militarismus nach innen») есебінде, капитализмнің «тіршілік ету көрінісі» болып табылады. Бірқатар интернационалдық конгрестер (1889 ж. Париж, 1891 ж. Брюссель, 1893 ж.

Цюрих және, ақырында, 1907 ж. Штутгарт конгрестері) өздерінің қарарларында бұл көзқарасты толық тұжырымдап берген болатын [97]. Штутгарт конгресі өзінің күн тәртібіне сәйкес («Халықаралық жанжалдар туралы») милитаризмнің немістер «Militarismus nach aussen» («сыртқы») деп атайтын қырымен көбірек шұғылданса да, милитаризм мен капитализм арасындағы бұл байланысты Штутгарт қарары неғұрлым түбегейлі көрсетіп берген еді. Бұл қарардың осыған қатысты жері мынадай: «Капиталистік мемлекеттердің арасындағы соғыстар әдетте олардың дүние жүзілік рыноктағы бәсекесінің салдары болып табылады, өйткені әрбір мемлекет өзіне өнім өткізетін аймақтарды қаратып алуға ғана тырысып қоймайды, сонымен қатар жаңа аймақтарды жаулап алуға да тырысады, оның бер жағында бұл арада бөтен халықтар мен елдерді құлдыққа түсіру басты роль атқарады. Бұл соғыстар содан кейін әскерлерді үздіксіз қаруландырудан туып отырады, ал әскерлерді қаруландыруды буржуазияның таптық үстемдігінің және жұмысшы табын саяси жағынан бағындырудың басты құралы болып табылатын милитаризм туғызады.

Цивилизациялы елдерде үстем таптардың мүдделерін көздеп, пролетарлық бұқараны өздерінің таптық міндеттерінен алаңдату және оларды халықаралық таптық ынтымақтастық борышын ұмытуға еріксіз көндіру ниетімен ұдайы таратылып отыратын ұлтшылдық соқыр сенімдер соғыстарға қолайлы жағдай жасайды.

Сөйтіп, соғыстардың түп тамыры капитализмнің түпкі негізінде жатыр; соғыстар тек капиталистік құрылыс өмір сүруден қалған уақытта ғана, немесе, соғыс техникасы дамуының салдарынан адам мен ақшаның орасан көп шығынға ұшырауы және қарулану салдарынан халықтың қайнаған ыза-кегі осы системаны жоюға әкеп соқтырған уақытта ғана тоқталады.

Солдаттардың көбін беретін және материалдық шығындардың негізгі ауыртпалығы түсетін жұмысшы табы соғыстардың, әсіресе табиғи дұшпаны болып табылады, өйткені соғыстар олардың көздеген мақсатына:

халықтардың ынтымақтастығын нақты жүзеге асыратын, социалистік принципке негізделген экономикалық құрылыс орнатуына қайшы келеді»...

II

Сонымен, милитаризм мен капитализмнің арасындағы принциптік байланыс социалистерге әбден айқын және де бұл пункт бойынша пікір алалығы жоқ. Бірақ осы байланысты мойындау социалистердің антимилитаристік *тактикасын* әлі де нақты белгілемейді, мұның өзі милитаризмнің ауыртпалығына қарсы қалай күресу керек және соғыстарға қалайша тыйым салу керек деген практикалық мәселені шешпейді. Міне, дәл осы мәселелерге жауап бергенде социалистердің көзқарастарында едәуір қайшылық бар екені байқалады. Осы пікір алалығын Штутгарттағы конгресте өте-мөте айқын атап көрсетуге болатын еді.

Бір полюсте Фольмар типтес неміс социал-демократтары тұр. Олар былай деп пайымдайды: милитаризм — капитализмнің бел баласы екен, соғыс — капиталистік дамудың қажетті серігі екен, ендеше, әдейілеп ешқандай антимилитаристік жұмыс жүргізудің керегі жоқ. Фольмар Эссенде өткен партейтагта дәл осылай деп мәлімдеді де. Ал соғыс жариялана қалған күнде социал-демократтар өздерін қалай ұстауы керек деген мәселеге келгенде неміс социал-демократтарының көпшілігі, Бебель мен Фольмар бас болып, социал-демократтар өз отанын шабуылдан қорғауға тиіс, олар «қорғаныс» соғысына қатысуға міндетті дейтін позицияны табандылықпен жақтайды. Бұл қағида Штутгартта Фольмарды «адамзатқа деген барлық сүйіспеншілігіміз біздің жақсы неміс болуымызға кедергі жасай алмайды» деп мәлімдеуге ұрындырды, ал социал-демократ депутат Носкеге рейхстагта: Германияға қарсы соғыс бола қалған күнде «социал-демократтар буржуазиялық партиялардан қалыспайды, иықтарына мылтығын асынады» деген сөзді айтқызды; ал осыдан кейін Носкенің: «біз Германияның мүмкіндігінше қаруланғанын тілейміз» деп мәлімдеме жасауына бір-ақ адым ғана қалған еді.

Екінші полюсте Эрвені жақтаушылардың сан жағынан азғантай тобы тұр. Пролетариаттың отаны жоқ деп пайымдайды эрвешілдер. Демек, соғыс атаулының бәрі де — капиталистердің мүдделері үшін болады; демек, пролетариат әрбір соғысқа қарсы күресуге тиіс. Соғыс жариялаудың қандайына болсын пролетариат соғыс ереуілі арқылы және көтеріліс жасау арқылы жауап беруге тиіс. Антимилитаристік насихат негізінен осыған келіп тірелуге де тиіс. Сондықтан Эрве Штутгартта мынадай қарар жобасын ұсынды: «...Конгресс *соғыс жариялаудың қандайына болса да, ол қай жақтан жарияланса да бәрібір,* соғыс ереуілімен және көтеріліс жасаумен жауап беруге шақырады».

Бұл мәселе жөнінде батыс социалистері арасындағы «шеткі» екі позиция, міне, осындай. Батыстағы социалистік пролетариаттың ісіне әлі күнге дейін зиянын тигізіп жүрген екі дерт: бір жағынан, оппортунистік тенденциялар, екінші жағынан, анархистік сөзуарлық осы екі позициядан «су тамшысындағы күн сәулесіндей» болып көрініп отыр.

Ең алдымен, патриотизм туралы бірнеше ескертпе жасайық. «Пролетарлардың отаны жоқ» екендігі «Коммунистік манифесте» шынында да айтылған сөз; сонымен қатар Фольмардың, Носкенің және $К^0$-ның позициясы *интернационалдық* социализмнің осы негізгі қағидасына «түп-тура қарсы» екені де рас. Бірақ мұнан Эрве мен эрвешілдердің — пролетариатқа өзінің қандай отанда тұрғаны: монархиялық Германияда, немесе республикалық Францияда, немесе деспотиялық Түркияда тұрғаны бәрібір деген пікірі дұрыс деген қорытынды шықпайды. Отан, яғни белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік орта пролетариаттың таптық күресіндегі ең қуатты фактор болып табылады; егер пролетариаттың «отанға» қайдағы бір «шын немістік» көзқарасы бар деп отырған Фольмардың пікірі теріс болса, онда пролетариаттың азаттық күресінің осындай маңызды факторына кешірілместей үстірт қарап отырған Эрвенің пікірі де нақ сондай теріс. Пролетариат өз күресінің саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларына қалай болса солай, немқұрайды қарай алмайды, демек,

ол өз елінің тағдырына да немқұрайды қарай алмайды. Бірақ пролетариат, елдің тағдырына көңіл бөлгенде, социал-демократтың ауызға алуына мүлде лайықсыз қайдағы бір буржуазиялық «патриотизмге» бола көңіл бөлмейді, бұған өзінің таптық күресіне қатысы бар *болғандықтан* ғана көңіл бөледі.

Екінші мәселе — милитаризм мен соғысқа көзқарас туралы мәселе мұнан гөрі қиынырақ. Эрвенің бұл екі мәселені кешіргісіз түрде араластырып отырғандығы, соғыс пен капитализмнің арасындағы себептілік байланысты ұмытып отырғандығы бірден қарағанда-ақ айқын көрінеді; эрвешілдік тактиканы қабылдайтын болса, пролетариат өзін өзі пайдасыз іске душар еткен болар еді: ол өзінің бүкіл жауынгерлік әзірлігін (көтеріліс туралы айтылып отыр ғой) капитализмнің салдарына (соғысқа) қарсы күресуге жұмсаған болар еді де, соғыстың себебін (капитализмді) сол күйінде қалдырар еді.

Анархисше ойлау әдісі бұл арада толық көрініп отыр. Action directe* атаулының бәрінің керемет күшіне көз жұмып сенгендік; жалпы әлеуметтік-саяси коньюнктураға ешбір талдау жасамай, одан осы «тікелей әсер етуді» үзіп-жұлып алғандық; бір сөзбен айтқанда, «қоғамдық құбылысты қалай болса солай, беталды ұғынғандық» (К. Либкнехттің айтуынша) екені айдан анық.

Эрвенің жоспары «өте оңай»: соғыс жарияланған күні социалист-солдаттар әскерден қашып кетеді, ал резервтегілер ереуіл жариялап, үйді-үйінде қалады. Алайда «резервтегілердің стачкасы енжар қарсыласу емес: жұмысшы табы көп кешікпей-ақ ашықтан-ашық қарсылық көрсетуге, көтеріліс жасауға көшер еді, майдандағы армия елдің шекарасында тұрғанда, бұл көтерілістің жеңіспен аяқталуына көбірек мүмкіншілік болар еді» (G. Hervé. «Leur patrie» **).

Бұл «шын, тура және практикалық жоспар» осындай, ал мұның табысты болуына сенген Эрве соғыс жа-

* — тікелей әсер ету. *Ред.*
** — Г. Эрве. «Олардың отаны». *Ред.*

рияланған сайын оған соғыс ереуілімен және көтеріліс жасаумен жауап беруді ұсынады.

Бұл арада мәселе соғыстың жариялануына пролетариаттың өзі керек деп тапқан уақытта ереуілмен және көтеріліс жасаумен жауап бере алар-алмасында емес екені осыдан айқын болып отыр. Талас пролетариатқа әрбір соғысқа көтеріліс жасаумен жауап беруге міндеткерлік артып қоюдың керегі бар ма деген мәселеде болып отыр. Мәселені осы соңғы айтылған мағынада шешу пролетариатты үзілді-кесілді ұрыс кезеңін таңдап алудан махрұм қалдырып, мұны жаулардың қолына беріп қою деген сөз; өзінің жалпы социалистік санасы жоғары, ұйымшылдығы берік болып, сылтаудың және т. т. орайы келіп тұрғанда пролетариат күрес мезгілін өз мүдделерімен үйлестіре таңдап ала-алмайды; жоқ, буржуазия үкіметтері пролетариатты, жағдай оған қолайсыз болып тұрса да, көтеріліс жасауға арандата алар еді, мәселен, халықтың қалың топтарында қалайда патриоттық және шовинистік сезім туғыза алатын соғысты, сөйтіп көтеріліске шыққан пролетариатты оқшау қалдыратын соғысты жариялау арқылы арандата алар еді. Сонымен қатар, монархиялық Германиядан бастап республикалық Франция мен демократиялық Швейцарияға дейін, бейбіт уақытта антимилитаристік қызметті қандай қатал қудалап отырған буржуазия соғыс бола қалған күнде, соғыс заңдары, соғыс ережелері, майдандағы әскери соттар және т. т. қолданылып отырған кезде, соғыс ереуілін жасамақ болған әрекеттің қандайына болса да соншалықты өршелене тарпа бас салатынын да естен шығармау керек.

Эрвенің идеясы жайында: «соғыс стачкасының идеясы «жақсы» ниеттің әсерінен туған, ізгі және ерлік идея, бірақ ол — есерсоқ ерлік» деп Каутский дұрыс айтты.

Пролетариат, егер мұны тиімді және орайы келіп тұр деп тапса, соғыстың жариялануына соғыс ереуілі арқылы жауап бере алады; пролетариат әлеуметтік революцияға жету үшін қолданылатын басқа құралдармен бірге соғыс стачкасын да қолдана алады. Ал осы «так-

тикалық ережемен» өзін өзі байлап-матап тастау пролетариаттың мүддесін көздегендік емес.

Штутгарт халықаралық конгресі бұл талас мәселеге нақ осылай деп жауап берді де.

III

Ал егер эрвешілдердің көзқарастары — «есерсоқ ерлік» болса, онда Фольмардың, Носкенің және олардың «оң қанаттан» шыққан пікірлестерінің позициясы — оппортунистік қорқақтық. Милитаризм — капиталдың бел баласы болып, сонымен бірге құлайтын болса,— деп пайымдады олар Штутгартта және әсіресе Эссенде,— онда арнаулы антимилитаристік үгіттің де керегі жоқ: ол болмауға тиіс. Бірақ, мәселен, жұмысшы мәселесі мен әйелдер мәселесін түбегейлі шешудің өзі де,— деп қарсылық айтылды оларға Штутгартта,— капиталистік құрылыс өмір сүріп тұрғанда мүмкін емес қой; алайда біз жұмысшыларды қолдайтын заңдар шығару үшін, әйелдердің азаматтық праволарын кеңейту үшін және т. т. үшін күресіп жүрміз ғой. Еңбектің капиталға қарсы күресіне әскери күштердің араласуы барған сайын жиілеп отырғандықтан және пролетариаттың қазіргі күресінде ғана емес, сонымен қатар болашақта да — әлеуметтік революция кезінде де милитаризмнің маңыздылығы онан сайын айқын бола бастағандықтан, ерекше антимилитаристік насихат соғұрлым қажырлы жүргізілуге тиіс.

Арнаулы антимилитаристік насихаттың принциптік дәлелдері ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар оның маңызды тарихи тәжірибесі де бар. Бұл жөнінен Бельгия басқа елдерден алда келеді. Бельгия жұмысшы партиясы антимилитаризм идеясын жалпы насихаттаумен қатар социалистік жастардың «Жас гвардия» («Jeunes Gardes») деп аталатын топтарын ұйымдастырды. Белгілі бір округтің топтары Округтік федерацияның құрамына кіреді; барлық Округтік федерациялар, өз тарапынан, «Бас совет» бастаған Ұлттық федерацияға бірігеді. «Жас гвардияшылардың» органдары («La jeunes-

se—c'est l'avenir»; «De Caserne», «De Loteling»* жəне т. т.) он мыңдаған дана болып тарайды! Федерациялардың ішіндегі ең күштісі — 10 мың мүшесі бар 62 жергілікті топтан құралған Валлон федерациясы; қазіргі уақытта «Жас гвардия» барлығы 121 жергілікті топтан құралады.

Жазбаша үгітпен қатар ауыз екі үгіт те қызу жүргізілуде: январь мен сентябрьде (əскерге шақыру айлары) Бельгияның басты қалаларында халық жиналыстары өткізіледі жəне бой көрсетулер ұйымдастырылады; қала басқармалары қақпаларының алдында, ашық далада социалист шешендер солдатқа алынатындарға милитаризмнің мəнін түсіндіреді. «Жас гвардияшылар» «Бас советінің» жанынан «Шағым комитеті» құрылған, оның міндеті — казармаларда болатын барлық əділетсіздіктер жайында мəліметтер жинау. Бұл мəліметтер партияның орталық органы «Le peuple» [98]-де «Армиядан» деген рубрикамен күн сайын жарияланып отырады. Антимилитаристік насихат казарманың босағасына жетіп тоқтап қалмайды, армия ішінде насихат жүргізу мақсатымен социалист-солдаттар да топтар құрады. Қазіргі уақытта 15-ке жуық осындай топтар («солдат одақтары») бар.

Бельгия үлгісіндегі антимилитаристік насихат қарқыны мен ұйымдастырылуы жағынан алуан түрлі болып Францияда**, Швейцарияда, Австрияда жəне басқа елдерде де жүргізілуде.

Сонымен, арнаулы антимилитаристік қызметтің əдейі қажет екендігі былай тұрсын, оның үстіне бұл қызмет практикада əрі пайдалы, əрі жемісті де. Сондықтан мұндай қызметке Германияда полициялық жағдайлар мүмкіндік бермейтінін, осы себепті партия ұйымдарының талқандалу қаупі бар екендігін айтып, Фольмар бұған қарсы болғандықтан,— мəселе белгілі бір елдің

---

* — «Жастар дегеніміз — болашақ»; «Казарма». «Жас əскер». *Ред.*

** Француздардың көңіл қоярлық ерекшелігі болып табылатын нəрсе — олардың «солдат тиыны» дейтінді ұйымдастыруы; жұмысшы өз одағының секретарына əр апта сайын бір су ақша береді; осылайша жиналған ақша солдаттарға жіберіледі, бұл «оларға солдат киімін киіп жүргеннің өзінде де қаналушы тапқа жататындығын жəне олар мұны еш уақытта да ұмытпауға тиіс екендігін ескерту» болып табылады.

жағдайларына нақты талдау жасау ісіне келіп тірелді; бұл — принцип мәселесі емес, факт мәселесі. Герман социал-демократиясы өзінің балғын шағында, социалистерге қарсы төтенше заңдардың сұрапыл ауыр жылында, граф Бисмарктің темір шеңгеліне төтеп бере білгенде, қазір анағұрлым өсіп, буыны қатайып отырғанда, оның бүгінгі өкімет басындағылардың қудалауынан қорықпауына болар еді деген Жорестің ескертпесі бұл жерде де әділ. Бірақ Фольмардың арпаулы антимилитаристік насихат принцип жүзінде тиімсіз дейтін дәлелдерге сүйенуге тырысатыны тіпті де дұрыс емес.

Фольмар мен оның пікірлестерінің социал-демократтар қорғаныс соғысына қатысуға міндетті деген сенімінің де оппортунизмі одан кем емес. Каутскийдің тамаша сыны бұл көзқарастардың сау-тамтығын қалдырмады. Каутский нақты бір соғыстың қорғаныс мақсаттарынан немесе шабуыл мақсаттарынан туып отырғандығын айыру кейде, әсіресе патриоттық дүрбелең кезінде, толық мүмкін емес екенін көрсетіп берді. (Каутскийдің келтірген мысалы: орыс-жапон соғысының бас кезінде Жапония шабуыл жасады ма, әлде қорғанды ма?). Егер социал-демократтар өздерінің соғысқа көзқарасын осы белгілерге қарап анықтамақ болса, онда олар дипломатиялық келіс сөздердің торына шырмалып қалар еді. Социал-демократтардың тіпті шабуыл жасайтын соғыстарды талап ететін жағдайға душар болып қалуы да мүмкін. 1848 жылы (мұны эрвешілдердің де ескеріп қойғаны артық болмайды) Маркс пен Энгельс Германияның Россияға қарсы соғыс ашуын қажетті деп санаған болатын. Кейініректе олар Англияны Россиямен соғыстыру үшін Англияның жұртшылық пікіріне әсер етуге тырысып көрді. Айта кетелік, Каутский мынадай бір болжамды мысал келтіреді: «айталық,— дейді ол,— революциялық қозғалыс Россияда жеңіп шығып, бұл жеңістің әсері Францияда өкімет билігінің пролетариаттың қолына көшуіне жеткізеді делік; екінші жағынан, айталық, жаңа Россияға қарсы Европа монархтарының коалициясы құрылады делік. Егер сол кезде Француз республикасы Россияға көмекке келе қалса, интерна-

ционалдық социал-демократия бұған қарсы наразылық білдірер ме еді?» (К. Каутский. «Патриотизм мен соғысқа біздің көзқарасымыз»).

Тегінде, бұл мәселеде («патриотизмге» көзқарастағы сияқты) социал-демократияның халықаралық қатынастардағы белгілі бір құбылысқа көзқарасы жайындағы мәселені қарауға және шешуге негіз болатын бірденбір көзқарас — соғыстың қорғаныстық немесе шабуылдық сипаты емес, пролетариаттың таптық күресінің мүдделері, немесе дұрысырақ айтқанда, пролетариаттың халықаралық қозғалысының мүдделері болып табылады.

Оппортунизмнің бұл мәселелерде де қандай Геркулес бағаналарына дейін жете алатындығын Жорестің жуырдағы бір мақаласы көрсетіп отыр. Немістің либерал-буржуазиялық бір газетсымағында халықаралық жағдай туралы өз көзқарасын білдіре келіп, ол Франция мен Англияның Россиямен одағын бейбітшілікке қарсы ниетті көздейді деп кінәлаудан қорғайды және бұл одаққа «бейбітшіліктің кепілі» деп қарайды, ол «біз енді ежелгі екі жау Англия мен Россияның одағын коретін күнге жеттік» деп, осы фактіні құптап отыр.

Р. Люксембург «Neue Zeit»-тің соңғы кітапшасындағы Жореске жазған «Ашық хатында» мұндай көзқарасты мейлінше дұрыс бағалай келіп, оған қатты тойтарыс береді.

Ең алдымен Р. Люксембург былай дейді: «Россия» мен «Англияның» одағы туралы сөз ету — «буржуазиялық саясатшылардың тілімен сөйлеу» деген сөз, өйткені капиталистік мемлекеттер мен пролетариаттың сыртқы саясаттағы мүдделері бір-біріне қарама-қарсы келеді де, сыртқы қатынас саласында мүдделердің үйлесімділігі туралы айтуға болмайды. Егер милитаризм — капитализмнің бел баласы болса, онда соғыстарды да билеп-төстеушілер мен дипломаттардың айла-шарғыларымен жоюға болмайды, сондықтан социалистердің міндеті бұл жөнінде жалған үміттер туғызу емес, қайта, мұның керісінше, дипломатиялық «бейбіт шаралардың» екі жүзділігі мен дәрменсіздігін әрдайым әшкерелеп отыру болып табылады.

Алайда «хаттың» негізгі пункті Жорес соншама мадақтап отырған Англия мен Францияның Россиямен жасасқан одағына баға беру болып саналады. Европа буржуазиясы патша өкіметіне революциялық тегеурінді тойтаруға мүмкіндік әперді. «Енді революцияны уақытша жеңуді түпкілікті жеңіске айналдыруға тырысып, абсолютизм ең алдымен іргесі шайқалған деспотиялардың бәрінің сыннан өткен құралын пайдалануға — сыртқы саясаттың табыстарын пайдалануға ұмтылуда». Россияның барлық одақтары дегеніміз ендігі жерде «Батыс Европа буржуазиясының орыс контрреволюциясымен, бостандықты көздеген орыс және поляк күрескерлерін тұншықтырушылармен және солардың жендеттерімен қасиетті одақ болып табылады; бұл одақтар тек Россияның өз ішінде ғана емес, сонымен қатар интернационалдық тұрғыдан да барып тұрған қанқұйлы реакцияны нығайтқандық болып табылады». «Сондықтан барлық елдердің социалистері мен пролетарларының ең қарапайым міндеті контрреволюцияшыл Россиямен екі арада одақ жасалуына бар күшті сала қарсы тұру болып табылады».

Р. Люксембург Жореске былай деп жазады: «Сіз кезінде француз парламентінде орыс заемына қарсы тамаша сөз сөйлеген едіңіз; Сіз осыдан бірнеше апта бұрын Өзіңіздің «Humanité» газетіңізде жұртшылықты орыс Польшасындағы әскери соттардың қанқұйлы істеріне қарсы шығуға шақырған жалынды үндеу жариялаған едіңіз; енді *Сіздің*, орыс революциясы мен Персия көтерілісін жаныштаған қанқұйлы жендеттер үкіметін европалық саясаттың ықпалды факторына айналдыруға, орыстардың дар ағаштарын интернационалдық бейбітшілік колонналарына айналдыруға «барынша жігерлі» тырыспақшы болатыныңызды қалай түсінуге болады? Сіздің француз-орыс және ағылшын-орыс одағына негізделген бейбіт жоспарларыңызды француздың социалистік парламенттік фракциясы мен социалистік партияның Ұлттық советінің әкімшілік комиссиясының Фальердің Россияға баратын сапарына қарсы таяу арада білдірген наразылығымен, Өзіңіздің қолыңыз қойылған және орыс революциясының мүдделерін жалынды сөздермен қорғайтын наразылықпен қалайша үйлестіруге болады. Егер француз республикасының президенті Сіздің интернационалдық жағдай туралы түсініктеріңізді тілге тиек еткісі келсе, онда ол Сіздің наразылығыңызға былай деп мәлімдейді: кімде-кім мақсатты мақұлдаған болса, онда ол мақсатты жүзеге асыру құралдарын

да мақұлдауға тиіс, кімде-кім патшалық Россиямен жасасқан одақты интернационалдық бейбітшіліктің үйлесімділігі деп тапса, онда ол сол одақты нығайтып, достыққа бастайтын нәрсенің бәрін де қабылдауға тиіс.

Егер бір кезде Германияда, Россияда, Англияда «бейбітшілік мүдделері» үшін реставрация үкіметімен немесе Тьер мен Жюль Фаврдың үкіметімен одақтасуды ұсынған социалистер мен революционерлер табылып, мұндай одақты өздерінің моральдық беделімен бүркемелеген болса, онда Сіз не айтқан болар едіңіз?!!..»

Бұл хаттың қандай хат екені көрініп тұр, ал орыс социал-демократтары Р. Люксембург жолдасты өзінің білдірген осы наразылығы үшін және интернационалдық пролетариат алдында орыс революциясын қорғап шыққаны үшін тек құттықтай алады.

«Пролетарий» № 33,
(5 август) 23 июль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ[99]

11—13 (24—26) АВГУСТ, 1908 ж.

Бірінші рет 1933 ж.
Лениннің XXV жинағында
басылған

Қолжазбалар бойынша
басылып отыр

I

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ПЛЕНУМЫН ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМДЕМЕ

Мәлімдеме:

Талқыланып отырған жанжалдың неден шыққанын бүркемелеуге әрекет жасалып отырғандықтан, мен әуел бастан өзімнің әбден айқын түрде мынаны айтқанымды үзілді-кесілді мәлімдеймін:

Григорийдің хабарлауынша, Эзра оған: *кенже іні құрамы толық Орталық Комитеттің Existenzrecht**-ін *теріске шығарады* деп жазған. Григорий түгелдей растаған және Эзра айқын түрде бекерге шығармаған осы хабар меньшевиктердің әрекетінің *заңсыздығын* және *мұндай* мәселені Бунд орталық комитеті талқылауының заңсыздығын көрсетеді. Мен сондықтан хаттың текстінің өзін іздестіруді талап етемін.

Ленин

1908 ж. 12 (25) августа енгізілген

---

* — өмір сүру правосын. *Ред.*

2

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ПЛЕНУМЫН ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитет пленум шақыру жөніндегі жанжал дейтін туралы, Эзраның хаттары, Петрдің мәлімдемелері және барлық жарыс сөздер туралы Орталық Комитеттің архивінде сақтау үшін айрықша толық есеп жазуды, қажет болған күнде бұл есепті жариялауға Орталық Комитеттің шағын құрамына мүмкіндік беруді Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына тапсырады.

1908 ж. 13 (26) августа енгізілген

3

ОРТАЛЫҚ ШЕТЕЛДІК БЮРОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1) Шетелдегі социал-демократтар топтары РСДРП-ға жәрдемдесу топтары деп танылады.

2) Орталық Комитет 10 адамнан жаңа Орталық Шетелдік Бюро тағайындайды. Орталық Комитеттің пленумы болмаған күнде кооптация немесе ауыстыру Орталық Комитеттің шетелдегі бюросының бекітуімен жүзеге асырылады.

3) Орталық Шетелдік Бюро шетелдегі жәрдемдесу топтарының қажеттерін өтеп отырады және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жалпы партиялық тапсырмаларын орындайды.

4) Шетелдік бюроға Орталық Комитеттің veto правосы бар 1 мүшесі (пленумның немесе Шетелдік бюроның тағайындауы бойынша) кіреді.

5) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының бақылауымен мүмкіндігінше шетелдегі барлық жәрдемдесу топтарының съезі қолдан келгенінше осы таяу арада ұйымдастырылады.

6) Съездің уставын Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бекітеді.

7) Бұл съезде шетелдегі барлық ұлттық социал-демократиялық топтарды РСДРП-ның жергілікті біртұтас жәрдемдесу топтарына біріктіру ісін жүзеге асыруды көздейтін барлық шараларды қолдану Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына тапсырылады. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бұл мәселе жөнінде ұлттық

социал-демократиялық ұйымдардың барлық Орталық Комитеттерімен байланыс жасайтын болуға тиіс.

8) Топтар өз табыстарының 85—90 процентін Орталық Комитеттің кассасына өткізіп отырады. Аса қажет болған күнде (мәселен, эмигранттарға жұмсалатын қаржы) ақша алуға рұқсат беру Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының билігінде болады.

1908 ж. 13 (26) августа енгізілген

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ НЕМІС ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙБІТ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ [100]

Англия мен Германияның буржуазиялық баспасөзі және әсіресе көше листоктары бір елді екінші елге айдап салып, көптен бері шовинистік науқан жүргізіп келе жатқаны жұртқа мәлім. Ағылшын және неміс капиталистерінің бүкіл дүние жүзілік рыноктағы бәсекесі онан сайын шиеленісіп барады. Англияның бір кездегі басымдылығы және оның дүние жүзілік рынокта еміножүстемдік жасап келген кезі өтті. Германия өтеимөте тез дамып келе жатқан капиталистік елдердің қатарына жатады, ал оның өнеркәсібінің өнімдері шетелдерге барған сайын көп өткізуді қажет етіп отыр. Отарлар үшін күрес, сауда мүдделерінің қақтығыстары капиталистік қоғамдағы соғыстардың басты себептерінің біріне айналды. Және де осы екі елдің капиталистері Англия мен Германияның арасында соғыс болмай қоймайды деп есептейтіні, ал екі жақтың да әскери өкілдерінің соғыс болса игі еді деп отырғаны таңданарлық нәрсе емес. Ағылшын шовинистері әзірге Англиядан теңізде анағұрлым әлсіз болып отырған Германияның теңіздегі қуатын күйретіп, қауіпті бәсекелесін әлсіреткісі келеді. Бурбон II Вильгельм бастаған герман юнкерлері мен генералдары құрлықтағы күштерінің басымдылығын пайдалану мүмкіндігіне сеніп және Германиядағы жұмысшы бұқарасының барған сайын күшейіп келе жатқан наразылығы мен тап күресінің шиеленісуін соғыс жеңістерінің айқай-шуымен басып тастауды арман етіп, Англиямен соғысуға құлшынып отыр.

Ағылшын және герман жұмысшылары өсіп бара жатқан соғыс қаупіне ашықтан-ашық қарсы шығуға ұйғарды. Екі елдің де жұмысшы газеттері шовинизм мен милитаризмге қарсы көптен бері-ақ табанды күрес жүргізіп келеді. Бірақ қазір жұмысшы табының өз еркін баспасөз органдары арқылы білдіруінен гөрі бірсыпыра анағұрлым айбарлырақ білдіруі қажет болып отыр. Ағылшын жұмысшылары екі елдің де пролетариаты соғысқа қарсы соғыс жүргізуге ынтымақтаса бел байлағанын айбынды демонстрация арқылы мәлімдеу үшін Берлинге делегация жіберуге ұйғарды.

Демонстрация Берлинде 20 (7) сентябрьде жексенбі күні болды. Ағылшын жұмысшыларының депутаттары бұл жолы Берлин пролетариаты алдында еш бөгетсіз сөйлей алды. Бұдан екі жыл бұрын, Ж. Жорес француз жұмысшы табы атынан Берлинде социал-демократиялық бұқара жиналысында буржуазияның шовинистеріне қарсы наразылық білдіру мақсатымен сөз сөйлеуге ұйғарған кезде, герман үкіметі оның неміс жұмысшылары алдында сөйлеуіне тыйым салған болатын. Бұл жолы ағылшын пролетариатының делегаттарын қуып жіберуге неміс үкіметінің батылы бармады.

Жұмысшылардың орасан зор жиналысы Берлиндегі ең үлкен залдардың бірінде шақырылды. 5000-ға жуық адам үйдің ішіне бірден лыққа толды да, талай мың адамның бақ ішінде, көшеде тұрып тыңдауына тура келді. Тәртіптің сақталуын қадағалайтын жұмысшылар сайланып, олар жеңдеріне қызыл мата байлап жүрді. Германия жұмысшыларының кәсіпшілік одақтарының («еріктілер» деп аталатын одақтардың, яғни іс жүзінде социал-демократиялық одақтардың) белгілі көсемі Легин жолдас Германияның саяси және кәсіби жағынан ұйымдасқан бүкіл жұмысшы табы атынан ағылшын делегациясын құттықтады. Бұдан елу жыл бұрын — деді ол — француз және ағылшын жұмысшылары бейбітшілікті жақтап демонстрация жасаған еді. Ол кезде алдыңғы қатарлы-социалистер арқа сүйер ұйымдасқан бұқара әлі жоқ еді. Қазір Англия мен Германияның жұмысшы одақтарында қоса есептегенде $4^1/_3$ миллион мүше бар. Осы армияның атынан енді ағылшын деле-

гаттары мен Берлин жиналысы сөйлеп, соғыс пен бейбітшілік туралы мәселенің шешімі жұмысшы табының қолында деп мәлімдеп отыр.

Ағылшын жұмысшыларының делегаты Маддисон жауап сөзінде буржуазияның шовинистік әрекетін масқаралады және 3000 жұмысшы қол қойған «Британия жұмысшыларының Германия жұмысшыларына адресін»[101] тапсырды. Қол қойғандардың ішінде ағылшын жұмысшы қозғалысының екі бағытының да өкілдері (яғни социал-демократтар да, «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» азды-көпті дәйекті социалистік көзқарасқа әлі де болса келе қоймаған жақтаушылары да) бар деп мәлімдеді ол. Адресте соғыстар дәулетті таптардың мүдделерінің кәдесіне асырылатыны айтылған. Жұмысшы бұқарасы соғыстардың барлық ауыртпалығын көтереді; дәулетті таптар халықтың күйзелгенінен пайда түсіреді. Ендеше, жұмысшылар соғыс құмарлармен күресу үшін, бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін топтаса берсін!

Басқа да ағылшын депутаттары мен герман социал-демократиясының өкілі Рихард Фишердің сөйлеген сөздерінен кейін жиналыс бірауыздан қарар қабылдаумен бітті; қарарда «үстемдік жүргізуші және қанаушы таптардың құлқынқұмар, өресіз саясатына» лағынет айтылды және Штутгартта болған халықаралық конгрестің шешіміне сай қимыл жасауға, яғни барлық күш пен құралдарды пайдаланып соғысқа қарсы күресуге әзір екендік білдірілді. Жиналыс жұмысшы марсельезасын айтумен тәртіпті түрде тарады. Көше демонстрациялары болған жоқ. Берлин полициясы мен жергілікті әскери әкімдердің күткендері болмай, алданып қалды. Неміс тәртібіне тән сипат — жұмысшылардың ең бейбіт демонстрациясының өзі де полициялық және әскери демонстрациясыз өтпейтін. Берлин гарнизоны жасақтанып тұрған еді. Әскер отрядтары қатаң жоспар бойынша қаланың әр түрлі жерлеріне — көбінесе солдаттардың қайда, қаншадан жасырынып тұрғанын байқау оңайға түспейтін болып орналастырылған еді. Полиция шолғыншылары жиналыс болып жатқан залға таяу көшелер мен алаңдарды, әсіресе осы арадан сарайға қа-

рай апаратын жолды аралап жүрумен болды. Сарай жай кийм киінген полицейлер мен үйді-үйдің аулаларында жасырынған әскер отрядтарының нағыз қоршауында болды. Полиция бекеттерінің күрделі системасы ұйымдастырылды,— топ-топ полицейлер көшелердің бұрыш-бұрыштарында тұрды, — полиция офицерлерінен барлық «маңызды» деген жерлерге отрядтар қойылды,— полицияның велосипедшілері барлаушы қызметін атқарып, «дұшпанның» әрбір қадамын әскери әкімдерге хабарлап отырды,— көпірлер мен канал өткелдеріне қойылған күзет еселеп күшейтілді. II Вильгельм үкіметінің осы шараларының бәрін келемеждеп *«Vorwärts»* [102]: «қауіпке ұшыраған монархияны күзетті»,— деп жазды.

Репетиция өткізілді,— деп қосалық біз бұған өз тарапымыздан. II Вильгельм мен неміс буржуазиясы көтеріліс жасаған пролетариатқа қарсы соғыс арқылы күресу репетициясын өткізді. Мұндай репетициялар жұмысшы бұқарасы үшін де, солдаттар үшін де қалайда сөзсіз пайдалы. Француз жұмысшыларының өлеңінде айтылатындай, Ça ira (бұл іс алға басады!). Екінші қайтара болатын репетициялар мүмкін енді әлі де өте баяу, бірақ оның есесіне ұлы тарихи нәтижеге айнытпай бастайтын болады.

1908 ж. 8 (21) сентябрь мен 2 (15) октябрь аралығында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЛЕВ ТОЛСТОЙ — ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ АЙНАСЫ

Революцияны көріне түсінбеген, революциядан бойын көріне аулақ салған ұлы суреткердің есімін революциямен салыстыру алғаш қарағанда оғаш және жасанды болып көрінуі мүмкін. Құбылысты анық бейнелемейтін нәрсені айна деп атау жөн бола ма? Бірақ біздегі революция — өте-мөте күрделі құбылыс; не болып жатқанын көріне түсінбеген, оқиғалардың барысы олардың алдына қойған нағыз тарихи міндеттерден бойын аулақ салған әлеуметтік элементтер революцияны тікелей жасаушы және оған тікелей қатысушы бұқара арасында да көп болды. Ал егер біздің көз алдымыздағы адам шынымен ұлы суреткер болса, онда ол революцияның тым болмағанда кейбір маңызды жақтарын өзінің шығармаларында бейнелеуге тиіс еді.

Толстойдың 80 жасқа толған мерекесі жөніндегі мақалаларға, хаттарға, заметкаларға лық толы орыс жария баспасөзі оның шығармаларын орыс революциясының сипаты мен оның қозғаушы күштері тұрғысынан талдап қарауға бәрінен де гөрі аз көңіл бөліп отыр. Бұл баспасөздің бәрі екіжүзділікке, екіжүзділік болғанда екі түрлі: ресми және либералдық екіжүзділікке жүрек айнырлықтай лық толы. Оның біріншісі — кеше ғана Л. Толстойды қудалаңдар деп бұйрық алған, ал бүгін,— Толстойдың патриотизмін іздеп тауып, Европа алдында сыпайыгершілік сақтауға тырысыңдар деп бұйрық алып отырған сатылғыш жазушысымақтардың дөрекі екіжүзділігі. Бұл сияқты жазушысымақтардың шимайына

ақы төленіп қойылғаны жұрттың бәріне мәлім, енді олар ешкімді де алдай алмайды. Ал либералдық екіжүзділік одан анағұрлым шебер, сондықтан да ол анағұрлым зияндырақ және қауіптірек болады. «Речь» газетіндегі кадет балалайкиндерді тыңдап қарасаң — олардың Толстойға деген тілектестігі мейлінше қалтқысыз, мейлінше қызу тілектестік сияқты. Ал іс жүзінде онысы «ұлы құдай іздеуші» туралы ішкі есеппен айтылған тақпақ, көпірме сөз — түгелімен жалған, өйткені орыс либералы Толстойдың құдайына да сенбейді, Толстойдың қазіргі құрылысты сынауына да тілектестік білдірген емес. Ол өзінің мардымсыз саяси капиталын молайту үшін, өзін жалпы ұлттық оппозицияның көсемі ролінде көрсету үшін әйгілі есімге жармасады; ол даурыққан, көпірме сөздер арқылы «толстойшылдықтың» бадырайып тұрған қайшылықтары неден туып отыр, бұл қайшылықтар біздегі революцияның қандай кемшіліктері мен әлсіз жақтарын көрсетеді? деген мәселеге тура, айқын жауап беру қажет екенін *бүркемелеуге* тырысады.

Толстойдың шығармаларындағы, көзқарастарындағы, ілімдеріндегі, мектебіндегі қайшылықтар — шынында да бадырайып тұрған қайшылықтар. Бір жағынан, ол орыс өмірінің теңдесі жоқ бейнесін жасаған, оның үстіне дүние жүзілік әдебиеттің маңдай алды шығармаларын берген кемеңгер суреткер. Екінші жағынан — құдайға жалбарынып диуаналық еткен помещик. Бір жағынан — қоғамдағы өтірік-өсек пен жалғандыққа қарсы керемет күшті, тікелей және шын пейілмен наразылық білдіруші; екінші жағынан — «толстойшыл», яғни жұрт алдында кеудесін қағып: «мен оңбағанмын, мен пасықпын, бірақ мен адамгершілік жағынан өзімді өзім жетілдіріп жүрмін; мен енді ет жемеймін, енді күріш котлетімен ғана тамақтанамын» деп жүрген орыс интеллигенті деп аталатын сүлдері құрыған, күйгелек бір сорлы. Бір жағынан — капиталистік қанауды аяусыз сынау, үкіметтің зорлықтарын, сот пен мемлекетті басқарудағы комедияны әшкерелеу, байлықтың өсуі мен цивилизацияның табыстары және жұмысшылар бұқарасының қайыршылануының, тағылануының, азап



1

Левъ Толстой, какъ зеркало русской революціи.

Сопоставленіе имени великаго художника съ революціей, которой онъ явно не понялъ, отъ которой онъ явно отстранился, можетъ показаться на первый взглядъ страннымъ и искусственнымъ. Не называть же зеркаломъ того, что очевидно не отражаетъ явленія правильно? Но наша революція — явленіе чрезвычайно сложное; среди массы ея непосредственныхъ совершителей и участниковъ есть много соціальныхъ элементовъ, которые тоже явно не понимали происходящаго, тоже отстранялись отъ настоящихъ историческихъ задачъ, поставленныхъ передъ ними ходомъ событій. И если передъ нами дѣйствительно

В. И. Лениннің «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1908 ж.

Кішірейтілген

шегуінің өсуі арасындағы қайшылықтардың бүкіл терең сырын ашу; екінші жағынан — «зорлыққа» күшпен «қарсыласпау» жайындағы диуаналық уағыз. Бір жағынан — нағыз байсалды реализм, бет перде атаулының бәрін де сыпырып тастау; екінші жағынан, дүниедегі ең оңбаған нәрселердің бірін, атап айтқанда: дінді уағыздау, ресми лауазым бойынша қызмет атқарып жүрген поптардың орнына адамгершілік нанымы бойынша қызмет атқаратын поптарды қоюға тырысу, яғни нағыз айлалы, сондығынан да өте пасық попшылдықты дәріптеу. Шынында да:

Әрі пақыр, әрі кеңсің,
Мықты да сен, бос та сенсің
—Русия Анамыз!

Осындай қайшылықтарының салдарынан Толстойдың жұмысшы қозғалысын да, оның социализм үшін күрестегі ролін де, орыс революциясын да мүлдем түсіне алмағандығы, бұл өзінен-өзі айқын нәрсе. Бірақ Толстойдың көзқарастары мен ілімдеріндегі қайшылықтар кездейсоқ нәрсе емес, бұлар XIX ғасырдың соңғы үштен бірінде орыс өмірінде болған қайшылықты жағдайлардың көрінісі. Крепостниктік праводан кеше ғана азат болған патриархтық деревня капитал мен қазынаның нағыз үлесіп әкетуі мен тонауына берілген еді. Шаруа шаруашылығы мен шаруа өмірінің ескі тірегі, шынында да ғасырлар бойы сақталып келген осы тірек, адам айтқысыз шапшаң қирай бастады. Сондықтан Толстойдың көзқарастарындағы қайшылықтарды осы заманғы жұмысшы қозғалысы мен осы заманғы социализм тұрғысынан қарап бағаламай (әрине, солай бағалау қажет, бірақ ол жеткіліксіз), ал жақыннан келе жатқан капитализмге, бұқараның күйзелуіне, жерден айрылуына қарсы орыс патриархтық деревнясы туғызуға тиісті наразылық тұрғысынан қарап бағалау керек. Адамзатты кесапаттан құтқарудың жаңа рецептерін тапқан пайғамбар ретінде алғанда Толстой кісі күлерліктей,— сондықтан да оның ілімінің дәл осы ең әлсіз жағын догмаға айналдырмақшы болған шетелдік және россиялық «толстойшылдар» мүлдем бейшара

жандар. Миллиондаған орыс шаруаларының Россиядағы буржуазиялық революция қарсаңында қалыптасқан идеялары мен пиғылдарын білдіруші ретінде алғанда Толстой кемеңгер. Толстой ерекше, өйткені оның көзқарастарының жиынтығы тұтас алғанда біздегі революцияның нақ *шаруалардың* буржуазиялық революциясы ретіндегі өзгешелігін тура көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Толстойдың козқарастарындағы қайшылықтар—біздегі революцияда шаруалардың тарихи қызметі қайшылықты жағдайларға қойылғандығының нағыз айнасы. Бір жағынан, ғасырлар бойғы крепостниктік езгі мен реформадан кейінгі ондаған жылдар бойы қауырт күйзеліске ұшырау ошпенділікті, ызаны, ашынған батылдықты әбден күшейтті. Қазыналық шіркеуді де, помещиктерді де, помещиктік үкіметті де түбірімен қопарып тастауға, жер иеленудің ескі формалары мен тәртіптерінің бәрін жоюға, жерді тазартуға, полициялық-таптық мемлекеттің орнына ерікті, тең праволы ұсақ шаруалардың қоғамдық тұрмысын құруға талпыну,— міне осы талпыну шаруалардың біздегі революциядағы әрбір тарихи әрекетінің негізгі арқауы болып отырады, сондықтан, күмән жоқ, Толстойдың жазғандарының идеялық мазмұны дерексіз «христиандық анархизмнен» гөрі, кейде жұрт оның козқарастары «жүйесін» осылай деп бағалайды, шаруалардың осы талпынуына әлдеқайда кобірек сай келеді.

Екінші жағынан, қоғамдық тұрмыстың жаңа формаларына талпына отырып, шаруалар бұл қоғамдық тұрмыстың қандай болуға тиістігіне, өздеріне бостандықты қандай күрес арқылы жеңіп алуы керектігіне, бұл күресте оның қандай басшылары болуы мүмкіндігіне, шаруа революциясының мүдделеріне буржуазия мен буржуазиялық интеллигенцияның қалай қарайтындығына, помещиктік жер иелігін жою үшін патша өкіметін күшпен құлату неліктен қажет болатындығына өте санасыз, патриархтық тұрғыдан, диуаналықпен қарады. Шаруалардың бүкіл өткен өмірі оған барин мен чиновникті жек көруді үйретті, бірақ осы мәселелердің бәрінің шешімін қайдан іздеуді үйретпеді және үйрете де алмайтын еді. Біздегі революцияда шаруалардың

азғана бөлігі шындап күресіп, осы мақсат жолында азды-көпті ұйымдасқан болды, ал олардың мүлде болмашы бөлігі ғана қолдарына қару алып, өздерінің жауларын құртуға, патша малайлары мен помещикті қорғаушыларды жоюға аттанды. Шаруалардың көпшілік бөлігі жылап-сықтап, құдайға жалбарынумен болды, жар салып, армандаумен болды, шағымдар жазып, «ізденушілер» жіберді,— аумаған Лев Николаич Толстой рухында болды да қойды! Сонымен, мұндай жағдайларда әрқашан осылай болатынындай, саясаттан толстойша тартынып қалушылық, саясаттан толстойша безушілік, саясатқа және оны түсінуге ынтаның жоқтығы өзінің дегенін істеді, саналы, революцияшыл пролетариаттың соңынан шаруалардың азшылығы ғана ерді, ал көпшілігі принципсіз, жарамсақ, буржуазиялық интеллигенттердің ықпалында кетті; кадеттер деп аталған бұл интеллигенттер трудовиктердің жиналысынан Столыпиннің ауыз бөлмесіне жүгірді, тіленші болды, саудаласты, татуластырды, татуластыруға уәде берді,— солдат етігімен теуіп қуып шыққанша осыны істеді. Толстойшылдық идеялар, бұл — біздегі шаруалар көтерілісі әлсіздігінің, кемшіліктерінің айнасы, патриархтық деревняның босаңдығының және «әлді мужиктің» топас қорқақтығының көрінісі.

1905—1906 жылдардағы солдат көтерілістерін алып қараңызшы. Біздегі революцияның бұл күрескерлерінің әлеуметтік құрамы — шаруалар мен пролетариаттың аралығындағылар. Соңғысы азшылық; сондықтан әскер ішіндегі қозғалыс, қолды бір сілтегенде-ақ социал-демократиялық бола қалғандай пролетариаттың көрсеткеніндей, бүкіл Россия көлемінде топтасқандықты, партияға тән саналылықты тіпті шамалап болса да аңғартпады. Екінші жағынан, солдат көтерілісінің сәті түспеген себебі офицерлерден шыққан басшылардың жоқтығы болды-мыс деген пікірден қате пікір жоқ. Мұның керісінше, революцияның Халық еркі заманынан бергі орасан зор прогресі нақ мынадан көрінді: «надан хайуандар» өздерінің бастықтарына қарсы қолына қару ұстап шықты, бұлардың өздігінен күреске

шығуы либерал помещиктер мен либерал офицерлерді қатты шошындырды. Солдат шаруаның ісіне әбден тілектес болды; жер деп айтылса-ақ болғаны, оның көзі оттай жайнады. Әскерлерде билік солдат бұқарасының қолына талай рет көшті,— бірақ сол билікті батыл пайдалану мүлде болмады дерлік; солдаттар солқылдақтық көрсетті; бір-екі күннен кейін, кейде бірнеше сағаттан кейін, олар жексұрын бір бастықты өлтіріп, қалғандарын тұтқыннан босатып жіберіп отырды, өкімет орнымен келіс сөздер бастады, содан кейін өздерін оққа байлады, дүрелетуге арқасын тосты, бұрынғы қамытын қайта киді,— аумаған Лев Николаич Толстой рухында қалды да қойды!

Толстой ішті кернеген өшпенділікті, жақсылыққа ұмтылған талпыныстың, өткендегіден құтылуды аңсаған тілектің пісіп жетілгенін — және әлі пісіп жетілмеген арманшылдықты, саяси тәрбиесіздікті, революциялық босаңдықты бейнеледі. Тарихи-экономикалық жағдайлар бұқараның революциялық күресінің тууы қажеттігін де, олардың күреске әзір болмағандығын да, бірінші революциялық науқанның жеңіліске ұшырауына ең елеулі себеп болған толстойшылдық зорлыққа қарсыласпауды да түсіндіріп береді.

Талқандалған армия жақсы үйреніп шығады деген сөз бар. Әрине, революцияшыл таптарды армиялармен тек өте тар мағынада ғана салыстырған дұрыс болады. Крепостник-помещиктер мен солардың үкіметіне өшпенділік арқылы бірігіп топтасқан миллиондаған шаруаларды революциялық-демократиялық күреске итермелеген жағдайларды капитализмнің дамуы сағат сайын өзгертіп, шиеленістіріп отырады. Шаруалардың өз ішінде айырбастың өсуі, рыноктың үстемдігі мен ақша өктемдігінің күшейе түсуі патриархтық ескілік пен патриархтық толстойшылдық идеологияны барған сайын анағұрлым ығыстырып отыр. Бірақ революцияның алғашқы жылдарынан және бұқаралық революциялық күрестің алғашқы жеңілістерінен көрген бір жетістік күмәнсыз: ол — бұқараның бұрынғы болбырлығы мен бос белбеулігіне өлтіре соққы берілгендігі. Ажырататын межелер айқындала түсті. Таптар мен

партиялар араларын анықтап бөлді. Столыпиндік сабақтың тоқпағымен, революцияшыл социал-демократтардың үздіксіз жүргізген, байсалды үгітінің арқасында тек социалистік пролетариат қана емес, сонымен қатар демократиялық шаруалар бұқарасы да біздегі толстойшылдықтың тарихи күнәсына оншама көп бата қоймайтын неғұрлым шыныққан күрескерлерді сөзсіз шығаратын болады!

«Пролетарий» № 35,
(24) 11 сентябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің
текстімен салыстырылған
қолжазба бойынша басылып отыр

СТУДЕНТТЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ

Петербург университетінде студенттердің ереуілі жарияланды. Бұған бірқатар басқа жоғары оқу орындары да қосылды. Қозғалыс Москва мен Харьковты да шарпыды. Шетелдік газеттер мен орыс газеттеріндегі, сондай-ақ Россиядағы жеке адамдардан алынған хаттардағы мәліметтердің бәріне қарағанда, біз көлемі едәуір кең *академиялық* қозғалыс [103] фактісін байқап отырмыз.

Баяғыға қайта оралғандық! Революциядан бұрынғы Россияға қайта оралғандық,— бұл оқиғалар бәрінен бұрын, міне, осының айғағы. Үкіметтік реакция бұрынғыша университеттерге қысым жасап отыр. Самодержавиелік Россияда студенттер ұйымдарына қарсы әрқашан да болатын күрес «премьер» Столыпинмен әбден келісіп істеп отырған қаражүздік министр Шварцтың студенттерге 1905 жылдың күзінде уәде етілген автономияға қарсы жорық формасына айналып отыр (ол кезде революциялық жұмысшы табының тегеурініне ұшыраған самодержавиенің Россия азаматтарына бермеген «уәдесі» қалды ма!), автономия болғанда, самодержавиенің «студенттерсіз де» діңкесі құрып жатқан кезде студенттер әзірше пайдаланған және самодержавие болып тұрғанда тартып алуға кіріспей тұра алмайтын автономияға қарсы жорық формасына айналып отыр.

Либерал баспасөз,— бұл жолы кейбір октябристермен бірге,— баяғысынша қайғырып, сары уайымға салынып

отыр, профессор мырзалар да мұңын шағып жүр, олар үкіметке реакция жолына түспе, «сілкіністерден титықтаған елде» «тыныштық пен тәртіпті реформалар арқылы қамтамасыз ететін» ғажап жағдайды пайдаланып қалу керек деп жалынып, студенттерге тек реакцияны қоздыратын заңсыз әрекет тәсілдерінен аулақ болыңдар деп және т. т., т. с. айтып жалынуда. Мұның бәрі де қандай ертеден-ақ таныс, әбден тозығы жеткен ескі әуендер десеңізші және олар осыдан шамамен 20 жыл бұрын, өткен ғасырдың 80-жылдарының аяқ кезіндегі жағдайды көз алдымызға қалай айнытпай елестетеді десеңізші! Егер қазіргі кезеңді революцияның үш жылы ішінде бастан кешіргенмен байланыстырмай, жеке алсақ, сол кезеңнің қазіргі кезеңмен ұқсастығы керемет таңданарлық болып көрінеді. Өйткені Дума (сырттай қарағанда) күштердің дәл сол революциядан бұрынғы арасалмағын: сарай маңындағы байланыстарын және өзінің чиновник ағайыны арқылы өкілдік біткеннің бәріне ықпал жүргізуді артық көретін тағы помещиктің үстемдігін;— жарылқағыш-аталарымен ажырасуға батылдығы бармайтын көпестердің (октябристердің) сол чиновникті қолдайтынын;— көбінесе өзінің адалдығын дәлелдеуді ойлайтын және билік жүргізушілерге ақыл айтуды либерализмнің саяси қызметі деп атайтын буржуазиялық интеллигенцияның «оппозициясын» тек сәл басқаша ғана бейнелеп отыр. Думаның жұмысшы депутаттары пролетариат таяуда ғана өзінің бұқаралық ашық күресі арқылы қандай роль атқарғанын нашар, тіпті тым нашар байқатады.

Осындай жағдайда студенттердің қара дүрсін-академиялық күресінің ескі формаларына біздің мән беруімізге бола ма?— деген сұрақ туады. Егер либералдар 80-жылдардың «саясатына» (бұл жерде, әрине, саясат туралы тек келемеж ретінде ғана айтуға болады) дейін төмендеп кетсе, социал-демократия академиялық күресті қалай болса да қолдау керек деп есептейтін болса, мұнысы социал-демократияның өз міндеттерін төмендетіп алғаны болып шықпай ма?

Социал-демократ студенттер, сірә, кей жерде осындай сұрақты қойып жүрген тәрізді. Қалай дегенмен де, біздің газеттің редакциясына социал-демократ студенттердің бір тобынан хат келді, онда, сірәғысын айтқанда, былай делінген:

«Петербург университеті студенттерінің 13 сентябрьдегі жиыны студенттерді бүкіл Россия студенттерінің ереуілін өткізуге шақыруға қаулы алды, бұған Шварцтың агрессиялық тактикасын дәлелге келтірді; ереуілдің платформасы — академиялық платформа, жиын тіпті Москва және Петербург профессорлары советтерінің автономия үшін күресу ісіндегі «алғашқы қадамдарын» да құттықтайды. Біз Петербург жиыны ұсынған академиялық платформаға аң-таңбыз және оны қазіргі жағдайда қолдануға болмайды, ол студенттерді белсенді, кең өрісті күреске біріктіре алмайды деп санаймыз. Біз студенттердің бой көрсетуі тек жалпы саяси бой көрсетумен ұштастырылатын бой көрсету болуға тиіс және ол еш уақытта да бөлек бой көрсету болмауға тиіс деп ойлаймыз. Студенттерді біріктіре алатын элементтер қазір жоқ. Осы себепті біз академиялық бой көрсетуге қарсылық білдіреміз».

Хаттың авторлары жіберген қателіктің саяси мәні тосыннан қарағанда ойлап қалуға болатын шамадан анағұрлым әріде жатыр, өйткені авторлардың пайымдауы, асылында, сол ереуілге қатысу мәселесінен гөрі әлдеқайда кең және маңызды тақырыпты қозғайды.

«Біз студенттердің бой көрсетуі тек жалпы саяси бой көрсетумен ұштастырылатын бой көрсету болуға тиіс деп ойлаймыз. Осы себепті біз академиялық бой көрсетуге қарсылық білдіреміз».

Бұлайша пайымдау түп тамырымен теріс. Студенттердің пролетариатпен ұштастырылған саяси бой көрсетуіне ұмтылу керек деген және т. с. революциялық ұран бұл арада барған сайын кең өрістеген, жан-жақты, айбынды үгітке жанды басшылық болудан қалып, қозғалыстың әр түрлі формаларының түрліше кезеңдеріне қалай болса солай қиюластыра қоятын жансыз догмаға айналып отыр. Революция сабақтарының «соңғы сөзін» қайталап, ұштасқан саяси бой көрсетуді жариялап қана қою жеткіліксіз. Саяси бой көрсетуді жақтайтын үгітті *жүргізе білу* керек, сол үгітке керекті барлық мүмкіндікті, барлық жағдайды және ең алды-

мен, бәрінен де гөрі әр түрлі алдыңғы қатарлы элементтердің самодержавиеге қарсы бұқаралық жанжалы атаулының бәрін *пайдалану* керек. Әңгіме, әрине, студент қозғалысы біткеннің бәрін күні бұрын міндетті «кезеңдерге» бөліп қоюымызда емес және саясатқа, тағы сондайларға «мезгілсіз» көшуден жасқанып, әрбір кезеңнен дәлме-дәл бұлжытпай өтуді міндетті түрде қадағалап отыруымызда емес. Бұл сияқты көзқарас барып тұрған зиянды педанттық болар еді де, оппортунистік саясатқа апарып соқтырар еді. Бірақ сонымен қатар ұранды өзгермейтін мағынада түсінген жалған ұғымға бола іс жүзінде қалыптасқан жағдаймен және белгілі бір бұқаралық қозғалыстың шарттарымен санасқысы келмеген кезде, мұның керісінше болатын қате де зиянды: ұранды бұлай қолдану революцияшыл құр әншейін бос сөзге айналмай қоймайды.

Академиялық қозғалыс саяси қозғалысты төмендететін немесе оны бөлшектейтін немесе одан алаңдататын жағдайлар болуы ықтимал, міне, сондай кезде студенттердің социал-демократиялық топтары өзінің үгітін мұндай қозғалысқа қарсы жұмылдыруға міндетті болар еді. Алайда қазіргі кезеңнің объективтік саяси жағдайлары басқаша екенін әркім-ақ көріп отыр: академиялық қозғалыс тар өрісті автономияға азды-көпті дағдыланып қалған оқушы жастардың жаңа «ұрпағының» қозғалысы *басталғанын* білдіреді, оның бер жағында бұл қозғалыс, қазіргі кезеңде бұқаралық күрестің басқа формалары болмай отырған жағдайда, қалың бұқара революцияның үш жылының тәжірибесін әлі де болса үнсіз, зер сала, баяу *бойға сіңіріп* жатқан тыныштық жағдайда басталып отыр.

Мұндай жағдайда социал-демократия «академиялық бой көрсетуге қарсы» шықса, онда ол үлкен қателік жасаған болар еді. Жоқ, біздің партияға жататын студенттер топтары барлық күш-жігерін осы қозғалысты қолдауға, оны пайдалануға және кеңейтуге жұмылдыруға тиіс. Қозғалыстың қара дүрсін формаларын социал-демократияның әр ретінде қолдағаны сияқты, оның бұл қолдауы да көбіне көп және ең алдымен жанжал дүрліктіргендердің және қашан да болса жан-

жалдың осы формасы арқылы тұңғыш саяси жанжалды бастан кешіріп отырғандардың негұрлым қалың тобына идеялық және ұйымдық жағынан ықпал жасау болуға тиіс. Өйткені соңғы екі жыл ішінде университеттерге түскен оқушы жастар саясаттан ылғи дерлік аулақ өмір сүрді және де тар өрісті академиялық автономизм рухында тәрбиеленді, тек қазыналық профессорлар мен үкіметтік баспасөзден ғана емес, сонымен қатар либерал профессорлар мен бүкіл конституциялық-демократиялық партиядан тәрбие алды. Мұндай жастар үшін кең ереуіл (егер бұл жастар кең ереуіл жасай білсе! біз бұл істе оған көмектесуге керекті шараның бәрін істеуге тиіспіз, бірақ, әрине, біз, социалистер, буржуазиялық қозғалыстың қайсыбірінің табысқа жетуіне кепіл бола алмаймыз) саяси жанжалдың бастамасы болып табылады, күресушілер мұны мейлі ұқсын, мейлі ұқпасын, мұның бәрібір. Біздің міндетіміз — «академиялық» наразылық білдірушілер бұқарасына бұл жанжалдың объективтік мәнін түсіндіру, оны *саналы* саяси жанжалға айналдыруға тырысу, студенттердің социал-демократиялық топтарының үгіт жұмысын он есе күшейту, сөйтіп, *бүкіл* осы жұмысты 3 жылдың тарихынан шығарылған революциялық қорытындыларды ұғындыруға, революциялық жаңа күрестің сөзсіз болатынын түсіндіруге, біздің ескі — және қазіргі күнге де әбден жарамды болып қалған ұрандарымызды — самодержавиені құлату, құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі ұрандарымызды тағы да талқыға салу кәдесіне асатындай және демократияның жаңа ұрпақтарын саяси шоғырлауды байқап көру құралына айналатындай етуге бағыттау болады.

Социал-демократ студенттердің мұндай жұмыстан ешбір жағдайда да тартынып қалуға хақы жоқ,— және бұл жұмыс қазіргі кезеңде қаншама қиын болғанымен, қайсыбір үгітшілер қайсыбір университетте, жерлестікте, жиналыста, тағы сондайларда қандай сәтсіздікке ұшырағанымен, біз былай дейміз: тоқылдата берсең — ашарсың! Саяси үгіт жұмысы еш уақытта зая кетпейді. Оның табысы ұштастырылған саяси бой көрсетуге біздің әлден-ақ және бірден көпшілікті қаратып алуы-

мызға немесе келісім алуға қол жеткізуімізге қарай ғана бағаланбайды. Мүмкін, бұған біздің қолымыз бірден жете қоймас: бірақ біз оның есесіне уақытша кездескен сәтсіздіктен қысылмай, қайта *өзінің жұмысын* тіпті ең қиын жағдайдың өзінде табанды, үздіксіз, ұстамды жүргізе беретін ұйымдасқан пролетарлық партиямыз ғой.

Санкт-Петербургтегі коалициялық студенттік советтің төменде біз жариялап отырған үндеуі студенттер қауымының тіпті ең белсенді элементтері де таза академизмге мықтап жармасып алғанын және әлі де болса кадеттік-октябристік әуенге басып жүргенін көрсетеді. Ал мұның өзі кадеттік-октябристік баспасөз күрестің нағыз қызған кезінде ереуілді зиянды, қылмысты және т. т. деп дәлелдеуге әрекеттеніп, ереуіл жөнінде нағыз зымияндық істеп отырған жағдайда осылай болып отыр. Біздің партияның Петербургтік комитетінің коалициялық советке тойтарыс беруді орынды деп тапқанын біз құптамай тура алмаймыз (қараңыз: «Партиядан»[104]).

Тегінде, қазіргі студенттердің «академиктерден» «саясатшыларға» айналуына Шварцтың қамшысы әлі жеткіліксіз тәрізді, жас кадрларды революцияшылдыққа толық үйрету үшін оған үсті-үстіне жаңаланған қаражүздік фельдфебель шаяндар әлі де керек сияқты. Бүкіл столыпиндік саясат баулып жатқан, контрреволюцияның әрбір әрекеті баулып жатқан бұл кадрлар арасында қаражүздік-октябристік Думамен жымдасып алған самодержавиеге қарсы ұлттық көлемде буржуазиялық-демократиялық жаңа жанжалдардың болатыны объективтік жағынан даусыз екенін айқын көріп отырған біздер, социал-демократтар да, талмай жұмыс жүргізуіміз керек.

Иә, солай, ұлттық көлемде, өйткені қаражүздік контрреволюция Россияны кері бұрып, революцияшыл пролетариаттың қатарынан жаңа күрескерлер шынықтырып шығаратыны өз алдына, сонымен қатар пролетарлық емес, яғни буржуазиялық демократияның жаңа қозғалысын қайткенде де тудырады (мұны, әрине, күреске *бүкіл оппозиция* қатысады деп түсінбей, бур-

жуазия мен ұсақ буржуазияның нағыз демократияшыл, яғни күреске шығуға қабілетті элементтері кеңінен қатысады деген мағынада түсіну керек). Россияда 1908 жылы студенттердің бұқаралық күресінің басталуы саяси нышан, контрреволюция тудырған бүкіл қазіргі жағдайдың нышаны. Оқушы жастар орта және ұсақ буржуазиямен, ұсақ чиновниктермен, шаруалардың, дін басыларының және т. т. белгілі бір топтарымен сан мыңдаған, миллиондаған дәнекерлер арқылы байланысты болып отыр. Егер 1908 жылдың көктемінде «Азаттық одағын»* Петр Струвені бетке ұстаған ескі кадеттік, жартылай помещиктік одақтан гөрі солшылдау етіп қайта тудыру әрекеті жасалса,— егер күзде Россиядағы демократияшыл буржуазияға неғұрлым жақын тұрған жастар бұқарасы толқи бастаса,— егер сатылғыш шимайшылар мектептердегі революцияға қарсы өршелене өшігіп, тағы да шу көтеріп отырған болса,— егер сүйкімді октябристерге қолайсыз, октябристерді, үстемдік жүргізуші октябристерді «бездіретін» мезгілсіз, қатерлі, түпке жететін стачкалар жөнінде сұрқия либерал профессорлар мен кадеттердің көсемдері зар қағып, еңіреп отырса,— демек, мұның мәнісі— оқ-дәрі қоймасына жаңадан оқ-дәрі қосыла бастағаны! демек, реакцияға қарсы реакция *тек* студенттер арасында *ғана* басталып қоймағаны.

Сондықтан бұл бастама қаншама әлсіз болса да және енді-енді басталып келе жатса да, жұмысшы табының партиясы оны пайдалануға тиіс және пайдаланады да. Біз өзіміздің революциялық ұрандарымызды әуелі үйірмелерге, бұдан кейін жұмысшылар бұқарасына, одан соң көшеге, одан кейін баррикадаларға шығарып, революция қарсаңында жылдар және ондаған жылдар бойына жұмыс істей білдік. Біз *енді* ең алдымен бүгінгі күннің міндеті болып отырған жұмысты жолға қоя білуге тиіспіз, онсыз ұштастырылған саяси бой көрсету жөніндегі әңгімелер құр әншейін бос сөзге айналып кетеді,— атап айтқанда, бұл міндет: өзінің революциялық ұрандары жолында қай жерде болса да бұқара

---

* Қараңыз: осы том, 53—57-беттер. *Ред.*

арасында *саяси үгіт* жүргізетін берік пролетарлық ұйымды жолға қою. Біздің университеттік топтарымыз да нақты осы қозғалыс негізінде студенттер арасында осындай ұйым құруды, осындай үгіт жүргізуді қолға алуға тиіс.

Пролетариат өзін күттіріп зарықтырмайды. Банкеттерде, жария одақтарда, университеттер қабырғасында, өкілдік мекемелердің трибунасынан сөйлегенде пролетариаттың бірінші орынды демократияшыл буржуазияға беріп қоюы жиі кездеседі. Ал бұқараның елеулі, ұлы революциялық күресіне келгенде ол бірінші орынды еш уақытта берген емес және бермейді де. Бұл күрестің бұрқ ете қалуына керекті жағдайлардың бәрі біздің кейбіреулеріміздің тілегеніміздей соншама тез және соншама оңай пісе қоймайды,— бірақ бұл жағдайлар пісіп келеді және қайткенде де піседі. Сондықтан кішкене академиялық жанжалдардың кішкене бастамасы үлкеннің бастамасы болып табылады, өйткені оның ізінше бүгін болмаса — ертең, ертең болмаса — бүрсігүні үлкен жалғасы болмақ.

«Пролетарий» № 36, (16) 3 октябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр.

БАЛҚАНДАҒЫ ЖӘНЕ ПЕРСИЯДАҒЫ ОҚИҒАЛАР

Соңғы кезде Балқан оқиғаларына тек Россияның саяси баспасөзі емес, сонымен қабат бүкіл Европаның саяси баспасөзі де көп көңіл бөлетін болып отыр. Біраз уақыт европалық соғыстың қатері тым таянып-ақ қалған тәрізді еді, тіпті қазірдің өзінде де — істің түбі соғысқа апарып соқпай, айқай-шумен, даурықпамен тыну мүмкіндігі әлде қайда күшейіп отырғанымен,— соғыс қаупі әлі де болса толық жойылған жоқ.

Дағдарыстың сипатын және оның орыс жұмысшы партиясына жүктейтін міндеттерін жалпы шолып өтелік.

Азия халықтарының саяси өмірге оянуына орыс-жапон соғысы мен орыс революциясы ерекше түрткі салды. Бірақ бұл оянудың бір елден екінші елге ауысуының соншалықты баяулығынан Персияда орыс контрреволюциясы шешуші роль атқаруға жуықтап қалды және қазір де солай болып отыр, ал түрік революциясы өзінің алдынан дереу Россия бастаған державалардың контрреволюциялық коалициясын кездестірді. Рас, тосыннан қарағанда, бұл соңғы пікір европалық баспасөз бен дипломатиялық мәлімдемелердің жалпы сарынына қайшы келеді: ол мәлімдемелерге құлақ қойсаң, ресмилеу газеттердегі мақалаларға сенер болсаң,— бәрі де жаңарған Түркияға «тілектестікке» толы, бәрі де Түркияда конституциялық өкіметтің нығайып, дамығанын тілейді, бәрі де буржуазиялық жас түріктердің «баяулығын» дәріптейді.

Бірақ осы сөздердің бәрі де Европаның қазіргі реакцияшыл үкіметтері мен қазіргі европалық реакцияшыл буржуазияның буржуазиялық сұрқия екі жүзділігінің үлгісі болып табылады. Өзін демократиялық ел деп атайтын европалық елдің бірде-бірі, демократияшыл, прогресшіл, либерал, радикал, тағы сондайлармыз деп аталып жүрген европалық буржуазиялық партияның бірде-бірі іс жүзінде түрік революциясына, оның жеңісіне, оның нығаюына көмектесуге шын ниеті бар екенін көрсетерлік еш нәрсе істеген жоқ. Қайта керісінше, бәрі түрік революциясының табысқа жетуінен *қорқады,* өйткені бұл табыстың, бір жағынан, Балқандағы барлық халықтардың автономияға және шын демократияға талпынуының өсуі болатыны, екінші жағынан, Персия революциясының жеңуі, Азиядағы демократиялық қозғалысқа жаңа түрткі салу, Индияда дербестік жолындағы күресті күшейту, орыс шекарасының орасан көп бойында еркін тәртіп орнату, демек, қаражүздік патша өкіметінің саясатын қиындататын және Россияда революцияның өрлеуін жеңілдететін жаңа жағдайлар жасау, тағы сондайлар болатыны сөзсіз.

Қазір Балқанда, Түркияда, Персияда болып жатқан оқиғалардың мәні Азияда өріс алып отырған демократизмге *қарсы* европалық державалардың контрреволюциялық коалиция жасауына келіп саяды. Біздің үкіметтеріміздің барлық әрекеті, европалық «ірі» газеттердің бүкіл уағызы осы фактіні бүркемелеу, жұртшылық пікірін адастыру, цивилизациясы неғұрлым төмен, демократизмге неғұрлым құлшынып отырған Азия ұлттарына қарсы Европаның цивилизациялы делінетін ұлттары жасаған *контрреволюциялық коалициясын* екіжүзділік сөздермен, дипломатиялық айлашарғымен бүркемелеу болып отыр. Ендеше, пролетариаттың қазіргі кезеңдегі саясатының бүкіл түйіні буржуазиялық екіжүзділердің бет пердесін жұлып тастау, өз еліндегі пролетарлық күрестен қорыққандықтан Азиядағы революция жөнінде жандарм ролін атқарып отырған және сондай роль атқаруға көмектесіп отырған европалық үкіметтердің реакцияшылдығын

халықтың ең қалың бұқарасы алдында әйгілеу болып табылады.

Европаның бүкіл түрік және балқан оқиғаларын шырмаған зымияндығының торы мейлінше қалың, сөйтіп болып жатқан оқиғалардың ұсақ-түйегіне, жеке мәселелеріне, жеке жақтарына назар аудартуға, бүкіл тұтас процестің мәнін көлегейлеуге тырысқан дипломаттардың қармағына тоғышар жұртшылық түсіп қала береді. Мұның керісінше, біздің міндетіміз, халықаралық социал-демократияның міндеті — халыққа оқиғалардың нақ жалпы байланысын, бүкіл болып жатқан оқиғалардың нақ негізгі бағыты мен астарын түсіндіру.

«Молырақ сыбаға алып қалуды» және өздерінің иелігіндегі жерлер мен отарларды кеңейтуді көздеген капиталистік державалардың бәсекесі,— бұдан соң Европаға тәуелді немесе оның «қамқоршылығындағы» халықтар арасындағы дербес демократиялық қозғалыстан қорқу,— бүкіл европалық саясаттың екі қозғаушысы, міне, осы. Жас түріктерді баяулығы мен ұстамдылығы үшін мадақтайды, яғни түрік революциясын оның осалдығы үшін, халықтың төменгі топтарын оятпағаны үшін, бұқараның шын дербестігін тудырмағаны үшін, оттомандар империясында басталып жатқан пролетарлық күреске оның дұшпандығы үшін мақтайды,— сөйтіп осы уақыттың өзінде Түркияны бұрынғысынша тонап жатыр. Мақтағанда Түркияның иелігіндегі жерлерді бұрынғысынша тонай беруге мүмкіндік болғаны үшін мақтайды. Жас түріктерді мақтап қояды да, шынында *Түркияны бөлісу* саясаты екені әбден айқын саясатты жүргізе береді. Бұл жөнінде жергілікті социал-демократтардың органы «Лейпциг Халық Газеті»[105] өте-мөте дұрыс және дәл айтты:

«Отан игілігінің қамын шын ойлайтын, мемлекеттік көреген адамдар 1791 жылы майда Польшада саяси реформа жүргізді. Пруссия королі мен Австрия императоры 3 майдағы конституцияны мақтады, оны «көршілес мемлекетке игілігін тигізетін» іс деп құттықтады. Париждегі қорқынышты якобиншілдерден өзгеше, поляк реформаторларының өз істеріне кіріскендегі «баяулығы» үшін оларды барлығы мадақтады... 1793 жылы 23 январьда Пруссия, Австрия және Россия Польшаны бөлісу жөніндегі шартқа қол қойды!

1908 жылы августа жас түріктер саяси реформа жасады, онысы әдеттен тыс жып-жылмағай өтті. Россиядағы қорқыншты социалистерден өзгеше, жас түріктердің іске кірiскендегі сыпайы «баяулығы» үшін оларды бүкіл әлем мадақтады... 1908 жылы октябрьде бірсыпыра оқиғалар болды, бұлардың бәрі Түркияны бөліске салуға бастап отыр».

Егер дипломаттардың *істерімен,* революцияшыл Түркияға державалардың бірлесіп қарсы шыққанымен есептеспей, біреу дипломаттардың *сөздеріне* сенбекші болса, шынында да, мұның өзі түп-тура балалық болар еді! Сыртқы істер министрлерінің, кейбір мемлекеттердің басшыларының кездесіп, келіс сөздер жүргізген фактісін бұдан кейінгі оқиғалармен салыстырып қарасақ болғаны, сонда дипломаттардың мәлімдемелеріне аңғал сенімнен дәнеңе қалмас еді. Августа және сентябрьде, жас түріктер революциясынан кейін іле-шала және Австрия мен Болгария декларацияларының дәл қарсаңында, біз Карлсбад пен Мариенбадта Извольский мырзаның король Эдуардқа, француз республикасының премьері Клемансоға жолыққанын көреміз; Австрияның сыртқы істер министрі фон-Эрентальдың Зальцбургте Италияның сыртқы істер министрі Титтониға жолыққанын, одан кейін 15 сентябрьде Бухлойда Извольскийдің Эрентальға жолыққанын, Болгария князі Фердинандтың Будапеште Франц-Иосифке жолыққанын, Извольскийдің Германияның сыртқы істер министрі фон-Шенге, бұдан кейін Титтониға және Италия короліне жолыққанын көреміз.

Бұл фактілер өзіне өзі айғақ болып тұр. *Маңызды нәрсенің бәрі* Австрия мен Болгарияның аттанысы *қарсаңында алты* держава: Россия, Австрия, Германия, Италия, Франция және Англия *арасында* мүлде жасырын және тікелей корольдер мен министрлердің жүзбе-жүз кездескен кезінде-ақ келісіліп алынған болатын. Бұдай *кейін* Италия, Германия және Россия Босния мен Герцеговинаны Австрияның аннексиялауына (қосып алуына) келісім беріпті деп Эрентальдың айтқаны рас па әлде бекер ме деп газеттердің қырқыса бастағаны,— мұның бәрі *шылғи комедия, шылғи көз алдау* болды, бұған тек либерал филистерлер ғана ереді.

Европа мемлекеттерінің сыртқы саясатын жүргізушілер, Извольскийлер, Эрентальдар және министрлерімен қоса тәж киіп, тақта отырған қарақшылардың бүкіл осы бандасы әдейі көз алдау үшін баспасөзге сүйек тастап: кімді кім алдады, кімді кім қорлады,— Австрия Россияны ма, Болгария Австрияны ма және т. т., Берлин трактатын[106] «алдымен» бұза бастаған кім, державалардың конференциясы деген жоспарға кім қалай қарайды десіп, тағы сондайларды айтып, қырқыса беріңдер мырзалар, тілектерің оң болсын деседі. Жұртшылық пікірін осынау бір қызықты әрі маңызды — не дегеніңіз! төтенше маңызды! — мәселелермен айналдыра беріңдер, тілегендерің оң болсын деседі. *Басты және негізгі* мәселені бүркеп тастау үшін: түпкі мәселеде, яғни жас түріктер революциясына қарсы шығу жөнінде, Түркияны бөліске салуда былайғы жерде істелетін әрекеттер жөнінде, түрлі желеумен Дарданелл туралы мәселені қайта қарау жөнінде, орыстың каражүздік патшасына Персия революциясын тұншықтыруға рұқсат ету жөнінде алдын ала жасасып қойған келісімді бүркемелеу үшін бізге керегі де дәл осы деседі. Барлық істің түйіні міне осында, бізге, бүкіл Европаның реакцияшыл буржуазиясының көсемдеріне, шын керегі және біздің істеп отырғанымыз міне осы деседі. Ал баспасөз бен парламенттердегі либерал әумесерлер мәселе неден басталды, кім не айтты және отарлық тонаушылық, демократиялық қозғалыстарды тұншықтыру саясаты қандай желеумен біржолата ресімделіп, қол қойылып, бүкіл әлемге көрсетілуге тиіс десіп мылжыңдаса берсін.

Қазіргі кезеңде анағұрлым «тоқ» Австриядан басқа, барлық европалық ірі державалардың либерал баспасөзі қазір *өз* үкіметін *өзінің* ұлттық мүдделерін жеткілікті қорғамайды деп айыптаумен шұғылданып отыр. Әр елдің либералдары өз елін және өз үкіметін ең икемсіздер, жағдайды ең аз «пайдаланғандар», алданғандар және т. с. деп көрсетеді. Австрияның табыстарын «қызғанамыз» (дәлме-дәл Милюков мырзаның айтқан сөзі) дегенді әлдеқашан-ақ айтуға дейін батылы барған біздегі кадеттер де нақ осындай саясат жүргізуде.

Жалпы алғанда либерал буржуазияның бүкіл осы саясаты және соның ішінде, әсіресе біздегі кадеттердің саясаты барып тұрған жексұрын екіжүзділік, прогресс пен бостандықтың шын мүдделеріне барып тұрған сұрқия опасыздық жасау болып табылады. Өйткені мұндай саясат, біріншіден, реакцияшыл үкіметтердің заговорын жасырып, халық бұқарасының демократиялық санасын қараңғылайды; екіншіден, бұл саясат әрбір елді белсенді сыртқы саясат деп аталатын жолға түсуге итермелейді, яғни державалардың отарлық тонаушылық жүйесін және Балқан түбегіндегі істерге әрқашан да реакцияшылдық болған араласу жүйесін мақұлдайды; үшіншіден, «біз» қанша аламыз, үлескенде «бізге» қанша тиеді, «біз» не ұтып қалар екенбіз деп халықтарды қызықтырып, бұл саясат турадан-тура реакцияның қол шоқпары болып келеді. Реакцияшыл үкіметтерге дәл қазіргі кезеңде бәрінен де гөрі керек болып отырған нәрсе — өздерінің басқыншылығын немесе «компенсация» талаптарын және т. с. құптатуды көздеп «жұртшылық пікірін» бетке ұстау. Қараңдар әне, тегі, елімнің баспасөзі мені тым қайырымдысың, ұлттық мүдделерді жете қорғамайсың, көнгішсің деп кінәлап жатыр, ол соғыспен қорқытады, демек, менің талаптарым ең «жұпыны және әділ» талаптар ретінде түгелімен қанағаттандырылуға тиіс! — деседі.

Европалық либерал буржуалардың саясаты сияқты, орыс кадеттерінің саясаты да — реакциялық үкіметтер алдында құлдық ұру, отарлық басқыншылықты, тонаушылықты және бөтеннің ісіне қол сұғуды жақтау саясаты. Кадеттердің саясаты өте-мөте зиянды болатын себебі, бұл саясат «оппозиция» жалауын бетке ұстап жүргізілуде, сөйтіп осының салдарынан ол өте және өте көп адамдарды шатастырады, орыс үкіметіне сенбейтіндерді сендіреді, бұқараның санасын аздырады. Сондықтан самодержавиенің реакциялық саясаты мен кадеттердің екіжүзділік оппозициясы арасындағы *байланысты Дума трибунасынан да,* листоктарда *да,* жиналыстарда да түсіндіріп отырмайынша, балқан оқиғалары жөнінде социал-демократиялық насихат пен үгіт жүргізу ісінде бір қадам да елеулі алға басуға болмай-

тынын біздің Думадағы депутаттарымыз да, біздің барлық партия ұйымдарымыз да есте ұстауға тиіс. Кадеттік сыртқы саясаттың *мәні де сондай* зиянды және реакцияшыл екенін түсіндірмейінше, патша саясатының бүкіл зияндылығын, бүкіл реакцияшылдығын халыққа түсіндіру мүмкін емес. Кадеттердің сөзуарлығымен, бүкпешілдігімен, ымдасып-жымдасуымен және қыбын таба білушілігімен күреспейінше, сыртқы саясаттағы шовинизммен және қаражүздікпен күресу мүмкін емес.

Либерал буржуазияның көзқарасына еріп кетушілік социалистерді неге апарып ұрындыратынының бір мысалы мынадай. Оппортунистердің белгілі органы «Sozialistische Monatshefte»-де («Социалистік —???— Әрайлық»)[107] Макс Шиппель Балқандағы дағдарыс жөнінде былай деп жазды: «Жақында Берлиндегі біздің орталық органда (яғни «Vorwärts-те») тағы да айтылған пікір, атап айтқанда Балқандағы қазіргі төңкерістерден де, болашақ төңкерістерден де Германияға еш нәрсе іздеудің қажеті жоқ деген пікір басымдық алса, партияның саналы мүшелерінің бәрі дерлік мұны қате деп есептеген болар еді. Бізге территориялар басып алуға тырысудың керегі жоқ, бұл түсінікті... Бірақ Европаның, бүкіл Азияның және Африканың бір бөлігінің арасын жалғастырушы маңызды буын болып табылатын осы аймақта державалардың ірілеуіп қайтадан топтасуының біздің халықаралық жағдайымызға мейлінше тікелей салқыны тиерінде күмән жоқ... Орыс реакцияшыл алыбының азды-көпті шешуші маңызы деген әзірше мүлде қала тұрады... Россияны... 50-жылдардың демократиясы дұшпан деп есептеген болса, біздің оны барлық жағдайда және қалай дегенмен де дұшпан деп білуге негізіміз жоқ» (S. 1319).

Өзін социалистің бет пердесімен бүркемелейтін бұл ақымақ либерал Россияның «славян туысқандарға» «қамқорлығының» аржағында реакцияшыл айла-әрекетінің жатқанын көрмеген! «Біз» (неміс буржуазиясы атынан), «біздің» жағдай және т. с. дей отырып, бұл либерал жас түріктер революциясына берілген соққы-

ны да, Россияның Персия революциясына қарсы жасап отырған әрекеттерін де байқамаған!

Осы келтірілген сөздер 22 октябрьде шыққан журналда басылған. 18 (5) октябрьде «Новое Время»[108] «Тавризде анархия адам айтқысыз мөлшерде етек алды», бұл қаланы «тағы революционерлер жартылай қиратып, тонап кетіпті» деп, зәре ұшырарлық мақала жариялады. Көріп отырсыздар, Тавризде революцияның шах әскерлерін жеңгені орыс ресми органының дереу зығырданын қайнатты. Революцияшыл парсы әскерінің көсемі Саттар-хан бұл мақалада «адербейджан Пугачеві» деп аталады (Адербейджан немесе Азербейджан — Персияның солтүстік провинциясы; ол провинцияның басты қаласы — Тавриз; Рекльдің есебінше, бұл провинцияның халқы бүкіл Персия халқының $^1/_5$ бөлігі дерлік). «Персия шекарасындағы миллиондық саудамызды күйзелтетін осы масқараның бәріне Россия шексіз төзе бере ала ма?... деген сұрақ туады,— деп жазды «Новое Время».— Бүкіл шығыс Закавказье мен Адербейджан этнографиялық жағынан біртұтас екенін ұмытпаған жөн... Закавказьедегі шала интеллигент татарлар өздерінің Россияның қол астында екенін ұмытып, Тавриздегі бүлікке қызу тілектестік көрсетуде және оған өздерінің еріктілерін жіберуде... бізбен жапсарлас Адербейджанды тыныштандыру бізге әлдеқайда маңыздырақ. Қанша қынжыларлық болғанымен, еш нәрсеге қаншама араласқысы келмей отырса да, жағдай бұл істі өз қолына алуға Россияны мәжбүр етуі мүмкін».

20 октябрьде Петербургтен немістің «Франкфурт Газетіне» телеграф арқылы хабар берілді, онда «есесін толтыру» үшін Россияның Адербейджанды оккупациялап алуы көзделеді делінген. 24 (11) октябрьде сол газет Тавризден алынған мынадай телеграмманы жариялады: *«Осыдан үш күн бұрын орыс жаяу әскерінің алты батальоны тиісінше атты әскерімен және артиллериясымен Персия шекарасынан өтті, олар бүгін Тавризде болмақшы»*.

М. Шиппель либералдық және полициялық баспасөздің сендіріп, *шулап* келгенін құл сияқты қайталап, Россияның реакцияшыл алып ретіндегі маңызы келмес-

ке кеткен және Россияға қалай дегенмен де дұшпан деп қарау — қателік деп, неміс жұмысшыларына айтқан күні, дәл осы күні, орыс әскерлері Персия шекарасынан өткен!

Қанды балақ Николайдың әскерлері Персия революционерлерін тағы да соққыға жықпақшы. Ресми түрде жіберілмеген Ляховтың соңынан іле-шала Адербейджанды ресми оккупациялау және 1849 жылы Россияның Европада істегенін Азияда қайталау кезегі келіп отыр, ол кезде I Николай венгер революциясына қарсы әскер жіберген болатын. Біздің заманымызда барлық буржуазиялық демократтардың істеп отырғанындай, бостандық туралы екіжүзділікпен мылжыңдап қана қоймай, ол кезде Европадағы буржуазиялық партиялар арасында бостандық үшін күресу қолынан келетін нағыз демократия болған еді. Ол кезде Россияның, ең болмағанда, кейбір европалық елдерге қарсы европалық жандарм ролін атқаруына тура келген еді. Қазір Европаның ірі державаларының *бәрі,* соның ішінде «қызыл» Клемансоның «демократияшыл» республикасы, өз үйлерінде демократияны ұлғайтудың қандайы болса да пролетариатқа пайда келтіреді деп өлердей қорқып, Россияның азиялық жандарм ролін атқаруына *көмектесуде.*

Россияның, Австрияның, Германияның, Италияның, Францияның және Англияның *сентябрьдегі реакциялық заговорында* Россияның Персия революциясына қарсы «еркін қимылдауы» *көзделгеніне* иненің жасуындай да шек келтіруге болмайды. Бұл көп жылдар өткен соң тарихи материалдар жинағында басылып шығатын құпия бір документте жазылды ма, әлде мұны Извольский өзінің аса құрметті әріптестеріне тек айтып қана қойды ма, әлде осы әріптестердің өзі: біз, міне, «оккупациядан» «аннексияға» көшкелі отырмыз, ал сіздер, мүмкін, Ляховтан «оккупацияға» көшерсіздер деген «сыңай» білдірді ме, әлде бұдан да басқаша бірдеңе болды ма,— мұның бәрінің мүлде маңызы жоқ. Мұндағы мәнді нәрсе — державалардың сентябрьдегі контрреволюциялық заговоры қаншама аз қалыптасса да, бұл *заговор факт болып отыр* және күн санап оның

маңызы барған сайын айқындала түсіп келеді. Бұл — пролетариатқа қарсы, демократияға қарсы жасалған заговор. Бұл — Азиядағы революцияны тікелей тұншықтыруды немесе бұл революцияға жанамалай соққы беруді көздеген заговор. Бұл — бүгін Балқанда, ертең Персияда, бүрсігүні, мүмкін, Кіші Азияда, Египетте және т. т. және т. б. отаршылдық тонауды және территориялар жаулап алуды жүргізе беруді көздеген заговор.

Тәж киген қарақшылар мен халықаралық капиталдың бұл біріккен күшін құлату пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік революциясының бір өзінің ғана қолынан келеді. Барлық социалистік партиялардың көкейтесті міндеті бұқара арасында үгітті күшейту, барлық елдердің дипломаттарының қулық-сұмдығын әйгілеп, бет пердесін жұлу, сөйтіп *барлық одақтас державалардың,* жандарм міндетін тікелей атқаратындарының да, сол жандармның сыбайластарының, достарының, финансистерінің де, барлығының бірдей сұрқиялық роліне айғақ фактілердің бәрін мейлінше айқын, көзге көрсетіп беру болып табылады.

Думадағы орыс социал-демократиялық депутаттарына,— онда Извольскийдің мәлімдемесі де және кадеттік-октябристік сұрау қойылуы да болмақшы,— қазір өте-мөте ауыр, сонымен қатар өте-мөте биік, ұлы міндет жүктеліп отыр. Бұлар ең басты реакцияшыл державаның, контрреволюцияның басты заговоршысының саясатын бүркемелейтін мекеменің мүшелері болып отыр, сондықтан олар *бүкіл шындықты айтар* шеберлік әрі жүректілік көрсете білуге тиіс. Қазіргідегідей кезеңде қаражүздік Думаның социал-демократ депутаттарына берілген мүмкіндік те көп, сонымен бірге оларға қойылатын талап та зор. Өйткені Думада патша өкіметіне қарсы октябристік-*кадеттік емес* көзқарас тұрғысынан үн көтерерлік солардан басқа *ешкім* жоқ. Ал кадеттік «наразылық» мұндай уақытта және мұндай жағдайларда жоқтан да жаман, өйткені бұл наразылық тек *сол* капиталистік қасқырлар тобының өз ортасынан дәл сол қасқырлық саясатты көздеген наразылық болады.

Біздің думалық және басқа да барлық партия ұйымдарымыз жұмысты қолға алатын болсын. Бұқара арасындағы үгіттің маңызы қазір жайшылық уақыттағыдан жүз есе маңызды болып отыр. Мұның өзінде біздің бүкіл партиялық үгітімізде үш жағдайды бірінші кезекке қоюымыз керек. Біріншіден, қаражүздіктерден бастап, кадеттерге дейін қоса есептегенде, бүкіл реакцияшыл және либералдық баспасөзге қарама-қарсы, социал-демократия державалардың конференциясының, келісімінің, Австрияға қарсы Англиямен немесе Германияға қарсы Австриямен одақтасуының, немесе қандай да болса басқа түрде одақтасуының дипломатиялық ойынының бет пердесін жұлып, әшкерелейді. Біздің ісіміз — державалардың реакцияшыл заговорының *факт* екенін, оның әлден-ақ жасалып қойғанын, үкіметтердің оны барлық күшін салып, неғұрлым ашық келіс сөз жүргізу комедиясымен бүркемелеуге тырысып отырғанын ашып көрсету. Дипломаттық комедияларға қарсы шығып, халыққа шындықты түсіндіріп берейік, пролетариатқа қарсы халықаралық реакцияны әшкерелейік! Екіншіден, біз осы заговордың, сөз жүзіндегі емес, нақты жемістері мен нәтижелерін: түрік революциясына соққы берілгенін — Персиядағы революцияны тұншықтыруға Россияның көмектескенін — бөтеннің ісіне қол сұғуды және демократияның, ұлттардың өзін өзі билеу правосының негізгі принциптерін бұзушылықты анықтап беруге тиістіміз. Дүние жүзінің барлық социал-демократтарының программасы сияқты, біздің программамыз осы правоны қорғайды. Сондықтан, бір жағынан, австриялықтардың, екінші жағынан, орыс қаражүздіктерінің «славян-туысқандарға» қамқоршылық дегендерінен жаман реакцияшылдық нәрсе жоқ. Бұл «қамқоршылық» барып тұрған зұлымдық қастандықтарды бүркемелейді, бұл жағынан Балқанда Россия әлдеқашаннан атышулы болған. Бұл «қамқоршылық» Балқандағы не ол елде, не бұл елде *шын* демократизмге қастандық жасалуына қашан да сая береді. Державалардың Балқан елдеріне жасайтын жалғыз ғана, тек жалғыз ғана адал «қамқоршылығы» болуы мүмкін: олар өзімен-өзі болсын деу, шетелдің қол сұғуымен олардың

тіршілігінің шырқын бұзбау, түрік революциясына бөгет жасамау болуға тиіс. Бірақ, жұмысшы табы мұндай саясатты буржуазиядан, әрине, күте алмайды!

Буржуазиялық партиялардың бәрі — ең либерал және «демократияшыл» деп аталатындарына дейін, соның ішінде біздегі кадеттерге дейін—капиталистік сыртқы саясат көзқарасы жағында. Міне, бұл — социал-демократия ерекше күш сала атап көрсетуге тиісті үшінші жағдай. Либералдар мен конституциялық-демократиялық партия шындығында капиталистік ұлттардың сол баяғы бір жарысын жақтайды, тек осы жарыстың қаражүздіктер қолданған формасынан басқаша формасын баса көрсетеді, тек қазір үкімет арқа сүйеп отырған халықаралық келісімдерден гөрі басқаша келісімдер жасалуын ғана тілейді. Және де буржуазиялық сыртқы саясаттың бір түріне қарсы, дәл сол саясаттың екінші түрін жақтаған осы либералдық күрес, үкіметке өзгелерден қалып қойдың (тонаушылық және қол сұғушылық ісінде!) деп осы либералдық жазғыру бұқараны аздыруға өте күшті әсер етеді. Отарлық саясат атаулы жойылсын, бөтеннің жерін басып алуды көздеген, бөтен халықты жаулап алуды, жаңа артықшылықтар алуды, жаңа рыноктар, бұғаздар және т. с. алуды көздеген қол сұғушылық саясат пен капиталистік күрес атаулы жойылсын! «Бейбіт және әділетті» капиталистік прогресс деген қисынсыз мещандық утопияға социал-демократия қосылмайды. Жарық дүниеде бейбітшілік пен бостандықты қорғайтын халықаралық революцияшыл пролетариаттан басқа ешкім жоқ екенін біле отырып, социал-демократия бүкіл капиталистік қоғамға қарсы күресіп келеді.

P. S. Бұл мақала баспаға берілген соң, газеттерде орыс әскерлері Персия шекарасынан өтті деген хабарды теріске шығарған *Петербург телеграф агенттігінің* телеграммасы басылды. Бұл телеграмма *«Frankfurter Zeitung»*-те 24. X., таңертеңгі екінші басылымда жарияланды. *3-басылымда* 24. X. *кешкі* 10 сағат 50 минутта Константинопольдан алынған телеграмма бар. Бұл телеграммада орыс әскерлерінің Персия шекарасынан

өткені 24. X. кешқұрым Константинопольда мәлім болды делінген. Шетелдік баспасөз, *социалистік баспасөзден басқасы,* орыс әскерлерінің Персияға баса-көктеп кіргені туралы әзірше үндемей отыр.

Қорытынды: әзірге біз бүкіл шындықты толық біле алмаймыз. Қалай дегенмен де патша үкіметі мен *СПБ. телеграф агенттігінің* «теріске шығаруына» ешбір сенуге болмайды. Державалармен келісіп алған соң. Россияның қастандық тіміскілеуден бастап әскер жіберуге дейінгі барлық шараларды қолданып, Персия революциясына қарсы күрес жүргізіп отырғаны факт. Оның Азербейджанды оккупациялап алуды көздеген саясат жүргізіп отырғаны да күмәнсыз. Егер әскерлер әлі шекарадан өтпеген болса, онда бұған керекті шараның бәрі, сірә, қолданылған болуға тиіс: жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды.

«Пролетарий» № 37,
(29) 16 октябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ МӘЖІЛІСІ [109]

Жаңаша 11 октябрьдегі жексенбіде Брюссельде Халықаралық социалистік бюроның Штутгарт конгресінен кейінгі бірінші мәжілісі болды. Әр түрлі социалистік партиялар өкілдерінің съезі мұның өзінде социалистік журналистер мен парламентарийлердің конференцияларына қолайлы кезең ретінде таңдап алынған еді. Бірінші конференция Бюро жиналысының қарсаңында болды, екінші конференция жиналыстан соң келесі күні болды, оның бер жағында екі конференцияның да құрамында Бюроның құрамынан ешқандай дерлік айырмашылық болмағандығын атап өту қажет: Бюро мүшелерінің көпшілігі әрі журналистер, әрі парламентарийлер болды. Тек 12 октябрьдегі дүйсенбіде бельгиялық бірнеше социалист-депутаттар ғана конференцияның құрамын толықтырды.

Журналистердің конференциясы сенбіде күндізгі сағат 3-те болды. Әр түрлі социалистік партиялардың мерзімді органдары арасындағы қатынастарды жолға қойып, дамыту туралы мәселе талқыланды. Бельгиялықтар өз партиясының мүшелері ішінен белгілі бір (көбінше) мәселелер бойынша басқа партиялардың органдарына мәліметтер беруге дайын тілшілердің тізімін жасады. Дәл осындай тізімдерді басқа партиялар да жасайтын болсын деген тілек білдірілді, оның бер жағында тілшінің қандай тілді білетінін көрсету қажеттігі айтылды. Социалист-революционерлер партиясы (француз тіліндегі «Русская Трибуна») мен социал-

демократиялық партияның (неміс тіліндегі) шетелдік бюллетеньдері біздің шетелдік жолдастарға ерекше пайдалы басылымдар [110] деп атап айтылды. Сонымен қатар, әр түрлі социалистік партиялар немесе бір партия ішінде түрліше ағымдар бар болып отырған елдер үшін тілшілер тізімінде олардың қай партияға және т. с. жататындығының көрсетілуі қажет деп табылды. Шетелде тұратын орыс социал-демократтарының шетелдік социалистік органдарға хат-хабар жеткізу ісін неғұрлым дұрыс жолға қою үшін осы халықаралық конференцияны пайдаланып қалуы керек еді.

Конференция былай деп шешім қабылдады: Халықаралық социалистік бюро күнделікті социалистік газеттері жоқ ұлттармен жүйелі түрде (Интернационалдың ресми үш тілінің бірінде, немесе осы үш тілдің үшеуінде де: француз, неміс, ағылшын тілдерінде) бюллетеньдер шығару мәселесі жөнінде хат алысатын болады. Содан соң Бюро әр түрлі елдердің күнделікті социалистік газеттерінің редакцияларынан мұндай бюллетеньдерді дұрыс алып тұру үшін өздерінің қандай сома төлеуге риза екендігін сұрастырады.

Біздің партияның Орталық Комитетінің Шетелдік бюросының [111] бұл шешімге ерекше көңіл бөлгені жөн. Біздің шетелдік жолдастарға россиялық социал-демократия туралы мағлұмат беріп тұру ісі тіпті де қанағаттанарлық емес, сондықтан бұл істі реттеу туралы, шетелде үш тілде *партиялық* бюллетень шығару туралы мәселені дереу тыңғылықты талқылап, мұндай жоспарды практикада жүзеге асыруға керекті мүмкіншіліктің бәрін істеу керек еді.

Одан соң, Бюроның секретары К. Гюисманстің: Берлиндегі, Венадағы, Париждегі, Брюссельдегі және т. т. социалистік газеттердің редакциялары арасында телефон және телеграф арқылы қатынас жасап тұрушы халықаралық бюро құру бастамасын партиялық күнделікті 70 органы бар герман социал-демократтары өз міндетіне алсын деген ұсынысы талқыланды. Неміс делегаттары бұл жоспарды дереу жүзеге асыру мүмкін емес, бірақ олар таяуда Германияда Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық ин-

формациялық бюросы құрылды, сондықтан кезі келгенде, бұл іс нығайып, жолға қойылған кезде, осы бюроны халықаралық бюроға айналдыруды ойластыруға болады деді. Конференция бұл уәдені қабылдады, сөйтіп Халықаралық социалистік бюроның мәжілісін алдағы уақытта да әр түрлі елдердің социалист- журналистерінің конференцияларымен бірге өткізу туралы шешім қабылдады да, мәжіліс осымен жабылды.

Кешқұрым «Maison du Peuple» *-де халықаралық митинг болды, онда австриялық, неміс, ағылшын, түрік және болгар делегаттары сөз сөйледі — олардың сөздерінің тақырыбы ең алдымен халықаралық жанжалдар және барлық елдердің социалистік пролетариатының бейбітшілікті сақтау жолындағы күресі болды. Митинг бір ауыздан мынадай мазмұнда қарар қабылдаумен аяқталды: «10 октябрьде (жаңаша) «Maison du Peuple»-де өткен халықаралық митинг бүкіл дүние жүзілік пролетариаттың ұлттар арасында бейбітшілікті қорғау жөнінде, халықтардың бәрін күйзелтуші және езуші капиталистік милитаризмге қарсы барынша күш сала күресу жөніндегі батыл шешімін тағы да мақұлдайды. Митинг Халықаралық социалистік конгрестің Штутгартта осы мәселе жөнінде қабылдаған шешімін жұмысшы Интернационалының әр түрлі ұлттық бөлімдері толық қолданатын болады деген сенім білдіреді». Жиналыс «Интернационалды» айтумен тарады.

Келесі күн түгелімен Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне арналды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе — ағылшын «Жұмысшы партиясын» (Labour Party) [112] қатыстыру туралы мәселе — түске дейінгі мәжілісті түгел алды. Істің мәнісі мынада еді: Интернационалдың уставы бойынша оған, біріншіден, тап күресін мойындайтын социалистік партиялар, және, екіншіден, тап күресі көзқарасында тұрған жұмысшы ұйымдары (яғни кәсіпшілік одақтары) мүше бола алады. Ағылшын қауымдар палатасында таяуда құрылған «Жұмысшы партиясы» өзін социалистік партия деп анық атамайды және тап күресі принципін батыл және

* — «Халық үйінде». *Ред.*

нақты мойындамайды (жақша ішінде айта кетейік, ағылшын социал-демократтары бұл партиядан осы принципті талап етеді). Алайда бұл «Жұмысшы партиясының» жалпы алғанда Интернационалға және жеке алғанда Штутгарттағы социалистік конгреске қатыстырылғаны өзінен-өзі түсінікті, өйткені істің мәнісіне келгенде бұл партия — Интернационал уставының 1 және 2-пунктінде айтылған екі типтің арасында тұрған, өзін ағылшын тред-юниондарының саяси өкілі ретінде көрсетіп отырған аралас типті ұйым болып табылады. Солай бола тұрса да, бұл партияны қатыстыру туралы мәселе көтерілді, көтерілгенде мұны Интернационалдың британиялық секциясының қосымша екі секциясының бірі болып табылатын «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» (Independent Labour Party, ағылшындардың айтуынша Ай-Эл-Пи) деп аталатын ұйым арқылы оның өзі көтерді. Қосымша секцияның екіншісі — «Социал-демократиялық федерация».

«Тәуелсіз жұмысшы партиясы» Интернационалға «Жұмысшы партиясы» кіреді деп *тікелей* мойындауды талап етті. Оның делегаты Брус Глейзиер (Bruce Glazier) социализмге қарай барған сайын айқын аяқ басып келе жатқан жүздеген мың ұйымдасқан жұмысшылардың парламентте мұндай өкілдігі болуының орасан зор маңызы бар екендігін барынша жақтады. Принциптер, формулалар, катехизистер туралы ол тым менсінбегендік тұрғыдан сөйледі. Каутский оған жауап беріп, социализмнің принциптері мен түпкі мақсатын мұндай менсінбей бағалағанына өзінің қосылмайтынын айтты, бірақ іс жүзінде тап күресін жүргізіп отырған партия ретінде «Жұмысшы партиясын» қатыстыруды бүтіндей жақтап шықты. Каутский мынадай мазмұнды қарар ұсынды:

«Халықаралық конгрестердің пролетарлық тап күресі негізінде тұрған және саяси күресті мойындайтын барлық ұйымдарды қатыстыруға рұқсат ететін бұрынғы шешімдерін ескере отырып, Халықаралық бюро ағылшын «Жұмысшы партиясы» халықаралық социалистік конгрестерге қатыстырылады, өйткені ол пролетариаттың тап күресін тікелей (ausdrücklich) мойындамаға-

нымен, солай бола тұрса да, іс жүзінде тап күресін жүргізіп, буржуазиялық партиялардан тәуелсіз, өз ұйымы арқылы пролетариаттың тап күресі негізіне тұрып келеді деп жариялайды». Австриялықтар, француздардан Вальян және, дауыс беруден көрінгеніндей, ұсақ ұлттардың көпшілігі Каутский жағында болды. Бұған ең алдымен ағылшын «Социал-демократиялық федерациясының» өкілі Гайндман қарсы шықты, ол «Жұмысшы партиясы» тап күресі мен социализм принципін тікелей мойындағанға дейін мәселені бұрынғы қалпында қалдыруды талап етті,— бұдан кейін Руссель (француздардың екінші әйел-делегаты, гедист), социалист-революционерлер партиясынан Рубанович, болгар социалистерінің революцияшыл фракциясынан делегат Аврамов қарсы шықты.

Каутский қарарының бірінші бөліміне қосылу үшін мен де сөз алып сөйледім. Конгрестер бұдан бұрын жалпы алғанда тред-юниондардың бәрін, олардың тіпті өз өкілдігін буржуазиялық парламентарийлерге беріп жібергендерін де қатыстырғандықтан, «Жұмысшы партиясын», яғни тред-юниондардың парламенттегі өкілін қатыстырудан бас тарту мүмкін емес. Бірақ Каутский қарарының екінші бөлімі дұрыс емес дедім мен, өйткені *іс жүзінде* «Жұмысшы партиясы» либералдардан шын тәуелсіз партия емес және ол толығынан дербес таптық саясат жүргізбейді. Сондықтан мен мынадай түзету енгізуді ұсындым: қарардың аяғында, «өйткені» деген сөзден бастап былай деу керек —

«өйткені ол («Жұмысшы партиясы») Англияның шын пролетарлық ұйымдарының саналы таптық саясатқа қарай және *социалистік* жұмысшы партиясына қарай жасап отырған бірінші қадамы болып табылады». Бұл түзетуді мен Бюроға ұсындым. Каутский менің түзетуімді қабылдамады, ол өзінің келесі сөзінде алдағыны «күту» негізінде Халықаралық бюро шешімдер қабылдай алмайды деді. Бірақ негізгі күрес Каутскийдің бүкіл қарарын тұтас күйінде жақтаушылар мен бұған қарсылардың арасында болды. Дауысқа қойғанда Адлер бұл қарарды екіге бөлуді ұсынды, сөйтіп Халықаралық бюро оның екі бөлегін де: бірінші

бөлегін 1 дауыс қалыс қалып, 3 дауыс қарсы болып, екіншісін — 1 дауыс қалыс қалып, 4 дауыс қарсы болып қабылдады. Сонымен, Каутскийдің қарары Бюроның шешімі болып шықты. Екі рет дауысқа қойылғанда да Рубанович қалыс қалды. Бұған қоса Виктор Адлердің менен кейін және Каутскийдің екінші сөзіне дейін сөйлеп, маған былай деп қарсы шыққандығын айта кетейін: — мәжілістер туралы неғұрлым толық және неғұрлым дәл есептер берген бельгиялық социалистік орган «Le Peuple»-нің есебі бойынша цитат келтіремін,—«Лениннің ұсынысы қызығарлық (séduisante, Адлер: verlockend, қызықтыратын, деді) ұсыныс, бірақ ол бізді «Жұмысшы партиясының» буржуазиялық партиялардан тысқары тұрған фактісін ұмытуға мәжбүр ете алмайды. Оның мұны қалай істегендігі туралы пікір айту біздің ісіміз емес. Прогрестің факт екенін мойындаймыз».

Талдау жасалып отырған мәселе бойынша Халықаралық бюрода болған жарыс сөз осындай. Өзімнің ұстаған позициямды «Пролетарийдің» оқушыларына түсіндіру үшін мен енді осы жарыс сөзге толығырақ тоқталамын. В. Адлер мен К. Каутскийдің дәлелдері мені иландырған жоқ, сондықтан мен олардың дәлелдерін теріс деп санаймын. Өзінің қарарында «Жұмысшы партиясы» «пролетариаттың тап күресін тікелей мойындамайды» деу арқылы Каутский, сөз жоқ, «Жұмысшы партиясының» саясаты қазір қандай және оның қандай болуға тиіс екендігі жөнінде біраз «күтушілікті», біраз «пікірді» айтып салды. Бірақ Каутский мұны *жанамалап* айтты, және, оның бер жағында, бұл айтуынан, біріншіден, мәні жағынан теріс, екіншіден, Каутскийдің *пікірін* теріс пайымдауға сылтау беретіндей пайымдау келіп шықты. Англиядағы «Жұмысшы партиясының» *парламентте* (сайлауларда емес! өзінің бүкіл саясатында емес! өзінің насихаты мен үгітінде емес!) буржуазиялық партиялардан бөлектенуі арқылы социализмге қарай және пролетариаттың бұқаралық ұйымдарының таптық саясатына қарай алғашқы қадам жасап отырғандығы даусыз. Бұл «күтушілік» емес, бұл факт. Мұның өзі, атап айтқанда, біз Интернационалға

тред-юниондарды қабылдағандықтан, оған «Жұмысшы партиясын» да қабылдауға мәжбүр ететің факт. Ақырында, нақ осындай тұжырым Интернационалдың шешімдерін сөзсіз қадірлейтін, бірақ әлі толық социалист бола қоймаған жүздеген мың ағылшын жұмысшыларын оларды не себепті тек *бірінші* қадам ғана жасады деп танитыны жөнінде және бұл жолдағы *бұдан былайғы* қадамдарының қандай болуы керек екені жөнінде тағы да ойлануға мәжбүр еткен болар еді. Менің тұжырымымда Интернационал ұлттық жұмысшы қозғалысының нақты және егжей-тегжейлі мәселелерін шешуді қолына алсын, бұдан былай дәл қашан және нақ қандай қадамдар жасау қажет екендігін анықтауды қолына алсын деген талаптың нышаны да жоқ. Ал тап күресінің принципін тікелей және анық түрде қабылдамай отырған партия жөнінде бұдан былай жалпы қадамдар жасалуы керектігін мойындамасқа болмайды. Каутский мұны өзінің қарарында тікелей мойындаудың орнына, жанамалап мойындады. Сонда «Жұмысшы партиясының» *іс жүзінде* дәйекті тап күресін жүргізетіндігі жөнінде Интернационал кепілдік беретін сияқты болып шықты, *өзінің барлық іс-әрекеті жөнінен* буржуазиядан тәуелсіз болу үшін жұмысшы ұйымының парламентте жеке жұмысшы тобы болып бөлініп шыққаны жеткілікті сияқты болып шықты!

Гайндман, Руссель, Рубанович және Аврамовтың бұл мәселе жөнінде бұдан да гөрі теріс позицияда болғандығы күмәнсыз (Рубанович қарардың екі бөлімін де дауысқа салғанда өзінің қалыс қалуы арқылы бұл позицияны түзеткен жоқ, қайта шатастырып жіберді). Аврамовтың «Жұмысшы партиясын» қатыстыру оппортунизмді көтермелегендік болып табылады дегені барып тұрған теріс пікір еді. Тым болмаса Энгельстің Зоргеге жазған хаттарын еске түсірсек те болады. Сектанттыққа бой ұрып, тред-юниондардың саналы болмаса да, қуатты таптық түйсігіне қосыла білмей, марксизмді «іске басшылық етудің»[113] орнына, оны «догмаға» айналдырып, Гайндман бастаған ағылшын социал-демократтары қателік жасап отырғандығын Энгельс бірнеше жылдар бойы табандылықпен көрсетіп келді.

Пролетариат бұқарасының саяси саналылығы мен таптық дербестігінің өсуін бөгейтін объективтік жағдайлар болып отырғанда, өз принциптерімізден кейін шегінбей, сонымен қатар пролетариат бұқарасының *қалың тобы* арасында жұмыс істеуден бас тартпай, олармен шыдамдылықпен, ұстамдылықпен қоян-қолтық жұмыс істей білу керек. Энгельстің үйреткен бұл сабақтары оқиғалардың бұдан былайғы барысында дәлелденді, томаға-тұйық, аристократ, өзімшіл-мещан, социализмге қас ағылшын тред-юниондары, министрлік орынға бола буржуазияға сатылып, жұмысшы табына тікелей опасыздық етушілердің (оңбаған Джон Бернс сияқты) бірнешеуін шығарған ағылшын тред-юниондары,— соған қарамастан социализмге *жақындай* бастаған кезде, ебдейсіз, дәйексіз, бұралаң жолмен болса да, солай бола тұрса да социализмге жақындай бастаған кезде дәлелденді. Қазір Англияда жұмысшы табы арасында социализмнің тез өсіп келе жатқанын, бұл елде социализмнің *тағы да* бұқаралық қозғалыс бола бастағанын, Великобританияда әлеуметтік революцияның төніп келе жатқанын,— міне мұны тек соқыр адамдардың ғана көрмеуі мүмкін.

Егер Интернационал Англиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының алға басқан бұл орасан зор қадамына өзінің толық тілектес екенін, капитализмнің туған жерінде басталған ұлы бетбұрысты өзінің қолдайтындығын тура және батыл айтпаған болса, онда ол сөзсіз қателік жасаған болар еді. Бірақ бұдан «Жұмысшы партиясын» қазірдің өзінде-ақ іс жүзінде буржуазиядан тәуелсіз, таптық күрес жүргізіп отырған, социалистік және т. с. партия деп тануға болады деген қорытынды ешбір шықпайды. Ағылшын «Социал-демократиялық федерациясының» күмәнсыз бір қатесін түзету керек болды, бірақ «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» деп аталатын партияны басқарушы ағылшын оппортунистерінің *басқа, күмәнсыз, маңызы жағынан кем түспейтін* қателерін қолдағандық белгісінің тіпті нышанын да білдірмеу керек еді. Бұл басшылардың оппортунистер екендігі талассыз. I. L. P.-ның (Ай-Эл-Пи) көсемі Р. Макдональд тіпті Штутгартта Интернационал уставы-

ның екінші пунктін өзгертіп, жұмысшы одақтарының Интернационалға өтуі үшін тап күресін мойындаудың орнына адал ниетті (bona fides) болуын ғана талап ету керек деп ұсынды. Брус Глэйзиердің сөздеріндегі оппортунистік әуенді Каутскийдің өзі бірден ұстап алып, одан *өзінің Бюродағы сөзінде* бойын аулақ салды, бірақ, амал не, өзінің қарарында мұны істей алмады. Бюродағы сөз аз ғана адамдар үшін айтылды, ал қарар миллиондар үшін жазылған.

Менің алдымда Халықаралық бюро мәжілістері туралы пікірлер жазылған ағылшын социализмінің екі бағытының газеттері жатыр. «Тәуелсіз (hм! hм!) жұмысшы партиясының» органы «Labour Leader»[114] қуанышы қойнына сыймай, ондаған мың ағылшын жұмысшыларына *турадан-тура былай дейді:* Халықаралық социалистік бюро «Жұмысшы партиясын» танып қана қойған жоқ (бұл рас және бұлай істеу қажет те еді), сонымен қатар «I. L. P.-ның *саясатын да мойындады»* («Labour Leader», Oct. 16, 1908, p. 665). Бұл бекер. Бюро мұны мойындаған *емес.* Бұл Каутскийдің қарарындағы кішкентай ебдейсіздікті оппортунистік тұрғыдан заңсыз түсіндіру болып табылады. Кішкентай ебдейсіздік біршама үлкен жемісін бере бастады. Оның үстіне бұл арада нашар аудармалар септігін тигізіп отыр: итальяндар: аудармашылар — опасыздар (tradut-tori — tradittori) деп текке айтпайды. Бюро қарарларының ресми үш тілдегі ресми аудармасы әлі шыққан жоқ, олардың қашан шығатыны да белгісіз. Каутскийде: «Жұмысшы партиясы» «тап күресінің негізіне тұра бастады» (қарардың аяғы; түпнұсқада: sich... auf seinen, d. h. des Klassenkampfs, Boden stell), ал ағылшын *социал-демократтарының* аудармасында: «халықаралық социализм негізіне тұра бастады» делінген;— ағылшын *оппортунистерінің* (I. L. P.) аудармасында: *«халықаралық социализмнің позициясын қабылдап отыр»* (бұл да сонда) делінген. Үгіт жұмысындағы мұндай қатесымақтарды енді ағылшын жұмысшылары алдында түзетіп көріңізші!

Мен Брус Глейзиерді қарарды бұрмалады деп айыптайын деген ойдан аулақпын. Оның бұрмалауды ойла-

мағанына мен сенемін. Тіпті бұл онша маңызды да емес. Маңыздысы — Каутский қарарының нақ *екінші* бөлімінің *рухын* практикалық бұқаралық жұмыста пайдалану. «Labour Leader»-дің дәл сол бетінде «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» басқа бір мүшесі Бюроның мәжілісі мен Брюссельдегі митингіден өзінің алған әсерін жаза келіп, былай дейді: митингте «социализмнің идеалдық және этикалық жағын баса көрсету байқалмады дерлік»,— мұндай жағы бізде, I. L. P.-нің митингтерінде, қашан да баса көрсетіледі,— сөйтіп *«мұның орнына»* (in its stead) *«таптық соғыс туралы нәрсіз және ешбір шабытсыз* (barren and uninspiring) *догма»* басым болды.

Каутский ағылшындар туралы өзінің қарарын жазған кезде, оның көз алдында ағылшын «тәуелсізі» тұрған жоқ, неміс социал-демократы тұрды...

Ағылшын социал-демократтарының органы «Justice» «қоржынның екі басын ыңғайлы етуге бола принциптерді лақтырып тастап отырған» Бюро көпшілігіне қарсы Гайндманның ащы сөздерін басып шығарған. Гайндман былай деп жазады: «Егер Бюро тарапынан «Жұмысшы партиясына» тура ультиматум қойылған болса, онда ол дереу бағынған болар еді және халықаралық социализмнің бағытымен сәйкесуге ұйғарған болар еді; бұл жөнінде мен ешбір күмәнданбаймын». Ал енді дәл сол номердегі басқа бір мақалада «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» *іс жүзінде* өз мүшелерінің бір бөлегін «либерализмнің де, «Тәуелсіз жұмысшы партиясының»» да (liberal-labout alliance) *шатасқан* туы астында өткізгендігін және кейбір «тәуелсіздерді» *либерал министр Джон Бернс қолдағандығын* дәлелдейтін *фактілер* келтірілген (Justice», 17 Oct. 1908, p. 4 et 7).

Жоқ, егер Гайндман өзі хабарлап отырған жоспарды жүзеге асыратын болса, атап айтқанда: бұл мәселені Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресте (1910 ж.) қайта көтеретін болса, онда РСДРП Каутскийдің қарарын түзеттіруге күш салуға тиіс.

Күн тәртібінің екінші пункті буржуазиялық үкіметтердің саясаты туғызайын деп отырған халықаралық және отарлық соқтығыстарға қарсы әр түрлі елдердің пролетариаты мен социалистерінің жалпы бірігіп бой көрсетулері туралы мәселе болды. Вальян қарар ұсынды, ол болмашы түзетулермен қабылданды. Жарыс сөзде австриялық делегаттар өздерінің партиясы делегацияларда Франц-Иосифтің саясатына ресми түрде қарсы шығатындығын және социалистердің барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындайтынын қолдайтындығын айтты. Бірақ, Франц-Иосифтің саясатына қарсы шыға отырып, сонымен қатар біз — деді австриялықтар — Абдул-Гамидтың немесе VII Эдуардтың саясатына да қарсымыз. Біздің ісіміз — үкіметтің өз әрекетінің салдары үшін жауапкершілікті оның өз мойнына жүктеу. Ағылшындар австриялық социал-демократтар тарапынан өз үкіметіне қарсы неғұрлым айқын мәлімдемелер жасалсын деген тілек білдірді, бірақ австриялықтар жоғарыда көрсетілгеннен әріге бармады. Болгар социалистерінің («ықшамды», яғни революцияшыл социал-демократтардың; Болгарияда мұнан басқа «кең», яғни оппортунистік социал-демократтар да бар) делегаты Аврамов Балқандағы мемлекеттердің өздеріндегі империалистік буржуазия туралы айта кетуді талап етті, бірақ мұндай түзету қабылданбады. Болгарияның тәуелсіздігін жариялау туралы мәселе жөнінде — деп мәлімдеді Аврамов — болгар социалистері жұмысшы табының көзқарасы тұрғысынан қарағанда мұндай жариялауды зиянды авантюра деп есептеп, буржуазиялық партияларға батыл қарсы шықты. Брус Глейзиер халықаралық демонстрациялар ұйымдастыру қажеттігін корсетуді қарарға енгізу керек деп ұсынды, бірақ бұл тілекті Бюро арқылы жеке ұлттық партияларға хабарлау ұйғарылды. Ван-Коль (Голландия социал-демократиясынан делегат) державалардың Берлин трактатын бұзушылығына қарсы наразылық білдіруді енгізу керек деп ұсынды, бірақ дауысқа қояр алдында бұл ұсынысын өзі қайтып алды: буржуазиялық мемлекеттердің трактаттарын арнайы

қорғау социалистердің ісі емес деп көрсетілді. Халықаралық бюро қабылдаған қарардың тексті мынадай:

«Ең алдымен, ағылшын және неміс социалистері өздерінің бейбітшілікті жақтаған манифестациялары арқылы, француз социалистері Марокко экспедициясына қарсы өздерінің үгіті арқылы, даниялық социалистер өздерінің қарусызлануды жақтаған ұсынысы арқылы Интернационалдың шешімдеріне сәйкес әрекет жасағандығын атап көрсете келіп,

одан әрі мыналарды:

соғыс қаупі қалып отырғандығын, капиталистік империализм Англияда және Германияда қастандық әрекетін жалғастырып отырғандығын, Марокко экспедициясы мен авантюрасы тоқталмағандығын, патша өкіметі ең алдымен жаңа заемдар іздестіріп, орыс революциясына қарсы күресінде өзі ығайып алу үшін жағдайды шатастыруға тырысатындығын, Балқан түбегінде шетелдік державалардың қол сұғуы және олардың құлқынқұмарлық ниеттері ұлттық және діни қызбалықты басқа уақыттағының бәрінен де гөрі қатты қоздыра түсетіндігін, ең соңғы кезде Болгарияның тәуелсіздігін жариялау және әсіресе Босния мен Герцеговинаны Австрияға қосу соғыс қаупін күшейте түскендігін және бұл қауіпті неғұрлым жақындатып отырғандығын, ақырында, барлық жерде үкіметтердің заговорлары, олардың үсті-үстіне қарулануы, соғыс құмар топтар мен капиталистік бәсеке және отарларды тонаушылық бейбітшілікке қауіп төндіріп отырғандығын еске ала келіп,—

социалистік партия мен ұйымдасқан пролетариат халықаралық бейбітшілікті сақтай алатын бірден-бір күш болып табылатындығын және бейбітшілікті қорғауды олар өздерінің борышы деп санайтындығын Халықаралық социалистік бюро тағы да бір рет атап көрсетеді.

Бюро барлық елдердің социалистік партияларын, Штутгартта болған халықаралық конгрестің қарарына сәйкес, барлық күшті осы көрсетілген бағытта сарқа пайдалана отырып, өзінің қырағылығын, өзінің қызметін күшейтуге шақырады, сөйтіп партиялардың орталық комитеттері мен басқармаларына, олардың парламенттік фракцияларына, олардың Бюродағы делегаттарына Халықаралық социалистік бюроның секретариатымен бірге, белгілі бір нақты жағдайларға сәйкес, соғысты болдырмауға және бейбітшілікті сақтауға бәрінен де көбірек көмектесе алатын ұлттық, сондай-ақ интернационалдық құралдар мен практикалық шараларды іздестіріп табуды ұсынады».

Күн тәртібінің үшінші пункті Халықаралық социалистік бюроны жылына екі рет ұдайы шақырып тұру туралы британ секциясының ұсынысы болды. Бұл мәселе жөнінде міндетті қарар қабылданған жоқ. Бұл жөнін-

де тек тілек қана білдірілді. Сірә, орасан көпшілігі, әрине, төтенше жағдайларда болмаса, жылына бір реттен жиі жиналуды (осы уақытқа дейінгідей) қажет деп санамайтын болуы керек.

Күн тәртібінің төртінші пункті Бюроның қажетін өтеуге әрбір партияның қосатын жарнасының мөлшерін өзгерту туралы Бюроның ұсынысы болды. Осыған дейін Бюроның номиналдық кірісі жылына 14 950 франк (6000 сомға жуық) болып келді; бұл сома 26 800 франкке дейін немесе, әдеттегі берешегін шығарып тастап, жинақтап есептегенде 20 000 франкке (8000 сом) дейін өсірілсін деп ұсынылды. Бұл үшін әрбір партия Халықаралық социалистік съездерде өзіне тиісті әрбір дауысқа жылына 100 франктен жарна төлеуге тиіс болар еді. Россияның 20 дауысы бар, демек, 2000 франк төлеуге тиіс болады, соның ішінде 700 франкті — социалист-революционерлер, 1000 франкті — социал-демократтар және 300 франкті — кәсіпшілік одақтары төлейтін болады. Осыған дейін Россия жылына 1500 франк төлеп келді, соның ішінде біз (социалист-революционерлер партиясымен келісім бойынша) 900 франк төлеп келдік. Бұл мәселе бойынша да міндетті қаулы қабылданған жоқ. Бюроға ұлттық партиялармен байланыс жасау тапсырылды және әрбір дауысқа төленетін жарна жылына 100 франктен болсын деген тілек білдірілді.

Бесінші пункт дауыс санын өзгертуге қатысты болды: Швеция үшін — 12 дауысқа дейін көбейтілді — және Венгрия үшін — жалпы дауыс санын көбейту кейінге қалдырылып, Кроатия үшін 2 дауыс қосылды. Сонымен қатар түрік секциясы құрылмай жатып, түрік секциясының армяндық қосымша секциясы қатыстырылатын болды — Түркиядағы армян социалистері түріктерді «күтуден» бас тартады-мыс дегенді дәлел етті,— оның бер жағында бұл қосымша секцияға 4 дауыс берілді. Түркиядағы армян социализмінің жағдайын білетін өз жолдастарымыз — армян социал-демократтарының бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін білдіргені дұрыс болар еді.

Күн тәртібінің алтыншы пункті Чилидегі социал-

демократиялық партияны қабылдауға қатысты болды. Бұл партия Чилидегі демократиялық партия жікке бөлінгеннен кейін құрылды. Чили социал-демократтары да жарыс сөзсіз қабылданды.

Күн тәртібінің жетінші пункті Россиядағы сионист-социалистер [115] туралы мәселеге қатысты болды. Жұртқа мәлім, олар өздерін Интернационалдың орыс секциясының социал-демократиялық қосымша секциясына қабылдау туралы Штутгарт съезінің қарсаңында біздің партияның Орталық Комитетіне ұсыныс жасаған болатын. Бұлар өздерін «сионист-социалистер» деп атаса да, біздің Орталық Комитет социал-демократтардың қатарына *сионистерді* қабылдауға қарсы дәлелді қарар қабылдап, олардың бұл ұсынысын қабылдамай тастаған болатын. Сионист-социалистердің өкілі Штутгартқа келді, Штутгартта біздің қосымша секция оны қабылдаудан бас тартты, ал социалист-революционерлер қалыс қалды. Демек, устав бойынша Интернационалдың жаңа мүшелері тек ұлттық секциялардың келісімімен ғана қабылданатын болғандықтан (оның бер жағында ұлттық қосымша екі секция келісе алмаған жағдайда мәселені біржолата Халықаралық бюро шешеді), сионист-социалистер ретті жолмен съезге қатыса алмайтын болды. Олар Бюроға шағым берді: Бюро сол сәтте-ақ сионист-социалистердің өкілі съезге *кеңесші* дауыспен қатыстырылсын деген ымырашылдық шешім қабылдады. Енді осы жасалған шатақ жағдайды: сионист-социалистер Интернационалдың мүшесі ме, жоқ па? деген мәселені шешуге тура келді. В. Адлер, Штутгартта қарсы болғаны сияқты, сионист-социалистерге үзілді-кесілді қарсы шықты: ол сионист-социалистердің келуге мүмкіндігіміз жоқ деп телеграмма жіберіп, мәселені кейінге қалдыруды сұраған тілегін қабылдамады. Келмей қалу — деді В. Адлер — кейде қорғанудың ең жақсы бір тәсілі болып табылады. Біздің Орталық Комитеттің шешімін тағы бір рет еске салу үшін және орыс қосымша екі секциясының еркіне қарсы сионист-социалистерді қатыстыру Интернационалдың уставын өрескел бұзғандық болатынын көрсету үшін мен сөз алып сөйледім. Рубанович пен «Серптің» өкілі (Серп=

Еврей социалистік жұмысшы партиясы [116], мұны Штутгартта эсерлер өздерінің қосымша секциясына қабылдаған) Житловский сионист-социалистерді қатыстырмауға қарсы наразылық білдіріп, қызу сөйледі, *алайда,* мұның өзінде Рубанович социалист-революционерлер *партиясының* бұл мәселе жөнінде *қалыс қалудан* өзге шешімін хабарлай *алмады,* ал Житловский сионист-социалистердің сөзсіз шығарылатындығын көрген кезде ашықтан-ашық *өзін өзі қорғады,* ол егер сионист-социалистер территорияшылдар болса, онда біз де, «Серп» те, территорияшылдар болып табыламыз деп, адам күлерліктей қызбалықпен дәлелдемек болды. Әлбетте, бұдан сионист-социалистерді қабылдау керек деген қорытынды шыққан жоқ, қайта «Серпті» қабылдауға Интернационалда эсерлерден басқа кімнің болса да келісе қоюы екі талай деген ғана қорытынды шықты. Мен екінші рет сөз алып сөйлеп, Рубановичтің тәсіліне: өз қосымша секциясының сионистерді жақтаған шешімін бермей отырып, сионистерді *бөтен* қосымша секцияға апарып таңуды көздеген тәсіліне үзілді-кесілді қарсы шықтым. Мұның нәтижесінде Бюро бір ауыздан (екі адам: Рубанович пен Вальян қалыс қалып) Адлердің қарарын қабылдады, онда былай делінген:

«Бюро сионистерді (кеңесші дауыспен) қатыстыру тек Штутгарт конгресінің мәжілістері жөнінде ғана жасалған нәрсе екенін, сионистер қазіргі уақытта Халықаралық бюроға қосылған жоқ екенін атап көрсетеді, сөйтіп кезекті істерге көшеді».

Күн тәртібінің сегізінші және соңғы пункті Халықаралық бюродағы француз социалистері делегациясының айрықша құрамын жарыс сөзсіз дерлік бекіту болды. Францияның бір делегаты болып Гед тағайындалды, ал Францияның Бюродағы екінші дауысы екі делегатқа, Вальян мен Жорес екеуіне бірге берілді.

Бюроның мәжілісі түрік революциясына тілектестік білдіру жөнінде бельгиялық делегат де-Брукер ұсынған мынадай қарарды бір ауыздан қабылдаумен аяқталды:

«Державалардың көмегімен Түркияда Абдул-Гамид осыншама ұзақ уақыт ұстап келген жексұрын режимнің құлағанын Халықаралық социалистік бюро қуанышпен құттықтайды,— Түр-

кия империясының халықтары үшін өз тағдырына өзі қожалық ету мүмкіндігінің ашыла бастағанын және дүниеге келе бастаған пролетариатқа өзінің таптық күресін бүкіл дүние жүзі пролетариатымен тығыз ынтымақтасып жүргізуіне мүмкіндік әперетін саяси бостандық режимінің енгізілуін құттықтайды».

---

12 октябрьдегі дүйсенбіде парламент аралық конференцияның мәжілісі болды. Күн тәртібінде үш пункт болды: 1) соңғы парламенттік сессия; 2) отарлық реформалар (Ван-Кольдің баяндамасы) және 3) парламент аралық одақ ішіндегі социалистердің бейбітшілікті жақтау жолындағы қызметі туралы (бельгиялық депутат Ляфонтеннің баяндамасы),— содан соң төрт мәселе: а) құрылыс жұмысшыларына ақы төлеу шарттары (кәсіпкерлер банкрот болған жағдайда); б) хат арқылы дауыс беру; в) парламенттік топтар мүшелерінің және олардың секретарьларының жаңа тізімдері және г) документтерді жіберу.

Күн тәртібінің бірінші пункті жөнінде, Пернерстордердің ұсынысы бойынша, Штутгарт конгресінің: парламенттік фракциялардың секретарьлары Халықаралық социалистік бюроға фракциялардың *жазбаша есептерін* табыс етуге шақырылады деген шешімін мақұлдаумен шектелді. Көрсетілген «мәселелердің» соңғы екеуі бойынша қысқаша пікір алысу да дәл осындай еске салумен бітті. Алғашқы екі «мәселе» бойынша кейбір социалистік депутаттардың қолында бар осы жайлы материалдар мен жорамалдар қысқаша атап өтілді. Ляфонтеннің баяндамасы, баяндамашының ұсынысы бойынша, кейінге қалдырылды. Бұл жөнінде австриялықтар мен немістер социалистердің бейбітшілікті жақтап буржуазиялық парламенттік конференцияларға қатысуына өздерінің қарсы екендігін айтты. Швед делегаты Брантинг швед социал-демократтарының мұндай конференцияларға қатысуын ақтайтын ерекше жағдайлар бар-мыс дегенді сылтауратты. Соның ұсынысы бойынша, Бюроның келесі мәжілісімен бір мезгілде өтетін келесі парламент аралық конференцияның күн тәртібіне жұмысшыларды мемлекеттік қамсыздандыру туралы мәселе енгізілді.

Күн тәртібінің қысқаша баяндама жасалып, жарыс сөзге шығып сөйлеуге татырлық бірден-бір пункті отарлық реформалар туралы мәселе болды. Штутгартта отарлық мәселе жөніндегі өзінің оппортунистік қарарымен аты шыққан голландиялық делегат Ван-Коль өзінің баяндамасында социал-демократияның «ұнамды» отарлық программасы туралы өзінің ұнататын идеясымағын біршама басқаша тұрғыдан әкеп өткізіп жіберуге тырысты. Социал-демократияның отарлық саясатқа қарсы күресін, отарлық тонаушылыққа қарсы бұқара арасындағы үгітті, отарлардағы езілген бұқара арасында тойтарыс беру және қарсылық көрсету рухының оянып келе жатқандығын мүлде былай қоя тұрып, Ван-Коль өзінің барлық назарын қазіргі тәртіптер тұсында отарлық тұрмыста мүмкін боларлық «реформаларды» тізіп айтуға аударды. Адал ниетті чиновник ретінде, ол жер меншігінен бастап, мектептерге дейін, өнеркәсіпті көтермелеу, түрмелер және т. с. жөніндегі барынша әр алуан түрлі мәселелерді тізіп айтып шықты, мұның өзінде неғұрлым практикашыл болу қажеттігін, мәселен, жалпыға бірдей сайлау правосын жабайы адамдарға барлық уақытта бірдей қолдана беруге болмайтындығымен санасу қажеттігін, отарларда түрмелердің орнына міндетті жұмыстар және т. т. және т. т. енгізу қажеттігіне кейде келіспеске болмайтындығын баса көрсетті. Бүкіл баяндама пролетарлық тап күресі рухында болмай, қайта барып тұрған ұсақ буржуазиялық, тіпті одан да жаман, чиновниктік, реформаторшылдық рухта болды. Қорытындысында социал-демократияның отар жөніндегі программасын дайындау үшін отарлары бар ең басты бес елден комиссия сайлау ұсынылды.

Немістерден Молькенбур және кейбір бельгиялықтар біртұтас жалпы программа керек пе, мұның өзі шаблонға салушылық және т. т. болып кетпей ме деп, жеке мәселелер туралы Ван-Кольмен таласса да, соның жолымен жүрмек болды. Мәселенің бұлайша қойылуы Ван-Кольге тек пайдалы еді, өйткені ол істің бәрін тура «практикаға» әкеп тіреп, «практика жүзінде» алауыздық штутгартта байқалғанынан гөрі аз деп дәлелдемек

болды. Бірақ Каутский мен Ледебур мәселені принциптік тұрғыдан қойып, Ван-Кольдің бүкіл позициясының негізгі жалғандығын жазғырды. Ван-Коль жалпыға бірдей сайлау правосын тым болмаса жеке жағдайларда да қолдануға болмайды деп санайды,— деді Каутский,— демек, ол отарлардағы деспотизммен қайткенде де келіседі, өйткені ол басқа ешбір сайлау системасын ұсынбайды және ұсына да алмайды. Ван-Коль міндетті жұмыстардың болуына қарсы емес,— деді Ледебур,— демек, ол отарларда құлдықты сақтау үшін мың түрлі сылтауларды пайдаланып жүрген буржуазиялық саясатқа есік ашып отыр. Ван-Коль өте-мөте табанды, бірақ өте-мөте нашар қорғанды; ол, мәселен, кейде заттай міндеткерліксіз болмайды, «мұны мен Явада өз көзіммен көрдім», папуастар дауыс берудің не екенін де білмейді, олардың сайлауларында кейде істі тікелей діни сенім немесе тура ром ішкізіп мас қылу және т. с. шешеді деп дәлелдемек болды. Каутский мен Ледебур мұндай дәлелдерді келемеж етті, олар біздің жалпы демократиялық программаны отарларға да қолдануға сөзсіз болатындығын, капитализмге қарсы күресті отарлардың өзінде де бірінші кезекке қою қажеттігін жақтады. Біздің «білімді» католиктердің діни сенімінің жабайы адамдардың діни сенімінен артық болғаны ма?— деп сұрады Ледебур. Егер парламенттік және өкілдік мекемелерді барлық уақытта бірдей қолдануға болмайтын болса, деді Каутский, онда демократизмді барлық уақытта да қолдануға болады, демократизмнен шегінудің қандайына болса да қарсы күресу қашан да міндетті нәрсе. Бұл жарыс сөздердің нәтижесінде революциялық және оппортунистік социал-демократияның бағыты толық айқын көрінді, сөйтіп, Ван-Коль ұсынысының «бірден іске алғысыз болып қалатыны» сөзсіз екендігін аңғарған соң, оны қайтып алды.

«Пролетарий» № 37,
(29) 16 октябрь, 1908 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ДОЛДАНҒАН П. МАСЛОВ

П. Маслов «Голос Социал-Демократаның» 8—9-номерінде «Редакцияға хат» бастырыпты, бұл хатты долылық демей, басқаша атауға болмайды. Шынында да, автордың менің стилімді иеромонах Илиодордың стиліне теңеп, мені масқаралағаны былай тұрсын, тіпті оның үстіне *бұдан 14 жыл бұрын* болған қайдағы бір *әңгімені* қоқсытқаны долылық емей не? Мұның өзі оқушыға қалжың болып көрінер, бірақ бұл факт. ««Капиталдың» III томы шықпастан бұрын,— деп жазады П. Маслов,— Ленин менің қолжазбаммен танысты, мұнда пайданың бөлінуі туралы мәселенің шешімі III томдағымен бірдей болатын, ал Ленин профессор Скворцовтың бұл мәселені мүлде қисынсыз шешкенін мен дұрыс емес деп есептеймін деп мәлімдеді». Ойлап көріңіздерші: III том шықпастан *бұрын,* яғни *1894 жылдан бұрын!* Бұдан *он төрт жыл бұрын* болды-мыс деген қайдағы бір әңгіме туралы және өзінің басылмаған қолжазбалары туралы есте қалғандарының дәлдігіне таласу үшін менің аса құрметті оппонентімнің не балаша аңғал болуы керек, не долылық қысқан күйде болуы керек. Маслов жолдас, одан да сол қолжазбаңызды бастырып шығарсаңыз қайтеді? Энгельстің бүкіл дүние жүзіне ұсынған есебін III том шықпастан *бұрын* Маслов, тек Масловтың бір өзі шешкен еді деп дәлелдеу қандай тиімді болар еді! Рас, біраз кешіректеу сияқты болар еді... Бірақ ештен кеш жақсы. Шындығында да, Маслов өзінің есте қал-

ғандарына сүйеніп, өзін өзі мақтауды бекерден-бекерге көздеді деп ойлауға болмайды.

Демек, Маслов мақала жазған газеттің редакциясы Масловтың Маркске жасаған түзетуін әлі мақтамаған екен, сондықтан Маслов бұдан он төрт жыл бұрын өзінің (іштей) істеген ісі үшін өзін өзі мақтауға бел байлаған... Демек, мен (егер Маслов жолдастың есте сақтағыштығының керемет күшіне сенетін болсақ) бұдан 14 жыл бұрын, «Капиталдың» III томы шықпастан бұрын, қателік жасаппын да, ол қателерімді басып шығармаппын; ал Маслов «Капиталдың» III томы шыққан соң 7 жыл және 14 жыл өткенде қателік жасаған және сол қателерін бастырып шығарып та отыр. Сірә, Масловтың долданғаны, мүмкін, сондайлық әдейі істелмеген де болар. Осыдан дәл 5 жыл бұрын Плехановтың алдында Мартов долылығын көрсетіп, мұнысымен Плехановты большевиктерден меньшевиктер жағына қашып шығуға мәжбүр еткен-ді. Плеханов пен К⁰ редакциялап отырған газеттен оның байбаламын оқыған соң, Плеханов Маркстің рента теориясын жақтаушылар қатарынан Масловтың рента теориясын жақтаушылар қатарына қашып шығады деп П. Маслов үміттеніп отырған жоқ па екен? Мұның өзі өте қызық болар еді. Ал әзірге бұлай болмай тұрғанда, менің мақаламды «түгелдей үзіп-жұлып құрастырылған нәрсе және көрінеу теріс» деп Масловтың айыптағаны жөніндегі істің жайы қандай екенін қарастырып көрейік.

Шынында да «түгелдей ме», Маслов жолдас?

Кәне, сіздің дәлелдеріңіздің бәрін алып қарайық.

«Ленин былай деп жазады: «Маркстің айтуынша, абсолюттік рента егіншілік капиталы құрылымының төмендігінен туады деу дұрыс емес. Абсолюттік рента жерге жеке меншіктің арқасында туады. Осы жеке меншік айрықша монополияны туғызады»*».

Бұл арада Маслов *менің* «монополияны» деген сөзбен бітпейтін және аяғында *IV томның* («Қосымша құн теориялары») *белгілі бір бетіне* сілтеме жасайтын *сөйлемімді үзіп тастайды.* Бұл Маслов тарапынан үзіп-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 298-бет. *Ред.*

жұлу емес, атамаңыз, олай емес! Бұл бөтен біреудің баяндауын тек «түзету» ғана...

«Мұны Ленин жазып отыр,— деп жалғастырады П. Маслов.— Ал Маркс былай деп жазады: «Егерде егіншілік капиталының орташа құрылымы қоғамдық орта капиталдың құрылымындай немесе одан жоғары болса, онда абсолюттік рента — тағы да сол жаңа ғана жоғарыда зерттелген мағынада — болмаған болар еді; яғни дифференциалдық рентадан да, сондай-ақ өзіндік монополиялық бағаға негізделген рентадан да өзгеше рента болмаған болар еді» («Капитал», III т., орысша аудармасының 631-беті [117]). Маркстi кімнің дұрысырақ баяндап отырғанына оқушы төрелігін айта берсін»» (бұдан әрі П. Масловтың жадында берік сақталғанындай, өзімен жеке әңгімелескенде менің пайда заңы жөнінде бұдан 14 жыл бұрын жасаған қателігім туралы ескертпе бар).

Бұл арада «үзіп-жұлу және көріне өтірік айту» кімнің тарапынан болып отырғанына төрелік айтуды мен де оқушыға беремін. Аса құрметті Маслов *менің сөйлемімді Маркске сілтеме жасаған жерімнің алдынан үзіп тастайды да,* маған басқа бір үзіндіні келтіріп отыр! Бұл қандай дәлел болмақ сонда? Маслов Маркстің «алғашқы нұсқаларының» қайшылығын тағы да әшкерелеген жоқ па екен (Масловтың 1906 жылы, яғни тіпті «Қосымша құн теориялары» шыққаннан кейін де соның өзі ашқан Маркстің қателерін: III том — «алғашқы нобайлар» болғандықтан деп түсіндіруге батылы барғандығын мен оқушының есіне саламын)? Мұнысы абсолюттік рентаны *біресе* жерге жеке меншіктен, *біресе* егіншіліктегі капиталдың құрылымы төмендігінен шығарғанда Маркс мәселенің бас-аяғын ұштастыра алмады деп дәлелдегені емес пе екен?

Жоқ, бұл Масловтың тағы да шіміріқпестен шатастырып отырғанын ғана дәлелдейді. Маркстен абсолюттік рентаны жерге жеке меншіктен әкеп шығарған ондаған сөйлем табуға болады және оны егіншілік капиталы құрылымының төмендігінен әкеп шығаратын да ондаған сөйлем табуға болады. Ал мұның себебі ап-айқын, өйткені өз баяндауының тиісті жерлерінде

осы екі шартты Маркс алға тартады — дәл солай, Марксті баяндай отырып, осы *екі* шартты *мен де алға тарттым:* мақаламның Маслов цитат алған дәл сол абзацында мен егіншілік капиталы *құрылымының төмендігі туралы да* айтамын! (Қараңыз: «Пролетарий» № 33, 3-бет, 2—3-бағана *). Маслов маған қарсы дау айтқанда III томның 45-тарауынан, абсолюттік рента туралы тараудан цитат келтіреді. Маслов цитатты түпнұсқаның 298-бетінен алады. Ал 287-бетінде, *яғни алдыңғы жағында,* Маркс: дифференциалдық рентаны жерді меншіктену «туғызбайды» (дифференциалдық рента капитализм тұсында жерді меншіктену *болмаса да* сөзсіз болады), ал абсолюттік рентаны жерді меншіктену туғызады дейді. «Рентаны жерді меншіктенудің өзі туғызды»,— деп жазады Маркс курсивпен (III, 2, 287).

287-беттен алынған цитат 298-беттен алынған цитатқа қайшы келе ме? деген сұрақ туады. Ешбір қайшы келмейді. Жерге жеке меншіктің болуы рентаны (нақ абсолюттік рентаны) *туғызатынын* анықтап алған соң, Маркс бұл рентаның не жай ғана монополия, тек қана монополия, таза монополия болатынын, немесе құрылымы жағынан төмен (егіншілік) және анағұрлым жоғары (өнеркәсіп) капиталдардың *пайдасы теңелуіне* монополияның кедергі жасайтындығының *нәтижесі* болатындығын анықтауға көшеді.

Демек, Плеханов пен К° редакциялап отырған газетте Маслов марксизмді өзінің сорақы бұрмалағанын қайталады. Демек, Маслов бұл арада да — тек мұны тура айтпай — абсолюттік рентаның болуы мүмкін емес, Маркстің теориясы қате, ал абсолюттік рентаны теріске шығаратын буржуазиялық саяси экономияның теориясы ақиқат дегенді жақтайды.

«Аграрлық мәселеде» айтылған және менің цитатымда келтірілген нәрсені неге тура айтпасқа? Бұл «үзіп-жұлу және көріне өтірік емес пе?» Бұл сонда не? «Аграрлық мәселеде» Маркстің пікірі дұрыс емес, абсолюттік рентаның болуы мүмкін емес делінген-ді, ал

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 297—299-беттер. *Ред.*

Плеханов пен К^0 редакциялап отырған газетте *бұл туралы тіс жармаған,* Маркстi кімнің *дұрысырақ* баяндайтындығы туралы ғана айтылған!!! Демек, біз Маслов екеуміз «Маркстi кімнің дұрысырақ баяндайтындығы» туралы ғана таласқан болып шыққанымыз ғой, ал мен болсам, Маслов абсолюттік рентаны мүлде шығарып тастап, Маркстің «алғашқы нобайларын» «түзеткен» болды-мыс дегенде, өтірік айтқаным ғой!? Ұялсаң етті, Маслов жолдас!

«Одан әрі. «Петр Маслов,— деп жазады Ленин,— Маркстің дифференциалдық рентасын да түсінбеген... Арендатордың өз учаскесінде жаңадан жұмсаған капиталы оған әрі жаңа пайда, әрі *жаңа рента* (курсив Лениндікі) бергенде, бұл рентаны жер иеленуші алмайды, арендатор алады»*. Ленин бұл жөнінде «надан» Масловқа, әрине, тиісті ақыл береді. «Аграрлық мәселенің» I томын алайық, оның 112-бетінен мынаны оқимыз: «Егер жаңадан 500 сом жұмсалуы себепті шаруашылықты интенсивтендіру сондай мөлшерде өнім беретін болса, онда арендатор енді 25 процент емес, 100 процент пайда алады, өйткені капиталды алғашқы жұмсағанында ол 333 сом рента төлейді... Егер ол алғашқы капиталдарды жұмсағанда орта пайдаға риза болған болса..., онда оған арендалық жер көлемін азайтып, жаңа капиталдарды бұрынғы жерге жұмсау тиімдірек, өйткені ол капиталдар пайданың үстіне артық пайда келтіреді, арендаторға да рента береді». Ал маған ұрсу үшін Ленинге өтірік айту керек болды».

Кімнің өтірік айтқанын көрейік. Мұны түсіну үшін мен жазып алған, Маслов келтіріп отырған үзіндідегі *көп нүктеге* көңіл аудару керек. Өйткені Масловтың бұл жөнінде айтқанының бәрін мен толық көшіріп алғанмын да. Көп нүкте *қысқартуларды* көрсетеді. Ал Маслов өзінің бірінші томының 112-бетіндегі өзінің *Маркске* қарсы айтқан *дәл сол* жерін және 112-бетіндегі *курсивпен* басылған жерін *қысқартқан!* Бұл масқара нәрсе, бірақ факт. Менің «Пролетарийдегі» мақаламда Масловтың Маркске қарсы 2-дәлелі ретінде

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 299—300-беттер. *Ред.*

I томның 112-бетінен мына сөйлем келтірілген: «Жұмсалатын «соңғы» капиталдан алынатын рента, Родбертустың рентасы және Маркстің абсолюттік рентасы жойылады, *неге десең егер капитал дағдылы пайдадан басқа бір нәрсе беретін болса, арендатор әрқашан да «соңғы» капиталды соңғының алдындағы капитал ете алады»* (курсив Масловтыкі) *.

Бұл — Масловтың Маркске қарсы дәлелі. Мен осы дәлелге тиістім және бұдан былай да бұл дәлелді түгелдей жалған және шатастырушылық демекпін. Ал Маслов маған өзінің Маркске тиіскен жерін *алып тастап, дәл әлгі* 112-бетті цитат етіп келтірумен жауап беріп отыр! Ал осы тиіскен сөздердің орнында *көп нүкте* тұр: көп нүктеге дейін беттің *бас жағынан* цитат келтіреді, көп нүктеден кейін беттің *аяғынан* цитат келтіреді, ал Маркске қарсы тиіскен жері жоқ болып шықты. Бұл үзіп-жұлу емес пе және көріне өтірік айту емес пе?

Мен «Аграрлық мәселедегі» 400 беттен дұрыс айтылған жерін табуға болмайды деп айтқаным жоқ және айтпаймын да. Мен тек *Масловтың Маркске қарсы дәлелдері* адам айтқысыз бос сөз және құлақ естімеген шатастырушылық дедім. Егер Маслов өзінің шығармақшы болған 4-басылуында бұл дәлелдерді алып тастаса, егер, мысалы, өзінің «Голос Социал-Демократада» келтірген жерін 112-бетте қалдырса, онда: Маслов 4-басылуынан бастап Марксті түзеуін қойды деп мен де айтамын және әркім де айтады. Ал әзірше бұлай істелмеген екен, Масловтың Маркске қарсы 112-беттегі дәлелін, «Голоста» *келтірілмеген* дәлелін I томды оқыған адамның қайсысы болса да көреді. Демек, *бұл* дәлелді менің сынағанымның дұрыс екенін, яғни *абсолюттік* рентаға қарсы бұл дәлелдің қисынсыз екенін әркім-ақ көреді, өйткені арендатор арендалық шарт уақытында жаңадан жұмсалған капиталдан түсетін жаңа рентаны *түгелдей* өзі алады, яғни абсолюттік рентаны да, дифференциалдық рентаны да өзі алады.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 299-бет. *Ред.*

Масловтың бұдан кейінгі «мысалына» мен тоқталмаймын, өйткені бұл мысал Масловтың «Голоста» келтірмеген *дәл сол дәлеліне* қатысты. Егер Маслов дәлелін *қайтып алатын болса,* онда менің ол дәлел жөніндегі сыным өзінен-өзі қалатыны түсінікті. Ал егер ол мұны істемейді екен, тек өзінің цитаттарын қысқартумен болады екен, онда мен оқушыдан: «түгелдей үзіп-жұлу және көріне өтірік» айту кімнің тарапынан болып отыр?— деп сұраймын.

Ақырында, Масловтың менің мақаламнан келтірген соңғы цитаты мынадай:

««Интенсивтендіру деген не?»— деп сұрайды Ленин және оған былай жауап береді: «еңбек пен капиталдың одан әрі жұмсалуы. Ұлы Масловтың тапқан жаңалығы бойынша, жнейка капиталдың жұмсалуы *емес* (курсив Лениндікі). Қатарлап себетін сеялка капиталдың жұмсалуы емес»*. Аграрлық мәселеде өте қарапайым ұғымдармен таныс еместігі салдарынан Ленин интенсивтендіруге теріс анықтама берген және нағыз сандырақты жазғаны былай тұрсын, оның үстіне көрінеу өтірік айтып отыр. «Аграрлық мәселеде» (62-бет) былай деп жазылған: «Молотилка жер көлемінің бір өлшеміне жұмсалатын еңбек шығынын экстенсивті шаруашылықта да, интенсивті шаруашылықта да азайтады». (Егіншіліктің интенсивтілігі жер көлеміне байланыссыз жалпы шығын арқылы емес, *әлгіндей* еңбек шығыны арқылы белгіленеді. *П. М.)* Жнейканың да осындай маңызы бар».

Мен бұл жөнінде Масловқа былай демекпін: тыңдаңыз, аса құрметтім, бір нәрсенің шегін білу керек қой!.. Сонда талас интенсивтілік капиталдың жер көлемінің бір өлшеміне жұмсалуына қарай немесе жер көлеміне байланыссыз жұмсалуына қарай анықталатыны туралы болғаны ма? Мұның өзі нақ үзіп-жұлудың өзі және көрінеу өтірік қой! Талас тіпті де ол туралы болған жоқ. Мен мақаламның қазір Маслов цитат келтіріп отырған екінші бөлімінде, әсте «Аграрлық мә-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 306-бет. *Ред.*

селеге» қарсы *емес, ал Масловтың «Образованиедегі», 1907 ж. № 2, мақаласына қарсы* таластым.

Біресе Маркске қарсы айтқан дәлелдерін, сыншы дауласқан осы дәлелдерді, өзінің шығармаларынан алып тастайтын, біресе әңгіме болып отырған нәрсені былай қойып, оқушыға *басқа бірдемені* тықпалап, *өзінің тұтас мақалаларын алып тастайтын* адаммен таласып көріңізші!

Менің мақаламның екінші бөлімінің тақырыбы «Халықшылдықты теріске шығару үшін Марксті теріске шығару қажет пе?» деп аталған. Бұл бөлімде Масловтың «Образованиедегі», 1907 ж. № 2, мақаласы *ғана* сыналады.

Маслов «Голоста» өзінің бұл мақаласы туралы жұмған аузын ашпайды, сөйтіп өзінің «Аграрлық мәселесіне» сүйенеді! Бірақ бұл күлдіргі жасырынбақ ойын ғой! Масловтың «Аграрлық мәселеде» халықшылдықты теріске шығару үшін Марксті теріске шығару керек дегенге дейін аузы барды деп мен еш уақытта айтқан емеспін.

Ал «Образованиеде» Маслов *осылай деген.* Мен осыған қарсы болғанмын да, ал интенсивтендіру капиталдың қандай мөлшерде жұмсалуымен анықталатынына тіпті де қарсы болған емен. Маслов «егер жердің белгілі бір көлеміне кезегімен жұмсалған еңбектің өнімділігі төмендеп отырған фактісі болмаса, онда эсерлер суреттеген рақат тұрмыс, мүмкін, әлі де жүзеге асқан болар еді» деген өзінің пайымдауын қолдай ма, жоқ па?

Сіз жасырынғалы тұрсыз ба, аса құрметтім? Ал мұның аты өзіңнің жеңілгеніңді мойындағандық болады.

Сіз «шаруашылықты дамыту үшін, атап айтқанда, ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің күресі үшін егіншілік мәдениеті мен техникалық прогрестің маңызының айырмашылығын бірінші болып ерекше баса көрсетуге тура келген» кісі мен едім дегеніңізді қолдайсыз ба? Сіз «Образованиеде» осылай дегенсіз. Мен «Пролетарийде» келтірген цитатта да осылай. Сіздің жнейка туралы пайымдауыңыздың, «Аграрлық мәселеде» емес, «Образованиедегі» пайымдауыңыздың осы мәселеге, тек қана осы мәселеге қатысы бар. Өзінің «Образованиеде» айт-

қапын қорғамай, Маслов позициясын беріп қойып отыр!

Сонымен, мәселенің мәні жөнінде Маслов «Голоста» тек жалтарумен ғана болып отыр. Ол Маркс абсолюттік рентаны жерге жеке меншіктен шығармады-мыс деп шатасуды қайталайды, бірақ Маркске жасаған түзетулерін тікелей қорғамайды; Маркске қарсы дәлелдерін ол цитаттарынан алып тастайды; ол «Образованиеде» айтқандарынан мүлде орағытып өтеді. Сондықтан біз: Масловтың «Аграрлық мәселеде» Маркстің абсолюттік рентасын жойып жібергені және Масловтың «Образованиедегі» пікірлері шатасушылықтың, буржуазиялық көзқарасты теорияға енгізудің теңдесі жоқ сорақы кереметтері болып қала бермекші деп қайталап айтпақпыз.

Маслов кітабының немісше басылуына келетін болсақ, онда Маркске жасалған түзетулердің бәрі жасырылып қалғандығын мен келемеждеген едім. Маслов: бастырып шығарушы кітабымның бүкіл бірінші бөлімін баспай қойды деп қорғанады! Сонымен, Масловтың бұл түзетуі неге әкеп саяды? Мен: Маслов алып тастады дедім. Маслов: бастырып шығарушы алып тастады дейді — ал бастырып шығарушы неміс социал-демократы Дитц.

Егер Дитц Масловтың «теориясын», оның Маркске жасаған «түзетулерін» Масловтың *өзімен* келісе отырып алып тастаған болса, онда менің қорытындым еш бір өзгермейді. Егер Дитц мұны Масловпен *келіспей* істеген болса, онда менің қорытындым тек форма жағынан: Масловтың кітабынан ақымақтық пікірлерді алып тастап, Дитц ақылдылық істеген болып өзгереді.

Аса құрметті Масловтың көздегені осы түзету болды ма екен?

Маслов мені өз достарының сорақылығын «бүркемелеуді көздеп», «қарсыластарының сорақылығын іздестіре бастап отыр» дейді. Бұл жалған. Мен не нәрсені өз достарымның сорақылығы деп есептесем, сізге батыл қарсы шыққаным сияқты, оған да дәл солай батыл қарсы шығамын. Жақында ғана шыққан «Маркстi еске

түсіру» деген жинақтағы менің ескертуім осыны көрсетеді *. Ал Масловтың соракылығын мен *1901 жылы* «Заряда»**, яғни большевиктер мен меньшевиктер болып жікке бөлінуден *екі жыл бұрын,* Масловтың бірінші муниципализаторлық программасынан *екі жыл бұрын* «іздей бастадым». Маслов 1901 жылы Маркстің теориясына оның жасаған түзетулері туралы мәселе жөнінде *ғана* партия ішіндегі менің «қарсыласым» болды.

P. S. Мен «Голос Социал-Демократа» әкімшілігінің ерекше листогын алғанда бұл мақала жазылып қойылған еді. Ол листокта былай делінген:

«Баспахананың қатесі салдарынан «Голос Социал-Демократаның» 8—9-номерінде Маслов жолдастың хатына редакцияның берген *ескертуі түсіп қалған.* Бұл қате дереу түзетіледі, ал ескерту жаздырып алдырушылар мен сатып алушылардың қолына жеткізілетін болады».

Біз бұл түзетуді әлі алғанымыз жоқ. Баспахананың қатесі туралы оқушыларды хабардар етуді өзімнің борышым деп есептеймін. Бірақ мен көшіріп бастыртып отырған ерекше листокта *тағы да* баспахананың қатесі жоқ па екен? Маслов *жолдас* деудің орнына Маслов *мырза* деп оқу керек емес пе екенбіз? Өйткені Маркстен тайған адамдар ол үшін жолдастар емес, мырзалар екенін Плеханов баспасөз бетінде мәлімдеді емес пе! Әлде марксизмнен шегінуді уағыздаушы *меньшевиктерге* мұның қатысы жоқ па екен?

«Пролетарий» № 37,
(29) 16 октябрь, 1908 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 20—21-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 129-бет. *Ред.*

П. МАСЛОВТЫҢ «ЖАУАБЫ» ЖӨНІНДЕ БІРНЕШЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР [118]

Менің қарсыласым таластың мәнін бұрмалайтын айтыс тәсілдерін қолдандың деп мені кінәлайды. Мұның дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін, мен П. Масловтың «Жауабын» біртіндеп қарастырып көрейін.

Масловтың бірінші мысалы. «Бейнебір социал-демократия жерді муниципализациялау программасын қабылдап, крепостниктік тәртіптің қалдықтарын сақтап қалгысы, жерді помещиктердің қолында қалдырғысы келіп отырғандай», Ленин крепостниктік тәртіптің күллі қалдықтарын батыл жоймайынша, революциялық көтерілістің болуы мүмкін емес дейді.

Мәселенің мәнін Масловтың орағытып кетіп отырғанын әрбір оқушы байқай алады, өйткені мен әрдайым мынаны, атап айтқанда, помещиктік меншік қана емес, оның үстіне қазіргі үлестік меншік те крепостниктік тәртіптің қалдығы болып табылатындығын көрсетіп келдім. Талас дәл осы туралы болды. Өзінің *бүкіл* жауабында бұл мәселеге соқпай, жерге үлестік меншікте орта ғасырлық бірдеңенің бар-жоғы туралы, орта ғасырлық қалдықтардан осылай тазартудың капитализм үшін тиімді-тиімсіздігі туралы бір ауыз сөз айтпай, Маслов оқушының назарын басқа жаққа аударып отыр. Қарсыласының принципті дәлеліне жауап бермеу, сөйтіп оған тек «шабытқа» басты деп жала жабу — бұл таласу емес, балағаттасу деген сөз.

Екінші мысал. Менің аграрлық және саяси төңкерістің арасындағы байланыстың ажырағысыздығын көр-

сеткенімді Маслов оқушыны қадірлеудің жетімсіздігі деп атайды. Бұл байланысты муниципализация да бұзбайды. Немене, осы да жауап болып па? Сонда Маслов бұл арада 1) муниципализацияны толық емес саяси төңкеріспен байланыстыра *анық* қойған меньшевик Новоседскийге менің *дәл* сілтегенім жөнінде, 2) муниципализация орта ғасырлық қауымға да, орта ғасырлық жер иелігіне де қатысты емес, яғни нақ аграрлық төңкерістің, тек қана аграрлық төңкерістің, толық болмауына біржола және сөзсіз ұшыратады деген менің дәлелім жөнінде үндемей отырған жоқ па.

Масловтың үшінші дәлелі: «шаруалардың помещиктер мен чиновниктерге деген өшпенділігін Ленин өз программасының пайдасына және қабылданған программаға қарсы дәлелге айналдырып отыр». Жалған. *«Орта ғасырлыққа өшпенділік»* дегеннің орнына (менің орта ғасырлық туралы айтқанымды бірнеше жол жоғарырақта Масловтың өзі мойындайды) *«помещиктерге* өшпенділік» деп Масловтың ауыстыра салғанын әрбір оқушы байқайды. Оған бұлай ауыстыру *үлесті* меншіктің орта ғасырлық сипаты туралы менің дәлелім жөнінде үндемей өте шығу үшін керек болған.

Мені өзінің программасын большевиктік программа деп атады деу шындық емес. Национализациялау туралы мәселе Стокгольмде дауысқа қойылыпты-мыс деу де шындыққа жатпайды. Фактілерді бұрмаламау керек, Маслов жолдас!

«Ешқандай рента теориясы национализациялау программасына немесе муниципализациялау программасына титтей де артықшылық бермейді, өйткені, қалай болған күнде де, конфискеленген жерден түсетін табысты мемлекет немесе өзін-өзі басқару орны алады».

Біздің бұл арада істің байыбына байланысты дәлеліміз бар. Сондай тамаша дәлел, өйткені бұл дәлел Масловтың марксизмді масқара бұрмалап отырғандығын бәрінен де жақсы көрсетеді. Маслов «бекерге шығарған» Маркстің *абсолюттік рентасын* бекершілік деп біліп, астық бағасын кеміту туралы және капиталдың егіншілікке жұмсалуына жол ашуды ұмыт қалдырған күнде ғана мәселені тек «табысқа» апарып сайдыруға болады!

Мәселенің *экономикалық* мәні өзіне жат және түсініксіз екенін Маслов өзінің дәлелімен растап берді. Мәселе табыс туралы болып отырған жоқ, аса құрметтім, қайта *абсолюттік* рента жойылған күнде егіншіліктің өсу мағынасында өзгеретін өнімдерінің арақатынасы жайында болып отыр. Маркс теориясындағы абсолюттік рентаны теріске шығарамын деп, Маслов өзін национализациялаудың экономикалық мәнін түсіну мүмкіндігінен айырды. Миллиондаған ұсақ меншік иелерінің орыс буржуазиялық революциясында национализациялауды неліктен талап ете алған және талап етуге тиісті болған себебін,— осы *экономикалық* проблеманы Маслов бар деп білмейді. Оның сорлылығының өзі де осында!

Менің 1905—1908 жылдардағы мақалаларымның кесінді жерлер программасына қарсы бағытталғаны рас. Бірақ, Масловтың істеп отырғанындай, бұл жөнінде «секеңдеп, масайрау» талас мәселелерді анықтап ашып алу емес, оқушының көзін бояу деген сөз. Маслов өзінің 1903 жылғы программасын түгел сақтап қалған жоқ қой! Ал ол мұны оқушылардан неге жасырады және өткендегінің бір жағын ғана неге алға тартады? Менің қазір де теріске шығармайтын сөздерімді, «полициялық мемлекетте» жерді национализациялау зиянды дегенімді неге цитатқа келтіреді. Мұның өзі талас па әлде балағаттау ма?

Аграрлық мәселе туралы орыс социал-демократтары арасындағы айтыстың егжей-тегжейін білмейтін поляк оқушылары үшін мынаны түсіндіре кетейін: 1903 жылы, РСДРП II съезі алдында, Маслов баспасөз бетінде, 1906 жылы ұсынған программаны емес, басқа программаны ұсынған болатын. Мен бұрынғы таластарды қазбалап жатуды қисынсыз деп есептер едім, сондықтан оларды мен өзімнің бұрынғы мақаламда да қозғағаным жоқ. Бірақ қазір ескі таласты Масловтың өзі көтеріп отыр. Тапқырлығымен бір көрініп қалу үшін менің тастаған 1903 жылғы программамды теріске шығару оның ойына келген болу керек,— мүмкін, тіпті ол ескі нәрсе туралы таласу арқылы өзінің жаңа көзқарасының әлсіз жерлерінен назарды басқа жаққа аударуды да көздеген шығар? Факт факт күйінде қалады: бұрынғы таластар-

ды қозғай отырып, Маслов 1903 жылғы программасын оның өзі өзгерткені туралы поляк социал-демократтарына жұмған аузын ашпады. Бұрынғы программаның ашықтан-ашық және әлдеқашан-ақ біткен өзгеруі жөнінде қарсыласын кінәлап, Маслов өз программасын өзі өзгерткенін жасырып отыр. Үлесті жерлерді, қайткен күнде де, меншіктенушілерінің қолында қалдыру қажеттігін 1903 жылы Петр Масловтың жақтамағаны былай тұрсын, қайта, керісінше — өзінің программасына, мүмкін болған жағдайда, *үлесті жерлерді де қоғамдастыруды* әншейін жай енгізе салғанын ол жасырып отыр.

Расында да, ғажап емес пе? Ескіні еске түсіру кімге қолайсыз екен? Бұрынғы көзқарасының қателерінің себебін ашықтан-ашық мойындаған адамға қолайсыз ба, әлде өз көзқарастарының өзгергенін жасырып отырған адамға қолайсыз ба? П. Масловтың 1903 жылы үлесті жерлерді де қоғамдастыру мүмкін деп есептегені, ал 1906—1908 жылдары мұндай көзқарастардың мүмкін екеніне қарсы қаһарын тігіп, найзағай ойнатып отырғаны неліктен?

Осы тәрізді «айтыс» тәсілдері туралы немесе, дұрысын айтқанда, осы тәрізді ізін жасырушылық туралы оқушының өзі төрелік айтсын. Тургеневтің әйгілі алаяғының әдісін Маслов әбден меңгерген: өзіңнің әрекеттеріңде жасырғың келген нәрсені барынша даурығып сөге бер! Басқалар көзқарастарын өзгертті және мұны өздері көрсетті. Өз көзқарастарыңның өзгергенін жасыру үшін басқалардың өзгерткеніне қарсы қаттырақ айқайлаңыз! Дәлелдерің жоқ екен, алаяқтықты сөзсіз пайдалану керек.

Европалық Россияда жер меншігінің бөлінісі жөніндегі мен жасаған кесте Масловқа ұнамайды. Маслов менің «қалмақ» меншігін оңтүстік-батыс Россияның «интенсивті шаруашылығымен» салыстырғаныма ыза болады. Қайдағы бір меңіреу түкпірдегі 4 десятина жері бар, атсыз, күйзелген шаруаны үлкен қала төңірегіндегі көлемі осындай жерде интенсивті огород шаруашылығын жүргізіп отырған бай фермермен — жеке аудандарда болса да — *Масловтың өзі де,* басқа авторлардың да салыстыратынын аграрлық мәселе жөніндегі әдебиетпен

таныс оқушы, әрине, біледі. Маслов жолдас «егжей-тегжейлі талдау жасадым» деп орынсыз, мүлде орынсыз, мақтанғысы келеді! Бұл ғылыми дәлел емес, нақ *мақтаншақтық,* өйткені күрестің *нәтижелерін* менің істеп отырғанымнан өзгеше жолмен анықтап түсіну мүмкін емес, ал «Пшеглондта» «егжей-тегжейлі талдау жасаудың» мүмкін еместігін Масловтың өзі де түсінеді.

Национализацияны жақтап шыққан трудовиктер тобы менің пікірімнің дұрыстығын меньшевиктерге дәлелдеді деген менің дәлелімді Маслов жай ғана талдап қоймайды, оның үстіне сол дәлелді 1) национализация «ықшамдалған» болатын және 2) I Думада автономистерге көптеген депутаттардың қосылған «себебі, атап айтқанда, олардың сайлаушылары жерді национализациялауды тілемеген еді» деп, жанамалап болса да әлсіретуге тырысады.

Сонда бұл мәселеден жалтару емес пе? Национализацияның әлгі «ықшамдалуға» қандай қатысы бар? және орыс шаруалары национализацияға жалпы келіспейді, оған Вандеямен жауап береді деп, орыс шаруалары туралы 1905 жылы Масловтың, ал Стокгольмде барлық меньшевиктердің үзілді-кесілді айтқандарына автономистердің қандай қатысы бар? Маслов өзіне қолайсыз фактіні, Стокгольм съезінен *кейін* трудовиктер тобының национализация программасын қабылдағаны меньшевиктердің дәлелдерін *теріске шығарған* фактісін, үндеместен орағытып кетіп отыр. Мұндай «жауап» қиын емес, бірақ істің мәнісін үнемі орағытып кететін «жауаптың» құндылығы да онша болмайды. I Думаның да, II Думаның да жұмысшы-депутаттарды жаман жағдайға жиі душар еткені факт, өйткені национализацияны шаруалардың өздері ықшамдағанынан гөрі, социал-демократтар көбірек «ықшамдады». Социал-демократтар ескі, орта ғасырлық, үлесті меншікке *сақтықпен* қара, оны күштірек баянды ет, жерге жаңа, ерікті меншікті капитализмге баяуырақ икемде деп, шаруаға *кеңес берегін* филистерше-қорғаншақ интеллигенттердің халіне душар болды! Маслов жолдас, мәселе трудовиктердің национализацияны ықшамдағанында болып отырған жоқ, қайта социал-демократтардың, марксистердің, на-

ционализацияны одан да гөрі ықшамдағанында болып отыр, өйткені муниципализация дегеніміз өңін айналдыруға дейін ықшамдалған национализация деген сөз. Автономистердің национализацияны кейде теріске шығарғаны* түк те емес; орыс социал-демократтарының орыс шаруалары күресінің сипатын түсіне алмағандығы жаман болып отыр. Масловтың демагогиясы оның национализацияға бірнеше автономистің келіспегендігі фактісін атап айтып отырғандығында емес, ал көптеген автономистердің муниципализацияға келіспейтіндігі туралы үндемегенінде және оларды мещандық-сепаратистік дәлелдер арқылы национализацияға қарсы айдап салуында болып отыр!

Автономистер национализацияға қарсы. Мұндай дәлелдің кімді қуаттап отырғанын оқушының өзі ойлап көрсін. Ал мен, өз тарапымнан, мынаны ескертемін: мен 1903 жылдың өзінде, Масловтың *сол кездегі* программасына қарсы шығып, муниципализацияны ықшамдалған национализация деп атаған болатынмын. 1906 жылы, Стокгольм съезі алдында, Масловпен таласып, мен ұлттық автономия туралы мәселені жерді национализациялау туралы мәселемен шатастырудың дұрыс еместігін көрсеткенімді еске сала кетейін**. Автономияны программамыздың негіздерінің өзі-ақ қамтамасыз етеді. Демек, сол негіздер национализацияланған жерлерді автономиялық жолмен билеуді де қамтамасыз етеді! Осы қарапайым нәрсені Маслов түсіне алмай-ақ келеді! Национализация дегеніміз абсолюттік рентаны жою, жер меншігін мемлекетке беру, біреудің жерді екінші біреуге беруіне тыйым салу, яғни жерге қожалық етуші мен жерді меншіктенушінің — мемлекеттің арасындағы делдалдардың бәрін және қандайын болсын жою болып табылады. Осы тыйым салу шеңберінде елдер мен халықтардың жерді билеу жөнінде, қоныстандыру шарттарын, салғырт ережелерін белгілеу жөнінде және т. т. және т. с. жөнінде автономиясы болуы әбден

* Мүлде олай емес, мүлде олай емес, бәрі емес! Маслов автономист украин Чижевскийдің национализацияны қорғағаны сияқты факт жөнінде ойлануға тиіс еді.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 267—270-беттер. *Ред.*

мүмкін, ол национализациялауға ешқандай жағдайда да қайшы келмейді және біздің саяси программамыздағы талаптардың біріне жатады. Бұдан мынадай айқын қорытынды шығады: тек ұсақ мещандар ғана, барлық «автономистер» осындай ұсақ мещандар болатын, автономиядан айрылып қалу қаупін желеу етіп, өздерінің қорқақтығын, бірыңғай, орталықтандырылған аграрлық революция жолында ақырына дейін белсенді күрес жүргізуді тілемейтіндігін бүркемелей алды. Социал-демократия үшін мәселе тура керісінше қойылып отыр: пролетариат үшін әңгіме саяси салада да, аграрлық салада да революцияны ақырына дейін жеткізуде болып отыр. Революцияны осылай ақырына дейін жеткізу *үшін* жерді национализациялау қажет, мұны трудовиктер, яғни саяси саналы орыс шаруалары талап етіп отыр. Мұндай қадамның экономикалық өлшемі марксист үшін бірінші қатарға қойылып отыр; бұл экономикалық өлшем, Маркстің іліміне сәйкес, жерді буржуазиялық национализациялау егіншіліктегі өндіргіш күштердің мейлінше дамуын қамтамасыз етеді деп есептейді. Сонымен, аграрлық салада буржуазиялық-революциялық батыл қадам жасау саяси саладағы буржуазиялық-демократиялық батыл төңкеріспен, яғни *нағыз автономияны* тек бір өзі ғана қамтамасыз ететін республиканың құрылуымен мызғымас байланысты болады. Автономия мен аграрлық төңкеріс арасындағы шын арақатынас осындай, ал мұны Маслов мүлде түсінбеген!

Менің Маркстің «Қосымша құн теорияларына» сүйенгенімді Маслов «жалтару» деп атайды, өйткені Маркс «шаруалар өздерін өздері экспроприациялағысы келеді» деп айтқан жоқ дейді. Кешіріңіз, Маслов жолдас! Маркстің айқын сөздерін сіз шынымен-ақ түсінбегеніңіз бе? Маркс жерге орта ғасырлық меншікті толық жоюды капитализм үшін тиімді деді ме, солай ма, жоқ па? 1905—1907 жылдары орыс шаруалары талап еткен, трудовиктер жақтап отырған жерді национализациялау орта ғасырлық меншікті жою болып табыла ма, солай ма, жоқ па? Менің құрметті оппонентім, әңгіме дәл осы туралы болды ғой, ал жерді буржуазиялық-шаруалық

жолмен национализациялауды шаруаларды «экспроприациялау» деп адам күлерліктей етіп өзгертіп атау менің мәселе қойысымның дұрыстығын тіпті де теріске шығармайды... «Сол сияқты өнеркәсіпте де,— деп жалғастырады Маслов,— капитализм ұсақ меншікті күйзелтеді, бірақ бұдан социал-демократтар майдагерлерді экспроприациялауды оз міндетіне алуға тиіс деген қорытынды шыға ма?..»

Ал мұның өзі керемет сорақылық қой! Шаруалардың жер меншігіндегі орта ғасырлық кедергілерге қарсы күресін, Маркстің дәлелдегеніндей, капитализмнің дамуына неғұрлым қолайлы жағдай туғызатын жерді национализациялау жолындағы күресті шаруаларды «экспроприациялау» деп атау, капиталдың майдагерді экспроприациялауына апарып теңеу сорақылық болады. Құдайдан қорықсаң етті, Маслов жолдас! Біздің помещикке қарсы шаруаны неліктен *қолдайтынымызды,* ал фабрикаға қарсы майдагерлерді қолдауды антисемиттердің ісі деп неліктен есептейтінімізді, тәубеге келіп бір ойлап көрсеңізші.

Майдагерді, яғни өнеркәсіптегі ұсақ меншікті қолдау барлық жағдайларда және сөзсіз реакциялық іс болғандықтан, ол ешқашан да социал-демократтардың ісі бола алмайтындығын Маслов түсінбейді. Ал егіншіліктегі ұсақ меншікті қолдау марксистердің міндеті *бола алады* және болуға *тиіс,* ұсақ буржуазиялық шаруашылық ірі феодалдық шаруашылықпен салыстырғанда экономикалық жағынан *прогресшіл* болып табылатын кездің бәрінде де осылай болуға тиіс. Маркс ұсақ өнеркәсіпті ірі өнеркәсіпке қарсы еш уақытта да қолдаған емес, бірақ Маркс 40-жылдары Америка жөнінде, 1848 жылы Германия жөнінде ұсақ ауыл шаруашылығын, шаруаларды феодалдық латифундияларға қарсы қолдады. Маркс 1848 жылы немістің феодалдық имениелерін ұсақтауды ұсынды. Маркс ұсақ қожайындардың Америкадағы құл иеленушілердің ірі имениелеріне қарсы жер бостандығы жолындағы, Америкада жерге жеке меншікті жою жолындағы қозғалысын қолдады[119].

Маркстің аграрлық саясатының бағыты дұрыс болды ма? Абсолюттік рента теориясын буржуазиялық эконо-

мия рухында «қайта қараған», бірақ Маркстің басқа нәрселерін «қайта қарап» үлгермеген, құрметті Маслов жолдас, бұл дұрыс. Буржуазиялық революция бүкіл феодалдық меншікті күшпен, түбегейлі жойғанда ғана, ол бұрынғы жер меншігінің бәрін аластап тастағанда ғана, ал оның орнына жерге еркін жаңа буржуазиялық меншік болуы үшін, помещикке емес, капиталға бейімделген меншік болуы үшін негіз жасағанда ғана, аграрлық саладағы буржуазиялық революция дәйекті және шын мәнісінде жеңіп шыға алады. Жерді национализациялау мұндай төңкерістің бағытына әбден сай келеді. Ол ол ма, жерді национализациялау бірден-бір шара болып табылады, өйткені капиталистік қоғамда жалпы мүмкін болатын бұл төңкеріс осының арқасында ғана барынша дәйектілікпен жүзеге асады. Шаруалар үшін осындай батыл және неғұрлым ауыртпалықсыз түрде оларды үлестік меншіктің «геттосынан» құтқаратын басқа тәсіл жоқ. Ескі шіріген қауымды, полициялық емес, бюрократтық емес және өсімқорлық емес жолмен жоймай, басқаша жоятын өзге тәсіл жоқ.

Егер объективті қарайтын болсақ, орыс буржуазиялық революциясында мәселе былайша, тек былайша ғана қойылып отыр: Столыпин (яғни помещиктер мен самодержавие) ескі жер меншігін капитализмге бейімдейтін бола ма, әлде мұны, помещиктер мен патша өкіметін құлатып, шаруалар бұқарасының өзі істейтін бола ма. Бірінші жағдайда тек реформалар жолымен бейімделу ғана болуы мүмкін, яғни жартыкеш, шексіз ұзақ бейімделу, өндіргіш күштердің анағұрлым баяу өсуі, демократизмнің неғұрлым кемірек дамуы болып шығатын бейімделу, Россияны онда ұзақ уақыт кулактардың үстемдік жүргізуіне душар ететін бейімделу ғана болуы мүмкін. Екінші жағдайда тек революциялық бейімделу болуы мүмкін, яғни помещиктік имениелерді күшпен аластайтын және өндіргіш күштердің неғұрлым тез дамуын қамтамасыз ететін бейімделу болуы мүмкін. Шаруалардың ескі үлестік меншігі сақталып қалған жағдайда помещиктік меншікті осылай революциялық жолмен жою мүмкін бе? Жоқ, бұл мүмкін емес, мұның мүмкін еместігін екі Думадағы шаруалар депутаттары

да дәлелдеді. Олар мұны буржуазиялық революция кезінде бүкіл Россия шаруаларының саяси типін: жерді *национализациялауды* талап етуші *трудовик* типін құру арқылы дәлелдеді.

Национализацияның эсерлік сипаты бар деп шу көтеріп, Маслов меньшевиктердің ескі тәсілін: кадеттерге жарамсақтанып, революцияшыл социал-демократтарды эсерлермен жақындасты деп айыптау тәсілін қайталап отыр. Бұл адамдар либерал-монархиялық помещиктермен және көпестермен жымыңдасады да, революцияшыл социал-демократтар буржуазиялық революцияда революцияшыл буржуа-шаруалармен бірге болғысы келеді деп ренжиді. Бірақ ол ол ма. Национализацияның эсерлік сипатына қарсы даурығып, Маслов орыс шаруаларының халықшылдық көзқарастары мен қиялдарына жасалған маркстік талдауды мүлде түсінбейтіндігін байқатады. Россиядағы социал-демократтардың жердің қайтадан бөлінуі (қаралай бөліс) және т. с. туралы социалистік, немесе дұрысырағы quasi*-социалистік теориялардың немесе қиялдардың реакцияшылдығын және қазіргі жартылай крепостниктік Россияда бұл мұраттың *буржуазиялық прогресшілдігін* әлдеқашаннан-ақ көрсетіп келгендігін Маслов түсінбейді. Эсерлердің социализм туралы мещандық *сылдыр сөзінің* тасасынан Маслов буржуазиялық шындықты, атап айтқанда: ескі орта ғасырлық қоқсықтардың бәріне қарсы революциялық күресті көре алмай отыр. Социалист-революционер жерді пайдалануда теңгермелік болуы туралы, жерді социализациялау туралы және т. с. сөз еткенде, онда социалист-революционер экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда теріс лағып кетеді, социалист-революционер экономикалық ғылым саласында және капитализмнің даму теориясы саласында өзінің сауатсыздығын байқатады. Бірақ осы сөздердің тасасында, осы қиялдардың тасасында өте өміршең, нақты мазмұн жатыр,— бірақ әсте де социалистік емес, таза буржуазиялық мазмұн жатыр, ол атап айтқанда: капитализм үшін негіз тазарту, жердегі орта ғасырлық және сословиелік

---

* — жалған. *Ред.*

кедергілердің бәрін жою, капитализм үшін еркін өріс ашу. Біздің Маслов байғұс міне осыны ешбір түсіне алмайды және де мұның өзі Маркстің абсолюттік рента туралы ілімін Масловтың түсіне алмаған фактісімен тікелей байланысты болып отыр; ал абсолюттік рента дифференциалдық рентаға қарама-қарсы, капиталистік қоғамда жойылады және оның жойылуы капиталистік қоғамның дамуын ілгері бастырады.

Маслов эсерлерге қарсы күресе білмей, марксизмді тұрпайыландырып отыр, сөйтіп өз учаскесіне маталған шаруаның «артынан» тек бақылап отыруға ғана өзін душар етіп отыр және жерге помещиктік меншікті де, үлесті меншікті де аластап тастауды тілейтін шаруаның демократизмі мен революциялық буржуазияшылдығын мүлде түсінбейді.

Маслов эсерлерге қарсы күресе білмей, жерге жеке меншікті сынауды эсерлердің қолына, мещандық социалистердің қолына, беріп қойып отыр. Капитализмнің дамуы тұрғысынан Маркс сынаған болатын және марксистер сынауға тиіс. Абсолюттік рентаны теріске шығаруы арқылы Маслов осы сынау жолын өзі кесіп тастап, ал теория жүзінде, Маркс пікірінің дұрыстығына қарамастан, эсерлердің пікірі дұрыс деп мойындап, солардың алдында тізе бүгіп отыр!— жеке жер иелігін мещандық тұрғыдан сынап отырған, капитализмнің даму тұрғысынан емес, оның дамуын бөгеу тұрғысынан ғана сынап отырған эсерлердің алдында тізе бүгіп отыр. Маслов аграрлық программада эсерлердің қателігі *национализациядан* кейін басталатынын, яғни олар «социализация» мен «теңгермелікке» көшкенде, сөйтіп ұсақ шаруалар арасында таптық күресті мойындамауға жеткенде басталатынын түсінбеген. Эсерлер национализацияның *буржуазиялық* сипатын түсінбейді — олардың негізгі кінәсы осында. Ал «Капиталды» оқыған әрбір марксист маған мынаны айтсыншы: абсолюттік рентаны теріске шығарып отырғанда, национализацияның буржуазияшылдығын түсінуге бола ма?

Одан кейін Маслов мені бүкіл Европадағы ұсақ шаруа меншігін орта ғасырлық меншікке айналдырады дейді. Мүлде дұрыс емес. Европада жерге «үлесті» мен-

шік пен сословиелік кедергілер жоқ, онда жерге феодалдық меншік жоқ, қазірдің өзінде-ақ ерікті, капиталистік меншік бар. Европада помещиктерге қарсы социал-демократтар қолдап отырған шаруалар қозғалысы жоқ. Бұл туралы П. Маслов ұмытып кеткен!

Саяси дәлелдерге көшейік. Муниципализацияны меньшевиктер монархиямен ымыраласу идеясымен байланыстырады деген менің дәлелімді Маслов «жала» және «әдейі айтылған өтірік» деп атайды,— бірақ меньшевик Новоседскийдің сөзінен менің сөзбе-сөз келтірген цитатымда не делінді, Маслов жолдас? Бұл арада өтірік кімнің тарапынан болып отыр? Мәселе үрейлі сөздермен Новоседскийдің өзіңіз үшін қолайсыз мойындауының тігісін жатқызып жібергіңіз келіп отырғандығында емес пе?

Жерді муниципалитеттерге беру реставрацияға қарсы күресте олардың үмітін күшейтеді дейді Маслов. Ал мен орталық республикалық өкіметті күшейту ғана реакцияның ісін айтарлықтай қиындата алады, ал күштер мен қаржыларды жеке облыстар арасында бытырату реакцияның ісін жеңілдетеді деп ойлаймын. Біз мемлекеттің әр қилы бөліктеріндегі революцияшыл таптарды және ең алдымен пролетариатты бір армияға біріктіруге тырысуға тиіспіз, ал конфискеленген жерлерден түскен табыстарды жеке облыстардың пайдасына иемдену жөнінде үмітсіз, экономика жағынан мүмкін емес және мағынасыз федералистік әрекет туралы ойлауға тиіс емеспіз. «Поляк жолдастар, екінің бірін таңдаңыздар,— дейді Маслов,— конфискеленген жерлерден түсетін табыстарды Польша сеймі алуы керек пе, әлде бұл табыстарды Питердегі москальдарға беру керек пе?»

Тамаша дәлел! Мұнда демагогияның тамшысы да жоқ! Аграрлық мәселені Польшаның автономиясы туралы мәселемен шатастыру да жоқ!

Ал мен былай деймін: Россия азат болмайынша, Польшаның азат болуы мүмкін емес. Егер поляк жұмысшылары мен орыс жұмысшылары орыс шаруаларының жерді национализациялау жолындағы күресінде және саяси қатынастар саласында да, аграрлық қатынастар саласында да бұл күресті толық жеңіске жеткі-

зуде оларды қолдау міндетін атқармайынша, бұл азаттық болмақ емес. Муниципализация мен национализацияны, белгілі бір автономиялық ұлттық территорияның жеке ерекшеліктері тұрғысынан қарап емес, Россия орталығының экономикалық дамуы тұрғысынан және бүкіл мемлекеттің саяси тағдыры тұрғысынан қарап бағалау керек. Россияда пролетариат пен революцияшыл шаруалар жеңіп шықпайынша, Польшаның шын автономиясы туралы, муниципалитеттердің праволары туралы және т. с. сөз етудің өзі күлкі болар еді. Мұның өзі бос сөз болады. Ал Россиядағы шаруалар нақ өздері революцияшыл болғандықтан да, өздері буржуазиямен және октябристермен ымыраласуға бармай, қайта жұмысшылармен, демократиямен бірге күресіп отырғандықтан да, жерді национализациялауға өздерінің іш тартатынын қазірдің өзінде айқын дәлелдеді. Егер шаруалар революцияшыл болудан қалса, яғни осы іш тартушылықтан бас тартса, буржуазиялық-демократиялық революциядан сырт айналса,— онда Масловтың ескі жер меншігін сақтап қалу туралы қамқорлығы шаруаларға ұнайтын болады,— бірақ онда Масловтың муниципализациясы мүлде күлкілі болып шығады. Ал әзірге шаруалардың революциялық-демократиялық күресі болып жатқанда, әзірге буржуазиялық революцияда марксистердің «аграрлық программасының» мәні болып отырғанда, бұл уақытта шаруалардың революциялық талаптарын қолдау, оның ішінде жерді национализациялауды қолдау да — біздің міндетіміз. Маслов орыс шаруаларының бұл талабын орыс революциясы тарихынан өшіріп тастай алмайды — және қоғамдық қозғалыстың өрлеуі, шаруалардың жер үшін күресінің өрлеуі, осы өрлеу қайта туған кезде, «муниципализацияның» бүкіл реакцияшылдығын айқын көрсететініне кепілдік беруге болады.

1908 ж. октябрь—ноябрьде «Przegląd Socjaldemokratyczny» журналының 8—9-номерлерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр
Поляк тілінен аударма

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ

РСДРП-ның алдағы Жалпы россиялық конференциясының күн тәртібіне: «Қазіргі жағдай және партияның міндеттері» жөнінде мәселе қойылып отыр. Біздің партияның ұйымдары бұл мәселені, сөзсіз төтенше маңызды мәні бар мәселені, қазірдің өзінде-ақ жүйелі түрде талқылай бастады, бұл жөнінде Москва мен Петербург басқа орталықтардың бәрінен алда болып отыр.

Азаттық қозғалысының өзіміз бастан кешіріп отырған толастау, реакцияның өршу, демократия лагеріндегі опасыздықтар мен сары уайымдардың және социал-демократиялық ұйымдардың дағдарысы мен ішінара ыдырау дәуірі біздегі революцияның алғашқы науқанының ең алдымен негізгі сабақтарын есепке алу қажеттігін ерекше қатты қойып отыр. Біз сөздің тар мағынасындағы тактикалық сабақтар туралы айтып отырғанымыз жоқ, әуелі революцияның жалпы сабақтарын айтып отырмыз, сондықтан осыған сәйкес біздің бірінші мәселеміз мынадай болады: Россиядағы күштердің таптық жағынан топтасуы мен саяси арақатынасында 1904 жылдан 1908 жылға дейін болған объективті өзгерістер қандай? Біздің байқауымызша, негізгі өзгерістерді төмендегіше бес түрге бөлуге болады: 1) Самодержавиенің шаруа мәселесі жөніндегі аграрлық саясаты принциптік жағынан мықтап жылжыды; ескі қауымды қолдау және нығайту саясаты оны полициялық жолмен тездете қирату және тонау саясатымен ауысты. 2) Қаражүздік дворяндар мен ірі буржуазияның өкілдігі іл-

гері қарай зор адым жасады: дворяндар мен көпестердің сайланып қойылатын бұрынғы жергілікті комитеттерінің орнына, олардың бүкіл россиялық өкілдігінің бытыраңқы және кездейсоқ әрекеттерінің орнына біріңғай өкілдік орган — Мемлекеттік дума бар, бұл Думада әлгі көрсетілген таптардың толық басым болуы қамтамасыз етілген. Либералдық кәсіптердің өкілдігі — шаруалар мен пролетариат туралы айтпағанның өзінде — самодержавиені нығайтуға міндетті болып отырған «конституциялық»-мыс осы мекеменің шылауы мен қосымшасының роліне түсірілген. 3) Осы уақыттың ішінде Россиядағы таптар ашық саяси күресте алғаш рет бөлектеніп, айқындала түсті: қазір ашық та, жасырын да (дұрысырағы; жартылай жасырын, өйткені революциядан кейінгі жерде Россияда мүлде «жасырын» партиялар жоқ) өмір сүріп отырған саяси партиялар өткен жарты ғасырдағыдан гөрі үш жылдың ішінде жүз рет артық толысып, жетілген таптардың мүдделері мен көзқарастарын бұрын-соңды көз көрмеген дәлдікпен білдіріп отыр. Қаражүздік дворяндар, национал-«либерал» буржуазия, ұсақ буржуазиялық демократия (трудовиктер өздерінің болмашы солшыл қанаты эсерлермен бірге) және пролетарлық социал-демократия бәрі осы уақыт ішінде өздерінің «құрсақта» өсу дәуірін тамамдап, өздерінің бейнесін — сөз арқылы емес, фактілер арқылы және бұқараның әрекеттері арқылы талай жылдар алдын ала белгілеп алды. 4) Революциядан бұрын либералдық және либерал-халықшылдық «қоғам» деп немесе жалпы алғанда «ұлттың» «көзі ашық» бір бөлігі және өкілі деп аталғанның бәрі, земстводы, университеттерді, бүкіл «инабатты» баспасөзді т. т. және т. с. қамтитын біртұтас, біртектес бірдеме болып көрінген ауқатты, дворяндық, интеллигенттік «оппозицияның» қалың көпшілігі,— осылардың бәрі революцияда өздерін буржуазияның идеологтары мен жақтаушылары ретінде көрсетті, осылардың бәрі социалистік пролетариат пен демократиялық шаруалардың *бұқаралық* күресі жөнінде қазір жұрттың бәріне анық *контрреволюциялық* позиция ұстады. Контрреволюцияшыл либерал буржуазия дүниеге келді және өсіп келеді. Бұл факт

оны «прогресшіл» жария баспасөз теріске шығарғандықтан, немесе біздегі оппортунистер, меньшевиктер бұл жөнінде үндемей отырғанынан және оны түсінбей отырғандықтан факт болмай қалмайды. 5) Миллиондаған халық шын бұқаралық және тікелей-революциялық күрестің «жаппай стачкаға», помещиктерді қуып шығуға, олардың усадьбаларын өртеуге, ашықтан ашық қарулы көтеріліс жасауға дейінгі нағыз алуан түрлі формаларына араласып, практикалық тәжірибе алды. Революциядан бұрын-ақ революционер немесе саналы жұмысшы болған адам бұл фактіні — саяси дағдарыстың даму барысы туралы, осы дамудың қарқыны туралы, бұқараның практика жүзінде жасап отырған тарихының диалектикасы туралы бұрынғы бірсыпыра ұғымдарға нағыз түбірлі өзгеріс енгізген фактіні бүкіл зор маңызымен қоса алып бірден көз алдына елестете алмайды. *Бұқараның* бұл тәжірибені есепке алуы — көрінбейтін, ауыр және баяу процесс; бұл процесс мемлекеттің саяси өмірінің бет жағындағы көптеген құбылыстардан гөрі, саясат саласындағы сәбилердің ғана емес, ал кейде тіпті «едәуір» жастағы сәбилердің де көзін қызартатын құбылыстардан гөрі неғұрлым маңыздырақ роль атқаратын процесс. Пролетариат бұқарасының бүкіл революциядағы және демонстрациялардан бастап, көтерілісті қоса, «парламенттік» қызметке дейінгі (хронологиялық тәртіппен) күрестің барлық майдандарындағы басшылық ролі тұтас алғанда осы дәуірдің ішінде күллі жұрт алдында айқын көрінді.

Октябрьге дейінгі Россия мен қазіргі Россияның арасында терең тұңғиық жасаған объективті өзгерістер осындай. Біздің тарихымыздың мазмұны жағынан өте бай дәуірінің үш жылының *қорытындылары* осындай,— ең басты және неғұрлым мәнді нәрсені бірнеше сөзбен білдіруге мүмкіндік болатындықтан, былайша айтқанда, әлбетте, жалпы қорытындылар осындай. Ал енді осы қорытындылар міндетті түрде мәжбүр етіп отырған тактика саласындағы қорытындыларды қарастырып көрейік.

Самодержавиенің аграрлық саясаты өзгеруінің Россия сияқты «шаруалар» елі үшін өте-мөте үлкен маңы-

зы бар. Бұл өзгеріс кездейсоқтық емес, министрліктердің бағыты ауытқығаны емес, бюрократияның ойдан шығарған нәрсесі емес. Жоқ, мұның өзі шаруалардың жер жөніндегі қатынастары саласында аграрлық *бонапартизмге* қарай, либералдық (сөздің экономикалық мағынасында, яғни=буржуазиялық) саясат жағына қарай айтарлықтай терең «ойысқандық» болады. Бонапартизм дегеніміз өзінің ескі патриархтық немесе феодалдық, жай және тұтас, тірегін жоғалтқан монархияның жалтаруы,— бұл монархия құламас үшін әдісқойлық жасауға,— басқару үшін жағымпаздануға,— ұнау үшін сатып алуға,— тек найзаның ұшымен ғана жан сақтап отырмау үшін қоғамның азғындарымен, тура ұры-қарылармен ағайындасуға мәжбүр болып отыр. Бонапартизм дегеніміз монархияның буржуазиялық ел атаулының бәрінде де объективті-болмай қоймайтын эволюциясы; бұл эволюцияны Маркс пен Энгельс Европаның ең жаңа тарихының толып жатқан фактілеріне сүйеніп зерттеген. Ал Столыпиннің аграрлық бонапартизмі, осы мәселе жөнінде қаражүздік помещиктердің де, октябристік буржуазияның да әбден саналы және тапжылмастан табанды қолдап отырған бонапартизмі,— егер Россиядағы қауымның өзі капиталистік жолмен дамымаған болса, егер қауым ішінде самодержавие жағымпазданууды қолға алып, оларға: «байыңдар!», «қауымды топаңдар, бірақ мені қолдаңдар!» деп айта алатын элементтер үнемі қалыптаспаған болса, онда мұндай бонапартизм, міне екі жыл өмір сүргені былай тұрсын, тіпті тумаған да болар еді. Сондықтан столыпиндік аграрлық саясатқа баға бергенде, бір жағынан, оның бонапартистік тәсілдерін есепке алмай, екінші жағынан, оның буржуазиялық (=либералдық) мәнін есепке алмай баға берудің қай-қайсысы да сөзсіз қате болып шығар еді.

Мысалы, біздегі либералдар столыпиндік аграрлық саясат дегеніміз бонапартизм екенін өздерінің көмескі түсінетіндігін сол саясаттың полициялық сипатына соқтығу арқылы, шаруалардың тіршілігіне чиновниктік есуастық қол сұғуды және т. т. және т. с. айыптау арқылы білдіреді. Бірақ кадеттер біздің деревнядағы тұр-

мыс салтының «ежелгі» негіздерін күшпен қирату жөнінде жылағанда, олар *реакцияшыл* сары уайымшылдыққа салынады. Ескі орыс деревнясының негіздерін күшпен, революциялық жолмен қиратпайынша, Россияның дамуы мүмкін емес. Бұл зорлау помещикшіл монархияның шаруаларға зорлық жасауы бола ма әлде шаруа республикасының помещиктерге зорлық жасауы бола ма, күрес *тек* осы үшін болып келеді,— ал осы күреске қатысушылардың көбісі мұны түсінбейді. Бұл екі жағдайдың екеуінде де Россияда, ешқандай басқа аграрлық революция емес, буржуазиялық аграрлық революция болатыны *сөзсіз,* бірақ бірінші жағдайда баяу және азапты революция болады, ал екінші жағдайда жедел, ауқымды және ерікті революция болады. Жұмысшы партиясының осы екінші жол үшін күресетіні біздің аграрлық программада айтылып, мойындалған — оның қисынсыз «муниципализацияны» алға қоятын бөлімінде емес, *бүкіл помещиктік* жерді конфискелеу туралы бөлімінде айтылып, мойындалған. Осы *конфискелеу* жолындағы күрестің республика жолындағы күреспен байланысты екенін көрмейтін адамдар үш жылдың тәжірибесінен кейінгі жерде тек меньшевиктер арасынан ғана табылуы ықтимал. Егер столыпиндік аграрлық саясат өте-мөте ұзақ уақыт тұрақтай алған болса, егер ол деревнядағы жер жөніндегі қатынастардың бәрін таза буржуазиялық үлгімен біржолата қайта құра алған болса, онда бұл саясат бізді буржуазиялық қоғамдағы аграрлық программа атаулыдан бас тартуға мәжбүр ете алған болар еді (біздің аграрлық программадан *тіпті* меньшевиктер де, меньшевиктер арасындағы тіпті Череваниндер де, осы уақытқа дейін безе алған жоқ). Бірақ столыпиндік саясат енді бізге оз тактикамызды өзгертуге ешбір түрткі сала алмайды. Ал программада «бүкіл помещиктік жерді конфискелеу» көрсетілген болса, онда будан шығатын революциялық (сөздің тікелей және тар мағынасында) тактиканы тек сәбилер ғана байқамауы мүмкін. Және де мәселені былайша қою: егер столыпиндік саясат «күйреуге» ұшыраса, онда өрлеудің таянғаны деп қою және мұның керісінше қою дұрыс болмас еді. Бонапар-

тистік тәсілдердің күйрегені әлі қауымды кулактық жолмен күйзелту саясатының күйрегені деген сөз емес. Және де, мұның керісінше, Столыпиннің деревняда қазір және ең таяудағы жылдарда «табысқа жетуі» *істің байыбына келгенде* шаруалар ішіндегі күресті өшіруден гөрі, бұл күресті одан әрі қоздыра түседі, өйткені ұзақ, өте ұзақ жолдан басқаша жолмен «мақсатқа» жету мүмкін емес, яғни *таза* буржуазиялық шаруа шаруашылығын біржолата және толық баянды етуге жету мүмкін емес. Столыпиннің таяу жылдар ішінде «табысқа жетуі» ең тәуір дегенде саналы контрреволюциялық, октябристік шаруалар тобының дараланып шығуына жеткізе алар еді, ал ауқатты азшылықтың дәл осылайша саяси жағынан саналы біріккен күшке айналуы мұндай азшылыққа қарсы демократияшыл бұқараның саяси санасының және бірігуінің дамуына сөзсіз орасан зор қозғау салған болып табылар еді. Біз, социал-демократтар, «арамтамақтар» мен «қоғамның» стихиялық, бытыраңқы, ешбір мақсатсыз күресінің октябристер мен трудовиктердің саналы, ашықтан-ашық күресіне айналғанынан артық ештемені тілемес те едік.

Дума туралы мәселеге көшейік. Күмән жоқ, бұл қаражүздік-«конституциялық» мекеме де абсолюттік монархияның дәл сол бонапартизм жолымен дамығанын бейнелейді. Бонапартизмнің біз жоғарыда атап көрсеткен белгілерінің бәрі қазіргі сайлау заңынан да, октябристерді қоса қаражүздіктердің қолдан жасалған көпшілігінен де, Европаға еліктеген әрекеттен де, жұмсалуын «халық өкілдері» бақылап отырады-мыс дейтін заем құмарлықтан да, өзінің нақты саясатында Думаның күллі жарыс сөздері мен қарарларын самодержавиенің мүлде бұрмалап отырғанынан да өте айқын көрініп келеді. Іс жүзінде түгелдей үстемдік етіп отырған қаражүздік самодержавие мен буржуазиялық «конституцияның» бояма сырт көрінісі арасындағы қайшылық біртіндеп айқын көріне түсіп отыр, сөйтіп жаңа революциялық дағдарыстың элементтерін туғызып отыр. Дума арқылы самодержавиені бүркемелегісі, киіндіргісі, үлде мен бүлдеге бөлегісі келді; іс жүзінде қаражүз-

дік-октябристік Дума өзінің өмір сүрген әрбір күні өткен сайын біздің мемлекеттік өкіметтің шын сипатын, оның нағыз таптық тіректерін және оның бонапартизмін біртіндеп ашып, әшкерелеп, масқаралай түсіп отыр. Бұл жөнінде Энгельстің (1883 жылы 27 августа Бернштейнге жазған хатында [120]) абсолюттік монархиядан конституциялық монархияға *көшудің* маңызын тамаша терең көрсеткенін еске түсірмеске болмайды. Жалпы алғанда либералдар, әсіресе орыс кадеттері мұндай көшуден атышулы «бейбіт» прогрестің белгісін және осы прогрестің кепілдемесін көріп отырса, Энгельс мемлекеттің формасы ретінде, феодалдар мен буржуазияның *үзілді-кесілді* күресін оңайлататын форма ретінде конституциялық монархияның тарихи роль атқаратынын көрсетті. «Феодализмнің буржуазиямен күресінің,— деп жазды Энгельс,— ескі абсолюттік монархияда түпкі нысанаға жете алмай, тек конституциялық монархияда ғана (Англия; Франция 1789—1792 және 1815—1830 жылдары) жеткені сияқты, дәл солай буржуазияның пролетариатпен қарсы күресі де тек республикада ғана түпкі нысанаға жете алады». Оның бержағында Энгельс бұл арада 1816 жылғы Францияны да конституциялық монархия деп атап отыр, ол кезде атышулы Chambre introuvable, қаражүздік контрреволюциялық палатаның революцияға қарсы ақ террорды қолдауда долданып, құтырынғандығы соншалық, сірә, біздің үшінші Думадан кем түспеген болса керек. Сонда бұл не деген сөз? Энгельс революцияға қарсы күресте абсолютизмді қолдайтын помещиктер мен капиталистер өкілдерінің реакциялық жиналыстарын нағыз конституциялық мекемелер деп есептей ме? Жоқ. Мұның мәнісі — конституцияны бұрмалаушы мекемелер нағыз конституция жолындағы күресті қоздыратын және жаңа *революциялық* дағдарыстардың даму кезеңі болып есептелетін тарихи жағдайлар да болып тұрады деген сөз. Біздегі революцияның алғашқы науқанында халықтың көпшілігі нағыз конституцияны самодержавиемен ымыраластыру мүмкіндігіне әлі сенетін-ді; кадеттер өздерінің бүкіл саясатын халықта осы сенімді үнемі қолдап отыруға негіздеді, трудовиктер бұл жөнінде кем де-

генде жарым-жартылап кадеттердің соңынан ерді. Қазір самодержавие қандай «конституциямен» «ымыраға келетінін» өзінің үшінші Думасы арқылы халыққа тәжірибе жүзінде көрсетті, сөйтіп мұнысы арқылы *самодержавиеге қарсы* неғұрлым ауқымды және неғұрлым үзілді-кесілді күресті жақындата түсіп отыр.

Бұдан, тегінде, мынадай: біздің «самодержавие жойылсын» деген ескі ұранымызды «үшінші Дума жойылсын» деген ұранмен ауыстыру мүлде дұрыс болмас еді деген қорытынды туады. «Дума жойылсын» деген сияқты ұран қандай жағдайларда маңызды болар еді? Айталық, біздің алдымызда тікелей азамат соғысына тақап, қазір-ақ пісіп жетіліп, барынша асқынған революциялық дағдарыс заманы тұсындағы либерал, реформашыл, келісімпаз Дума тұр делік. Мұндай кезеңде «Дума жойылсын», яғни патшамен бейбіт келіс сөздер жүргізу жойылсын, алдамшы «бейбіт» мекеме жойылсын, тікелей шабуылға шақырамыз деген ұранның болуы әбден ықтимал. Мұның керісінше, біздің алдымызда тұрған дәурені өткен сайлау правосы негізінде сайланған барып тұрған реакцияшыл Дума делік және елде мейлінше асқынған революциялық дағдарыс та жоқ делік; онда «Дума жойылсын» деген ұран сайлау реформасын жасау жолында күресу ұраны бола алар еді. Біз өзімізде осы екі жағдайға да ұқсас ештеңе көрмей отырмыз. III Дума — келісімпаз Дума емес, тура контрреволюцияшыл Дума, самодержавиені бүркемелейтін Дума емес, оны әшкерелейтін Дума, қай жағынан болса да дербес роль атқармайтын Дума: ол прогрестік реформалар жасайды деп ешкім де, еш жерде де күтіп отырған жоқ; патша өкіметінің шын өктемдігі мен күшінің қайнар көзі шонжарлардың осы жиналысында деп ешкім де ойламайды. Патша өкіметінің оған сүйенбейтініне, бірақ оны пайдаланатынына,— патша өкіметі өзінің бүкіл қазіргі саясатын мұндай Думаны шақыруды кейінге қалдырған күнде де (1878 жылы Түркияның парламентті шақыруды «кейінге қалдырғаны» сияқты[121]), Думаны «Земство жиынымен» немесе сол сияқты бірдемемен және т. т. ауыстырған күнде де жүргізе бере алатындығына жұрттың бәрі келіседі. «Дума жойыл-

сын» деген ұранның мәнісі негізгі күресті дербес емес, шешуші емес, ең басты рольді атқармайтын мекемеге шоғырландыру болып шығар еді. Мұндай ұран дұрыс емес. Біз «самодержавие жойылсын» және «Құрылтай жиналысы жасасын» деген ескі ұранды сақтап қалуға тиіспіз, өйткені нақ самодержавиенің өзі нағыз өкімет болып, реакцияның нағыз тірегі мен сүйеніші болып қала беруде. Самодержавиенің құлауы, патша өкіметі мекемелерінің бірі ретінде, сөз жоқ III Думаны (және оның үстіне революциялық жолмен) жою болып табылады; III Думаның құлауының мәнісі, өзін жеке алғанда, не сол самодержавиенің жаңа авантюрасы болып шығар еді, не сол самодержавиенің өзі қолданайын деп отырған тек алдамшы және бояма реформаны жасауға әрекеттенгені болып шығар еді*.

Ілгері барайық. Біз саяси партиялардың таптық тегінің алғашқы революциялық науқанның үш жылы ішінде ғажап күшпен және айқын анықталғанын көрдік. Осыдан келіп: саяси күштердің қазіргі арақатынасы туралы, осы арақатынастың өзгеріске ұшырау бағыты және т. т. туралы пайымдаулардың бәрінде де, абстрактылы «жалпы пікірлермен» санаспай, тарихи тәжірибенің осы нақты деректерімен санасу қажет деген қорытынды шығады. Таптық топтарға және ірі саяси партияларға бөлінудің, кейіннен тіпті ең ұзақ уақытқа созылатын тоқырау дәуірінде де тұрақты келетін, терең және берік негіздері нақ тікелей революциялық күрес дәуірлерінде қалыптасатынына европалық мемлекеттердің бүкіл тарихы айғақ болып отыр. Кейбір партиялардың астыртын жағдайда болуы, өзін білдірмей қоюы, саяси сахнадан жоғалып кетуі мүмкін, бірақ болмашы жандану болған күнде негізгі саяси күштер, бәлкім, формасы өзгеріп сөзсіз қайта шығады, бірақ белгілі бір сәтсіздікке ұшыраған революцияның объективті міндеттері әзірше шешілмей тұрғанда өз қызметінің сол баяғы сипаты мен бағытын сақтап шығатыны даусыз. Сондықтан,

* Біз келесі номерде «думалық» тактика туралы мәселенің екінші жағын қарастырамыз және шақырымпаз жолдастың *«Рабочее Знамяның»* 5-номеріндегі «хатын» талдаймыз. (Қараңыз: осы том, 318—337-беттер. *Ред.)*

мысалы, трудовиктік ұйымдар жергілікті орындарда жоқ болғандықтан, ал III Думадағы трудовиктер тобы тым сасқалақтауымен және дәрменсіздігімен көзге түсіп отырғандықтан, сондықтан да демократиялық шаруалар бұқарасы қазірдің өзінде мүлде бытырап кетті және жаңа революциялық дағдарыстың өршу процесінде елеулі роль атқармайды деп ойлау асқан көрсоқырлық болар еді. Мұндай көзқарас барып тұрған абыройсыз «парламенттік кретинизмге» қарай онан сайын біртіндеп сырғанап кетіп бара жатқан меньшевиктерге ғана лайықты (ең болмағанда осылардың құпия партия ұйымына қарсы нағыз масқаралық, ренегаттық әрекеттерін-ақ алып қараңызшы). Біздегі қаражүздік Думадағы былай тұрсын, тіпті мінсіз буржуазиялық парламенттің өзіндегі өкілдіктің жағдайлары әр түрлі таптардың шын күші мен сол күштің өкілдік мекемедегі көрінісі арасында жасанды сәйкессіздік болуын әрқашан туғызып отыратынын марксистер білуге тиісті. Мысалы, либерал-буржуазиялық интеллигенция өзінің іс жүзіндегі жағдайымен салыстырғанда парламенттерде әрқашан және барлық жерде жүз есе күштірек болып көрінеді (біздегі революцияда да оппортунист социал-демократтар кадеттерді қалай болып көрінсе, сол кейпінде таныды) және, мұның керісінше, ұсақ буржуазияның мейлінше қалың демократиялық топтары (қаладағылары — 1848 жылғы буржуазиялық революциялар заманында, деревнядағылары — бізде) парламенттердегі өздерінің өкілдігі тұрғысынан қарағанда мүлде түкке тұрғысыз болса да, бұқараның ашық күресінде өзін көп ретте төтенше маңызды фактор ретінде көрсетіп келеді.

Біздің шаруалар революцияға енгенде саналылығы жөнінен, бір жағынан, либерал буржуаға қарағанда және, екінші жағынан, социалистік пролетариатқа қарағанда, әлдеқайда төмен болды. Сондықтан олар революциядан басқалардан гөрі ауыр, бірақ пайдалы торығумен шықты, басқалардан гөрі неғұрлым ащы, бірақ өзін құтқарарлық сабақтар алды. Олардың бұл сабақтарды өте қиын және тым баяу меңгеріп отырғандығы әбден табиғи нәрсе. Мұнымен бірге интеллигенция іші-

нен шыққан «радикалдардың» көбі бір-біріне қолды бірақ сермеп, шыдамынан айрылатыны, ал социал-демократтар ішінен кейбір мещандардың, қайдағы бір шаруалар демократиясын айтқанда, беттерінде жиіркеніп тыжырыну пайда болатыны, бірақ оның есесіне «көзі ашық» либералдарды бір көргеннің өзінде сілекейлері шұбыратыны әбден табиғи нәрсе. Алайда саналы пролетариат 1905 жылдың күзі мен қысында өзінің нені көргенін және өзінің не нәрсеге қатысқанын жадынан соншалықты оңай шығарып жібермейді. Сондықтан, біздің революциядағы күштердің арақатынасын есепке ала отырып, біз қазіргі Россияда шын мәнінде ауқымы кең қоғамдық өрлеудің, шын мәнінде тақап келе жатқан революциялық дағдарыстың міндетті белгісі шаруалар арасындағы қозғалыс болып табылатыны сөзсіз екенін білуге тиіспіз.

Біздегі либерал буржуазия контрреволюциялық жолға түсті. Мұны тек батылсынған Череваниндер ғана және «Голос Социал-Демократаның» өз пікірлесі мен серіктесінен безіп отырған қорқақ редакторлары ғана теріске шығаруы мүмкін. Бірақ, егерде буржуазиялық либералдардың осы контрреволюцияшылдығынан біреу бұлардың оппозициясы мен наразылығының, бұлардың қаражүздік помещиктермен жанжалдарының немесе буржуазияның әр түрлі фракцияларының өзара жалпы бәсекесі мен күресінің жаңа өрлеудің өсу процесінде ешқандай маңызы болмайды деп қорытынды шығарса, онда мұның өзі зор қателік және өңі айналдырылған нағыз меньшевизм болып шығар еді. Басқа елдердің тәжірибесі сияқты, орыс революциясының тәжірибесі де мынаны даусыз дәлелдейді: терең саяси дағдарыстың объективті жағдайлары бар болып отырғанда, онда ең ұсақ және, былай қарағанда, революцияның нағыз ошағынан анағұрлым алыста болып көрінетін жанжалдардың сылтау ретінде, асып төгілетін тамшы ретінде, пиғылдағы бет бұрыстың және т. т. бастамасы ретінде ең елеулі маңызының болуы ықтимал. 1904 жылғы земство науқаны және либералдардың петициялары 9 январь секілді сондай айрықша және таза пролетарлық «петицияның» бастамасы болғанын еске сала кетейік.

Большевиктер земство науқаны жөнінде таласқанда, оны пролетариат демонстрациялары үшін пайдалану керектігіне қарсы таласқан жоқ, қайта бұл демонстрацияларды земство жиналыстарының залдарымен шектегісі келгендерге (біздегі меньшевиктер осыны көздеді) қарсы, земствошылар алдындағы демонстрацияларды демонстрациялардың жоғарғы түрі деп жариялауға қарсы, демонстрациялар жоспарларының либералдарды қорқытып алмау тұрғысынан жасалуына қарсы таласты. Екінші мысал: студент қозғалыстары. Буржуазиялық-демократиялық революция заманын бастан кешіріп отырған елде, тұтанғыш материал үстемелеп жиналып жатқан жағдайда, бұл қозғалыстар мемлекеттік басқарудың бір саласында іс жүргізу салдарынан болатын ұсақ, ішінара жанжалдан гөрі әлдеқайда әрірек баратын оқиғалардың оп-оңай-ақ бастамасы болып кетуі ықтимал. Әрине, социал-демократия пролетариаттың дербес таптық саясатын жүргізгенде, студенттік күреске де, жаңа земстволық съездерге де, буржуазияның жанжалдасып қалған фракцияларының мәселе қойысына да ешқашан бейімделмейді, осы от басы жанжалына ешқашан артық маңыз бермейді және т. с. Алайда нақ социал-демократтар партиясы бүкіл азаттық күресіндегі басшы таптың партиясы болып табылады, ол жанжал атаулының қандайын болса да және бәрін пайдалануға, соларды қоздыруға, солардың маңызын арттыра түсуге, революциялық ұрандар жолындағы өзінің үгітін сол жанжалдармен ұштастыруға, сол жанжалдар туралы хабарды қалың бұқара арасына таратуға, сол бұқараның өзінің меншікті талаптарын қоя отырып дербес және ашық бой көрсетуіне қозғау салып отыруға сөзсіз міндетті және т. т. Францияда 1793 жылдан кейінгі жерде контрреволюциялық либерал буржуазия туып, үздіксіз өсе бастады, бірақ, соның өзінде, әлгі буржуазияның түрлі фракцияларының жанжалдары мен күресі осыдан кейін жүз жыл бойына біресе бір формада, біресе екінші формада жаңа революциялардың себептері бола берді; ал пролетариат ол революцияларда басты қозғаушы күш ролін үздіксіз атқарумен болды және ол

революцияларды республиканы жеңіп алуға дейін *жеткізді.*

Енді біздегі буржуазиялық-демократиялық революциядағы осы басшы және алдыңғы қатарлы таптың — пролетариаттың тегеурінді күресінің жағдайлары туралы мәселені қарастырайық. Москвалық жолдастар бұл мәселені талқылады және мұның өзінде өнеркәсіп дағдарысының түбегейлі маңызын әбден дұрыс атап көрсетті. Олар бұл дағдарыс жөнінде өте-мөте қызықты материал жинады, Москваның Лодзьбен күресінің маңызын ескерді, осыған дейін басым болып келген кейбір түсініктерге бірқатар түзетулер енгізді. Енді осы материалдың Москва комитетінің немесе Москва облыстық комитетінің комиссияларында жатып қалмай, қайта оны өңдеп, бүкіл партия болып талқылау үшін баспасөз бетіне шығаруға тілек білдіру ғана қалады. Біз, өз тарапымыздан, мәселенің *қойылысы* туралы бірнеше ескерту жасаумен тынамыз. Сөз арасында айта кетейін, дағдарыстың бет алған бағыты талас туғызып отыр (жалпы жұрттың мойындауы бойынша, біздегі өнеркәсіпті өте қысқа және шамалы жанданудан кейін дағдарыспен шектесетін ауыр депрессия жайлап отыр). Біреулер: жұмысшылардың экономикалық-тегеурінді күресі бұрынғысынша мүмкін емес, демек, таяуда революциялық өрлеу де мүмкін емес дейді. Енді біреулер: экономикалық күрестің мүмкін еместігі саяси күреске түрткі салады, сондықтан да таяуда революциялық өрлеу сөзсіз болады дейді.

Біз осы екі пікірдің екеуінің негізінде де күрделі мәселені қарабайырлап жіберетін бір терістік бар деп ойлаймыз. Өнеркәсіп дағдарысын тәптештеп зерттеудің мейлінше маңызды мәні бар екендігіне күмән жоқ. Бірақ дағдарыс туралы ешқандай деректер, тіпті мүлтіксіз дәл деректердің өзі де, шынында революциялық өрлеудің таяуда болатыны немесе болмайтыны жөніндегі мәселені шеше алмайтындығы да күмәнсыз, өйткені бұл өрлеу басқа да мыңдаған факторларға байланысты, ал ол факторларды алдын ала есептеу мүмкін емес. Елдегі аграрлық дағдарыс пен өнеркәсіптегі депрессияның ортақ негізі болмайынша, терең саяси дағдарыстар бо-

луы мүмкін емес, бұл да даусыз. Бірақ ортақ негіздің бар екендігінен депрессия жалпы алғанда жұмысшылардың бұқаралық күресін бірсыпыра уақыт бөгей ме әлде оқиғалардың *белгілі бір сатысында сол* депрессияның өзі бұқараның жаңа топтарын және жаңа күштерді саяси күреске қозғай ма, ол жөнінде қорытынды жасауға әлі болмайды. Мұндай мәселені шешу үшін тек бір-ақ жол болуы мүмкін: елдегі бүкіл саяси өмір тамырының соғуын және әсіресе қалың пролетарлық бұқараның қозғалысы мен пиғылының жайын зейін сала бақылап отыру керек. Мысалы, соңғы уақытта партия қызметкерлерінің Россияның түрлі түкпірлерінен, өнеркәсіпті және егіншілік өңірлерінен, берген бірқатар хабарлары пиғылдардың күмәнсыз жанданғанын, жаңа күштердің қосылғанын, үгітке деген ынтаның күшейгенін және т. т. көрсетіп отыр. Бір жағынан, студенттердің бұқаралық толқуларының басталғанын, екінші жағынан, земство съездерін тірілту әрекеттерін осымен салыстыра отырып, біз соңғы бір жарым жылда болған толық тоқырауды бұзып отырған белгілі бір бет бұрысты атап айта аламыз. Бұл бет бұрыстың қаншалықты күшті екенін, оның ашық күрестің жаңа заманының бастамасы болатынын не болмайтынын және т. т.,— мұны фактілер көрсете жатар. Біздің қазір істей алатын барлық ісіміз, біздің қалай болғанда да барлық істеуге тиісті ісіміз — құпия партия ұйымын нығайту үшін және пролетариат бұқарасы арасындағы үгітті еселеп күшейту үшін барынша күш салу. Бұқараның шын пиғылын тек кең көлемді үгіт қана көрсете алады, партия мен бүкіл жұмысшы табы арасындағы тығыз өзара қимыл бірлігін тек үгіт қана жасай алады, әрбір стачканы да, жұмысшы өмірінің әрбір ірі оқиғасын да немесе мәселесін де, билеуші таптардың ішіндегі жанжалдардың бәрін немесе осы таптардың белгілі бір фракциясының самодержавиемен арадағы жанжалдарының бәрін, социал-демократтардың Думадағы әрбір сөйлеген сөзін де, үкіметтің контрреволюциялық саясатының әрбір жаңа көрінісін де саяси үгіттің мақсаты үшін пайдалану ғана және т. т.— тек осы жұмыс қана революцияшыл пролетариаттың қатарын қайтадан топтастыра-

ды, жаңа және неғұрлым батыл шайқастарға керекті жағдайлардың пісіп-жетілу шапшаңдығы туралы пікір айту үшін дұрыс материал бере алады.

Қорытайық. Революцияның қорытындыларын және бастан кешіріп отырған кезеңнің жағдайларын шолу революцияның объективті міндеттерінің шешілмегенін анық көрсетеді. Самодержавиенің аграрлық саясатының да, оның, Думадағы болсын, сол сияқты Думаның көмегімен болсын, жалпы саясатының да бонапартизмге қарай ойысқаны, бір жағынан, қаражүздік самодержавие мен «тағы помещиктің» үстемдік етуі және, екінші жағынан, бүкіл елдің экономикалық және қоғамдық дамуының қажеті арасындағы қайшылықты тек шиеленістіріп, ұлғайта түседі. Деревня бұқарасына полициялық-кулактық жорық бұқараның өз ішіндегі күресті шиеленістіре түседі, сөйтіп бұл күресті саяси саналы күреске айналдырады, былайша айтқанда, самодержавиеге қарсы күресті әрбір деревняның күнделікті және көкейтесті мәселелеріне жақындата түседі. Аграрлық мәселеде революциялық-демократиялық талаптарды (бүкіл помещиктік жерді конфискелеу) қорғау мұндай кезеңде социал-демократия тарапынан ерекше қажет. Қаражүздік октябристік Дума самодержавиенің қандай «конституциямен» «ымыраласа» алатынын айқын және тәжірибе жүзінде көрсете отырып, елдің экономикалық дамуының мұқтаждарын тіпті ең тар шеңберде болса да қамтамасыз ету мәселесінің бірде-бірін шешпестен, «конституция жолындағы» күресті *самодержавиеге қарсы* революциялық күреске айналдырып отыр; буржуазияның жеке фракцияларының өзара және үкіметпен арадағы жеке жанжалдары мұндай жағдайда осындай күрестің нақ жақындай түсуіне бастап келеді. Деревняның қайыршылануы, өнеркәсіптегі депрессия, қазіргі саяси жағдайдың тұйыққа тірелгендігін және атышулы «бейбіт-конституциялық» жолдың үмітсіздігін жаппай ұғыну революциялық дағдарыстың жаңа элементтерін үстемелеп туғыза түседі. Біздің қазіргі міндетіміз: қайдағы бір жаңа ұрандарды («самодержавие жойылсын!» деген ұранның орнына «Дума жойылсын!» деген сияқты) әдейі ойлап шығаруда емес, қайта құпия партия

ұйымын (ол ұйымды жерлеп отырған меньшевиктердің реакциялық байбаламына қарамастан) нығайтуда және партияны пролетариат бұқарасымен біріктіріп, бұл бұқараны жұмылдыра түсетін кең революциялық-социал-демократиялық үгітті дамытуда болып отыр.

«Пролетарий» № 38,
(14) 1 ноябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВ ПЕН К^0 РЕВИЗИОНИЗМДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАП ОТЫР

«Голос Социал-Демократа» редакциясының, яғни Плеханов пен К^0-нің «Пролетарийдің» 37-номерінде біз талдаған Маслов жолдастың хатына* ескертуі «Голос Социал-Демократаның» 8—9-номеріне «Қосымша» ретінде жеке листок болып жарыққа шықты.

Көлемі «Пролетарийдің» жарты бағанасына жуық бұл «Ескерту» орыс социал-демократтарының көңіл аударуына тұрады, өйткені Плеханов пен К^0-нің ұсақ фракциялық мүдделерге бола, мейлінше лайықсыз софизмдердің көмегімен теориялық ревизионизмді *қорғауға* дейін қалай жеткенін көрсетеді. Міне фактілер.

«Біздер — марксизмді *қайта қараудың* (ревизиялаудың) ең батыл және мүлде ымыраға келмейтін дұшпандарымыз, бұл қайта қарау батыс европалық буржуазия идеологтарының реакциялық ықпалымен істеліп жатыр және Маркс пен Энгельстің философиялық, әлеуметтік және экономикалық ілімінің негіздерін әлсіретуге тырысып отыр». Ескертудің алғашқы сөздері осындай. «Ең батыл және мүлде ымыраға келмейтін дұшпандар» — шынында да, бұдан артық кесіп айту мүмкін бе? Плеханов пен К^0-нің *уәделеріне* бұдан гөрі лепірме тұжырымды іздеп табу қиын.

Бірақ... мәселенің түйіні дәл мынада: *Маслов жөнінде* (ал Плеханов пен К^0 нақ Масловтың мақаласы жөнінде, нақ Масловтың ревизионизмі туралы мәселе жө-

* Қараңыз: осы том, 273—282-беттер. *Ред.*

нінде ескерту жазып отыр) ревизионизмге қарсы біздің «ымыраға келмейтін» дұшпандардан тамаша «бірақ» табылып отыр.

«Бірақ біздер еш уақытта да марксизмнің сектанттары болған емеспіз,— деп мәлімдейді Плеханов пен К°,— өйткені белгілі бір мәселелер жөнінде Маркс пен Энгельстен ажырасуға болатындығын, ажырасқанда олардың көзқарасынан таймау былай тұрсын және олардың методын теріске шығармау былай тұрсын, тіпті сол көзқарасқа да, методқа да әбден адал бола отырып, ажырасуға болатындығын біздер жақсы түсінеміз». Мысал келтірілген: Кунов, социал-демократ, «матриархаттың шыққан тегі туралы» мәселе жөнінде «Энгельспен ішінара ажырасты»; бірақ «оны осы негізге сүйеніп, ревизионист деп жариялау тек ауру адамның ғана ойына келуі мүмкін».

«Маркстің рента туралы ілімі жөніндегі Маслов жолдастың көзқарастарына біздің пікірлеріміз де осы айтылғандармен белгіленіп отыр. Біз бұл көзқарасқа қосылмаймыз («Голос Социал-Демократаның» ескертуі: «Маслов жолдастың абсолюттік рента туралы ілімге жасаған түзетуімен өзінің келіспейтіндігі жөнінде Мартынов жолдас «Голостың» 1-номерінде арнаулы ескерту жасады»), бірақ біз одан ревизионизмді көрмей отырмыз...»

Плеханов пен К°-нің пайымдауларының бет алысы оқушыға енді айқын болып отыр. Біздер — «ревизионизмнің мүлде ымыраға келмейтін дұшпандарымыз», *бірақ* — «біздер одан (абсолюттік рента теориясына Масловтың көзқарасынан) ревизионизмді көрмей отырмыз». Ревизионизм Маркстің ілімі негіздерін әлсіретеді, ал Маслов болса, Markспен жеке мәселе жөнінде ажырасып отыр, Плеханов пен К°-нің Г. Куновты мысалға келтіріп, біржолата түсіндіріп отырған қорғауы осындай.

Біз азды-көпті ойлау қабілеті бар және азды-көпті әділ оқушыдан: бұл да софизм емес пе? деп сұраймыз. Маркстің абсолюттік рента теориясы «жеке мәселе» деп жарияланады! Рента теориясы жөніндегі ажырасу мен Куновтың матриархаттың шыққан тегі жөнінде Энгельспен «ішінара ажырасу» фактісі *салыстырылып* отыр!! Плеханов пен К° өздерінің осындай түсініктермен ал-

дандырып отырған өз меньшевиктерін, сірә, кішкентай балалар деп есептейтін болса керек. Өзін өзі және өз жұртшылығын мүлде сыйламаған жағдайда ғана өте маңызды принципті мәселелер жөнінде клоунның осындай тәсілдерін қолдануға өзіңе еркіндік беруге болады. Өйткені Плехановтың өзі (және K^0) өзінің түсінігін ревизионизмді Маркс пен Энгельс ілімінің *негіздерін* әлсірету деп атаған салтанатты сөздермен бастап отыр ғой. Сонда немене? Плеханов пен K^0 Маслов жөнінде *бұл* қағидадан бас тарта ма? Бас тарта ма, жоқ па? Әлде Плеханов пен K^0 өз ескертуін өздерінің пікірлерін *жасыру* үшін жазған ба?

Маслов өзінің бірсыпыра мақалаларында және өзінің «Аграрлық мәселесінің» бірсыпыра басылуларында былай деп мәлімдеді: 1) Маркстің абсолюттік рента теориясы теріс; 2) мұндай теорияның жарыққа шығуын III томның «алғашқы нұсқалық» сипатымен түсіндіруге болады; 3) «топырақ құнарлылығының кеми беруі» бұл *факт;* 4) егер абсолюттік рента теориясы дұрыс болып, «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» дұрыс болмаса, онда Россиядағы халықшылдар және бүкіл дүние жүзіндегі ревизионистер дұрыс айтқан болып шығар еді.

«Пролетарийдің» бұл мәселе жөнінде айтыс басталған мақаласында Масловқа қарсы дәл осы төрт пункт көрсетілген болатын. Ал Плеханов пен K^0-нің қалай істегенін көріңіз: біріншіден, олар рента туралы мәселемен ғана жай шектеле салды, яғни басқа мәселелер жөнінде мүлде үндемеді. Бұл ревизионизмді қорғағандық емес пе? Құнарлылықтың кеми беру заңының да, «фактінің» де қисынсыздығы туралы Маркстің ілімін қайта караудың «батыс европалық буржуазия идеологтарының реакциялық ықпалымен істеліп отырғандығын» Плеханов пен K^0 теріске шығаруды ойламай ма екен? Екіншіден, абсолюттік рента туралы ілім матриархаттың шыққан тегі жөніндегі жеке мәселеге, ажырасуға («ішінара») теңестіріліп отыр!

Бұл айлакерлік, мырзалар! Ал сіздер осы айлакерлік арқылы өздеріңіздің жұрт алдында ревизионизмді қорғағандығыңызды бүркемелеп отырсыздар. Өйткені аб-

солюттік рентаны мойындау және құнарлылықтың кеми беру заңын (немесе «фактісін») теріске шығару Маркстің аграрлық мәселе саласындағы экономикалық ілімінің *«негізі» емес* деп тура айтуға *сіздердің батылыңыз жетпей отыр.* Сіздер Марксті Масловқа бейімдеп, Маркс *ілімінің* нақ *негізін* Маслов *үшін* «ішінара ажырасу» деп жариялап, «өз адамсымағыңызды» қорғап отырсыздар. Сіздер бұл арқылы Маркстің экономикалық *теориясын* «ішінара нәрсеге» жатқызуға, матриархаттың шыққан тегі туралы мәселемен салыстыруға келісумен өз адамдарын еліктіріп отырған меньшевик теоретик-Фамусовтар туралы «Пролетарийдің» 33-номерінде* айтылғандарды растап отырсыздар.

Плеханов пен $К^0$ — «ревизионизмнің ымыраға келмейтін жаулары»,— бірақ сіз меньшевик болсаңыз, онда бұл үрейлі сөздерден қорықпай-ақ қойыңыз! ««Голос» редакциясына» барыңыз, ымыраға келмейтіндік дегеніміз меньшевиктер үшін әбден ымыраласу екеніп, ымыраласу екені соншалық, «теорияны әлсірету» дегенді «матриархаттың шыққан тегі туралы ажырасумен» салыстыруға редакцияның келісетінін біліп қойыңыз. Индульгенция онша қымбатқа сатылмайды, сауда жарияланды, рақым етіңіз, құрметті жұртшылық!

Алайда ілгері барайық. Біз Масловтың рента туралы көзқарасына қосылмаймыз,— деп мәлімдейді Плеханов пен $К^0$. Мартынов мұны бұрын ескерткен-ді,— деп жазады олар. «Пролетарий» редакциясының «Масловтың сақтаушы періштесі» деп атаған «адамы» (яғни Плеханов) «біздің аграрлық программаға тығыз қатысы бар мәселелер жөнінде Маслов жолдаспен талай рет (тыңдаңыз!) *баспасөз бетінде таласқан-ды»* (курсив «Голостыкі»).

Плеханов пен $К^0$-нің «ескертуінде» осылай, дәл осылай басылған!

Меньшевик жолдастар, бекерге шығаруды жазуды өз редакцияңыздан үйреніңіздер. Сіздерге өзінше бір тамаша үлгісымақ беріліп отыр. Әңгіме ревизионизм туралы болып отыр, талас туғызған партия органында өзі-

---

* Қараңыз: осы том, 199—200-беттер. *Ред.*

нің бірқатар оппоненттерін мырзалар деп атауға Плехановты мәжбүр еткен теориялық ымыраға келмеушілік пе әлде *тек* ұсақ фракциялық өшпенділік пе деген жағдай еді, ал «бекерге шығаруда» былай делінген: Плеханов Масловпен «баспасөз бетінде талай таласты», бірақ *рента туралы емес және* Маркстің теориясынан Масловтың шегінуі туралы *емес*.

Осындай тәсілдерді сипаттау үшін парламенттік сөз іздеп табуға бола ма? Теориялық таластарды сүйетін және бұл таластарды кей кезде науқанға айналдыра білетін Плеханов Масловтың ревизионизмі неде екендігі туралы, яғни абсолюттік рентаны теріске шығарғандығы туралы, бұл «теорияны алғашқы нобай» деп мойындау туралы, құнарлылықтың кеми беру «фактісін» қорғауы туралы, Маслов Маркcті теріске шығармаған болса, халықшылдар мен ревизионистердің пікірлері дұрыс болып шыға алар ма еді деген туралы Масловпен тіпті *бір рет те таласқан емес*. Плеханов *бұл туралы* бір рет те таласқан емес, ол мүлде басқа нәрсе туралы таласты, атап айтқанда, жеке нәрселер жөнінде таласты, бұл жеке нәрселерді қазір меньшевизмнің Тартюфтері[122] «біздің аграрлық программаға тығыз қатысы бар нәрселер» деген іздесе тапқысыз бұлдыр, оқушыны әдейі адастыратын, дипломатиялық тәсілмен шатастырылған сөздердің тасасына жасырып қойды!!

Шынында да, тамаша емес пе? Ревизионизмді қорғаудың осындай бастамасымен Плеханов пен К⁰-ні қалай құттықтамассың. Бұл арада Клемансо сияқты саясат құмарларды қалай еске түсірмессің. Клемансо — реакцияның «ымыраға келмейтін» жауы, ол онымен «талай таласты», бірақ қазір реакция өз дегенін істеп отыр, ал Клемансо болса ескерту жасайды және... жағынып қызмет етеді. Плеханов—ревизионизмнің «ымыраға келмейтін» жауы. Плеханов Масловпен «талай таласты» (Масловтың ревизионизмінен *басқа* нәрсенің бәрі туралы таласты). Ал қазір Маслов Маркске қарсы жазып отыр, Маслов Маркстің теориясына қарсы өз дәлелдерін «Голостың» беттерінде қайталап отыр, ал Плеханов пен К⁰ болса, тек *ескертулер жасап* отыр!

Әдебиетші мырзалар, индульгенция сатып алыңыздар, меньшевикке жазылыңыздар. Редакция «келіспейді» деп ескерту жасап,— «Голостың» беттерінде Маркстің құн теориясын да теріске шығаруға сіздерге ертең мүмкіндік береді...

Плеханов пен К° сол ескертуде бізден былай деп сұрайды: «Национализацияны теріске шығаратын программа мен Масловтың абсолюттік рента туралы пікірлерінің байланысы туралы «өз ойын негіздеуге» «Пролетарий» әрекеттенбес пе екен? Әрекеттенгенде қандай, «ымыраға келмейтін» құрметтілер. Бастамасы үшін міне сіздерге қысқаша бірінші *негіздеу:*

Маркстің абсолюттік рента теориясын түсінбей тұрып, капиталистік қоғамның өндіргіш күштерінің дамуына кедергі ретінде жерге жеке меншіктің маңызын түсінуге бола ма?»

Иә, «ымыраға келмейтін» Плеханов пен К°, Масловпен ақылдасып көріңіздер, сөйтіп сіздерге өздеріңіз күтіп отырған негіздеуіңізді беретін *осы* сұраққа жауап беріңіздер!

«Пролетарий» № 39, (26) 13 ноябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ ХАТ ЖАЙЫНДА

«Пролетарийдің» бұл номерінде біз, біріншіден, шақырымпаз жұмысшының [123] «Рабочее Знаманың» 5-номерінде ескерту жазылып басылған хатын жариялап отырмыз, бұл ескертуде «Рабочее Знамя» редакциясы мұндай көзқарастарды жақтамайды және бұл хатты айтыс ретіндегі мақала деп қарайды делінген; екіншіден, Петербург жұмысшысы Михаил Томскийдің біздің газетке жаңа ғана жіберілген хатын басып отырмыз. Бұл хаттың екеуін де біз толық келтіреміз. Не ана хаттың, не мына хаттың кейбір жерлерін немесе сөйлемдерін әдейі үзіп алып, оларды қалай болса солай түсіндіруге, хаттарын өте-мөте қолайсыз астыртын жағдайларда асығыс жазған екі автордың ойына да келмеген қорытындылар жасауға дейін баратын қасекі сыншылардың табылып қалуы мүмкін екенін біз жақсы білеміз. Бірақ мұндай сыншыларға назар аударудың қажеті жоқ. Ал Россияда қазіргі жұмысшы қозғалысының жағдайы мен социал-демократияның жағдайын шындап білгісі келген адам біздің саналы жұмысшылардың арасындағы *екі ағымды* суреттеу үшін осы екі хаттың да тамаша нәрсе екендігіне бізбен, сірә, келісетін болар. Петербург пен Москваның социал-демократиялық ұйымдарының бәрінің өмірінде бұл екі ағым әрбір адым сайын өздерін байқатып отыр. Ал енді тікелей және ашықтан-ашық немесе жасырын түрде және қылымси отырып партияны жоққа шығарып жүрген үшінші ағым, меньшевизм ағымы, жергілікті ұйымдардың ішінде мүлде дерлік

болмай отырғандықтан біз былай дей аламыз: осы көрсетілген екі тенденцияның қақтығысуы партиямыздың *бүгін таңдағы көкейтесті* мәселесі болып табылады. Міне сондықтан да «екі хатқа» барынша толық тоқталу қажет.

Біздің партиямыздың тек ұйымдық дағдарысты ғана емес, сонымен қатар идеялық-саяси дағдарысты да басынан кешіріп отырғандығын екі автор да мойындайды. Мұның өзі факт, мұны жасырып қалу қисынсыз болар еді. Оның болып отырған себептерін және онымен күресудің құралдарын анықтап түсініп алу керек.

Петербургтіктен бастайық. Оның ойынша, дағдарыстың екі түрлі себебі бар екені бүкіл хатынан анық көрініп тұр. Бір жағынан, жұмысшылардың өз арасынан шыққан социал-демократиялық басшылардың жетімсіз болуы мынаған әкеп соқты: партиядан интеллигенттердің жаппай дерлік қашуы көп жерлерде ұйымның ыдырап кетуін, ауыр репрессиялардан, еңсе түсушіліктен, бұқараның шаршап-шалдығуынан сиреп қалған қатарды жинастырып, топтастыра алмаушылықты туғызды. Екінші жағынан, автордың ойынша, бізде насихат пен үгіт «ағымдағы кезеңге» мейлінше асыра назар аудара отырып жүргізілді, яғни ол социализмді уағыздауға, пролетариаттың социал-демократиялық санасын тереңдетуге емес, қазіргі көкейтесті революциялық тактика мәселелеріне шоғырландырылды. «Жұмысшылар революционер, демократ бола бастады, бірақ социалист болған жоқ», сондықтан жалпы демократиялық, яғни буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың толқыны басылған кезде олар социал-демократиялық партияның қатарынан лек-легімен кетіп жатты. Мұндай көзқарасты петербургтік жұмысшы ұрандарды «негізі жоқ жерде» «ойдан шығарушылықты» қатты сынаумен және негұрлым байыпты насихат жұмысын жүргізу талабымен байланыстырады.

Біздің ойымызша, бір ұшқарылыққа қарсы таласа отырып, автор кейде екінші ұшқарылыққа ұрынады, бірақ жалпы және тұтас алғанда оның әбден дұрыс көзқараста тұрғанында сөз жоқ. Ағымдағы кезең туралы мәселелерден «бүтін бір науқандар жасау» «қателік»

болды деуге болмайды. Бұл асыра айтылған. Мұның өзі *қазіргі* жағдайлардың тұрғысынан қарап *кешегі* жағдайларды ұмыту деген сөз, сондықтан автор, шынында, «пролетариаттың тікелей бой көрсету кезеңі, әрине, ерекше мәселе болып табылады» деп мойындай отырып, өзін өзі түзетеді. Мүмкіндігінше неғұрлым әр тектес және арасында уақыт неғұрлым көп өткен осындай екі бой көрсетуді алайық: 1905 жылы күздегі Булыгин Думасына бойкот жасауды және 1907 жылдың басындағы II Дума сайлауын алайық. Сонда азды-көпті еті тірі және өмір сүруге қабілеті бар пролетариат партиясы мұндай уақытта негізгі назарды және негізгі үгітті күнделікті ұрандарға шоғырландырмай тұра алатын ба еді? Осы кезеңнің екеуінде де пролетариат бұқарасын соңынан ерткен социал-демократиялық партия ішкі күресті бұқараның мінез-құлқын қолма-қол анықтайтын ұрандарға шоғырландырмай тұра алатын ба еді? Булыгин Думасына бару керек пе әлде оны болғызбау керек пе? II Дума сайлауын кадеттермен блоктасу арқылы жүргізу керек пе әлде кадеттерге қарсы жүргізу керек пе? Беретін жауапқа күдіктенбеу үшін сұрақты айтарлықтай анық қойып, осы таяуда өткен кезеңнің жағдайларын еске түсірсе жеткілікті. Белгілі бір ұран жолындағы шиеленіскен күрес ол кезде партияның «қателігінен» туған жоқ; жоқ, ол күрес алдын ала бір ауыздылыққа жеткен партия болмай тұрған кезде, партия ішінде ұсақ буржуазиялық-оппортунистік және пролетарлық революциялық екі тактика, екі идеялық ағым болып отырған кезде тез және бірыңғай шешімнің объективтік қажеттігінен туды.

Сондай-ақ, істі ол кезде социализмді насихаттау үшін, марксизммен танысуды бұқара арасына тарату үшін жеткілікті жұмыс істелді деп көрсетуге де болмайды. Бұл шындық болмас еді. Нақ сол дәуірде, 1905 жылдан 1907 жылға дейін, Россияда байыпты, теориялық социал-демократиялық әдебиеттің,— ең алдымен аударма әдебиеттің,— көп тарағандығы сонша,— ол әлі жемісін *беретін* болады. Сенімсіз болмайық, өз басымыздың шыдамсыздығын бұқараға зорлап таңбайық. Қозғаусыз жатқан, социалистік кітап маңайламаған дерлік бұқара-

ның арасына осындай қысқа мерзімнің ішінде таратылған *мұндай* көп теориялық әдебиет бірден бойға сіңе қоймайды. Социал-демократиялық кітап жоғалып кеткен жоқ. *Ол егілді.* Ол өніп келеді. Сондықтан ол жеміс беретін болады — бәлкім, ертең емес, бүрсігүні емес, біраз кешірек болар, жаңа дағдарыстың өршуінің объективтік жағдайларын өзгертуге біздің шамамыз келмейді,— бірақ ол жеміс беретін болады.

Солай бола тұрса да, автордың негізгі пікірінде терең шындық бар. Бұл шындық мынада жатыр: пролетарлық социалистік және ұсақ буржуазиялық-демократиялық (оппортунистік-демократиялық та, революциялық-демократиялық та) элементтер мен тенденциялардың буржуазиялық-демократиялық революцияда белгілі бір қат-қабаттығы *сөзсіз* болатын нәрсе. Капиталистік жолмен дамып келе жатқан «шаруалар» елінде буржуазиялық революцияның бірінші науқаны белгілі бір пролетарлық жіктердің белгілі бір ұсақ буржуазиялық жіктермен объективті тұтасуын білдірмей өте *алмады.* Сондықтан қазір біз қажетті сұрыптау, араны айыру, нағыз пролетарлық-социалистік элементтерді *жаңадан бөліп шығару* процесін, оларды, бір жағынан, тек «әсем» ұрандарға бола, немесе екінші жағынан, «толық билікті Дума» үшін кадеттермен бірге жүргізілетін ортақ күреске бола *«қозғалысқа жолдан қосылғандардан»* (немісше бұл *Mitläufer* делінеді) тазарту процесін басымыздан кешіріп отырмыз.

Бұл сұрыптау социал-демократияның екі фракциясында да әр қилы дәрежеде өтіп жатыр. Меньшевиктердің де, большевиктердің де қатарлары сиреп қалғандығы факт болып отыр ғой! Оны мойындаудан қорықпайақ қояйық. Партияның оң қанатының қатарында байқалып отырған мұндай бүлінушілік пен берекесіздіктен оның сол қанатының аман қалғандығына, әрине, титтей де күмәндануға болмайды. Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес: принцип жағынан ұстамсыздық көрсету бүлінуге әкелмей тұра алмады. Ұйымдық топтасқандықтың, пролетарлық берілгендіктің, маркстік ұстамдылықтың қайда және қалайша сақталғандығын *іс жүзінде* оқиғалар біржолата көрсететін болады. Мұндай таластарды сөз,

уәде, серт шешпейді, өмір шешеді. Тозғындау және ауытқу фактісі шын болып отыр, сондықтан бұл факті түсіндіруді талап етеді. Ал түсіндіру үшін *жаңадан сұрыптау* қажет, басқа ештеңе болуы мүмкін емес.

Өз пікірімізді шағын мысалдар арқылы: «түрме халқының» (соттағы істің барысын бақылайтын чиновниктердің айтатынындай) құрамы, яғни саяси істер бойынша түрмеде, айдауда, каторгада және эмиграцияда жүрген адамдардың құрамы арқылы суреттейік. Өйткені бұл құрам кешегі күннің шындығын дұрыс көрсетеді. Соншалық қашықта және онша қашық емес жерлерде тұратын «саясатшылар» құрамы қазір саяси көзқарастары мен пиғылдарының өте-мөте ала-құлалығымен, сараланбағандығымен және шым-шытырықтығымен көзге түсетіндігіне күдік болуы мүмкін бе? Революцияның халықтың сондай тереңде жатқан жіктерін саяси өмірге көтергендігі сонша, ол екінің бірінде қаншама кездейсоқ адамдарды, қаншама «бір сәттік серілерді», қаншама жаңа адамдарды көтеріп жарыққа шығарғандығы сонша, олардың көбінде дүниеге ешбір дәйекті көзқарастың болмауы әбден мүмкін нәрсе. Мұндай көзқарасты қарбалас бірнеше айдың ішінде жасап шығаруға болмайды,— ал біздің революцияның бірінші дәуіріндегі революцияшыл қайраткерлердің көпшілігінің «өмірінің ұзақтығы» орта есеппен бірнеше айдан аспайтын шығар. Сондықтан революция сілкінтіп шығарған жаңа жіктердің, жаңа топтардың, жаңа революционерлердің арасында жаңа сұрыптаудың болуы әбден сөзсіз. Ал бұл сұрыптау болып та жатыр. Мәселен, бірсыпыра меньшевиктердің социал-демократиялық партияны жерлеп қойғандығы, шындығында, бұл құрметті мырзалардың социал-демократ ретінде *өздерін өздері жерлегендігі* болып табылады. Бұл сұрыптаудан біздің ешбір жағдайда да қорқуымызға тура келмейді. Біз оны қошеметтеуге тиіспіз, біз оған көмектесуге тиіспіз. Кез келген жерде: тағы да күрес! тағы да ішкі кикілжің! тағы да айтыс! деп айқайлайтын иі жұмсақ адамдар қыңқылдап, наразы бола берсін. Біз былай деп жауап береміз: үсті-үстіне жүргізілетін жаңа күрессіз нағыз пролетарлық, революциялық социал-демократия еш уа-

қытта және ешбір жерде құралып көрген емес. Ал біздің Россияда ол тіпті қазіргідей ауыр жағдайдың өзінде құралып жатыр, *ол құралады да.* Мұның осылай болатындығына Россияның бүкіл капиталистік дамуы да, халықаралық социализмнің бізге жасайтын ықпалы да, 1905—1907 жылдардағы бірінші науқанның революциялық тенденциясы да кепіл болмақ.

Осы жаңа сұрыптаудың мүддесі үшін теориялық қызу жұмыс жүргізу қажет. Россиядағы «ағымдағы кезең» нақ мынадай болып отыр: марксизмнің теориялық жұмысы, оны тереңдетіп, кеңейту ісі белгілі бір адамдардың көңіл-ауаны арқылы, жекелеген топтардың еліктеуі арқылы және тіпті көп адамдарды «практикадан» қол үзуге мәжбүр еткен сыртқы полициялық жағдайлар арқылы ғана белгіленіп отырған жоқ,— қайта елдегі өмірдің бүкіл объективтік жағдайы арқылы белгіленіп отыр. Тікелей-революциялық күрестің жаңа және бұрын болып көрмеген бай тәжірибесін бұқара игере бастаған кезде, осы кезде революциялық көзқарас жолындағы, яғни революциялық марксизм жолындағы теориялық күрес күн тәртібіндегі ұран болады. Сондықтан петербургтік автордың социалистік насихатты тереңдету қажеттігін, жаңа мәселелерді талдау қажеттігін, жұмысшылардың өздерінің ішінен нағыз социал-демократтарды, бұқараның социал-демократиялық басшыларын даярлап шығаратын үйірмелерді барынша қолдап, дамыту қажеттігін баса көрсетуі мың мәртебе дұрыс. Бұл арада партия *ұяларының,*— бұлар туралы еске алғанның өзінде Дан мен К^{0}-нің қояншығы ұстайды,— ролі ерекше зор, сондықтан интеллигент оппортунистерге жек көрінішті «профессионал революционерлер» жаңа игілікті роль атқаруға тиіс.

Бірақ, мейлінше дұрыс пікірді жақтай отырып, Михаил Томский бұл арада да аздап екінші бір ұшқарылыққа ұрынып отыр. Мәселен, оның үш жыл ішіндегі революция тәжірибесін, бұқараның нақтылы күресінің практикалық сабақтарын есепке алуды, революциялық-саяси үгіттің және т. с. қорытындыларын шығаруды «келелі мәселелер» тізімінен шығарып тастауы дұрыс емес. Бұл арада, біз, анығында, тіпті автордың баян-

дауындағы жай ғана кемістігіне, немесе асығыс жағдайда жазылғандықтан кеткен жекелеген қателерге кездесіп отырған сияқтымыз. Мұндай есепке алу, жұмысшылардың мүмкіндігінше неғұрлым қалың топтарының алдында мұндай қорытынды жасау — столыпиндік Россиядағы «жергілікті соттар», «жергілікті өзін өзі басқару» туралы және т. с. «реформалар» туралы мәселеден анағұрлым маңызды; ал мұндай «реформалар» туралы мылжыңдауды чиновниктер мен либералдар жақсы көреді. Қаражүздік Дума мен қаражүздік самодержавие тұсында мұндай «реформалардың» күлкіге айналатындығы сөзсіз.

Оның есесіне Михаил Томскийдің жалпы алғанда «ұрандарды ойлап шығаруға» және, жеке алғанда, «Дума жойылсын» немесе «фракция жойылсын» деген сияқты ұрандарға үзілді-кесілді қарсы шығуы түгелдей дұрыс. Оның ұйымның, насихат пен үгіттің социал-демократиялық партияны нығайту үшін, оның оппортунистер жек көретін дәстүрлерін нығайту үшін, жұмыстың сабақтастығын қолдау үшін, пролетариат бұқарасына *бұл* партияның, *бұрынғы* партияның (оппортунистер «Голосының» редакторлары, ашулана беріңдер!) ықпалын кеңейтіп, нығайту үшін жүргізілетін ұстамды социал-демократиялық жұмысын мұндай «абыржушылыққа» қарсы қоюы мың мәртебе дұрыс.

Біз енді москвалықтың хатына және бұл хаттың орталық пунктін, яғни атышулы «шақырымпаздықты» сынауға таяп келдік. Большевиктердің Москва конференциясындағы азшылығы бұл мәселе жөнінде өзінің белгілі қарарын ұсынған уақыттан бастап, біз «Пролетарийде» талай рет шақырымпаздыққа қарсы пікір айтқан болатынбыз («Пролетарийдің» 31-номерін қараңыз). Қазірде біз нақ сол Москва большевиктерінің азшылық бөлегінің атынан шақырымпаздықты жүйелі түрде негіздеу жөніндегі бірінші тәжірибені көріп отырмыз. Осы негіздеушілікке үңіліп көрейікші.

Шақырымпаз жолдас Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның объективтік міндеттері шешілген жоқ, «революция жойылған жоқ» деген дұрыс пайымдауға сүйенеді. Бірақ ол осы дұрыс пайымдау-

дан теріс қорытынды жасайды. «Біздің партиямыз не нәрсеге бейімделуге тиіс,— деп сұрайды ол,— тоқырау жылдарына ма әлде қоғамдық жаңа өрлеуге ме?». Міне қате осы арадан басталады. Революцияның жойылмауынан буржуазиялық-демократиялық жаңа өрлеудің болмай қоймайтындығы ғана шығады. Бұдан мұндай өрлеу буржуазиялық демократия элементтерінің ескі топталуын *бүтіндей* қайталайды деген де (қайта топталу үшін, бізге өзіміздің оппонентімізбен бірге қолайлы болатыннан гөрі, бәлкім, көбірек уақыт керек болар),— айталық, тоқырау *жылынан* кейін «қоғамдық өрлеу» (революциялық өрлеу деу керек еді) болуы мүмкін емес деген де қорытынды шықпайды. Біз тоқыраудың кем дегенде бір жылын басымыздан өткердік, біз қазірде де тоқырауды басымыздан өткеріп отырмыз. «Бұқараны... *қозғалысқа әкелетін* сол сыртқы себептің қандай *болатындығын* мойындау қиын және тіпті мүмкін емес» деп шақырымпаз жолдастың өзі мойындап отыр. Ол ол ма. Партияны «біздің тактика мен ұйымды өзіміз басымыздан кешіріп отырған шірік саяси минутқа бейімдемей, нақ соған (революцияға, яғни революциялық өрлеуге) бейімдеуге» шақыра отырып, автордың өзі ұйымды шірік кезеңге, жанталасқан полициялық жазалауға, комитеттердің жұмысшы бұқарасымен тікелей және қолма-қол араласып отыруы мүмкін еместігіне сәйкестіре отырып қайта құруды ұсынады. Күмән жоқ, өрлеу жағдайларында автор мұндай ұйымдық жоспарды ұсынбаған болар еді, оны бірінші кезекке қоймаған болар еді. Сөйтіп, ол өзінің мәселе қойысын *іс жүзінде* өзі теріске шығарады, өзінің *практикасы мен* өзінің *теориясына* түзету енгізеді. Оның бұлай істеп отырған себебі, ол теориялық ұғымды теріс баяндады. Жаңа өрлеудің болмай қоймайтындығынан бұқара арасында жүргізілетін бүкіл жұмысымыздың ескі программасын да, ескі революциялық ұрандарын да сақтау қажеттілігі, партия мен бұқараны жаңа революциялық шайқастарға үнемі даярлап отыру қажеттігі келіп шығады. Бірақ бұдан — өрлеу қазір басталды ма әлде басталған жоқ па, оның басталуына немесе қызған кезіне «бейімделу» керек пе деген пікір тумайды. Жаңа революциялық өрлеу болмай

қоймайды (60-жылдардың бас кезі мен 70-жылдардың аяқ кезіндегі әлсіз өрлеулерден кейін) деген қағида 1897 жылы да, 1901 жылы да, 1905 жылдың басында да мейлінше дұрыс болды, бірақ бұл үш кезеңде революцияшыл социал-демократтар өз тактикасын дағдарыстың өршуінің әр түрлі жағдайларына қолдана білді. 1897 жылы жаппай стачка «жоспарын», бос сөз деп есептеп, біз қабылдамай тастадық, ал мұнымыз дұрыс та еді. 1901 жылы біз көтеріліс ұранын күн тәртібіне қойғанымыз жоқ. 1905 жылғы 9 январьдан кейін революциялық социал-демократияның бұл ұранды да, бұқаралық стачканы да күн тәртібіне қоюы дұрыс болды. Біз мұнымен жаңа өрлеу міндетті түрде (немесе тіпті: «бәлкім») соншалықты баяу болады деп тіпті де айтқымыз келмейді. Мұның керісінше, барлық мәліметтер мен Европа революцияларының бүкіл тәжірибесі 1897—1905 жылдарға қарағанда қарқын әлдеқайда шапшаңырақ болады деп күтуге мәжбүр етіп отыр. Бірақ өрлеудің түрлі *кезеңдерінде* революцияшыл социал-демократтардың *әрқашан да* күн тәртібіндегі әр түрлі күнделікті ұрандарды бірінші кезекке қойған фактісі факт күйінде қалады. Шақырымпаз жолдастың қатесі сол, ол революциялық социал-демократияның осы тәжірибесін ұмытып отыр.

Сонап соң, біздің думадағы фракцияға көше келіп, шақырымпаз жолдас мынадай пайымдаудан бастайды: «Партияның табиғи шыңы, былайша айтқанда, оның дипломатиялық өкілі думалық фракция болып табылады». Бұл дұрыс емес. Автор фракцияның маңызы мен ролін тым асыра көрсетіп отыр. Автор бұл рольді меньшевиктерше жер-көкке сыйғызбай дәріптейді,— сірә, ұшқарылықтар тоғысады деп текке айтылмаған болар! Фракция дегеніміз — партияның «шыңы» деген көзқарастан меньшевиктер партияны фракцияға бейімдеу қажеттігін әкеліп шығарады. Фракция дегеніміз — партияның «шыңы» деген көзқарастан шақырымпаздар мұндай жаман «шыңы» партия үшін апатты дегенді әкеліп шығарады. Ананың да, мынаның да пайымдаулары дұрыс емес. Еш уақытта да және ешбір жағдайда да, тіпті ең «тамаша» буржуазиялық-демократиялық

республика тұсында да, революциялық социал-демократия өзінің парламенттік фракциясын партияның «табиғи шыңы» деп те, *оның* «дипломатиялық өкілі» деп те тануға келісе алмайды. Бұл көзқарас түбірінен қате. Біз буржуазиялық және буржуазиялық-қаражүздік өкілдік мекемелерге депутаттарды дипломатия үшін жібермейміз, қайта қосымша партиялық қызметтің ерекше түрі үшін, ерекше мінбеден үгіт пен насихат жұмысын жүргізу үшін жібереміз. Тіпті «тамаша» демократиялық сайлау правосы кезінде де жұмысшы партиясының парламенттік фракциясында қашанда сайлаудың жалпы буржуазиялық жағдайы әсерінің белгілі бір іздері қалады, мәселен, бүкіл партияға қарағанда парламенттік фракция қашанда неғұрлым «интеллигенттік» болады, сондықтан да біз фракцияны еш уақытта да партияның «шыңы» деп танымаймыз. Фракция — бас штаб емес (егер автордың «дипломатиялық» салыстыруымен қатар «әскери» салыстыруды қолдануға рұқсат етілетін болса), қайта дұрысы — бір жағдайда кернейшілер отряды, екінші бір жағдайда барлаушылар отряды немесе кейбір көмекші «қару түрі» ұйымдарының бірі болып табылады.

Шақырымпаз жолдас, фракцияның маңызын *асыра көрсетіп,* буржуазиялық-қаражүздік Думаға жіберілген біздің отрядымыздың қызметіне түбірінен теріс сипат беру үшін фракцияны *партияның көмекші ұйымынан* партияның «шыңына» айналдырып отыр.

Алайда, бұл «шыңды» автордың қасара жақтамауы да мүмкін еді. Өз мақаласының басқа бір жерінде оның өзі былай деп дұрыс айтады: «Партияны сайлауға қатысуға итермелеген басты себептердің бірі дума мінбесінің насихаттық-үгіттік роліне дәмеленушілік болды». Бұл әділ айтылған сөз, ал автордың осы әділ қағидаға қарсы шығуы оның мынадай теріс пікірін ерекше айқын көрсетеді: «Бірақ та, деп жазады ол, шындық III Думадағы үгіттің түкке тұрғысыздығын, 1-ден, топтың өз құрамы салдарынан, 2-ден, Таврия сарайының ішінде болып жатқанның бәріне бұқараның мүлде немқұрайды қарайтындығы салдарынан түкке тұрғысыздығын көрсетті».

Бұл қатесі керемет көп қағиданы талдауды аяқ жағынан бастайық. Думада болып жатқанның бәріне бұқараның мүлде немқұрайды қарайтындығының *салдарынан* үгіт түкке тұрғысыз болып отыр. Бұл не? Бұл қалай? Мұндайлық масқара логика бойынша, фракцияны емес, «немқұрайды» қараған үшін «бұқараны» «кері шақырып» алу керек болып отыр ғой! Өйткені, біздің бәрімізге мәлім, Думада самодержавие саясаты, қаражүздік помещик пен ірі капиталист-октябристің патша өкіметін қолдау саясаты, либерал сөзуар-кадеттің патша өкіметі алдында итаршылық саясаты жүргізіледі. «Таврия сарайының ішінде болып жатқанның бәріне» немқұрайды қарау — самодержавиеге, самодержавиенің бүкіл ішкі және сыртқы саясатына немқұрайды қарау деген сөз! Автор тағы да өңін айналдырған меньшевизм рухында пайымдауға салынып отыр. «Егер бұқара немқұрайды қарайтын болса, онда социал-демократтар да немқұрайды қарауға тиіс». Бірақ біз — бұқараны *социализмге бастайтын* партиямыз, бұқараның көңіл күйінің әр қилы бет бұрысының немесе бұқараның көңіл күйінің төмендеуінің жетегіне еріп кететін партия емеспіз. Социал-демократиялық партиялардың бәрі де қайсыбір уақыттарда бұқараның енжарлығын немесе олардың белгілі бір қатеге, белгілі бір модаға (шовинизмге, антисемитизмге, анархизмге, буланжизмге [124] және т. с.) бой ұруын басынан кешірді, бірақ ұстамды революцияшыл социал-демократтар бұқараның көңіл күйінің кез келген бет бұрысына еш уақытта да берілмейді. Социал-демократтар III Думада жаман саясат жүргізген кезде, олардың Думадағы жаман саясатын сынауға болады және сынау керек те, бірақ бұқараның мүлде немқұрайды қарауының *салдарынан* үгіт түкке тұрғысыз болып отыр деу — социал-демократиялық пайымдау емес.

Әлде «бұқараның мүлде немқұрайды қарауы» жалпы патша өкіметінің саясатына немқұрайды қарауды білдірмей ме? Яғни Думаның ішінде болып жатқанның бәріне *немқұрайды* қарайтын бұқара, айталық, көше демонстрациялары туралы мәселені талқылауға, жаңа стачкалар туралы, көтеріліс туралы, жалпы революция-

лық партиялардың және әсіресе социал-демократиялық партияның ішкі өмірі туралы мәселені талқылауға немқұрайды қарамаса ше? Автордың сорлылығы нақ сонда — ол, сірә, дәл осылай деп ойлайтын болуы керек, бірақ соншалықты көрінеу сандырақты тіке айтпауға *мәжбүр* болып отырған болуы керек! Егер ол — қазіргі минутта бұқара арасында жалпы саясатқа зәрредей де немқұрайды қараушылық жоқ, қайта саясаттың неғұрлым белсенді формаларына анағұрлым ынталана зейін қоюшылық бар деп шынымен айтып, дәлелдей алған болса,— онда, әлбетте, мәселе басқаша қойылған болар еді. Егер толастаудың, құлдыраудың және барлық социал-демократиялық ұйымдар мен барлық жұмысшы ұйымдарының күйреуінің бір жылының орнына біз күрестің нақ тікелей-революциялық формаларына бұқараның айқын ынта білдіруінің бір жылын басымыздан кешірген болсақ, онда біз өзіміз қателестік деп бірінші болып мойындаған болар едік. Өйткені революциялық кезеңнің жағдайларымен санаспай кез келген өкілдік мекемеге жалпы және барлық уақытта да қатыса беруді Маркстің, Лассальдің, Либкнехттің революциялық дәуірлердегі іс-әрекет тәжірибесіне екіжүзділікпен көз жұмып қарайтын меньшевизмнің тек «парламенттік есуастары» ғана жақтай алады. Кез келген саяси мәселелер сияқты, III Думаға қатысу немесе оған бойкот жасау туралы мәселені марксистер абстракт түрде емес, *нақтылы* түрде қоюға міндетті, «өкілдік болып отыр екен, онда өкілдік ету керек» дейтін мейлінше мағынасыз жалаң пікірсымақтың жалғыз өзін ғана емес, *бүкіл* революциялық жағдайды тұтасымен есепке алуға тиіс. Бұқараның саясатқа қызу ынта білдіруі ұлғайып келе жатқан дағдарыстың объективтік жағдайлары бар екенін көрсеткен болар еді, яғни белгілі бір өрлеудің қазірдің өзінде болып отырғандығын көрсеткен болар еді және мұндай өрлеудің белгілі бір күші болса, онда бұқараның көңіл-күйі *бұқаралық қимыл* арқылы сөзсіз білінген болар еді.

Осы соңғы мәселе жөнінде шақырымпаз жолдастың өзі былай деп мойындайды: «оның (фракцияның) қызметінің әрбір өзгерісі режимнің өзгерісімен тығыз бай-

ланысты, ал оған ықпал етуге қазір біздің шамамыз келмейді...». Шақырымпаз жолдастың қазір бір режимді өзгерте алмайтынымыз былай тұрсын, тіпті оған ықпал *ете де* алмаймыз деп есептеуі неліктен? Сірә, бұлай деп есептейтін себебі, социал-демократ болғандықтан ол тек қана пролетариат бұқарасының қимылын еске алып отырған болуы керек, ал мұндай қимылды *қазір де* мүмкін емес деп, ол туралы әңгіме қозғаудың өзі бос әурешілік деп есептейтін болу керек. Бірақ оның сонымен бірге «ауру бастың сақинасын сау басқа» қалай «телитіндігін», яғни шақырымпаздыққа қарсы айтылатын дәлелді бізге қарсы қалай бағыттап отырғанын қараңыздар:

«Депутаттарды бұқарадан бөліп отырған полициялық кедергілерді *бұзыңыздар,*— деп жазады шақырымпаз жолдас,— фракцияны неғұрлым қатты және айқын бой көрсетуге мәжбүр етіңіздер, бір сөзбен айтқанда, оның жұмысын пролетариаттың өмірімен тығыз үйлестіріңіздер,— сонда фракцияның ұнамды жақтары бар екенін жұмысшылар, мүмкін, мойындар; бірақ оның қызметінің әрбір өзгерісі режимнің өзгерісімен тығыз байланысты, ал оған ықпал етуге қазір біздің шамамыз келмейді, сондықтан фракциялық жұмысты кеңейтіп, тереңдету туралы қиялдың қандайын болса да тастауға тура келеді»!..

Егер фракциялық жұмысты кеңейтіп, тереңдету «полициялық кедергілерді бұзумен» байланысты болатын болса, онда қорытындыда не себепті — полициялық кедергілерді бұзу туралы қиялды тастаңдар делінбей, «фракцияны жақсарту туралы қиялды тастаңдар» делінген?? Авторда мүлде логика жоқ, сондықтан оның пайымдауын былай деп түзету керек: партияның бүкіл іс-әрекетін және партияның бұқарамен бүкіл байланысын жақсарту жөнінде талмай жұмыс істеу қажет; жалпы полициялық кедергілерді бұзу да, оның бер жағында партияның фракциямен қатынасын, фракцияға партияның ықпал етуін күшейту де сөзсіз осының нәтижесі болып шығады. Автор нақ бізден, шақырымпаздарға қарсылардан,— *біздің* «полициялық кедергілерді бұзуымызды» талап етеді, бәлкім, сонда ғана ол шақы-

рымпаздықты тастауға көнетін болар. Бірақ, оның осылай ету арқылы саяси құбылыстардың шын байланысы мен өзара тәуелділігін керісінше астын үстіне шығарып отырғандығы анық емес пе? Біз былай дейміз: егер бұқара «қазірдің өзінде» «режимге әсер етіп» қана қоймай (сәтті өткен саяси демонстрацияның қандайы болса да режимге әсер етеді), сонымен қатар кедергілерді бұза да алатын болса,—яғни егер бұқара *қазірдің өзінде* III Думаның «кедергілерін» бұза алатын болса, онда, шақырымпаз жолдас, сіздің айтқаныңыз, бәлкім, дұрыс болған болар еді, онда, революциялық социал-демократияның бұл Думаға өз отрядын жіберуі, бәлкім, пайдасыз болған болар еді. Мүмкін солай болуы. Бірақ мұндай нәрсе жоқ деп өзіңіз айтып отырсыз ғой; қазіргі жағдайларда бұл мүмкіншілікті шындыққа айналдыру үшін әлі де байыпты және табанды дайындық жұмысын жүргізу керек екендігіне өзіңіз де келісіп отырсыз ғой.

«Фракцияның құрамы» — дейсіз сіз. Егер шақырып алу фракцияның құрамын *өзгерту* үшін ұсынылып отырған болса, онда мұндай дәлелді — қазіргі фракция отставкаға шыққаннан кейін жүргізілетін жаңа сайлауда оның құрамы жақсарар ма екен деген тұрғыдан алып қарауға тұрар еді. Бірақ автор мұндай еш нәрсе ойлап отырған жоқ. Оның думадағы фракцияны ғана кері шақырып алғысы келіп отырған жоқ, ал социал-демократияның III Думаға қатысуын қате деп жариялап, ондағы өкілдік атаулының қандайын болса да жойғысы келіп отыр. Осы тұрғыдан қарағанда да шақырымпаздықты «фракцияның құрамы» арқылы дәлелдеу социал-демократ үшін кешірілмес жүрексіздік және сенімсіздік болып табылады. Біздің партия мынаған жетті: біз қаражүздіктерді жұмысшы сайламшылардың ішінен өзіміздің партиялық кандидаттарымызды, социал-демократтарды сайлауға мәжбүр еттік. Ал енді біз осы партиялық жұмысшылардың Дума мінбесінде тұрып өз социализмін оңай және айқын баяндай алатындығын үмітсіз нәрсе деп тануға тиіспіз бе? Буржуазияның «білгір адамдарына» [125] (олардың келтіріп отырған мынықкестігінің осы номерде басылып отырған фракция

туралы хатта тамаша баяндалуын қараңыз) қарсы бірнеше ай бойы жүргізілген күрестен соң біз тайсақтауға тиіспіз бе? Өз социализмін көпшілік алдында баяндай алатын жұмысшы социал-демократтарды уақытша толастау мен тоқырау дәуірінде таңдап қоюға біз өз партиямызды қабілетсіз деп тануға тиіспіз бе? Бұл — саясат емес, күйгелектік. Әрине, бұған басқаның бәрінен де гөрі біздің думалық фракцияның өзі кінәлы, өйткені ол нақ өзінің жасаған елеулі қателері арқылы және тек осы қателері арқылы ғана өзіне деген наразылықты шақырымпаздыққа дейін жеткізіп отыр. Бірақ біз заңды наразылықтың өзімізді теріс саясатқа еліктіріп әкетуіне жол бермейміз. Жоқ. Біз партияны фракциямен жақындастыру жолында, фракцияны жақсарту жолында қажырлы және табанды жұмыс істеуге тиіспіз және жұмыс істейміз де. Халықаралық социал-демократияның тәжірибесінде, біздегі III Дума кезіндегіден гөрі, фракция мен партияның арасындағы анағұрлым ұзаққа созылған және анағұрлым шиеленіскен күрестің мысалдары болып отырғанын біз ұмытпаймыз. Немістерді еске түсіріңіздерші. Ерекше заңның тұсында оларда істің жайы фракцияның бірсыпыра нағыз сорақы, партияға қарсы, оппортунистік қадамдар жасауына (кеме қатынасын қаржыландыру үшін дауыс беруге және т. т.) дейін жетті. Партияның шетелде апта сайын шығып тұратын өз Орталық Органы болды және оны Германияға үздіксіз әкеліп тұрды. Жанталасқан полициялық қудалауға қарамастан, объективтік себептермен кезеңнің революцияшылдығы қазіргі Россиядағыға қарағанда кемірек болғандығына қарамастан, ол кездегі неміс социал-демократтарының ұйымы біздің партияның қазіргі ұйымынан гөрі анағұрлым ауқымды және берік болды. Сондықтан герман социал-демократтары партиясы өз фракциясына қарсы ұзақ күрес жүргізді және бұл күресті жеңіске дейін жеткізді. Фракцияны жақсарту жолында жұмыс істеудің орнына даурығуға салынған «жастардың» сорақы жақтаушылары мүлдем сәтсіздікке ұшырағаны мәлім. Ал партияның жеңіске жеткені фракцияны бағындыруынан байқалды.

Фракцияның қателерін түзету жолындағы партияның фракциямен күресі бізде енді-енді басталып келеді. Фракцияға мынадай, нақты көрсетілген салаларда өз тактикасын түзету қажет екендігі туралы мықтап және анық мәлімдеген бірде-бір партия конференциясы бізде әлі болған емес. Бүкіл партияның атынан фракцияның әрбір қадамын бақылап және оған бағыт сілтеп отырарлықтай үнемі шығып тұратын Орталық Орган бізде әлі жоқ. Біздің жергілікті ұйымдардың нақ осы жұмыс саласында—қайсы бір сөздегі қателерді түсіндірген кезде социал-демократтардың Думадағы әрбір сөйлеген сөзі жөнінде бұқара арасында үгіт жүргізуде — әлі де істегені өте-мөте аз болып отыр. Сөйтіп бізді қолды бірақ сілтеуге, күресті үмітсіз деп тануға, 1908-жылғы сияқты кезеңдерде Дума мінбесін пайдаланудан бас тартуға шақырады. Тағы да айтамыз: бұл — саясат емес, күйгелектік.

Әсерлі сөйленген сөздер жоқ,— дейсіздер сіздер. Бұл «әсерлі сөйленген сөздер» жөнінде екі нәрсені: біріншіден, партияның хабардарлығы нашар екенін және, екіншіден, жалпы әсерлі сөйленген сөздер туралы мәселені қоюдың өзіндегі елеулі принциптік қатені айыра білу керек.

Бірінші мәселе жөнінде мынаны айту керек: фракцияны іскерлікпен сынағысы келген адамдардың бәрі осы уақытқа дейін бірсыпыра сөзсіз елеулі қателерді көрсетіп келді (декларация; миллиондардың Шварцқа дауыс беруі; халықтық-демократтармен кеңес; дінді *партия* үшін жеке бастың ісі деп тану; 1908 ж. 15 октябрьдегі сұрақ бойынша сөйлеушілердің болмауы; кадеттерді айқын сынаудың болмауы және т. т.). Жалғыз Чиликиннің сөзінен басқаның бәрін барынша тамаша деп білетін меньшевиктер сияқты, бұл қателер жөнінде үндемеу барып тұрған әдепсіздік болып табылады. Біз бұл қателер жөнінде үндемей қалуға тиісті емеспіз, қайта оларды өзіміздің жергілікті және жергілікті емес органдарда, әрбір жиналыста, әрбір сөйленген сөз жөнінде бұқара арасына таратылатын үгіт листоктарында көпшілік алдында анықтап отыруға тиіспіз. Фракцияны іскерлікпен сынау үшін және пролетарлар бұқарасын

мұндай сынмен таныстыру үшін біздің жасаған жұмысымыз әлі өлшеусіз аз. Бәріміз болып және барлық жерде де бұл жөнінде жұмысқа кірісуге тиіспіз. Сөйтіп осы жұмысқа кіріскен кезімізде біз: фракцияның осындай бірсыпыра сөйлеген сөздері және әсіресе кезектегі істерге көшу жөнінде, Орталық Комитет өкілдерінің нұсқаулары бойынша және осы өкілдермен келісе отырып жасалған тұжырымдары бар екендігін көреміз, бұл сөздер мен тұжырымдарда РСДРП программасы *дұрыс* баяндалған, бұлар Думаның протоколдарында және «Россияның»[126] қосымшасында басылған, ал біз бұқаралық үгітте бұлардың жүзден бірін де әлі пайдаланған жоқпыз. Сөз жоқ, фракцияны сынау керек, оның қателері жөнінде үндемей қалу адалдыққа жатпайды. Бірақ біздің бәріміз сонымен қатар жергілікті жерлердегі ұйымдарды да нығайтуымыз керек және фракцияның әрбір сөйлеген сөзін пайдалану үшін үгітті өрістетуіміз керек. Осы екі жұмысты біріктіру ғана — ұстамды революцияшыл социал-демократтарға шын лайықты қызмет болып табылады, тек осы біріктіру ғана бізге «шірік минутты» жеңуге және жаңа өрлеудің басталуын тездетуге көмектеседі.

Сонан соң. «Әсерлі сөйленген сөздердің болмауын» атап көрсете келіп, автор былай дейді: «социал-демократия істің қалыптасқан жайына көніп болып, бейбіт мәдени жұмыс туралы ойлап жүр деген ұғым туып отыр (кімдерде? марксизмнің әліппесін түсінбейтін бірнеше *Mitläufer*-лерде ме?); фракцияның өмір сүруі революция сөз жүзінде болмағанымен... іс жүзінде жерленді дегеннің дәлелі сияқты болып отыр. Бұл пікір дұрыс болмай-ақ қойсын, бірақ оны біз дәлелдер арқылы емес, фактілер арқылы теріске шығара аламыз». Соның өзінде бұқараның алдында социал-демократияның Думаға көзқарасын «атап көрсету» жөніндегі бүкіл тактиканы «қайта құру» ретінде автордың ұсынатын бірден-бір «фактісі» — фракцияны шақырып алу! Демек, фракцияны шақырып алу — «революцияның жерленгендігін» бекерге шығаратын «факт» деп, жаңа тактиканы *атап көрсететін* «әсерлі сөйленген сөз» деп есептеліп отыр!

Біз бұған былай дейміз: «әсерлі сөйленген сөздер» мен «әсерлі» ұрандардың жалпы маңызын автор дұрыс түсінбейді. Біздер, большевиктер, 1905 жылы Булыгин Думасына бойкот жасаған кезде, бұл ұран «әсерлі» болғандықтан дұрыс болған жоқ-ты, оның дұрыс болған себебі — ол *объективті* жағдайды: заң жобасы жөнінде кеңесші Дума шақырылады деп емексіту арқылы патша өкіметі басқа жаққа бұрып жібермек болған өскелең өрлеудің бар екендігін *дұрыс* білдірді. Біз 1906 жылдың жазында: «кадет министрлігін талап етуді қолдау болмасын, көтерілісті қолдау үшін солшылдардың атқару комитеті болсын» деген ұранды жүргізгенде, бұл ұран «әсерлі» болғандықтан дұрыс болған жоқ, оның дұрыс болған себебі, ол *объективті* жағдайды *дұрыс* білдірді; кадеттердің күресті тежегендігін, 1906 жылы июньде олардың Треповпен жүргізген құпия келіс сөздері үкіметтің қулыққа басып отырғанын көрсеткендігін, *шын* айқастың Дума қуылғаннан соң басқа негізде, атап айтқанда: қарулы күрес негізінде (Свеаборг пен Кронштадт солдаттар мен шаруалар бүліктерінің аяқталуы болды) болғандығын және солай болуға да тиіс екендігін оқиғалар дәлелдеді. Біз 1907 жылы кадеттермен блок жасамау керек, қайта кадеттерге қарсы шығу керек деген ұранды жүргізгенде, бұл ұран «әсерлі» болғандықтан дұрыс болған жоқ, оның дұрыс болған себебі, ол кезеңнің *объективті* жағдайларын дұрыс білдірді. Сондықтан С.-Петербургтегі сайлау мен екінші Думадағы дауыс берулердің (және жарыс сөздердің) бүкіл жиынтығы — «қаражүздік қауіптің» жалған нәрсе болғандығын және күрестің *іс жүзінде* кадеттермен бірлесіп реакцияға қарсы емес, кадеттер мен реакцияның екеуіне де қарсы жүргізілгендігін дәлелдеді.

Күмән жоқ, революция кезінде бізге жұрттың бір бөлегі келіп қосылғанда, олар социал-демократияның ұрандары мен тактикасы дұрыстығының *маркстік* өлшемін түсінгендіктен келіп қосылған жоқ, тек олардың «әсерлі» болғандығынан ғана келіп қосылды. Ал қазір, толқын басылған кезде, бізде тек нағыз марксистер ғана қалып отырғандығы және солар ғана қалатындығы бізді қорқытпайды, қайта қуантады. Сондықтан

біз шақырымпаз жолдасты өзінің: революцияның жерленгенін сөз арқылы емес, фактілер арқылы теріске шығару керек, *сондықтан* фракцияны шақырып алайық! деген пікірін барынша мұқият ойластыруға шақырамыз. Бұл түбірінен теріс пікір. Революцияның жерленбегенін *атап көрсету* ретінде фракцияны шақырып алу — мұндай саясат жүргізуге қабілетті «революционерлерді» жерлеу болып табылады. Өйткені бұл сияқты «революцияшылдық» — «қазір» объективті жағдайлар алға қойып отырған және одан ат тонымызды ала қашуға немесе сылтау айтып құтылуға болмайтын ауыр, қиын, баяу жұмыста абыржушылық пен дәрменсіздік көрсету болып табылады.

Қорытындыда айта кетейік: шақырымпаз жолдастың өзі хатының аяғында *бес* пункт етіп таяудағы жұмыстың жоспарын ұсынады; бұл жоспар күн тәртібіндегі міндеттерді дұрыс көрсетеді және оның теріс тактикасын *бекерге шығарады.* Тағы да айтамыз: шақырымпаз жолдастың *практикасы* оның теориясынан жақсырақ. Оның берік құпия ұйым болуы қажет деуі сөзсіз дұрыс. Орталық Комитеттің комитетшілерді «тағайындауын», практикада мүлде қолайсыз болып отырған «тағайындауды», сірә, ол жақтап отырып алмайтын болу керек. Интеллигенттерден шыққан профессионал революционердің орнына немесе, дұрысырақ айтқанда, оған көмекке социал-демократ жұмысшыдан шыққан профессионал революционер келетіндігін (меньшевиктер бұған қарсы қалай ызаланса да, мұның өзі — факт), демек, жаңа құпия ұйым ескі ұйымға толық ұқсай қоймайтындығын және *толық* ұқсамауға тиіс те екендігін ұмытпайық. Сонымен қатар біз бірінші пункттің соңғы сөйлеміндегі «партия ұяларын бір-бірінен ажырату» деген сөз тіркесін кездейсоқ қолайсыздық деп ойлаймыз, оған жармасуға болмас. Шынында, социал-демократиялық құпия ұйым ұяларды ажыратпайды, қайта қазір ыдырап отырған ұяларды жақындастырады. Шақырымпаз жолдастың социалистік насихат пен үгіттің «анкеталық жүйесінің» ерекше маңызы бар деп атап көрсетуі әбден дұрыс. «Бұқараның партиямен жанды байланысы», «үгіттік ұрандарды талқылауға бұқараны тарту» — мұ-

ның өзі шын *күн тәртібінде тұрған мәселе. Мұндай* күн тәртібінде тұрған мәселені мойындау — өмірдің барысы біздің бәрімізідің, шақырымпаздарға қарсылардың да, шақырымпаздардың да алдына революциялық социал-демократияның көкейтесті практикалық *бір* міндетін, бір «ұранын»: социализмді идеялық жағынан нығайту, басшылары жұмысшылардың өздерінен болған құпия жұмысшы партиясын ұйымдық жағынан нығайту, бұқара арасында жан-жақты қамтитын социал-демократиялық үгітті өрістету міндетін қойып отырғандығын қандай пайымдаулардан болса да және әр түрлі «қолдан жасалған» (М. Томскийдің тауып айтқан сөзі бойынша) ұрандарға қарамастан жақсырақ көрсетеді. *Бұл* жұмыс, біз оны мейлінше жұмыла қолға алған кезде, біздің бәрімізді топтастырады; ол біздің думадағы фракцияны ондаған жалаң ультиматумдардан гөрі жақсы ширатады, тәртіпке келтіреді, түзетеді; ол нақтылы істі туғызады; революциялық жағдайдың сергектігін қайта орнатады; өрлеудің өсуін дәл мөлшерлеуге және оның белгілерін анықтауға үйретеді; шақырымпаздықтың бүкіл жансыз, ойдан шығарылған, «қолдан жасалған» ұрандарының күлін көкке ұшырады!

«Пролетарий» № 39,
(26) 13 ноябрь, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

III ДУМАДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ЖАРЫС СӨЗДЕР

III Думада бір айға жуық болған аграрлық жарыс сөздер аграрлық мәселенің қазіргі жағдайын, революцияның қорытындылары мен пролетариаттың міндеттерін зерттеу үшін өте-мөте бай материал берді. Осы материалдан шығатын негізгі қорытындыларды жинақтап көрейік. Шешендердің торт тобы: оңшылдар, кадеттер, шаруалар және социал-демократтар өз-өзінен бөлініп шығып отыр. Сөздің тар мағынасында алғанда «оңшылдар» мен октябристердің арасындағы айырмашылықтар мүлде жымдасып кетіп отыр. Шаруалар аграрлық мәселеде сөзсіз бір саяси бағыт ретінде шығып отыр, ал оңшыл шаруалар мен трудовиктердің арасындағы айырмашылық біртұтас бағыттың өз ішіндегі сарындардың өзгешелігі ғана болып табылады. Осы топтардың әр қайсысының ұстаған позициясын талдап көрейік. (Жақша ішіндегі цифрлар «Россияға» қосымшада басылған стенографиялық есептердің беттерін көрсетеді.)

Қаражүздік «парламентарийлерден» күткендей-ақ, оңшылдар мен октябристер 9/XI. 1906 жылғы заң мен шаруалар туралы жалпы ереженің 12-статьясының (төлемін өтегеннен кейін шаруаларға жеке меншігіне учаске бөліп беруді талап етуге право беретін статьяның), сонан соң төлем туралы Ереженің 165-статьясының және т. т. арақатынасы туралы мылжыңға салынып, өздерінің аграрлық саясатының мәнін заңдық казуистикамен және архивтік қоқыспен былықтыруға тырысып бақты. Шидловский өзін «либерал» етіп көрсет-

кісі келіп, граф Д. Толстойдың үлесті жердің иеліктен айыруға жатпайтындығы және т. т. туралы шығарған заңдары 1861 жылдың «рухына» қайшы келді, ал 9/XI. 1906 жылғы заң бұл рухқа сай келеді деп дәлелдемек болды. Мұның бәрі — шаруалардың көзін алдау, істің мәнін бүркемелеу мақсатын көздейтін кілең бір қылымсу ғана. Кейініректе көреміз, кадеттер едәуір дәрежеде қаражүздіктердің қармағына ілігіп қалып отыр, ал Шидловский, Лыкошин мырзалардың және патшаның қаражүздік шайкасының басқа малайларының аграрлық саясатының шын мазмұнын көру үшін олардың сөздерінен кеңселік қандай қалың шаңды сыпырып тастау керек екендігі жөнінде бізге, социалистерге, бір-екі сөзбен көрсетудің өзі-ақ жеткілікті. Өзін, сірә, бейбіт жаңартушы деп атайтын, ал іс жүзінде Струве мырзаның рухында шоқырақтаушы нағыз қаражүздік болып табылатын 1-Львов мырза бұл мазмұнды басқалардан айқынырақ айтты: «Шаруалар арасында,— деді помещиктердің осынау малайы,— екі негіз қалыптасты: олар правосыз адам және озбыр тобыр (О ң ж а қ т а ж ә н е о р т а т ұ с т а қ о л ш а п а л а қ т а у)... Бұқараның жайы бұл күйінде — праволық» (помещиктік деп оқыңыз) «мемлекетке қауіп төндіру болып табылады (О ң ж а қ т а ж ә н е о р т а т ұ с т а қ о л ш а п а л а қ т а у)»... «Жер барлық еңбекшілердің иелігінде болуға тиіс, жер де ауа мен су сияқты; біз мұнда жер мен ерік алу үшін келдік». Басым дауыс осындай болды. Сөйтіп бұл дауыс, шаруа бұқарасында ұялаған жоққа сену мен соқыр сенімдерден тура үзіп-жұлып алынған бұл дауыс, бізге біреуден тартып алып, екінші біреуге бере алатын өкімет билігі туралы жоққа сенушілік ұғым бар екендігін көрсетті... «Мұнда не айтылғанын еске түсірейікші,— дейді одан әрі Львов мырза, бұрынғы Думаларды еске түсіре келіп,— бұл туралы еске түсіру маған ауыр, бірақ мен аграрлық комиссияда не сөйленгенін айтамын, оны айтпай тұра алмаймын. Рұқсат етіңіздер, тіпті ең болмағанда огородтарды, ең болмағанда бақшаларды ешкім қол сұқпайтын етіп қалдыру туралы мәселенің өзі өте күшті қарсылыққа кездесіп, өте күшті тойтарысқа кездесіп, мейлінше аз дауыс-

пен өткен кезде, жер жөніндегі келісім атаулының бәрі, дворяндық банктегі залог қана емес, шаруа банкіне сату ғана емес, сонымен қатар сатып алу-сату да, тіпті сыйға тарту да, мұраға алу да тоқталатын болсын деп мәселе көтерілген кезде,— сонда, сірә, жан түршіккен болар, мұнда, мырзалар, помещиктердің мүдделеріне бола емес, мемлекеттің хал-жайы мен тағдырына бола жан түршіккен болар (Орта тұста және оң жақта қол шапалақтау. «Бәрекелде» деген дауыс шықты.) Мұндай негізде капиталистік, осы заманғы мемлекетті орнату мүмкін емес» (293).

Помещиктік мемлекеттің өзінің өмір сүруі жөнінде «жаны түршікті», шаруалар бұқарасының «даусынан» (қозғалысынан да) «жаны түршікті». Помещиктік, яғни крепостниктік жер иеленушілікті сақтау негізіндегі капитализмнен өзге капитализм бұл мырзалардың ойына да келмейді! жерге жеке меншік атаулы толық жойылғанда капитализмнің бұрынғыдан да гөрі кеңірек, еркінірек және тезірек дамитындығы туралы «білімді» Львов мырзалар естіген де емес!

Бұқара арасында үгіт жүргізу үшін Шидловскийдің, Бобринскийдің, Львовтың, Голицынның, Капустиннің және К^{0}-нің сөйлеген сөздерінен үзінділер алып танысу мейлінше қажет нәрсе: біз осы уақытқа дейін самодержавиені тек қана дерлік бұйрық беруші, оқта-текте Угрюм-Бурчеевтің [127] рухында мәлімдеме жариялаушы ретінде көріп келдік. Қазір біз үстем таптардың ұйымдасқан өкілдігінің помещиктік монархия мен қаражүздік «конституцияны» ашықтан-ашық қорғайтынын көріп отырмыз, сондықтан халықтың саяси жағынан санасыз немесе селқос топтарын ояту үшін бұл қорғау өте құнды материал береді. Өте-мөте маңызды екі жағдайды қысқаша айта кетейік. Біріншіден, өзінің саяси программасын баяндай келіп, оңшылдар қашанда жұртшылық алдына өздерінің қарсы күресіп жүрген тірі жауын тартады. Бұл жау — революция. Зердесіз Львов осыншама айқын білдірген революциядан «үрейленушілік» осыдан азғана бұрынғыны қадам басқан сайын жек көре, ызалана, тісін қайрап еске түсіріп жүр-

гендердің *бәрінде* де мұнан ешбір кем байқалмайды. *Барлық* мәселелерді контрреволюция негізіне мұндай тікелей қоюшылықта, *барлық* пікірлерді басты және негізгі бір пікірге, революцияға қарсы күреске, мұндай бағындырушылықта терең шындық жатыр және мұның өзі жартыкеш, қорқақ либералдардың сөздеріне қарағанда, оңшылдардың сөздерін (қазіргі жағдайға ғылыми талдау жасау үшін де, үгіт үшін де керекті) анағұрлым құнды материал етеді. Революцияға, 1905 жылдың аяқ кезіне, көтеріліске, алғашқы екі Думаға оңшылдардың құтырына жанталасып шабуыл жасауы — самодержавиенің қорғаушылары өздерінің алдында *тірі* жаудың тұрғанын көріп отырғандығын, олардың революцияға қарсы күресті аяқталды деп санамайтындығын, революцияның қайтадан өршуі мейлінше нақты және тікелей қауіп ретінде олардың алдында минут сайын тұрғандығын ұзақ пайымдаулардың қай-қайсысынан болса да жақсы көрсетеді. Өлі жаумен бұлай күреспейді. Өліні бұлай жек көрмейді. Қарапайым Балаклеев мырза бүкіл оңшыл сөздердің осы жалпы рухын аңғалдықпен айтып салды. Әрине, 9 ноябрьдегі указды теріске шығаруға болмайды, өйткені ол патша-ағзамның еркін білдіреді дей келіп, ол сонымен қатар былай деп мәлімдеді: «Мемлекеттік думаға мүше мырзалар! Біз революция кезінде өмір сүріп отырмыз, менің терең сенімім бойынша, ол әлі аяқтала қойған жоқ» (364). Балаклеев мырза 9/XI заңының «революциялық тегінен» қорқады, ол жаңа күресті тұтандырып жібермес пе екен деп қорқады. «Біз ауыр дағдарысты басымыздан кешіріп отырмыз,— деді ол,— ал оның немен аяқталатыны белгісіз. Неше түрлі сұмдық көріністер көз алдыңа келеді, бірақ біздің борышымыз — халық арасында бүлік пен дау-дамайды қолдамау».

Ерекше маңызы бар екінші бір жағдай оңшылдардың экономикалық және арнаулы аграрлық программасына қатысты болып отыр. Бұл — олардың жердің *шаруалардың* жеке меншігінде болуын қорғауы, обер-поп Митрофанушкаға (епископ Митрофанға) дейін олардың барлық сөздерінің бастан-аяқ негізгі арқауы болған қорғау; ал Митрофан баяндамашыдан соң іле-шала сөйледі,

ол, сірә, деревняның демократияшыл, бірақ қорғалақ «батюшкаларын», үрейлендірмекші болып, өзінің диуаналыққа және семинариялық тілге («қауым дегеніміз— ежелгі құбылыс») үйренген әдетін жеңуге кісі күлерліктей тырыса отырып, мынадай сөздер «айтты»: «өмір барған сайын адамның жеке басының даралануы бағытында дамып келеді»; «біздің шаруалардың жаңа тұрмысын батыс европалық фермерлердің үлгісі бойынша құруды пайдалы деп тану керек» (69).

Мынадай сұрақ туады: помещиктер табы мен капиталистер табының II Думада да, III Думада да *шаруалардың* жерге жеке меншігін осыншама қызу қорғайтын себебі не? «Үкіметтің соңғы жарлығының» осындай болғандығынан ғана ма? Әрине, онан емес! Бұл жарлықты Біріккен дворяндар советі [128] еске салып, оған сендірген болатын. Помещиктер мен капиталистер өздерінің қарсы күресуіне тура келетін жауын өте жақсы біледі, *революцияның* помещиктік мүдделердің жеңісін жерге жалпы жеке меншіктің жеңуімен, шаруа мүдделерінің жеңісін жерге жалпы жеке меншікті, помещиктік те, шаруалық та жеке меншікті жоюмен *байланыстырғанын* өте жақсы сезеді. Үлесті жерлерге жеке меншікті экспроприацияланған помещиктік жерлерге қоғамдық меншікпен ұштастырушылық — кадеттер мен меньшевиктер ойлап шығарған түкке тұрғысыз бірдеңе. *Іс жүзінде* күрес жаңа Россияны помещиктер құра ма (мұның өзі жердің барлық түріне жеке меншік негізінде болмаса, басқаша мүмкін емес), әлде шаруалар бұқарасы құра ма (мұның өзі жартылай крепостниктік елде помещиктік *те,* үлесті *де* жерлерге жеке меншікті құртпайынша мүмкін емес) деген мәселе төңірегінде болып отыр.

Кадеттерге келейік. Оңшылдардың да, солшылдардың да сөздерінен олардың сөздерінің өзгешелігі сол — олар келіспейтін нәрсені келістіруге, екі орындықтың арасына отыруға тырысады. Милюков мырзаның сөзінің бір бөлегінде, оның *кадет* ретінде емес, *тарихшы* ретінде сөйлеген бөлегінде ғана, біз Біріккен дворяндар советінің тарихы жөнінде тамаша іріктелген мәліметтер бар екенін көреміз,— бұл мәліметтердің жиынтығы

қай *демократқа* болса да абырой әперетіндей. Ал жалпы және тұтас алғанда Шингарев, Березовский, Милюков, Бобянский және Родичев қаражүздік Шидловский мырзаның қармағына ілігіп қалды, сөйтіп барлық күштерін салып заңдық казуистикамен тыңдаушылардың басын қатырды, Рим правосы бойынша «әділдік» туралы көкіді («маңыздырақ көріну үшін» Родичев тіпті aequitas! деген латын сөзін қыстырып та жіберді! Университетте *«біз»* де бірдемеге үйрендік қой!), сұмпайы жарамсақтыққа дейін барып қадірін кетірді (Шингарев мырза Столыпиннің малайы Лыкошинді өзінің «сыйлайтындығын» мойындады, сөйтіп жерді күшпен иеліктен айыру «жеке меншік институты өте қатты ардақталатын» елдерде болатындығын дәлелдемек болды). «Сақтық» тұрғысынан 9 ноябрь заңына қарсы таласушылық кадеттік сөздердің бәрінің бастан-аяқ негізгі арқауы болды. Біздерді, большевиктерді, сендер кадеттерді либерал помещиктер деп атап, оларды қаралап жүрсіңдер деп кінәлады. Олар расында бұдан да сорақы. Олар — либерал *чиновниктер*. «Демократтар» деп аталатындар партиясының Мемлекеттік думада, күресті *әлсірететін* сөздер сөйлеуінен, чиновниктік «сақтықты» уағыздап, шаруаларды крепостниктердің 1861 жылғы «ұлы реформа» деп аталатын тонаушылығы мен кіріптар етушілігін арамзалықпен мадақтауынан бетер бұқараның *демократиялық* санасын қатты аздыратын нәрсені көзге елестету тіпті мүмкін емес!

Аграрлық саясатының «абайсыздығы» үшін Столыпинге шабуыл жасау дегеніміз — жалдаптыққа салыну, дәл осы саясатты *сондай* жүзеге асырушылардың қызметін атқаруға тілену, тіленгенде де *нақ сол істі* «абайлап» орындай алатындардың, яғни нақ сол помещиктік мәнді «конституциялық демократизмнің» жалған туымен бүркемелеп өткізе алатындардың, оны жалғыз ғана зорлық жолымен емес, сонымен қатар шаруаларды алдау жолымен де өткізіп жібере алатындардың, сондайлардың қызметін атқаруға тілену болып табылады. Кадеттердің сөйлеген сөздерінің дәл жаңағы көрсетілген мәнін ашып беретін толып жатқан кадеттік мәлімдемелердің бірі мынау. Сөйлеген созін кадеттер

партиясының лидері Милюков мырза ерекше мақұлдап, «тамаша сөз» деп атаған Березовский мырза былай деді:

«Менің кәміл сенуім бойынша, бұл жоба» (кадеттердің жер жөніндегі жобасы) «жер иелері үшін де анағұрлым тиімді» (шаруалар үшін ғана емес), «ал мен мұны, мырзалар, егіншілікті білгендіктен, өзім өмір бойы егіншілікпен айналысып, жерге ие болғандықтан айтып тұрмын. Халық бостандығы партиясының жобасы мәдениетті егіншілік шаруашылығы үшін қазіргі тәртіпке қарағанда, сөз жоқ, анағұрлым пайдалы болған болар еді. Күшпен иеліктен айырудың жалаң фактісін үзіп-жұлып алып, оған ашулануға және мұның өзі зорлық деуге болмайды, біздің жобада ұсынылып отырған нәрсенің неге келіп саятынын және бұл күшпен иеліктен айырудың қалай жүргізілетіндігін көрген соң ғана баға беру керек» (сөзіңіз алтын! Березовский мырза, сіз большевик болып алған жоқсыз ба?). «I Мемлекеттік думаның 42 мүшесінің жобасын алып қараңыз— онда тек» (әлбетте!) «ең алдымен иелерінің өздері өңдемейтін жерлерді олардан алу қажеттігін мойындаушылық қана айтылған. Содан кейін халық бостандығы партиясы жергілікті жерлерде комиссиялар құру ісін қолдады, бұл комиссиялар қандай жерлер иеліктен айыруға жататындығын, қандай жерлер жатпайтындығын және өздерін қанағаттандыру үшін шаруаларға қанша жер керек екендігін белгілі бір уақыт ішінде анықтауға тиіс болды. Бұл комиссиялар мүшелерінің бір жартысы шаруалар болатындай, екінші жартысы шаруалар болмайтындай етіп құрылды». (Түгел айтыңыз, Березовский мырза! Ұялмаңыз! Шындықты жасыруға болмайды ғой: помещиктік үкімет міндетті түрде комиссияның «бейтарап» председателін тағайындайтын болғандықтан комиссияларда помещиктердің шаруалардан басым болуы қашанда қамтамасыз етіліп отырды: кадеттік «Аграрлық мәселенің» II томындағы Кутлердің жобасын қараңыз.) «Осылай болғандықтан, жергілікті жерлердегі осындай жалпы нақтылы жұмыс арқылы, әрине, иеліктен айыруға болатын жердің мөлшері де, шаруалар үшін қажетті жердің мөлшері де анықталған болар еді және, ақырында, өздерінің әділ талаптарының қанша-

лықты қанағаттандырыла алатындығына шаруалардың өздерінің де көздері жеткен болар еді. Содан кейін мұның бәрі Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтен» (әлбетте!) «өткен болар еді, сөйтіп, оларды қайта қарап жөндегеннен кейін» (яғни жаңа помещиктік-чиновниктік көпшілік «реформаны» екінші рет кесіп шұнтитқаннан кейін!) «патша-ағзамның бекітуіне жеткен болар еді» (1861 жылы нақ осы сияқты жоғарғы орындардың үлесті жер мөлшерін біртіндеп қысқартқанын еске түсіріңіз). «Мұндай жоспарлы жұмыстың нәтижесінде, сөз жоқ, халықтың нағыз мұқтаждары шын қанағаттандырылған болар еді және осыған байланысты тыныштық орнар еді, сөйтіп өте-мөте қажет болғанда болмаса халық бостандығы партиясы еш уақытта бұзғысы келмеген мәдениетті шаруашылықтар сақталар еді» (143).

Кадеттердің жер жөніндегі жобасы туралы большевиктердің 1906 жылдың жазында айтқандарының *бәрін* Березовский мырза 1908 жылдың октябрінде мойындап отыр! I Думада кадеттер өз реформасының демократиялық сыртқы көрінісін көпшілік алдына жайып сала отырып, Треповпен және оның құйыршықтарымен болған құпия кеңестерде реформаның помещиктік сипаты бар екендігін дәлелдеп бақты. III Думада кадеттер өз реформасының помещиктік сипатын көпшілік алдында жайып сала отырып, кемпірлердің ертегісін әлі де болса ұйып тыңдайтын азын-аулақ ашық ауыздармен полициядан жасырын өткізген әңгімелерде реформаның демократизмін дәлелдеп бақты. Екіжүзді Янус өзінің «беттерін» желдің ырқына қарай біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа бұрады. «Демократтардың» төмен құлдырағаны сонша, олар қаражүздік мықтылардың алдында өздерінің революция кезіндегі әрекеттері мен программаларының зиянсыз болғандығын дәлелдеуге тырысады!

Шаруалардың сөздерін осымен салыстырып көріңіздерші. Нағыз оңшыл шаруа Сторчакті алайық. Ол өзінің сөзін II Николайдың «меншіктің қасиетті праволары» туралы, оларды «бұзуға» болмайтындығы және т. т. туралы сөздерін толық қайталап айтудан бастайды. Содан соң былай деп жалғастырады: «құдайтағала патша-

мызға денсаулық берсін. Ол бүкіл халық үшін жақсы айтты»... (295). Ол сөзін былай деп аяқтайды: «Ал егер патша шындық пен тәртіп болсын деген болса, онда, әрине, мен 3 десятина жерде отырғанда, ал дәл іргемде 30 000 десятина болатын болса, онда бұл шындық пен тәртіп емес» (296)!! Бұл монархисты монархист Березовскиймен салыстырып көріңіздер. Біріншісі — қараңғы мужик. Екіншісі — білімді, европалық дерлік адам. Біріншісі — нәресте сияқты аңғал және саяси жағынан адам айтқысыз артта қалған. Монархияның «тәртіппен» байланысы, яғни 30 000 десятинаның иелерін қорғайтын тәртіпсіздікпен және өтірікпен байланысы оған түсініксіз. Екіншісі — саясатқа жетік, Виттеге, Треповқа, Столыпинге және К^0-ге кіретін, шығатын есік-тесіктің бәрін білетін, европалық конституцияларды егжей-тегжейіне дейін зерттеп үйренген адам. Біріншісі — өмір бойы 3 десятина жерде азап шеккен және экономикалық шындық 30 000-шыларға қарсы бұқаралық революциялық күреске *итермелеп* отырған миллиондардың бірі. Екіншісі — ондаған — ең көп дегенде: жүздеген мың помещиктердің бірі, ол мужик шіркіннің ерніне бірдеме жалатқан болып, өзінің «мәдениетті шаруашылығын» «бейбіт жолмен» сақтап қалғысы келеді. Біріншінің Россияда буржуазиялық революция *жасай алатындығы,* помещиктік жер иелігін *жоя алатындығы,* шаруалар республикасын (бұл сөз оны қазірде қаншама үрейлендіре тұрса да) орната алатындығы түсінікті емес пе? Екіншінің бұқара күресін,— мұндай күрессіз революцияның жеңуі мүмкін емес,— тежемей *тұра алмайтындығы* түсінікті емес пе?

«Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» дегеннің не екенін осы уақытқа дейін ешбір түсіне алмай жүрген адамдар бұл жайында ойланып көрсін!

Сторчактің аграрлық программасы — III Думаның 42 шаруа депутатының жер жөніндегі заң жобасының дәл өзі болып табылады, бұл жөнінде біз «Пролетарийдің»* 22-номерінде жазған болатынбыз. Сырттай қара-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 457—458-беттер. *Ред.*

ғанда өте қарапайым болғанымен, бұл жоба кадеттердің жобасынан гөрі *солшылдау*, мұны кадеттердің өздері де мойындап отыр. Шаруаларға жер үлестіріп беруге тиісті реформаны жаппай дауыс беру арқылы сайланған жергілікті комиссиялардың талқылауын талап ететіндіктен, бұл жоба *іс жүзінде* революциялық жоба болып табылады, өйткені сайланып қойылған нағыз демократиялық мекемелердің жер реформасын жергілікті жерлерде талқылауы қазіргі Россиядағы патша өкіметін және помещиктердің жер иелігін сақтап қалумен мүлде сыйыспайды. Ал біріккен дворяндардың нұсқалары бойынша помещиктердің пайдасына әдейі өңі айналдырылған сайлау заңы негізінде сайланған қаражүздік Думада, нағыз құтырынған реакция мен жүгенсіз кеткен ақ террор үстем болып тұрғанда,— міне осындай Думада *42 шаруаның* бұл сияқты жобаға қол қоюы қазіргі Россияда шаруалар бұқарасының революцияшылдығын басқа қандай пікірлердің бәрінен де артық дәлелдейді. Оппортунистер кадеттермен одақтасу қажеттігін, буржуазиялық революцияда пролетариаттың буржуазиямен жақындасуы қажеттігін мейлі дәлелдей берсін,— саналы жұмысшылар III Думадағы жарыс сөзбен таныса келіп, буржуазияның солқылдақтығы мен сатқындығына қарамастан, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының жалпы тегеурінінсіз Россияда буржуазиялық жеңімпаз революцияның болуы мүмкін емес екендігі жөніндегі өз сенімін тек нығайта түседі.

Егер Сторчак, сондай-ақ, басты және негізгі мәселеде дәл сол позицияда тұрған депутаттар священник Титов, Андрейчук, 4-Попов және Никитюк, өздерінің сөздері мен ұсыныстарынан қандай қорытынды шығатындығын аяғына дейін айтуды былай қойғанда, тіпті оны аяғына дейін ойлаудан да қорқып, шаруа бұқарасының революцияшылдығын түсінбей, стихиялы түрде білдіріп отырған болса, трудовиктер III Думада шаруалардың бұқаралық күрес рухын тікелей және ашық білдіріп отыр. Бұл арада трудовик-шаруалардың сөздері өте құнды, олар бұқараның пиғылдары мен талаптарын таң қаларлықтай дәл және әсерлі көрсетеді, программаларға келгенде шатасқанымен (біреулері 42 шаруа жоба-

сына тілектес екенін, екіншілері — кадеттерге тілектес екенін айтады), программа атаулының қайсысынан болса да тереңірек жатқан нәрсені күштірек білдіреді, өз көзқарастарын тікелей баяндайды.

Вятка губерниясынан депутат Кропотовты алайық. «Менің сайлаушыларым маған былай деді: 9 ноябрь заңы — помещиктік заң... Менің сайлаушыларым мынадай сұраулар қойды: не себепті бұл зорлықпен істеліп отыр?.. біздің жерлеріміз неліктен земство бастықтарының қарамағына беріліп отыр?.. Сайлаушылар маған мынадай аманат тапсырды: сен Мемлекеттік думада айтатын бол, ендігі жерде бұлай тұруға болмайды... Оны (9/XI заңын) біздің жерде қолдана бастаса-ақ болды, біздің шаруалар айтқандай, жаңа бір помещиктердің үйлерін өрт ала бастайды» (71)... «Істің түйіні помещиктерді көтермелеуде болып отыр... Мемлекеттік маңыздылықтың кедейдің ақтық ұлтарақтай жерін тартып алып, оны, мен айтқандай, үкіметтің жазған заңы бойынша әлде қалай жерді қолында ұстап қалғандарға беруді талап ететіні несі? Мемлекеттік маңыздылық бостан-бос жатқан жерлерді: помещиктік, қазыналық, уделдік, монастырьлық жерлерді еріксіз ұқсаттыруды талап етпей ме?.. Шаруа бір десятинаға 11 сом 50 тиын төлейді, ал егер, мырзалар, әділетті түрде мұндай салық жұрттың бәріне бірдей салынатын болса, онда жер шынында да шаруалардың қолында болып шығады, сонда күштеп иеліктен айырудың керегі болмай қалады. Әділ болу үшін жерге бірден-бір салық салу керек, сонда жер еңбекші бұқараның қолында болып шығады, сонда ешкім де өкпелемейді: жұмыс істегісі келмеген адам төлемейтін болады...» (73).

Осы аңғал сөзде әлі де күресте сыналмаған қаншама күш жатыр, күреске қаншама құштарлық жатыр десеңізші! «Күшпен иеліктен айырудың» болмағанын тілей отырып, Кропотов *іс жүзінде* — помещиктік жерлерді *конфискелеуге* және *барлық* жерді национализациялауға пара-пар келетін шараны ұсынып отыр! Джордж ілімінің бұл жақтаушысының «бірден-бір салығы» барлық жерді национализациялауға тең екендігін, мұны Кропотов түсінбейді, бірақ оның *миллиондардың* шын тала-

бын айтып отырғандығында ешқандай күдік болуы мүмкін емес.

Депутат Рожковты алайық, ол мынадай мәлімдемеден бастайды: «маған, деревня мужигіне, бұл мінбеден сөйлеу қиын, мырзалар» (77)... «Шаруалар Мемлекеттік думадан 9/XI заңын, бізде атымен жоқ жерді біздерге бөліп бермекші заңды күткен жоқ, ал ең алдымен керекті жерді көбейтетін, сонан кейін ғана оны бөлуге кірісетін заңды күтті. Мұндай заңның негізгі ережелері 20 февральда 47 шаруаның қолы қойылып берілген болатын, бірақ осы уақытқа дейін ешбір қозғаусыз жатыр... Жердің қожайындары — земство бастықтары.., ал бұл жердің шын қожайындары күшті күзетпен маталып отыр... Жерді қанаушылық мақсатында сатып алу үшін біздің мемлекетте нақтылы заң жоқ.., сен оны қанаушылық үшін сатып алма дейтін заң жоқ... Міне сондықтан, Ставропольдің жерге орналастыру комиссиясы 1907 жылы 16 сентябрьде жерді жұмыс көлігі мен құрал-сайманы барлар ғана сатып ала алады деген қаулы шығарды. Ал, мұнда, осы үйдің ішінде, мырзалар, жерге орналастыру комиссиясы жер сатып алуға право бермеген адамдарды ұстап отырған помещиктердің жартысы дерлігі отыр. Мырзалар, әлгі адамдардың жылына 60—70 сом алып қызмет істейтіндігін біз білеміз... Бұл сормаңдай еңбеккер өмір бойы помещиктің жұмысшысы болуға мәжбүр, ол өмір бойы біреудің жұмысын істеуден белін жазбайды, ал қожайын соның арқасында өзін мәдениетті адаммын деп санайтын болады».

Томилов: «Біздің ойымызша, бірден-бір жол... мынадай: қазірден бастап Россияның барлық қауымдарында, бұрынғы ревизиялардың үлгісі бойынша, жерді қайтадан бөлуді жүргізу керек; бұл ревизиялар 1905 жылғы 3 ноябрьге дейінгі еркектердің санын анықтауға тиіс. Біздің шаруалардың ежелгі арманы — жер мен еркіндік алу, бірақ біз қазіргі үкімет әзірге өкімет басында тұрғанда, осы уақыт бойына жер меншігіне қол сұғылмайды дегенді естідік. (О р т а т ұ с т а н: «жеке меншік» д е г е н д а у ы с т а р ш ы қ т ы.) Жеке, дворяндық меншік. (О р т а т ұ с т а н: «сіздердің меншіктеріңіз де» д е г е н д а у ы с т а р ш ы қ т ы.) Егер

мұның бізге қатысы болса, онда біз үлесті жерлерімізді беруге ризамыз»; (шаруалар *Вандеясы* деген міне осы, данышпан Плеханов пен К^{0} Стокгольмде бізді бүкіл жер национализацияланған жағдайда шаруалар Вандеясы болады деп қорқытқан еді![129]) «айталық, бір селоның шаруалары үлесті жерлерін баспа-бас беріп, теңелуге риза делік. Министрлік өкілінің мәлімдемесі — өкімет билігі шаруалардың және жалпы халықтың қолына көшпей тұрып, шаруалар жерді де, саяси бостандықты да көре алмайды, дегенге келіп саяды. Біз мұны бұрыннан біле тұрсақ та, ашық айтылғанына рахмет...» (149).

Ал, 1905 жылы, саналы элементтердің басшылығымен шаруалар біртұтас болып бірігіп (Оң жақта айғай-шу және күлкі), айбарлы сөзін айтқан кезде... сол кезде дворяндар: «Сіздерде бар емес пе, сіздерге үлесті жер берілді ғой. Міне, сол сүйек-саяқты бөлісе беріңіздер...» дей бастады.

3-ші Петров: «Мырзалар, Алексей Михайлович патшалық еткен кезді және Разин бастаған қозғалыста байқалған шаруа халықтың ашынуын еске түсіріңіздерші (Оң жақтан: «Өй-дөйт!» деген дауыстар естілді)... Өзінің талаптарын халық 1905 жылы ерекше күшті білдірді. Сол кезде, нақ қазіргідей, мұқтаждық халықты көшеге шығарып, өзіне не керек екендігі туралы өзінің өктем сөзін айтқызды ғой» (187)... «Барлық жер бүкіл халықтың теңгерме пайдалануына көшуі тиіс... Мен, әрине, жерге жеке меншікке қарсымын» (расында, Плехановтың болжап айтқан Вандеясы ұлғая бастап отыр!), «сондықтан, барлық жер өз қолына көшкенде ғана еңбекші халық жеңілдік алады демекпін (204)... Сіздердің буырқанған өмір теңізінің тұңғиығын тағы да көретіндеріңізге мен толық сенемін. Сол кезде інжілдің: семсер көтерген сол семсерден мерт болады, деген нақыл сөзі жүзеге асады (Оң жақта күлкі). Еңбек тобы фракциясы, өзінің талпыныстарын өзгертпегені сияқты, өзінің мұраттарын да өзгерткен жоқ... Біз... былай дейміз: бүкіл жер сол жерде еңбек етіп отырғандарға берілсін, ал бүкіл өкімет еңбекші халыққа лайықталған болсын!» (206).

Мерзляков: «Жерді кім өңдесе, ол соныкі болуға тиіс... біздің Россияда жер саудасы енді мүлде болмайтын болсын, жерді оз еңбегімен кім өңдесе, ол соныкі болсын» (207). Т. т.

Орынның тапшылығы бізді цитат келтіруді тоқтатуға мәжбүр етіп отыр. Нақ сондай пікірлерді бұдан гөрі күңгірттеу және бәсеңдеу білдірген шешендерді атап қана кетейік: Кондратьев, священник 2-ші Попов, Булат, 2-ші Волков, Дзюбинский, Ляхницкий (соңғы екеуі Еңбек тобының атынан ресми мәлімдеме жасады).

Социал-демократтардың аграрлық программасы жөнінде шаруа депутаттарының бұл позициясынан қандай қорытындылар шығады деген сұрақ туады? Шаруалар крепостниктік латифундияларға және крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы күресін ұсақ буржуазиялық социализмнің утопияларымен бүркеп отыр, мұнымен жұрттың бәрі де келіседі. Мұның өзі біздің аграрлық программаның большевиктер жобалаған, Стокгольмде меньшевиктер қабылдаған соңғы бөлегінде корсетілген («Стокгольм съезінің протоколдары»).

Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Жерді бөлу де, муниципализациялау да, национализациялау да буржуазиялық-демократиялық өзгерістер болып табылады, ал социал-демократтар қай системаны жақтап шығуға тиіс? Осы программаны Стокгольмде қабылдатқан Плеханов бастаған меньшевиктер: муниципализацияны жақтау керек,— деп жауап береді. Шаруалардың жерін национализациялау Вандеяны туғызған болар еді дегенді меньшевиктер Стокгольмде тура айтты.

Содан бері үш Думада шаруалар — Россияның алуан түрлі жерлерінен келген депутаттар пікірлерін айтты. Дәл шаруалардың жеріне «тимеу» үшін ойлап шығарылған «муниципализация» шаруа депутаттарының бірде-бір тобын қызықтыра алған жоқ. Трудовик-шаруалардың *бәрі* үш Думаның үшеуінде де бүкіл жерді национализациялауды жақтап сөйледі, бұл талапты олар біресе трудовиктердің программасын тікелей қайталау арқылы, біресе «бірден-бір салық» жөнінде түрлендіре сөйлеу арқылы, біресе «жерді кім өңдесе, ол соған берілсін», «біз үлесті жерлерімізді беруге ризамыз»

және т. т. деген сансыз көп мәлімдемелер арқылы білдірді.

«Муниципализацияны» да, «Вандея» туралы байбаламды да өмірдің өзі мейлінше мазақ етті.

Барлық саналы шаруалардың национализацияны жақтап шығуының экономикалық негізі қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін Думада Белоусов жолдас жасаған статистикалық бір салыстыруды[130] еске түсірейікші:

«76 млн. десятина 30 000 помещиктің қолында (Европалық Россияда), ал 73 млн. десятина 1 десятинадан 15 десятинаға дейін үлесті жері бар 10 миллион шаруа үйлерінің қолында... Қорытынды біреу: үйлердің жалпы санының бестен төрті өз жерінің көлемін екі есе көбейте алар еді» (209). Бұл цифрлардың қайсыбіріне тіпті таласа берсін (біздің ойымызша бұлар талассыз цифрлар), бірақ олар қалай өзгертілсе де істің мәнін өзгерте алмайды, ал істің мәні мынада. Өзінің иелігіндегі жерді екі есе көбейтуге тырысқанда, шаруалар үлесті жерлер мен үлестен тыс жерлерді толық біріктіріп, араластырып жіберуге ұмтылмай тұра алмайды. Үлесті жерлерді жеке меншікте, үйлер мен қауымдардың қазіргі меншігінде сақтау және экспроприацияланатын үлестен тыс жерлердің қоғамдық («муниципалитеттік») меншікте болуы шаруашылық жағынан қисынсыз нәрсе. Бұл — интеллигенттер ойлап шығарған программаларда орын толтыру үшін ғана жарайтын барып тұрған сорақы аграрлық биметаллизм. Шаруашылық барлық жерді біріктіріп, араластырып жіберуді талап етеді. Шаруашылық үлесті жердің пұшпақтарын помещиктік жердің пұшпақтарымен (аренда) қазірдің өзінде біріктіріп отыр, сондықтан «муниципализация» нығайтып отырған жер иелігіндегі айырмашылықтарды, қойылған шектер мен межелерді жоймайынша, крепостниктік тәртіпті талқандау мүмкін емес. Шаруашылық бурмистрлер мен қазына агенттері бөліп, межелеген ескі «үлесті жерлерге» емес, капитализмге бейімделген жаңа жер иелігі болуын,ерікті жер иелігі болуын талап етеді. Национализациялауды жақтап сөйлеген шаруалар экономикалық дамудың (бұл дамудың капиталистік сипатын түсінбей)

нақ осы талабын білдіріп отыр. Үлесті және үлесті емес жер иелігінің ескі айырмашылығы капитализмнің талаптарына қайшы келеді, сондықтан меньшевик-муниципализаторлар оны нығайтуға қалай тырбанса да, оның қиратылатыны сөзсіз. Ал бұл шекті бұзу, фермерлердің жаңа шаруашылығы үшін барлық разрядтағы жерлерді біріктіру, араластыру, қосып жіберу (жерді кез-келген азамат өңдей алады деп шаруалар қате ойлайды: оны кез-келген қожайын, яғни бұған қаражаты бар адам өңдей алады!) тек помещиктік меншікті ғана емес, сонымен қатар жерге жеке меншік атаулыны түгел жоюды талап етеді.

Столыпин жер иелігінің барлық бұрынғы түрлерінің бұрынғы шектерінің бәрін жойғысы келеді. Бұл талаптану экономикалық жағынан дұрыс. Капитализмнің оны жүзеге асыратыны сөзсіз. Бұл миллиондаған шаруа үйлері есебінен жасала ма (9 ноябрь заңы бойынша тонау), әлде 30 000 аса ірі помещиктер есебінен жасала ма, мәселе тек осында ғана. Буржуазиялық-демократиялық революцияда жерді национализацияламайынша соңғы жолдың іске асуы мүмкін емес. Барлық саналы шаруалардың үш Думаның үшеуінде де национализацияны жақтап шыққан себебі осы.

Енді бізге социал-демократтардың III Думада сөйлеген сөздерін алып қарау қалып отыр. Шешендердің сөздеріне шек қойғанға дейін біздің фракцияның тек екі шешені ғана сөйлеп үлгірді (Гегечкори мен Белоусов). Қалғандары осы шек қоюда байқалған «зорлыққа» қарсы наразылық білдіріп, сөз сөйлеуден бас тартты. Аты аталған жолдастардың екеуі де өз ісін дұрыс орындап шықты. Олар үкімет саясатының «дворяндық-бюрократтық рухын», «1861 жылғы ереженің бүтіндей крепостниктік ереже болғандығын», «жер мен еркіндікті» талап етіп, 1905 жылы «революциялық бой көрсетуге» өзінің «тілектестігі» мен қабілеттілігін дәлелдеген шаруалардың көкірегіне «үкіметке деген өшпенділіктің» әбден сіңгендігін көрсетті. «Латифундияларды конфискелеу және оларды халыққа беру» жолындағы біздің, социал-демократиялық, күресімізді партиямыздың шешендері дұрыс түсіндірді, «теңгермелік», «социализациялау»

және т. с. жөніндегі мещандық утопиялар рухында емес, елді кіріптарлық-крепостниктік езгіден азат ету шарасы ретінде түсіндірді. Гегечкори мен Белоусов мәселені революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан қойды. «Правоны күш туғызады,— деп аяқтады Белоусов жолдас,— сондықтан правоны жеңіп алу үшін күш жинап, оны ұйымдастыру керек». III Думаның социал-демократ шешендерінің бұл екі сөзі де насихат пен үгіт жұмысын жүргізетін партия мүшелерінің қай-қайсысының болсын алдында жататын материалы болуға тиіс. Социал-демократиялық фракция ұсынған жердің басқаға көшуі жөніндегі формулада тек жердің тегін көшуі жөніндегі талап қана қалып қойған. Егер бұл әдейі істелген болса, онда мұның өзі біздің программамызды елеулі түрде бұзғандық болар еді. Бірақ формуланы оқып шыққан Гегечкори жолдас өзінің сөзінде «иеліктен тегін айыру» қажеттігі туралы екі рет айтты, сондықтан бұл көрсетілген қалдырып кетуді әдейі жасалған деп есептеуге бола қоймас.

«Пролетарий» № 40,
1 (14) декабрь, 1908 ж.
Қол қойған: Н. Л.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[131]

21—27 ДЕКАБРЬ, 1908 ж.
(3—9 ЯНВАРЬ, 1909 ж.)

1

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Қазіргі саяси жағдай мынадай белгілермен сипатталады:

a) Ескі крепостниктік самодержавие дамып келеді, ол абсолютизмді жалған конституциялық формалармен бүркемелейтін буржуазиялық монархияға айналуда. Патша өкіметінің қаражүздік помещиктермен және сауда-өнеркәсіп буржуазиясының жоғарғы топтарымен одағы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс арқылы және III Думаның құрылуы арқылы ашықтан-ашық бекітілді және мойындалды. Россияның капиталистік даму жолына лажсыздан біржола түскен және крепостник-жер иелерінің өктемдігі мен табыстарын солардың өз қолында сақтай алатын нақ осындай жолды қорғап қалуға тырысқан самодержавие осы тап пен капитал өкілдерінің арасында бұлталақтауда. Олардың арасындағы ұсақ-түйек жанжалдар абсолютизмді қолдау үшін пайдаланылады, ал абсолютизм осы таптармен бірігіп, жуықта болған бұқаралық күресте өзінің күшін байқатқан социалистік пролетариат пен демократиялық шаруаларға қарсы өршеленген контрреволюциялық күрес жүргізіп отыр.

b) Қазіргі патша өкіметінің аграрлық саясатының да нақ осындай буржуазиялық-бонапартистік сипаты бар. Патша өкіметі шаруа бұқарасының монархияға аңқаулықпен берілгендігіне сенім дегеннен жұрдай болды. Патша өкіметі бай шаруалармен одақтасуды көздеп, деревняны олардың тонауына беріп қойды. Бүкіл қауым-

дық-үлесті жер иелігін тезірек күйретіп, жерге бірыңғай жеке меншікті нығайту үшін самодержавие жанталаса күш салуда. Мұндай саясат капитализмнің деревнядағы барлық қайшылықтарын жүз есе шиеленістіреді, сөйтіп деревняның реакционерлердің болмашы азшылығы және революцияшыл пролетариат пен жартылай пролетариат бұқарасы болып екіге бөлінуін тездетеді.

с) Бұқараның революциядағы алғашқы ірі бой көрсетулері тұсында-ақ контрреволюциялық жолға түскен, кадеттер партиясы бастаған либерал буржуазия октябристермен бұрынғыдан да гөрі жақындаса түсіп, осы контрреволюциялық жолмен жүріп келеді және өзінің патшалық-ұлтшылдық үгіті арқылы,— буржуазияның тап ретіндегі сана-сезімінің өскендігін білдіретін үгіті арқылы,— іс жүзінде абсолютизмге және крепостник-помещиктерге қызмет етіп отыр.

d) Шаруалар бұқарасы, тіпті олардың III Думадағы қыспаққа алынған және бұрмаланған өкілдігінің өзі көрсетіп отырғанындай,— деревняның демократиялық элементтерін қуғындаушылықтың бәріне қарамастан,— өздерінің қаншама ауытқулары бола тұрса да, помещиктік жер иелігін мүлде жоя отырып, мұнысымен капиталистік Россиядағы өндіргіш күштердің неғұрлым тез, неғұрлым кең және неғұрлым еркін дамуын қамтамасыз ететін революциялық-демократиялық аграрлық төңкеріс жағында қалып отыр. 9 ноябрь заңы шаруа бұқарасының бір-бірімен мәмлеге келмейтін дұшпан күштерге және саналы-саяси күштерге бөлінуін тек қана тездетеді.

е) Пролетариатқа самодержавие тарапынан да, тез бірігіп, шабуылға шығып отырған капитал тарапынан да басқаның бәрінен гөрі көбірек соққы тиді және тиіп те отыр. Осыған қарамастан, басқа таптармен салыстырғанда, пролетариат өзінің асқан ұйымшылдығын және революция біте қайнастырған өзінің таптық партиясына деген мейлінше адалдығын сақтап қалды. Революциялық жаңа күреске дәйекті басшылық етуге қабілетті бірден-бір тап болып қала отырып, пролетариат

өзінің таптық мүдделері жолындағы күресті жүргізе беруде және өзінің социалистік таптық санасын тереңдете беруде.

f) Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның объективтік міндеттері, жалпы және тұтас алғанда, орындалмай қалып отырғанында күмән жоқ. Әлі тоқтамаған экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық пен ашаршылық самодержавиенің ең жаңа саясаты Россияның капиталистік дамуына жағдай туғыза алмайтындығын көрсетеді. Бұл саясат демократиялық бұқараның үстемдік етуші таптармен дау-жанжалын тереңдетуге, халықтың жаңа жіктері ішінде наразылықты күшейтуге, әр түрлі таптардың саяси күресін шиеленістіріп, тереңдетуге әкеп соқтырмай қоймайды. Мұндай экономикалық және саяси жағдайда жаңа революциялық дағдарыс пісіп-жетілмей тұрмайды.

g) Негізінен, Батыс Европаның өнеркәсіп жағдайының 1908 жылы депрессияға көшкен дағдарысқа қарай бет алған өзгерістерінен және Шығыста ұлттық капиталистік мемлекеттердің құрылуына жол ашқан революциялық қозғалыстардан туып жатқан дүние жүзілік рыноктағы жалпы шиеленіс бәсекені күшейте түседі, халықаралық қақтығыстардың жиілеуіне әкеп соғады, осыдан барып буржуазия мен пролетариат арасындағы таптық қайшылықты шиеленістіре түседі және жалпы халықаралық жағдайды барған сайын революцияшылдандыра түседі.

Істің жайы осындай екеніне сүйене отырып, РСДРП Жалпы россиялық конференциясы партияның қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттері мынадай деп біледі:

1) Самодержавиенің ең жаңа саясатының мағынасы мен мәнін және дербес таптық саясат жүргізе отырып, қазіргі саясат пен болашақ революциялық күресте демократиялық шаруаларға басшылық етуге тиісті социалистік пролетариаттың ролін халықтың қалың бұқарасына түсіндіру.

2) 1905—1907 жылдардағы бұқаралық күрестің революциялық-социал-демократиялық тактиканың таптырмайтын бағалы сабақтарын берген тәжірибесін жан-жақты зерттеп үйреніп, кеңінен тарату.

3) Революция заманында қалыптасқан түрінде РСДРП-ны нығайту; оның самодержавиемен және реакцияшыл таптармен де, сондай-ақ буржуазиялық либерализммен де ымырасыз күрес жүргізу дәстүрлерін қолдау; революциялық марксизмнен шегінушілікке қарсы, РСДРП ұрандарын күзеушілікке қарсы күресу және ыдыраушылық ықпалына түскен кейбір партиялық элементтер арасында байқалып отырған, РСДРП-ның құпия ұйымын жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы күресу.

Сонымен бірге мынаны есте ұстау қажет: партиялық қызметтердің жұмысшы социал-демократтардың өз қолына көшуінің қазірдің өзінде айқын байқалып отырған процесіне жәрдемдесу арқылы ғана, құпия партия ұйымдарын құрып, нығайту арқылы ғана партияны өзінің дұрыс даму жолына алып шығуға болады.

4) Лондон және Штутгарт конгрестерінің қарарларына сәйкес, жұмысшы табының экономикалық күресіне жан-жақты көмектесу.

5) Думаны және Дума мінбесін революциялық социал-демократиялық насихат пен үгіт үшін пайдалану.

6) Ең алдымен пролетариаттың саналы бұқарасын тәрбиелеу, ұйымдастыру және топтастыру жолында ұзақ жұмыс жүргізу міндеті күн тәртібіне қойылып отыр. Сонан соң, осы міндетке бағындыра отырып, ұйымдастыру жұмысын шаруалар мен армия арасына тарату қажет, әсіресе әдеби насихат пен үгіт түрінде тарату қажет, оның бер жағында, шаруалар мен армия ішіндегі пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерді социалистік тұрғыда тәрбиелеу ісіне баса назар аударылуға тиіс.

1908 ж. 23 декабрьде (1909 ж. 5 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1929—1930 жж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларының XIV томында басылған

Белгісіз біреудің қолымен жазылған текст (гектографта басылған данасы) бойынша басылып отыр

2

ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯҒА АРНАЛҒАН ДИРЕКТИВАЛАР

Ұйымдық мәселе жөнінде ұсынылған қарарлардың жобалары мен жарыс сөз жалпы алғанда қазіргі ұйымдық саясаттың негізгі бағыты туралы мәселе жөнінде РСДРП-да басты екі ағым бар екенін айқын көрсеткендігін ескере келіп,—

Конференция комиссияға бұрынғыша социал-демократияның негізгі міндеті болып қала беретін бұқара арасындағы жұмысты жүргізу үшін негізгі салмақ құпия-партия ұйымын құрып, нығайту ісіне аударылуға тиіс деп есептейтін, сөйтіп осы ұйымның үздіксіз ықпал етіп отыруы арқылы ғана бұқара арасындағы жұмыстың бәрі, думадағы фракцияға ықпал жүргізудің бәрі, думадағы фракция төңірегінде істелетін партия қызметінің бәрі, социал-демократияның таптық міндеттерін ешбір төмендетпестен жария және жартылай жария ұйымдарды пайдалану ісінің бәрі дұрыс жолға қойылуы мүмкін деп білетін бағыттың принциптерін өз жұмыстарының негізі етіп алуды тапсырады.

1908 ж. 24 декабрьде (1909 ж. 6 январьда) енгізілген
РСДРП Орталық Комитеті Парижде шығарған «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің болып өткен жалпы партиялық кезекті конференция туралы хабарламасында» 1909 ж. 28 январьға (10 февральға) дейін басылған

«Хабарламаның» тексті бойынша басылып отыр

3
ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗГЕ ТҮСІНІК [132]

Нақты мәлімдеме

Мен мынаны атап көрсетемін: бүгін ғана талқыланған ұйымдық мәселе жөнінде сөйленген сөзімде кавказдықтардың «Голос Социал-Демократаға» көзқарасы туралы да, *жалпы* «Голос Социал-Демократа» туралы да *бір ауыз сөз* айтқан жоқпын және айтқым келмеді. *Сондықтан* өзінің сөзін бұл мәселе жөнінде қазіргі уақытта кавказдықтар мен «Голос Социал-Демократаның» арасында ешқандай алауыздықтар жоқ деген мәлімдемеден бастап, тифлистік Петр жолдас менің есімімді мүлде орынсыз атады. Бұрынғы жарыс сөзге келетін болсақ, онда мен «Голос Социал-Демократа» редакциясының *кейбір* мүшелері мен кавказдықтардың алауыздықтары туралы ғана айтқан болатынмын, ал ол алауыздықтар Орталық Комитеттің 1908 жылғы август пленумы жиналысында ашылған болатын.

Н. Ленин

1908 ж. 24 декабрьде (1909 ж. 6 январьда) енгізілген
Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

ҚАРАРЛАРДЫ ДАУЫСҚА ҚОЮ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

Егер конференцияға қайсыбіреулер ұсынған қарарлардың біреуін дауысқа қою талап етілмесе, онда конференция комиссия жұмыстарының бағыты туралы қарарды дауысқа қояды.

Ал егер біреудің қарарын негізге алу үшін дереу дауысқа қою алдын ала талап етілген болса, онда бұл талап бірден орындалады.

Ленин

1908 ж. 24 декабрьде (1909 ж. 6 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5
БЮДЖЕТКЕ ДАУЫС БЕРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯҒА ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

БІРІНШІ НҰСҚА

Бюджетті бүтіндей жақтап дауыс беру принциптік тұрғыдан жол берілмейтін нәрсе деп танылады. Конференция мынаны қажет деп біледі: бюджеттің жекелеген статьяларын дауысқа қою мәселелері жонінде фракция біздің программамыздың прищипін — еңбекші таптарға полициялық-чиновниктік қамқорлық жасаумен байланысты реформаларды социал-демократтардың үзілді-кесілді қабылдамайтын принципін ең маңызды міндет етіп қоятын болсын. Сондықтан бюджеттің жекелеген статьяларына қарсы дауыс беру жалпы ереже болуға тиіс, өйткені бұл статьялардың орындалуы әрқашанда дерлік қаражүзділктердің қамқорлығына ғана емес, тікелей ықпал етуіне де байланысты болып отырады. Бұл жағдайларға қарамастан, еңбекшілердің халахуалының жақсаруы ықтимал болған реттерде, социалистік позицияны баяндаған мәлімдемені міндетті түрде жариялай отырып, дауыс беруден қалыс қалу ұсынылады. Ақырында, «жақтап» дауыс беру фракцияға қажет болған ерекше бір жағдайларда, Орталық Комитет өкілдерімен және, мүмкіндігінше, астаналық партия ұйымдарының өкілдерімен кеңесіп алмай тұрып бұлай етпеу керек деп ұсынылады.

ЕКІНШІ НҰСҚА

Бюджет туралы мәселе жөнінде конференция былай деп ойлайды: бюджетті бүтіндей жақтап дауыс беру

принциптік тұрғыдан жол берілмейтін нәрсе деп танылады.

Таптық мемлекет бюджетінің бұқараны езу құралдарына (әскерге және басқаларға) жұмсалатын шығындарды заңдандыратын жекелеген статьяларын жақтап дауыс беру де жол берілмейтін нәрсе деп танылады.

Реформаларды жақтап немесе мәдениет қажеттеріне арналған шығындар туралы статьяларды жақтап дауыс берген кезде де біздің программамыздың принципі — еңбекші таптарға полициялық-чиновниктік қамқорлық жасаумен байланысты реформаларды социал-демократтар қабылдамайтын принципі ең маңызды міндет болып қойылатын болсын.

Сондықтан III Думада жүргізілетін реформалар дейтіндерге қарсы және мәдениет қажеттері дейтіндерге арналатын шығындар жөніндегі статьяларға қарсы дауыс беру жалпы ереже болуға тиіс.

Жалпы жағдайларға қарамастан, еңбекшілердің халахуалының жақсаруы ықтималдау ғана болған ерекше бір реттерде қалыс қалу және қалыс қалудың себептері туралы ерекше мәлімдеме жасау ұсынылады.

Ақырында, жұмысшылар үшін тікелей тиімді болуы күмәнсыз болған төтенше бір жағдайларда «жақтап» дауыс беруге рұқсат етіледі, бірақ Орталық Комитет өкілдерімен және партия мен кәсіподақ ұйымдарының өкілдерімен кеңесіп алу ұсынылады.

1908 ж. 26 декабрьде
(1909 ж. 8 январьда)
енгізілген

1909 ж. РСДРП шетелдік топтары Орталық бюросы Парижде шығарған «Жалпы партиялық конференция туралы Кавказ делегациясының есебінде» басылды

Бірінші нұсқа «Есептің» тексті бойынша, екінші нұсқа —«Есептің» текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

6

«ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ» ҚАРАРҒА ҚОСЫМША

...сонымен бірге мынау атап көрсетілсін: фракцияның ауытқығаны үшін кінә жалғыз оның кінәсы емес, өйткені фракция қаражүздік Думаның өте-мөте ауыр жағдайында жұмыс істеп отыр, бұл кінә белгілі бір дәрежеде партияның барлық ұйымдары мен оның Орталық Комитетінің де кінәсы; олар партияның Думадағы жұмысын дұрыс жолға қою үшін қажетті және мүмкін нәрселердің бәрін әлі де болса тындыра істеген жоқ...

1908 ж 26 декабрьде
(1909 ж. 8 январьда)
енгізілген

РСДРП Орталық Комитеті Парижде шығарған «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің болып өткен жалпы партиялық кезекті конференция туралы хабарламасында» 1909 ж. 28 январьға (10 февральға) дейін басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

7

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Нақты мәлімдеме

Большевиктердің ішіндегі үйірмелік келісімдер туралы Данның мәлімдемесі жөнінде біз мынаны атап көрсетеміз: біздің келісімдеріміз партия ішінде жұмыс істеп жүрген, партия органдарына жазып жүрген партиялық адамдар арасында жасалады, ал меньшевиктер болса өздерінің қарарында да, өздерінің барлық істерінде де партиялық адамдардың жасырын түрде партияға қарсы әрекет істейтін, партияны жоятын және европалық социал-демократиялық партиялардың бірде-бірінде болып көрмеген оппортунизмді жүргізетін партияда жоқ адамдармен келісімін жүзеге асырады.

1908 ж. 26 декабрьде (1909 ж. 8 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

8

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Конференция Орталық Комитеттен конференцияның қарарларын және ұсынылган жобаларды, ал егер мүмкін болса, оның протоколдарын немесе қысқаша есебін де бастырып шығаруға шаралар қолдануды сұрайды.

1908 ж. 26 декабрьде (1909 ж. 8 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

9

НАҚТЫ МӘЛІМДЕМЕ [133]

Мен Лядов жолдасқа сөйлеген сөзімде сан рет атап көрсеткен, Орталық Комитеттің *veto* правосының *даусыздығы* тұрғысынан қарсы шыққандығымды атап көрсетемін.

Н. Ленин

1908 ж. 26 декабрьде (1909 ж. 8 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

10

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІ ЖОЮ ТУРАЛЫ МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕ [134]

Нақты мәлімдеме

Мартынов пен Игорев жолдастардың Орталық Комитетке ұсынуға өздері уәде еткен және 4 ай бойы ұсынбаған хаты Орталық Комитет жұмысының жолға қойылуын емес, қайта оның «өмір сүру правосын» (Existenzrecht), яғни дәл жойымпаздық жоспарларды сөз етті.

Н. Ленин

1908 ж. 26 декабрьде (1909 ж. 8 январьда) енгізілген

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ҚАЛАЙ ШЫҒАРЫП ЖҮР ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРДЫ

Бізге өткен (1908) жылы қазіргі жағдай туралы және Россиядағы буржуазиялық демократиядағы ағымдар туралы талай рет айтуға тура келген болатын. Біз «Азаттық одағын» трудовиктердің қатысуымен қалпына келтіруге қастандық жасалғанын атап көрсеттік («Пролетарийдің» 32-номері)*, біз шаруалардың және шаруа өкілдерінің аграрлық және басқа мәселелер жөніндегі демократизмін сипаттап бердік («Пролетарийдің» 21 және 40-номерлері)**, біз өзін ерекше революцияшылмыз деп күпситін социалист-революционерлер фракциясының таңқаларлық жетесіздігін «Революционная Мысль» газеті бойынша суреттеп бердік («Пролетарийдің» 32-номері). Жағдай толық көріну үшін енді социалист-революционерлер партиясының ресми әдебиетіне тоқталып өту қажет. 1908 жылдың ішінде «Знамя Труданың» 4 номері (9—13-номерлері; 10—11 қос номері)*** шықты және социалист-революционерлер партиясы Орталық Комитетінің августа шетелде болған 1-партия конференциясы мен партияның 4-Советі туралы ерекше «Хабарламасы» басылып шықты [135]. Осы материалға тоқталайық.

«Партияның алдында,— дейді социалист-революционерлер партиясының Орталық Комитеті «Хабарлама-

---

* Қараңыз: осы том, 149—159-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 445—452-беттер және осы томның 338—354-беттері. *Ред.*

*** Амал не, 12-номерді «Пролетарий» редакциясы қолға түсіре алмады.

да»,— ұлы орыс революциясының қазірде аяқталған дәуірінің қорытындыларын шығару мәселесі тұрды, бұл дәуірдің өн бойында негізгі, көбінесе дерлік бірден-бір қимыл жасаушы тұлға қала пролетариаты болды». Мұнда өте жақсы айтылған. Мұнда эсерлердің әдетінде болмаған шындық айтылған. Бірақ бес жолдан әрі қарай оқыңызшы: «Ойдағыдай өтуге тиісті орыс революциясы не қала пролетариаты күштерінің еңбеккер шаруалар күштерімен қуатты одағының ісі болатындығы, не ондай революцияның болмайтындығы жайлы біз үшін әуел бастан күмәнсыз шындықты контрреволюцияның жеңісі көрнекі түрде ғана дәлелдеп берді. Бұл одақ орыс өмірі алға тартқан әлеуметтік-революциялық программада көрініп, әзірге идея жүзінде ғана өмір сүрді. Ол өмірде тек енді ғана жүзеге аса бастады. Оның жаңадан жүзеге асуы келешекте болмақ...»

Қараңыздаршы, эсерлердің шыншылдығы ұзаққа барды ма! Социалист-революционерлер мен социал-демократтардың программалары туралы шала-шарпы болса да естіген әрбір адам бұл программалардың түбірлі айырмашылықтары мынадай екенін біледі: 1) Социал-демократтар орыс революциясын *буржуазиялық* революция деп жариялады; социалист-революционерлер мұны теріске шығарды. 2) Социал-демократтар былай деп пайымдады: пролетариат пен шаруалар капиталистік (немесе жартылай крепостниктік, жартылай капиталистік) қоғамның *әр түрлі таптары* болып табылады; шаруалар—ұсақ *қожайындар* табы, ол буржуазиялық революцияда пролетариатпен бірге «баррикаданың бір жағында» болып, помещиктер мен самодержавиені «бірге соққылай» алады, капиталистік қоғамның мүлде басқа табы болып қала отырып, *бұл* революцияда қайсыбір жағдайда пролетарлармен «одақтас» бола алады. Социалист-революционерлер мұны теріске шығарды. Олардың программасының негізгі *идеясы* — тіпті де пролетариат пен шаруа «күштерінің одағы» керек деушілікте болған жоқ, қайта бұл екеуінің арасында *таптық шыңырау* жоқ, олардың арасында таптық шек қоюдың керегі жоқ деуде, шаруалардың, пролетариаттан өзгеше, ұсақ буржуазияшылдығы бар дейтін со-

циал-демократиялық идея түбірінен жалған деуде болды.

Ал енді социал-демократтар мен социалист-революционерлер программасының осы екі түбірлі айырмашылығын социалист-революционер мырзалар жылтыраған, жып-жылмағай сөздермен бүркеп отыр! Революцияның қорытындыларын шығарғанда, эсер мырзалар революция да, эсерлік программа да болмаған сияқты етіп шығарып отыр. Құрметті мырзалар, эсерлік программа болды, оның эсдектер программасынан бар айырмасы сол,— оның басты, теориялық бөлімі шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығын бекерге шығаруға, шаруалар мен пролетариат арасындағы таптық шекті бекерге шығаруға негізделген. Құрметті мырзалар, революция да болды, оның негізгі сабағы мынада: шаруалар өздерінің ашықтан-ашық жаппай бой көрсетулері арқылы өздерінің пролетариаттан өзгеше, таптық жаратылысын байқатты, өздерінің ұсақ буржуазияшылдығын көрсетті.

Сіздердің мұны байқамаған болып көрінгілеріңіз келеді-ау? Сіздер мұны көріп отырсыздар, бірақ революция ашқан, өздеріңізге жайсыз тиетін шындықтан ат-тонды ала қашуға тырысасыздар. Сіздер трудовиктермен «одақтас» болып емес, олармен біте қайнасып әрекет жасадыңыздар және, оның үстіне, ашықтан-ашық революция өзінің шырқау шегіне жеткен аса маңызды кезеңдерде — 1905 жылдың күзі мен 1906 жылдың жазында — солай еттіңіздер. Баспасөздің жария органдары ол кезде эсерлер мен трудовиктердікі болды. Тіпті трудовиктер мен халықтық социалистер бөлініп шыққаннан кейін де сіздер бір одақта емес, бір блокта яғни II Думаны сайлауда және II Думаның өзінде олармен біте қайнасқандай дерлік болдыңыздар. Трудовиктер мен энестердің программасынан өзгеше, сіздердің өз программаңыз шаруалар өкілдерінің барлық ашық және нағыз бұқаралық бой көрсетулерінде *жеңіліске ұшырады.* Сондықтан I Думада да, II Думада да шаруа депутаттарының басым көпшілігі, эсерлердің программасын *емес, трудовиктердің* аграрлық программасын қабылдады. Социалист-революционерлер өздерінің таза эсерлік басылымдарында 1906 жылдың

аяғынан бастап өздері-ақ саяси бағыт ретінде трудовиктердің *ұсақ буржуазияшылдығын* мойындауға, бұл бағыттың астарында ұсақ қожайындардың «меншікшілдік түйсігі» бар екендігін мойындауға мәжбүр болды (Вихляев мырзаның және басқа эсерлердің халықтық социалистерге қарсы бағытталған мақалаларын қараңыз).

Революцияның «қорытындысын» шығара отырып, негізгі және басты қорытындыны *жасырғанда,* эсерлер кімді алдағысы келеді екен? деген сұрақ туады.

Революция кезінде шаруалар неліктен трудовиктердің ерекше саяси партиясы (немесе тобы) болып қалыптасты? Революция кезінде шаруалар бұқарасының партиясы эсерлер болмай, нақ трудовиктер болған себебі не? Егер эсер мырзалар мұны кездейсоқ нәрсе деп ойлайтын болса, онда қорытындылар туралы да, жалпы ешқандай программа туралы да сөз етудің қажеті жоқ, өйткені онда қорытынды атаулының және программа атаулының бәрінің орнын шым-шытырық бірдеңе басады. Егер бұл, кездейсоқтық емес, қазіргі қоғамдағы негізгі экономикалық қатынастардың нәтижесі болатын болса, онда орыс социал-демократтары программасының басты және негізгі пунктін *тарих дәлелдеген* болып шығады. Біздер, социал-демократтар, әрқашанда теория жүзінде жүргізіп келген таптық шекті — шаруалар мен пролетариат арасындағы таптық шекті — революция іс жүзінде жүргізіп берді. Революция мынаны біржола көрсетті: Россиядағы бұқара партиясы, тап партиясы болғысы келетін партия *не* эсдектік, *не* трудовиктік болуға тиіс, өйткені бұқараның өзі неғұрлым маңызды және қызу кезеңдерде өздерінің ашық бой көрсетулері арқылы нақ осы және тек осы екі бағытты ғана толығынан белгілеп алды. 1905—1907 жылдардағы оқиғалардың көрсеткеніндей, аралық топтар бұқарамен бірде-бір рет және ештеңе жөнінен де бірлесіп кете алмады. Біздің революцияның буржуазиялық сипаты да осы арқылы дәлелденді. Россиядағы саяси күштердің социалистік пролетариат және ұсақ буржуазиялық демократиялық шаруалар

болып түпкілікті бөлінгенін жалпы бірде-бір тарихшы, бірде-бір есі дұрыс саясатшы енді бекер дей алмайды.

«Қала пролетариаты мен еңбеккер шаруалар күштерінің одағы... әзірше идея жүзінде өмір сүрді». Бұл бүтіндей шатыстырылған, жалған сөз. Пролетариат пен шаруалар күштерінің одағы «идея жүзінде өмір сүрген» жоқ және «өмірде енді ғана жүзеге аса бастаған» жоқ, қайта ол орыс революциясының бүкіл бірінші дәуірін, 1905—1907 жылдардағы барлық ірі оқиғаларды сипаттады. Октябрь стачкасы мен декабрь көтерілісі, бір жағынан, жергілікті жерлердегі шаруа көтерілістері және солдаттар мен матростардың көтерілістері, атап айтқанда, пролетариат пен шаруалар «күштерінің одағы» болды. Бұл одақ стихиялы, қалыптаспаған, көбінесе санаға орныға қоймаған одақ болды. Бұл күштер жеткілікті ұйымдаспаған, бытыраңқы күштер еді, олардың шын жетекшілік ететін орталық басшылығы, және т. т. болмады, бірақ ескі самодержавиенің шебін бұзған басты күш — пролетариат пен шаруалар «күштерінің одағы» болғандығы даусыз факт. Бұл фактіні түсінбейінше, орыс революциясының «қорытындыларынан» ештеңе де түсінуге болмайды. Бұл арада эсерлер қорытындысының жалғандығы сол: олар: *трудовиктік* шаруалар деудің орнына — *еңбеккер* шаруалар дейді. Мүлде елеусіз нәрсе сияқты көрінетін осы кішкентай, осы болмашы айырмашылық іс жүзінде нақ эсерлердің революцияға дейінгі қиялдары мен революция біржолата дәлелдеген шындықтың арасындағы терең шыңырауды анықтап береді.

Эсерлер *еңбеккер* шаруалар туралы *әрқашан да* айтып келді. Қазіргі орыс шаруаларының саяси бейнесін революция *трудовиктердің* бағыты ретінде анықтады. Сірә, эсерлердікі дұрыс болғаны ма? Бірақ тарихтың келемежі мынада болып отыр: тарих эсерлік *терминді* сақтап, мәңгілік етті, бұл терминге шын сай келетін ұғымға нақ эсдектер алдын ала айтқан *мазмұнды* берді. Еңбеккер шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығы туралы талас мәселеде революция тарихы эсерлер мен бізді бөліп тастады: тарих эсерлерге *құрғақ сөзді* берді де, бізге — *істің мәнін* берді. Эсерлердің революцияға

дейін дәріптеген еңбеккер шаруалары революция кезінде эсерлерге безуге *тура келген трудовиктер* болып шықты! Ал бізге, эсдектерге, шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығын енді Маркстің «Капиталындағы» талдау [136] арқылы ғана емес, «Эрфурт программасына» [137] сілтеме жасау арқылы ғана емес, халықшылдық экономикалық зерттеулер мен земстволық статистиканың мәліметтері арқылы ғана емес, шаруалардың орыс революциясындағы жалпы мінез-құлқы арқылы, атап айтқанда, *трудовиктердің* құрамы мен қызметіне қатысты фактілер арқылы да дәлелдеуге болады және дәлелдеуге тиіспіз де.

Жоқ. Тарихтың бізді эсерлерден қалай бөлгені жөнінде наразы боларлықтай ештеңе жоқ.

«Егер шақырымпаздар социал-демократияны оның нағыз жауынгерлік позицияларына қайтара алғандай болса,— дейді «Знамя Труда» 13-номерінің 3-бетінде,— онда біз айтыс үшін игілікті материалдың біраз бөлегінен айрылып қалған болар едік, бірақ дәйекті жауынгерлік тактикада ынтымақтасты тапқан болар едік». Ал бұдан екі жол жоғарырақта: «Егер кадеттер арасында да, социал-демократтар арасында да солшыл ағым үстем болып шықса,— бостандық пен социализм жолындағы күрес ісі тек ұтып шыққан болар еді» делінген-ді.

Өте жақсы, эсер мырзалар! Сіздер біздің «шақырымпаздар» мен «солшылдарды» еркелеткілеріңіз келеді екен. Ал енді еркелеткенге еркелетіп жауап беруге бізге де рұқсат етіңіздер. «Айтыс үшін игілікті материалды» пайдалануға бізге де рұқсат етіңіздер.

«Мейлі, бірқатар партиялар, кадеттерге, трудовиктерге және социал-демократтарға дейін, түгелімен картоннан жасалған оперетталық Думаға қатысулары арқылы жалған конституциялық құрылысты қолдай берсін» («Знамя Труда», бұл да сонда).

Сонымен, III Дума картоннан жасалған Дума екен. Эсер мырзалардың масқара надандығын ашу үшін осы бір сөздің өзі артығымен жетіп жатыр. Эсерлік орталық органның басшылары, аса құрметті мырзалар, үшінші

Думаның картоннан жасалғандығы I және II Думаларға қарағанда анағұрлым *аздау!* Осы қарапайым нәрсені түсінбей, сіздер тек «Пролетарийдің» номеріндегі «Өңі айналдырылған парламенттік кретинизм»[138] деген мақалада біздің сіздер туралы айтқанымызды тағы да дәлелдеп отырсыздар. Жаман және реакцияшыл Думалар картоннан жасалған мекеме, ал жақсы және прогрестік Думалар — картоннан жасалған мекеме емес деп өзін де, басқаларды да сендірмек болатын тұрпайы буржуазиялық демократияның дағдылы соқыр сенімін сіздер бүтіндей қайталап отырсыздар.

Шындығында I және II Думалар самодержавиені революциямен қорқытқысы келген либерал-буржуазиялық интеллигенцияның қолындағы картон семсер болды. Ал III Дума — картон семсер емес, ал самодержавие мен контрреволюцияның қолындағы нағыз семсердің өзі. I және II Думалар — картоннан жасалған Думалар, өйткені олардың шешімдері қоғамдық таптар күресіндегі материалдық күштің шын бөлінісіне сай келмеді, сөйтіп бос сөз болып қалып отырды. Бұл екі Думаның маңызы мынада: кадеттік конституциялық көлгірсушілердің алдыңғы қатарының аржағында шынымен революция жасаушы, бұқаралық ашық күресте жауды соққылаушы, бірақ оны әлі де болса өлтіре соққылай алмаған сол демократиялық шаруалар мен сол социалистік пролетариаттың нағыз өкілдері тұрғаны айқын көрінді. Үшінші Дума — картоннан жасалған Дума емес, өйткені оның шешімдері контрреволюцияның уақытша жеңісі жағдайындағы материалдық күштің шын бөлінісіне сай келеді, сондықтан құр сөз болып қалмайды, жүзеге асырылады. Бұл Думаның маңызы мынада: ол халықтың саяси жетілмеген барлық элементтеріне өкілдік мекемелердің және мемлекеттік өкімет билігіне шын ие болудың арасалмағын көрсететін айқын сабақ берді. Өкілдік мекемелер, тіпті ең «прогрестік» болғанның өзінде де, бұларды өкіл етуші таптар нағыз мемлекеттік өкімет билігіне ие болмайынша картоннан жасалған мекеме ретінде қалуға мәжбүр болады. Ал тіпті ең реакциялық өкілдік мекемелерінің өзі, бұларда өкілдері бар таптардың қолында

нағыз мемлекеттік өкімет билігі болып отырғандықтан, картоннан жасалған мекеме болмайды.

III Думаны картоннан жасалған опереттalық Дума деп атау социалист-революционерлер партиясының әлдеқашаннан бергі өзіне тән ерекше сипаты және негізгі қасиеті болып алған барып тұрған жетесіздіктің, революциялық көпірме сөзді өршітушіліктің үлгісі болып табылады.

Алайда ілгері жылжиық. III Думаның «жалған конституциялық құрылыс» екені рас па? Жоқ, бұл қате. Бұдан жарты ғасыр дерлік бұрын Лассаль[139] үйреткен әліппені білмейтін адамдар ғана басшы органда мұндай нәрселерді айтуы мүмкін. Ең төменгі типтегі насихаттық үйірменің, социалист-революционерлер партиясы деп аталатын үйірменің, аса құрметті мүшелері-ау, конституцияның мәні неде осы? Конституция жоқтағыдан гөрі конституция бар кезде «еркінірек» болатындығында және «еңбеккер халыққа» өмір сүру жеңілірек болатындығында ма? Жоқ, тек тұрпайы демократтар ғана осылай ойлайды. Конституцияның мәні мынада: жалпы алғанда мемлекеттің негізгі заңдары және өкілдік мекемелердің сайлауы правосына, ол мекемелердің қызмет бабына және т. т. қатысты заңдар тап күресіндегі күштердің шын арасалмағын көрсетеді. Заң мен шындық бір жерден шықпаса, онда конституция жалған конституция болады; бұл екеуі бір жерден шықса, онда ол жалған болмағаны. I және II Думалар заманындағы Россиядағыдан гөрі III Дума заманындағы Россиядағы конституцияның жалғандығы *кемірек*. «Социалист»-«революционер» мырзалар, егер бұл қорытынды сіздерді шамдандыратын болса, оның себебі мынау: сіздер конституцияның мәнін де, оның жалғандығы мен оның таптық сипаты арасындағы айырмашылықты да түсінбейсіздер. Конституцияның қаражүздік, помещиктік, реакцияшыл болуы, сонымен бірге, қайсыбір «либерал» конституциядан гөрі жалғандығы кемірек болуы да мүмкін.

Социалист-революционерлер душар болған кесел сол, олар тарихи материализмді де, Маркстің диалектикалық методын да білмейді, сөйтіп олар бүтіндей тұрпайы

буржуазиялық-демократиялық идеялардың шырмауында қалып отыр. Конституция олар үшін жаңа өріс емес, тап күресінің жаңа формасы емес, ал либерал профессорлар айтатын «заңдылық», «право тәртібі», «жалпыға бірдей игілік» және т. т. және т. с. сияқты абстракт игілік. Шынында самодержавие де, конституциялық монархия да, республика да — тап күресінің әр түрлі формалары ғана, мұның өзінде тарихтың диалектикасы мынадай: бір жағынан, бұл формалардың әрқайсысы өзінің таптық мазмұнының әр түрлі даму кезеңдерінен өтеді, ал екінші жағынан, бір формадан екінші формаға өту бұрынғы қанаушы таптардың басқа бір пердені жамылып, үстемдік етуін ешбір (өзінен-өзі) жоймайды. Мысалы, боярлар Думасы мен боярлар аристократиясы болған XVII ғасырдағы орыс самодержавиесі және бюрократиясы, қызмет сословиелері болған, «ағартушы абсолютизмнің» жеке дәуірлері болған XVIII ғасырдағы самодержавие бір-біріне ұқсамайды, ал шаруаларды күйзелтіп, капитализмге жол аша отырып, буржуазияның жергілікті өкілдік мекемелерінің негізін енгізе отырып, шаруаларды «жоғарыдан» азат етуге мәжбүр болған XIX ғасырдағы самодержавие бұл екеуінен де мүлде өзгеше болды. XX ғасырдың қарсаңында жартылай феодалдық, жартылай патриархтық самодержавиенің бұл ақырғы формасының да күні өтіп болды. Капитализмнің өсуі, буржуазияның күшеюі және т. т. ықпалымен ұлттық көлемдегі өкілдік мекемелерге көшу қажет болды. 1905 жылғы революциялық күрес, әсіресе бірінші бүкіл россиялық өкілдік мекемені кім және қалай шақыратындығына байланысты шиеленіскен болатын. Декабрьдегі жеңіліс бұл мәселені ескі монархияның пайдасына шешті, ал мұндай жағдайларда қаражүздік-октябристік конституциядан өзге конституцияның болуы мүмкін де емес еді.

Жаңа әрекет өрісі кезінде, бонапартшылдық монархия мекемелері тұсында, саяси дамудың неғұрлым жоғарғы сатысында күрес тағы да ежелгі жауды, қаражүздік самодержавиені тайдырудан басталады. Бұл күресте жаңа өкілдік мекемелерді пайдаланудан социа-

листік партия бас тарта ала ма? Эсерлер бұл мәселені тіпті қоя да білмеді, олар бос сөздермен, тек бос сөздермен ғана құтылып жүр. Бұдан әрі тыңдаңыздар:

«Енді бізде күрестің парламенттік жолдары жоқ — тек парламенттен тыс жолдары ғана бар. Осы сенім барлық жерде орнықтырылуы тиіс, сондықтан оның мұндай орнығуына кедергі болатын нәрсенің бәріне қарсы ымырасыз күрес жүргізу керек. Күрестің парламенттен тыс құралдарына баса назар аударайық!»

Эсерлердің пайымдауы социологиядағы атышулы субъективтік әдіс негізіне құрылған. Сенімді орнықтырып алайық — сонда іс бітіп жатыр деп ойлайды. Күрестің белгілі бір жолдарының бар-жоқтығы туралы сенімді объективтік мәліметтер арқылы тексеріп алу керек екендігі жөнінде субъективистер қам жемейді. Ал эсерлердің «Хабарламасына» және конференциясының қарарына көз жіберсек, одан біз мынаны оқимыз: «...бастан кешіріп отырған ауыр уақыттың немесе, дұрысында, қысылшаң шақтың түнжыраған тыныштығы» (4-бет)... «реакцияшыл қоғамдық күштердің топтасуы»... «бұқаралық халық жігерінің түсалу фактісі»... «халықтың неғұрлым сезімтал бөлегі ретіндегі интеллигенцияда шаршап-шалдығу, идеялық ауа жайылушылық және революциялық күреске қатысушы күштердің қайтуы байқалады» (6-бет) және т. т. және т. с. «Осылай болғандықтан социалист-революционерлер партиясы... б) тактикалық пікірмен бұқаралық жеке бой көрсету жобаларын мақұлдамауға тиіс, қазіргі кезеңдегі жағдайға қарағанда бұл бой көрсетулерде халық жігері босқа ысырап болуы мүмкін» (7-бет).

«Бізде» дегенде кімде «күрестің парламенттен тыс жолдары ғана бар» болғаны? Терроршылдар топсымақтарында болатыны белгілі, өйткені әлгі көшіріліп алынған тирадалардың бәрі «біздегі» *бұқаралық* күресті көрсетпейді. *«Бұқаралық халық жігерінің түсалу фактісі»* және «күрестің парламенттен тыс құралдарына баса назар аудару»,— осы екеуін жай салыстырудың өзі-ақ эсерлерді революцияшыл авантюристер деп атауда қаншалықты тарихи шындық бар екенін бізге үсті-

үстіне дәлелдей түседі!* Күрестің парламенттен тыс құралдарына қазірде бұқараның қабілеті жоқ деп өздері де мойындай отырып, жай әншейін сөздің өткірлігі үшін осындай құралдарға баса назар аудару керек деу авантюризм емей не? Мұның өзі интеллигенттік торығушылықтың әбден ескіріп біткен психологиясы емес пе?

«Күрестің парламенттен тыс құралдарына баса назар аударайық» — мұның өзі орыс революциясының ең тамаша дәуірлерінің бірі, 1905 жылдың күзінде дұрыс ұран болған-ды. Эсерлер осыны қазір сынамастан қайталағанда жөн-жосықсыз... беталды айғайлай берген халық ертегісінің кейіпкеріне ұқсап отыр. Сіздер, құрметтілер-ау, бойкот ұранының 1905 жылдың күзінде *не себепті* дұрыс болғанын түсінбегенсіздер, ал оны қазірде сынамастан, мән-мағынасыз, жаттанды сөз сияқты қайталап, сіздер революционаризмді емес, нағыз кәдімгі ақымақтықты байқатып отырсыздар.

«Бұқаралық халық жігерінің түсалу фактісі» туралы 1905 жылдың күзінде бір адам да айтқан жоқ-ты. Қайта керісінше, барлық партиялар бұқаралық жігер бұлақтай тасуда деп мойындаған болатын. Осындай кезеңде буырқанған күштерді ашықтан-ашық ыдыратқысы келген және бір минутқа болса да тыныштандыра тұрғысы келген ескі өкімет заң жобасын жасауға кеңесші парламент шақыруды ұсынады. «Күрестің парламенттен тыс құралдарына баса назар аударайық» — ол кезде бұл ұран ат төбеліндей даурықпалардың бос сөзі болған жоқ, іс жүзінде дүйім жұрттың алдында, жұмысшылар мен шаруалардан шыққан миллиондаған күрескерлердің алдында тұрған адамдардың жар салуы болды. Миллиондар бұл ұранды қостап, бұл ұранның *объективті дұрыс* болғанын, ат төбеліндей революционерлердің «сенімін» ғана емес, ал бұқараның шын жағдайын, ниеті мен инициативасын көрсетті. «Бұқаралық халық жігерінің түсалу фактісін» мойындаумен қатар бұл ұранды да қайталау тек күлкі боларлық саясатшылардың ғана қолынан келеді.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 408—431-беттер *Ред.*

Біз күлкі боларлық нәрсені қозғаған соң, «Знамя Трудадан» мынадай бір кереметті келтірмеске болмас: «Оны (үкіметті) Думада «қаралармен» және соңғы үкімет жарлығы партиясымен оңаша қалдырайық, сонда, иланыңыз, егер бұл бүйілер бір кезде бірін-бірі жей бастай алатын болса, онда нақ осындай жағдайда бірін-бірі жейді»... Бұл «иланыңыз» деген сөздің керемет сүйкімділігі соншалық, тіпті дұшпанды тура ұстап береді. «Знамя Трудадағы» бас мақалаларды оппозиция III Думадан кеткенде «бүйілер» «бірін-бірі жей» бастайтындығына шынымен иланатын эсерлік сүйкімді гимназистка жазып жүр, оқушы, бұған «иланыңыз».

Пролетарлық емес партияларға көзқарас жөнінде Лондон съезі қабылдаған қарардың [140] кадеттерге қатысты бөлігі меньшевиктер тарапынан барынша қатты шабуыл туғызды. Халықтық немесе трудовиктік партияларға қатысты бөлікке олардың жасаған шабуылы бұдан сәл ғана бәсең болды. Меньшевиктер эсерлерді біздің еркінсітіп отырғанымызды немесе марксистер әлдеқашан анықтаған олардың кейбір кінәлары туралы үндемейтінімізді және т. с. дәлелдеуге тырысты. Меньшевиктердің бүкіл осы босқа әуреленуінің шығар негізі екі түрлі болды: бір жағынан, орыс революциясына баға берудегі негізгі принциптік алауыздық. Меньшевиктер пролетариаттың революцияны кадеттерге қарсы трудовиктік шаруалармен бірлесіп жасамай, қайта кадеттермен бірлесіп жасауын барынша тілейді. Екінші жағынан, бұқара мен таптардың революцияда ашық бой көрсетуі бұрынғы жағдайды және көбінесе партиялардың бұрынғы сипатын өзгерткенін меньшевиктер түсінген жоқ. Революцияға дейін эсерлер халықшылданушы интеллигенттердің тобы *ғана* болды. Революциядан кейін және тіпті 1906 жылдан кейін де осындай сипаттама беру дұрыс болар ма еді? Сірә, дұрыс болмайтын шығар. Осындай тұжырымдағы бұрынғы көзқарасты революциядан ештеңе үйренбеген адамдар ғана қорғай алады.

Халықшылданған интеллигенттердің бұл тобы — орыс буржуазиялық революциясында шаруалардың мүдделері мен көзқарастарын білдірген өте кең және сөзсіз бұқаралық халықшылдық немесе трудовиктік ағымның ең солшыл *қанаты* екенін революция *дәлелдеді*. Бұл фактіні шаруалар көтерілістері де, Шаруалар одағы да, үш бірдей Думадағы Еңбек тобы да, эсерлер мен трудовиктердің ерікті баспасөзі де дәлелдеді. Меньшевиктер тап осы фактіні түсіне білмеді. Олар эсерлерге *доктринерлік* тұрғыдан қарайды, яғни оларды біреудің доктринасындағы қатені есепке алып, бірақ бұл доктрина буржуазиялық-демократиялық революцияны ілгері бастырушы нақты бұқараның қандай нақты мүдделерін көрсететіндігін немесе бүркемелейтінін көрмейтін доктринаның адамдары деп біледі. Эсерлік доктрина зиянды, қате, реакцияшыл, авантюристік, ұсақ буржуазиялық доктрина — деп айғайлайды меньшевиктер — бұдан әрі бір адым да баспайды, бір сөз де айтпайды; бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны.

Сіздердің қателеріңіз, міне, осыдан басталады дейміз біз меньшевиктерге. Эсерлік доктрина — зиянды, қате, реакцияшыл, авантюристік, ұсақ буржуазияшыл доктрина деу орынды. *Бірақ* мұндай қасиеттер бұл quasi* — социалистік доктринаның Россиядағы келісімпаз емес, шын революцияшыл буржуазия мен ұсақ буржуазияның идеялық бүркеніші болуына кедергі жасамайды. Өйткені эсерлердің доктринасы трудовиктік, яғни шаруалық-демократиялық тасқынға қосылатын кішкене бұлақ қана болып табылады. Бұқара мен таптардың ашық күресі басталысымен-ақ, оқиғалар біздің бәрімізді, большевиктерді де, меньшевиктерді де, осыны мойындауға, мойындағанда эсерлердің жұмысшы депутаттары советтеріне қатысуына жол бере отырып, шаруа, солдат депутаттары, почта-телеграф, темір жол және т. т. депутаттары советтерімен жақындаса отырып, олармен бір одақта либералдарға қарсы сайлауға қатыса отырып, Думада олармен бірге либералдарға қарсы дауыс бере отырып және т. с. жасай отырып,

* — жалған. *Ред.*

мойындауға дереу мәжбүр етеді. Біздің эсерлерге берген бағамызды революция теріске шығарған жоқ, қайта дәлелдеді. Бірақ революция бұл бағаны дәлелдегенде, мәселені бұрынғы орнында және бұрынғы күйінде қалдырмай, оны анағұрлым жоғары негізге қоя отырып дәлелдеді: бұрын тек доктриналар мен идеологияларды салыстыру туралы ғана, шағын топтардың саясаты туралы ғана әңгіме болатын-ды; қазір әңгіме осы идеологияның немесе осы тектес идеологияның соңына еретін таптар мен бұқараның тарихи әрекетін салыстыру туралы болып отыр. Бұрын тек: эсерлердің айтып жүргендері дұрыс па, бұл идеялық ұйымның тактикасы дұрыс па? деп сұрайтын-ды. Енді сұрақ былай қойылып отыр: халықтың эсерлермен ынтымақтаспыз немесе олардың негізгі идеяларымен («еңбек негізі» және т. с.) ниеттеспіз деп ойлап жүрген топтарының мінез-құлқы іс жүзінде қандай? Меньшевиктердің қатесі революция туғызған осы өзгерісті түсінбеуде болып отыр.

Ал бұл өзгерістің көрсетілген мәнінен басқа өте-мөте маңызды тағы бір себебі: бұл өзгеріс таптар мен партиялардың арасалмағын айқын көрсетті. Біздің революцияның берер сабағы мынада: белгілі бір таптарға сүйенген партия ғана күшті болады және ол оқиғалардың барлық және қандай бұрылысында болмасын аман қалады. Ашық саяси күрес партияларды бұқарамен тығыз байланыс жасауға мәжбүр етеді, өйткені мұндай байланысы жоқ партиялар — түк те емес. Формальды жағынан алғанда эсерлер трудовиктерден тәуелсіз секілді. Саяси майданнан мүлде құрып кету қаупі туғандықтан, олар *іс жүзінде* революцияда трудовиктермен бірлесуге *мәжбүр* болды. Ал келесі революциялық өрлеу кезінде эсерлер (олар өздерінің толық дербестігі туралы қазір қанша даурықса да) трудовиктермен немесе бұқараның соларға ұқсас ұйымдарымен бірлесуге тағы да мәжбүр болатындығына кепілдік етуге болады. Қоғамдық өмір мен таптар күресінің объективтік жағдайлары ізгі ниеттерден және жазылған программалардан күштірек. Бірден-бір дұрыс осы көзқарас тұрғысынан алғанда, трудовиктер мен эсерлердің қазіргі ажырасуы ұсақ буржуазиялық қоз-

ғалыстың ыдырауы ғана болып табылады, қиын жағдай туғанда өзінің ұйымшылдығын сақтай алмайтын және «бет-бетімен тентірейтін» ұсақ буржуалардың тұрлаусыздығы ғана болып табылады. Бір жағынан, біздің алдымызда ұйымдаспаған, солқылдақ, бұлталақтаушы, III Думада берік саяси бағыт дегеннен жұрдай, бірақ, күмән жоқ, бұқарадан шыққан, бұқарамен байланысты, бұқараның тілектерін білдіретін трудовиктер тұр. Екінші жағынан — бұқарамен ешбір байланысы жоқ, торығып аласұрған, бұқаралық күреске сенуден қалып («Революционная Мысльді» қараңыз), террорга жұмылып отырған ат төбеліндей эсерлік «шақырымпаздар» тұр. Трудовиктердің ұшқары оппортунизмі (революцияшыл шаруалар жағдайы тұрғысынан) және эсерлердің құрғақ сөз жүзіндегі, мағынасыз, ұшқары революционаризмі, міне, мұның өзі — бір ғана ұсақ буржуазиялық ағымның екі түрлі саяздығы, бір «ауруды» білдіретін «екі жара»: ұсақ буржуазияның тұрақсыздығы, оның үздіксіз, табанды, ұстамды және ынтымақты бұқаралық күреске қабілетсіздігі болып табылады.

Революциялық партиялардың қазіргі кездегі думалық тактикасын, соның ішінде шақырымпаздық туралы мәселені бұл жағдай жаңадан түсіндіріп берді. «Күрестің парламенттік жолдары бізде жоқ» деп даурығады мақтаншақ интеллигенттер — эсерлер. «Бізде» деп отырғандарыңыз кімдер, мырзалар? *Бұқарасыз* интеллигенцияда күрестің парламенттік құралы да, парламенттен тыс елеулі бір құрал да еш уақытта болған жоқ және еш уақытта болмақ та емес. Ал кеше, революция кезінде, қандай бұқара сіздермен бірге немесе сіздердің қастарыңызда болды? Трудовиктік шаруалар болды. *Оларда* «күрестің парламенттік құралдары жоқтығы» рас па? Бекер. III Думадағы аграрлық жарыс сөздерге көз салыңыздар, сонда сіздер трудовиктердің мұнда бұқараның тілектерін сөзсіз білдіргенін көресіздер. Демек, эсерлердің өткір сөзі дөрекі сөзуарлықтан басқа түк те емес. 1908 жылы шаруалар бұқарасы думалық трибунада *өздерінің* тілектерін білдірді, ал «парламенттен тыс» күрескен жоқ. Бұл —

факт, бұдан ешқандай «солшылдық» байбалам арқылы және эсерлік-шақырымпаздық құрғақ сөздерді төгілту арқылы бұлтара алмайсыздар.

Бұл фактінің себебі неде? Парламенттен тыс жолдардың артықшылығына «сенімнің» бәсеңдеуінен бе? Тіпті де олай емес. Оның себебі: ол дәуірде объективті жағдайлар әлі де болса бұқараның қозғалысқа келіп, тікелей бой көрсетуін туғыза қоймады. Ал бұл осылай болса — оның осылай болғаны күмәнсыз — онда *орташа* жолдарды да пайдалану әрбір байсалды партияның міндеті болды. Бұларды пайдалана білмегендіктен эсерлерде не болды? Тек мыналар ғана болды: трудовиктер өз ісін тым жаман атқарды, оларға партия әсер еткен жағдайда болатын қателерге қарағанда, олар қатені мың есе көп жіберді, бұлталақтап, өте-мөте жиі құлады. Ал эсерлер өз табынан, өз бұқарасынан қол үзіп, сөзуарлыққа «жұмылды», өйткені «күрестің парламенттен тыс құралдары» үшін олар *іс жүзінде* 1908 жылы *дәнеңе* істеген жоқ. Эсерлердің өзінің әлеуметтік тамырынан осы қол үзушілігі сол мезетте-ақ олардың әуел бастағы кінәсын: дәрменсіздікті бүркемелейтін өлшеусіз, жүгенсіз кеткен мақтаншақтығын, даңғойлықты асқындыра түседі. «Біздің партия өзін құттықтай алады,— дегенді оқимыз біз «Хабарламаның» 1-ші бетінен... «шын өмір сүріп отырған» (міне, біз қандаймыз!) «жергілікті партия ұйымдарының»... конференцияға сайлауында «барлық мәселе бойынша пиғылдың бірлігіне қол жетті»... «мұның өзі әлбетте бір ауыздылыққа жеткендік болды» (бұл да сонда) және т. с.

Бұл бекер, мырзалар. «Революционная Мысльда» да (1908 жылдың көктемі) және «Знамя Труданың» 13-номерінде де (1908 жылғы ноябрь)[141] әбден айқын байқалған алауыздықтарды сіздер осы даурықпа сөздер арқылы жасырып отырсыздар. Бұл даурығу әлсіздіктің белгісі. Трудовиктердің бейпартиялық оппортунизмі де, эсерлердің «партиялық» мақтаншақтығы да, негізсіздігі де, бос сөзі де,— бір медальдің екі жағы, *біртұтас* ұсақ буржуазиялық жіктің ыдырауының екі шеті болып табылады. Эсерлердің революция кезінде, күрес барлық сарындарды ашқан кезде, өздерінің энестер мен

максималистер арасында ауытқушылығын үнемі жасырмақ болғаны, бірақ жасыра алмағаны тегін емес.

Арба орда жатыр. Аттар доғарылып қалган. Делбеші жол шетіндегі мықыр бағанға атша мініп алып, бөркін шекесіне қисайта киіп, өзін «бір ауыздылықпен» «құттықтап отыр». Эсерлер партиясының сиқы міне осындай. Ат төбеліндей интеллигенттерді ауыр, қажырлы жұмыстан, бірақ бұқараны тәрбиелеп, ұйымдастырудың бірден-бір елеулі және игілікті жұмысынан құрғақ айғайға шақырып алған эсерлік шақырымпаздықтың қорытындылары — міне, осындай.

«Пролетарий» № 41,
7 (20) январь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЛҒА

Ыдырау жылы, идеялық-саяси ауажайылушылық жылы, партиядағы бағытсыздық жылы артымызда қалды. Партия ұйымдары мүшелерінің саны жағынан біртебірте ықшамдала түсті, кейбіреулері — атап айтқанда, пролетарлары өте аздары — тарап кетті. Партияның революция құрған жартылай ашық мекемелері сәтсіздікке ұшыраған үстіне ұшырап жатты. Жағдай мынаған дейін жетті: партия ішіндегі ыдырау ықпалына түскен кейбір элементтер үшін: бұрынғы социал-демократиялық партияны сақтау керек пе, *оның* ісін жүргізе беру керек пе, тағы да астыртын жұмысқа бару керек пе, барса мұны қалай істеу керек деген сұрақ туды,— оған барып тұрған оңшылдар партияның программасынан, тактикасы мен ұйымынан тіпті көрінеу бас тарту (жойымпаздық деп аталатын ағым) арқылы болса да, қайткенде де ресмилену керек деген мағынада жауап берді. Тек ұйымдық жағынан ғана емес, идеялық-саяси жағынан да дағдарыс болғаны күмәнсыз.

РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін. Біздің партияның Орталық Комитеті басып шығарған ерекше «Хабарламада» жарияланған конференция шешімдерін Орталық Комитет бекітті, демек, олар келесі съезге дейін бүкіл партияның шешімдері болып табылады. Бұл шешімдерде дағдарыстың себептері мен ма-

[389

ЦѢНА 25 САНТ.

ПАРИЖЪ, Среда 28/10 Февраля 1909 г.

№ 2.

РОССІЙСКАЯ СОЦ.-ДЕМОКРАТИЧ. РАБОЧАЯ ПАРТІЯ.

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ОРГАНЪ РОССІЙСКОЙ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ РАБОЧЕЙ ПАРТІИ

СОЦІАЛЬДЕМОКРАТЪ

LE SOCIAL-DÉMOCRATE

Organe Central du Parti Social-Démocrate Ouvrier en Russie

На дорогу.

В. И. Лениннің «Жолға» деген мақаласы басылған РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің бірінші беті. № 2, 28 январь (10 февраль), 1909 ж.

Кішірейтілген

ңызы туралы мәселеге, сонымен қатар ол дағдарыстан шығудың құралдары туралы мәселеге әбден анық жауап берілген. Конференция қарарлары рухында жұмыс істеп, партия қызметкерлерінің *бәрінің де* партияның қазіргі міндеттерін айқын және толық түсінуіне ұмтыла отырып, біздің ұйымдарымыз революциялық-социал-демократиялық ынтымақты және қызу жұмыс жүргізу үшін өз күштерін біріктіріп, нығайта алады.

Партия дағдарысының негізгі себебі ұйымдық мәселе жөніндегі қарардың дәлелдерінде көрсетілген. Бұл негізгі себеп — жұмысшы қозғалысына, негізінен, буржуазиялық-демократиялық революция таяуда жеңіп шығады деген үмітпен қосылған және реакция дәуірінде табан тіреп тұра алмаған солқылдақ интеллигенттік элементтер мен ұсақ буржуазиялық элементтерден жұмысшы партиясын тазартуда болып отыр. Тұрақсыздық теория саласында да («революцияшыл марксизмнен шегіну»: қазіргі кезең туралы қарар), тактика саласында да («ұрандарды күзеу»), партияның ұйымдық саясаты саласында да білінді. Саналы жұмысшылар бұл тұрақсыздыққа тойтарыс берді, жойымпаздыққа батыл қарсы шықты, партия ұйымдарының жұмыстарын жүргізуді және оларға басшылық етуді өз қолдарына ала бастады. Егер біздің партияның осы негізгі ұйтқысы ауажайылушылық пен дағдарыс элементтерін бірден жеңе алмаған болса, онда мұның өзі контрреволюция үстем болып тұрған кезде міндеттің орасан зор және қиын болғандығынан ғана емес, сонымен қатар революцияшыл ниетте болғанымен, социалистік саналылығы жеткілікті болмаған жұмысшылардың арасында партияға кейбір енжар қараушылықтың орын алуынан болды. Конференцияның шешімдері ауажайылушылық пен солқылдақтыққа қарсы күрес жолдары туралы социал-демократияның қалыптасқан пікірі ретінде ең алдымен Россияның нақ осы саналы жұмысшыларына арналып отыр.

Таптардың қазіргі өзара қатынасына және патша өкіметінің жаңа саясатына марксистік талдау жасау;—біздің партия бұрынғысынша алдына қойып отырған күрестің таяудағы мақсатын көрсету;— революциялық со-

циал-демократиялық тактиканың дұрыстығы туралы мәселедегі революцияның сабақтарына баға беру;— партия дағдарысының себептерін анықтау және дағдарысқа қарсы күресте партияның пролетарлық элементінің ролін көрсету;— құпия және жария ұйымдардың арасалмағы туралы мәселені шешу;— Дума мінбесін пайдаланудың қажеттігін мойындау және біздің думалық фракцияның қателерін тікелей сынаумен байланысты оған нақты басшылыққа алатын нұсқаулар жасап беру;— жұмысшы табы партиясының бастан кешіріп отырған ауыр кезеңде тұрақты жолды таңдап алуы туралы мәселеге толық жауап беретін конференция шешімдерінің басты мазмұны осындай. Осы жауапты зер сала қарастырып көрейік.

Бұқараның тікелей революциялық күресінің өткен дәуіріне қандай қатынас тән болса, таптардың саяси топталуындағы өзара қатынасы да нақ сондай болып қала береді. Шаруалардың орасан көпшілігі жартылай крепостниктік жер иелігін жоятын және патша өкіметін құлатпайынша жүзеге асырылмайтын аграрлық төңкеріске ұмтылмай отыра алмайды. Реакцияның үстем болуы берік ұйымдастыруға қабілетсіз шаруалардың демократиялық элементтерін тым қатты жаныштады, бірақ бүкіл езгіге қарамастан, қаражүздік Думаға қарамастан, трудовиктердің мейлінше тұрақсыздығына қарамастан, шаруалар бұқарасының революцияшылдығы тіпті III Думадағы жарыс сөзден де анық көрінеді. Пролетариаттың Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттері жөніндегі негізгі позициясы өзгеріссіз қала береді; ол позиция — демократиялық шаруаларға басшылық ету, оларды либерал буржуаның ықпалынан, жекелеген ұсақ кикілжіңге қарамастан, октябристермен жақындаса түсіп отырған және нақ осы соңғы сәтте национал-либерализмді құруға, шовинистік үгіт арқылы патша өкіметі мен реакцияны қолдауға ұмтылып отырған кадеттер партиясының ықпалынан құтқарып алу. Монархияны толық жою үшін және пролетариат пен революцияшыл шаруалардың саяси өкіметті жеңіп алуы үшін күрес бұрынғысынша жүргізіле береді,— делінген қарарда.

Самодержавие бұрынғыдай пролетариат пен бүкіл демократияның басты жауы болып отыр. Бірақ ол бұрынғысынша қала береді деп ойлау қате болар еді. Столыпиндік «конституция» мен столыпиндік аграрлық саясат ескі жартылай патриархтық, жартылай крепостниктік патша өкіметінің іріп-шіруінің жаңа кезеңі, оның буржуазиялық монархияға айналуы жолындағы жаңа адым болып табылады. Кезеңді осылайша сипаттауды не мүлдем алып тастағысы келген, не «буржуазиялық» деудің орнына «плутократиялық» дегісі келген Кавказ делегаттары теріс көзқараста болды. Самодержавие әлдеқашаннан бері-ақ плутократиялық болған-ды, ал ол өзінің аграрлық саясаты арқылы, және буржуазияның белгілі бір топтарымен тікелей одақтасуының жалпы ұлттық колемде ұйымдастырылуы арқылы — революцияның бірінші кезеңінен кейін, революция соққыларының ықпалымен ғана буржуазиялық болды. Самодержавие буржуазияны көптен бері асырап келді, буржуазия «ұлықтарға» жақындасуға да, заң шығару мен басқару ісіне ықпал етуге де, ізгі дворяндармен қатар орын алуға да ақшамен өзіне көптен бері жол ашып келді, бірақ қазіргі кезеңнің ерекшелігі сол — буржуазияның белгілі бір топтары үшін самодержавиенің өкілдік мекеме құруына тура келді, бұл топтар мен крепостниктердің арасында жылпостық көрсетуіне, Думада осы топтардың одағын ұйымдастырып отыруына тура келді, мужиктің ескішілдігінен үміт етудің қандайымен болсын қоштасуына, қауымды күйзелтіп отырған байлардан деревня бұқарасына қарсы тірек іздеуіне тура келді.

Самодержавие өзін бейне бір конституциялық мекемелермен бүркемелеп отырған секілді, бірақ сонымен бірге патшаның Пуришкевичтермен, Гучковтармен, тек осылармен ғана одақтасуы арқасында, оның таптық мәні іс жүзіне келгенде бұрынды-соңды болып көрмеген дәрежеде әшкереленіп отыр. Самодержавие буржуазиялық революцияның объективті қажетті міндеттерін — буржуазиялық қоғамның істерін шын басқаратын халық өкілдігін құруды және деревнядағы орта ғасырлық, шым-шытырық, ескі аграрлық қатынастарды тазалау міндеттерін шешуді өз мойнына алуға тырысып отыр;

бірақ самодержавиенің жаңа адымдарының нақ практикалық нәтижесі әлі де болса жоққа тең, сөйтіп мұның өзі тарихи міндетті шешу үшін басқа күштер мен басқа құралдардың қажеттігін бұрынғыдан да айқынырақ көрсетеді. Саясатта ысылмаған миллиондаған бұқараның ұғынуынша, самодержавие осы күнге дейін жалпы халық өкілдігіне қарсы қойылып келді; ендігі жерде күрес өзінің мақсатын ықшамдап отыр, өкілдіктің өзінің сипаты мен мәнін анықтайтын, мемлекеттегі өкімет билігі үшін жүргізілетін күрес ретінде өзінің міндетін нақтырақ белгілеп отыр. Ескі патша өкіметінің іріп-шіруінде, оның авантюристігінің күшеюінде, ескі революциялық міндеттерді тереңдетуде, осы міндеттер үшін жүргізілетін күрес майданын (және күреске қатысушылардың санын) ұлғайтуда III Думаның айрықша кезең болып табылатын себебі, міне, осыдан.

Бұл кезең жойылуға тиіс; қазіргі кезеңдегі жаңа жағдайлар күрестің жаңа формаларын талап етеді; дума мінбесін пайдалану сөзсіз қажеттілік болып табылады; пролетариат бұқарасын тәрбиелеу және ұйымдастыру жөніндегі ұзаққа созылатын жұмыс алдыңғы қатарға қойылады; құпия және жария ұйымдарды ұштастыру партияның алдына ерекше міндеттер қояды; либералдар және жойымпаз-интеллигенттер беделін түсіріп жүрген революция тәжірибесін көпшілікке тарату және түсіндіру теориялық мақсаттар жөнінен де, практикалық мақсаттар жөнінен де қажет. Бірақ күрестің тәсілдері мен құралдарында жаңа жағдайларды ескере білуге тиісті болатын партияның тактикалық жолы өзгеріссіз қалады. Революциялық социал-демократиялық тактиканың дұрыстығы 1905—1907 жылдардың бұқаралық күресі тәжірибесімен дәлелденді,— делінген конференция қарарларының бірінде. Осы бірінші науқанның қорытындысында революцияның жеңіліске ұшырауы міндеттердің терістігін емес, таяудағы мақсаттардың «утопиялылығын» емес, құралдар мен тәсілдердің қателігін емес, күштердің даярлығының жеткіліксіздігін, революциялық дағдарыстың тереңдігі мен кеңдігінің жеткіліксіздігін көрсетті,—ал оны тереңдетіп, кеңейтуге Столыпин мен К^0 болса нағыз мақтауға тұрарлықтай құлшы-

нып жұмыс істеп жатыр! Либералдар мен абыржып қалған интеллигенттер бостандық үшін болған шын бұқаралық бірінші шайқастан кейін еңсесі түсіп, үрейленіп: бір рет жеңілген жерге қайта бармаңдар, бұл қатерлі жолға қайтадан түспеңдер — деп безілдей берсін. Саналы пролетариат оларға былай деп жауап береді: тарихтағы ұлы соғыстар, революциялардың ұлы міндеттері алдыңғы қатарлы таптар бір рет емес, бірнеше рет қайталап шабуыл жасауы және жеңіліс тәжірибелерінен үйреніп отыруы арқылы ғана жеңістерге жеткен болатын. Талқандалған армия жақсы үйреніп шығады. Россияның революцияшыл таптары бірінші науқанда талқандалды, бірақ революциялық жағдай қалып отыр. Революциялық дағдарыс жаңа формаларда және басқаша жолмен — кейде біздің тілегенімізден әлдеқайда тым баяу түрде — тағы да жақындап келеді, қайтадан пісіп-жетіліп келеді. Бұған неғұрлым қалың бұқараны даярлау жөніндегі, анағұрлым жоғары және анағұрлым нақтылы міндеттерді ескеретін неғұрлым байсалдылықпен даярлау жөніндегі ұзаққа созылатын жұмысты біз орындауға тиіспіз, ал бұл жұмыс неғұрлым ойдағыдай орындалса, жаңа күресте жеңіс соғұрлым сенімді болады. 1905 жылы орыс пролетариатының басшылығымен құлдар ұлты тұңғыш рет патша өкіметіне шабуыл жасаушы миллиондар жасағына, революция армиясына айналғанын орыс пролетариаты мақтан ете алады. Дәл осы пролетариат енді анағұрлым қуатты революциялық күштің жаңа кадрларын тәрбиелеу және даярлау жұмысын ұстамдылықпен, табандылықпен, сабырлылықпен орындап шыға алады.

Дума мінбесін пайдалану, жоғарыда біздің көрсеткеніміздей, осы тәрбиелеу және даярлау жұмысының қажетті құрамдас бір бөлегі болып кіреді. Конференцияның думалық фракция жөніндегі қарары біздің партияға — тарихтан мысал іздейтін болсақ — ерекше заң тұсындағы неміс социал-демократтарының тәжірибесіне бәрінен гөрі жақынырақ жолды корсетіп отыр. Құпия жағдайдағы партия думалық жария фракцияны пайдалана білуге, оны пайдалануды үйренуге тиіс, ол фракцияны өзінің міндеттері дәрежесінде бола алатын пар-

тия ұйымы етіп тәрбиелеуге тиіс. Фракцияны шақырып алу туралы мәселе көтеру (конференцияда бұл мәселені тура қоймаған екі «шақырымпаз» болды) немесе оның қателерін тікелей және ашық сынаудан, ол қателерді қарарда тізіп көрсетуден бас тартушылық (конференцияда кейбір делегаттар осылай етті) нағыз қате тактика болған болар еді, дәл қазіргі кезеңдегі жағдайлар талап етіп отырған ұстамды пролетарлық жұмыстан нағыз екіпішті бас тартқандық болар еді. Фракцияда оның жалғыз өзі ғана жауапты емес қателер де болғандығын және бұл қателердің біздің партия ұйымдарының бәрінде сөзсіз болған қателермен әбден ұқсас екендігін конференция қарары толық мойындайды. Бірақ басқа да қателер — партияның *саяси бағытынан* шегінушілік бар. Бұлай ауытқушылық орын алған екен, бүкіл партия атынан ашық әрекет етіп отырған ұйым осылай еткен екен,— партия мұның өзі ауытқушылық болды деп айқын және дәл айтуға міндетті еді. Батыс европалық социалистік партиялардың тарихында парламенттік фракциялардың партиямен дұрыс қарым-қатынаста болмағандығының талай мысалы бар; романдық елдерде бұл қарым-қатынастар осы кезге дейін екінің бірінде дұрыс емес, фракциялар жеткілікті дәрежеде партиялық емес. Әрбір социал-демократиялық депутат оны партияның қолдайтынын, оның қателеріне жаны ашитынын, оның жолын түзетуге қамқорлық ететінін іс жүзінде сезінетін болуы үшін,—әрбір партия қызметкері партияның жалпы думалық жұмысына қатынасуы үшін, оның қадамдарын маркстік тұрғыдан іскерлікпен сынауға үйренуі үшін, оған жәрдемдесуді өзінің борышы деп сезінуі үшін, фракцияның арнаулы жұмысын партияның барлық насихат, үгіт жұмыстарына бағындыруға ұмтылуы үшін,— біз Россияда социал-демократиялық парламентаризм құру ісін бірден басқаша ұйымдастыруға тиіспіз, бұл жөніндегі ынтымақты жұмысқа бірден кірісуге тиіспіз.

Конференция партияның өте ірі ұйымдарынан келген делегаттардың думадағы социал-демократиялық фракцияның бүкіл сессия бойындағы қызметін талқылаған бірінші беделді жиналысы болды. Сондықтан біздің пар-

тия Думадағы өзінің жұмысын қалай жүргізетіндігін, бұл жөнінде оның өзіне және фракцияға қандай қатаң талаптар қоятындығын, нағыз социал-демократиялық парламентаризмді тәрбиелеу үшін оның табанды, тыңғылықты жұмыс істеуге қандай ниеті бар екендігін конференцияның шешімі айқын көрсетіп отыр.

Думадағы фракцияға көзқарас туралы мәселенің тактикалық және ұйымдық жағы бар. Осы соңғысы жөнінен думадағы фракция туралы қарар конференцияның ұйымдық мәселе жөніндегі директивалар туралы қарарында белгілеген ұйымдық саясаттың жалпы принциптерін жеке жағдайға қайтадан қолдану ғана болып табылады. Конференция бұл мәселе жөнінде РСДРП ішінде екі негізгі ағым бар екендігін көрсетті: біреуі — мәселенің негізгі салмағын құпия партия ұйымына аударатын ағым; екіншісі — жойымпаздықпен азды-көпті төркіндес — мәселенің негізгі салмағын жария және жартылай жария ұйымдарға аударатын ағым. Істің жайы мынадай, біздің жоғарыда көрсеткеніміздей, қазіргі кезең партия қызметкерлерінің бірқатарының, әсіресе интеллигенциядан шыққандарының, аздап жұмысшылардан шыққандарының да партиядан кетіп қалуымен сипатталып отыр. Жойымпаздық ағым: партиядан кетіп, өздерінің қызмет өрісі етіп жария ұйымдарды таңдап алып отырғандар ең жақсы, неғұрлым белсенді элементтер ме әлде партиядан «интеллигенттік және ұсақ буржуазияшыл солқылдақ элементтер» кетіп отыр ма? деген сұрақ қояды. Конференцияның жойымпаздықты батыл түрде теріске шығарып және айыптап, бұған соңғы мағынада жауап бергендігін айтып жатудың қажеті де жоқ. Партияның неғұрлым пролетарлық элементтері, интеллигенцияның принцип жағынан неғұрлым ұстамды және неғұрлым социал-демократиялық элементтері РСДРП-ға адал күйінде қалды. Партиядан кетушілік партияны тазалау болады, өте тұрақсыздардан, сенімсіз достардан, ұсақ буржуазиядан немесе «табынан азғандардан», яғни белгілі бір таптың жолынан ығысып шыққандардан жасақталып, әрдайым пролетариатқа уақытша қосылып келген «жолбикелерден» (Mitläufer-лерден) арылту болады.

Партиялық-ұйымдық принципті осылайша бағалаудан конференция қабылдаған ұйымдық саясаттың бағыты өзінен-өзі шығады. Құпия партия ұйымын нығайту, жұмыстың барлық салаларында партия ұяларын құру, құрғанда ең алдымен «әрбір өнеркәсіп орнында, саны аз болса да, таза партиялық жұмысшы комитеттерін құру», басшылық қызметтерді жұмысшылардың өздерінен шыққан социал-демократиялық қозғалыс басшыларының қолына шоғырландыру,— бүгінгі күннің міндеті осындай. Сондықтан, әрине, бұл ұялардың және комитеттердің міндеті барлық жартылай жария ұйымдарды және, мүмкіндігіне қарай, жария ұйымдарды пайдалану, «бұқарамен тығыз байланыс» жасау, социал-демократия бұқараның барлық тілектеріне көңіл бөлетіндей етіп жұмысты бағыттап отыру болуға тиіс. Әрбір ұя және әрбір партиялық жұмысшы комитеті «бұқара арасындағы үгіт, насихат және практикалық-ұйымдастыру жұмысы үшін тірек пункт» болуға тиіс, яғни бұқара қалай қарай жүрсе, сөзсіз солай қарай жүруге тиіс, сөйтіп әрбір қадам сайын бұқараның сана-сезімін социализм бағытында жетілдіруге тырысуға тиіс, әрбір жеке мәселені пролетариаттың жалпы міндеттерімен байланыстырып отыруға тиіс, әрбір ұйымдық бастаманы *таптық* топтасу ісіне айналдырып отыруға тиіс, барлық пролетарлық жария ұйымдарда өзінің жігеріменен, өзінің идеялық ықпалыменен (әрине, өзінің атағымен немесе шен-дәрежесімен емес) басшылық рольді өз қолына жеңіп алуға тиіс. Бұл ұялар мен комитеттер саны жағынан кейде өте аз-ақ болсын, бірақ оның есесіне олардың арасында партиялық дәстүр мен партиялық ұйымның байланысы болады, белгілі таптық программа болады; сонымен, партиялық екі-үш социал-демократ тұрлаусыз жария ұйым ішінде ыдырап кетпейді, қайта қандай реттерде болса да, қандай жағдайларда болса да, нендей күйде болса да өзінің *партиялық* бағытын жүргізе алады, ортаның ықпалына түгелінен беріліп кетпей, қайта ортаға бүкіл партияның рухында әсер ете алады.

Контрреволюция тәртібі тұсында белгілі бір түрдегі бұқаралық ұйымдарды таратып жіберуге, жария кәсіптік одақтарды қуғынға салуға болады, полициялық

әрекеттер арқылы жұмысшылардың кез келген ашық бастамасын бұзуға болады, бірақ дүние жүзінде капиталистік елдегі жұмысшылардың жаппай топтасуын жоятын ешқандай күш жоқ, ал Россия қазірдің өзінде осындай ел болып отыр. Қалай болғанда да, жария немесе жартылай жария түрде болсын, ашық немесе жасырын түрде болсын, жұмысшы табы қандай да болсын өзінің топтасатын пункттерін табады,— қайда болса да, қашан болса да саналы партиялық эсдектер бұқараның алдында жүреді, бұқараға партия рухында әсер ету үшін олар қайда болса да, қашан болса да өзара ұйымдасып отырады. Сондықтан ашық революция тұсында өзінің таптың партиясы екенін дәлелдеген, 1905 жылы стачка жасауға да, котеріліс жасауға да, 1906—1907 жылдардағы сайлауларға да миллиондарды соңынан ерте білген социал-демократия қазірде де таптың партиясы, бұқараның партиясы болып, ең ауыр уақыттарда да бүкіл армиядан қара үзіп кетпейтін авангард болып қала алады, сол армияга бұл ауыр уақыттарды жеңіп шығуға жәрдемдесе алады, оның қатарын қайта біріктіріп, талай-талай жаңа күрескерлерді даярлай алады.

Думада және Думадан тыс жерде болсын, астанада және алыс түкпірлерде болсын, қаражүздік мықтылар мәз-мейрам болып, даурыға берсін, реакция құтырына берсін,— данасынған Столыпин мырза жылпоссынған самодержавиенің құлауын жақындата түспейінше, саяси мүмкінсіздіктер мен оғаш қылықтардың жаңа түйіншегін жасай бермейінше, пролетариаттың қатарына, шаруалар бұқарасының революцияшыл элементтері қатарына жаңа және тың күштерді қоса бермейінше, бір адым да ілгері баса алмайды. Бұқарамен байланыста ұстамды жұмыс жүргізу үшін нығая алатын партия, алдыңғы қатардағы таптың партиясы, оның авангардын ұйымдастыра алатын партия, пролетариат өмірінің әрбір көрінісіне социал-демократиялық рухта әсер етуге өзінің күшін жұмсайтын партия, мұндай партия қайтсе де жеңеді.

«Социал-Демократ» № 2,
28 январь (10 февраль), 1909 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

«КЕЗЕКТЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ» [142] ДЕГЕН МАҚАЛА ЖАЙЫНДА

Біз осы тамаша мақаланы Орталық өнеркәсіптіауданның органы — «Рабочее Знамяның» 7-номерінен көшіріп басып отырмыз және мұның өзі осы газеттің 5-номерінде жарияланған шақырымпаздың мақаласына жауап болып табылады. Шақырымпаздың мақаласы айтыс мақала ретінде, «Рабочее Знамя» редакциясының автормен келіспейтіндігі туралы ескертуімен басылғанды. Редакция 7-номердегі бұл мақалаға ескерту бермеген, демек, ол редакцияның өз пікірін де білдіреді.

Біз «Пролетарийде» шақырымпаздыққа әлдеқашанақ батыл қарсы шыққанбыз және шақырымпаздық жай пиғылдан *бағытқа,* саясат системасына айналып отырғандықтан, ол революциялық марксизм жолынан тайып отыр, принцип жүзінде большевизмнен қол үзіп отыр деп айқын көрсеткенбіз. Бірақ большевиктердің москвалық органының осы мақаласынан кейін біз мынаны мойындауға тиіспіз: біз осы күнге дейін шақырымпаздық туралы мәселені онша қатаң қоймай келдік, осындай шақырымпаздықты большевизммен біріктіруді көздейтін адамдар тарапынан біздің большевиктік фракцияның принциптік ұстамдылығына төніп отырған қауіпті кемітіп келдік. Біз шақырымпаздармен жеке айтыстарда мәселені қалай қойсақ, жоғарыда көшіріліп басылып отырған мақаланың авторы Москвич жолдас та мәселені дәл солай өткір, дәл солай айқын, дәл солай принципті түрде қойғанын атап көрсетеміз: шақырымпаздықтың нақты өкілдерін күнбе-күн кездестіре отырып,

жергілікті жерде олардың революциялық социал-демократияның жолынан таю қаупін күннен-күнге күшейтетін практика жүзіндегі шақырымпаздық үгітін көре отырып, біздің москвалық орган мәселені қатаң және ымыраға көнбейтін принципті түрде қоюға мәжбүр болды және ол әбден дәлелді түрде солай қойылып та отыр. *Не* революциялық марксизм, яғни Россияда — большевизм, *не* шақырымпаздық, яғни большевизмнен бас тарту болуы тиіс, москвалық жолдас мәселені осылай қойып отыр. Ол мұнысы арқылы жалпы партиялық конференция алдында шақырымпаз жолдастармен болған алдын ала айтыстарымыздағы біздің мәселе қойысымызға түгелдей қосылды.

Қазір шақырымпаздыққа тілектес жұмысшы большевиктердің бар екенін, бірақ көп реттерде олардың «шақырымпаздығы» біздің думадағы фракцияның үлкен қателерінен туған, өткінші *пиғылдан* басқа ештеме емес екенін біз білеміз. Сондықтан мақала авторының және біздердің жоғарыда айтқандарымыздың бәрі оларға, әрине, қатысты емес. Бірақ, шақырымпаздық теорияға айналып отырғандықтан, ол саясаттың тұтас системасына айналып отырғандықтан,— ал мұны өздерін «шын» революцияшылдықтың өкіліміз деп есептейтін азғантай топ істеп отыр,— солай болғандықтан ымыраға келмейтін *идеялық соғыс* болуға тиіс! Көшіріп басылып отырған мақала авторының: шақырымпаздың «Рабочее Знаманың» 5-номеріндегі пайымдаулары (бұл мақаланы «Пролетарийдің» 39-номерінде көшіріп басқанбыз) және *бағыт ретінде* алғанда жалпы шақырымпаздық «жұмысшы съезін» және басқаларды уағыздайтын *өңі айналдырылған меньшевизммен* бірдей деуі әбден дұрыс. Ал оның кейбір шақырымпаздардың өз бағытының пайдасына келтіріп жүрген *принципті* дәлелдері—олардың өздерінің саяси санасынан тыс — оларды анархияшыл-синдикалистермен немесе тура анархистермен жақындастырудың объективті қаупін туғызып отыр деуі онан бетер дұрыс.

Өздерінің барлық жақсы ниеттеріне қарамастан, большевиктердің ішінен шақырымпаздықты *принципті* қа-

уіп деп мойындағысы келмейтіндер, мұнан *тек* «практикалық алауыздықты» *ғана* көретіндер, шақырымпаздықтан сол жақтан төпген идеялық жойымпаздықтың ұрығын көрмей, қайта «дұрыс ұйтқыны» көретіндер қаншалықты саяси саңылаусыз екендігін мәселенің Москвадағы қойылысы айдан анық көрсетті. Шақырымпаздарды идея жағынан бүркемелеп немесе тіпті шақырымпаздар жөнінде идея жағынан достық бейтараптылықты сақтай отырып, әлгіндей большевиктердің шақырымпаздардың отына май құятындығын, *олардың соғыс тұтқындары болатындығын*, большевизмге зиян тигізетіндігін москвалық жолдастың мақаласы оларға көрсетуге тиіс.

Шақырымпаздық — большевизм *емес,* қайта оның ең қаскөй саяси дұшпаны ғана ойлап шығара алатын ең нашар саяси карикатурасы. Бұл арада *толық айқындық* қажет. Ақырғы үйірмеге дейін барлық большевиктердің шақырымпаздықтың шын мағынасы жөнінде өздеріне айқын есеп беруін, мәселені әбден түсініп алып, өздерінің алдына: «революцияшылдық» пен «солшылдық» жалауын бетке ұстап, революция алдындағы заманда және революцияның от-жалынында қалыптасқан бұрынғы большевизмнің даңқты дәстүрлерінен көріне бас тарту жүзеге асырылып отырған жоқ па екен деген сұрақты қоюын қажет деп есептейміз.

Біз осындай мақсатпен «Пролетарийде» әлгі мәселелер жөнінде айтыс аштық. Біз өзімізге жіберілген нәрселердің *бәрін* басып шығардық және Россиядағы большевиктердің бұл турасында жазғандарының бәрін көшіріп бастық. Біз осыған дейін *бірде-бір* айтыс мақаланы кері қайтарғанымыз жоқ және келешекте де осылай істемекпіз. Амал не, шақырымпаз жолдастар және оларға тілектес жолдастар осыған дейін біздің газетке материалды аз жіберіп келді және «өзара» әңгіме қылуды артық санап, өздерінің принципті көзқарасын баспасөз бетінде ашықтан-ашық және толық баяндаудан жалпы бұлтарып келді. Біз барлық жолдастарды — шақырымпаздарды да, ортодокс большевиктерді де «Пролетарийдің» бетінде өз көзқарастарын баяндап беруге

шақырамыз. Егер қажет болса, жіберілген материалдарды біз бөлек кітапша етіп те шығарамыз. Идеялық айқындық пен ұстамдылық — әсіресе қазіргідей ауыр кезеңде бізге қажеті, міне, осы болып отыр.

Олардан, энестік либерализмнен бастап бомбалы либерализмге дейін — нені тілесең, соны сұрайсың, деп эсерлер жөнінде әділ айтылып жүрген кезеңде, өз алауыздықтарын бүркемелеуді және «бір ауыздымыз» деп өздерін құттықтауды эсер мырзаларға берейік.

Череванинмен және $К^0$-мен идея жағынан үйлесуді меньшевиктерге берейік. Мейлі олар екі жүйелі бухгалтерияға дағдылана берсін (немістер алдында Череваниннен безді, ал орыс баспасөзінде ауыз жаласып отыр), мейлі олар революциялық марксизмнің негіздерін идеялық жағынан жоюшылармен үйлесе берсін, мейлі олар алауыздықтарды жай желімдеп қана көрсетпеуге машықтана берсін, өз алауыздықтарын бүркемелей берсін (қараңыз: «Голос Социал-Демократа» № 10—11), мұнда меньшевиктердің Плехановпен қайшылығы жай ғана желімдеу арқылы «жойылған» болатын[143].

Егер ішкі идеялық күрес қажет болатын болса, біздің фракция одан қорықпауға тиіс. Бұл күресте ол бұрынғыдан да гөрі нығая түседі. Біз өзіміздегі алшақтықтарды онан сайын анықтай түсуге *міндеттіміз,* өйткені факт жүзінде біздің ағым бүкіл партиямызбен барған сайын теңеле түсіп отыр. Біз большевик жолдастарды *идеялық* айқындылыққа және қайдан шыққанына қарамастан астыртын өсек-аяңның бәрін серпіп тастауға шақырамыз. Аса елеулі, аса маңызды мәселелер жөніндегі идеялық күресті екінші съезден кейінгі меньшевиктерше ұсақ ұрыс-керіске алмастыруға әуестенушілер өте көп. Большевиктік ортада оларға орын болмауға тиіс. Жұмысшы-большевиктер мұндай әрекеттерге батыл тойтарыс беріп, бір ғана нәрсені: *идеялық айқындықты, нақтылы көзқарастарды, принципті бағытты* талап етуге тиіс. Дәл осындай толық идеялық айқындық болғанда ғана, біздің фракция осыған дейін әрдайым қаншалықты біраузды және топтаса бой көрсетіп келсе, бар-

лық большевиктер де ұйымдық жағынан соншалықты бірауызды және соншалықты топтаса бой көрсете алатын болады.

«Пролетарий» № 42,
12 (25) февраль, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСІНІҢ МАҚСАТЫ

Жоғарыда басылып отырған мақалада Мартов жолдас төтенше маңызды мәселені немесе, дұрысырағы, біздің революциядағы пролетариат пен социал-демократия күресінің мақсатына қатысты бірсыпыра мәселелерді қозғап отыр. Бұл мәселелердің біздің партиядағы тарихы қозғалады, олардың марксизм негіздеріне және халықшылдыққа қатынасы қозғалады, бұл жөнінде білдірілген барлық сарындағы көзқарастар қозғалады,— мәселенің барлық жағы қозғалған, бірақ оның бірдебірі анықталмаған. Мәселенің шын мәнісіне қарай жауап беру үшін оны барлық жағынан баяндайтын жүйелі очерк беруге тура келеді.

I

Орыс социал-демократиясының бұл мәселені талқылау тарихынан бастайық. Бұл мәселені большевиктер мен меньшевиктер 1905 жылдың басында қойған болатын. Біріншілер оны: пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы деген «формуламен» шешті (салыстырыңыз: «Вперед»[144] № 14, 12 апрель, 1905 ж.)*. Екіншілер жеңімпаз буржуазиялық революцияның таптық мазмұнын бұлайша анықтауды үзілді-кесілді теріске шығарды. 1905 жылғы майда Лондонда болған үшінші съезд (большевиктердің) және онымен бір мезгілде Женевада өткен мень-

* Қараңыз Шығармалар толық жинағы, 10-том, 22—34-беттер. *Ред.*

шевиктердің конференциясы партияның екі бөлегінің де көзқарастарын ресми түрде білдірді. Оның бер жағында, сол заманның рухына сай партияның екі бөлегі де қарарларында күрестің мақсаты туралы және жалпы жеңімпаз революцияның таптық мазмұны туралы теориялық, жалпы мәселені қойған жоқ, қайта революциялық уақытша үкімет туралы неғұрлым нақтылы мәселені қойды. Большевиктердің қарары былай деді: «...Россияда демократиялық республиканы халықтың жеңімпаз көтерілісі нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болады, бұл көтерілістің органы революциялық уақытша үкімет болады; ... күштердің арасалмағына және алдын ала дәл болжауға келмейтін басқа да факторларға қарай, контрреволюциялық әрекеттердің бәріне қарсы аянбай күресу және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау мақсатымен, революциялық уақытша үкіметке біздің партия уәкілдерінің қатысуына болады». Меньшевиктердің қарары былай дейді: «...Социал-демократия уақытша үкіметтегі билікті басып алуды немесе бөлісуді мақсат етуге тиіс емес, мейлінше революцияшыл оппозицияның партиясы болып қала беруге тиіс».

Бұдан көрініп отырған нәрсе мынау: таза большевиктік съезде большевиктер өздерінің ресми қарарына пролетариат пен шаруалар диктатурасы деген «формулаға» ұқсас ештеме *енгізген жоқ, тек* уақытша үкіметке қатысуға болатындығы туралы және пролетариаттың «басшылық роль атқаруға» «қабілеті» туралы айтады (қарулы көтеріліс туралы қарар). III съезге дейін большевиктік баспасөзде айтылған «пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген «формула» осы съезден кейін «Екі тактика»* кітапшасында қайталанды, большевиктердің берген түсіндірмелерінің өздерінің қарарларымен сәйкес еместігі үшін оларды айыптау бірде-бір адамның ойына келген емес. Саяси жолмен күресуші бұқаралық партияның қарарлары мен жеңімпаз революцияның таптық мазмұнына маркстік анықтама беретін формула-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

лардың дәлме дәл сәйкес келуін талап ету бірде-бір адамның ойына келген емес.

Біздің тарихи анықтамамыздан шығатын екінші бір маңызды қорытынды мынадай: партияның екі бөлегі де 1905 жылдың коктемінде талас мәселенің *негізгі салмағын* пролетариаттың және жалпы революцияшыл таптардың *өкіметті жеңіп алуына* әкеп тіреді, ал бұл арада өкіметті жеңіп алушы осы таптардың арасындағы қатынастар қандай болады немесе қандай болуға тиіс деген мәселеге мүлдем соққан жоқ. Біздің көргеніміздей, меньшевиктер өкіметті басып алу мақсатын да, бөлісу мақсатын да бірдей теріске шығарады. Большевиктер «пролетариаттың революциядағы басшылық ролі» туралы (қарулы көтеріліс туралы қарар), социал-демократтардың уақытша үкіметке қатысуына «болатындығы» туралы, «толық социалистік төңкеріс жасауға тырысатын... социал-демократияның тәуелсіздігін бұлжытпай қорғау туралы (революциялық уақытша үкімет туралы қарар), шаруалардың революциялық қозғалысын «қолдау» туралы, «шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық мазмұнын әр түрлі реакциялық қойыртпақтардан тазарту» туралы, «шаруалардың революциялық сана-сезімін дамытып, олардың демократиялық талаптарын ақырына дейін жеткізу» туралы (шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарар) айтып жүр. Большевиктердің 1905 жылғы съезінің қарарларында пролетариат пен шаруалардың қатынасы жайында айтылған басқа ешқандай «формула» жоқ.

Екі фракцияның бір жыл өткен соң, Стокгольм съезі алдында, дайындаған қарарларының жобаларына көшейік. Бұл жобалар жалпы баспасөзде, атап айтқанда біздің партияда тым жиі ұмытылып жүр, немесе еленбей жүр, ал мұның өзі аса өкінішті нәрсе, өйткені социал-демократияның тактикалық идеялары тарихында ол жобалардың маңызы орасан зор. Партияның екі бөлегінің 1905 жылғы октябрь мен декабрь күресінің тәжірибесінен қандай сабақ алғанын қарарлардың нақ осы жобалары көрсетеді.

Большевиктер пролетариаттың таптық міндеттері туралы қарардың жобасында былай деп жазады:

«...пролетариат қазіргі қоғамның бірден-бір ақырына дейін революцияшыл табы ретінде, шаруалар бұқарасының помещиктік жер иеленушілікке және крепостниктік мемлекетке қарсы стихиялық күресіне саяси саналылық бере отырып, оларды өз соңына ерткен жағдайда демократиялық революцияны тек пролетариат қана ақырына дейін жеткізе алады»[145] (Лондон съезіне ұсынылған қарардың жобасында қайталанған, қараңыз: «Пролетарий» № 14, 4 март, 1907 ж.).

Сонымен, осы арада большевиктердің өздеріне таңдап алған «формуласы» былай дейді: шаруаларды *өз соңынан ертуші* пролетариат. Большевиктердің қарарларында пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы идеясын білдіретін басқа ешқандай формула жоқ. Бұл фактіні соншалықты баса көрсетуге болмайды, өйткені Мартов жолдастың 1908 жылғы Декабрь конференциясында қабылданған қарардың маңызын мүлдем теріс мағынада көрсетуге жасаған әрекетінің бәрі әлгі фактіні ұмытуға немесе ол туралы үндемеуге негізделген.

Меньшевиктер өздерінің қарары жобасында («Партийные Известиядан»[146] алынып, Лениннің «Баяндамасында» қайта басылған, 68—70-беттер) пролетариаттың міндеті «буржуазиялық революцияның қозғаушысы болу» деп атайды—байқап қойыңыз: большевиктік қарарда айтылғандай, «көсемі» емес, «басшысы» емес,— қозғаушысы болу!— және «буржуазиялық демократияның оппозициялық әрекеттерінің біздің программалық талаптарымызға қайшы келмейтіндерін, ол талаптарға жетуге көмектесе алатындарын және революцияны ілгері бастыру үшін бастапқы тірек бола алатындарын бұқаралық тегеурін жасау арқылы қолдауды» пролетариат міндеттерінің бірі деп көрсетеді.

Демек, большевиктер мен меньшевиктер фракцияларының өздері алауыздықты революцияның шаруаларды «өзінің соңынан ертуші» «көсемі» және «басшысы», *немесе* буржуазиялық демократияның кейсыбір әрекеттерін «қолдаушы» «революция қозғаушысы» деп қарама-қарсы қоюға әкеп тіреді. Стокгольм съезінде жеңіп шыққан меньшевиктердің *өздері*, большевиктердің на-

разылық білдіруіне және талап етуіне қарамастан, бұл қарарды *алып тастағанын* осы арада қоса айта кетейік. Меньшевиктердің бұлай еткен себебі не,— егер оқушы меньшевиктер қарарының әлгі жобасының мына жерін білетін болса, ол бұл сұрақтың жауабын табады: «буржуазиялық революцияның қозғаушысы болу міндетін пролетариаттың мақсатқа сай орындауы мына жолмен ғана мүмкін: өзі ұйымдаса отырып, пролетариат өзінің күресі арқылы қала буржуазиясы мен шаруалардың жаңа топтарын революциялық күреске тартқан үстіне тарта түседі, олардың талаптарын демократияландырып, оларды ұйымдасуға итермелейді, сөйтіп осынысы арқылы революцияның жеңуіне жағдай туғызады».

Мұның өзі большевиктерге жартылай икемделу екендігі айқын, өйткені мұнда пролетариат тек қозғаушы ретінде ғана көрсетілмейді, ішінара, қалай дегенмен, басшы ретінде де көрсетіліп отыр, өйткені ол шаруалар мен қала буржуазиясының жаңа топтарын «тартады» және «итермелейді».

Онан соң. Уақытша үкімет туралы мәселе жөнінде меньшевиктік қарардың жобасында былай делінген: «Елде жалпы революциялық өрлеу жағдайы болып отырған кезде, социал-демократия жұмысшы депутаттары советтерінің құрылуына барлық жерде жәрдемдесуге, революциялық демократияның басқа да элементтерін нақ осындай органдар құруға талпындыруға тиіс, барлық осы органдардың халықтың революциялық күресінің партиялық емес жалпы ұйымдарына бірігуіне көмектесуге тиіс, сөйтіп олардың алдына революцияның жалпы ұлттық міндеттерін, пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан алғанда қазіргі кезеңде революцияның шеше алатын және шешуге тиісті міндеттерін қоюы керек» (91-бет, бұл да сонда).

Меньшевиктік қарардың осы ұмытылған жобасы мынаны айқын көрсетеді: 1905 жылдың октябрь — декабрь тәжірибесінің ықпалымен меньшевиктер әбден шатасып, позициясын большевиктерге беріп қойып отыр. Шынында да, цитат етіп келтірілген жердің сол жобаның өзінің мына тармақтарымен қисыны бар ма: «социал-демократия қазіргі буржуазиялық революцияда

өкімет пен диктатураны басып алуды өз міндеті етіп қоюға тиіс емес» (92-бет)? Бұл соңғы қағида 1905 жылғы қарарды дәлме-дәл принципті түрде және толығынан («өкіметті бөлісуді» көрсетуден басқасын) қайталайды. Бірақ ол қағида 1905 жылғы октябрь—декабрь тәжірибесімен ымыраға келмейтін қайшылықта болып отыр, ал мұндай тәжірибені меньшевиктердің *өздері* пролетариаттың *барлық органдарының* және *«революциялық демократияның басқа элементтерінің»* «халықтың революциялық күресінің бейпартиялық жалпы ұйымдарына» *бірігуіне әкеп сайып отыр!* Өйткені егер жұмысшы депутаттары Советтері революциялық демократияның осындай органдарымен қосылып, халықтың революциялық күресінің бейпартиялық ұйымдарына «бірігетін» болса, онда пролетариаттың «өкімет пен диктатураны басып алуды» өзіне міндет етіп *қоятындығы,* мұндай басып алу ісіне *қатысатындығы* анық. Қарардың өзі былай дейді: революцияның «ең басты міндеті» — «реакциялық үкіметтің қолынан мемлекеттік өкіметті тартып алу». «Өкімет пен диктатураны басып алу» деген сөздерден қорқып, қашқалақтаған, осы қорқынышты нәрселерден барынша үзілді-кесілді бас тартқан меньшевиктер 1905 жылдан кейін мынаны *мойындауға мәжбүр болды:* жұмысшы депутаттары Советтерінің революциялық демократияның басқа да «нақ осындай» органдарымен «бірігуі» істің барысынан сөзсіз туады және мұндай *бірігу* «халықтың революциялық күресінің бейпартиялық *жалпы»* (дәл емес; былай деп айту керек еді: бейпартиялық немесе партия аралық) «ұйымдарын» береді. Осы *жалпы ұйым* дегеннің өзі революциялық уақытша үкімет! Меньшевиктер дәл, тура айтылатын сөзден қорқып, оны *баяндаумен* ауыстырды. Істің мәні бұдан өзгермейді. Ескі үкіметтен «мемлекеттік өкіметті тартып алатын» «халықтың революциялық күресінің органы» дегеніміздің өзі революциялық уақытша үкімет деп аталады.

Ал егер меньшевиктер шатаса, адаса отырып, 1905 жылғы октябрь — декабрь тәжірибесін ескеруге мәжбүр болған болса, большевиктер өз қорытындыларын тура және айқын жасады. Уақытша үкімет туралы

большевиктік қарар жобасында былай делінді: ...«осы ашық күресте» (1905 жылдың аяғы) «жергілікті халықтың ескі өкіметке үзілді-кесілді қарсы шығуға қабілеті бар элементтері (тек қана пролетариат дерлік және ұсақ буржуазияның алдыңғы қатарлы топтары) іс жүзінде революциялық жаңа өкіметтің бастамасы болып табылған ұйымдарды: Петербургте, Москвада және басқа қалаларда жұмысшы депутаттары Советтерін, Владивостокте, Красноярскіде және басқа жерлерде солдат депутаттары Советтерін, Сибирь мен оңтүстікте темір жол комитеттерін, Саратов губерниясында шаруа комитеттерін, Новороссийскіде және басқа қалаларда қалалық революциялық комитеттерді, ақырында, Кавказ бен Прибалтика өлкесінде сайланып қойылатын селолық органдарды құруға тиіс болды» (92-бет). Бұлардың бытыраңқы және енді-енді туа бастаған орган болғандығы жеңістің табысқа жетпеуіне себеп болды,— делінген бұдан әрі,— ал революциялық уақытша үкімет «жеңімпаз көтерілістің органы» деп белгіленеді. «Революцияны ақырына дейін жеткізу мақсатымен,— дейді қарар бұдан әрі,— енді пролетариаттың алдына мынадай шұғыл міндет қойылады — революциялық демократиямен қосылып көтерілісті біріктіруге және бұл көтерілісті біріктіретін орталықты революциялық уақытша үкімет түрінде құруға жәрдемдесу міндеті қойылады». Бұдан әрі 1905 жылғы III съездің қарары сөзбе-сөз дерлік қайталанады.

Стокгольм съезі алдындағы екі фракция қарарларының жобаларынан келтірілген үзінділер пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы мәселені нақтылы тарихи негізге қоюға мүмкіндік береді. Бұл мәселеге тура және айқын жауап бергісі келген адамның қай-қайсысы да 1905 жылдың аяғындағы тәжірибемен санасуға тиіс. Бұл тәжірибені тура қарастырудан жалтару — орыс марксисі үшін ең бағалы материалды елемеу деген сөз ғана емес,— ол ол ма: бұл сонымен қатар формулаларды «іліп-шалып» түсіндіруге, принципті алауыздықтардың мәнін «бүркемелеуге» және «желімдеуге» (Мартов жолдастың тауып айтқан сөзі бойынша) өзін сөзсіз душар

ету, «диктатураның» теориясы мен практикасы мәселелерінде: ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат түк те емес деген формула арқылы бәрінен гөрі сәтті бейнелеуге болатын дәл сондай принципсіз салпаңдауға өзін сөзсіз душар ету деген сөз.

1905 жылдың аяғындағы тәжірибе «елдегі жалпы революциялық өрлеу» «халықтың революциялық күресінің» ерекше «ұйымдарын» (меньшевиктік тұжырым бойынша; ал большевиктік тұжырым бойынша — «жаңа революциялық өкіметтің бастама органдарын») құратындығын даусыз анықтап берді. Мынаған да дау жоқ: орыс буржуазиялық революциясының тарихында бұл органдарды, біріншіден, пролетариат, екіншіден, «революциялық демократияның басқа элементтері» құрған болатын, оның бер жағында жалпы алғанда Россия халықтарының, әсіресе Великороссия халықтарының құрамын көрсететін қарапайым анықтама әлгі басқа элементтердің ішінде шаруалардың анағұрлым басым екендігін көрсетіп отыр. Ақырында, осы жергілікті органдарды немесе ұйымдарды біріктіруге ұмтылған тарихи тенденцияның да даусыздығы әлгіден кем емес. Ал осы даусыз фактілерден мынадай қорытынды сөзсіз шығады: қазіргі Россиядағы жеңімпаз революция пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқаша ештеңе де *болуы мүмкін емес*. Осы сөзсіз қорытындыдан «іліп-шалушылық» және алауыздықтарды «желімдеу» жолынан басқа жолмен жалтаруға болмайды! Егер мәселенің жеке бөлшектеріне жармасу болмаса, егер қаланы деревнядан, бір жерді екінші жерден әдейілеп және қалай болса солай бөліп алу болмаса, егер *таптардың* диктатурасы туралы мәселені белгілі бір *үкіметтің* құрамы туралы мәселемен алмастыру болмаса, қысқасы, егер шынымен мәселені *тұтасынан* алып қарастырса, онда жеңімпаз революция қалайша пролетариат пен шаруалардың диктатурасы бола алмайтынын 1905 жылдың тәжірибесінен алынған нақты мысалдармен ешкім де көрсете алмайды.

Алайда ілгері бармас бұрын, әуелі қарастырып отырған «формуланың» партиялық тарихы туралы мәселені

аяқтайық. Біз екі фракцияның 1905 және 1906 жылдардағы көзқарастарының дәл баяндалуының қандай болғанын көрдік. 1907 жылы, Лондон съезінің қарсаңында, меньшевиктер буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарардың әуелі бір жобасын ұсынды («Народная Дума»[147], 1907, № 12, 24/III 1907), одан соң съездің өзінде екінші жобаны ұсынды. Бірінші жобада пролетариаттың қимылдарын басқа таптардың қимылдарымен «ұштастыру» туралы айтылады, ал екіншісінде — басқа таптардың қозғалысын пролетариаттың «мақсаттары үшін» «пайдалану» туралы және басқа таптардың белгілі «оппозициялық және революциялық қадамдарын» пролетариаттың «қолдауы» туралы, социал-демократияның «жекелеген белгілі бір жағдайларда» либералдық және демократиялық таптармен «келісімге келуі» туралы айтылады.

Лондон съезі қабылдаған қарардағы сияқты большевиктік жобада социал-демократияның «оларды («шаруалар мен қаланың ұсақ буржуазиясының қалың бұқарасының мүдделері мен көзқарасын азды-көпті жақын білдіретін» халықшыл немесе трудовиктік партияларды) қаражүздіктер мен кадеттерге қарсы социал-демократтар жағына шығуға мәжбүр етуі» туралы және «осыдан туатын», «жалпы тегеурін жасау мақсаттарына ғана қызмет етуге» тиісті «бірлескен қимылдар» туралы айтылған. Съездің қарарында, большевиктердің жобасынан өзгеше, бір поляктің инициативасы бойынша, «революцияны ақырына дейін жеткізу жолындағы күресте» деген сөздер қосылған[148]. Бұл арада да пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы идеясының барынша айқын расталғаны көрінеді, өйткені мұндай диктатура — «революцияны ақырына дейін *жеткізген* немесе жеткізетін» осы таптардың «бірлескен қимылы» болып табылады!

II

Мартов жолдастың іліп-шалушылық туралы және мақсатсыз қозғалыс туралы әңгіме етіп, өзіне қандай дәрежеде зиян еткенін көру үшін пролетариат пен ша-

руалар диктатурасы туралы мәселе жөніндегі партиялық пікірлердің тарихына жалпы көз жіберу жеткілікті. Шынына келгенде, бұл тарихтан шығатын бірінші қорытынды мынау: большевиктердің өздері пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деген сөзді немесе «формуланы» қарарларының жобаларына да, қарарларына да *бір рет те* қосқан емес. Ал сөйте тұра 1905—1907 жылдардағы большевиктік жобалар мен қарарлардың *бәрі түгелімен* пролетариат пен шаруалар диктатурасы идеясына құрылғанын теріске шығару осы уақытқа дейін *бірде-бір адамның* ойына келген емес. Мұны теріске шығарудың өзі күлкі. Мұны теріске шығару — нақ іліп-шалушылық, сөздерге орынсыз жармасумен мәселенің *мәнін* көлегейлеу деген сөз. Шаруалар бұқарасын *«өзіне қосып алушы»* пролетариат — деді Ленин «Екі тактикада» («12 жыл ішінде», 445-бет) *; шаруалар бұқарасын *«өз соңынан ертуші»* пролетариат — дейді большевиктердің 1906 жылғы қарарының жобасы; «демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу жолындағы күресте» пролетариат пен шаруалардың «бірлескен қимылдары»,— дейді Лондон съезінің қарары. Бұл тұжырымдардың бәрінің пікірі біреу ғана екені, бұл пікірдің нақ пролетариат *пен* шаруалардың диктатурасын білдіретіні, шаруаларға *сүйенуші* пролетариат—деген «формуланың» *түгелімен* сол пролетариат пен шаруалар диктатурасының *деңгейінде қалатыны* айқын емес пе?

Соңғыны теріске шығару үшін Мартов жолдас терісіне сыймай кетіп отыр. *«Пен»* жөнінде айтыс басталып келеді. «Пен» жоқ, «пен»-і бар формуланы қабыл алмадыңыздар, Орталық Органның қол қойылмаған мақалаларына бұл «пен»-ді енді қосушы болмаңыздар!— деп еліреді Мартов жолдас. Кеш қалдыңыз, кеш қалдыңыз құрметті Мартов жолдас; сіз мұндай талапты *бүкіл* революциялық заманның большевиктік органдарының *бәріне* қоюыңыз керек еді, өйткені бұл органдардың бәрі үнемі пролетариат пен шаруалардың диктатурасы туралы айтып келді және *жоғарыда айтылған «пен»* жоқ

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 95-бет. *Ред.*

қарарлар негізінде айтып келді. Мартов жолдас «пен» жөнінде өзі көтерген принципті науқаннан ұтылып қалды, одан мерзімінің әлдеқашан өткендігінен ғана ұтылған жоқ, сонымен бірге ұлы мәртебелі логиканың «қосып алуды» *да,* «соңынан ертуді» *де,* «бірлескен қимылдарды» *да,* «шаруаларға сүйенуді» *де,* «шаруалардың көмегімен» дегенді *де* (бұл соңғы соз поляк социал-демократиялық VI съезінің[149] қарарында бар) қырсықты «пен»-ге ұдайы әкеп тірейтіндігінен де ұтылды.

Бірақ большевиктер «шаруаларға сүйенуші» дегенге қарсы таласты ғой — деп жалғастырады Мартов жолдас озінің принципті айтысын. Иә, таласты, бірақ бұл арада пролетариат пен шаруалар диктатурасын қабылдамай тастау үшін емес, бұл «формуланың» орысша онша сәтті болмағаны себепті таласты. Әдетте, неғұрлым әлсіз неғұрлым күштіге сүйенеді. «Пролетариат шаруалардың *көмегімен»* деген поляк формуласын дәлме-дәл қайталау большевиктер үшін әбден қолайлы, бірақ «өз соңынан ертуші пролетариат» десе, мүмкін, одан да жақсы болған болар еді. Бұл формулалардың бәрі жөнінде таласуға болады, бірақ *мұндай* таластан «принципті айтыс» жасау барып тұрған сорақылық. Мартов жолдастың байқап көргеніндей, «шаруаларға сүйенуші» дегеннің *бірлескен* қимыл ұғымына кіретіндігін жоққа шығару — іліп-шалушылықтың үлгісін беру деген сөз. Мартов жолдас цитатқа келтіріп отырған Дан, Аксельрод және Семенов жолдастардың айтып отырғанындай, «шаруаларға сүйенуші пролетариаттың» өкіметті жеңіп алуы — өкіметті *«бір ғана* пролетариаттың» жеңіп алуы деу — оқушының күлкісін келтіру деген сөз. Егер біз: Череванинге, Прокоповичке және К⁰-ге *сүйенуші* Мартов пен Потресов пролетариаттың революциядағы гегемондығы идеясын жойды десек, бұл идеяны Череваниннің, Прокоповичтің және К⁰-нің *қатысуынсыз-ақ* Мартов пен Потресовтың *өздері* ғана жойды дегенімізге біреулер сене қояр ма екен?

Жоқ, жолдастар, Орталық Органдағы айтысты іліп-шалушылыққа әкеп тіремеу керек. Негізгі және күмәнсыз фактіні мойындаудан мұндай амал-айла арқылы жалтаруға болмайды; ал бұл факт мынада болып отыр:

1) пролетариаттың басшылық ролін, революциядағы көсемдік ролін мойындауды, 2) басқа революцияшыл таптардың көмегімен пролетариаттың өкіметті жеңіп алуын күрестің мақсаты деп мойындауды, 3) бұл «көмекшілердің» ішінен бірінші орында, ал, бәлкім, тіпті бірден-бір орында шаруалар болатынын РСДРП-ның көпшілігі, оның ішінде поляктар мен большевиктер үзілді-кесілді жақтап отыр. Кімде-кім айтыстың мәселенің мәні бойынша болуын тілесе, ол адам әлгі үш қағиданың тым болмаса біреуі жөнінен таласып көруге тиіс. Мартов жолдас бұлардың бірде-біреуін шын мәнісінде талдаған жоқ. Осы үш қағиданың *әрқайсысы жөнінен* де меньшевиктер партия *теріске шығарған* көзқараста болып отырғанын, *партия теріске шығарған адасушылықтардың* қатарына нақ меньшевизмнің, тек меньшевизмнің жататындығын Мартов жолдас оқушыға айтуды ұмытып кеткен! Меньшевиктердің революциядағы саясаты нақ мақсатсыз қозғалыс болды, сондықтан да ол кадеттер партиясының ауытқуларына *тәуелді* қозғалыс болды,— оның нақ ондай болған себебі: меньшевиктер пролетариаттың көсем роліне ұмтылуы керек пе? өкіметті жеңіп алуға оның ұмтылуы керек пе? мұндай кезде оның қандай болса да белгілі бір таптың көмегіне сүйенуі керек пе? дегенді білмеді. Мұны білмеу социал-демократтардың саясатын адасушылыққа, қателерге, принципсіздікке, либералдарға тәуелділікке қалайда және сөзсіз душар етеді.

Конференция «пролетариат пен шаруалардың диктатурасын» жойған жоқ және оны партияның пайдалануынан шығарып тастауға міндеттеме берген жоқ, қайта керісінше, оны *мақұлдады,* оны неғұрлым толық мойындауға қарай *тағы бір қадам жасады.* Лондон съезі: 1) пролетариаттың «буржуазиялық-демократиялық революциядағы көсем» ретіндегі ролін және 2) пролетариат пен шаруалардың «жалпы тегеурін мақсаттарына ғана қызмет ететін» «бірлескен қимылдарын», ал оның бер жағында, «революцияны ақырына дейін жеткізу» жөніндегі де қимылдарын мойындады. Пролетариат пен шаруалардың өкіметті жеңіп алуын осы революциядағы күрестің мақсаты деп мойындау ғана қалған еді. Кон-

ференция мұны: «шаруаларға сүйенуші пролетариаттың өкіметті жеңіп алуы» деген формула арқылы орындады.

Бұлай дей отырып, біз большевиктер мен поляктардың арасындағы алауыздықтарды тіпті де бекерге шығармаймыз және көмескілемейміз. Поляк социал-демократтарының бұл алауыздықтарды өздерінің орыс тілінде шығатын жеке басылымдарында да, большевиктік газеттердің беттерінде де, Орталық Органда да баяндауларына толық мүмкіндіктері бар. Ал поляк социал-демократтары бұл мүмкіндікті пайдалана бастады. Егерде Мартов жолдас өзінің көздеп отырған мақсатына, атап айтқанда, поляк социал-демократтарының біздің таласымызға араласуына жетсе, онда меньшевиктерге қарсы барлық негізгі мәселелер жөнінде біздің Поляк социал-демократиясымен бір ауызды екендігімізді, біздің тек ұсақ-түйектер жөнінде ғана ажырасатынымызды жұрттың бәрі және әрбір адам көре алады.

III

Мартов жолдас өзі ұйымдастырған үшінші біреулердің айтысына, айтысушыдан басқалардың бәрінің осы айтысына қатысуға Троцкийді мәжбүр етті, ал осыған келетін болсақ, онда біз бұл арада оның көзқарастарын толық қарастыруға мүлде кірісе алмаймыз. Мұның өзі бөлек бір үлкен мақаланы керек етер еді. Троцкийдің қате көзқарастарын қозғап, бұл көзқарастардан үзінділер келтіріп, Мартов жолдас оқушыларда толып жатқан қате ұғымдар туғызады, өйткені үзінді цитаттар істің жайын түсіндірмейді, қайта шатастырады. Троцкийдің негізгі қатесі — революцияның буржуазиялық сипатын елемеуі, осы революциядан социалистік революцияға көшу туралы мәселе жөнінде айқын пікірінің жоқтығы. Осы негізгі қатеден барып Мартов жолдас тілектестікпен және мақұлдап бір-екі цитат келтіріп қайталап отырған жеке қателер туады. Мәселені Мартов жолдас баяндап отырған осы шатасқан күйінде қалдырмас үшін, тым болмағанда, Троцкийдің Мартов жолдас мақұлдаған осы пайымдауларының терістігін көрсетіп өтелік. Пролетариат пен шаруалардың одағы «қазіргі

бар буржуазиялық партиялардың бірі шаруаларға ие болуын, не шаруалардың дербес күшті партия құруын көздейді». Бұл, анығында, жалпы теориялық тұрғыдан да, орыс революциясының тәжірибесі тұрғысынан да теріс. Таптардың «одағы» белгілі бір күшті партияның болуын да, жалпы алғанда партиялықтың болуын да *тіпті* көздемейді. Бұл таптар туралы мәселені партиялар туралы мәселемен шатастыру. Көрсетілген таптардың «одағы» қазіргі бар буржуазиялық партиялардың бірінің шаруаларға ие болуын *да*, шаруалардың күшті дербес партия құруын *да мүлде* көздемейді! Мұның өзі теория жағынан мынадан айқын көрінеді: біріншіден, шаруалардың партия ұйымының ықпалына көнуі өте-мөте қиын, екіншіден, шаруа партияларын құру—буржуазиялық революциядағы ерекше қиын және ұзақ процесс, сондықтан «күшті дербес» партия, мысалы, революцияның аяқ кезінде ғана пайда болуы мүмкін. Орыс революциясының тәжірибесінен мынау да айқын: пролетариат пен шаруалардың «одағы» шаруалардың «ешбір күшті дербес партиясы» болмай-ақ нағыз алуан түрлі формаларда *ондаған және жүздеген рет* жүзеге асырылып келді. Бұл одақ, айталық, жұмысшы депутаттары советі мен солдат депутаттары советінің, немесе темір жол стачкалық комитетінің, немесе шаруалар депутаттарының және т. т. «бірлескен қимылы» болғанда жүзеге асырылып келді. Мұндай ұйымдардың бәрі көбінесе *бейпартиялық* ұйымдар болды, ал дегенмен *таптардың* «одағы» мұндай ұйымдардың әрбір бірлескен қимылында сөзсіз орын алып келді. Мұнымен қатар шаруалар партиясы — 1905 жылғы «Шаруалар одағы»[150] немесе 1906 жылғы «Еңбек тобы» түрінде — белгіленді, туды, пайда болды және мұндай партияның өсуіне, дамуына, өзін өзі билеуіне *қарай, таптардың* одағы белгісіз және қалыптаспаған саяси келісімдерден бастап, әбден белгіленген және қалыптасқан саяси келісімдерге дейінгі түрлі формаларда болды. Мысалы, бірінші Думаны қуғаннан кейін көтеріліске шақырған мынадай *үш* үндеу шығарылды: 1) «Армия мен флотқа»; 2) «Россияның барлық шаруаларына»; 3) «Бүкіл халыққа». Бірінші үндеуге

думадағы социал-демократиялық фракция мен «Еңбек тобы» комитеті қол қойды. Осы «бірлескен қимылдан» *екі таптың одағы* байқалды ма? Әрине, байқалды. Мұны бекерге шығару — нақ іліп-шалушылық немесе «таптардың одағы» деген кең ғылыми ұғымды тар заңдық, нотариалдық дерлік ұғымға айналдыру болады дер едім. Сонан соң, жұмысшы табы мен шаруалардың думадағы депутаттары қол қойған көтеріліске осылай бірлесіп *шақырудың* бірен-сарандаған жергілікті көтерілістердегі екі тап өкілдерінің бірлескен *қимылдарын* туғызғанын бекерге шығаруға бола ма? Жалпы көтеріліске бірлесіп шақырудың, жергілікті және біренсарандаған көтерілістерге бірлесіп қатысудың революциялық уақытша үкіметті бірлесіп құру туралы қорытынды жасауға міндеттейтіндігін бекерге шығаруға бола ма? Мұны бекерге шығару—іліп-шалушылық, «үкімет» деген ұғымды тек қана аяқталған, қалыптасқан құбылысқа әкеп тіреу, аяқталғандық пен қалыптасқандықтың аяқталмағандық пен қалыптаспағандықтан туатындығын ұмытқандық болып табылған болар еді.

Сонан соң, көтеріліске шақырған үндеудің екіншісіне Еңбек тобы комитеті мен социал-демократиялық фракциядан басқа РСДРП *Орталық Комитеті* (меньшевиктік!), социалист-революционерлер партиясының Орталық Комитеті, Бүкіл россиялық шаруалар одағы, Бүкіл россиялық темір жол одағы [151] мен Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы [152] қол қойған, ал көтеріліске шақырған үшінші үндеудің аяғында Поляк Социалистік Партиясы мен Бундтың [153] қолы және оған қоса, үш одақтан басқа, осының алдындағы қойылған қолдардың бәрі тұр.

Міне сіздерге партиялар мен бейпартиялық ұйымдардың қалыптасқан саяси одағы! Міне сіздерге патша өкіметіне қауіп туғызу түрінде, бүкіл халыққа үндеу тастау түрінде *жарияланған,* бірақ әлі жүзеге асырылмаған «пролетариат пен шаруалардың диктатурасы»! Ал қазіргі уақытта меньшевиктік *«Социал-Демократтың»*[154] 1906 жылғы 6-номерімен келісетін социал-демократтар көп табыла қояр ма екен, онда бұл үндеулер жөнінде былай делінген: «Бұл көрсетілген ретте біздің партияның басқа революциялық партиялармен және топтар-

мен жасасқаны саяси блок емес, жауынгерлік келісім, біз мұндай келісімді әрқашан да мақсатқа дәл және қажетті деп санаған болатынбыз» (салыстырыңыз: *«Пролетарий»* № 1, 21 август, 1906 жыл және № 8, 23 ноябрь, 1906 жыл*). Жауынгерлік келісімді саяси блокқа қарсы қоюға болмайды, өйткені ол осы соңғы ұғымға кіреді. Саяси блок түрлі тарихи кезеңдерде кейде көтеріліс ісіндегі «жауынгерлік келісім арқылы», кейде «қаражүздіктерге қарсы және кадеттерге қарсы бірлескен қимылдар» жөніндегі парламенттік келісім арқылы жүзеге асырылады, т. с. Пролетариат пен шаруалар диктатурасының идеясы революцияның бүкіл барысы бойында салықтарды төлемеу туралы және вкладтарды қайтып алу туралы манифестке қол қоюдан бастап (декабрь, 1905 ж.) немесе көтеріліске шақырған үндеулерге қол қоюдан бастап (июль, 1906 ж.), 1907 және 1908 жылдардағы II және III Думалардағы дауыс берумен аяқталатын мыңдаған формаларда өзінің практикалық көрінісін тапты.

Дәл сол сияқты, Мартов жолдас келтіріп отырған Троцкийдің екінші мәлімдемесі де дұрыс емес. «Бүкіл мәселе үкіметтің саясатына мазмұнды кім береді, бұл саясатта біртектес көпшілікті кім топтастырады» деу және т. б. дұрыс емес. Бұл, әсіресе Мартов жолдас мұны пролетариат пен шаруалардың диктатурасына қарсы дәлел есебінде келтіріп отырғанда тіпті дұрыс емес. Троцкийдің өзі бұл пікірінде «жұмысшы үкіметіне» «демократиялық халық өкілдерінің қатысуын» мүмкін деп санайды, яғни үкіметтің пролетариат *пен* шаруалардың өкілдерінен құралуын мүмкін деп санайды. Революция үкіметіне пролетариаттың қандай шарттармен қатысуына болатындығы — ерекше мәселе, сондықтан бұл мәселе жөнінде большевиктердің Троцкиймен ғана емес, тіпті поляк социал-демократтарымен де келіспеуі өте ықтимал. Бірақ революцияшыл таптардың диктатурасы туралы мәселе белгілі бір революциялық үкіметтегі «көпшілік» туралы, социал-демократтардың белгілі бір

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 383—401-беттер және 14-том, 122—136-беттер. *Ред.*

үкіметке қатысу мүмкіндігінің жағдайлары туралы мәселеге ешбір тірелмейді.

Ақырында, Мартов жолдас келтіріп отырған Троцкийдің пікірлерінің ішінде Мартов жолдасқа «әділетті» болып көрінгені үшінші пікірі: «тіпті олар (шаруалар) мұны («жұмысшы демократиясының тәртібіне қосылуды») өздерінің әдетте буржуазиялық режимге қосылғандағысынан гөрі жоғары саналылықпен істемей-ақ қойсын» дегені бәрінен де гөрі дұрыс емес. Буржуазиялық режимнің билеп-тостеушілерінің шаруалардың санасыздығына және нанымдарына сенім артып, сүйеніп отыратынындай, пролетариат оларға сенім арта алмайды, революция дәуірінде шаруалар әдеттегі санасыздығы мен кеpeнаулығын сақтап қалады деп те ниет білдіре алмайды. Орыс революциясы тарихының фактілері мынаны көрсетіп отыр: 1905 жылдың аяғында өрлеудің бірінші толқыны-ақ осындай саяси ұйымға (Бүкіл россиялық шаруалар одағы) шаруаларды бірден итермеледі, бұл ұйым шаруалардың ерекше партиясының ұйтқысы болғаны күмәнсіз. Алдыңғы қатарлы шаруалардың алғашқы легін контрреволюцияның қырып-жойғанына қарамастан, шаруалар I және II Думаларда—бұл жолы тұңғыш рет жалпы ұлттық көлемде, бүкіл россиялық сайлауларда — бірден «Еңбек тобының» негізін, шаруалардың ерекше партиясының күмәнсіз бастамасының негізін қалады. Осы ұйтқылар мен бастамаларда тұрақсыздық, айқынсыздық, толқымалық көп, бұл күмәнсіз нәрсе, бірақ егер революцияның басталуы осындай саяси топтарды құрған болса, онда революциялық диктатура сияқты «ақырына» дейін, немесе, дұрысырағы, дамудың осындай жоғарғы дәрежесіне дейін жеткізілген революция неғұрлым қалыптасқан және неғұрлым күшті революциялық шаруалар партиясын құрады. Басқаша пайымдау — ересек адамның кейбір негізгі дене мүшелері көлемі, формасы, даму дәрежесі жағынан сәбилік күйінде қала береді деп ойлау сияқты болар еді.

Қалай болғанда да, Мартов жолдастың өкімет үшін күресте пролетариат пен шаруалар арасындағы өзара қатынас туралы мәселе жөнінде конференция Троцкийдің нақ өзімен келісті деген қорытындысы — фактілер-

мен мүлде сәйкес келмейтін нәрсе, шынына келгенде, конференцияда мүлде талқыланбаған, келтірілмеген, еске де алынбаған нәрсені *сөзден* «суыртпақтап шығарып алуға» әрекет жасау болып табылады.

IV

Каутский жөнінде сөз қозғап, Мартов жолдас азғана сөздерде тағы да толып жатқан пікірлерді түйдектетіп отырғаны соншалықты, тіпті оған шын мәнінде жауап беру үшін оқушыға бәрін дерлік басынан бастап қайта баяндап шығуға тура келеді.

«Көп адамдар, оның ішінде Каутскийдің «Перспективалар» * туралы мақаласына жазған алғы сөзінде Ленин де біздің революцияның буржуазиялық сипатын үзілді-кесілді теріске шығарды» деу мүлде дұрыс емес, сондай-ақ Каутский «орыс революциясын буржуазиялық революция емес деп жариялады», деу де дәл сондай дұрыс емес. Мәселе мүлде басқаша болған-ды.

Плеханов халықаралық социал-демократияның көптеген өкілдеріне сұрақтар қойды, мұның өзінде 1-сұрағында орыс революциясының *«жалпы сипаты»* туралы сұрады, ал 2-сінде — «саяси бостандық үшін өзінше күресіп жатқан буржуазиялық демократия жөнінде социал-демократиялық партияның өзін қалай ұстауы» туралы сұрады. Сұрақтарды осылай тұжырымдауында-ақ Плеханов жолдастың марксизмге қарсы екі қатесі болды: бірінші қате — *революцияның қоғамдық-экономикалық мазмұны* мағынасында оның «жалпы сипатын» революцияның қозғаушы күштері туралы мәселемен шатастыру. Марксистер бұл мәселелерді шатастыра алмайды, ерекше нақты талдау жасамайынша, бірінші сұрақтың жауабынан екінші сұрақтың жауабын тіпті *тікелей* шығара да алмайды. Екінші қате — біздің революциямыздағы шаруалардың ролі туралы мәселені жалпы буржуазиялық демократияның ролімен шатастыру. Расында шаруалар да, либералдар да «буржуазиялық демократия» деген ғылыми ұғымға жатады, бірақ «буржуазиялық демократияның» бұл екі түріне пролетариаттың көзқарасы елеулі түрде сөзсіз түрліше болуға тиіс.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 241—248-беттер. *Ред.*

Каутский Плеханов жолдастың қателерін бірден-ақ байқады, сөйтіп өзінің жауабымен ол *қателерді түзеді*. Каутский революцияның қоғамдық-экономикалық мазмұны мағынасында алғанда оның буржуазиялық сипатын теріске шығаруды ойламағаны былай тұрсын, қайта мұның керісінше, оны үзілді-кесілді мойындады. Мартов жолдас соншалықты мүлде теріс баяндап отырған Каутскийдің сол «Перспективалардағы» бұған қатысты мәлімдемелері мынадай:

«Қазіргі революция (Россиядағы) жерге жеке меншік негізінде деревняда әлді шаруалардың шығуына ғана жеткізе алады, сөйтіп бұл арқылы пролетариат пен село халқының дәулетті бөлегінің арасында қазір Батыс Европада бар болып отырғандай тұңғиықты туғыза алады. Сондықтан, тіпті қазіргі орыс революциясы билік жүргізуді социал-демократтарға уақытша беріп қойғанның өзінде де, ол революцияның қазірдің өзінде социалистік өндіріс әдісін енгізуге қарай бастауын көз алдыңа елестетуге болмайды» (Н. Ленин редакциялаған аударманың 31-беті).

Лениннің алғы сөзінде нақ осы тұсы әңгіме болады, онда былай делінген (сонда, 6-бет): «Шаруалар қозғалысы сипатының *социалистік емес* екені туралы, ұсақ шаруа өндірісінен социализмнің тууы мүмкін емес екені және т. т. туралы *барлық* орыс социал-демократтарының негізгі қағидаларын Каутский де *түгелімен* (алғы сөздегі курсив Н. Лениндікі) қостайтынын айтып жатудың қажеті де жоқ».

Мартов жолдастың Ленин біздің революцияның буржуазиялық сипатын үзілді-кесілді теріске шығарады деуі шындыққа мүлде қайшы келеді. Ленин нақ мұның керісінше айтады. Каутский революцияның қоғамдық-экономикалық мазмұны мағынасында алып, жалпы сипаты жағынан біздің революцияны буржуазиялық революция деп үзілді-кесілді мойындады.

Плехановтың «бірінші сұрағына»,— деп жазды нақ сонда Каутский,— «менің ше, белгілі бір мағынада жай ғана жауап беруге болмайды. Буржуазиялық революциялардың, яғни қозғаушы күші буржуазия болған революциялардың уақыты өтіп кетті, Россия үшін де

өтіп кетті... Буржуазия Россиядағы қазіргі революциялық қозғалыстың қозғаушы күштеріне жатпайды, сондықтан да бұл қозғалыстың буржуазиялық қозғалыс деп аталуы мүмкін емес» (29-бет). Каутский бұл арада әңгіменің не туралы болып отырғанын әбден айқын анықтап бергенін,— буржуазиялық революция туралы қоғамдық-экономикалық мағынада *емес, қайта* «қозғаушы күші буржуазия болған» революция мағынасында әбден айқын айтқанын оқушы көріп отыр.

Сонан соң. Каутский «либералдық» және шаруалық буржуазиялық демократияның шегін айқын және нақты ажыратып беруі арқылы Плехановтың екінші қатесін түзетті. Каутский «орыс социал-демократиясының революциялық күші өнеркәсіп пролетариаты мен шаруа мүдделерінің ортақтығында» екендігін, «Россияда шаруаларсыз біздің енді жеңіске жете алмайтындығымызды» мойындады (31-бет). Мартов жолдастың принциптік айтысындағы *«пен»* туралы қызықсыз мәселе жөнінде Каутский нақ сол мақалада, яғни 1906 жылы, *бір бетте «сүйену»* («орыс пролетариаты қандай тапқа сүйене алады?») деген сөзді де, «революциялық күресте *пролетариаттың басқа таптармен одағы,* ең алдымен, экономикалық мүдделердің ортақтығына негізделуге тиіс» (30-бет) деген сөзді де қолданатынын атап өту керек.

1906 жылы, РСДРП-ның 1908 жылғы декабрь конференциясының болатынын алдын ала сезіп, «оқушыларды шатастыру», большевиктер мен поляк социал-демократтары арасындағы алауыздықтарды «бүркемелеу және желімдеу», «іліп-шалу» және т. с. мақсатын көздеді деп Каутскийді Мартов жолдас айыптамас па екен?

Пролетариат пен шаруалардың буржуазиялық орыс революциясындағы одағы идеясын қорғай отырып, Каутский шын мәнісінде ешқандай «жаңа» идеяны ұсынбайтынын, ал түгелдей Маркс пен Энгельстің ізімен кеткенін ескерте кетейік. Маркс 1848 жылы «Жаңа Рейн Газетінде»[155] былай деп жазды: «Әуел бастан антиреволюциялық ірі буржуазия — әңгіме 1848 жылғы 18 марттан кейінгі неміс буржуазиясы туралы болып отыр — халықтан, яғни жұмысшылар мен демократиялық буржуазиядан қорыққандықтан реакциямен бірі-

гіп, қорғану және шабуыл жасау жөнінде одақ жасады» (қараңыз: Меринг бастырып шығарған Маркстің шығармалар жинағының үшінші томы: орысша әзірше екі-ақ томы шықты). «1848 жылғы неміс революциясы,— деп жазды Маркс 1848 жылғы 29 июльде — 1789 жылғы француз революциясының тек пародиясы ғана... 1789 жылғы француз буржуазиясы өзінің одақтастарын, шаруаларды, бір минут та тастап кеткен жоқ... 1848 жылғы неміс буржуазиясы ешбір шіміріікпестен шаруаларды сатып кетті...»

Маркс мұнда *буржуазиялық* революцияға қатысы жөнінде алғанда реакциямен одақтас контрреволюциялық буржуазияны жұмысшы табына және оған қосылған демократиялық буржуазияға, яғни ең алдымен шаруаларға, айқын қарама-қарсы деп есептейді. Ал бұл көзқарас Маркстің социалистік дүние танымының сол кездегі жетілмегендігінен болды деп ойлау мүмкін емес, 44 жыл өткен соң, 1892 жылы, Энгельс өзінің «Тарихи материализм туралы» деген мақаласында («Neue Zeit», XI, I том; орысша —«Тарихи материализм» деген жинақта) былай деп жазды: «...үш ұлы буржуазиялық революцияның бәрінде де» (Германиядағы XVI ғасырдағы реформация мен шаруалар соғысы, XVII ғасырдағы ағылшын революциясы және XVIII ғасырдағы француз революциясы) «жауынгер армия шаруалар болды... Шаруалар» (йоменри — ағылшын революциясында) «мен қалалардың плебейлік элементінің араласуы арқасында ғана күрес батыл түрде ақырына дейін жеткізілді, сөйтіп I Карл эшафоттан бір-ақ шықты» [156].

Демек, орыс буржуазиялық революциясының ерекшелігі тек мынада болып отыр: XVI, XVII және XVIII ғасырларда екінші орында болған қалалардың плебейлік элементінің орнына — XX ғасырда пролетариат бірінші орынға шығып отыр.

V

Қорытайық. Мартов жолдас партияның Орталық Органының беттерінде аса байыпты айтысты бастауға тұрарлықтай мейлінше маңызды мәселені қозғады.

Бірақ бұл мәселені «қозғап» өтуге болмайды, Маркс пен Энгельстің ғылымына ғана емес, сонымен бірге 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының тәжірибесіне де сүйене отырып, бұл мәселені шын мәнісінде талдау керек.

Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы дегеніміз социал-демократтардың халықшылдықтың шырмауына түсуі деген пікір кісінің күлкісін ғана келтіреді. Осылай халықшылдық шырмауында деп пайымдайтын quasi*— марксистер ең алдымен Каутскийді, Маркс пен Энгельсті айыптауға тиіс болған болар еді. Барлық ұлы буржуазиялық революцияларда тек пролетариат қана (азды-көпті өсіп жетілген) шаруалармен одақтасуы арқасында шешуші жеңіске жете алды, Россиядағы буржуазиялық революцияның жеңуінің шарты да осындай. 1905—1907 жылдардың тәжірибесі оқиғалардың *әрбір* ірі бұрылысы арқылы бұл ақиқатты *практикада* растап отырды, өйткені іс жүзінде батыл қимылдардың бәрі, «жауынгерлік» бой корсету де, парламенттік бой көрсету де, нақ пролетариат пен шаруалардың «бірлескен қимылдары» болды.

Біздің партия пролетариаттың ролі дегеніміз буржуазиялық-демократиялық революциядағы *көсемнің ролі* деген, ол революцияны ақырына дейін жеткізу үшін пролетариат пен шаруалардың *бірлескен қимылдары* қажет деген, революциялық таптар *саяси өкіметті жеңіп алмайынша* жеңістің болуы мүмкін емес деген көзқарасты берік ұстап отыр. Бұл ақиқаттардан бас тарту социал-демократтарды ауытқуларға, «мақсатсыз қозғалысқа», оқта-текте принципсіз келісімдер жасауды уағыздауға сөзсіз душар етеді, ал іс жүзінде мұның өзі кадеттік шырмау, яғни жұмысшы табының либерал-монархиялық, контрреволюциялық буржуазияға тәуелділігі болып табылады.

«Социал-Демократ», №№ 3 және 4, 9 (22) және 21 март (3 апрель), 1909 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

* — жалған. *Ред.*

ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫНА

«Vorwärts»-тің (I. Beilage, d. 3. IV 1909)* 79-номерінде басылған «Орыс социал-демократиясындағы ұйымдық мәселе» туралы мақала бізді Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының басқармасына батыл қарсылық білдіруге мәжбүр етеді. Шетел істері жөнінде қамқорлық етуді бізге жүктеген Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті атынан біз Герман социал-демократиялық партиясы басқармасынан орын алып отырған мейлінше қолайсыз жағдайға қатты зер салуын сұраймыз. Герман социал-демократиясының орталық органы Орталық Комитеттің шетелде ерекше өкілдік мекемесі бар екені туралы жасаған біздің ресми мәлімдемемізді мүлдем елемей, бұл мекеме туралы және оның адресі туралы оған әлдеқашан жіберілген хабарларды баспай отыр. Сөйте тұра «Vorwärts» «бір жолдастан алынған» хабарды басады және бұл хабарда *ресми* партиялық оқиғаны, атап айтқанда, РСДРП конференциясын баяндайды, соның өзінде бұл баяндауда конференцияның ұйымдық мәселе жөніндегі қарарларының (екі қарар) *ресми тексті келтірілмейді.* «Vorwärts»-те басылған хат партияның ресми қарарларын келтірмей, орыс социал-демократтарының арасындағы таластар мен алауыздықтарды мүлдем бұрмалап баяндайды; ол олма, бұл хатта конференция шешімдеріне қарсы жасы-

* — «Вперед» (I қосымша, 3. IV. 1909). *Ред.*

рын фракциялық сөз таластырушылық бар. Сөз таластырудың, әсіресе мұндай түрі РСДРП фракцияларының арасындағы онсыз да қолайсыз қатынастарды ушықтыра түседі. Сөз таластырудың мұндай түрі ерекше кейістік пен ашу-ыза туғызады, ал сонымен қатар ол партиямыздағы істің шын жайы мен алауыздықтарды неміс жолдастардың анықтап алуын қиындата түседі.

Сондықтан РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросы Герман социал-демократиялық партиясының басқармасынан «Vorwärts»-те орыс алауыздықтарын жазу туралы және «Vorwärts»-те орыс істері жайында мақалалар басу туралы, сондай-ақ «Vorwärts»-те РСДРП Орталық Комитетінен ресми хабарлар мен РСДРП партиялық қарарларының ресми текстерін басу туралы мәселе қарауын сұрайды.

РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросы Басқармадан: Орталық Комитеттен алынған ресми мәліметтер мен партия қарарларының ресми текстерін келтірмей-ақ орыс социал-демократтарының партиялық өмірі туралы «Vorwärts»-те хабарлар басуға бола ма деген мәселе жөнінде шешім қабылдауды сұрайды.

Істің шын мәніне келгенде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бұл мақаладағы шындықты қисапсыз көп бұрмалаулардың ішінен тым болмаса төмендегі *басты* үш өтірікті ғана көрсетіп өтуді қажет деп біледі, өйткені теріс жерлерінің *бәрін,* атап шығу бүтіндей бір кітапша жазуға мәжбүр еткен болар еді.

1) Конференцияда ұйымдық мәселе жөнінде қабылданған бірінші қарарда РСДРП ішінде ұйымдық саясаттың негізгі мәселелері бойынша *екі* ағымның бар екені айтылған. Партия бұл қарарда «жойымпаздық» ретінде сипатталатын, яғни іс жүзінде қазіргі РСДРП партиясын құртуға бағытталған ағымды айыптайды. Бұл қарарды жақтап барлық большевиктер мен поляк социал-демократиясының барлық мүшелері ғана емес, сонымен бірге не бары үш қана делегаты бар Бундтан екі делегат дауыс берді.

2) Большевиктер ұсынып, партия қабылдаған қазіргі кезеңді бағалау жөніндегі қарарда ең алдымен ескі крепостниктік самодержавиенің іріп-шіріп, буржуазия-

лық монархияға айналу бағытымен келе жатқандығы көрсетіледі. Меньшевиктер өз тарапынан қарар жобасын ұсынбастан, бұл қарарға қарсы дауыс берді, сонымен бірге олар: буржуазиялық деген сөзді плутократиялық деген сөзбен алмастыру жайында жалғыз ғана түзету енгізді.

3) Украина социал-демократиясының өкілдері меньшевиктерді жақтаған жоқ және жақтай да алмаған еді, өйткені конференцияда Украинаның өкілдері болмағанды. Ал енді меньшевиктермен Поляк социалистік партиясы келісті дегенге келетін болсақ, бұл партия конференцияға қатысқан жоқ және қатыса да алмаған еді, өйткені бұл партия РСДРП-ға кірмейді. РСДРП мен бұл партияны қосу жөніндегі меньшевиктердің ұсынысын конференция қабылдамай тастады да, соның ізінше кезектегі мәселелерге көшті.

1909 ж. ерте дегенде 23 мартта (5 апрельде) жазылған

Бірінші рет 1947 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 15-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИЗМГЕ КАРИКАТУРА

Біз «Пролетарийдің» 42-номерінде «шақырымпаздық» пен «ультиматизмге» жалпы баға берген едік *. Петербургтік шақырымпаздардың жоғарыда басылып отырған қарары жайында — РСДРП Декабрь конференциясының сайлауы кезінде шақырымпаздардың платформасы болған (және, *өкінішке қарай,* «Пролетарийдің» редакциясына конференциядан *кейін* ғана жеткізілген) қарары жайында — біздің көбінесе конференцияда айтылғандарды қайталауымызға тура келеді.

Бұл қарарда марксистік емес, теріс пайымдаулар бықып жүр; қарардың әр пункті дерлік авторлар ойының пісіп-жетілмегендігін немесе олардың социал-демократияның әліппесін естен шығарғандығын дәлелдейді. 1-пункт: ...«революцияның бірінші кезеңі аяқталды»... Мұның мәнісі не? Әлде қоғамдық-экономикалық дамудың кезеңі аяқталды деген бе? Сірә, олай емес. Авторлар бұқараның тікелей революциялық күресі кезеңінің аяқталғандығын айтып отыр. Шақырымпаздарға мүлдем қисынсыз пікір таңбау үшін біз осылай деп ойлауымыз керек. Ал, олай болса, онда олар, демек, бұқараның тікелей-революциялық күресіне қазір жағдай жоқ екенін мойындайтын болғаны. Бірақ осыны мойындауға мәжбүр болып отырған, істің барысы ар-

* Қараңыз: осы том, 400—404-беттер. *Ред.*

қылы мәжбүр болып отырған шақырымпаздар бұдан ешқандай қорытындыларды *ойлап шығара* білмейді, оның екі ұшын жалғастыра білмейді... «Россия... жаңа революциялық өрлеуге қарай бет алып келеді»... Дұрыс! Әзірге тек өрлеуге *қарай бет алып* қана *келеді,* яғни өрлеу жоқ,—логика бойынша да, грамматика бойынша да осылай болып шығады ғой! Алайда, әлі басталмаған бұл өрлеудің өзі «қатты қақтығыспен сипатталатын» көрінеді және т. с. Бұдан мынадай мағынасыздық шығады: шақырымпаздар қазіргі жағдайды сипаттай білмейді. Ал біздің «бет алып келе жатқан» келешегіміз осы қазіргі жағдайды түсінбеушілікті бүркемелеу үшін «сипатталады». Мысалы, «қайыршыланған ұсақ қала буржуазиясының» қайдан шыға қалғанын бір құдайдың өзі білсін; оған меңзеу тіпті талдау әрекетімен де дәлелденбеген, келешек өрлеудің қайыршыланған мещандардың қатты қақтығысымен «сипатталатын» себебі,— ешқайдан да көрінбейді; қайыршыланған ұсақ қала буржуазиясын нақ қазір әкеп қосудың неге қажет болғаны — белгісіз; люмпендер *кейде* қатты қақтығыстарымен, *кейде* күреске таңқаларлық тұрақсыздығы және қабілетсіздігімен мәлім ғой. Шақырымпаздардың ойы түгелімен көмескі, сондықтан РСДРП конференциясында «қайыршыланған ұсақ қала буржуазиясы» туралы қосымша енгізуді жақтап *екі* шақырымпазбен бірге *тек екі бундшылдың ғана* дауыс бергені бізді таңдандырмайды! Біздің: шақырымпаздық — өңін айналдырған оппортунизм деген көзқарасымыз тамаша дәлелденіп отыр.

Қатты қақтығыс сонда кіммен болады? «Ірі буржуазия мен крепостник-помещиктердің билеуші блогымен». Самодержавиемен емес пе? Шақырымпаздар аталған екі таптың арасында бұлталақтап жүрген абсолютизмді бұл таптардың тура үстемдігінен ажырата білмейді, сондықтан олардікі рабайсыз жағдай болып шығады, самодержавиемен күрес бір жаққа жоғалып кетеді.

...«Күштерді ұйымдастыру жөнінде жасырын жұмыс жүріп жатыр...» Жасырын жұмыстың тәжірибені есепке алу жөнінде, жаңа сабақтарды игеріп алу жөнінде, күштерді жинау жөнінде болуы мүмкін және болып

жатады да, бірақ жұмысты құпия жүргізу тіпті мейлінше басым болған жағдайда да күштерді ұйымдастыру жасырын болуы мүмкін емес. 1901—1903 жылдарда күштерді ұйымдастыру жұмысы құпия жүрді, бірақ ол жасырын болған жоқ. Шақырымпаздар жаттанды сөздерін үзіп-жұлып қайталап және соның өзінде оларды бұрмалап отыр.

2-пункт: «Россияда қатты өршіген таптық қайшылықтар болып отырған жағдайда бұл қақтығысты шешу революция формасына көшеді»... Россияда таптық қайшылықтар самодержавиемен күресу міндетімен таныс емес Европадағыдан гөрі кемірек күшті дамыған. Шақырымпаздар өз көзқарастарын тереңдетемін деп өздерінің антиподы — оппортунистермен қалай жақындасып келе жатқанын байқамайды.

...«қарулы көтеріліске әкелетін революция»...

Күрестің *мақсаты* туралы бізге әлі анық еш нәрсе айтылған жоқ, самодержавиенің дамуындағы қазіргі кезең туралы да — солай, бірақ өздерін «революционерлер» етіп көрсету үшін шақырымпаздар күрес *құралы* туралы айтуға асығады. Бұларың балалық, қымбатты жолдастар, өйткені сіздер мағынасына *түсінбей,* жақсы сөздерді үзіп-жұлып *жаттап алғандарыңызды* тағы да көрсетіп отырсыздар. 1897, 1901 және 1905 жылдарда революцияшыл социал-демократтар көтеріліс туралы мәселеге түрліше қарады: 1897 жылы да, 1901 жылы да Россия, күмәнсыз, «революциялық өрлеуге қарай бет алғанмен», «қатты қақтығысқа» және «революцияға» қарай жүргенмен, тек 1905 жылы 9 январьдан кейін ғана олар көтерілісті күн тәртібіне қойды. Ұрандарды жаттап алу жеткіліксіз, оларды қашан ұсыну дұрыс болатынын ойлай білу керек. «Өрлеу» әлі басталмай тұрып, «революция» — сөздің ең тар және тікелей мағынасында алғанда — қазіргі іске айналмай тұрып (ал шақырымпаздар ол туралы *келер шақта:* «революция формасына *көшеді»* дейді) — осылай болмай тұрып — күрес құралдарының *бірін* ұран етіп ұсыну революцияшыл социал-демократтардың өздерін келемеж еткендігі болады. Конференцияның қарары пісіп келе жатқан революциялық дағдарыс туралы және күрестің мақсаты

туралы (революцияшыл таптардың өкіметті жеңіп алуын) айтып отыр, сондықтан *қазір бұдан артық* айтуға болмайды және айтудың да керегі жоқ.

Белгісіз «муниципалдық реформалардың» бұл арада қалайша пайда болып, оның үстіне «батыл реформалар» ретінде пайда болып отырғанын, құдай білсін. Мұның не екеніне, сірә, шақырымпаздардың өздері де түсінбейтін болса керек.

3-пункт: «осы себепті дәйекті революциялық партия болғандықтан социал-демократия Думадан тыс күресті бірінші кезекке қоюға тиіс»...

Біздің шақырымпаздармен алауыздықтарымыз оларға тек практикалық алауыздықтар ғана болып көрінетін, ортақ тактиканы жүргізудің құралдары мен тәсілдерін әр түрлі бағалау ғана болып көрінетін соншама болжамсыз адамдар да («ультиматистер») бола берегі-ау! 1907 жылы жазда III Думаға бойкот жасау туралы болған алауыздық практикалық алауыздық қана бола алатын еді, бойкотшылардың қатесі барлық большевиктерге ортақ тактиканы жүргізу үшін құралдар таңдаудағы қателік қана бола алатын еді. Ал 1909 жылы бұл туралы сөз етудің өзі күлкі келтіреді. Шақырымпаздар мен ультиматистердің қатесі марксизмнен принциптік шегіну болып отыр. Шынында да, ойлап қараңыздаршы: *«Осы себепті»,* яғни біз өрлеуге қарай «бет алып келе жатқандығымыздан» және қақтығысу «революция формасына көшетін» болғандықтан, «осы себепті» бірінші кезекке Думадан тыс күрес қойылады! Мұның өзі пікірлердің таңқаларлықтай былыққандығын бүркемелейтін мағынасыз сөздердің жиынтығы ғана ғой, жолдастар-ау! Сіздер өз қарарыңызда Дума туралы әлі ештеме айтқан да жоқсыздар, сөйте тұрып: «осы себепті» — «Думадан тыс күрес» деген қорытындыны ойлап шығарып та үлгіріп отырсыздар! Біз Думаның маңызын және өрлеудің күшейген кезіндегі партияның міндеттерін түсінбейтіндігіміз себепті Думадан тыс күресті жариялап отырмыз,— міне, шақырымпаздардың пайымдаулары осындай мағынасыз сандыраққа келіп саяды. Олар Думадан тыс күрес жарияланып қана қоймай, *бұқара оны жүргізіп жатқан* замандағы өздері

түсінбеген большевиктік пайымдауларды үзіп-жұлып қайталады,— қайталағанда өздері «революцияның бірінші кезеңі аяқталды», ягни тікелей бұқаралық күрес жүргізу жағдайлары уақытша жоқ деп санап отырған кезінде қайталады.

Олар Думадағы жұмысты Думадан тыс жүріп жатқан жұмысшы қозғалысының мүдделері мен бағытына бағындыру туралы дұрыс қағиданы *жаттап алған,* бірақ осы жаттап алғандарын *үзіп-жұлып* мүлде орынсыз және танымастай бұрмаланған түрде қайталап жүр.

Думадағы жұмыспен қатар, бұқараны ұйымдастыру және олардың арасында үгіт жүргізу жөніндегі Думадан тыс жүргізілетін ұстамды, ұзақ және ыждағатты жұмыстарға да қазір барлық күшті жұмсаудың қажеттігін баса көрсетудің орнына,— шақырымпаздар социалист-революционерлермен бірге «Думадан тыс күрес» туралы, тегеурін және т. б. туралы «революциялық» айқай-шу көтереді.

Шақырымпаздар қарарының аяғында (1-пунктте): «Қазіргі уақытта тікелей белсенді қимыл жасау мүмкін емес» дейді,— ал басында Думадан тыс күрес *ұранын көтереді.* Мұның өзі большевизмді келемеждеу емей не?

...«Революцияны толық жеңіске дейін жеткізу үшін істелетін жұмысты да»... Әуелі күрес құралдары туралы, сонан соң мақсаттар туралы үзіп-жұлған пікірлер!.. «осы мақсат үшін де пролетариат пен шаруалардың қалың бұқарасын ұйымдастыруды»... Ең алдымен және «бірінші кезекте» жартылай күйрегеп партия ұйымдарын ныгайтып, қайта құру туралы әңгіме болып отырған кезеңде бұл — бос сөз, жолдастар.

4-пункт — «шақырымпаздықтың» кереметтерінің бірі — «Партия ұйымдастыру және үгіттеу әрекеттерінің революциялық күресті көмескілемейтін және бәсеңдетпейтін формаларын ғана пайдалана алады»...

«Практикашыл» ультиматистердің ойынша мәселені «практикалық» түрде қою деген осындай! Шақырымпаздар 1909 жылы принциптік ақталу жолдарын *іздеуге мәжбүр* болып отыр, ал бұл іздену оларды сөзсіз батпаққа апарып түсіреді. «Әрекеттердің тек көмескіле-

мейтін формалары ғана»...— бұл сөздер социал-демократтардың Думадағы жұмысына және олардың жартылай жария және жария ұйымдарды пайдалануына анық мегзеп айтылып отыр. Бұған қарағанда «әрекеттердің» көмескілейтін және көмескілемейтін «формалары» болатын сияқты. Ойлай білмейтін адамдарды миға салып жұмыс істеуден босату үшін «әрекет формаларының» кестесін жасайық та, олардың «көмескілейтіндерін» сызып тастайық,— міне, сонда бұл нағыз революциялық тактика болып шығады!!

Мысалы, жария әдебиет ше, құрметті жолдастар? Бұл «ұйымдастыру және үгіттеу әрекеттерінің формасы» көмескілей ме әлде көмескілемей ме? Столыпин тәртібі тұсында, әрине, «көмескілейді»! Демек, ондай әдебиетті жою керек,— революциялық социал-демократияның *нағыз алуан түрлі формаларды* пайдаланатын *шарттарын* көрсете алмайтын, сондықтан мағынасыз сөздер сөйлейтін шақырымпаздардың ойынша осылай болып шығады. Конференцияның большевиктер ұсынған және өткізген қарарында былай делінген: «Партия қазіргі бар құпия, жартылай жария және, мүмкіндігіне қарай, жария ұйымдарды пайдаланып, нығайтуға және оларды жаңадан құруға ерекше көңіл аударуға тиіс; бұл ұйымдар партияның тіректі пункті қызметін атқарған болар еді». *Бұл* қарардың шақырымпаздықтан айырмашылығы жер мен көктей. «Тек көмескілемейтін *формалары ғана»* деген — бос сөз, революцияшылдықтың орнына тек «айқай-шу» ғана бар. «Жартылай жария және, мүмкіндігіне қарай, жария ұйымдарды» да *пайдалану* үшін партияның құпия «жұмысшы комитеттерін» құру, бұл — қазіргі кезеңнің қандай «ұйымдастыру және үгіттеу әрекеттерінің формаларын» тілейтіндігімен санасатын, нағыз социал-демократиялық жұмыс *тәсілдерін* сан алуан «формаларда» көрсете білетін революцияшыл социал-демократтардың тактикасы.

Социал-демократияның жария әдебиеті жойылсын деу — орындалмайтын бос сөз, *сол себепті* ол оның орындалмайтынын жақсы түсінетін *оппортунистерге ғана тиімді.* Партия алдында өздерінің жария түрде жазғандарына жауап беруге әзір партиялық социал-

демократтарды партияда жоқ әдебиетші-қарақшылардан ажырату — қиын, бірақ орындауға болатын міндет, партиямен жұмыс істегісі келетін адамдарға жұмыстың шын бағытын беретін міндет. Думадағы жария фракция жойылсын, жария ұйымдар жойылсын деу — партияның бақылауынан құтылатынына қатты қуанатын *оппортунистерге ғана тиімді* бос сөз. Осы бақылау жолында, жария ұйымдарды «пайдалану» жолында, социал-демократтардың қандай болса да қатесін және қате тактикасын түзету жолында үсті-үстіне жұмыс істеу — бұл партиялық іс, біздер және конференция шешімдерін орындағысы келетіндердің бәрі шұғылданатын партиялық іс.

...4-пункттің соңы: «контрреволюциялық буржуазияның самодержавиемен қандай болса да мәмлеге келуіне қарсы батыл күресе отырып».

Уһ! Большевиктік әдебиеттен үзіп-жұлған пікірлерін шақырымпаздар мүлдем *орынсыз* қайталайды. Ненің неге қатысты екенін айыру керек қой, жолдастар. I және II Думалардың кезінде үкімет әлі де *мәмлеге келу* жолдарын іздестіруде болды, ал кадеттер халыққа мәмлеге келуді «күрес» ұраны ретінде уағыздады (бұл ұрандар тіпті социал-демократиялық меньшевиктерді де есебінен жаңылтты). *Ол кезде мәмлеге келуге* қарсы батыл күресу шынында да бүгінгі күннің ұраны, кезеңнің міндеті, өтірікті әшкерелеу болған еді. Қазір мәмленің жолы табылды және патша өкіметі шақырымпаздардың өздері «блок» деп атаған таптармен мәмлеге келуді жүзеге асырды, III Думада жүзеге асырылған бұл мәмлеге келу жайында ешкім де алдапған жоқ. Ендігі жерде *«қандай болса да мәмлеге* келуге қарсы батыл күресті» үгіттің өзегі ету — өзін большевизмнің карикатурасы ретінде көрсеткендік болады.

5-пункт: «Біздің Мемлекеттік думаны саяси бостандықтың шеңберінде және пролетариаттың тап күресінің белгілі бір бостандығы жағдайында қызмет істейтін парламент деп қарауға болмайды, қайта ол — патша өкіметі мен ірі буржуазияның арасындағы мәмлеге келу ғана...» Мұнда екі қате бар. Парламент *емес, қайта* мәмлеге келу деп айтуға болмайды, өйткені дүние жү-

зінің толып жатқан парламенттері буржуазияның (дамудың белгілі бір дәрежесіне жеткен буржуазияның) орта ғасырлықтың әр түрлі қалдықтарымен мәмлеге келуінен басқа ештеңе де емес. Біз Россияның тұңғыш парламенті қаражүздік-октябристік парламент болуына қарсы күресуге тиісті болдық және күрестік те, бірақ бұл біздің күш жұмсауымызға қарамастан факт болып қалғандықтан, тарих бізді осындай кезең арқылы өтуге мәжбүр еткендіктен қолайсыз шындықтан құрдан-құр таңдай қағып, тақпақтаумен ғана құтылуға тырысу балалық болады. Екінші қате: қарар авторларының ойынша, егер «белгілі бір бостандық» болса, онда ол «парламент», ал егер жоқ болса, онда «көз бояу» болып шығады. Бұл — марксистке емес, кадетке лайық тұрпайы-демократиялық көзқарас. II Думаға қарағанда III Дума тұсында бостандық анағұрлым кем, алайда III Дума — жалғандығы *кемірек* парламент, өйткені ол қазір үстем таптар мен мемлекеттік өкіметтің шын арақатынасын *дұрысырақ көрсетеді*. Әзірге өкімет билігі патша мен крепостник-помещиктердің қолында тұрған кезде,— буржуазиялық Россияда ешқандай басқа парламенттің болуы мүмкін емес. Бұл боямасыз шындықты бүркемелеу, социал-демократтарға емес, кадеттерге лайықты.

6-пункт, басқаларынан ерекше, дұрыс екен. Бірақ мұның өзі нақ керісінше ережені дәлелдейтін ерекшелік, өйткені... өйткені шақырымпаздар бұл пунктте өз пікірлерін емес, конференцияның қарарын өткізген шақырымпаздарға қарсылардың пікірлерін баяндап отыр.

Қорытындылар: (а) пункті... «Контрреволюцияның... мәмлеге келуі... және құралы... болып отырған Дума»... Дұрыс-ақ!.. «самодержавиені тек қана нығайтады»... Бұл «тек қанасы» — дұрыс емес. Самодержавие осындай Думаны ұйымдастырып үлгеріп, өзінің өмірін ұзартып отыр, бірақ мұнымен самодержавие нығаймайды, қайта *ыдырай түседі*. Дума — басқа бір «әшкерелеуге» татитын «бүркемелеу», өйткені ол тұңғыш рет ашықтан-ашық мыңдаған мәселелерде патша өкіметінің контрреволюциялық топтарға тәуелді екендігін көрсетеді,

тұңғыш рет Романов пен Пуришкевичтің, патша өкіметі мен «орыс халқы одағының», самодержавие мен Дубровиндердің-Илиодоровтардың-Половневтердің имманенттік одағын en grand * көрсетеді.

Дума патша өкіметінің қылмыстарын мақұлдап отырады, бұл күмәнсыз, бірақ бұл — белгілі бір таптық мүдделерге бола жасалатын, белгілі бір таптардың мақұлдауы, сондықтан социал-демократияның міндеті де тап күресінің осындай тағылым аларлық шындықтарын нақ осы Дума мінбесінен анықтап алу болып табылады.

...«III Мемлекеттік думаның 8 айлық қызметі социал-демократияның оны пайдалана алмайтындығын көрсетті»...

Шақырымпаздықтың түйіні, міне, осында; фракцияны құруға күш жұмсалған соң оны оп-оңай шақырып алуға болмайды! деген адам күлерлік бұлталағымен біздің «ультиматистер» істі шатастырып, шақырымпаздықтың қатесін бүркемелеп қана отыр.

Мәселе тура қойылып отыр, сондықтан бұл арада бұлтару құтқара алмайды: 8 айлық қызмет Дума мінбесін пайдаланудың мүмкін екендігін не мүмкін еместігін дәлелдеді ме? Шақырымпаздардың жауабы дұрыс емес. Фракция *жөніндегі* партия жұмысының орасан зор қиыншылықтарына қарамастан, бұл жұмыс Дума мінбесін пайдаланудың *мүмкін екендігін* сөзсіз *дәлелдеді*. Қиыншылықтар мен қателіктерге бола еңсені түсіру қорқақтық болады; төзімді, ұстамды, қажырлы пролетарлық жұмысты интеллигенттік «айқай-шумен» алмастыру болады. Европаның басқа социалистік партиялары парламенттік қызметінің бас кезінде бұдан әлдеқайда үлкен қиыншылықтарға кездесті, сонымен бірге әлдеқайда көп қателер жасады, бірақ міндеттерінен бас тартқан жоқ, қайта қиыншылықтарды жеңіп, қателерін түзете білді.

(б)... «біздің фракция... оппортунистік тактиканы қасарысып жүргізді де отырды, революцияшыл проле-

* — зор көлемде. *Ред.*

тариаттың табанды және дәйекті өкілі бола алмады және бола да алмайды»...

Нағыз ұлы шындықтардың қадірін кетіруге болады, шақырымпаз жолдастар, нағыз ұлы міндеттерді *бос сөзге* айналдыруға болады, ал сіздер осыны істеп отырсыздар. Оппортунизмге қарсы күресті сіздер бос сөзге айналдырдыңыздар, сөйтіп оппортунистердің сойылын ғана соқтыңыздар. Біздің фракция қателіктер жасады және жасап та жүр, бірақ оның жұмыс тәжірибесі ол пролетариаттың тұрақты және дәйекті өкілі «бола алғандығын және бола алатындығын» дәлелдеді,— біз, партия, оны бағыттап, оған жәрдемдесіп, оның басшысы болуға тәуір күштерімізді беріп, нұсқауларды, сөздерінің жобаларын жасап беріп отырған кезімізде, парламент айналасындағы мекеме атаулының бәріне оп-оңай кіруге мүмкіншілік алатын мещандық интеллигенция кеңестерінің тек Россияда ғана емес, *бүкіл дүние жүзіне әр уақытта* зияндылығы мен қауіптілігін оған түсіндіріп отырған кезімізде фракция сондай *бола алды* және *бола алады.*

Фракция жұмыстарына осындай *шын* бағыт сілтеу үшін, оған іспен көмек көрсету үшін біздің істегеніміз әлі өте жеткіліксіз екенін мойындауға батылдық көрсетулеріңіз керек қой, жолдастар. Егер біз өз ұйымдарымызды нығайта білсек, өз партиямызды топтастыра білсек, оны бұқарамен тығызырақ байланыстыра білсек, пролетарлардың қалың топтарына үнемі әсер етіп отыратын партия органдарын құра білсек, онда біз бұл жолда он есе артық іс істей *алатынымызды* мойындауға батылдық көрсетулеріңіз керек. Біздің күш-жігеріміз, міне, осыған бағытталып отыр, оппортунизмге қарсы, сөз жүзінде емес, іс жүзінде күрескісі келетін адамдардың бәрінің күш-жігері, міне, осыған бағытталуға тиіс.

Шақырымпаздар фракцияның оппортунизміне қарсы күресті бос сөзге айналдырып жіберді, өйткені олар оппортунизмді анархистік тұрғыдан сынау мен социал-демократиялық тұрғыдан сынаудың арасындағы айырмашылықты түсінбей, сөздерді ғана жаттап алған. Анархистерді алып қараңыздаршы: олар әрбір социал-демократиялық парламентарийдің әрбір қатесін іліп

әкетеді, олар *тіпті* Бебель де пәлендей уақытта патриотизм рухында дерлік сөз сөйледі, пәлендей уақытта аграрлық программа туралы мәселеде теріс позицияда болды және т. т. және т. с. деп айқайлаумен болады. Мұнысы дұрыс та, өзінің парламенттік қызметінде тіпті Бебель де оппортунизмнің қателерін жіберген. Бірақ бұдан қандай қорытынды шығады? Анархист үшін — барлық жұмысшы депутаттарды шақырып алу керек деген қорытынды шығады. Анархистер социал-демократиялық парламентарийлерден қол үзу үшін оларды сөгеді, пролетарлық партияны, пролетарлық саясатты, пролетарлық парламентарийлерді шыңдау жөніндегі жұмыстан бас тарта отырып сөгеді. Анархистердің бос сөздері іс жүзінде оларды оппортунизмнің өте сенімді дем берушілеріне, оның астарына айналдырады.

Социал-демократ үшін бұл қатеден шығатын қорытынды басқаша. Ол қорытынды мынау: шын социал-демократиялық өкілдікті құру жолында ұзақ партиялық жұмыс жүргізілмейінше, тіпті Бебельдің өзі Бебель бола алмаған болар еді. Бізге жұрт: «біздің фракциямыздың ішінде Бебельдер жоқ» демесін. Бебель болып тууға болмайды, Бебель болып шығу керек. Юпитердің басынан шыққан Минервадай Бебельдер дайын күйінде шыға қалмайды, оларды партия мен жұмысшы табы шыңдайды. Кімде-кім: бізде Бебельдер жоқ дейтін болса,— ол неміс партиясының тарихын білмейді, ол ерекше заң тұсында Август Бебель оппортунистік қателер жасап, партия бұл қателерді түзеткен, партия Бебельді түзу жолға салған кезеңнің болғанын білмейді *.

(в) «социал-демократиялық фракцияның Мемлекеттік думаға бұдан былай да қатыса беруі... пролетариатқа тек зиян келтіруі мүмкін... социал-демократияның беделін түсіріп, ықпалын кемітуі мүмкін»... Бұл өлшеусіз асыра көрсетуден қалай «санның сапаға айналып отырғанын», өлшеусіз асыра көрсетуден (шақырымпаз жолдастардың еркі мен санасына қарамастан) қалай

* Бұл тағылым аларлық тарихқа және біздің шақырымпаздармен тектес неміс ағымдарын *оның* қалай айыптағанына біз ерекше мақалада тоқталармыз деген сенімдеміз.

анархистік бос сөз *туып* отырғанын түсіндіру үшін 1909 жылдың бюджеті жөніндегі жарыс сөзге, Белоусовтың сөзіне сүйенсек те болады. Егер *мұндай* сөздерді «зиян келтіретін» сөздер және Дума мінбесін пайдаланудың мүмкіндігі мен қажеттігін дәлелдей алмайтын сөздер деп есептейтін болсақ, онда алауыздық сөйленген сөзге баға беру шегінен шығып, социал-демократиялық тактиканың негізгі мәселелері туралы принциптік алауыздыққа айналады.

...(I) ««III Мемлекеттік дума жойылсын» — деген ұранды қолдайтын,— ...кең көлемді үгіт басталсын»...

Шақырымпаздарға қарсы кейбір жұмысшыларды біраз уақыт еліктірген бұл ұранның *дұрыс еместігін* біз «Пролетарийдің» 39-номерінде айтқан болатынбыз *. Бұл — не самодержавие кезіндегі сайлау реформасының кадеттік ұраны, не либералдық Думалар халықтың өзінің нағыз жауын анық көруіне кедергі жасауға тырысып, контрреволюциялық патша өкіметін бүркемелеген заманнан бері жаттанды болған сөзді қайталау.

(II) «фракцияны... шақырып алу... Думаның сипатын да, сондай-ақ социал-демократияның революциялық тактикасын да баса көрсетеді».

Бұл — Москва шақырымпаздарының фракцияны шақырып алу революцияның жерленбегенін атап көрсетеді деген қағидасын басқаша айту ғана. Мұндай қорытынды — «Пролетарийдің» 39-номерінің сөздерін қайталап айтсақ — осылайша ойлауға қабілетті социал-демократтардың *жерленгенін* ғана «атап көрсетеді». Олар мұнысымен социал-демократ ретінде өздерін *жерлейді,* олар нағыз пролетарлық-революциялық жұмыстың сезімталдығын жоғалтады, сондықтан өздері революциялық бос сөзді «атап көрсетуге» азаптанады.

(III) «өзіміздің барлық күшімізді... ашық... күресті ұйымдастыруға және соған әзірленуге... «және насихатқа», және т. т. жұмсауымыз керек» (сондықтан да Дума мінбесі арқылы ашық уағыздаудан бас тартуымыз керек!).

---

* Қараңыз: осы том, 318—337-беттер. *Ред.*

Дума мінбесі арқылы *насихат жүргізуден* бас тарту социал-демократияға лайықты емес екенін шақырымпаздар ұмытып кеткен.

Олар бұл арада бізге кейбір ультиматистердің қайталап жүрген дәлелдерін: «үмітсіз думалық жұмысқа күш жұмсау есебімізге тура келмейді, онан да *күшіміздің бәрін* өнімдірек пайдаланайық» дейтін дәлелдерін алға тартады. Бұл есепті дәлел емес, бұл — тағы да авторлардың еркі мен санасына тәуелсіз — анархиялық қорытындыны сөзсіз туғызатын софизм. Өйткені *барлық* елдердегі анархистер де социал-демократиялық парламентарийлердің қателерін көрсете келеді де, «буржуазиялық парламентаризммен тиімсіз әуреленуді» қойып, «осы күштің бәрін» ұйымның «тікелей қимылына» жұмылдыруға шақырады. Бірақ бұл іріткі салуға және кең көлемді, жан-жақты жұмысты өзінің оқшаулығы себепті дәрменсіз «ұрандарды» даурықтырып көтерумен алмастыруға әкеліп соғады. Тек шақырымпаздар мен ультиматистерге ғана осы жердегі дәлел жаңа және *тек* III Думаға ғана лайықталған сияқты болып көрінеді. Бұл өтірік, бұл жалпы еуропалық, дағдылы социал-демократиялық *емес* дәлел.

Сонымен, шақырымпаздық пен ультиматизм дегеніміз большевизмге карикатура болып табылады. Бұл карикатура неден туып отыр? Әлбетте, бүкіл большевизмнің қате екендігінен туып отыр,— деуге асығады меньшевик. Ондай қорытынды, дау жоқ, меньшевиктер үшін өте «тиімді». Бұл қорытындыны объективтік фактілердің растамайтыны, қайта теріске шығаратыны ғана өкінішті. Бұл объективтік фактілер бізге мынаны көрсетеді: тек большевизмнің ғана емес, сонымен қатар *жалпы алғанда* бүкіл орыс марксизмінің дамуында марксизмді келемеждеу кезеңі болды, сондықтан орыс марксизмі осы өсу ауруымен, өзінің ықпалын кеңейту ауруымен күресте нығайып, өсті. Орыс марксизмі өткен ғасырдың 80-жылдарының бас кезінде эмигранттар тобының («Еңбекті азат ету» тобы) еңбектерінде туды.

Бірақ өткен ғасырдың 90-жылдарының орта шенінен бастап қана, Россияда маркстік әдебиет пен социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының «толқыны» басталған кезде ғана, марксизм Россияда орыстың қоғамдық ой-пікірінің ағымына және жұмысшы қозғалысының құрамдас бөлегіне айналды. Ал сонан? Бұл толқын *марксизмді,* бір жағынан, струвизм түрінде, екінші жағынан, рабоче-делошылдық және «экономизм» түрінде *келемеждеуді* әкелді. Марксизм өсіп, ер жетті, себебі ол қайшылықтарды жасырмады, жалтарма әрекеттер (меньшевиктердің Маслов, Череванин, Кускова, Прокопович, Валентинов, Ерманский және К° жөніндегі жалтарма әрекеттері сияқты) жасамады, орыс өмірінің ауыр жағдайларынан және Россияда социализмнің тарихи дамуында болған шұғыл өзгерістен туған карикатураға қарсы жеңімпаз *жорық* жасап, оны жүзеге асырды. Орыс өмірінің ауыр жағдайлары мен контрреволюциялық дәуірдің шұғыл өзгерісінен туған карикатура арқылы большевизмнің бұрмалана *бастағанын* жасырмай, қайта фракция мен партияны шақырымпаздар мен ультиматистердің қандай батпаққа апарып түсіретінін бұқараға ашық түсіндіре отырып, большевизм де өсіп, нығая береді.

«Пролетарий» газетінің 44-номеріне қосымша, 4 (17) апрель, 1909 ж.

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯНЫҢ «СОЛШЫЛДАНУЫ» ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Сауда-өнеркәсіп буржуазиясының «солшылдануы» туралы мәселе көптен бері-ақ біздің жария баспасөздің бетінен түспей келеді. Октябристік баспасөздің «аграрлық» (крепостниктік-помещиктік деп оқы) Думаға қарсы және патша өкіметінің соған сәйкес саясатына қарсы дүркін-дүркін үнемі күңкілдеуге салынатыны атап көрсетілді және мойындалды. Саудагерлер мен өнеркәсіпшілердің толып жатқан жергілікті кәсіпшілік және жалпы ұлттық ұйымдары да,— провинциялық биржа комитеттерінен бастап «сауда мен өнеркәсіп өкілдері съездерінің Советіне» дейін — нақ соңғы жылдары, әсіресе соңғы кезде помещиктік саясатқа наразылық білдіріп отырғандығы атап көрсетілді және мойындалды. Москвада «миллиондардың ғылыммен бауырласуы», басқаша айтқанда, Москва мен Петербургтің ең ірі шонжарларының: Крестовниковтың, Гужонның, Вольскийдің және басқаларының кадеттік профессорлармен және жазушылармен: Мануиловпен, Струвемен, Кизеветтермен және $К^0$-мен бірге, жұрттан жасырын өткізген кеңестері суреттелді. Меньшевиктердің органдарына дейінгі либералдық баспасөз әрбір мұндай хабарға мәз болатынын, либерализмнің жаңғырып, жаңарғаны туралы мың саққа құбылтып даурықтыратынын айтпаса да болады.

Буржуазияның атышулы «солшылдануы» патша үкіметінің «саяси» әрекеттері мен Думада сөйленген сөздерден көрініп отыр. Россия көпестерінің ең ұнататын

адамы — және сонымен бірге бюрократияның кәнігі қаптесері — Тимирязев мырза сауда және өнеркәсіп министрі болып тағайындалды. 13 мартта ол Думада «программалық» ұзақ сөз сөйледі,— министрлердің мұндай сөздері тек «маңызды етіп көрсету үшін» ғана әлемнің барлық қаражүздік-буржуазиялық және жай буржуазиялық парламенттерінде программалық сөздер деп аталады. Іс жүзінде патша министрі ешқандай программаны баяндаған жоқ, әдетте болатынындай, капиталистерге қарап ешбір мағынасыз жәй сыпайы бас изеумен, ал жұмысшы табына қарап қоқан-лоққы көрсетумен, әрине, бұл қоқан-лоққыны ресми-екіжүзділікпен «жанашырлық» білдірумен ұштастыра сыдыртып өте шықты. Министрдің капитал көсемдерімен бұл ауыз жаласуы 19 мартта Москвада тағы қайталанды; онда Тимирязев пен Крестовников москвалық биржа қоғамының мәжілісінде бір-біріне жағымды сөздер айтты. «Россия сырқат, бірақ тиісінше емделсе, оның сырқаты қауіпті емес, тез айығатын сырқат»— деді Крестовников, аса қадірлі Тимирязевті құттықтап. Ал Тимирязев аса қадірлі Крестовниковке алғыс айта келіп, «өтпелі кезеңнің» сыннан өткен столыпиндік құралдарының көмегімен сырқатты «емдеуге» үкімет атынан ізгі ниетпен келісетінін білдірді.

Буржуазияның бұл «солшылдануы» қандай объективтік себептерден туып отыр және оның таптық маңызы қандай? деген сұрақ туады. «Возрождение»[157] журналындағы (№ 1—2): «Буржуазияның «солшылдануы»» деп аталған мақалада Мартов жолдас осы сұрақтарға бұл жазушыға онша дағдылы емес туралықпен және айқындықпен жауап береді. «Егер экономикалық даму нақ буржуазиялық өзгеріс үшін пісіп жетілген болса, ал буржуазия ол өзгерістің қозғаушы күші бола алмайтын болса,— деп жазады ол,— онда мұның мәнісі осы таптың бұдан былайғы дамуы оны қозғаушы күш еткенге дейін қоғамдық төңкеріс аяқталмайды деген сөз ғана екенін өмір көрсетіп отыр». Ал екінші бір жерде былай делінген: «Кімде-кім қазіргі конституция, бірдей «контрреволюциялық факторлар» ретінде, дворяндар мен буржуазияның азды-көпті

табиғи бірлігін бейнелейді деп ойлайтын болса, онда ол жоғарыда көрсетілген тәрізді құбылыстардан» (яғни буржуазияның «солшылдануынан») «қоғамдық дамудың негізгі бағытымен қажетті байланысы жоқ жеке эпизодтарды ғана көре алады... Қоғамдық дамудың барысы орыс буржуазиясын, тап ретінде, 3 июнь режиміне... өзін тура қарама-қарсы қоюға сөзсіз әкеліп соқтыратынына a priori * күмәнданбайтын адамдардың түсінгенінде ғана бұл жеке құбылыстардың нышандық маңыз алуы мүмкін».

Мұнымен «Голос С. Д.»-ның 12-номеріндегі мына мәлімдемені салыстырыңыз: ...«біз орыс монархиясын «буржуазиялық» монархия емес, «плутократиялық» монархия дейтін кавказдықтардың (яғни РСДРП-ның соңғы конференциясындағы Данның, Аксельродтың және Семеновтың) ұсынысына да қосыламыз, өйткені бұл түзету орыс патша өкіметі буржуазияның таптық мүдделерін білдіре бастады дейтін большевиктік қарардың түбірінен қате пікірін теріске шығарады».

Бұл арада біздің меньшевизмнің бүкіл саяси теориясы өзінің барлық қорытындыларымен қоса айқын көрініп отыр. Егер біздің революциямыз буржуазиялық революция болатын болса, онда оның қозғаушы күші буржуазия болмайынша революция аяқтала алмайды. Буржуазияның «солшылдануы» оның осындай қозғаушы күш бола бастағанын дәлелдейді, сондықтан оның контрреволюцияшылдығы туралы әңгіме де болуы мүмкін емес. Россияда патша өкіметі буржуазиялық өкімет емес, плутократиялық өкімет болып келеді. Бұдан біздің буржуазиялық революциядағы жұмысшы партиясының оппортунистік тактикасын қорғау, шаруаларды өзіне қосып алатын пролетариатқа, либерализмнің толқулары мен опасыздықтарына қарамастан, буржуазиялық революцияда басшылық роль атқаруды нұсқайтын тактикаға қарама-қарсы, пролетариаттың либералдарды қолдау тактикасын қорғау келіп шығатыны өз-өзінен түсінікті.

* — күнілгері. *Ред.*

Бұл жерде меньшевиктік тактиканың марксизмді бұрмалаушылық, антимаркстік мазмұнды «маркстік» сөзсымақтармен бүркемелеу екені айқын көрініп отыр. Бұл тактиканың негізінде, марксистердің емес, марксистерше киініп алған либералдардың пайымдау әдісі жатыр. Мұның осылай екеніне көз жеткізу үшін Германиядағы буржуазиялық революцияның тарихы мен нәтижелеріне жалпы назар салсақ та жеткілікті. 1848 жылғы революцияның жеңілу себептері туралы Маркс «Жаңа Рейн Газетінде» былай деп жазды: «Әуел бастан-ақ революцияға қарсы ірі буржуазия халықтан қорқып, яғни жұмысшылар мен демократиялық буржуазиядан қорқып, реакциямен қорғаныс және шабуыл одағын жасады»[158]. 1848 жылға және неміс буржуазиясының бұдан кейінгі тактикасына баға беруде Маркс осы көзқараста болған еді. және барлық неміс марксистері де осы көзқараста болып отыр. Ірі буржуазияның контрреволюцияшылдығы, мысалы, 60-жылдардағы конституциялық дау-жанжал заманында, оның «солшылдануына» кедергі болған жоқ, бірақ, пролетариаттың дербес және батыл бой көрсетпегендігі себепті, бұл «солшылданудан» революция шыққан жоқ, монархияны барған сайын буржуазиялық болуға итермелеген және буржуазияның юнкерлермен, яғни реакцияшыл помещиктермен одағын бұзбаған, жасқаншақ оппозиция ғана шықты.

Марксистер осылай қарайды. Ал либералдар, мұның керісінше: жұмысшылар өздерінің шамадан тыс талаптарымен, өздерінің ақылға сыймайтын революцияшылдығымен, өздерінің либерализмге мезгілсіз тиісуімен Германиядағы бостандық ісінің табысқа жетуіне бөгет жасады, өздерінің ықтимал одақтастарын реакцияның құшағына итеріп тастады деп қарайды.

Біздің меньшевиктердің маркстік сөзсымақтармен марксизмді бұрмалауын бүркемелейтіні, өздерінің марксизм*нен* либерализмге өтуін бүркемелейтіні мүлдем анық.

1789 жылдан кейін Францияда да, 1848 жылдан кейін Германияда да монархияның «буржуазиялық монархияға айналу жолында тағы бір қадам» жасағаны

күмәнсыз. Бұл екі революциядан кейін буржуазияның контрреволюцияшыл болып алғандығы да күмәнсыз. Ал бұдан: 1789 жылдан кейін Францияда және 1848 жылдан кейін Германияда буржуазияның «солшылдануына», келесі буржуазиялық революцияға қажетті негіз жойылды деген мағына туа ма? Әрине, жоқ. Француз буржуазиясы өзінің контрреволюцияшылдығына қарамастан, айталық, 1830 жылы, ал неміс буржуазиясы 1863—1864 жылдары «солшылданды». Пролетариат дербес бой көрсетпегендіктен, оның буржуазияның революцияшыл жіктерінің көмегімен, тіпті аз уақытқа болса да, өзіне саяси өкіметті жеңіп ала алмағандығынан, буржуазияның «солшылдануы» революцияға әкелмеді (Германия), қайта монархияның буржуазиялық монархияға айналуына қарай ілгері қадам жасалуына ғана әкеліп соқтырды. Пролетариат дербес бой көрсеткендіктен және ескі өкіметті құлата отырып (XIX ғасырда Францияда бірнеше рет болғанындай), буржуазияның революцияшыл жіктерімен одақтасып саяси өкіметті жеңіп алғандықтан, буржуазияның «солшылдануы» жаңа буржуазиялық революцияның прологы болып шықты.

Сонымен, біздің меньшевиктер либералдардың: буржуазия қозғаушы күш болмайынша, Россияда буржуазиялық революция болмайды! — деген көзқарасына көшіп, тарихтың нақ осы әліппесін ұмытып және бұрмалап отыр. Мұның өзі — тарихи диалектика мен XIX ғасырдың сабақтарын мүлдем түсінбеушілік. Қайта керісінше: солқылдақ және контрреволюцияшыл буржуазияның ауытқулары мен опасыздықтарына қарамастан, пролетариат буржуазияның революцияшыл элементтерімен (яғни бізде шаруалармен) одақтасып, дербес қозғаушы күш болмайынша, Россияда буржуазиялық революция болмақ емес.

Орыс патша өкіметінің «плутократиялық» монархияға айнала бастағаны, «буржуазияның таптық мүдделерін білдіре *бастағаны»,* II Николайдың тұсында емес, II Александрдың тұсында болатын, құрметті меньшевик жолдастар. Бірақ ол бұл мүдделерді буржуазияның дербес таптық *ұйымынсыз* білдіре алмады. 1905 жылғы

революция бізді жоғары сатыға көтерді, сондықтан бұрынғы күрес енді неғұрлым дамыған саяси қатынастар тұрғысынан қайтадан жүріп жатыр. III Дума помещиктер мен ірі буржуазияның саяси *ұйымдарының* саяси қалыптасқан, жалпы ұлттық одағы болып табылады. Патша өкіметі объективті-қажет тарихи міндеттерді осы екі тап *ұйымдарының* көмегі арқылы шешуге әрекет істеп отыр. Оның бұл әрекеті сәтті болып шыға қояр ма екен?

Жоқ. Мұндай міндетті «жоғарғы» таптардың ұлттық өкілдігінің ұйымы дегенді білмеген плутократиялық патша окіметі ғана емес, тіпті қаражүздік-буржуазиялық Думаның қолдауына сүйенген жартылай-буржуазиялық патша өкіметі де шеше алмайтын көрінеді. Дума оның бұл міндетті шешуіне көмектесіп отыр. Бірақ ол көмек аздық ететін *көрінеді*. Буржуазияның «солшылдануы» нақ мына *объективтік* фактіден: патша өкіметін столыпиндік жолмен жаңартуға қарамастан, буржуазиялық эволюция қамтамасыз *етілмей қалғандығынан* туып отыр. 1905 жылға дейін, ешқандай өкілдік мекемелерді білмеген патша өкіметі заманында, помещиктер мен дворян жетекшілерінің «солшылдануы», жақындап келе жатқан дағдарыстың белгісі болғаны сияқты, 1909 жылы, Крестовниковтерге ұлттық өкілдік берген патша окіметі заманында да, бұл шонжарлардың «солшылдануы» — «Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның объективтік міндеттері орындалмай қалып қойғандығының», «1905 жылғы революцияны тудырған *негізгі* факторлардың әлі де ықпал жасап отырғандығының» *белгісі* болып табылады (конференцияның қазіргі кезең туралы қарары).

Меньшевиктер өздерінің пайымдауын: біздегі революция — буржуазиялық революция, сондықтан бізде буржуазия «солшылданып» отыр деумен шектейді. Ал мұнымен тыну — марксизмді «іске басшылық етуден» жансыз әріпке айналдыру деген сөз, марксизмді бұрмалау деген сөз, іс жүзінде либерализмнің көзқарасына көшу деген сөз. Буржуазиялық революция пролетариаттың бірде-бір толық жеңісінсіз болуы, ал осының нәтижесінде — ескі монархияның бірте-бірте буржуа-

зиялық және буржуазиялық-империалистік монархияға айналуы (мысалы: Германия) мүмкін. Буржуазиялық революция пролетариаттың толық жеңістерге жеткізген, ауыр жеңілістерге де ұшыратқан, ал соның нәтижесінде — буржуазиялық республиканы туғызған (мысалы: Франция) бірқатар дербес бой көрсетулері арқылы болуы да мүмкін.

Орыс тарихы осы екі жолдың бірі туралы мәселені шешті ме? деген сұрақ туады. Меньшевиктер бұл мәселені түсінбейді, бұл мәселені қоюға қорқады, оған соқпай, орағытып кетеді, ал осы мәселеге соқпай орағытып кету — іс жүзінде өз саясаты жөнінде либерал буржуазияның соңында жүру болып табылатынын ұқпайды. Біз былай деп ойлаймыз: орыс тарихы бұл мәселені әлі шешкен жоқ, оны таптар күресі таяудағы жылдар ішінде шешіп береді, біздің буржуазиялық революцияның алғашқы науқаны (1905—1907 жылдар) біздің буржуазияның әбден солқылдақ және контрреволюцияшыл екендігін даусыз дәлелдеді, біздің пролетариаттың жеңімпаз революцияның *көсемі* болуға қабілеттілігін дәлелдеді, демократиялық шаруалар бұқарасының пролетариаттың бұл революцияны жеңімпаз революция етуіне көмектесуге қабілеттілігін дәлелдеді.

Біз бұл арада да біздің *трудовиктік* шаруалар жөніндегі меньшевиктердің тағы сол таза либералдық көзқарасына кездесеміз. Трудовиктер ұсақ буржуазиялық утопияларға батып отыр, олардың жер үшін күресі жерді социализациялау немесе оны теңгермелі түрде пайдалану жөніндегі қисынсыз және реакциялық ұрандар үшін жүргізіліп отыр — дейді меньшевиктер; — «демек», трудовиктердің жер үшін күресі еркіндік үшін күресті *әлсіретеді,* трудовиктердің жеңуі деревняның қаланы реакциялық жеңуі болар еді,— міне, «Голос С. Д.»-ның 10—11-номеріндегі Мартыновтың пайымдауы да, «XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс» деген жинақтағы Мартовтың пайымдауы да осыған келіп саяды.

Трудовиктік шаруаларды бұлайша бағалау — марксизмді бұрмалау; бұл бұрмалаудың өрескелдігі буржуазиялық революция туралы жоғарыда келтірілген

пайымдаудан кем түспейді. Егер марксист бүкіл қазіргі помещиктік жер иелігіне қарсы революциялық күрестің *нақтылы* маңызын халықшылдық *доктринаның* — социалистік доктрина деп бағалаған жағдайда шын сөлекет, қиялдағы және реакциялық нәрсе болып табылатын доктринаның — бүркеншігі астынан ажырата білмесе, онда бұл ең оңбаған доктринершілдік болады. Орыс шаруаларының өмірі жағдайында оның буржуазиялық-демократиялық революцияшылдығы, идеология жағынан алғанда жер теңгермелігінің бар кесапаттан құтқаратындығына «сену» формасынан басқаша бейнелене алмағанын көрмей, меньшевиктер таңқаларлық соқырлығын және марксизмнің диалектикасын түсінбейтінін көрсетіп отыр. «Формальдық-экономикалық мағынада жалған болып көрінетін нәрсе, бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынада шындық болуы мүмкін»[159],—Энгельстің осы сөздерін біздің меньшевиктер ешқашан да түсіне алмады. Халықшылдық *доктринаның жалғандығын* әшкерелей отырып, олар, педанттар ретінде, қазіргі буржуазиялық революциядағы қазіргі күрестің осы quasi* — социалистік доктриналар көрсетіп отырған *шындығына* көз жұмып қарады.

Біз былай дейміз: трудовиктердің, социалист-революционерлердің, халықтық социалистердің және К⁰-ның quasi-социалистік доктриналарымен батыл күрес жүргізілсін, *буржуазиялық* революцияда пролетариаттың революцияшыл шаруалармен *одағы* тура және табанды түрде мойындалсын. Бұл революцияның жеңуі жер теңгермелігінің бар кесапаттан құтқаратындығы туралы доктринаны бүтіндей сейілтіп жібереді, ал шаруалар бұқарасы қазіргі күресте бұл доктринамен Россияны крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарынан арылтуға жеткізетін өзінің тарихи әрекетінің кең ауқымын, күшін, батылдығын, әуестенуін, адалдығын және жеңілмейтіндігін көрсетіп отыр.

Буржуазия солшылданып келеді, трудовиктік утопизм жойылсын, буржуазияны қолдаушылық жасасын,— дейді меньшевиктер. Буржуазия солшылданып

---

* — жалған. *Ред.*

келеді, демек, орыс революциясының оқ-дәрі қоймасына жаңа оқ-дәрі қосылып жатыр,— дейміз біз. Егер Крестовниковтер бүгін: «Россия сырқат» деп отырған болса, онда мұның мәнісі — ертең демократиялық шаруаларды өз соңынан ертетін социалистік пролетариат бас көтеріп: «біз Россияны сауықтырып аламыз!» дейді.

«Пролетарий» № 44,
8 (21) апрель, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

Депутат Сурковтың Мемлекеттік думада синодтың сметасын талқылаған кездегі сөйлеген сөзі және біздің думадағы фракцияда осы сөздің біз төменде басып отырған жобасын талқылаған кездегі жарыс сөз төтенше маңызды және нақ қазір қажет болып отырған мәселені көтерді [160]. Дінмен байланысты нәрсенің бәріне ықылас қою, дау жоқ, қазір «қоғамның» қалың топтарын қамтып, жұмысшы қозғалысына жақын тұрған интеллигенция қатарына, сондай-ақ белгілі бір жұмысшы топтарына еніп отыр. Социал-демократия өзінің дінге көзқарасын баяндап беруге міндетті екенінде сөз жоқ.

Социал-демократия өзінің бүкіл дүние танымын ғылыми социализмге, яғни марксизмге негіздеп құрады. Марксизмнің философиялық негізі, Маркстің де, Энгельстің де талай рет мәлімдегеніндей, Франциядағы XVIII ғасырдың және Германиядағы (XIX ғасырдың 1-ші жартысы) Фейербахтың материализмінің,— сөзсіз атеистік, дін атаулының бәріне мүлдем қас материализмнің — тарихи дәстүрлерін әбден бойына сіңірген диалектикалық материализм болып табылады. Маркс қолжазба күйінде оқып шыққан, Энгельстің бүкіл «Анти-Дюрингі» материалист және атеист Дюрингті оның материализмінің ұстамсыздығы үшін, оның дінге және діни философияға саңылау қалдырғаны үшін кінәлайтынын еске сала кетелік. Энгельс өзінің Людвиг Фейербах туралы шығармасында Фейербахқа: дінге қарсы күресkенде ол дінді құрту үшін емес, қайта дінді

жаңарту үшін, жаңа, «асқақ мәнді» діп және т. с. шығару үшін күресті деп кінәлағанын еске сала кетелік. Дін дегеніміз — халықтың басын айналдыратын апиын,— Маркстің осы нақыл сөзі марксизмнің дін мәселесі жөніндегі бүкіл дүние танымының іргетасы болып табылады[161]. Осы заманғы діндер мен шіркеулердің бәрін, діни ұйымдар атаулының бәрін марксизм әрқашан қанаушылықты қорғау және жұмысшы табының басын айналдыру үшін қызмет ететін буржуазиялық реакция органдары деп қарайды.

Солай бола тұрса да, дегенмен, социал-демократиядан гөрі «солшылырақ» немесе «революцияшылырақ» болғысы келген, жұмысшы партиясының программасына атеизмді тікелей мойындауды дінге қарсы соғыс жариялау мағынасында енгізгісі келген адамдардың әрекеттерін Энгельс талай рет кінәлаған болатын. 1874 жылы Энгельс Коммуна қашқындарының, эмигранттар ретінде Лондонда тұрған бланкистердің, атақты манифесі туралы айта келіп, олардың дінге қарсы даурыға соғыс жариялауын ақымақтық деп түсіндірді және бұлайша соғыс жариялау дінге деген ынтаны күшейтудің, діннің шын жойылуын қиындатудың жақсы тәсілі болып табылады деп мәлімдеді. Энгельс бланкистерді кінәлағанда жұмысшылар бұқарасының тап күресі ғана пролетариаттың нағыз қалың топтарын саналы, революциялық қоғамдық *практикаға* барлық жағынан бірдей тарта отырып, езілген бұқараны діннің езгісінен іс жүзінде құтқара алатындығын, ал дінге қарсы соғысты жұмысшы партиясының саяси міндеті деп жариялау анархистік бос сөз болатындығын түсіне білмегендігі үшін кінәлады[162]. Энгельс 1877 жылы да «Анти-Дюрингте» философ-Дюрингтің идеализм мен дінге зәрредей болса да жеңілдіктер беруіне дейін аяусыз жазғыра отырып, Дюрингтің социалистік қоғамда дінге тыйым салу туралы революцияшылсымақ идеясын одан бетер батыл айыптайды. Дінге қарсы мұндай соғыс жариялау деген,— деді Энгельс,— «Бисмарктің өзінен де асып түсу болады», яғни клерикалдарға қарсы бисмарктік күрестің ақымақтығын қайталау (атышулы «мәдениет үшін күрес», Kulturkampf, яғни Бисмарктің

1870 жылдарда католицизмді полициялық қудалау арқылы Германияның католиктер партиясына, «центр» партиясына қарсы күресуі) болады. Бисмарк мұндай күресімен католиктердің жауынгер клерикализмін тек *нығайта* түсті, нағыз мәдениет ісіне тек кесел келтірді, өйткені саяси жағынан бөлінудің орнына діни жағынан бөлінуді бірінші кезекке қойды, жұмысшы табының кейбір топтары мен демократияның назарын тап күресі мен революциялық күрестің көкейтесті міндеттерінен ең үстірт және буржуазиялық-жалған антиклерикализм жағына қарай аударып жіберді. Әсіре-революцияшыл болғысы келген Дюрингті Бисмарктің нақ сол ақымақтығын басқа бір формада қайталағысы келеді деп кінәлай отырып, Энгельс жұмысшы партиясынан дінге қарсы саяси соғыс авантюрасына бой ұрмай, пролетариатты ұйымдастыру және ағарту ісін, діннің өз-өзінен жойылуына әкелетін істі төзімділікпен істей білуді талап етті [163]. Бұл көзқарас, мысалы, иезуиттерге бостандық берілуін, олардың Германияға келуіне рұқсат етілуін, қай дінге болса да қарсы полициялық күрес шаралары атаулының жойылуын жақтаған герман социал-демократиясының қаны мен тәніне бірдей сіңді. «Дінді әркімнің жеке басының ісі деп жариялау» — міне Эрфурт программасының (1891 жылғы) осы атақты пункті социал-демократияның жоғарыда көрсетілген саяси тактикасын нығайтты.

Бұл тактика қазірдің өзінде-ақ көнеріп үлгерді, марксизмді теріс қарай, оппортунизмге қарай жаңадан бұрмалауды туғызып үлгерді. Эрфурт программасының қағидасын, біздер, социал-демократтар, біздің партия дінді әркімнің жеке басының ісі деп *есептейді* деген мағынада, социал-демократтар ретінде біздер үшін, партия ретінде біздер үшін, дін әркімнің жеке басының ісі болып табылады деген мағынада түсіндіре бастады. Бұл оппортунистік көзқараспен тура айтысып жатпай-ақ, Энгельс 1890 жылдары, айтыс түрінде емес, позитивтік түрде оған батыл қарсы шығуды қажет деп білді. Атап айтқанда, Энгельс мұны: социал-демократия дінді әркімнің жеке басының ісі дегенде, мүлдем өзі жөнінде емес, марксизм жөнінде емес, жұмысшы пар-

тиясы жөнінде емес, *мемлекет жөнінде* әркімнің жеке басының ісі деп есептейді деп, әдейі өзі баса көрсеткен мәлімдеме түрінде жасады[164].

Маркс пен Энгельстің дін туралы мәселе жөніндегі айтқандарының сыртқы тарихы осындай. Марксизмге салақ қарайтын адамдарға, ойлай білмейтін немесе ойланғысы келмейтін адамдарға бұл тарих марксизмнің мағынасыз қайшылықтары мен толқушылықтарының түйіншегі болып табылады: «дәйекті» атеизм мен дінге «кеңшіліктен» жасалған қайдағы бір ботқа десе де болады, құдайға қарсы р-р-революциялық соғыс пен діншіл жұмысшыларға «еліктемек болған» жалтақ тілектің, оларды үркітіп алудан қорқудың арасындағы қайдағы бір «принципсіз» солқылдақтық және т. т. және т. с. болып табылады. Анархияшыл созуарлар әдебиетінен марксизмге қарсы осы сияқты эпербақандықты аз кездестірмейсің.

Бірақ, кімде-кім марксизмге аз-кем байсалды қарай алатын болса, оның философиялық негіздері мен халықаралық социал-демократияның тәжірибесіне жете ой жібере алатын болса, ол адам марксизмнің дін жөніндегі тактикасының барынша дәйекті тактика екендігін және оны Маркс пен Энгельстің әбден ойластырып шығаргандығын, дилетанттардың немесе надандардың толқушылық деп жүргендері диалектикалық материализмнен тура, сөзсіз туатын қорытынды екендігін оп-оңай көре алады. Марксизмнің дін жөніндегі «ұстамдылығы» дегенді «үркітіп алмау» және т. с. сияқты тілек мағынасындағы «тактикалық» есептен туған нәрсе деп ойлау бүтіндей қате болар еді. Қайта керісінше, бұл мәселеде де марксизмнің саяси бағыты оның философиялық негіздерімен тығыз байланысты.

Марксизм дегеніміз материализм. Осы материализм дәрежесінде де ол XVIII ғасыр энциклопедистерінің материализмі немесе Фейербахтың материализмі сияқты дінге мейлінше қас. Бұл күмәнсыз. Бірақ Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмі, материалистік философияны тарих саласына, қоғамдық ғылымдар саласына қолдана келіп, энциклопедистер мен Фейербахтан әрі асып кетеді. Біз дінмен күресуге тиістіміз.

Бұл — *бүкіл* материализмнің әліппесі, демек, марксизмнің де әліппесі. Бірақ марксизм әліппеге тоқтап қалған материализм емес. Марксизм одан да әрі барады. Ол: дінмен күресе *білу* керек, ал оның үшін бұқарадағы бұл нанымның және діннің қалай пайда болғанын *материалистік тұрғыдан* түсіндіру керек дейді. Дінге қарсы күресті абстрактылы-идеологиялық уағызбен шектеуге, ол күресті ондай уағызға әкеліп тіреуге болмайды; бұл күресті діннің әлеуметтік тамырын жоюға бағытталған тап қозғалысының нақтылы практикасымен байланыстыра қою керек. Қала пролетариатының артта қалған топтарының, жартылай пролетариаттың қалың көпшілігінің және шаруалар бұқарасының арасында діннің сақталып отырғаны неліктен? Халықтың надандығынан,— деп жауап береді буржуазияшыл прогрессист, радикал немесе буржуазияшыл материалист. Демек, дін жойылсын, атеизм жасасын, атеистік көзқарастарды тарату — біздің басты міндетіміз. Ал марксист: бұл дұрыс емес дейді. Мұндай көзқарас — үстірт, буржуазиялық-тар өрісті мәдениетшілдік. Мұндай көзқарас діннің тамырларын тереңге бармай, материалистік емес, идеалистік тұрғыдан түсіндіреді дейді. Қазіргі капиталистік елдерде бұл — ең алдымен, *әлеуметтік* тамырлар. Еңбекшілер бұқарасының әлеуметтік езгіде болуы, соғыстар, жер сілкінулер және т. с. сияқты әдеттен тыс ғаламат оқиғалар атаулыдан мың есе күшті нағыз сұмдық азаптарға, нағыз тағылық жан қинауға қарапайым жұмысшы адамдарды күн сайын, сағат сайын душар етіп отыратын капитализмнің қаратүнек күштері алдында бұқараның мүлдем дәрменсіз көрінуі,— міне діннің қазіргі заманғы ең терең тамыры осында. «Үрейленушілік құдайларды туғызды». Капиталдың қара түнек күшінің алдындағы үрейленушілік, халық бұқарасы алдын ала болжай алмайтындықтан қара түнек болып отырған, пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың өмірінің әрбір қадамы сайын оған «кенеттен», «күтпеген жерден», «кездейсоқ» күйзеліске, қырғынға ұшырау, қайыршыға, пауперге, жезөкшеге айналу, аштан өлу қаупін туғызатын және туғызып та отырған күштің алдындағы үрейленушілік — қазіргі

заманғы діннің *тамыры,* міне, осында; егер материалист даярлық класының материалисі болып қалғысы келмесе, ол мұны бәрінен де бұрын және бәрінен де көбірек есте ұстауы керек. Капиталистік каторгамен жаншылып отырған, капитализмнің қара түнек күйреткіш күштеріне тәуелді болып отырған бұқараның өздері діннің осы *тамырына* қарсы, *капитал үстемдігінің* барлық формаларына қарсы бірлескен, ұйымдасқан, жоспарлы, саналы түрде күресуді үйренбей тұрып, ешқандай ағарту кітабы дінді ол бұқарадан ажырата алмайды.

Бұдан дінге қарсы ағарту кітабы зиянды немесе қажетсіз деген ұғым туа ма? Жоқ. Бұдан туатын тіпті де ол емес. Бұдан социал-демократияның атеистік насихаты оның негізгі міндетіне: қаналушы *бұқараның* қанаушыларға қарсы тап күресін дамыту міндетіне *бағындырылуы* керек деген ұғым туады.

Диалектикалық материализмнің, яғни Маркс пен Энгельс философиясының негіздері жайында жете ойланбаған адамның бұл қағиданы түсінбеуі (немесе, тым болмаса, бірден түсінбеуі) мүмкін. Бұл қалай? Идеялық насихатты, белгілі бір идеяларды уағыздауды, мәдениет пен прогрестің мыңдаған жылдардан бері келе жатқан дұшпанына (яғни дінге) қарсы күресті,— тап күресіне, яғни экономика мен саясат салаларындағы белгілі бір практикалық мақсаттар үшін жүргізілетін күреске бағындыруға бола ма?

Бұл сияқты қарсылық — марксизмге қарсы айтылып жүрген, маркстік диалектиканы мүлдем түсінбеушілікті көрсететін қарсылықтардың қатарына жатады. Осылай қарсылық білдіретіндерді абыржытатын қайшылық — нақтылы өмірдің нақтылы қайшылығы, яғни сөз жүзіндегі, ойдан шығара салынған қайшылық емес, диалектикалық қайшылық. Атеизмнің теориялық насихатын, яғни пролетариаттың белгілі бір топтарының діни нанымдарын жоюды және сол топтардың тап күресінің табысын, барысын, жағдайын абсолюттік, аттап өтпейтін шекпен бөліп тастау — диалектикалық емес пайымдау, жылжымалы, относительді шекті абсолюттік шекке айналдыру деген сөз,— ақиқат болмыстағы айрылмас-

тай байланысқан нәрсені күштеп айыру деген сөз. Мысал келтірелік. Белгілі бір облыстың, өнеркәсіптің белгілі бір саласының пролетариаты, айталық, жеткілікті дәрежеде саналы социал-демократтардың, әлбетте, атеистер болып табылатын социал-демократтардың алдыңғы қатарлы тобы болып және едәуір артта қалған, әлі деревнямен, шаруалармен байланысты, құдайға сенетін, шіркеуге баратын немесе тіпті, айталық, христиандық жұмысшылар одағын құрушы жергілікті священниктің тікелей ықпалында жүрген жұмысшылар тобы болып екіге бөлінеді екен делік. Ал сонан соң осындай жердегі экономикалық күрес стачкаға әкеліп соқты делік. Марксист үшін стачка қозғалысының табысты болуын бірінші кезекке қою міндетті нәрсе, бұл күресте жұмысшылардың атеист және христиан болып екіге бөлінуіне қарсы үзілді-кесілді әрекет жасау, бұлай бөлінушілікке қарсы батыл күресу міндетті нәрсе. Атеистік уағыз мұндай жағдайда артық та, зиянды да болып шығуы мүмкін,— артта қалған топтарды шошытып алмайын деген, сайлауда мандаттан айрылып қалмайын деген және т. с. тоғышарлық ойлар тұрғысынан емес, қазіргі капиталистік қоғам жағдайында христиан-жұмысшыларды социал-демократияға және атеизмге жалаң атеистік уағыздан жүз есе жақсы жеткізетін тап күресінің шын прогресі тұрғысынан зиянды болып шығуы мүмкін. Атеизмнің уағыздаушысы мұндай кезде және мұндай жағдайда жұмысшылардың стачкаға қатысуына қарай бөлінуін олардың құдайға сенуіне қарай бөлінуімен ауыстырудан басқа еш нәрсені тілемейтін попқа және поптарға ғана *пайдалы* болар еді. Анархист қайткенде де құдайға қарсы соғыс ашуды уағыздап, іс жүзінде поптар мен буржуазияға (анархистердің әрқашан *іс жүзінде* буржуазияға көмектесетіні сияқты) көмектескен болар еді. Марксист материалист болуға, яғни діннің жауы болуға тиіс, бірақ материалист болғанда, диалектикалық материалист болуға, яғни дінге қарсы күресу ісін абстракт түрде емес, жалпылама, таза теориялық, әрқашан өзіне тең уағыз негізінде емес, нақтылы түрде, *іс жүзінде* болып жатқан жəне бұқараны бәрінен де көбірек, бәрі-

нен де жақсырақ тәрбиелейтін тап күресі негізінде қоятын болуға тиіс. Марксист барлық нақтылы жағдайды есептей білуге, анархизм мен оппортунизмнің арасындағы шекараны (бұл шекара относительді, жылжымалы, өзгермелі, бірақ ол бар) әрқашан таба білуге тиіс, анархистің абстракт, сөз жүзіндегі, іс жүзінде бос «революционаризміне» де түсіп кетпеуге, ұсақ буржуа мен либерал интеллигенттің, интеллигент болғанда дінге қарсы күресуден қорқатын, өзінің осы міндеті жөнінде ұмытатын, құдайға сенушілікпен келісетін, тап күресі мүдделерін басшылыққа алмай, көңілін қалдырмау, бездіріп алмау, шошытпау керек деген ұсақ, болмашы есепсымақты, «өзің күніңді көр, басқаларға да күн көрсет» деген білгірсінген ережені және т. т. және т. с. басшылыққа алатын либерал интеллигенттің тоғышарлығы мен оппортунизміне де түсіп кетпеуге тиіс.

Социал-демократияның дінге көзқарасына қатысы бар жеке мәселелердің бәрі де осы көрсетілген тұрғыдан шешілуі керек. Мысалы, священник социал-демократиялық партияның мүшесі бола ала ма деген сұрақ жиі қойылады, ал бұл сұраққа, әдетте, Европа социал-демократиялық партияларының тәжірибесіне сүйеніп, ешқандай ескертусіз-ақ мүшесі бола алады деп жауап береді. Бірақ бұл тәжірибе марксизмнің доктринасын жұмысшы қозғалысына қолданудан ғана туып отырған жоқ, сонымен қатар Батыстың Россияда жоқ, ерекше тарихи жағдайларынан да (бұл жағдайлар туралы біз төменде айтамыз) туып отыр, сондықтан сөзсіз мүшесі бола алады деп жауап беру бұл арада дұрыс емес. Қай уақытта болса да және қай жағдайда болса да священниктер социал-демократиялық партияның мүшесі бола алмайды деп жариялауға да болмайды, ал және қай уақытта болса да оның керісінше ереже белгілеуге де болмайды. Егерде священник бірлесіп саяси жұмыс істеу үшін бізге келсе және партияның программасына қарсы шықпай, партия жұмысын адал атқарса, онда біз оны социал-демократияның қатарына ала аламыз, өйткені біздің программамыздың рухы мен негіздерінің және священниктің діни сенімдерінің арасындағы қай-

шылық мұндай жағдайларда тек оның өзіне ғана қатысты, оның жеке басының ғана қайшылығы болып қалар еді, ал саяси ұйым өзінің мүшелерінен олардың көзқарастары мен партия программасының арасында қайшылығы болмауы жайында емтихан ала алмайды. Бірақ, әлбетте, мұндай жағдай тіпті Европада да ілуде бір ғана бола алар еді, ал Россияда оның тіпті болу мүмкіндігі де шамалы. Ал егер, мысалы, священник социал-демократтар партиясына кіріп алып, бұл партияда өзінің басты және бірден-бір дерлік жұмысы етіп діни көзқарастарды белсенді түрде уағыздай бастаса, онда партия оны өз ортасынан сөзсіз шығарып тастауға тиісті болар еді. Біз құдайға сенетін жұмысшылардың бәрінің социал-демократиялық партияға кіруіне жол беріп қана коймай, қайта оларды партияға құлшына тартып отыруға тиіспіз, біз олардың діни сенімдерін зәрредей де болса қорлаушылыққа сөзсіз қарсымыз, бірақ біз оларды партиямызға тартқанда, біздің программамызға қарсы белсене күрессін деп тартпаймыз, сол программамыздың рухында тәрбиелеу үшін тартамыз. Біз партия *ішінде* пікір еріктілігіне жол береміз, бірақ топтасу бостандығымен белгіленетін, белгілі шекке дейін жол береміз: біз партияның көпшілігі теріс деп табатын көзқарастарды белсене уағыздаушылармен қол ұстасып бірге жүруге міндетті емеспіз.

Екінші мысал: социал-демократиялық партияның мүшелерін олардың: «социализм — менің дінім» деген мәлімдемесі үшін және осы мәлімдемесіне сәйкес көзқарастарды уағыздағаны үшін барлық жағдайларда бірдей айыптауға бола ма? Жоқ, болмайды. Бұл арада марксизмнен (демек, социализмнен де) шегінудің бар екендігі күмәнсыз, бірақ бұл шегінудің маңызы, оның, былайша айтқанда, үлес салмағы түрлі жағдайларда түрліше болуы мүмкін. Егерде үгітші немесе жұмысшылар бұқарасының алдында сөйлеуші адам түсініктірек етейін деп, айтатын ойын бастап кетейін деп, өзінің көзқарастарын сана-сезімі оянып жетпеген бұқараға неғұрлым үйреншікті терминдермен анықтаңқырап айтайын деп осылай десе, онда мәселе бір басқа. Ал егер жазушы «құдай жасампаздықты» немесе құдай

жасампаздық социализмді (мысалы, біздің Луначарский мен К⁰ рухында) уағыздай бастаса, онда мәселе екінші басқа. Алғашқы айтылғанындай ретте жазғыру деген қаншалықты бекерге тиісу немесе тіпті үгітшінің еркіндігіне, «педагогикалық» ықпал еркіндігіне орынсыз қысым жасағандық болатын болса, екінші ретте партиялық тұрғыдан айыптау соншалықты қажет және міндетті болып табылады. «Социализм дегеніміз — дін» деген ереже біреулер үшін діннен социализмге көшу формасы да, екінші біреулер үшін — социализмнен дінге көшу формасы.

Енді «дін әркімнің жеке басының ісі деп жариялансын» деген тезисті Батыста оппортунистік тұрғыдан түсіндіруді туғызған жағдайларға келелік. Әрине, мұнда жұмысшы қозғалысының түбегейлі мүдделерін минуттық пайдаларға бола құрбан ету сияқты жалпы оппортунизм атаулыны туғызатын жалпы себептердің ықпалы бар. Пролетариат партиясы *мемлекеттен* дінді әркімнің жеке басының ісі деп жариялауды талап етеді, бірақ ол халықтың басын айналдыратын апиынмен күресу мәселесін, діни соқыр сенімдермен және т. т. күресу мәселесін «әркімнің жеке басының ісі» деп тіпті де есептемейді. Оппортунистер істің жайын *социал-демократиялық* партия дінді әркімнің жеке басының ісі деп *есептейді* деген сияқты етіп бұрмалайды!

Бірақ әдеттегі оппортунистік бұрмалаушылықтан (дін туралы сөйленген сөздерді талқылаған кезде біздің думадағы фракцияның жүргізген жарыс сөзінде мүлдем түсіндірілмей қалған бұрмалаушылықтан) басқа, дін туралы мәселеге Европа социал-демократтарының қазіргі, былайша айтқанда, өте-мөте селсоқ қараушылығын туғызған ерекше тарихи жағдайлар да бар. Бұл жағдайлар екі түрлі. Біріншіден, дінге қарсы күресу міндеті — революциялық буржуазияның тарихи міндеті, ал Батыста бұл міндетті буржуазиялық демократия *өзінің* революциялары заманында немесе өзінің феодализмге және орта ғасырлық тәртіпке қарсы жасаған тегеуріні заманында едәуір дәрежеде орындады (немесе орындап жатты). Францияда да, Германияда да дінге қарсы буржуазиялық соғыстың, социализммен көп

бұрын басталған соғыстың дәстүрі бар (энциклопедистер, Фейербах). Россияда, біздің буржуазиялық-демократиялық революцияның жағдайларына сәйкес, бұл міндет те бүтіндей дерлік жұмысшы табының мойнына жүктеледі. Ұсақ буржуазиялық (халықшылдық) демократия бұл жөнінде бізде онша көп (жаңадан пайда болған қаражүздік кадеттердің немесе «Вехидің»[165] кадеттік қаражүздіктерінің ойлағанындай) ештеңе істеген жоқ, қайта Европамен салыстырғанда *өте аз* істеді.

Екінші жағынан, дінге қарсы буржуазиялық соғыс дәстүрі Европада анархизмнің бұл соғысты ерекше буржуазиялық түрде *бұрмалауын* туғызып үлгерді, ал анархизм, марксистердің әлдеқашан және талай рет түсіндіргеніндей, өзі буржуазияға қаншама «өрекпіп» тиіссе де, буржуазиялық дүние таным негізінде тұрған еді. Роман елдерінде анархистер мен бланкистер, Германияда Мост (тіпті әуелі, Дюрингтің бұрынғы шәкірті) және К[0], Австрияда 80-жылдардағы анархистер дінге қарсы күресте революциялық бос сөзді nec plus ultra *-ға дейін жеткізді. Сондықтан анархистер иіп кеткен *таяқты* енді европалық социал-демократтардың *онан әрі иіп жатқандығы* таңқаларлық нәрсе емес. Бұл түсінікті және белгілі бір дәрежеде заңды нәрсе, бірақ Батыстың ерекше тарихи жағдайларын ұмыту бізге, орыс социал-демократтарына, жараспайды.

Екіншіден, Батыста ұлттық буржуазиялық революциялар аяқталғаннан *кейін*, дін ұстау жөнінде азды-көпті толық бостандық енгізілгеннен *кейін*, дінге қарсы демократиялық күрес мәселесін буржуазиялық демократияның социализмге қарсы күресінің тарихи жағынан екінші қатарға түсіріп тастағандығы сонша — буржуазиялық үкіметтер клерикализмге quasi**-либералдық «жорық» жасап, бұқараның назарын социализмнен *әдейі* аударып әкетпек болды. Германиядағы Kulturkampf те, Францияның буржуазиялық республикашылдарының клерикализмге қарсы күресі де осындай сипатта еді. Жұмысшылар бұқарасының назарын социа-

* — ең ақырғы шегіне. *Ред.*
** — бейне бір. *Ред.*

лизмнен аударып әкетудің құралы ретіндегі буржуазиялық антиклерикализм — Батыста социал-демократтардың арасында олардың дінге қарсы күреске қазіргі «селсоқ қараушылығы» таралар алдында болған нәрсе, міне, осы. Бұл тағы да түсінікті және заңды нәрсе, өйткені буржуазиялық және бисмарктік антиклерикализмге социал-демократтар дінге қарсы күресті нақ социализм үшін күреске *бағындыруды* қарама-қарсы қоюлары керек еді.

Россияда жағдай мүлдем басқаша. Пролетариат — біздің буржуазиялық-демократиялық революцияның көсемі. Оның партиясы орта ғасырлық атаулының бәріне қарсы күресте, оның ішінде ескі, қазыналық дінге қарсы, оны жаңартуға немесе оны жаңадан яғни басқаша түрде негіздеуге және т. т. тырысушылықтың бәріне қарсы күресте идеялық көсем болуға тиіс. Сондықтан, жұмысшы партиясының *мемлекет* дінді әркімнің жеке басының ісі деп жарияласын деген талабына дін социал-демократтардың өздері мен социал-демократиялық партия үшін жеке бастың ісі болсын деп *жариялауымен* алмастырған неміс социал-демократтарының оппортунизмін Энгельс біршама жұмсақтау тілмен түзеткен болса,— онда орыс оппортунистерінің немістің осы бұрмалауына еліктей қоюын Энгельстің *жүз есе* қаттырақ айыптауына тұратындығы түсінікті емес пе.

Дума мінбесінен: дін халықтың басын айналдыратын апиын деп мәлімдеп біздің фракция әбден дұрыс істеді, сөйтіп, ол орыс социал-демократтарының дін туралы мәселе жөніндегі сөйлейтін сөздерінің бәріне негіз боларлықтай үлгі жасап берді. Атеистік қорытындыларды бұдан да гөрі егжей-тегжейлі дамыта түсіп, ілгерілей беру керек пе еді? Біздің ойымызша, керегі жоқ. Мұның өзі пролетариаттың саяси партиясы тарапынан дінге қарсы күресті асыра бағалап жіберу қаупін туғызған болар еді; мұның өзі дінге қарсы буржуазиялық күрес пен социалистік күрестің арасындағы шектің жойылуына әкеп соқтырған болар еді. Біріншіден, социал-демократиялық фракцияның қаражүздік Думада орындауға тиісті нәрсесі абыроймен орындалды.

Екіншіден — социал-демократтар үшін, сірә, ең бастысы — қаражүздік үкіметті және жұмысшы табына қарсы күресте буржуазияны қолдап келген шіркеу мен дінбасыларының таптық ролін түсіндіру ісі де нақ сондай абыроймен орындалды. Әрине, бұл тақырыпта әлі де өте көп айтуға болады, ал социал-демократтардың келесі сөздері Сурков жолдастың сөзін немен толықтыру керектігін табады, бірақ әйткенмен де оның сөзі өте жақсы болды, ал бұл сөзді барлық партия ұйымдарының таратуы партиямыздың тікелей міндеті болып табылады.

Үшіншіден — неміс оппортунистері оте жиі бұрмалап жүрген: «Дінді әркімнің жеке басының ісі деп жариялау» деген қағиданың *дұрыс* мәнін барынша толық түсіндіру керек еді. Сурков жолдас, амал не, мұны істемеді. Мұның, әсіресе өкінішті болатын себебі — фракцияның бұдан бұрынғы қызметінде осы мәселе жөнінде Белоусов жолдастың, *«Пролетарий»* дер кезінде көрсетіп өткен, қатесі де орын алған еді[166]. Фракциядағы жарыс сөз мынаны көрсетеді: атеизм туралы таластың өзі дінді әркімнің жеке басының ісі деп жариялау жайындағы атышулы талапты дұрыс баяндау туралы мәселені фракциядан колегейлеп жіберді. Бүкіл фракцияның бұл қатесі үшін біз жалғыз Сурков жолдасты кінәламаймыз. Ол ол ма. Бұл арада біз: бұл мәселені шала түсіндірген, Энгельстің неміс оппортунистері атына айтқан ескертуінің маңызын түсінуге социал-демократтарды жеткілікті даярламаған бүкіл партияның кінәсы бар екендігін тура мойындаймыз. Фракция ішіндегі жарыс сөз мұның өзі, Маркстің ілімімен тіпті де есептескісі келмегендік емес, мәселені анық түсінбегендік қана екендігін дәлелдеп отыр, ал біз бұл қате фракцияның келесі сөздерінде түзетілетіндігіне сенеміз.

Жалпы және тұтас алғанда Сурков жолдастың сөзі өте жақсы сөз, оны барлық ұйымдар таратуға тиіс дегенді қайталап айтамыз. Фракция осы сөзді талқылаумен өзінің социал-демократиялық борышын әбден адал орындағандығын дәлелдеді. Енді фракцияны пар-

тиямен жақындастыру үшін, фракцияның істеп жатқан ішкі ауыр жұмыстарымен партияны таныстыру үшін, партия мен фракцияның қызметінде идеялық бірлік орнату үшін фракцияның ішіндегі жарыс сөз туралы корреспонденциялар партиялық баспасөзде жиірек шығып тұруын тілеу ғана қалып отыр.

«Пролетарий» № 45,
13 (26) май, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ

„Пролетаріи всѣхъ странъ соединяйтесь!“

Клубъ редакціи „Пролетарій“

Въ Пятницу, 21-го Мая 1909 года

въ залѣ на *rue de Bretagne*, 49

тов. Ленинъ

прочтетъ рефератъ на тему:

„РЕЛИГІЯ и РАБОЧАЯ ПАРТІЯ“

По окончаніи реферата свободная дискуссія.

Начало въ 8½ ч. веч.

Плата за входъ 50 и 15 с. Входъ свободный для всѣхъ.

Рабочая Типографія

В. И. Лениннің «Дін және жұмысшы партиясы»
деген рефераты туралы хабарландыру—8(21) май, 1909 ж.

Кішірейтілген

ТАПТАР МЕН ПАРТИЯЛАР ОЛАРДЫҢ ДІНГЕ ЖӘНЕ ШІРКЕУГЕ КӨЗҚАРАСЫ ЖАҒЫНАН АЛҒАНДА

Мемлекеттік думада синодтың сметасы туралы, онан кейін діни атағын тастаған адамдарға праволарын қайтарып беру туралы, ақырында, ескі дәстүрлік қауымдар туралы мәселе жөнінде болған жарыс сөздер орыс саяси партияларын олардың дінге және шіркеуге көзқарасы жағынан сипаттауға өте-мөте тағылым аларлық материал берді. Көбінесе синодтың сметасы жөніндегі жарыс сөздерге тоқтай отырып (жоғарыда көрсетілген мәселелердің басқалары бойынша жарыс сөздердің стенографиялық есептерін біз әлі алғанымыз жоқ), бұл материалға жалпы көз жіберейік.

Думадағы жарыс сөздерді талдаған кезде ерекше көзге түсетін бірінші қорытынды мынау: Россияда белсене күрес жүргізуші клерикализмнің бар екендігі былай тұрсын, сонымен қатар ол барған сайын көріне күшейіп, ұйымдасып отыр. 16 апрельде епископ Митрофан былай деп мәлімдеді: «думадағы қызметіміздің алғашқы қадамдары біздің, халықтың құрметтеп сайлаған адамдарының, осы Думада партияларға бөлшектенулерден жоғары тұруымызға, барлық жағын бірдей өзінің этикалық көзқарасымен айқындап бере алатын дін басыларының бір ғана тобын құруымызға бағытталған еді... Біздің осындай мінсіз жағдайға келе қоймаған себебіміз не?.. Кінә осындағы орындарды өздеріңізбен» (яғни кадеттермен және «солшылдармен») «бөлісіп алып отырған адамдарда, атап айтқанда, оппозицияға жататын діни депутаттарда. Олар жұрттан бұрын да-

уыс котеріп, мұның өзі клерикалдық партияның тууынан басқа еш нәрсе емес, мұның өзі мүлдем қажеті жоқ нәрсе деп шу ете қалды. Әрине, орыстың православиелік дін басыларының клерикализмі туралы айтып жатудың қажеті жоқ,— бізде еш уақытта ондай тенденциялар болған емес, біз жеке топ болып бөлініп шыққымыз келгенде таза моральдық, этикалық мақсаттарды көздегенбіз, ал қазір, мырзалар, біздің туысқандық ортамызға солшыл депутаттар енгізген осындай келіспеушіліктердің салдарынан бөліну, бөлшектену туған кезде, сіздер» (яғни кадеттер) «бұған бізді кінәлайсыздар».

Епископ Митрофан өзінің сауатсыз сөзінде жасырын сырды айтып қойды: көресіздер ме, ерекше «моральдық» (бұл сөз, әрине, халықты алдау үшін «клерикалдық» дегеннен гөрі қолайлырақ) топ құрудан дума поптарының бір бөлегін бөліп әкеткеніне солшылдар кінәлы көрінеді!

Бұдан бір ай шамасы откен соң, 13-майда, епископ Евлогий Думада «думадағы дін басыларының қаулысын» оқыды: «Думадағы православиелік дін басыларының басым көпшілігі былай деп біледі»... «православиелік шіркеудің бірінші орында болатын және үстемдік ететін жағдайын» сақтау үшін ескі дәстүршілердің уағыз бостандығына да, ескі дәстүрлік қауымдардың бетадды ашыла беру тәртібіне де, ескі дәстүрлік діни адамдардың священник қызметіндегілер деп аталуына да жол берілмеуі керек. Орыс поптарының «таза моральдық көзқарасы» өзінің барып тұрған клерикализм екенін әбден көрсетті. Думадағы дін басыларының «басым көпшілігі», олардың атынан епископ Евлогий сөз сөйледі, сірә, үшінші Думаның 29 оңшыл және баяу оңшыл священниктерінен, мүмкін, тіпті октябрист 8 священниктен құралган да болар. Оппозицияға прогрессистер мен бейбіт жаңартушылар тобынан 4 священник жәпе поляк-литван тобынан бір священник кеткен болуга тиіс.

«Думадағы (үшінші июньдік дегенді қосу керек) дін басылары басым көпшілігінің таза моральдық, этикалық көзқарасы» деген қандай? Бұған сойленген сөздерден бірнеше үзінділер келтірелік: «Менің айтып тұрғаным

мынау ғана: осы (яғни шіркеулік) өзгерістер жасаудың инициативасы сырттан емес, мемлекет тарапынан және, әрине, бюджет комиссиясы тарапынан емес, шіркеудің өз ішінен шығуға тиіс. Шіркеу деген құдайы және мәңгілік мекеме ғой, оның заңдары бұлжымайтын заңдар, ал мемлекеттік өмір мұраттарының үнемі өзгерістерге ұшырап отыратындығы белгілі» (епископ Евлогий, 14 апрель). Шешен «қауіпті тарихи салыстыруды»: II Екатерина тұсында шіркеу мүліктерінің секуляризация жасалғанын еске түсіреді. «Биылғы жылы оны (шіркеу қаржысын) мемлекеттік бақылауға бағындыру ниетін білдіріп отырған бюджет комиссиясы келесі жылы оны жалпы мемлекеттік казначейлікке аудару, ал одан кейін оны иемдену ісін шіркеу билігінен азаматтық немесе мемлекеттік билікке мүлдем көшіру ниетін білдірмейтініне кім кепіл бола алады?.. Шіркеу ережелері былай дейді: егер епископке христиандардың жаны сеніп тапсырылған болса, онда шіркеу мүліктері одан да гөрі сеніп тапсырылуға тиіс... Қазір сіздердің (Дума депутаттарының) алдарыңызда, халық өкілдерінің алдында тұрғандай ғана болып емес, онымен қатар өзінің рухани перзенттерінің алдында тұрғандай болып, сіздердің рухани анаңыз, қасиетті православие шіркеуі тұр» (бұл да сонда).

Міне, бұл — нағыз клерикализм. Уақытша, фәни дүниеден мәңгілік пен құдайдың жоғары тұратыны сияқты, шіркеу мемлекеттен жоғары тұрады. Мемлекеттің шіркеу мүліктерін секуляризация жасауына шіркеу кешірім жасамайды. Шіркеу өзіне бірінші орындағы және үстемдік жағдай болуын талап етеді. Шіркеу үшін Дума депутаттары халық өкілдері ғана емес — дұрысында одан гөрі — «рухани перзенттер».

Бұлар, социал-демократ Сурковтың айтқанындай, ряса киген чиновниктер емес, ряса киген *крепостниктер*. Шіркеудің феодалдық артықшылықтарын қорғау, орта ғасырлық тәртіпті ашықтан-ашық жақтау — міне, үшінші Думадағы дін басылары көпшілігінің саясатының мәні осы. Епископ Евлогий өзгелерінен бөлек тұрған адам емес. Гепецкий де жол беруге болмайтын «жәбір» деп «секуляризацияға» қарсы байбалам салып отыр (14 ап-

рель). Поп Машкевич *октябристік* баяндаманы сөгеді, сөккенде оның «біздің шіркеулік өміріміз сүйенген және сүйенуге тиіс тарихи және канондық тіректерді құлатуға», «орыстың православие шіркеуінің өмірі мен қызметін канондық жолдан тайдырып, ...шіркеудің шын князьдары — епископтар — өздерінің апостолдардан мұраға қалған праволарының бәрін дерлік азаматтық князьдарға беріп қоюға тиіс болатын жолға түсіруге»... тырысатындыгы үшін сөгеді. «Мұның өзі біреудің меншігіне, шіркеудің правосына және оның игілігіне қол сұғу дегеннен басқа ештеңе де емес». «Баяндамашы бізді шіркеулік өмірдің канондық құрылысын бұзуға жетектеп отыр, ол православие шіркеуін, оның барлық шаруашылық міндеттерімен қоса, Мемлекеттік думаға, біздің мемлекетіміздегі дін тұтушылыққа төзетін де, төзбейтін де нағыз әр түрлі элементтерден құралып отырған мекемеге бағындыргысы келеді» (14 апрель) дейді.

Орыс халықшылдары мен либералдары Россияда белсене күрес жүргізуші клерикализмнің болуына, «шіркеу князьдарының» азаматтық өкіметпен күресуіне және т. с. негіз жоқ деген «теориямен» өздерін ұзақ уақыт жұбатып келген немесе, дұрысырағын айтқанда, өздерін алдап келген еді. Біздің революция халықшылдық және либералдық жалған үміттердің басқаларымен қатар осы жалған үмітті де үзіп жіберді. Самодержавие бүтін және оған ешкім тимей тұрған кезде клерикализм жасырын өмір сүрді. Полиция мен бюрократияның шектен тыс өктемдігі «қоғам» мен халықтың көзінен, жалпы алғанда, тап күресін де, атап айтқанда, «ряса киген крепостниктердің» «опасыз қара табандарға» қарсы күресін де бүркемелеп отырды. Революцияшыл пролетариат пен шаруалардың крепостниктік самодержавиеге берген алғашқы соққысының өзі-ақ құпия нәрсені жария етті. Пролетариат және буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы элементтері 1905 жылдың аяғында жеңіп алған саяси бостандықпен, бұқараны ұйыдастыру бостандығымен пайдалана бастасымен-ақ, реакциялық таптар да дербес, ашық ұйымға ұмтыла бастады. Нағыз абсолютизм тұсында олардың ұйымдаспа-

ған және онша көріне бас көтермеген себебі — олардың әлсіздігінен емес, қайта күштілігінен,— олардың ұйымдасуға және саяси күреске қабілетсіздігінен емес, қайта олардың ол кезде ондай дербес таптық ұйымның оншалықты қажеттігіне әлі де болса көздері жетпегендігінен болды. Олар Россияда самодержавиеге және крепостниктерге қарсы бұқаралық қозғалыстың болатынына сенбеді. Олар қара табандарды ұстап отыру үшін қамшы ғана жеткілікті болады дегенге әбден сенімді болды. Самодержавиеге салынған бірінші жарақаттың өзі-ақ самодержавиені қолдайтын, самодержавиеге мұқтаж болып отырған әлеуметтік элементтерді жалғанның жарығына шығуға мәжбүр етті. 9 январьды, 1905 жылдың стачка қозғалысын және октябрь-декабрь революциясын жасай алған бұқараға қарсы ескі қамшымен *ғана* күресуге енді болмайтын еді. Дербес саяси ұйымдар майданына шығу керек болды; Біріккен дворяндар советінің қаражүздіктерді ұйымдастыруы және нағыз әулекі демагогияны күшейтуі керек болды; «шіркеу князьдары — епископтардың» реакцияшыл дін басыларын дербес күшке ұйымдастыруы керек болды.

Үшінші Дума және орыс контрреволюциясының үшінші думалық дәуірі нақ мыналармен сипатталады: реакцияшыл күштердің бұл ұйымы жарыққа шықты да, жалпы ұлттық көлемде қанатын жая бастады, ерекше қаражүздік-буржуазиялық «парламентті» талап етті. Белсене күрес жүргізуші клерикализм өзін көзбе-көз көрсетті, сондықтан Россия социал-демократиясының енді клерикалдық буржуазия мен антиклерикалдық буржуазияның арасындағы жанжалдардың талай рет бақылаушысы және қатысушысы болуына тура келеді. Егер біздің жалпы міндетіміз пролетариаттың ерекше тап болып, өзін буржуазиялық демократиядан ажырата білетін тап болып ұйымдасуына көмектесу болатын болса, онда бұл міндетке, оның бір бөлігі ретінде, социалистік антиклерикализмнің буржуазиялық антиклерикализмнен айырмашылығын бұқараға түсіндіру үшін насихат пен үгіттің барлық құралдарын, оның ішінде Дума мінбесін де пайдалану ісі кіреді.

III Думада барып тұрған оңшылдарға қарсы, клерикалдар мен үкіметке қарсы сөйлеген октябристер мен кадеттер буржуазияның шіркеу мен дінге көзқарасын айқын көрсетіп, бізге бұл міндетті өте-мөте жеңілдетіп берді. Кадеттердің және прогрессистер деп аталатындардың жария баспасөзі қазір ескі дәстүршілер туралы мәселеге, октябристердің кадеттермен бірігіп, үкіметке қарсы сөйлегеніне, олардың аздап болса да, 17 октябрьде уәде етілген, «реформалар жасау жолына түскеніне» ерекше назар аударып отыр. Бізді мәселенің принциптік жағы, яғни демократ-кадет деген атаққа ұмтылатын буржуазияны да қосқанда буржуазия атаулының дін мен шіркеуге көзқарасы анағұрлым көбірек қызықтырады. Біз біршама жеке мәселе — ескі дәстүршілердің үстем шіркеумен қақтығысуы туралы, ескі дәстүршілерге және тіпті оларға тура финанстық мағынада жартылай тәуелді октябристерге («Голос Москвы»[167] ескі дәстүршілердің қаржысымен шығарылып тұрады деседі) байланысты мінез-құлық туралы мәселе — буржуазияның тап ретіндегі мүдделері мен саясаты туралы негізгі мәселені көлегейлеуіне жол бермеуіміз керек.

Ұстаған бағыты жағынан октябрист, октябристердің фракциясынан шыққан граф Уваровтың сөйлеген сөзіне қараңызшы. Социал-демократ Сурковтан кейін сөйлеп, ол мәселені жұмысшы депутат қойған принциптік негізге қоюдан бірден бас тартады. Уваров тек шіркеудің кейбір табыстары туралы және приход қаржысының жұмсалуы туралы Думаға мәлімет бергісі келмегені үшін ғана синод пен обер-прокурорға тиіседі. Октябристердің «православиені нығайту мүдделері үшін» приходты қалпына келтіруді талап етіп отырған ресми өкілі Каменский де (16 апрель) мәселені осылайша қояды. Осы пікірді «солшыл октябрист» деп аталатын Капустин былайша өрістетеді: «Егер,— деп лепіреді ол,— біз халық өміріне, село халқының өміріне көз жіберетін болсақ, онда біз қазір, енді, қайғылы құбылысты — діни өмірдің шайқалып, халық адамгершілігінің бірден-бір аса ұлы негізі шайқалып жатқанын көреміз... Күнә деген ұғымды немен алмастыруға болады, ұждан нұсқауын немен алмастыруға болады? Мұның тап күресі ұғы-

мымен және белгілі бір таптың праволары ұғымымен алмастырылуы мүмкін емес қой. Бұл — біздің тұрмысымыздың күнделікті салтына еніп кеткен қайғылы ұғым. Сондықтан діннің адамгершіліктің негізі ретінде өмір сүре беруі, ол жұрттың бәріне түсінікті болуы тұрғысынан қарағанда бұл дінді іске асырушылардың тиісінше беделге ие болуы керек...»

Дін ықпалының жеткіліксіздігін, ескіріп кеткендігін, тіпті шіркеу беделін *төмендетіп* отырған «ряса киген чиновниктердің» билеуші таптарға тигізетін зиянын сезген контрреволюциялық буржуазияның өкілі дінді нығайтқысы келеді, діннің бұқараға ықпалын күшейткісі келеді. Діннің бұқараға ықпалын *күшейту үшін*, халықты топастандырудың ең болмағанда кейбір, тым дөрекі, тым ескіріп кеткен, тым тозып кеткен, мақсатқа жеткізбейтін құралдарын,— неғұрлым ептейлірек, неғұрлым жетілдірілген құралдарымен алмастыру үшін октябрист клерикализмнің ұшқарылығына қарсы және полициялық қамқорлыққа қарсы күреседі. Бұқараны топастандыру үшін қазір полициялық дін жеткіліксіз, бізге неғұрлым мәдениетті, неғұрлым жаңартылған, неғұрлым епті, өзін өзі басқаратын приходта әрекет ете алатын дін беріңдер,— капиталдың самодержавиеден талап етіп отырғаны, міне, осы.

Кадет Караулов та *бүтіндей* нақ сол көзқарасты жақтайды. Бұл «либерал» ренегат («Народная волядан» біртебірте жылжып оңшыл кадеттерге келген ренегат) «шіркеуді денационализациялау дегеніміз халық бұқарасын, жәй халықты шіркеу құрылысынан қуу болады деп түсініп, шіркеуді денационализациялауға» қарсы байбалам салады. Ол бұқараның «дінсізденуі» *«масқаралық»* (дәл солай деген!) деп біледі. Ол «шіркеудің өте зор өзіндік құндылығы... шіркеу ісі үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік іс үшін де орасан зор зиян болатындай етіліп... құнсыздандырылады» деп нақ меньшиковше даурығады. Ол жәдігөй Евлогийдің «шіркеудің міндеті мәңгілік, бұлжымайтын міндет, ал олай болса, шіркеуді саясатпен байланыстыру мүмкін емес» деген тақырыптағы жиркенішті екіжүзділігін «сөздің алтыны» деп атайды. Ол шіркеу «қазіргісінен гөрі үлкен

күш, жоғары даңқпен өзінің ұлы, қасиетті ісін христостық рухта — сүйіспеншілік пен бостандық рухында істей беретін» *болуы үшін* шіркеудің қаражүздікпен одақ болуына қарсы шығады.

Белоусов жолдас Дума мінбесінен Карауловтың осы «лирикалық сөздерін» келеке етіп, өте жақсы істеді. Бірақ ондай келеке ету әлі өте-мөте жеткіліксіз. Мынаны анықтау керек еді,— және алғашқы сәті түскен жағдайда Дума мінбесінен осыны анықтау керек болады,— кадеттердің көзқарасы октябристердің көзқарасымен толық бірдей және ол «мәдениетті» капиталдың шіркеулік алдаудың ескішіл, қатардағы россиялық «батюшка» қолданғанынан гөрі анағұрлым оңтайлы құралдары арқылы халықты діни есірікпен топастандыруды ұйымдастыруға тырысуынан басқа ештеңені білдірмейді.

Халықты рухани құлдықта ұстау үшін шіркеудің қаражүздікпен тығыз одағы болуы керек,— деген Пуришкевичтің сөзі тағы помещиктің әрі ежелгі ұр да жықтың сөзі еді. Қателесесіздер, мырзалар, деп қарсылық білдіреді Карауловтың сөзімен контрреволюциялық буржуа,— ол: ондай құралдармен сіздер халықты діннен тек біржола бездіріп аласыздар. Онан гөрі ақылдырақ, айлалырақ, икемдірек әрекет жасап көрелік,—тым ақымақ және дөрекі қаражүздікті алып тасталық, «шіркеуді денационализациялауға» қарсы күрес жариялайық, епископ Евлогийдің шіркеу саясаттан жоғары тұрады деген «алтын сөздерін» туымызға жазып қоялық,— тек осындай тәсілмен әрекет еткен жағдайда ғана біз артта қалған жұмысшылардың тым болмаса бір бөлігін және, әсіресе мещандар мен шаруаларды ақымақ ете аламыз, жаңартылған шіркеудің халық бұқарасын рухани құлдықта ұстау жөніндегі «ұлы, қасиетті ісін» орындауына көмектесе аламыз деді.

«Речь» газетіне дейін, біздің либерал баспасөз соңғы кезде «Вехи» жинағының авторлары ретінде Струве мен К⁰-ны қатты ұрсумен болды. Бірақ кадеттер партиясының Мемлекеттік думадағы ресми шешені Караулов бұл жазғырудың, Струве мен К⁰-дан бұл безудің бәрінің бүкіл жексұрын екіжүзділігін тамаша әшкерелеп берді. Караулов пен Милюковтың ойында не болса, Струве со-

ны айтады. Либералдар Струвені кінәлағанда оның абайламай шындықты айтып қойғаны үшін, өзінің ойындағысын тым жайып салғаны үшін *ғана* кінәлайды. «Вехиді» жазғыратын, ал кадеттер партиясын одан әрі қолдайтын либералдар, абайламай ашық айтылған *сөзді* кінәлап және осы сөзге сай келетін *істің* өзін *істей* беріп, халықты нағыз арсыздықпен алдап отыр.

Талқыланып отырған мәселелер жөніндегі жарыс сөз кезінде трудовиктердің Думада көрсеткен пиғылы туралы аз ғана айтуға тура келеді. Әрқашанғы әдеті бойынша, трудовик-шаруалар мен трудовик-интеллигенттердің арасында айқын айырмашылық бар екені, оның кадеттерге ере кетуге барынша әзір тұрған трудовик-интеллигенттерге тиімсіз екені байқалды. Рас, шаруа Рожков сөйлеген сөзімен өзінің бүкіл саяси санасыздығын көрсетіп алды: ол да Орыс халқының одағы діни сенімді нығайтуға емес, қайта оны бұзуға көмектеседі деушілік жайындағы кадеттердің пасық ойын қайталады, ол ешқандай программаны баяндап бере алмады. Бірақ оның есесіне, ол дін басыларының алымқорлығы туралы, поптардың қорқыту арқылы алатыны туралы, неке қиюға ақшаның үстіне «бір шыны арақ, оған шәйнама және бір қадақ шай талап ететіні туралы, *ал кейде тіпті мінбеде тұрып айтуға ауыз бармайтын нәрсені сұрайтыны туралы»* (16 апрель, стенографиялық есептің 2259-беті) ашық, боямасыз шындықты қулықсыз айта бастаған кезде,— қаражүздік Дума шыдай алмады, оң жақтағы орындықтардан ызалы айқай-шу көтерілді. Құдайға құлшылық ету жоралғысы үшін төленетін алымның «кесімді мөлшері» баяндалған мужиктің қарапайым сөзі бұқараны дінге қарсы және шіркеуге қарсы теориялық немесе тактикалық мәлімдемелердің қандайынан болса да күштірек революцияшылдандыратынын сезіп, қаражүздіктер: бұл не деген басынғандық?, бұл не деген бейбастақтық?» — деп шулап қоя берді. Сөйтіп, III Думада самодержавиені қорғап отырған шонжарлар шайкасы өзінің малайы, председатель Мейендорфты қорқытты да, оны Рожковты сөзден айыруға мәжбүр етті (социал-демократтар, оларға қосылған бір-

қатар трудовиктер, кадеттер және т. б. председательдің бұл қылығына қарсылық білдірді).

Трудовик-шаруа Рожковтың сөзі, оның тым қарапайым сөз екеніне қарамастан, кадеттердің дінді екіжүзділік, көрнеу-реакциялық түрде қорғауы мен мужиктің жабайы, санасыз, ескішіл діншілдігінің арасындағы, діншілдік болғанда мужиктің тұрмыс жағдайлары — оның еркіне қарсы және оның санасына қарамастан алымдарға қарсы шын революциялық ашынуды және орта ғасырлық тәртіпке қарсы батыл күрестен тайсалмаушылықты туғызатын мужиктің діншілдігінің арасындағы бүкіл түпсіз тұңғиықты тамаша көрсетті. Кадеттер — дінді халыққа қарсы жаңартқысы және нығайтқысы келіп отырған контрреволюциялық буржуазияның өкілдері. Рожковтар — жетілмеген, санасыз, езілген, жалтақ, бытыранды, бірақ помещиктерге, поптарға, самодержавиеге қарсы күресте бойындағы революциялық күш-жігер қоры тіпті де әлі сарқа жұмсалмаған революциялық буржуазиялық демократияның өкілдері.

Трудовик-интеллигент Розанов кадеттерге Рожковтан гөрі санасыздығы анағұрлым кемірек жагдайда жақындады. Розанов шіркеуді мемлекеттен бөлу «солшылдардың» талабы екенін айта алды, бірақ «сайлау заңын дін басыларын саяси күреске қатысудан аластайтын бағытында озгерту» туралы реакциялық, мещандық бос создерді айтпай тұра алмады. Өзінің күн көрісі жайындағы шындықты айта бастаганда кәдімгі, орташа мужиктің аузынан өздігінен шығып кететін революцияшылдық трудовик-интеллигент сөйлегенде көмескі, ал кейде тіпті тура пасық сөздермен алмасып, жойылып кетіп отырады. Орыстың шаруалар бұқарасы крепостник-жер иелерінің, ряса киген крепостниктердің, крепостник-самодержавиешілдердің оларды жаныштап, құртып бара жатқан езгісін тек пролетариаттың соңынан ергенде ғана құлата алатыны жайындағы ақиқаттың дәлелін біз жүзінші және мыңыншы рет көріп отырмыз.

Жұмысшы партиясының және жұмысшы табының өкілі, социал-демократ Сурков, бүкіл Думада жалғыз сол ғана жарыс сөзді шын принциптік дәрежеге котерді және пролетариаттың шіркеуге және дінге қалай қа-

райтынын, бүкіл дәйекті, өмірге қабілетті демократия дінге қалай карауға тиіс екенін бүкпесіз айтып берді. «Дін — халықтың басын айналдыратын апиын»... «Халықтың санасын қараңғылайтын, халықтың бұл қан сорғыш дұшпандарына халықтық ақшадан бір тиын да берілмесін» деген социалистің тура, батыл, ашық айтқан бұл айбынды ұраны қаражүздік Думаға қыр көрсету сияқты болып естілді де, осы ұранды бұқараға тарататын, оны уақыты жеткенде революциялық іске айналдыра алатын миллиондаған пролетарлар оған үн қосты.

«Социал-Демократ» № 6,
4 (17) июнь, 1909 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫНА РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕР [168]

Орталық Комитет конференция шақыру жөніндегі жұмыстарды дереу [кірісуге] бастауға қаулы етеді.

1-ноябрь ақырғы мерзім болып тағайындалады*.

1908 ж. 11 (24) августа енгізілген

Бірінші рет 1933 ж Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* *И.* Ф. Дубровинский жазган текст петитпен берілiп отыр. *Ред.*

РСДРП ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ [169]

I.

Құрам (12 *апостол*
мызғы [майтын]
(перiште шенiндегi) [170] 5-еу)

II. (А)

1. стачкалық қозғалыс жәнс революциялық тегеурін;
2. реформизм және революция;
3. ұлтшылдыққа қарсы күрес міндеттері;
   — съездің алдына қою керек;
4. жария қоғамдарда қалай жұмыс істеу керек.

III. (Б)

(1) Думадағы фракция.
(2) Жария газеттер.
(3) Жария қоғамдар.
(4) Құпия үгітшілер және олардың жасырын ұрандары.

IV. (В)

Қарарлар және оларды түсіндіру...

V. (Г)

Сенім көрсетілген адамдар және оларды ұсыну.

1908 ж. 24 декабрьде (1909 ж. 6 январьда) жазылған
Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМ ТУРАЛЫ ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ ЖОСПАРЫ [171]

Марксизм		*Аграрлық мәселе*	
(α)	Қосымша құн (Mehrwert) теориясы.	(α)	Егіншіліктегі товар өндірісі.
(β)	Экономикалық даму.	(β)	Ірі өндіріс vs* ұсақ өндіріс.
(γ)	Тап күресі.	(γ)	Жалдама еңбек.
(δ)	Философиялық материализм.	(δ)	Рента.

(α)
1. Бұрынғы социалистер: «әділ емес» etc. Түсінік емес, сезім белгісі.
2. «Еңбек негізі» (Россиядағы).
3. Товар өндірісі.
4. Капитализм. *Mehrwert* теориясы.

(β)
1. Экономикалық даму. Өнеркәсіп (1907).
2. Орыс майдагерлері.
3. Егіншілік.
4. Темір жолдар және трестер.
5. Финанс капиталы.
6. Өндірісті қоғамдастыру. Социализацияланған *еңбек* және жеке-дара *иемдену*.

(γ)
1. Пролетариат және оның топтасуы (крепостной шаруа — пауупер — пролетар).

* — versus — жөніндегі, қарсы. *Ред.*

2. Жекелеген стачкалар. Машиналар «шайқасы».
3. Кәсіптік одақтар және қозғалыс.
4. Саяси күрес:
   Англия — либералдар
   Франция — радикалдар (республикашылдар)
   Германия — либералдар (60-жж.) мен оппортунистер.
5. Жұмысшы табының революциялық мақсаттары: капиталистерді экспроприациялау.
6. Революциялық күрес және реформалар үшін күрес.

(δ) Философиялық материализм.
1. Marx-тің теориясы = біртұтас дүниетаным.
2. Дүниетанымның басты екі түрі және философиялық бастама негіздер: поппылдық және материализм.
3. Энгельс (Людвиг Фейербах).
4. 1789 Франция — Гегель мен Фейербах Германия (1848 қарсаңында).
5. Диалектикалық материализм.
6. Россия: Чернышевский
   халықшылдар
   қазіргі оппортунистір)Богданов).

1908 немесе 1909 ж. жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«РОССИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ [172]

I. Абсолютизм қалай өзгереді. Плутократиялық немесе буржуазиялық монархия?

II. 3-Мем. дума және «күрестің парламенттік құралдары». «Социалист-революционерлердің» революциялық жел сөздері туралы бірер сөз.

III. Кадеттердің шовинизмі және трудовиктердің ауытқуы.

IV. «Өздері жеңіліс тапқан жерге кимелей бергісі» келетін ақымақ адамдар туралы.

V. Россияда парламентаризмді социал-демократиялық пайдалануды қалай жолға қою керек.

VI. Социал-демократия қатарынан неғұрлым белсенділер ме, әлде неғұрлым былжырлар шығып жатыр ма? Череванин — әдеби және әлеуметтік тип ретінде.

VII. Айрықша заң кезіндегі неміс социал-демократтарының тәжірибесі неге үйретеді.

VIII. Пролетариат пен мещандық интеллигенция тарихтың мерекелі және қалыпты кездерінде.

1909 ж. 10 февральдан ертерек (жаңаша) РСДРП-ға көмектесуші 2-Париж тобы шығарған реферат туралы хабарландыруда басылған

Хабарландырудың тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Март, 1908—июнь, 1909)

1908 ж.

А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Ленин 1908 жылы 6(19) апрельде А. М. Горькийге жазған хатында А. В. Луначарскийге жазған хатын еске салады, бұл хатта өзінің Каприге барудан бас тартуының себептерін «Мен мұны Ан. Вас-чке жазып жібергенмін...» (Шығармалар, 34-том, 399-бет) деп түсіндіреді.

ТУЫСҚАНДАРЫНА ХАТТАР

В. И. Лениннің анасына, М. А. Ульяноваға және апасы А. И. Ульянова-Елизароваға жазған, осы уақытқа дейін табылмаған хаттары туралы оның 1908 жылы 7 (20) июньде, 27 ноябрьде (10 декабрьде) М. А. Ульяноваға жазған хаттарынан, 1908 жылы 13(26) ноябрьде, 11(24) декабрьде, 1909 жылы 24 январьда (6 февральда), 3 немесе 4 (16 немесе 17) февральда, 24 февральда (9 мартта), 8 (21) мартта, 26 мартта (8 апрельде) А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хаттарынан (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 323, 339—340 және 337, 344, 345, 346, 355, 360, 369-беттер) белгілі.

Ю. М. СТЕКЛОВҚА ХАТ

1908 жылы 23 октябрьде (5 ноябрьде) В. И. Ленинге жазған хатында Ю. М. Стеклов былай деп хабарлады: «Құрметті Владимир Ильич! Шартқа тек бүгін ғана қол қойдым және Сіздің осыдан бес күн бұрын келген хатыңызға жауап беруге тек енді ғана мүмкіндік алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Стекловпен жазысылған хат-хабарда Н. Г. Чернышевскийдің өмірі мен қызметіне арналған жинаққа Лениннің қатысуы туралы сөз болған-ды. Ю. М. Стеклов Ленинге «Чернышевский және шаруалар мәселесі» деген тақырыпқа мақала жазуды ұсынып,

хатының мазмұнын А. А. Богдановқа хабарлауды өтінген еді. Ленин өз тарапынан қосымша жазып (Шығармалар, 36-том, 142-бет), Ю. М. Стекловтың хатын А. А. Богдановқа жөнелтті.

В. Д. БОНЧ-БРУЕВИЧКЕ ХАТ

Ленин Бонч-Бруевичтен А. М. Горькийдің Женевадағы Куклин кітапханасына көмек көрсету туралы ашық хатын (әңгіме 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінің газеттері мен материалдарын жіберу туралы болған-ды) бастыруға көмектесуін өтінген болатын, бұл В. Д. Бонч-Бруевичтің 1908 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) В. И. Ленинге жазған хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РСДРП ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАСАЛҒАН «ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» БАЯНДАМА, СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1908 жылы 23 декабрьдегі (5 январь, 1909) конференцияда Ленин «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндама жасады.

Лениннің конференцияда жасаған баяндамасы мен сөйлеген сөздері туралы деректер РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы мәжілістерінің протоколдық қысқаша жазбасында бар, бұл жазба КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

1908—1909 жж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА ХАТТАР

В. И. Лениннің 1908—1909 жылдары Халықаралық социалистік бюроға жазған, табылмаған хаттары туралы деректер Халықаралық социалистік бюроның келіп және жолданып жататын корреспонденциялар кітаптарының жеке беттерінің КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы фото көшірмелерінде бар, бұл кітаптарды Институтқа К. Гюисманс берген. Бұл кітаптардың жазбаларында Ленин хаттарының алынған уақыты және олардың қысқаша мазмұны көрсетілген; бұл жазбалар Лениннің 1908—1909 жылдары Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманспен кең көлемде хат-хабар алысып тұрғанын дәлелдейді. Өзінің хаттарында Ленин Халықарлық социа-

листік бюроға РСДРП-ның кезекті жарналарын төлеу туралы, РСДРП Орталық Комитетінің пленум мәжілістері туралы, РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің тұтқындалулары туралы, II Интернационалдың Штутгарт конгресі туралы есепті басып шығаруға әзірлеуге байланысты РСДРП-ның Штутгарт конгресіне арнаған баяндамасының жіберілгені, т. б. туралы хабарлады. Ленин екі хатында Халықаралық социалистік бюродан Вильноның ереуіл жасаған тері илеушілеріне көмек көрсетуді өтінді. Хаттарының бірінде Ленин Россиядағы социал-демократиялық құпия ұйым туралы, Женевада РСДРП Орталық Комитеті Бюросының бар-жоқтығы туралы К. Гюисманстің сұрақтарына жауап берді, Халықаралық социалистік бюродан мына мәселелер жөнінде: жұмыс күнін шектеу туралы, кәсіподақ туралы, дене еңбегі жұмысшыларының жалақысы туралы және шахтерлерге арналған қауіпсіздендіру туралы III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның секретарына қажет деректерді хабарлауды өтінді.

1909 ж.

Л. С. ПЕРЕСКЕ ХАТ

1909 жылы 13 (26) майда А. И. Ульянова-Елизароваға жолдаған хатында В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын басып шығаруға қатысқан Переске хат жазғанын хабарлады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 372-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1908—1909 жж.

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 26 — (1 апрель) 19 март, 1908 ж.
№ 27 — (8 апрель) 26 март, 1908 ж.
№ 28 — (15) 2 апрель, 1908 ж.
№ 29 — (29) 16 апрель, 1908 ж.
№ 30 — (23) 10 май, 1908 ж.
№ 31 — (17) 4 июнь, 1908 ж.
№ 32 — (15) 2 июль, 1908 ж.
№ 33 — (5 август) 23 июль, 1908 ж.
№ 34 — (7 сентябрь) 25 август, 1908 ж.
№ 35— (24) 11 сентябрь, 1908 ж.
№ 36 — (16) 3 октябрь, 1908 ж.
№ 37 — (29) 16 октябрь, 1908 ж.
№ 38 — (14) 1 ноябрь, 1908 ж.
№ 39 — (26) 13 ноябрь, 1908 ж.
№ 40 — 1 (14) декабрь, 1908 ж.
№ 41 — 7 (20) январь, 1909 ж.
№ 42 — 12 (25) февраль, 1909 ж.
№ 43 — 21 февраль (6 март), 1909 ж.
44-номерге қосымша — 4 (17) апрель, 1909 ж.
№ 44 — 8 (21) апрель, 1909 ж.
№ 45 — 13 (26) май, 1909 ж.

«ЗАМАН ЛЕБІ ТУРАЛЫ»

Жинақ, СПБ., «Творчество» баспасы, 1908

Жинақ 1908 жылы 3 және 10 (16 және 23) апрель аралығында жарық көрді. Жинақтың титул парағында, сірә, басылымның редакторлары да болған басқа да авторлар қатарында Ленин (Вл. Ильин) аталған. Ленин бұрын (1908 жылы 4 мартта (19 февральда)) «Пролетарий» газетінің 22- номерінде толық басылған «Кәсіптік одақтардың бейтараптығы» деген мақаласын жинақта біраз қысқартып бастырған.

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ШТУТГАРТ КОНГРЕСІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ

Бұл баяндама Штутгарт конгресі (1907) туралы есептердің 3 немесе 4-томына енуге тиіс еді; бұл есептерді Халықаралық социалистік бюро баспаға әзірлеген болатын. Конгрестің өзінде баяндама оқылған жоқ. Конгрестің есептерін басып шығаруға әзірлеу ісіне Лениннің көңіл бөлгені және оның РСДРП Орталық Комитеті баяндамасының бірінші бөлімін К. Гюисманске жібергені Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманспен 1908—1909 жылдары В. И. Лениннің жазысқан хаттарынан белгілі. Ленинге жауап хатында Гюисманс баяндаманы алғаны жайында хабарлады.

1909 ж.

«РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БОЛЫП ӨТКЕН ЖАЛПЫ ПАРТИЯЛЫҚ КЕЗЕКТІ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ»

Paris, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, [1909]

«Хабарды» РСДРП Жалпы российлық V конференциясынан кейін көп кешікпей Орталық Комитет басып шығарған. Партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 1909 жылғы 28 январьдағы (10 февральдағы) 2-номерінде конференция жұмысы туралы хабарда Орталық Комитеттің «Хабарында» жарияланған конференция қарарларына сілтеме жасалған.

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 2 — (28 январь) 10 февраль, 1909 ж.
№ 3 — 9 (22) март, 1909 ж.
№ 4 — 21 (8) апрель, 1909 ж.
№ 5 — (23 апрель) 6 май, 1909 ж.
№ 6 — 4 (17) июнь, 1909 ж.

Р. ЛЮКСЕМБУРГ. «РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ МАСАЮ»

Р. Люксембургтің шақырымпаздар мен ультиматистерге қарсы бағытталған «Революциялық масаю» деген мақаласы 1909 жылы 8 (21) апрельде «Пролетарий» газетінің 44-номерінде басылған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы документтерде В. И. Лениннің мақаланы редакциялағаны туралы деректер бар.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 «*Тура жолға*» деген мақала «Пролетарий» газетінің 26-номерінде бас мақала ретінде басылды.

«Пролетарий» — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциялауымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, И. Ф. Дубровинский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты. А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару ісінің жағдайы өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдің» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

«Пролетарийдің» 1—2-номерлері РСДРП-ның Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шықты; 3—4-номерлері РСДРП-ның Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде, 5—11-номерлері РСДРП-ның Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің органы ретінде, 12—20-номерлері РСДРП-ның Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь, Курск және Қазан комитеттерінің органы ретінде, 21-номерінен бастап (редакция шетелге көшірілген кезден бастап), ақырына дейін қайтадан РСДРП-ның Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шықты. Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» газетінің редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнеше мақаласы

басылып отырды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланып отырды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» газеті большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарга, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. 1910 жылы январьда РСДРП Орталық Комитетінің пленумында ымырашылдардың жәрдемімен меньшевиктер фракцияшылдыққа қарсы күресу деген сылтаумен «Пролетарий» газетін жабу туралы шешім қабылдаттырды.—*1.*

2 *1907 жылғы 3(16) июньдегі мемлекеттік төңкеріс* — үкімет II Мемлекеттік думаны қуып, социал-демократиялық фракцияны тұтқынға алып, Дума сайлауы жөніндегі сайлау заңын өзгерткен контрреволюциялық төңкеріс. 1907 жылы 1 июньде Столыпин социал-демократиялық фракция әскери ұйыммен байланысты және қарулы көтеріліс әзірлеп жатыр деп охранка ойлап шығарған айыптауды бетке ұстап, оны Дума жиналыстарына қатысудан аластауды, сөйтіп алдын ала тергеу жүргізуді талап етті; социал-демократиялық фракцияның 16 мүшесі дереу тұтқынға алынуға тиісті болды. Дума қойылған айыпты тексеру үшін комиссия құрды. Үкімет Дума комиссиясы жұмысының нәтижесін күтпей-ақ, 3 (16) июньге қараған түнде социал-демократиялық фракцияны тұтқынға алды. 3 июньде II Думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу жөнінде патша манифесі жарияланды, манифест Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін әлдеқайда көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді. Жаңа ереже бойынша жер иелігі куриясында 230 адамнан, бірінші разрядты қалалық курияда — 1 мың адамнан, екінші разрядты қалалық курияда — 15 мың адамнан, шаруалар куриясында — 60 мың адамнан, жұмысшы куриясында — 125 мың адамнан бір сайламшы сайланатын болды. Помещиктер мен буржуазия барлық сайламшылардың 65 процентін сайлауға мүмкіндік алды, шаруалар — 22 процентін (бұрын 42 процент), жұмысшылар — 2 процентін (бұрын 4 процент) сайлайтын болды. Заң Азиялық Россияның жергілікті халқын, Астрахань және

Ставрополь губернияларының түрік халықтарын сайлау праволарынан айырды, Польша мен Кавказ халықтарының өкілдіктерін екі есе қысқартты. Россияның барлық жерінде орыс тілін білмейтін адамдар сайлау праволарынан айрылды. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1(14) ноябрьде жиналған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік дума болды.

Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс Столыпин реакциясы дәуіріне жол ашты. — *3.*

3 *РСДРП-ның Орталық Органы* — «Социал-Демократ» құпия газеті, 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншіктегі баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті екінші рет шығаруға әрекет жасалды. Бірақ газеттің басылып қойған тиражының көбісі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин еді. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте Лениннің 80-нен аса мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асырылуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның меньшевик мүшелері — Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясындағы жұмысқа саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресуі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» аса зор маңызы болды.

Большевиктік партияның органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды, пролетариатқа империалистік соғысқа қарсы күресудің жолын — оны азамат соғысына, үстем таптарға қарсы революцияға айналдыру жолын көрсетті. Газет бетінде Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализм бастапқыда бірқатар елдерде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны ол алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократты» Россияда тарату, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-Демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды,— деп жазды. — *4*.

4 *«Рабочее Знамя»* («Жұмысшы Туы»)— большевиктік құпия газет; Москвада 1908 жылғы марттан декабрьге дейін шығып тұрды. Барлығы 7 номері жарық көрді: 1-номері РСДРП Орталық өнеркәсіп ауданы Облыстық бюросының органы ретінде, 2—6-номерлері РСДРП Москва және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде, 7-номері РСДРП Орталық өнеркәсіп ауданы Облыстық бюросының, Москва және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде шықты. Редакцияның жұмысына әр кезде И. И. Скворцов-Степанов (2—5-номерлерін редакциялады), Ц. С. Зеликсон-Бобровская, В. М. Шулятиков және басқалар қатысты.

Газет 5-номерінен бастап партияның Думаға және Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарасы туралы мәселе жөнінде айтысты бастады. В. И. Ленин «Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 26 (13) ноябрьдегі 39-номерінде жарияланған «Екі хат жайында» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 318—337-беттер) «Рабочее Знамяның» 5-номерінде айтыс тұрғысынан басылған «Жұмысшы хаты» атты шақырымпаздық мақаланы қатты сынға алды. Газеттің 7-номерінде шақырымпаздың хатына қарсы бағытталған «Партия қызметкерінің хаты» деген мақала жарияланды; бұл мақала 1909 жылы 12(25) февральда «Пролетарийдің» 42-номерінде «Кезектегі мәселелер жөнінде» деген тақырыппен көшіріліп басылды. Ленин «Пролетарий» редакциясының атынан берілген ескертуде бұл мақаланы дұрыс деп бағалады (қараңыз: осы том, 400—404-беттер).—*7*.

5 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғындалды, жер аударылды. Алайда қуғындаулар социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп жатты, оларға астыртын жағдайдағы Орталық Комитет басшылық етті. Мұнымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды,— оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті.

К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.—*7.*

6 В. И. Ленин «Речь» газетінің 1908 жылғы 16 (29) марттағы 65-номеріндегі бас мақаладан цитат келтіріп отыр.

«Речь» («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) Петербургте іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциялауымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене қатысуымен шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген әр түрлі аттармен шығарылды.— *9.*

7 *«Русское Государство»* («Орыс Мемлекеті») — С. Ю. Витте негізін қалаған үкіметтік газет; Петербургте 1906 жылғы 1(14) февральдан 15(28) майға дейін шығып тұрды.—*9.*

8 *Стокгольм съезі*—РСДРП IV (Бірігу) съезі 1906 жылғы 10—25 апрельде (23 апрель—8 майда) өтті. В. И. Ленин съезд алдында, февральдың екінші жартысында, большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері жөніндегі съезд қарарларының жобасын әзірледі. Большевиктердің қарарлары еңбекші бұқараны самодержавиеге қарсы жаңа революциялық шабуылға әзірле-

нуге шақырды. Меньшевиктер съезге өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шындығында революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлау осы платформалар бойынша өтті. Екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау науқаны екі айға жуық уақытқа созылды. Соның нәтижесінде партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны жақтады.

Съезге РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат қатысты; кеңесші дауыспен 22 делегат болды. Съезде ұлттық ұйымдардан: Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан бір өкілден болды. Сонымен қатар съезге Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі қатысты.

Большевик-делегаттар ішінде В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Съезде меньшевиктер көпшілік еді. Мұның себебі, бұқараның қарулы қимылдарын басқарған көптеген большевиктік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен делегаттар тым аз келді. Ал елдің бұқаралық революциялық бой көрсетулер болмаған өнеркәсіпті емес аудандарында сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары бар меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезд мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы; 3) Мемлекеттік дума сайлауының қорытындыларына және Думаның өзіне көзқарас тактикасы туралы мәселе; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Революциялық уақытша үкімет және революциялық өзін өзі басқару; 7) Жұмысшы депутаттары Советтеріне көзқарас; 8) Кәсіпшілік одақтары; 9) Шаруалар қозғалысына көзқарас; 10) Түрлі социал-демократиялық емес партиялар мен ұйымдарға көзқарас; 11) Партиялық программадағы ұлт мәселесіне байланысты Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын талап етуге көзқарас; 12) Партияның ұйымы; 13) Ұлттық социал-демократиялық (ПКмЛСД, ЛСДЖП, Бунд) ұйымдармен бірігу; 14) Есептер; 15) Сайлау. Алайда күн тәртібіндегі мәселелер түгелдей қаралмады. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар;

6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және
7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады және сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты. Съезд шешімдерінің сипаты меньшевиктердің сан жағынан басымдығына байланысты болды. Съезд қызу күрестен кейін Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Амстердамда өткен халықаралық конгрестің қарарын растаумен шектелді. Съезд кәсіптік одақтары туралы ымырашыл қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқыламастан қабылдады.

Сонымен бірге партиялық бұқараның талабы бойынша съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым бірінші рет уставқа енгізілді.

Съезде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу туралы мәселе шешілді; олар РСДРП құрамына сол аймақтағы барлық ұлттың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйым ретінде кірді. Съезд Бундпен бірігу шарттарының жобасын да қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариаттың ұлттар бойынша ұйымдасуына үзілді-кесілді қарсы болды. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының инициативасы бойынша съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу жөнінде мәселе қойылды, бірақ бұл партияның ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық сипатына байланысты онымен келісім жасалмады.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы тек меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Бірақ съезде РСДРП-ның формальды түрде бірігуі ғана жүзеге асырылды. Іс жүзінде меньшевиктер мен большевиктердің революцияның аса маңызды мәселелері бойынша өз көзқарастары, өз платформалары болды және олар шындығында екі партия еді. Съездегі күрес партия бұқарасы алдында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы принциптік алауыздықтардың мазмұны мен тереңдігін ашып берді. Съезд материалдары партия мүшелері мен саналы жұмысшы-

ларға идеялық күресті түсіне білуге, большевиктердің революциялық бағытын айқын да терең ұғынуға мүмкіндік берді. Ленин съезден кейін іле-шала большевик-делегаттардың атынан партияға үндеу жазды, онда IV съездің шешімдеріне принципті баға берді, меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі.

Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер).— *9*.

9 *I Мемлекеттік дума* (Витте думасы деп аталған) Министрлер советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған еді.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы (1905) патшаны 17 октябрьде манифест шығаруға мәжбүр етті, манифесте революция жайпап кеткен кеңесші Булыгин Думасына қарағанда заң шығару функциясы бар Мемлекеттік дума шақырылатыны туралы жарияланды. Патша үкіметі жаңа Думаны шақыру арқылы революциялық қозғалысқа іріткі салып, оны әлсіретуді, елдің дамуын бейбіт монархиялық-конституциялық жолға түсіруді көздеді. Конституция жөнінде уәделер бере отырып, үкімет сонымен бірге Мемлекеттік думаны ұйымдастырғанда оның құрамы үкіметке ұнамды болуын қамтамасыз етерліктей формаларды іздестірді. Дума сайлауы жөніндегі 1905 жылғы 11(24) декабрьдегі заң және 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң (қараңыз: осы том, 30-ескерту) міне осыған бағытталды. I Мемлекеттік думаның сайлауы 1906 жылы февраль — мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсірді, оған халықтың бір бөлігінің сенімін әлсіретті, бірақ сайлауды болдырмай тастауға шамасы келмеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруға кедергі бола алатын жаппай революциялық өрлеудің жоқтығы еді. Сонымен бірге бойкоттың сәтсіздігіне меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары да, шаруалардың конституция жөніндегі жалған үміттерінің күштілігі де себеп болды. Ал Дума шақырылған соң, Ленин Думаны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Думаны халық өкілдігінің өрескел боямасы екендігін әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды. I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде: кадеттер — 179, автономистер—63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер — 16, партияда жоқтар — 105, трудовиктер — 97 және социал-демократтар — 18. Сөйтіп, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

Мемлекеттік думаның мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішінде адамның жеке басына ешкімнің тимеуі ту-

ралы, олім жазасын жою туралы, ұждан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер болды. Бірақ осы мәселелер жөнінде көбінесе кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнінде «сөз бостандығына да *қарсы*, жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) болды.

Мемлекеттік думада аграрлық мәселе негізгі орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа ұсынылды: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер помещиктік жер иелігін сақтауға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

І Мемлекеттік дума өзінің дәрменсіздігіне, шешімдерінің жартыкештігіне қарамастан үкіметтің үмітін ақтамады. Патша үкіметі 1906 жылы 8(21) июльде Думаны таратты.—*10.*

10 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы, конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие болып алған кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін кадеттер эмиграцияда жүрген кезде де өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.—*10.*

11 *«Трудовиктік саясат»*—Еңбек тобының — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобының саясаты; бұл топтың құрамында халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгерме» принциптеріне негізделді: қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік жерлерден, сондай-ақ, егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айрылған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдуілгі трудовик—шаруа,— деп көрсетті В. И. Ленин—ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтседе, трудовиктер шаруа бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы бірлесе күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын қолданды. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады. — *10.*

12 *II Мемлекеттік дума* 1907 жылы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы төте, тең сайлау емес-ті және әскери-далалық соттар мен қудалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан солшылдау болды. Мұның себебі мынада еді: бірінші Дума кезіндегіге қарағанда партиялар неғұрлым айқын және күрт ажырасты, бұқараның таптық санасы өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы, бір жағынан, солшыл партиялардың — социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан — кадеттердің есебінен оңшылдардың күшейгенін дәлелдеді. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер — 54, кадеттер мен оларға жақындар —

99, националдар — 76, партияда жоқтар — 50, казактар топтары — 17, «халықтық социалистер»—16, эсерлер — 37, трудовиктер — 104, социал-демократтар — 65. Алайда құрамы жағынан анағұрлым солшылдау екінші Дума, революция қайтуға айналғандықтан, бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер бойынша самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдап отырды. Екінші Думаға дейін өздерінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок құруды жақтаған және халықта конституциялық жалған үміттерді қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракцияның қызметіне әсер етпей қалған жоқ. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателіктерін қатты сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдерінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті көрсетті. Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюцияшыл буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан босатып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін трибуна есебінде пайдаланды. Большевиктердің ұстаған бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдерінің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт еді. Ал меньшевиктер Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді. «I және II Думаның *күллі* тарихын,—деп жазды кейіннен Ленин,— либералдардың шаруалармен және социал-демократтармен алысқан күресі лық толтырып отыр. Большевизм мен меньшевизмнің күресі, либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға жүргізген гегемониясын құлату жолындағы күрес ретінде, осы тарихпен *тығыз* байланысты» (Шығармалар, 16-том, 400-бет).

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған басты мәселе аграрлық мәселе болды. Дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен бірге бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек көрсету мәселелерін, амнистия туралы мәселені талқылады.

1907 жылдың орта шенінде патша өкіметін жеңу үшін жұмысшылар мен шаруалардың күші жетпегені айқын болды.

3(16) июньде патша үкіметі II Мемлекеттік думаны таратып жіберді; Думадағы социал-демократиялық фракция тұтқынға алынды. Сонымен бірге III Думада помещиктер мен ірі буржуазияның толық басымдылығын қамтамасыз еткен жаңа сайлау заңы шығарылды. 1907 жылғы 3 июнь елдің

тарихына контрреволюциялық төңкеріс күні ретінде кірді (қараңыз: 2-ескерту).—*10.*

13 Әңгіме П. Б. Струвенің «Интеллигенттік ойдың консерватизмі. Орыс революциясы туралы ойлардан» және «Тактика ма әлде идеялар ма?» деген мақалалары туралы болып отыр; бұл мақалалар дәл осы тақырыпшамен «Русская Мысль» журналының 1907 жылғы 7 және 8-номерлерінде басылды.—*10.*

14 *Гурконың көзқарасы* — ішкі істер министрінің орынбасары В. И. Гурконың есімімен осылай аталған. I Мемлекеттік думада баяндама жасағанда Гурко жердің жеке меншікте болуына ешкім қол сұға алмайтын болуын қорғады. Өзінің «Аграрлық мәселе жөніндегі үздік-создық ойлар» (СПБ., 1906) деген кітапшасында ол барлық жерді немесе оның тіпті едәуір бөлігін болса да ірі жер иелерінің қолынан алып шаруаларға беру, шаруалардың әл-ауқатын көтермейтіні былай тұрсын, қайта оларды бұрынғыдан бетер қайыршылыққа ұшыратады деп дәлелдеді. Сондай-ақ, ол помещиктік жерлерді шаруалардың пайдалануына беру практикалық жағынан іске аспайтын және экономикалық тұрғыдан алғанда ол үшін қатерлі нәрсе деп пайымдады. Сонымен бірге Гурко қауымның әрбір мүшесінің жеке меншігіне оның пайдаланып келген үлесті жер учаскесін бөліп беруді ұсынды. — *11.*

15 Ленин П. Милюковтың мына кітабы туралы айтып отыр: «Күрес жылы. 1905—1906 жж. публицистикалық хроникасы», СПБ., 1907. В. И. Ленин атап өткен «Речь» газетінің 1906 жылғы 25 майдағы 82-номерінің бас мақаласы кітапта «Жергілікті аграрлық комитеттердің міндеттерін социал-демократтар мен кадеттер қалай түсінеді» деген тақырыппен көшіріліп басылды.—*12.*

16 Бұл арада В. И. Ленин кадеттердің «Аграрлық мәселе» (Москва, 1907) деген жинағының екінші томы жайында айтып отыр. Бұл жинақта А. И. Чупровтың «Аграрлық реформа туралы мәселе жөнінде» және Н. Н. Кутлердің «Шаруалардың жер иеленуін ұлғайту және жақсарту жөніндегі шаралар туралы заң жобасы» деген мақалалары басылған болатын. — *12.*

17 *Прудонизм* — ұсақ буржуазиялық социализмнің ғылымға жат, марксизмге жау ағымы; ол өзінің идеологы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Прудон ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынай отырып, ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады, «халықтық» және «айырбас» банктерін ұйымдастыруды ұсынды, оның ойынша, солардың көмегімен жұмысшылар өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып, қолөнершілерге айнала алады-

мыс, сөйтіп өздерінің өнімдерін «әділ» өткізуді қамтамасыз етеді-міс. Прудон пролетариаттың тарихи ролін түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революцияға және пролетариат диктатурасына теріс көзқараста болды; анархистік позиция тұрғысынан қарап, мемлекеттің қажеттігін теріске шығарды. Прудонның I Интернационалға өз көзқарасын таңуға тырысқан әрекеттеріне қарсы Маркс пен Энгельс дәйекті күрес жүргізді. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизм өлтіре сыналды. Маркс пен Энгельстің және олардың жақтастарының I Интернационалдағы прудонизммен үзілді-кесілді күресі марксизмнің толық жеңісімен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасына көше алмайтын «тоғышар мен филистердің топастығы» деп атады. Буржуазия «теоретиктері» таптық ынтымақты уағыздау үшін прудонизм идеясын кеңінен пайдаланды. — *18*.

18 *Бакунизм* — анархизмнің идеологы және марксизм мен ғылыми социализмнің қас жауы М. А. Бакуниннің есімімен аталған ағым. Бакунистер жұмысшы қозғалысының маркстік теориясы мен тактикасына қарсы қасарыса күресті. Мемлекет атаулыны, оның ішінде пролетариат диктатурасын да, теріске шығару, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеу — бакунизмнің негізгі қағидасы болды. Бакунин таптарды «теңестіру», «еркін ассоциацияларды» төменнен біріктіру идеясын ұсынды. Бакунистердің пікірі бойынша, «аса көрнекті» жеке адамдардан құралған астыртын революциялық қоғам дереу бұрқ ете түсетін халық бүліктерін басқаруға тиісті болды. Мысалы, бакунистер Россияда шаруалар дереу көтеріліске шығуға дайын отыр деп жорамалдады. Олардың заговоршылдық, дереу бүлік шығару және терроршылдық тактикасы авантюристік тактика еді және ол көтеріліс туралы маркстік ілімге дұшпандық тактика болатын. Бакунизм прудонизмге — күйзелген ұсақ меншік иесінің идеологиясын бейнелеген ұсақ буржуазиялық ағымға жақын. Россияда бакунистердің өкілдерінің бірі С. Г. Нечаев болды, ол шетелде тұрған Бакунинмен тығыз байланыс жасап отырды. Бакунистер заговоршылдық қоғамның программасын «Революциялық катехизисте» баяндады. 1869 жылы Нечаев Россияда «Халық жазасы» атты тар шеңберлі заговоршылдық ұйым құруға тырысты. Алайда ол Москвада тек бірқатар үйірме ғана ұйымдастыра алды. «Халық жазасы» көп ұзамай ашылып қалды да, 1869 жылы декабрьде патша үкіметі оны талқандады.

I Интернационалға кіруге тырысқан Бакунин оны 1868 жылы өзі негізін қалаған «Социалистік демократия альянсымен» — құрамына астыртын бакуниндік одақ кіретін осы ұйыммен қоса қабылдауды талап етті. Интернационалдың Бас Советінің «Альянсты» тарату туралы шешіміне қарамастан, Бакунин бұл шешімге формальді түрде ғана бағынып,

өзінің астыртын ұйымын сақтап қалды, сөйтіп оны, «Альянс» деген атын сақтай отырып, Интернационалдың Женевадағы секциясы ретінде Интернационалға енгізді.

Бас Советті өзінің қолына түсіріп алу мақсатын көздеген Бакунин Маркске қарсы күрес жүргізді, мұның өзінде ол қандай құралды болса да қолданудан тартынған жоқ. «Альянс», деп көрсетті Маркс пен Энгельс, өзінің мақсаттарына жету үшін «қандай құралдан болса да, қандай зұлымдықтан болса да» тайынбады, «өтірік айту, жала жабу, қорқыту, тасада тұрып тап беру — мұның бәрі оған бірдей мөлшерде тән еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 329-бет). Өздерінің іріткі салған әрекеттері үшін анархизмнің лидерлері Бакунин мен Гильом, 1872 жылы Гаага конгресінде I Интернационалдан шығарылды. К. Маркс пен Ф. Энгельс бакунистердің теориясы мен тактикасын қатты айыптады. В. И. Ленин бакунизмді «өзін сақтап қалудан үмітін үзген ұсақ буржуаның» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) көзқарасы деп сипаттады. Бакунизм халықшылдықтың идеялық қайнар бұлақтарының бірі болды. Бакунин және бакунистер туралы мына еңбектерді: К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Социалистік демократияның альянсы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі» (1873), Ф. Энгельстің «Бакунистердің әрекеті» (1873), «ЭмиграNттық әдебиет» (1875), сондай-ақ В. И. Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» (1905) деген еңбектерін және басқаларын қараңыз.—*18*.

19 Бұл арада бернштейншілдік — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан, оппортунистік ағым туралы айтылып отыр; ол XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болды және ревизионизмнің неғұрлым айқын өкілі Э. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалаларын бастырып, бұл мақалаларында революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздерін ревизиялады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«Түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншілдердің марксизмді ревизиялауы социал-демократияны әлеуметтік

революция партиясынан әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға бағытталды.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінің беттерінде Бернштейнге қарсы күрес ашты. Оңшыл, оппортунистік қанат бернштейншілдікті қорғауына алды. Партияның орталық комитеті бернштейншілдік жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, оған тойтарыс бермеді. «Die Neue Zeit» журналында Бернштейн мақалалары жөніндегі айтыс 1898 жылдың июлінде Г. В. Плехановтың «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен басталды, бұл мақала ревизионизмге қарсы бағытталды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген тақырыппен жеке кітап болып шықты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде — бернштейншілдік айыпталды, алайда лидерлерінің көпшілігінің ымырашылдық позиция ұстауы себепті партия Бернштейннен іргесін аулақ салмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдікті II Интернационалдың басқа партияларындағы оппортунистік элементтер қолдады. Россияда бернштейншілдік теорияларды «жария марксистер» мен «экономистер» қолдап шықты. Патшалық цензура Бернштейннің орыс тіліне аударылған кітабының үш басылымын өткізді, ал Москва охранкасының бастығы Зубатов ол кітапты жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың қатарына қосты.

Россиядағы революцияшыл марксистер ғана, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оны жақтаушыларға қарсы үзілді-кесілді және дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдерге қарсы күреске шыққан болатын; сондай-ақ Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм және ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген мақалаларында бернштейншілдік кеңінен сыналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; осы том, 15—26-беттер; Шығармалар, 16-том, 365—370-беттер).— *19.*

20 *Неокантшылдар* — Германияда XIX ғасырдың ортасында пайда болған буржуазиялық философиядағы реакциялық ағымның өкілдері. Неокантшылдар Кант философиясының неғұрлым реакцияшыл, идеалистік қағидаларын қайта жаңғыртып, ондағы материализм элементтерін жоққа шығарды. «Кантқа қарай кері шегіну керек» деген ұранмен неокант-

шылдар канттық идеализмді қайта жаңғыртуды уағыздады, диалектикалық және тарихи материализмге қарсы күрес жүргізді. Ф. Энгельс «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген кітабында неокантшылдарды «теориядағы реакционерлер» деп, бейшара эклектиктер және ұсақшылдар деп сипаттады.

Герман социал-демократиясының қатарындағы неокантшылдар (Э. Бернштейн, К. Шмидт және басқалар) маркстік философияны, Маркстің экономикалық теориясын және оның тап күресі мен пролетариат диктатурасы туралы ілімін ревизиялады. Россияда неокантшылдықтың өкілдері «жария марксистер» П. Б. Струве, С. Н. Булгаков және басқалар болды.

Ленин өзінің ертеректе жазған: «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)» (1895), «Сынға жанаспайтын сын» (1900) деген еңбектерінде неокантшылдықты орыс топырағына көшіріп әкелген «жария марксистерге» қарсы шықты және 90-жылдардың аяғында шетелдік әдебиетте неокантшылдарға қарсы жазылған Г. В. Плехановтың мақалаларын құттықтады; бұл мақалаларында Г. В. Плеханов Э. Бернштейннің және К. Шмидттің неокантшылдығын «реакцияшыл буржуазияның реакциялық теориясы» деп жариялады. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында неокантшылдық философияны жан-жақты сынады. Өзінің философиялық еңбектерінде Ленин неокантшылдардың субъективтік-идеалистік философиясының табиғат пен қоғамды ғылыми жолмен тануға қас философия екенін көрсетті, буржуазиялық идеология ретіндегі оның таптық мәнін әшкереледі. Қазіргі уақытта неокантшылдық идеяларды марксизм-ленинизмге қарсы күрес жүргізу мақсатымен империализмнің реакциялық философиясының өкілдері пайдаланады.—*19.*

21 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 21-бет).—*19.*

22 *Мильеранизм* — социал-демократиядағы оппортунистік ағым, француз социалист-реформисі А.-Э. Мильеранның есімімен аталған. Мильеран 1899 жылы Францияның реакциялық буржуазиялық үкіметінің құрамына кірді және оның халыққа қарсы саясатын қолдады. Мильеранның буржуазиялық үкіметке кіруі социал-демократияның оппортунист лидерлерінің буржуазиямен таптық ынтымақ жасау саясатының айқын белгісі, олардың революциялық күрестен бас тартуы, еңбекші таптардың мүддесіне опасыздық етуі болды. Ленин мильеранизмді ревизионизм және ренегаттық ретінде сипаттай келіп, социал-реформистер буржуазиялық үкіметке кіре отырып, капиталистер үшін жанды қуыршақ, бүркеніш болды, сол

үкіметтің бұқараны алдап-арбауының құралы болды деп көрсетті.—*24.*

[23] *Гедшілдер* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы француз социалистік қозғалысындағы революциялық маркстік ағым, оны Ж. Гед пен П. Лафарг басқарды. 1882 жылы, Франция Жұмысшы партиясы Сент-Этьенн конгресінде жікке бөлінгеннен кейін, гедшілдер дербес партия құрып, ескі атын сақтап қалды. Гедшілдер партияның 1880 жылы қабылданған, теориялық бөлегін К. Маркс жазып берген Гавр программасынан айнығаң жоқ, пролетариаттың дербес революциялық саясатын қорғады. Францияның өнеркәсіп орталықтарында олардың ықпалы зор болды, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін біріктірді.

Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция Социалистік партиясына бірікті (оның мүшелері де көсемінің есімімен — гедшілдер деп аталды). 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде бұл партияның басшылары (Гед, Самба және басқалар) жұмысшы табының ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына көшті.

Жоресшілдер — француз социалисі Ж. Жорестің жақтастары; 90-жылдарда А. Мильеранмен бірге Ж. Жорес «тәуелсіз социалистер» тобын құрды және француз социалистік қозғалысының оңшыл, реформистік қанатын басқарды. «Сын еркіндігі» талабын желеу етіп, жоресшілдер марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасады, пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымағын уағыздады. 1902 жылы олар реформистік позицияда тұрған Француз социалистік партиясын құрды.

Бруссшілдер (поссибилистер) (П. Брусс, Б. Малон және басқалар) — ұсақ буржуазиялық, реформистік ағым; XIX ғасырдың 80-жылдарында француз социалистік қозғалысында пайда болған бұл ағым пролетариатты күрестің революциялық әдістерінен басқа жаққа бұрды. Поссибилистер «Жұмысшы әлеуметтік-революциялық партиясын» құрды, олар пролетариаттың революциялық программасы мен революциялық тактикасын теріске шығарды, жұмысшы қозғалысының социалистік мақсаттарын бүркемеледі, жұмысшылардың күресін «мүмкін нәрсемен» (possible) шектеуді ұсынды — партияның аты осыдан шыққан. Поссибилистердің ықпалы негізінен Францияның экономика жағынан неғұрлым артта қалған аудандарында және жұмысшы табының кемірек жетілген топтары арасында тарады.

Кейінірек поссибилистердің көпшілігі 1902 жылы Ж. Жорестің басшылығымен негізі қаланған реформистік Француз социалистік партиясына қосылды.—*25.*

24 *Англия социал-демократиялық федерациясы* 1884 жылы құрылды. Реформистермен (Гайндман және басқалар) және анархистермен бірге Социал-демократиялық федерацияға революцияшыл социал-демократтар, Англия социалистік қозғалысының сол қанатын құраған марксизмді жақтаушылар тобы (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс-Эвелинг және басқалар) кірді. Догмашылдығы мен сектанттығы үшін, Англияның бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі және оның ерекшеліктерін елемегендігі үшін Социал-демократиялық федерацияны Ф. Энгельс қатты сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия деп аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірігіп, Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партия коммунистік бірлік Тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды.

Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партиялардан тәуелсіздігі жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшілдердің ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди басқарды. Өндірістің, бөлістің және айырбастың барлық құрал-жабдықтарын коллектив болып иелену, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, бала еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қамсыздандыруды және жұмыссыздық жөнінен жәрдем берілуін енгізу жолында күресуді партия өзінің программасы етіп қойды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы құрылғанынан бастап-ақ буржуазиялық реформистік позицияда болды, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік келісімдер жасасып отыруға аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашанда буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия», бұл партия «тек социализмнен ғана «тәуелсіз», ал либерализмге өте тәуелді» (Шығармалар, 29-том, 494-бет; 18-том, 366-бет). — *25.*

25 *Интегралистер* — ұсақ буржуазиялық социализмнің бір түрі —«Интегралдық» (тұтас) социализмді жақтаушылар. Интегралистердің лидері Энрико Ферри болды. Итальян социалистік партиясындағы центристік ағым бола отырып, интегралистер 900-жылдарда бір қатар мәселелер жөнінен реформистерге қарсы күрес жүргізді, ал реформистер нағыз оппортунистік позицияда болып, реакцияшыл буржуазиямен ынтымақтасқан еді. — *25.*

26 *«Революциялық синдикализм»* — XIX ғасырдың аяғында Батыс Европаның бірқатар елдеріндегі жұмысшы қозғалысында пайда болған ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік ағым.

Синдикалистер жұмысшы табы саяси күресінің қажеттігін, партияның басшылық ролі мен пролетариат диктатурасын теріске шығарды. Олар кәсіподақтар (синдикаттар) жұмысшылардың жаппай стачкасын ұйымдастыру жолымен революциясыз-ақ капитализмді құлатып, өндірісті басқаруды өз қолдарына ала алады деп есептеді. Ленин «революциялық синдикализм көп елдерде оппортунизмнің, реформизмнің, парламенттік кретинизмнің тікелей және сөзсіз нәтижесі болды» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 201-бет) деп көрсетті.— *25.*

27 *«Голос Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үні») — газет, меньшевиктердің шетелдік органы; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін әуелі Женевада, кейіннен Парижде шығып тұрды. Оған редактор болғандар: П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және Г. В. Плеханов. «Голос Социал-Демократа» бірінші номерінен бастап-ақ жойымпаздардың антипартиялық әрекетін ақтап, оларды қорғауға кірісті. Плеханов газеттің жойымпаздық позицияда болуын кінәлап, редакциядан шығып кеткен соң, «Голос Социал-Демократа» біржолата жойымпаздардың идеялық орталығы болып алды.—*27.*

28 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол бергені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, П. Лафарг, Г. В. Плеханов және басқалар қатысты. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары үнемі басыла бастады, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.—*33.*

29 *«Рига музейі»* — Рига полициясы тыңшылық бөлімшесінің абақтысы; мұнда тұтқындарды тергеу үстінде аяусыз азаптаған. Полицияның әрекеті баспасөзде әшкереленіп қалған соң, патша үкіметі азаптау фактілерін бекерге шығаруға тырысып, ол бөлімшедегі азаптау құралдары «музейге қою мақсатымен» жиналған еді деп мәлімдеді. Осыған байланысты Рига абақтысы «Рига музейі» деп аталып кеткен болатын.—*34.*

30 *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң*— Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі заң, оны патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызған кезде, жұмысшыларға кейбір жеңілдіктер жасау ретінде шығарған болатын; бұл заң сайлау праволары кеңейтілді деген жалған ұғым ғана туғызды.

«Кеңесші» Булыгин Думасынан өзгеше, бұл заң «заң шығаратын» Дума құруды көздеді. Бұрынғы белгіленген курияларға — жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (буржуазия) және шаруалар куриясына — жұмысшы куриясы қосылды және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамы едәуір кеңейтілді. Сайлау жалпыға бірдей сайлау емес еді. Әйелдер, ұсақ кәсіпорындардағы 2 миллионнан астам жұмысшы-еркектер, көшпелі халықтар, әскери қызметшілер, 25 жасқа дейінгі жастар дауыс беру правосынан айрылды. Сайлау тең праволы сайлау болған жоқ: жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық курияның 7 мың, шаруалар куриясының 30 мың, жұмысшылар куриясының 90 мың сайлаушысына 1 сайламшыдан келді, яғни помещиктің 1 даусы қалалық буржуазияның 3 даусына, шаруалардың 15 даусына және жұмысшылардың 45 даусына пара-пар болып шықты. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думаның барлық сайламшыларының 4 процентіне ғана тең болды. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға жұмысшы саны 50-ден кем емес кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір мың адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте сайлау емес, көп сатылы сайлау еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі тағайындалды. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болған жоқ. 11 (24) декабрьдегі сайлау заңын Ленин «халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 212-бет) деп санады, өйткені ол Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басым болуын қамтамасыз етті.— *34.*

31 Бұл арада В. И. Ленин К. Маркстің «1848 жылдан 1850 жылға дейінгі Франциядағы тап күресі» деген кітапшасына Ф. Энгельс жазған «Кіріспені» айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 91—110-беттер).— *35.*

[32] *«Frankfurter Zeitung»* («Франкфурт Газеті») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы, 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы.—*36.*

[33] *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды.—*36.*

[34] *«Бейбіт жаңарту» партиясы* — ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы, 1906 жылы I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін біржола қалыптасты. Партия «солшыл» октябристер мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жағынан партия октябристерге жақын тұрды; сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғады. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені оның қызметі «...миллиондаған «мужиктердің» табан ет, маңдай теріне Россияның ақ сүйек дворяндарының *праволарын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек, ептірек, шеберірек, ішкі жағынан берігірек, сырт жағынан байқаусыз етіп қорғап қалуға...» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 46-бет) бағытталды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен «прогрессистер» фракциясына бірікті.— *36.*

[35] Әңгіме кадеттердің Треповпен (ішкі істер министрінің орынбасары) кадеттік министрлік құрудың мүмкіндігі туралы жүргізген келіс сөздері жайында болып отыр. Бұл туралы В. И. Лениннің «Конституциялық-демократиялық партияның министрлермен келіс сөздері туралы әшкерелеулердің басы» (Шығармалар, 17-том, 415—423-беттер) деген мақаласын қараңыз.—*37.*

[36] *Үшінші Мемлекеттік дума* (ресми аты — үшінші сайланған Мемлекеттік дума) 1907 жылғы 1 (14) ноябрьден 1912 жылғы 9 (22) июньге дейін (барлығы бес сессиясы болды) жұмыс істеді. Үшінші июньдегі сайлау заңы негізінде сайланған III

Дума өзінің таптық табиғаты мен партиялық құрамы жағынан қаражүздік-октябристік еді, ол патша үкіметінің Россиядағы революциялық күштер жөнінде қолданған контрреволюциялық зорлық және жазалау саясатын жүргізуде оның сенімді қолшоқпары болды.

Дума депутаттарының жалпы саны 442 адам болды, яғни бұрынғы екі Думаға қарағанда едәуір аз еді. Думаның реакциялық сипаты оның сословиелік құрамынан-ақ көрінді. Депутаттардың жартысынан көбі (229) арғы тегінен бері дворяндар мен жеке өз басы дворян болғандар еді, дін басыларынан—46, көпес сословиесінен—42, казактардан—15, шаруалардан —94, мещандардан —12 депутат болды. Кәсібі жөнінен Дума мүшелерінің бөлінуі төмендегідей болды: жер иелері—242, земство қайраткерлері — 133, егіншілер — 79, дін басылары —49, адвокаттар —37, саудагерлер мен өнеркәсіпшілер —36, чиновниктер —47, дәрігерлер мен педагогтар —42, қолөнершілер мен жұмысшылар —16 және т. т.

Думада, бірінші сессияның басында, 11 саяси партия мен топтар, оның ішінде: оңшылдар (барып тұрған оңшылдар, ұлтшылдар және баяу оңшылдар) —147 депутат, октябристер — 154 депутат, поляк-литван-белорус тобы — 7 депутат, поляк колосы—11 депутат, прогрестік топ —28 депутат, мұсылмандар тобы — 8 депутат, кадеттер — 54 депутат, Еңбек тобы — 14 депутат, социал-демократтар — 19 депутат болды.

Думада ешбір партия абсолюттік көпшілік бола алмады, мұның өзі бонапартистік саясат — помещиктер мен буржуазия арасында бұлтару саясатын жүргізіп отырған патша үкіметінің мақсатына сай келетін еді. III Думада контрреволюциялық екі көпшілік: қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік қалыптасты. Бірінші Столыпиннің аграрлық саясатты, жұмысшы мәселесі жөнінен қатаң саясатты, аз ұлттар жөнінен ашықтан-ашық ұлы державалық саясатты жүргізуін қамтамасыз етті. Екінші көпшілік Россия өмірінде парламенттік нормалар бар-мыс дегенді әйгілеу үшін, шетелден заемдар алу үшін, ұсақ жеңілдіктер — реформалар арқылы бұқара назарын революциядан басқа жаққа аудару үшін қажет болды.

III Думаға жалпы сипаттама бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Дума арқылы самодержавиені бүркемелегісі, киіндіргісі, үлде мен бүлдеге бөлегісі келді; іс жүзінде қаражүздік-октябристік Дума өзінің өмір сүрген әрбір күні өткен сайын біздің мемлекеттік өкіметтің шын сипатын, оның нағыз таптық тіректерін және оның бонапартизмін біртіндеп ашып, әшкерелеп, масқаралай түсіп отыр» (осы том, 301—302-беттер).

III Мемлекеттік дума реакциялық үшінші июнь режимін ішкі және сыртқы саясаттың барлық мәселелері жөнінен қолдады, полицияға, жандармдарға, земство бастықтарына, сот-

тарға, түрмелерге, қасиетті синодқа көп қаржы беріп тұрды. Дума әскери міндеткерлік жөнінде заң жобасын қабылдап, армияға шақырылу жөніндегі әр түрлі жеңілдіктерді жойды және армия санын едәуір көбейтті.

III Думаның реакциялық ролі әсіресе жұмысшы заңдары жөніндегі мысалдан айқын көрінді. Думадағы реакциялық көпшілік жұмысшыны қауіпсіздендіру жөніндегі бірнеше заң жобаларын үш жыл бойы қозғаусыз жатқызды. Дума бұл заң жобаларын революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің ықпалымен 1911 жылы ғана бекітті. Бірақ олар соншалықты күзелді, 1903 жылғы заңға қарағанда, жақсарудың орнына қауіпсіздендіру шарттары нашарлап шықты, 13 миллион жалдама еңбек адамдары ішінен 2,5 миллион жұмысшы ғана қауіпсіздендіруге ілікті. 1910 жылы Дума сауда қызметшілерінің дұрыс демалуын қамтамасыз ету жөнінде заң жобасын мақұлдады, бұл заң жобасы бұрын қолданылып жүрген 1906 жылғы, үкімет сайлаушы-приказчиктерді оңшыл партиялар жағына тартуды көздеп, оларды аз-кем қайыр-садақа берумен алдарқатпақ болған кездегі, уақытша ережелерге қарағанда еңбек жағдайын көріне көзге нашарлатып жіберді. 1912 жылғы 5 (18) мартта Думаның жұмысшы комиссиясы стачкалар бостандығы жөніндегі заң жобасын қабылдамай тастады, оны тіпті Думаның мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Думадағы реакциялық көпшілік патша үкіметінің орыстандыру саясатын қолдады, ұлт араздығын өршітті. Сыртқы саясат саласында III Дума реакциялық, панславяндық пиғылдарды қолдап, Балқан мемлекеттері істеріне белсенді араласуды жақтады, соғыс кредиттерін көбейтуді талап етті. Дума 1906 жылғы 9 (22) ноябрьдегі указдың негізінде қабылданған 1910 жылғы аграрлық заңды мақұлдап, столыпиндік аграрлық заңдарды толық қолдады. Дума жері жоқ және жері аз шаруаларға жер бөлу жөніндегі шаруалар депутаттарының барлық жобаларын қабылдамай тастады, оларды өзінің мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция өзінің жұмыс істеу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аздығына және қызметінің алғашқы кезіндегі жіберген қателеріне қарамастан, фракцияда большевик депутаттардың болуы арқасында, III Думаның халыққа қарсы саясатын әшкерелеуде, Россия пролетариаты мен шаруаларына Дума трибунасынан үндеу тастап та, Думадан тысқары жұмыстар жүргізу арқылы да, оларды саяси тәрбиелеуде үлкен жұмыс атқарды.

III Мемлекеттік думаны, оның партиялық құрамын және қызметін В. И. Ленин мына еңбектерінде сипаттап берді: «Үшінші Дума» «Үшінші Мемлекеттік Дума және социал-демократия», «Қазіргі кезеңді бағалау туралы», «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» және т. б. (қараңыз: Шығарма-

лар толық жинағы, 16-том, 149—159, 187—194-беттер; осы том, 296—311, 338—354-беттер). — *37*.

[37] *Бұл арада РСДРП төртінші* («Жалпы россиялық үшінші») *конференциясы* туралы айтылып отыр, конференция III Мемлекеттік дума сайлауы аяқталғаннан кейін көп ұзамай 1907 жылғы 5—12 (18—25) ноябрьде Гельсингфорста (Хельсинки) өтті. Конференцияға 27 делегат: 10 большевик, 4 меньшевик, 5 поляк социал-демократы, 5 бундшыл, 3 латыш социал-демократы қатысты.

Конференцияның күн тәртібіне Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы, фракциялық орталықтар және Орталық Комитеттің жергілікті ұйымдармен байланысын нығайту туралы, социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы мәселелер қойылды. Оның үстіне, конференция Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық өкілдіктің қалай аталуы туралы мәселені талқылады. Социал-демократиялық фракцияның III Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы Ленин баяндама жасады. Үшінші июньдік режимге берген Лениннің бағасына және партияның міндеттеріне меньшевиктер мен бундшылдар қарсы шықты, олар Думада кадеттер мен «солшыл» октябристерді қолдау қажеттігін қорғап бақты. Конференция көпшілік дауыспен РСДРП-ның Петербург жалпы қалалық конференциясының атынан ұсынылған большевиктік қарарды қабылдады. Конференция сондай-ақ социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуына болмайтыны жөнінде большевиктік қарар қабылдады, ол қарар меньшевиктік публицистерге, әсіресе солшыл кадеттік «Товарищ» газетінде РСДРП III («Жалпы россиялық екінші») конференциясының шешімдерін сынаған Г. В. Плехановқа қарсы бағытталған еді. Конференция Думадағы социал-демократиялық өкілдікті «социал-демократиялық фракция» деп атады.

Меньшевиктік орталық РСДРП Орталық Комитетінен жасырын түрде жергілікті комитеттермен байланыс жасағаны себепті, конференция РСДРП Орталық Комитетінің жергілікті партия ұйымдарымен байланысын күшейтудің шараларын белгіледі.

РСДРП IV конференциясы негізгі мәселелер бойынша лениндік шешімдерді қабылдап, реакция дәуірінде партияны бұқара үшін күресте дұрыс, маркстік тактикамен қаруландырды.

Конференция протоколдары табылған жоқ. Конференцияның жұмысын және шешімдерін «Пролетарий» газеті 1907 жылғы 19 ноябрьдегі 20-номерінде кең түрде жазды.—*37*.

[38] В. И. Ленин *«Орыс революциясын бағалау жөнінде»* деген мақаласын 1908 жылы 3 немесе 4 (16 немесе 17) мартта поляк социал-демократиясының «Przegląd Socjaldemokratyczny» журналына арнап жазған; мақала 1908 жылы ап-

рельде осы журналдың екінші номерінде басылды. 1908 жылы 10(23) майда бұл мақала «Пролетарий» газетінің 30-номерінде жарияланды.

«Przegląd Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») — журнал; поляк социал-демократтары Краковта 1902 жылдан 1904 жылға дейін және 1908 жылдан 1910 жылға дейін Р. Люксембургтің жақын араласуымен шығарып тұрды. — *38.*

39 *«Столичная Почта»* («Астаналық Почта») — күнделікті газет; 1906 жылғы октябрьден 1908 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқы кезде солшыл кадеттердің органы болды, 1907 жылғы февральдан Еңбек тобының трибунасына айналды. Патша үкіметі тыйым салды. — *38.*

40 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Үшінші халықаралық шолу. Майдан октябрьге дейін» (Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 467—490-беттер). — *40.*

41 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы—1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органы болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртықтесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» жөндеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелікті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құт-

қара алмайды, капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының, социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайда уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы құрылды. Столыпин реакциясы кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өзінің ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыл генералдарды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қар-

сы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар жағында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.—*40*.

42 *Энестер* («халықтық социалистер») — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты.—*40*.

43 *РСДРП III съезі* 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 майда) Лондонда болды. Оны большевиктер дайындады және В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты және Женевада өздерінің конференциясын шақырды.

Съезге 38 делегат: шешуші дауыспен — 24 және кеңесші дауыспен — 14 делегат қатысты. Шешуші дауыспен РСДРП-ның 21 комитетінен (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік, Тула, Нижний-Новгород, Урал, Самара, Саратов, Кавказ Одағы (Баку, Батуми, Имеретин-Мингрель, Тифлис комитеттері), Воронеж, Николаев, Одесса, Полесье, Солтүстік-Батыс, Курск, Орел) делегаттар қатысты. Ленин Одесса комитетінен делегат болды. Делегаттардың қатарында В. В. Воровский, Р. С. Землячка, Н. К. Крупская, А. А. Богданов, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов, М. Г. Цхакая және басқалар болды. Съездің председателі болып Ленин сайланды.

Съезд Россияда кең өрістей бастаған революцияның түбегейлі мәселелерін қарады және пролетариат пен оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс; төңкеріс қарсаңындағы үкімет саясатына көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозға-

лысына көзқарас; партия уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат және үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және басқа мәселелер.

Съезд талқылаған барлық негізгі мәселелер бойынша қарарлардың жобаларын Ленин жазды. Съезде ол социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы жөнінде, шаруалар қозғалысын қолдауға байланысты қарар жөнінде баяндамалар жасады және қарулы көтеріліс туралы, төңкеріс қарсаңындағы үкімет тактикасына көзқарас туралы, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы, партия уставы туралы, Орталық Комитеттің қызметі жайындағы баяндама бойынша және басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциясындағы стратегиялық жоспарын белгіледі, оның мәні мынада еді: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарды негізге алып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін алға қойды. Халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде, деп көрсетті съезд, революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс, ол контрреволюцияның қарсылығын басып, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруы керек, социалистік революцияға өту үшін жағдай әзірлеуі қажет.

Съезд партия уставын қайта қарады; ол уставтың партияға мүшелік туралы бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы қос орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) жүйесін жойды және бірыңғай партиялық басшы орталық — Орталық Комитетті құрды; Орталық Комитеттің правосын және оның жергілікті комитеттермен қатынасын нақты белгіледі.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт ұстағандықтан, РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган «Пролетарий» газетін ұйымдастыруды тапсырды. Орталық Комитеттің 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 май) пленумында «Пролетарийдің» редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды.

РСДРП III съезінің зор тарихи маңызы бар. Ол тұңғыш большевиктік съезд болды. Съезд партияны және жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңуі жолындағы кү-

рестің жауынгер программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы жөнінде Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер) қараңыз. Съездің шешімдері Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негізделді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер).—*45.*

44 *Меньшевиктердің Женева конференциясы* 1905 жылы апрельде РСДРП III съезімен бір мезгілде өтті. Қатысушылардың саны аз болғандықтан (9 комитеттен ғана делегат қатысты) меньшевиктер өздерінің жиналысын партия қызметкерлерінің конференциясы деп атады.

Меньшевиктер революцияны одан әрі дамыту міндетін алға қоймағанын конференция шешімдері көрсетті. Олар революциядағы пролетариаттың гегемондығын және пролетариаттың шаруалармен одағы жөніндегі саясатты бекерге шығарды. Олар либерал буржуазияны буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы деп, өкімет революция жеңгеннен кейін солардың қолына өтуге тиіс деп есептеді. Меньшевиктер революциялық уақытша үкімет құру қажеттігін және оған социал-демократия өкілдерінің қатысуын жоққа шығарды.

Конференция өзінің қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі шешімдерінде пролетариат партиясы көтерілісті дайындаумен шұғылданбау керек, өйткені бұл буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін деп есептеп, көтеріліске байланысты пролетариаттың алдында тұрған практикалық міндеттерді белгілемеді. Конференция социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы болды. Ол помещиктердің жерін тартып алу үшін революциялық шаруалар комитеттерін ұйымдастыру міндетін қойған жоқ; жер мәселесін шешу болашақ құрылтай жиналысына қалдырылды. Конференцияның «ұйымдық уставта» көрсетілген ұйымдық мәселе жөніндегі шешімдері партияны II съезден ұйымдық бытыраңқылыққа және үйірмешілдікке қарай кейін тартты. Женева конференциясының шешімдері мынаны көрсетті: меньшевиктер жұмысшы табын реформизм және либерал буржуазияның тактикасына бейімделу рухында тәрбиелей отырып, оны идеялық және ұйымдық жағынан қарусыздандырды, жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізуші болды. Лениннің көрсеткеніндей, олардың тактикасы «революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз құйыршығына айналдыру» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 89-бет) тактикасы болды. В. И. Ленин «Үшінші адым кейін» деген мақаласында, «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген шығармасында, ««Жұмысшылар партиясының жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер;

11-том, 1—139, 169—175-беттер) және басқа да еңбектерінде Женева конференциясы шешімдерінің оппортунистік сипатын әшкерелеп, оларды өлтіре сынады.—*45.*

45 *Лондон съезі* — РСДРП бесінші съезі — 1907 жылы 30 апрельде — 19 майда (13 майда — 1 июньде) өтті. Бастапқыда съезді Копенгагенде, ал тыйым салынған жағдайда — Мальмёде (Швеция) немесе Брюссельде өткізу көзделді. Данияның, Швецияның және Бельгияның үкіметтері патша үкіметінің тікелей қысымымен өз мемлекеттерінің территориясында РСДРП съезін өткізуге тыйым салды. Копенгагенге жиналған съезд делегаттары Мальмёге, ал одан соң Лондонға барды.

Съезді шақырудың өте-мөте қажеттігі РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған меньшевиктік Орталық Комитеттің (Орталық Комитетке 7 меньшевик және 3 большевик, Орталық Орган редакциясына 5 меньшевик енді) оппортунистік саясатына байланысты еді. Партия көпшілігінің еркіне қайшы келген бұл саясат толық сәтсіздікке ұшырады. Меньшевиктік Орталық Комитеттің елдегі аса маңызды оқиғалармен байланысты бірде-бір шарасын өнеркәсіпті орталықтардың аса ірі партия ұйымдарының көпшілігі қолдамағаны былай тұрсын, керісінше, оны айыптап отырды.

1906 жылы августа РСДРП Петербург комитеті партияның төтенше съезін дереу шақыру қажеттігі туралы қарар қабылдап, бұл шешім туралы барлық партия ұйымдарына хабарлауға қаулы алды, оларға бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін айтуды ұсынды. Орталық Комитеттің қарсы әрекетіне қарамастан, съезді жақтаған үгіттің кең өрістегені соншалық, октябрьге дейін-ақ Петербург комитетінің шешімін РСДРП Москва комитеті, Россия партия ұйымдарының көпшілігі, сондай-ақ партияның IV съезінде РСДРП-ға кірген Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті қолдады. Съездің шақырылуын жақтаған партия ұйымдары 1906 жылы сентябрьдің аяғында «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына үндеу» қабылдап, онда партияның төтенше съезінің дереу шақырылуын талап етті. Меньшевиктік Орталық Комитеттің қатты қарсыласуына қарамастан, 1906 жылы ноябрьде өткен РСДРП екінші конференциясы («Бірінші Бүкіл россиялық») партия съезін 1907 жылы 15 (28) мартта шақыруға шешім қабылдады. Съезге әзірлік әрқайсысы өз платформасын ұсынған большевиктер мен меньшевиктер арасындағы қызу күрес үстінде өтті (большевиктік платформа —«РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобалары»—қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 15-том, 1—11-беттер).

Съезге партияның 147 мыңнан астам мүшелерінің өкілдері болған 336 делегат қатысты. Большевик делегаттар — 105, меньшевиктер — 97, бундшылдар — 57, поляк социал-де-

мократтары — 44, Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілдері —29, «фракциядан тысқарылар»—4 болды.

Ірі өнеркәсіп орталықтары съезге большевиктерді жіберді. Петербург партия ұйымы 17 делегаттан 12 большевик, Москва және Москва округтік партия ұйымдары 19 делегаттан 16 большевик, Урал партия ұйымы 19 большевик, Иваново-Вознесенск, Владимир, Кострома округтік, Брянск, Қазан, Красноярск партия ұйымдары тек қана большевик делегаттар жіберді. В. И. Ленин съезге Верхне-Камск ұйымынан сайланды. Съезге В. И. Ленин бастаған большевик-делегаттардың ұйымдасқан тобы қатысты, бұл топта: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, В. П. Ногин, М. Н. Покровский, К. Н. Самойлова, И. В. Сталин, А. М. Стопани, И. А. Теодорович, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалар болды. Съездің жұмысына кеңесші дауыспен А. М. Горький қатысты.

Съездің күн тәртібін талқылау 4 мәжіліске дерлік созылды және большевиктер мен меньшевиктердің арасында түбегейлі принциптік алауыздықтар бар екенін көрсетті. Большевиктер съездің күн тәртібіне негізгі принциптік теориялық және саяси мәселелердің: буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі социал-демократияның тактикасы туралы, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселелердің енгізілуін талап етті. Троцкий қолдаған меньшевиктер мен бундшылдар бұған қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революциядағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы мәселелерді күн тәртібінен алып тастауға күш салды.

Большевиктер табанды күрестен кейін, поляк және латыш социал-демократтарының қолдауымен, съездің күн тәртібіне жалпы принциптік бір мәселені: буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені ғана кіргізе алды. «Бұл мәселе,— деп көрсетті Ленин,—съездің барлық принципті мәселелерінің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл жұмысының да ең басты мәселесі болды» (Шығармалар толық жинағы, 15-том, 405—406-беттер). Ұзаққа созылған, қызу жарыс сөзден соң мынадай күн тәртібі қабылданды: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Думадағы фракцияның есебі және фракцияны ұйымдастыру. 3. Буржуазиялық партияларға көзқарас. 4. Мемлекеттік дума. 5. «Жұмысшы съезі» және бейпартиялық жұмысшы ұйымдары. 6. Кәсіптік одақтары және партия. 7. Партизандық қимылдар. 8. Жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс және локауттар. 9. Ұйымдық мәселелер. 10. Штуттгарттағы халықаралық конгресс (1 май, милитаризм). 11. Армиядағы жұмыс. 12. Әр түрлі мәселелер. Съездің жұмысы созылып кетуі және қаржының сарқылуы салдарынан Мемлекеттік дума туралы, кәсіптік одақтары және партия туралы, партизандық қимылдар туралы мәселелер, ұйымдық мәселелер съездің соңғы екі жұмыс күнінде шешілді. Бұл

мәселелер жөнінде баяндамалар болған жоқ, съезде фракциялардың атынан енгізілген ұсыныстар мен қарарлар ғана талқыланды. Жұмыссыздық туралы, экономикалық дағдарыс және локауттар туралы, Штутгарттағы халықаралық конгресс туралы мәселелер талқылаудан алынып тасталды.

Ленин съездің президиумына сайланды; ол съезде күн тәртібінің аса маңызды мәселесі — буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша баяндама жасады және қорытынды сөз сөйледі, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша, Думадағы фракцияның қызметі туралы баяндама бойынша сөз сөйледі, буржуазиялық революциядағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы принциптік мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізуді жақтап сөз сөйледі; меньшевиктерге, бундшылдарға, Троцкийге қарсы сөз сөйледі, съездің 6, 7, 14, 15, 27, 34, 35-мәжілістерінде председательдік етті.

Съезде большевиктерді Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Латыш өлкесі Социал-демократиясының делегаттары қолдады. Оларды революциялық платформаға топтастырып, большевиктер съезде көпшілік болды, сөйтіп революциялық маркстік бағыттың жеңісін қамтамасыз етті. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд большевиктік қарарлар қабылдады.

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Ленин жазған қарар қабылданды. Бұл қарарда съезд пролетарлық емес партиялардың бәріне — қаражүздіктерге, октябристерге, кадеттерге және эсерлерге — большевиктік баға беріп, революциялық социал-демократияның бұл партиялар жөніндегі тактикасын тұжырымдады. Бұл большевиктердің үлкен жеңісі еді. Партия, деп жазды Ленин кейіннен, «пролетарлық емес партиялар туралы Лондон қарарында революцияның сабақтарына негізгі қорытындылар жасады. Социал-демократиялық пролетариат бұл қарарда таптардың революциядағы өзара қатынастары бағасын дәл және айқын айтып, барлық басты партиялардың әлеуметтік негізін және жұмысшы қозғалысының демократия жолындағы күресінің негізгі міндеттерін белгіледі» (Шығармалар, 16-том, 134-бет).

Съезд Мемлекеттік дума туралы большевиктік қарар қабылдады, онда социал-демократияның Думадағы міндеттері тұжырымдалды; социал-демократияның Думадағы қызметі Думадан тысқары қызметіне бағындырылуға тиіс, Думаны ең алдымен самодержавиені және буржуазияның келісімпаздық саясатын әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін трибуна ретінде пайдалану керек деп көрсетілді. Фракцияның есебі жөніндегі қарарында съезд Думадағы социал-демократиялық фракция съезд директиваларына сәйкес және Орталық Комитеттің басшылығымен Россия пролетариатының ісіне қызмет ете беретініне сенім білдірді.

«Жұмысшы съезі» туралы мәселе бойынша «Пролетариат ішіндегі анархистік-синдикалистік ағымға байланысты бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 10—11-беттер) қарардың съезге Ленин әзірлеген жобасы негізінде жазылған большевиктік қарар қабылданды. «Кәсіптік одақтары және партия» мәселесі жөніндегі қарарда съезд кәсіподақтардың «бейтараптығы» жөніндегі оппортунистік теорияны теріске шығарып, партияның кәсіподақтарға идеялық және саяси басшылық етуіне жету қажет деп тапты. Съезд екі орталық болуын (съезде Орталық Комитеттің және Орталық Органның сайлануын) жойып, партия уставына өзгеріс енгізді. Өзгертілген устав бойынша съезде тек Орталық Комитет қана сайланды, ал Орталық Орган редакциясын Орталық Комитет тағайындап, оның жұмысына бақылау жасап отыруға тиіс болды. Уставта партия өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін мезгіл-мезгіл партиялық кеңестер шақырып отыру көзделді.

Орталық Комитетке 5 большевик, 4 меньшевик, 2 поляк социал-демократы, 1 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттыққа 10 большевик, 7 меньшевик, 3 поляк социал-демократы және 2 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитетке мүшелер және мүшелікке кандидаттар болып В. И. Ленин, Ф. Э Дзержинский, И. Ф. Дубровинский, В. П. Ногин, Л. Б. Красин, Л. Тышко, Ю. Мархлевский және басқалар сайланды. Кейіннен Орталық Комитет құрамына тағы да 3 адам: Бундтан 2 адам және Латыш өлкесі Социал-демократиясынан 1 адам енгізілді.

Әр түрлі ағымдардың өкілдері кірген Орталық Комитет тарапынан жасалатын басшылықтың сенімсіздігі (ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері большевиктер мен меньшевиктердің арасында жиі ауытқып отырды) ескеріліп, съезд жұмысының соңында, большевиктік фракцияның мәжілісінде, Ленин бастаған Большевиктік Орталық сайланды, оған «Пролетарий» газетінің редакциясы да кірді.

РСДРП бесінші съезі Россия жұмысшы қозғалысында большевизмнің жеңісі болды. Съезд шешімдерінде буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі партияның оппортунистік, меньшевиктік қанатын большевизмнің жеңуінің қорытындылары шығарылды. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін бірыңғай тактика есебінде мақұлданды.—*45*.

[46] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 95 және 97-беттер. —*48*.

[47] Қараңыз: Г. В. Плеханов. «Тағы да біздегі жағдай туралы (Х. жолдасқа хат)». (Шығармалар, XV том, 1926, 12-бет). — *49*.

[48] *ППС*—Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия.

Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұруға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын

қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлігі Лондондағы реакциялық, поляк эмиграанттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлігі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлігі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.—*50.*

49 *Выборг манифесі* немесе Выборг үндеуі — 1906 жылы 9—10 (22—23) июльде Выборг қаласында болған кеңесте қабылданған «Халық өкілдерінің халыққа» үндеуі; Дума таратылғаннан кейін I Мемлекеттік думаның 200-ге жуық бұрынғы депутаттары, көбі кадеттер, Выборгке келген болатын. Үндеудің текстін осы кеңесте құрылған, құрамына кадеттер, трудовиктер және меньшевиктер кірген комиссия әзірледі. Үндеу халықты Думаның таратылуына қарсы наразылық білдіру ретінде салықтарды төлеуден бас тартуға, рекрутке кісі бермеуге, Думаның рұқсатынсыз шығарылған заемдарды мойындамауға шақырды. Кадеттер осындай «енжар қарсылық» шараларымен бұқаралық революциялық қозғалыстың тасқынын тыныш арнаға түсірмекші болды. 1906 жылы сентябрьде өздерінің съезінде кадеттер «енжар қарсыласуды» қолдануға ашық қарсы шығып, Выборг үндеуінің шақыруынан бас тартты.

Выборгтегі кеңестен соң көп кешікпей-ақ патша үкіметі оған қатысушыларды сотқа тартты. 1907 жылы декабрьде сот болып, үндеу қабылдаушыларды үш айға түрмеге отыру жазасына кесті.—*55.*

50 *«Азаттық одағы»*— 1904 жылы негізі қаланған либералдықмонархиялық ұйым. «Азаттық одағы» 1902 жылдан бастап шетелдегі «Освобождение» журналы төңірегіне топталған либерал-буржуазиялық интеллигенцияны және земстволық қозғалыстың кейбір «солшыл» өкілдерін біріктірді.

«Азаттық одағы» жалған оппозициялық әрекеттері арқылы патшадан орыс буржуазиясы үшін кейбір реформалар мен жеңілдіктер алуға тырысты. Шын мәнінде «освобождениешілдер» конституциялық монархияны жақтаушылар еді, олар патша үкіметімен мәмлеге келуге тырысты, өздерінің революцияға және халық мүдделеріне опасыздық жасағанын жалған демократизммен бүркемеледі.

«Азаттық одағы» 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. 1905 жылы июльде «Азаттық одағы» «Земствошы-конституционалистер одағымен» бірге «конституциялық-демократиялық» партияның ұйымдастыру комитетін құрды, яғни Россиядағы басты буржуазиялық партияның — 1905 жылғы октябрьде өзінің құрылтай съезінде құрылған кадеттер партиясының ұйтқысы болды. — *55.*

51 *Свеаборг қамалындағы көтеріліс* (Гельсингфорс маңында) 1906 жылы 17 (30) июльден 18 (31) июльге қараған түнде басталды. Көтеріліс едәуір дәрежеде эсерлердің арандатуымен стихиялы түрде және мезгілінен ертерек бұрқ ете қалды. Партияның Петербург комитеті Свеаборгтегі жағдай және қарулы көтерілістің болып қалу мүмкіндігі жайында мәлімет алысымен, Свеаборгке дереу делегация жіберу жөнінде қаулы алып, бой көрсетуді кейінге қалдыруға әрекет жасауды, егер олай істеу қолдан келмеген күнде, көтерілісті басқаруға мейлінше белсене қатысуды ұйғарды. Қаулының текстін В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 362-бет). Стихиялық бой көрсетуді кідіртуге болмайтынына көздері жеткен соң, большевиктер көтерілісті басқарды. Көтерілістің басшылары РСДРП әскери ұйымының мүшелері — подпоручиктер А. П. Емельянов пен Е. Л. Коханский болды. 7 артиллерия ротасы (10 ротадан) көтеріліске белсене қатысты. Көтерілісшілер самодержавиені құлату, халыққа бостандық беру, жерді шаруаларға беру ұранын көтерді. Көтерілісшілерді Финляндияның жұмысшы табы қолдады; 18(31) июльде Гельсингфорсте, одан соң басқа қалаларда жаппай ереуіл басталды. Көтеріліс үш күнге созылды. Алайда жалпы бой көрсетудің дайындалмағандығы білінді, сөйтіп 20 июльде (2 августа) соғыс кемелері қамалды атқылағаннан кейін, Свеаборг көтерілісі басып тасталды. Көтеріліске қатысушылар сотқа берілді. Соттың үкімі бойынша 43 адам дарға асылды және жүздеген адам каторгаға айдалып, түрмеге жабылды.— *56.*

52 *104-тің аграрлық заң жобасы* — Мемлекеттік думаның 104 мүшесі қол қойған аграрлық заң жобасын 1906 жылы 23 майда (5 июньде) Думаның 13-мәжілісінде трудовиктер ұсынды. Заң жобасы «барлық жер қазынасымен, суымен бүкіл халықтың иелігінде болатын тәртіп орнатуға ұмтылуды, сонымен бірге ауыл шаруашылығына қажетті жер оны өз еңбегімен өңдейтін адамдардың ғана пайдалануына берілетін болуын»

жер заңының мақсаты етіп қойды («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 172-бет). Бұл үшін «жалпы халықтық жер қорын» жасау талабы ұсынылды, оған барлық қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлер кіруге тиісті болды; жеке иеліктегі жер көлемі осы жергілікті жерге белгіленген еңбек нормасынан артық болғандықтан, помещиктік және басқа жеке меншік жерлер күштеп иеліктен айыру арқылы әлгі қорға берілуі тиіс еді. Иеліктен айрылған жеке меншік жерлерге біраз ақы төлеу көзделді. Үлесті жерлер және ұсақ жеке иеліктегі жерлер уақытша иелерінде қалдырылуға тиіс болды; сонымен қатар заң жобасы одан әрі бұл жерлердің де біртіндеп жалпы халықтық меншікке көшуін көздеді. Аграрлық реформаны жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттер жүргізуге тиіс болды. Бұл талаптар жерге жеке меншікті дереу және толық жоюдан қорыққан және иеліктен айрылған жерлерді сатып алуға келісетін ауқатты шаруалардың мүдделерін бейнеледі. В. И. Ленин «104-тің жобасында» «...ұсақ меншікшінің тым қауырт төңкеріс жасаудан, халықтың тым көп және тым кедей бұқарасын қозғалысқа тартудан *қорқушылығы* бар» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 313-бет) деп атап көрсетті. Дәйексіздігіне және утопияшылдығына қарамастан, «104-тің жобасы», Лениннің көрсеткеніндей, кіріптарлыққа түскен шаруалардың ауқатты бөлегін еркін фермерлерге айналдыру жолындағы күрес платформасы болды.— *56*.

53 Бұл арада I Мемлекеттік думаның 33 депутаты (негізінен трудовиктер) қол қойған *«Негізгі жер заңының жобасы»* туралы айтылып отыр. «33-тің жобасы» эсерлердің тікелей қатысуымен жасалды және солардың аграрлық мәселе жөніндегі көзқарасын білдірді. «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу және толық жоюды негізгі талап етіп қойды, жерді пайдалануда барлық азаматтардың тең праволылығын, тұтыну және еңбек нормасы бойынша жер теңгермелі түрде қайта бөлінетін қауымдық жер пайдалану принципін жариялады. Трудовиктердің басқа жобаларына қарағанда, «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу жоюды неғұрлым батыл талап етті және помещиктік жерлерді төлем ақысыз конфискелеуді көздеді.

1906 жылғы 6 (19) июньде Думаның қарауына енгізілген «33-тің жобасы» кадеттер тарапынан қызу қарсылыққа кезцесті, сөйтіп 78 дауысқа қарсы 140 дауыстың көпшілігімен қабылданбады.— *56*.

54 В. И. Ленин *«XIX ғасырдың аяғындағы Россиядағы аграрлық мәселе»* деген еңбегін ағайынды Гранаттар серіктігі шығарған энциклопедиялық сөздікке арнап 1908 жылы жазған. Цензура жағдайына байланысты бұл еңбек ол кезде жарияланбай қалған-ды. 1918 жылы «Жизнь и знание» кітап бас-

пасы оны бірінші рет жеке кітапша етіп басып шығарды. В. И. Ленин бұл еңбегін жазған кезде өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том және 16-том, 205—444-беттер) деген шығармаларындағы аграрлық мәселе жөніндегі статистикалық цифр-деректері мен кестелерді пайдаланды.

Кітаптың қолжазбасы сақталмаған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде бұл еңбектің машинкаға басылған текстінің соңғы алты парағы сақтаулы. Соңғы парақта еңбекті жазып бітірген күн көрсетілген: «1908 ж. жаңаша 1 июль».— *59.*

55 Бұл арада В. И. Ленин мына кітапты айтып отыр: «1905 ж. жер иелігі статистикасы. Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша мәліметтер жинағы». Ішкі істер министрлігінің Орталық статистика комитетінің басылымы. СПБ., 1907.— *61.*

56 Бұл арада В. И. Ленин 1905 жылы 20 апрельде (3 майда) «Сын Отечества» газетінің 54-номерінде басылған Н. А. Рубакиннің «Біздің билеп-төстеуші бюрократия жөніндегі цифрлар» деген мақаласын айтып отыр.— *65.*

57 Чиншілер—жерді мерзімсіз ұзақ уақытқа жалға алушы мұрагер арендатор шаруалар немесе қала тұрғындары; олар учаскелерді иелену және пайдалану правосы үшін ең жоғарғы жер иесіне үнемі чинш — заттай немесе ақшалай оброк төлеп тұруға міндетті болған; чиншті төлемеу жердің басқа кісіге берілуіне әкеп соқтырды. Феодалдық тәуелділіктің бұл формасы Батыс Европада неғұрлым көп тарады; Россияда чинш түріндегі қарым-қатынастар негізінен Польшада, Литвада, Украинада және Белоруссияда болды. Чинш түріндегі міндеткерліктер мен жерді құнын төлеп алу феодалдық жер қатынастарының сарқыншақтары ретінде Россияда XX ғасырдың басына дейін сақталды.

Резештер — Молдавия мен Бессарабиядағы ұсақ жер меншігі иелері.

Тептярлар — Урал мен Поволжьеден қоныс аударып келіп, Башқұртстан жерінде орнығып қалған жаңа башқұрттар.— *67.*

58 Россияда шаруалар феодалдық қоғамдағы тап ретінде: 1) жеке иеліктегі (помещиктік) шаруалар, 2) мемлекеттік (қазыналық) шаруалар және 3) уделдік (патша әулетіне жататын) шаруалар болып үлкен-үлкен үш разрядқа бөлінді. Осы разрядтардың әрқайсысы бір-бірінен өзінің шыққан тегіне, жер иелену және жер пайдалану формаларына, заңдық және жер жағдайына және т. т. қарай айырмашылығы болған бірнеше

категорияларға және айырықша топтарға бөлінді. Патша үкіметінің крепостник-помещиктердің мүдделерін көздеп, 1861 жылы жасаған реформасы шаруалардың ала-құла, әр түрлі разрядтарын сол күйінде қалдырды, бұл 1917 жылға дейін сақталды. Ресми (үкіметтік) және земстволық статистика статистикалық мәліметтер жинағанда шаруалардың осы категориялары мен разрядтарын бөлектеп көрсетті.

Мемлекеттік шаруалар — мемлекеттік (қазыналық) жерлерді өңдейтін және жан басына төленетін алым-салықтан басқа, мемлекетке немесе қазыналық имениелердің арендаторларына феодалдық оброк төлейтін шаруалар разряды. Мұның үстіне олар көптеген міндеткерлік (жолды жөндеу, солдаттарға үй беру, арбакештік және т. т.) атқаратын. Мемлекеттік шаруалар құрамы әр түрлі еді. I Петр кезінде олардың қатарына: бір үйлі, қара соқалы шаруалар, жарым-жартылар, Солтүстік поморьедегі сибирьлік егінші адамдар, Поволжье мен Приуральедегі шағын халықтар (татарлар, чуваштар, мордвалар, удмурттар, комилер) жатқызылды. Кейіннен мемлекеттік шаруалар қатарына экономиялық шаруалар (қазынаға өткен секуляризацияланған шіркеу вотчинасының крепостнойлары), батыс территориялардағы және Закавказьедегі қазыналық шаруалар, украин казактары және т. б. тіркелді. Мемлекеттік шаруалардың жерді пайдалану және жер иелену формалары тым ала-құла еді, бұл ала-құлалық шаруалар реформасынан кейін де сақталды.

Уделдік шаруалар — уделдік жерлерді өңдейтін шаруалар разряды. Уделдік шаруалар жан басына төленетін алым-салықтан басқа, феодалдық оброк төледі және әр түрлі міндеткерлікті атқарды, олардан патша әулетінің қажетіне заттай салықтар алынып отырды. 1797 жылы уделдік имениелер құрылғанда, олардағы шаруалардың жағдайы мемлекеттік шаруалар мен помещиктік шаруалардың аралығындағы жағдай ретінде белгіленді. Уделдік шаруалар жөнінде крепостниктік правоны жою 1858 жылы басталды, бірақ 1863 жылы ғана түпкілікті жойылды. Уделдік шаруалар үлесті жерлерді өздерінің меншігіне алып, 49 жыл ішінде оның құнын міндетті түрде төлеуге тиіс болды. Уделдік шаруалардың жермен қамтамасыз етілуі помещиктік шаруалардан аздап жоғары, ал мемлекеттік шаруалардан төмен болды.

Сыйлықты шаруалар—негізінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс қара топырақты губерниялардағы бұрынғы помещиктік шаруалардың бір бөлегі, олар крепостниктік тәуелділіктен азат болғанда помещиктерден сыйлық ретінде, яғни құнын төлемей үлесті жер алған. 1861 жылғы шаруалар реформасы туралы «Ережеге» сәйкес помещиктер шаруалармен «ерікті келісім бойынша» «жоғары» немесе «указдық» үлесті жердің (үй іргесіндегі жерді де қоса) төрттен бір бөлігін олардың меншігіне сыйлыққа беруге праволы болды, ал шаруалардың

қалған жерлері помещиктің меншігіне айналуға тиіс. 1861 жылғы реформаның помещиктік, тонаушылық сипатының айқын мысалы болып табылатын сыйлыққа берілетін үлес халық арасында «ширек» үлес, «жетімнің» үлесі, «мысық» терісіндей үлес немесе «гагариндік» үлес (великорус және малороссиялық губернияларда шаруаларды жерге орналастыру туралы жергілікті ережелердің тиісті статьяларының жобасын ұсынған князь П. П. Гагариннің есімі бойынша) деп аталып кетті.

Сыйлықты шаруалар Воронеж, Харьков, Полтава, Тамбов сияқты жері аз қара топырақты губернияларда көп еді, бұл губернияларда помещиктер басып алған жердің рыноктық бағасы жоғары болды. Оңтүстік-шығыс және оңтүстік қаратопырақты губернияларда: Оренбург, Уфа, Саратов, Екатеринослав, Самара губернияларында көптеген шаруалар сыйлыққа үлесті жерлер алды, бұларда жерге деген арендалық баға помещиктің пайдасына оброк алудың «19 февральдағы ережелері» бойынша белгіленген бағадан анағұрлым төмен болатын. XX ғасырдың бас кезінде халықтың өсуіне және осыған байланысты жерді қайта бөлудің салдарынан сыйлықтылар өздерінің үлесті жерлерінен түгелдей дерлік айырылды, сөйтіп жермен ең нашар қамтамасыз етілген шаруалар негізінен осылар болды.

Толық меншікші шаруалар — өздерінің үлесті жерлерін мезгілінен бұрын сатып алып, жерге жеке меншік правосына ие болған бұрынғы помещиктік шаруалар. Толық меншікші шаруалар — деревняның біршама шағын, неғұрлым ауқатты тобы.

Қауымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалардың жерді жеке меншікке алуға праволары болмады, олар егістік жерлерді, шабындықтарды қауымдық жер иеленушілік негізінде пайдаланды.

Ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар — Москва мемлекетінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс шет аймақтарын қорғаған бұрынғы ұсақ қызметші адамдардың ұрпақтары (боярлардың, казактардың, стрелецтердің, драгундардың, солдаттардың және т. т. балалары). Москва патшасы оларға қызметі үшін ширекпен өлшенетін жер (жарты десятина) берді, олар бір үйге орналасты (олардың екінші аты — бір үйлілер деген осыдан шыққан). Бір үйлілердің ширек жер иеліктерімен қатар, қауымдық жер иеліктері де болды.

Жеке басы ерікті болған бір үйлілер ұзақ уақыт бойы дворяндар мен шаруалардың арасында аралық жағдайда болды, крепостнойлар ұстауға праволы болды. I Петр кезінде бір үйлілер мемлекеттік шаруаларға айналдырылды, ал олардың жерлері мемлекет меншігіне өтті. Бірақ ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар іс жүзінде өздерінің жерлерін өзінің жеке меншігіндегі жері сияқты пайдаланды; бұлардың қа-

уымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалардан — жерді сатып алуға, өзінің жерін сатуға немесе мұра етіп қалдыруға праволары жоқ шаруалардан ерекшелігі де осында.

Помещиктік шаруалардан мемлекеттік болған шаруалар — мемлекеттік шаруалар категориясы, бұларды қазына жеке иелерден алған немесе жеке иелер оларды қазынаға берген және т. т. Мемлекеттік шаруалар разрядына жатқан бұлар аз правомен пайдаланды; бұл категориядағы шаруалардың праволары 1861 жылғы реформаның қарсаңында 1859 жылы теңестірілді, бірақ кейбір өзгешеліктер сақталып қалды.

Ерікті егіншілер—1803 жылғы 20 февральдағы заң бойынша крепостниктік тәуелділіктен азат етілген шаруалар разряды, бұл заңда помещиктер белгілеген шарт бойынша шаруаларды жерімен еркіне жіберуге помещиктерге рұқсат берілді.— *67.*

59 Россиядағы *қауым* (жер қауымы) — шаруалардың жерді бірлесіп пайдалапу формасы, онда ауыспалы егіс тәртібі еріксіз енгізілді, ормандар мен жайылымдар бөлмей пайдаланылды. Жаппай кепілдік (ақша төлемдерін мезгілінде әрі толық өтеп отыру және мемлекет пен помещиктердің пайдасына алуан түрлі міндеткерлікті орындау үшін шаруалардың ықтиярсыз коллективтік жауапкершілігі), жерді үнемі қайта бөліп отыру және жерден бас тарту правосының болмауы, жерді сатып алуға және сатуға тыйым салу орыс жер қауымының аса маңызды белгілері болды.

Помещиктер мен патша үкіметі қауымды крепостниктік езгіні күшейту үшін және халықтан сатып алу төлемдері мен алым-салықтар жинау үшін пайдаланды.— *68.*

60 Бұл арада сөз 1861 жылғы «шаруалар реформасы» туралы болып отыр, оны жүзеге асырған кезде помещиктер шаруаларды тонап алды, өйткені оларды пайдалануындағы жердің едәуір бөлігін помещиктерге беруге мәжбүр етті. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен астамын, тіпті $^2/_5$ бөлігін өздеріне кесіп алды. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөліктері («кесіп алынған жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Шаруалардың үлесті жерлерін өз меншіктеріне сатып алуы оларды помещиктер мен патша үкіметінің тікелей тонауы болды. Шаруалардың патша үкіметіне борышын 6 процент өсіммен бөліп-бөліп өтеуге 49 жыл мерзім белгіленді. Жерді сатып алу жөніндегі берешектер жылдан-жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне сатып алу операциясы бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал оның бер жағында шаруалардың қарамағына көшкен жердің рыноктық бағасы 544 миллион сомнан аспайтын. Іс жүзінде

шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруа шаруашылықтарының күйзелуіне әкеліп соқтырды.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларга тұңғыш рет жаппай зорлық жасағандық, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалағандық» деп атады. 1861 жылгы реформа туралы Лениннің «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетар-шаруа революциясы» деген еңбектерін (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер) қараңыз.— *68.*

61 Әңгіме мына кітап туралы болып отыр: «Beiträge zur Kenntniss des Russischen Reiches und der angränzenden Länder Asiens». Auf Kosten der Kaiserl. Akademie der Wissenschaften herausgegeben von K. E. Baer und Gr. Helmersen, St.-Petersburg, 1845 («Орыс мемлекетін және онымен іргелес жатқан Азия елдерін зерттеу жөніндегі очерктер». Императорлық Ғылым академиясының қаржысына К. Е. Бердің және Гр. Гельмерсеннің редакциялауымен шығарылды, С.-Петербург, 1845).— *73.*

62 *Шөмелелік жұмыс* — Россияның оңтүстік аудандарында заттай төленетін кіріптарлық аренда осылай аталатын; бұл жағдайда жерді арендаға алушы жер иесіне әр «шөмеледен» егін түсімінің белгілі бір үлесін (жартысын, кейде одан да көбірегін) және оның үстіне әр түрлі «жұмыспен өтеу» арқылы өз еңбегінің бір бөлегін беретін.— *79.*

63 *Ревизиялық жандар* — крепостниктік Россиядағы жан басына салық салынуға тиісті ер адамдар (негізінен алғанда шаруалар мен мещандар), олардың саны айрықша санақтар («ревизия» дейтіндермен) арқылы есепке алынды. Россияда мұндай «ревизиялар» 1718 жылдан жүргізіле бастады; 1857—1859 жылдары соңғы, оныншы «ревизия» жүргізілді. Бірқатар аудандарда жер село қауымдарының ішіндегі ревизиялық жандарға қарай қайта бөлінді.— *86.*

64 *«Северный Вестник»* («Солтүстік Хабаршысы») — либералдық бағыттағы әдеби-ғылыми және саяси журнал; Петербургте 1885 жылдан 1898 жылға дейін шығып тұрды. Журнал шыгарыла бастаған алғашқы жылдары онда халықшылдар Н. К. Михайловскийдің, С. Н. Южаковтың, В. П. Воронцовтың, С. Н. Кривенконың және басқалардың мақалалары басылды. 1891 жылдан бастап журнал іс жүзінде орыс символистері мен декаденттерінің органы болды да, идеализмді және мистицизмді уагыздады.— *86.*

65 Бұл арада В. И. Ленин мына жинақты айтып отыр: «Землянск, Задонск, Коротоякск және Нижнедевицк уездеріндегі

шаруалардың жер иеленуі жөніндегі бағалау мәліметтерінің жинағы». «Воронеж губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағының» III, IV, V және VI томдарына қосымша, Воронеж, Воронеж губерниялық земствосының басылымы, 1889.— *104.*

66 Бұл арада мына еңбек айтылып отыр: Drechsler, H. «Die bäuerlichen Zustände in einigen Theilen der Provinz Hannover» («Ганновер провинциясының кейбір бөліктеріндегі шаруалардың жағдайы»). Қараңыз: «Schriften des «Vereins für Sozialpolitik»». XXIV. 1883. «Bäuerliche Zustände in Deutschland». Berichte veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Dritter Band (««Әлеуметтік саясат қоғамының» жазбалары». XXIV. 1883. «Германиядағы шаруалардың жағдайы». «Әлеуметтік саясат қоғамы» жариялаған есеп. Үшінші том).— *109.*

67 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығып тұрған буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; Петербургте 1866 жылдан 1918 жылға дейін шығып түрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы бағытталған мақалалар басылды. 1908 жылға дейін журналдың бастырушы-редакторы М. М. Стасюлевич болды.— *111.*

68 Бұл мәліметтер мына кітапта: «Самара губерниясы бойынша статистикалық мәліметтердің жиынтық жинағы», 8-том, 1-кітап, Самара, Самара губерниялық земствосының басылымы, 1892.—*116.*

69 Бұл арада В. И. Ленин 1896 жылы июльде «Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины» журналында басылған М. С. Уваровтың «Шет кәсіпшіліктің Россияның санитарлық жағдайына тигізетін әсері туралы» деген мақаласын айтып отыр. — *118.*

70 В. И. Ленин 1894 жылы «Саратов земствосы жинағының» 6 және 11-номерлерінде басылған Н. Ф. Рудневтің «Европалық Россиядағы шаруалар кәсіпшіліктері» деген мақаласынан цифрлар келтіреді. — *119.*

71 Бұл арада В. И. Ленин Н. И. Тезяковтың мына кітабын айтып отыр: «Ауыл шаруашылығы жұмысшылары және Херсон губерниясында оларға санитарлық бақылаудың ұйымдастырылуы», Херсон, Херсон губерниялық земство басқармасының басылымы, 1896.— *122.*

72 В. И. Ленин Н. А. Благовещенскийдің мына кітабынан деректер келтіреді: «Земствоның үй басы санағы бойынша шаруашылық мәліметтердің құрама статистикалық жинағы», I том, М., 1893. — *132.*

[73] Қараңыз: К. Маркс. «Философия қайыршылығы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 168—178-беттер) және «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 34-бет. — *137.*

[74] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 230—231-беттер.— *140.*

[75] Әңгіме Свеаборгтағы (қараңыз: осы том, 51-ескерту) және Кронштадттағы көтерілістер туралы болып отыр. Кронштадттағы матростар мен солдаттардың көтерілісі 1906 жылы 19 июльде (1 августа), Свеаборгтағы көтеріліс туралы хабар алынғаннан кейін басталды. 1906 жылдың көктемі мен жазында большевиктердің басшылығымен Кронштадтта жұмысшылардың, солдаттар мен матростардың қарулы көтерілісіне әзірлік жасалды. Алайда РСДРП әскери және жұмысшы ұйымдарының копшілік бөлегінің 9(22) июльде тұтқынға алынуы көтеріліске әзірлікті едәуір дәрежеде қиындатты. Солай бола тұрса да, басшы активтің аман қалған бөлегі Петербург комитетінің және оның өкілі Д. З. Мануильскийдің қолдауымен қарулы көтеріліске әзірлікті жүргізе берді, сонымен бірге мерзімі жетпей тұрып бой көрсетуге итермелеген эсерлерге тойтарыс беріп отырды. Свеаборг көтерілісі стихиялы түрде бұрқ ете түскен кезде Кронштадтта қарулы көтеріліске әзірлік аяқталмаған еді, дегенмен Свеаборгтағы оқиғалардың себебінен Кронштадтта көтерілісті мерзімі жетпей жатып бастауға тура келді. Большевиктер көтерілісті басқарып, оған неғұрлым ұйымшылдық сипат беруге тырысты. Келісілген белгі бойынша минерлер, саперлер, электр минасы ротасының солдаттары мен 1-және 2-флот дивизияларының матростары бір мезгілде дерлік күреске шықты; оларға қаруланған жұмысшылардың бір бөлегі де қосылды. Бірақ көтерілістің мерзімі туралы мәліметтерді арандатушылар арқылы біліп алған үкімет шайқасқа күні бұрын әзірленген еді. Көтерілістің ойдағыдай өтуіне эсерлердің іріткі салу әрекеттері де кедергі жасады. 20 июльде (2 августа) таң алдында көтеріліс жанышталды.

РСДРП Петербург комитеті 20 июльде (2 августа) Кронштадт пен Свеаборгтағы көтерілістерді қолдау мақсатымен жаппай саяси ереуіл өткізу туралы шешім қабылдады, алайда келесі күні көтерілістің жанышталғаны туралы хабар алынғаннан кейін Петербург Комитеті бұл шешімін тоқтатты.

Патша үкіметі көтерілісшілерді аяусыз жазалады. Кронштадт көтерілісіне қатысқан 2500-ден астам адам тұтқынға алынды. Әскери-далалық соттың үкімі бойынша 36 адам атылды, 130 адам каторгаға айдалды, 316 адам түрмеге отырғызылды, 935 адам тұтқында түзеу бөліміне жіберілді. — *150.*

76 *«Революционная Мысль»* («Революциялық Ой») — эсерлер тобының органы; шетелде 1908 жылғы апрельден 1909 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. Алты номері шықты.— *150.*

77 *«Знамя Труда»* («Еңбек Туы»)—эсерлер партиясының орталық органы; газет Парижде 1907 жылғы июльден 1914 жылғы апрельге дейін шығып тұрды.— *151.*

78 *«Плеве тәртібі»* — революциялық қозғалыспен күресу мақсатында Россияда 1902 жылы ішкі істер министрі В. К. Плеве енгізген қатал полициялық тәртіп. В. К. Плевенің тікелей директивалары бойынша әскер мен полиция стачкашыларға және демонстранттарға оқ атып отырды. Полициялық террор әдісін қолдана отырып, Плеве арандату және неғұрлым артта қалған жұмысшылар арасындағы тұрлаусыз элементтерді саяси азғындату жолымен жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысты. Плевенің тұсында зубатовшылдық ерекше өрістей түсті. Бір ұлтты екінші ұлтқа қарсы айдап салу саясатын жүргізген Плеве Россияның Оңтүстігінде көптеген ойрандардың инициаторы болды. — *156.*

79 *«Социал-демократияның орыс революциясындағы аграрлық программасы»* авторефераты «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітаптың (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 205—444-беттер) мазмұнын қысқаша баяндау болып табылады. В. И. Ленин бұл рефератты поляк социал-демократтарын РСДРП-дағы аграрлық мәселе жөніндегі алауыздықтармен таныстыру үшін жазған болатын; реферат 1908 жылы августа «Przegląd Sozjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналының 6-номерінде жарияланды. — *160.*

80 *Вандея* — Францияның батыс бөлігіндегі департамент, мұнда XVIII ғасырдың аяғындағы Француз буржуазиялық революциясы кезінде артта қалған шаруа халқының республикаға қарсы бағытталған контрреволюциялық көтерілісі бұрқ ете қалды. Көтеріліске католиктік дін басылары, дворяндар, эмигрант-роялистер басшылық етті және Англия қолдады.

Вандея реакциялық бүліктер мен контрреволюция ошағының синониміне айналды. — *165.*

81 *«Образование»* («Білім») — жария түрде ай сайын шығарылған әдеби, ғылыми-көпшілік және қоғамдық-саяси журнал; Петербургте 1892 жылдан 1909 жылға дейін шығып тұрды. 1902—1908 жылдары «Образование» журналында социал-демократтардың мақалалары басылды. «Образованиенің» 1906 жылғы 2-номерінде В. И. Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің V—IX тараулары

басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 167—240-беттер). — *166.*

82 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 663—664-беттер. — *168.*

83 К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 230—231-беттер. — *168.*

84 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10 (23) мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде алауыздықтар мен жанжалдар туған кезде Г. В. Плеханов журналды газеттен бөліп алудың жобасын ұсынды («Заряны» редакциялауды өзінде қалдыру үшін), алайда бұл ұсыныс қабылданбады, бұл органдардың редакциясы ұдайы бірлескен қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Плехановтың «Біздің сыншылардың сыны. 1 бөлім. П. Струве мырза әлеуметтік дамудың маркстік теориясын сынаушы рөлінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейін мырзаның рухани өсиеті» және басқа еңбектері басылды. —*173.*

85 *«Жизнь»* («Өмір») — әдеби, ғылыми және саяси журнал, Петербургте 1897 жылдан 1901 жылға дейін шығып тұрды. Журналға «жария марксистер» (М. И. Туган-Барановский, П. Б. Струве және басқалар), алдыңғы қатарлы жазушылар мен сыншылар (А. М. Горький, А. П. Чехов, В. В. Вересаев, С. Г. Скиталец, И. А. Бунин, Е. А. Соловьев) қатысты. «Жизньнің» беттерінде К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегі басылды. Журналда В. И. Лениннің «П. Нежданов мырзаға жауап» деген мақаласы да басылды (декабрь, 1899) (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 167—173-беттер).

«Жизньді» үкімет 1901 жылы июньде жауып тастады; 1902 жылы апрельде «Жизнь» социал-демократиялық тобы

(В. Д. Бонч-Бруевич, В. А. Поссе, В. М. Величкина, Г. А. жэне М. А. Куклиндер жэне басқалар) бұл журналды шетелде қайта шығара бастады. Шетелде журналдың алты кітабы, ««Жизнь» листогының» он екі номері жэне ««Жизнь» кітапханасының» бірнеше жеке басылымдары шықты. «Жизнь» тобы социал-демократиялық көзқарастан жэне оның тактикасынан христиандық социализм мен анархизмге қарай ауытқып кетті. 1902 жылы декабрьде «Жизнь» тобы таратылып, баспа жабылды. — *173.*

86 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 873—876, 871—873, 869—870-беттер. — *175.*

87 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 858—864-беттер. — *175.*

88 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 168—178-беттер. — *176.*

89 К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 34-бет. — *176.*

90 Бұл сөздерді Маркс 1871 жылы 12 апрельде Кугельманға жазған хатында айтқан (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттары, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 283-бет).— *184.*

91 *«Пшеглонд»*—«Przegląd Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу»)— поляк социал-демократтарының журналы (қараңыз: 38-ескерту). — *184.*

92 *Жас түріктер* — 1889 жылы Стамбулда негізі қаланған, «Бірлік жэне прогресс» деп аталған түрік буржуазиялық-помещиктік ұлтшыл партиясының мүшелерін Европада осылай атаған. Жас түріктер сұлтанның абсолютистік өкімет билігін шектеуге жэне феодалдық империяны буржуазиялық конституциялық-монархиялық мемлекетке айналдыруға, елдің экономикалық жэне саяси өмірінде түрік буржуазиясының ролін күшейтуге тырысты. Армияның қолдауымен жоғарыдан жасалған буржуазиялық революцияның нэтижесінде 1908 жылы июльде өкімет басына келген жас түріктер үкіметі монархияны сақтап қалды жэне реакциялық саясат жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыста Түркия жеңіліске ұшырағаннан кейін (1918 жылғы күзде) жас түрік партиясы өзін таратылды деп жариялады. — *191.*

93 *«Justice»* («Әділет»)—апталық газет; Лондонда 1884 жылдың январынан 1925 жылдың басына дейін шығарылып тұрды; Социал-демократиялық федерацияның органы, 1911 жылдан — Британ социалистік партиясының органы. 1925 жыл-

дың февралынан 1933 жылдың декабріне дейін «Social-Demokrat» («Социал-Демократ») деген атпен шықты. — *192.*

94 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет, Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін қалаған. 1905 жылы газет Россияда басталған революцияны құттықтап, «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтастығын білдірді. Газет редакциясы орыс революциясына арнап ақша жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оңшыл қанатының қолында болып, шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы Француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен газеттің басшысы және оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдарда газет қарулы күштерін Совет республикасымен күресуге жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның орталық органы болды. Екінші дүние жүзілік соғыстың басында, 1939 жылғы августа, француз үкіметі газетке тыйым салды, сөйтіп ол құпия жағдайға көшті. Францияны гитлерлік әскерлер оккупациялаған кезеңде (1940—1944) газет құпия шығып тұрды, Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігін нығайту жолында, жұмысшы табының қимыл бірлігі жолында, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту жолында, демократия және әлеуметтік прогресс жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. — *194.*

95 Бұл заметка «Пролетарий» газетінде «Карл Маркстің алғашқы нобайларып Петр Маслов қалай түзетеді» деген очеркке соңғы сөз ретінде басылды (қараңыз: «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы». Шығармалар толық жинағы, 16-том, 296—304-беттер). — *199.*

96 *Штутгарттағы болған халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VII конгресі) 1907 жылы 18—24 августа болып өтті.

Конгреске 886 делегат — социалистік партиялар мен кәсіптік одақтарының өкілдері қатысты. Әр елден келген делегаттар саны мынадай еді: Англиядан — 123, Австриядан — 75, Венгриядан — 25, Богемиядан — 41, Италиядан — 13, Польшадан — 23, Франциядан — 78, Америка Құрама Штаттарынан — 20 және т. т. Әсіресе, неміс делегациясының саны көп (289 адам) болды. Оның көпшілігі кәсіподақ чиновник-

тері еді, бұл — конгрестің қарарларын талқылау және қабылдау кезінде неміс социал-демократиялық партиясының позициясына күшті әсер етті.

Россия делегациясы құрамында 37 социал-демократ, 21 эсер және Россия кәсіподақтарының 7 өкілі болды. Россия делегациясына берілген 20 шешуші дауыстың социал-демократтар 10 дауысын (большевиктер $4^1/_2$ дауыс, меньшевиктер $2^1/_2$ дауыс, бундшылдарға, латыш социал-демократтары мен армян социал-демократтарына — 1 дауыстан), эсерлер— 7, кәсіподақтар өкілдері 3 дауысып алды. Большевиктер делегациясының құрамында В. И. Ленин, А. А. Богданов, И. П. Гольденберг (Мешковский), Б. А. Кнунянц, М. М. Литвинов, А. В. Луначарский, Н. А. Семашко, М. Цхакая және басқалар болды.

Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) Милитаризм және халықаралық жанжалдар; 2) Саяси партиялар мен кәсіптік одақтары арасындағы қарым-қатынастар; 3) Отар мәселесі; 4) Жұмысшылардың иммиграциясы мен эмиграциясы және 5) Әйелдердің сайлау правосы.

В. И. Ленин конгресс делегаттары — большевиктердің бірнеше рет кеңесін өткізді, оларда большевиктердің социал-демократиялық секцияда, Россия делегациясында және конгресте ұстайтын бағыты мен іс-әрекеті белгіленді, социал-демократиялық секцияның мәжілістеріне қатысып, меньшевиктердің оппортунистік бағытына қарсы күресті, Россия делегациясының мәжілістеріне қатысып, эсерлерге қарсы РСДРП позициясын қорғады.

Конгресс кезінде В. И. Ленин оппортунистерге және ревизионистерге қарсы үзілді-кесілді күресе отырып, халықаралық социал-демократиядағы солшыл күштерді топтастыру жөнінде үлкен жұмыс істеді. В. И. Лениннің солшылдардың өкілдерімен ұйымдастырған (К. Цеткин, Р. Люксембург, Л. Тышко, Г. Ледебур және басқалар) кеңестері империализм дәуірінде халықаралық социалистік қозғалыстағы революцияшыл марксистерді топтастырудың алғашқы қадамы болды.

Конгрестің негізгі жұмыстары комиссияларда шоғырланды, оларда пленум мәжілістеріне арнап, қарарлардың жобалары дайындалды. В. И. Ленин «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» мәселесі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты. А. Бебель ұсынған қарардың жобасын талқылау кезінде В. И. Ленин өзінің түзетулерімен оны революциялық марксизм рухында түбірінен өзгертті, ол түзетулерді поляк социал-демократиясының өкілдері қолдады. Қарардың жобасын принципті түрде өзгерткен өте маңызды түзету мынау болды: «Ал егер соғыс қалай да бола қалған күнде, олар (әр елдің жұмысшы табы және олардың парламенттердегі өкілдері. *Ред.)* ... қолдағы бар мүмкіндіктерді жұмсай отырып, соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты халық бұқарасын көтеруге пайдалануға және капиталистік таптық

үстемдіктің құлауын тездетуге әрекет жасауға тиіс» («Пролетарий» № 17, 20 октябрь, 1907 жыл, 6-бет). Бұл қағида 1910 жылғы Копенгаген конгресінде қуатталды және кейіннен 1912 жылы Базель конгресінің қарарына енді.

«Бұл түзетуді түпкілікті редакцияламастан бұрын Бебельмен біздің тікелей ұзақ келіс сөздер жүргізгеніміз менің жақсы есімде,— деп жазды В. И. Ленин кейініректе.—Бірінші редакциясында революциялық үгіт пен революциялық қимылдар туралы әлдеқайда тура айтылған-ды. Біз оны Бебельге көрсеттік; ол: қабылдамаймын, өйткені онда прокурорлық өкімет орны біздің партия ұйымдарын таратып жібереді, ал біз бұған бара алмаймыз, әзірге елеулі ештеңе жоқ деп жауап берді. Маман юристермен кеңескеннен кейін және нақ сол пікірді жария білдіру үшін текстi сан рет қайта өңдегеннен кейін түпкілікті формула табылды, мұны қабылдауға Бебель келісім берді» (Шығармалар, 36-том, 477-бет).

«Милитаризм және халықаралық жанжалдар» жөнінде қарардың қабылдануы халықаралық жұмысшы қозғалысында революциялық қанаттың оппортунистік қанатты жеңудегі зор табысы болды.

Конгресте отар мәселесі жөнінде де шиеленіскен күрес болды. Комиссияның Голландия «социалисі» Ван Коль бастаған оппортунистік көпшілігі, азшылықтың наразылығына қарамастан, өзінің қарар жобасын ұсынды, онда социализм тұсында цивилизаторлық роль атқара алатын отар саясатының қандайын болса да конгресс принципті түрде айыптауға тиісті емес делінген. Голландияның отар саясатын үлгілі саясат ретінде сипаттаған Ван Коль конгресте: социалистер келешекте де «жабайы халықтарға» машина және мәдениеттің басқа да жетістіктерін апарумен қатар, қолдарына қару алып барулары керек деген мәлімдеме жасады. Қарардың оппортунистік жобасын неміс делегациясының көпшілігі қолдады. Тек қана орыс, поляк социалистерінің, неміс, француз және ағылшын социалистерінің болмашы бөлегінің, сондай-ақ отарлары жоқ барлық шағын елдер социалистерінің күш салуымен комиссия қарарын қабылдатпай тастау және қарардың мазмұнын іс жүзінде өзгерткен түзетулерді қабылдау мүмкін болды. Конгресс қабылдаған отар мәселесі жөніндегі қарар отар саясаты атаулының бәрін тұп-тура және үзілді-кесілді айыптады.

Жұмысшылардың иммиграциясы мен эмиграциясы туралы қарар дайындаған комиссияда, оның Америка Құрама Штаттары мен Австралия жұмысшы аристократиясының тар цехтық мүдделерін білдіретін оппортунистік бөлегі бұл елдерге қытай және жапон пролетарларының, олар ұйымдасуға қабілетсіз дегенді сылтау етіп, иммиграция жасауын тоқтатуды талап етті. Бұл талапты жақтайтындар пленум мәжілісінде ашық сөйлеген жоқ. Бұл мәселе жөнінде де конгресс революциялық социал-демократия талаптарына,

барлық елдердің жұмысшыларына интернационалдық тәрбие беру талаптарына сай келетін қарар қабылдады.

Ленин конгрестің кәсіптік одақтары мен жұмысшы табының саяси партиялары арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде қарар қабылдауына үлкен маңыз берді. Конгресс комиссиясында кәсіподақтардың партиялығы жөніндегі лениндік бағытты А. В. Луначарский қорғады. Осы мәселе жөнінде конгресс оң қанаттың қарсылығына қарамастан, кәсіподақтардың партиялығы принципін таныған қарар қабылдады.

Конгресс шешімдеріне жалпы баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «Жалпы және тұтас алғанда, Штутгарт съезі халықаралық социал-демократияның оппортунистік және революциялық қанаттарын толып жатқан аса ірі мәселелер арқылы айқын салыстырып, бұл мәселелердің революциялық марксизм рухындағы шешімін берді» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 79-бет). Ленин Штутгартта қабылданған шешімдердің маңыздылығын көрсете келіп, бұларды кеңінен насихаттауды, сонымен қатар конгрестегі революциялық және оппортунистік ағымдар арасындағы күресті міндетті түрде ашып көрсетуді большевиктердің алдына міндет етіп қойды.

Большевиктік мерзімді баспасөз де («Пролетарий», «Вперед», жергілікті большевиктік комитеттердің газеттері), мерзімді емес баспасөз де (большевиктік «Шұғыла», «Өмір үні» жинақтары және басқалар) Штутгарт қарарларын, әсіресе милитаризм туралы, пролетарлық партиялар мен кәсіподақтар арасындағы қарым-қатынастар туралы мәселелер жөніндегі қарарларды түсіндіруге үлкен көңіл бөлді, өйткені бұл қарарлардың Россия жұмысшы қозғалысы үшін зор маңызы болды. — *202.*

97 Милитаризм туралы мәселе Ленин атап өткен халықаралық конгрестердің бәрінде талқыланды.

Париж конгресі тұрақты армияларды халықты жаппай қаруландырумен алмастыру туралы қарар қабылдады. Қарар халықтар арасында бейбітшілікті нығайтуды талап етті және социалистерді соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беруге міндеттеді. Бұл қарар бейбітшілік жолындағы күресті социализм жолындағы күреспен байланысты деп есептеді.

Брюссель конгресінде жұмысшы табының милитаризмге көзқарасы туралы мәселе жөнінде В. Либкнехт пен Э. Вайян баяндамалар жасады. Либкнехттің баяндамасы бойынша соғысты әзірлеуге тырысушылықтың қандайына болса да қарсы наразылық білдіруге шақырған және адамды адамның қанауы біржола жойылатын социалистік қоғам орнату ғана халықтарға бейбітшілік әперіп, милитаризмді құртады деп атап көрсетілген қарар қабылданды. Бірақ баяндамада да, Либкнехт ұсынған қарарда да милитаризм мен соғысқа қарсы күрестің ешқандай нақты шаралары көрсетілмеді.

Цюрих конгресінде соғыс мәселесін талқылаудың нәтижесінде Г. В. Плехановтың баяндамасы бойынша, шындығында, Брюссель қарарының жалпы қағидаларын қайталаған қарар қабылданды. Бұл қарардағы ең маңызды және саяси дұрыс пункт социалистік партияларды соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беруге міндеттейтін пункт болды.

Милитаризм және антимилитаристік тактика туралы мәселе Штутгарт конгресінде неғұрлым егжей-тегжейлі талқыланды. — *203.*

98 *«Le Peuple»* («Халық»)—күнделікті газет, Бельгия жұмысшы (реформистік) партиясының орталық органы; 1884 жылы негізі қаланған, Брюссельде шығады. — *209.*

99 *РСДРП Орталық Комитетінің пленумы 1908 жылы 11—13 (24—26) августа* Женевада *өтті.* Пленумға 12 адам қатысты, оның ішінде 5 большевик (В. И. Ленин, И. Ф. Дубровинский, В. К. Таратута және басқалар), 3 меньшевик, 1 латыш социал-демократы, 1 поляк социал-демократы және 2 бундшыл болды. Пленумның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Пленумның шақырылуы туралы есеп; 2) Жалпы россиялық конференция; 3) Шетелдегі орталық бюро және жәрдем ету топтары; 4) Орталық Комитетті ұйымдастыру; 5) Финанс жұмыстары; 6) Штутгарт конгресіне Орталық Комитеттің есебі; 7) Ағымдағы істер.

Пленумды шақырудың алдында жойымпаз-меньшевиктермен шиеленіскен күрес жүргізілді. 1908 жылдың басынан большевиктер кезекті Жалпы россиялық партия конференциясына әзірлепді. 1908 жылы 27 февральда Орталық Комитеттің орыс коллегиясы «Барлық партия ұйымдарына» деген үндеу қабылдап, онда 1908 жылы апрельдің екінші жартысында жалпы россиялық конференция шақыруға ұйғарылғаны туралы хабарланды. Бірақ конференцияны белгіленген мерзімде өткізуге жойымпаз-меньшевиктердің іріткі салу әрекеттері кедергі жасады. Орталық Комитеттің Россияда жұмыс істеп жүрген мүшелерінің бәрі дерлік тұтқынға алынғанын пайдаланып, жойымпаздар партияның басшы органы ретіндегі Орталық Комитетті тарату, сөйтіп оны кеңесші қызмет атқаратын «информациялық комиссиямен» алмастыру мақсатымен бірқатар шаралар жүргізуге әрекеттенді. «Цекист-меньшевиктердің *партияның Орталық Комитетін тікелей жойып,* бұл мекеменің қызметін тоқтатқылары келгендігін бұрын да көрсеткенбіз»—деп жазады Ленин (Шығармалар, 15-том, 464-бет).

Партияның Орталық Комитетін жоюға және партия конференциясын шақыруды іске асырмай тастауға тырысқан меньшевиктердің әрекеттеріне пленумда большевиктер батыл тойтарыс берді. Пленум күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша большевиктер ұсынған шешімдерді қабылдады. Лениннің ұсынысы бойынша конференцияны шақыру жөніндегі жұмысқа дереу кірісуге шешім қабылданды. Алда-

ғы конференцияның күн тәртібі белгіленді. Пленум Орталық Комитетті ұйымдастыру туралы және Шетелдік орталық бюроны ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде қарарлардың большевиктік жобаларын қабылдады. Соңғы шешімнің негізіне Ленин әзірлеген «Орталық шетелдік бюроны ұйымдастыру туралы қаулының жобасы» (қараңыз: осы том, 219—220-беттер) алынды. Орталық Органның редакциясына большевиктерден В. И. Ленин сайланды.

Пленум шақыру туралы есеп Орталық Комитетті ұйымдастыру туралы мәселемен бірге талқыланды, өйткені меньшевиктер мен Бундтың хат алысып, Орталық Комитетті «қайта құру» деген желеумен іс жүзінде партияның басшы органы ретінде Орталық Комитетті жоюды ұсынып отырғаны жарыс сөз кезінде белгілі болып қалды. Пленумның өзінде меньшевиктер мен бундшылдар бұл фактілерді жасыруға барынша тырысты. Осымен байланысты В. И. Ленин арнайы түрде «Орталық Комитет пленумын шақыру жөнінде мәлімдеме» тапсырды және «Орталық Комитет пленумын шақыру жөніндегі жанжал туралы қаулының жобасын» ұсынды, бұл жобаны пленум қабылдады (қараңыз: осы том, 217 және 218-беттер).

РСДРП Орталық Комитетінің август пленумынан кейін Ленин бастаған большевиктер Жалпы россиялық партия конференциясын әзірлеу жөніндегі жұмысты кең өрістетті. — *215*.

100 *«Ағылшын және неміс жұмысшыларының бейбіт демонстрациясы»* деген мақаланы В. И. Ленин соғыс қаупінің өсуіне наразылық білдіру ретінде 1908 жылы 7 (20) сентябрьде Берлинде өткен жұмысшылар жиналысына байланысты жазды. Мақала «Пролетарий» газетінің 36-номеріне арналған еді, бірақ жарияланбай қалды. — *221*.

101 «Британия жұмысшыларының Германия жұмысшыларына арнаған адресі» 1908 жылы 22 сентябрьде «Vorwärts» газетінің 222-номерінде «Die Arbeiter Britanniens an die Arbeiter Deutschlands» деген тақырыппен басылды.

«Vorwärts» («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; 1884 жылдан шығарылып келген «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен партияның Галль съезінің қаулысы бойынша Берлинде 1891 жылдан шыға бастады. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолында қалды, сөйтіп онда оппортунистердің мақалалары үзбей басылды. РСДРП-дағы оппортунизмге және ревизионизмге қарсы күресті бір жақты көрсете отырып «Vorwärts» «экономистерді», партия жікке бөлінгеннен кейін —меньшевиктерді жақтады. Реакция жыл-

дарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығаратын және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалайтын мақала бастыруына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды. — *223.*

102 В. И. Ленин «Vorwärts» газетінің 1908 жылғы 22 сентябрьдегі 222-номерінде «Die Verteidigung von Berlin!» («Берлинді қорғау!») деген тақырыппен басылған мақаладан цитат келтіреді. — *224.*

103 Әңгіме 1908 жылдың күзінде Петербургте басталған Россиядағы студенттердің бұқаралық қозғалысы туралы болып отыр. Ол кездегі студенттер қозғалысы университеттердің автономиясы қалдықтарына қарсы жорық жариялаған және студенттердің 1905 жылдан қалған еркіндіктерінің бәрін жоюға тырысқан халық ағарту министрі А. Шварцтың реакцияшыл саясатымен байланысты еді. — *234.*

104 Бұл арада «Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 3 (16) октябрьдегі 36-номерінде «Партиядан» деген бөлімде жарияланған РСДРП Петербург комитетінің шешімі туралы айтылып отыр. Петербург комитеті студенттердің социал-демократиялық топтарын коалициялық студенттер советінің үндеуінен ашықтан-ашық іргені аулақ салуға, сөйтіп студенттер қозғалысын патша өкіметіне қарсы жалпы халықтық күрестегі социал-демократияның міндеттеріне бағындыруға шақырған болатын. — *239.*

105 *«Лейпциг Халық Газеті»* («Leipziger Volkszeitung»)—герман социал-демократиясы сол қанатының органы. Газет 1894 жылдан 1933 жылға дейін күн сайын шығып тұрды; біркатар жылдар бойына газетті Ф. Меринг және Р. Люксембург редакциялады. Газет 1917 жылдан 1922 жылға дейін герман «тәуелсіздерінің» органы, ал 1922 жылдан кейін оңшыл социал-демократтардың органы болды. — *244.*

106 *«Берлин трактаты»*— 1878 жылы 13 июнь — 13 июльде Берлинде өткен халықаралық конгресс жұмысының нәтижесінде қол қойылған шарт. Конгресс Германияның астыртын қолдауымен, Австро-Венгрия мен Англияның талап етуі бойынша, 1878 жылы мартта Россия мен Түркия арасында жасалған Сан-Стефан шартының талаптарын қайта қарау үшін, Россияны оның 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысындағы жеңістерінен айыру, шарттың бәрінен де гөрі Россияның және Балқандағы славян мемлекеттерінің мүдделеріне сай келетін талаптарын жою мақсатымен шақы-

рылды. Англия бұғаздарға іргелес жерден күшті, Россиямен достас, Болгарияның құрылуына жол бермеуге тырысты. Австро-Венгрия Балқандағы славян мемлекеттерінің күшеюіне кедергі жасағысы келді. Конгресс Россия. Англия, Австро-Венгрия, Германия, Франция, Италия және Түркия үкіметтері өкілдерінің трактатқа қол қоюымен аяқталды; бұл трактат Сан-Стефан шартының талаптарын Россияның және Балқан түбегіндегі славян халықтарының мүдделеріне нұқсан келтіретіндей етіп өзгертті. Қолайсыз жағдайларға қарамастан, Россия бірқатар ережелердің мақұлдануына, атап айтқанда, Бессарабияның оңтүстік бөлігінің (1856 жылғы Париж шарты бойынша Россиядан бөліп әкетілген) өзіне қайтарылып берілуіне жетті. Батум, Карс және Ардаган округтарымен қоса Россияның қолында қалды. Алайда Австро-Венгрия Босния мен Герцеговинаны оккупациялауға «право» алды. Англия құпия ағылшын-түрік конвенциясы бойынша Кипр аралын алды. Берлин конгресі және оның туындысы — Берлин трактаты — Балқандағы қайшылықтардың күшейіп, шиеленісе түсуіне әкеп соқтырды, сөйтіп бұл арқылы болашақтағы дипломатиялық жанжалдар мен соғыстарға негіз әзірледі. Берлин трактаты 1912—1913 жылдардағы Балқан соғыстарына дейін күшінде болды, бірақ оның қаулыларының бір бөлегі орындалмай қалды немесе кейіннен өзгертілді.— *246.*

107 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. Берлинде 1897 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды.— *248.*

108 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет, Петербургте 1868 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде бәяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін ол реакцияшыл дворяндар тобы мен чиновниктік-бюрократтық топтың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздікшілдердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын бүтіндей қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *249.*

109 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; барлық елдердегі социалистік партиялар өкілдерінен Халықаралық социа-

листік бюроны құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 жылғы сентябрь) қабылданды. Халықаралық социалистік бюродағы орыс социал-демократтарының өкілі болып Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский сайланды. 1905 жылдан бастап Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі ретінде В. И. Ленин кірді. Бюрода Ленин II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүргізді. Халықаралық социалистік бюро 1914 жылы өз қызметін тоқтатты.— *255.*

110 Бұл арада шетелдік мына бюллетеньдер туралы айтылып отыр:

«Орыс Трибунасы» («La Tribune Russe») — эсерлер партиясының бюллетені, Парижде француз тілінде 1904 жылғы январьдан 1909 жылғы декабрьге дейін және 1912 жылғы октябрьден 1913 жылғы июльге дейін шығарылып тұрды; 1904 жылы айына екі реттен, одан соң — ай сайын шығарылды.

«Орыс Бюллетені» («Russisches Bulletin») — бір топ меньшевиктер Берлинде 1907 жылдан 1916 жылға дейін шығарып тұрды.— *256.*

111 *Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросын* (ОКШБ) Орталық Комитеттің Орыс бюросына бағынатын шетелдегі жалпы партиялық өкілдік ретінде (құрамында үш адам) 1908 жылы августа РСДРП Орталық Комитетінің пленумы құрды. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының міндеті Россияда жұмыс істейтін Орталық Комитетпен және шетелде жұмыс істейтін Орталық Комитет мүшелерімен ұдайы байланыс жасап отыру, РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың және олардың Орталық бюросының қызметін бақылау, шетелдегі ұйымдардың Орталық Комитет кассасына өткізуге тиісті ақшасын қабылдау және Орталық Комитеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыру болды. РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың бәрін біріктіру және оларды бірыңғай жалпы партиялық басшылыққа бағындыру мақсатымен Орталық Комитеттің август пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросына бұл топтардың арнаулы съезін өткізуді тапсырды. Бірақ жойымпаз-меньшевиктер қолға түсіріп алған Шетелдік топтардың Орталық бюросының қасарыса қарсыласуы салдарынан Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы 1909 жыл бойына съезді шақыра алмады. 1910 жылы өткен Орталық Комитеттің январь пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросын қайта құрып, оның жалпы партиялық істерге басшылық етудегі ролін шектеді, бірақ тиісінше Орталық Комитеттің Орыс бюросының өкілдігін күшейтті. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының құрамы 5 адамнан белгіленді, олардың үшеуі ұлттық ұйымдардың орталық Комитеттерінің өкілдері болды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мы-

налар кірді: большевиктерден — А. И. Любимов, меньшевиктерден — Б. И. Горев (Гольдман), поляк социал-демократтарынан —Л. Тышка, бундшылдардан—Ф. М. Ионов (Ф. М. Койген) және латыш социал-демократтарынан — Я. А. Берзин. Көп кешікпей Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының құрамы өзгерді: большевиктерден Н. А. Семашко (Александров), бундшылдардан М. И. Либер және латыш социал-демократтарынан Шварц (Ю. Элиас) кірді; соңғы екеуі — жойымпаздар. Сонымен, Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросында тұрақты жойымпаздық көпшілік қалыптасты, ол партияның орталық мекемелерінің жұмысына қалайда іріткі салуға тырысып бақты. Орталық Комитеттің январь пленумының шешімдерін жойымпаздардың орындамауымен байланысты большевиктер Орталық Комитеттің пленумын өткізуге күш салды, бірақ Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы оны үнемі шақыртпай тастап отырды, бұл әрекетінен оның антипартиялық позициясы ерекше айқын көрінді. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының жойымпаздық тактикасы большевиктердің өкілі Н. А. Семашконың оның құрамынан шығу туралы өтініш беруге (1911 жылы майда) мәжбүр болуына әкеп соқтырды.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылы июньде Парижде өткізілген кеңесі Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының саяси бағытын айыптаған шешім қабылдады. Кеңестің қарарында Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы бірқатар жағдайларда, мысалы, РСДРП-ның шетелдік топтарын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселеде, Россиядағы социал-демократиялық жария басылымдарды қолдап отыру туралы мәселеде және көптеген басқа мәселелерде 1910 жылғы пленумның қаулыларын бұзып, антипартиялық, фракциялық саясат жолына түскендігі айтылды. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының антипартиялық әрекеттерін айыптап, оның одан арғы болу-болмауы туралы мәселені ең таяудағы пленумның шешуіне тапсырды.

1911 жылы ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросынан поляк социал-демократиясының өкілі, одан соң латыш социал-демократиясының өкілі де кейін шақырып алынды. 1912 жылы январьда Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы өзін таратылды деп жариялады.— *256.*

112 *«Жұмысшы партиясы»* (Labour Party) — парламентке жұмысшы өкілдерін өткізу мақсатын көздейтін кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі («Жұмысшы өкілдігі комитеті») ретінде 1910 жылы негізі қаланды. 1906 жылы Комитеттің аты Жұмысшы (лейбористік) партиясы деп өзгертілді. Партиялық жарналарды төлеген жағдайда тред-юниондардың мүшелері өзінен-өзі партияның мүшелері болып саналады. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советі

және Кооперативтік партияның Атқару Комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды. Лейбористік партияға коллективтік мүше правосында кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы лейбористік партияға тығыз жақындасады. Әуелде құрамы жағынан жұмысшы партиясы ретінде қалыптасқан лейбористік партия (кейіннен оған едәуір мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) өзінің идеологиясы мен тактикасы жөнінен оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылғаннан бастап-ақ оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақ саясатын жүргізіп келеді. «Жұмысшы партиясы бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер — толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер — басшылық етіп отыр...» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 259-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) лейбористік партияның лидерлері социал-шовинистік позиция ұстады. Лейбористер талай рет (1924, 1929, 1945 және 1950 жылдарда) үкімет басына келді; бұл үкіметтер ағылшын империализмінің саясатын бұлжытпай жүргізіп отырды. Лейбористік партия басшыларының реакциялық саясатына ағылшын еңбекшілерінің наразылығы партияда солшыл ағымның пайда болуына әкеп соқтырды; бұл ағым партия басшыларының ресми саясатына қарсы бағытталған.— *257.*

113 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттары, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423—426 және 442—443-беттер. — *261.*

114 *«Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем») — апталық газет, 1891 жылдан шығады, 1893 жылдан — Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы. Газет 1922 жылдан «New Leader» («Жаңа Көсем») — деген атпен шықты, ал 1946 жылдан «Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деген атпен шығады.— *263.*

115 *Сионист-социалистер* — 1904 жылы құрылған ұсақ буржуазиялық еврей ұлтшылдық ұйымы — Сионистік-социалистік жұмысшы партиясының мүшелері. Сионист-социалистер еврей пролетариатының басты міндеті өзінің меншікті территориясы болу үшін және өзінің ұлттық мемлекетін құру үшін күресу болып табылады деп есептеді. Олар еврей буржуазиясымен таптық ынтымақты уағыздады, орыс және халықаралық пролетариатының революциялық қозғалысынан еврей жұмысшыларын оқшаулауды көздеді, түрлі ұлттардың жұмысшылары арасында дұшпандық сезім туғызуға тырысты. Сионист-социалистердің ұлтшылдық әрекеті еврей жұмысшыларының таптық санасын қараңғылады, жұмысшы қозғалысына зор нұқсан келтірді.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Сионистік-социалистік жұмысшы партиясы Социалистік еврей жұмысшы партиясымен («СЕЖП»)

Біріккен еврей социалистік жұмысшы партиясына бірікті.— *268.*

116 *СЕЖП* — Социалистік еврей жұмысшы партиясы — ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық ұйым, 1906 жылы құрылды. Еврейлердің ұлттық автономиясын талап етуді — Россиядағы еврейлердің саяси жағдайын реттеу мәселелерін шешуге өкілдігі бар экстерриториялық еврей парламенттерін (сеймдерін) құру талабын Социалистік еврей жұмысшы партиясы өз программасының негізі етіп алды. Социалистік еврей жұмысшы партиясы эсерлерге жақын болды және олармен бірлесіп РСДРП-ға қарсы күрес жүргізді.— *269.*

117 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 823-бет.— *275.*

118 Бұл мақала 1908 жылы сентябрьде поляк социал-демократтарының «Przegląd Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналының 7-номерінде жарияланған П. Масловтың «Аграрлық программа мәселесі жөнінде (Ленинге жауап)» деген тақырыптағы мақаласына жауап ретінде жазылған. Ленин «Социал-демократияның орыс революциясындағы аграрлық программасы» (қараңыз: осы том. 160—187-беттер) деген автореферагта баяндаған большевиктік программаға Маслов қарсы шығып, меньшевиктердің аграрлық программасын қорғаған болатын.— *283.*

119 Қараңыз: К. Маркс. «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» және К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Кригеге қарсы нұсқау хат» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 294—299-беттер; 4-том, 1—16-беттер).— *290.*

120 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттары, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 394—395-беттер.— *302.*

121 1876 жылы түрік сұлтаны II Абдул-Гамид «Жас Түркия» тобының ықпалымен парламент жинап, конституция жариялады. Көп кешікпей-ақ парламенттің шақырылуын оның өзі «кейінге қалдырды», ал 1878 жылы парламентті мүлде таратып жіберді. Бұдан 30 жыл өткен соң ғана, 1908 жылы, буржуазиялық революция жеңгеннен кейін, Түркияда конституция қалпына келтіріліп, парламент шақырылды.— *303.*

122 *Тартюф* — Мольердің осы аттас комедиясының кейіпкері, екіжүзділік пен сұрқиялықтың бейнесі.— *316.*

123 *Шақырымпаздар* — большевиктердің арасында пайда болған оппортунистік топ, оны А. Богданов басқарды. Революцияшылдық жылтыр сөздерді бетке ұстаған шақырымпаздар (Г. А. Алексинский, А. В. Соколов (С. Вольский), А. В. Лу-

начарский, М. Н. Лядов және басқалар) III Мемлекеттік думадан социал-демократ депутаттарды шақырып алуды және жария ұйымдардағы жұмысты тоқтатуды талап етті. Реакция жағдайында партия тек құпия жұмыс жүргізуге тиіс деп мәлімдеп, шақырымпаздар Думаға, жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, кооперативтік және басқа бұқаралық жария және жартылай жария ұйымдарға қатысудан бас тартты, сөйтіп бүкіл партиялық жұмыс құпия ұйым шеңберінде шоғырландырылуы қажет деп есептеді. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды. Ультиматистер тек формасы жағынан ғана шақырымпаздардан өзгеше еді. Олар думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне оның сөзсіз бағынуы туралы ультиматум қоюды, ал бұл талап орындалмаған жағдайда социал-демократ депутаттарды Думадан шақырып алуды ұсынды. Ультиматизм шындығында жасырулы, бүркеулі шақырымпаздық еді. Ленин ультиматистерді «ұялшақ шақырымпаздар» деп атады.

Шақырымпаздар партияга орасан зор зиян келтірді. Олардың саясаты партияның бұқарадан қол үзуіне, оның жаңа революциялық өрлеу үшін күш жинап алуға қабілетсіз сектанттық ұйымға айналып кетуіне қарай бастайтын еді. Ленин шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкерелеп, шақырымпаздыққа қарсы бітіспес күрес ашты. «Шақырымпаздық — большевизм *емес,* қайта оның ең қаскөй саяси дұшпаны ғана ойлап шығара алатын ең нашар саяси карикатурасы» — деп жазды Ленин (осы том, 402-бет).

Шақырымпаздармен күрес 1908 жылдың көктемінен басталды. 1908 жылдың март — апрелінде III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның бес ай бойгы қызметінің қорытындылары талқыланғанда Москваның кейбір аудандарында шақырымпаздық қарарлар қабылданды. Майда өткен Москва жалпы қалалық конференцияда шақырымпаздардың қарары 14 дауысқа қарсы 18 дауыспен қабылданбай тасталды. Москва партия конференциясының материалдары 1908 ж. 4 (17) июньде «Пролетарий» газетінің 31-номерінде жарияланды. Осы номерден бастап Лениннің ұсынысы бойынша газетте Думаға және думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде айтыс басталды. Баспасөздегі айтыспен бір мезгілде партия ұйымдарында шақырымпаздарға қарсы күрес жүргізілді. 1908 жылдың күзінде Жалпы россиялық V конференцияға делегаттар сайлаған кезде Петербург ұйымында ультиматист-шақырымпаздар ерекше платформа әзірлеп, оны Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісіне қарар ретінде ұсынды. Қарар партия ұйымдары арасында кең қолдау таба алмады. Конференцияда ашықтан-ашық өз платформасымен шығуға шақырымпаздардың батылы барған жоқ; олар өз жақтастарынан болмашы топ қана құрай алды. (Конферен-

цияда шақырымпаздардың ұстаған позициясы туралы толығырақ 131-ескертуді қараңыз).

Конференциядан кейін Лениннің талап етуі бойынша шақырымпаздардың платформасы «Пролетарий» газетінде басылды. Газеттің сол номерінде жарияланған «Большевизмге карикатура» деген мақаласында Ленин бұл платформаны кеңінен сынға алды. Ленин шақырымпаздардың көзқарастарының бүкіл дәйексіздігін, принципсіздігін, марксизмге дұшпандығын ашып көрсетті. Сондай-ақ Лениннің «Екі хат жайында», ««Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында», «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген және басқа мақалалары шақырымпаздықты сынауға арналған.

Шақырымпаздар лидерлерінің бір бөлегі (Богданов, Луначарский) жойымпаз-меньшевиктермен бірге (Валентинов, Юшкевич) баспасөзде марксизмнің теориялық негіздері — диалектикалық және тарихи материализмге шабуыл жасады. Луначарский жаңа дін жасау, социализмді дінмен ұштастыру қажеттігін уағыздай бастады.

1909 жылдың көктемінде шақырымпаздар, ультиматистер және құдай жасампаздар Капри аралында антипартиялық мектеп ұйымдастыру жөніндегі инициативтік топты (Богданов, Алексинский, Луначарский және басқалар) құрды. Іс жүзінде бұл мектеп антипартиялық фракцияның орталығы болды. 1909 жылы июньде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі шешім қабылдап, онда «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым болып табылатын большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ешбір қатысы жоқ» деп көрсетті, сөйтіп большевиктерді революциялық марксизмнен бұл ауытқушылықтарға қарсы барынша үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақырды. Шақырымпаздардың дем берушісі Богданов большевиктердің қатарынан шығарылды.

Кейінірек, «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Ленин революция жеңіліске ұшырағаннан кейін большевиктер мына жағдайдың арқасында өздерінің қатарларын сақтай отырып, дұрыс шегіне алды деп жазды: олар «шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, нағыз реакцияшыл парламенттерде, нағыз реакцияшыл кәсіподақтық, кооперативтік, қауіпсіздендіру және сондай ұйымдарда міндетті түрде жария жұмыс істеп үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аямай әшкерелеп, қуып шығып отырды» (Шығармалар, 31-том, 12—13-беттер).— *318.*

124 *Буланжизм* — XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғында Францияда болған реакциялық-шовинистік қозғалыс; осы қозғалысты басқарған генерал, кейін әскери министр болған Буланженің есімімен аталған. 80-жылдардағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылық дағдарысымен байланысты ұсақ буржуа-

зияның күйзелуі, сондай-ақ ірі финанс және өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін білдіруші буржуазиялық республикашылдардың реакциялық саясатына наразылық, отаршылдық саясаттағы жеңілістер мен реваншистік пиғылдардың жандануы туғызған саяси дағдарыс буланжизмнің пайда болуына негізгі себеп болды. Әр түрлі қоғамдық топтарды,— көбінесе ұсақ және орташа буржуазия топтарын,— өзінің төңірегіне жинап алған Буланже ең барып тұрған ұлтшылдардың реваншистік пиғылдарын пайдалана отырып, радикалдардың буржуазиялық партиясының қолдауына сүйеніп, соның өзінде монархистермен астыртын байланыс жасай отырып, әскери диктатура орнатуға тырысып, режимге наразылардың қозғалысын басқарды.

Көп кешікпей буланжистік қозғалыс ыдырап кетті.— *328.*

125 *«Білетін адамдар»* немесе «білетін кісілер» — III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жанында кеңесшілер ролін атқарған интеллигенттер тобы. Бұлардың көпшілігі жойымпаздар мен ревизионистер еді — А. Н. Потресов, С. Н. Прокопович және басқалары. Большевиктік партияның басшы қайраткерлері астыртын жағдайда болғандықтан думадағы фракцияның жұмысына жария түрде қатыса алмағанын пайдаланып, «білетін кісілер» фракцияның жұмысын антипартиялық жолға түсіруге тырысты, осымен байланысты бұлардың жәрдемінен бас тарту турәлы мәселе алға қойылды.— *331.*

126 *«Россия»*— күнделікті полициялық-қаражүздік газет; Петербургте 1905 жылдан 1914 жылға дейін шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің ресми органы.— *334.*

127 *Угрюм-Бурчеев* — М. Е. Салтыков-Щедрин «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында бейнелеген қала бастығының сатиралық образы; бұл образ реакционерлердің, топас әрі өресі төмен ұлықтардың жалпы атына айналып кеткен. Самодержавиелік озбырлықтың көркем шығармада ең күшті суреттелуінің бірі ретінде, бұл образ дүние жүзілік әдебиеттің классикалық типтерінің галереясына кірді.— *340.*

128 *Біріккен дворяндар советі*—крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иеленуді және дворяндардың пұрсаттылығын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүд-

делерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді.— *342.*

129 Бұл арада Г. В. Плехановтың РСДРП Төртінші (Бірігу) съезінде сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр; бұл съезде ол аграрлық программаны қайта қарау жөнінде қосымша баяндамашы болған-ды. Жерді национализациялауға қарсы шығып, Г. В. Плеханов былай деді: «Национализацияны зиянсыз ету үшін реставрацияның болмауына кепілдік табу керек; бірақ ондай кепілдік жоқ, болуы да мүмкін емес. Францияның тарихын естеріңізге түсіріп қараңыздаршы; Англияның тарихын естеріңізге түсіріп қараңыздаршы; бұл елдердің әрқайсысында революцияның кең етек алуынан соң іле-шала реставрация болып отырды. Бұл бізде де болуы мүмкін; сондықтан біздің программамыз жүзеге аса қалған күнде реставрация тигізуі мүмкін зиянды барынша азайта алатындай болуы керек» («РСДРП Төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 59—60-беттер).— *350.*

130 Белоусов III Думада 1908 жылы 31 октябрьде (13 ноябрьде) аграрлық мәселе бойынша сөз сөйледі.

Оның сөйлейтін сөзінің жобасын Ленин жазып берген болатын. Белоусовтың келтірген статистикалық салыстырулары мен цифр мәліметтері Лениннің ол кезде әлі жарияланбаған мына еңбектерінен алынған еді: «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» және «Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 205—444-беттер, осы том, 59—148-беттер).— *352.*

131 *РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы* Парижде 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) өтті. Конференцияға әзірлік ісі РСДРП Орталық Комитетінің 1908 жылғы август пленумынан кейін кең өрістетілген еді, бұл пленум конференцияны шақыру жөніндегі жұмысқа дереу кірісу жөнінде шешім алған болатын. Ленин бастаған большевиктер, бір жағынан, жойымпаз-меньшевиктермен, екінші жағынан, шақырымпаздармен ымырасыз күрес жүргізе отырып, конференцияның шақырылуын қамтамасыз еткен зор әзірлік жұмысын атқарды. Іс жүзінде большевиктердің Орталық Органы болған «Пролетарий» газетінде 1908 жылдың күзінде Лениннің «Қазіргі кезеңді бағалау туралы», «Екі хат жайында», «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» (қараңыз: осы том, 296—311, 318—354-беттер) деген мақалалары жарияланды; бұл мақалаларында ол Орталық Комитет пленумы алдағы партия конференциясының күн тәртібіне қой-

ған мәселелерге терең талдау жасады. Большевиктер жүргізген ұйымдастыру жұмысы конференция ашылар алдында өткен Орталық Комитет пленумының мәжілісінде, меньшевиктердің қарсылығына қарамастан, дұрыс бағасын алды.

Конференцияға шешуші дауыспен 16 делегат қатысты, олардың ішінде: 5 большевик (2—Орталық өнеркәсіпті ауданнан, 2 — Петербург ұйымынан, 1 — Урал ұйымынан), Кавказ облыстық комитетінің мандаттарымен келген 3 меньшевик, 5 поляк социал-демократы және 3 бундшыл болды.

Ленин конференцияға РСДРП Орталық Комитетінің өкілі ретінде қатысты. Конференцияның жұмысына Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі Н. Г. Полетаев кеңесші дауыспен қатысты. Россияда тікелей жұмыс істеген большевик-делегаттар РСДРП-ның ең ірі партия ұйымдарының өкілдері еді. Мандаттарды түрлі айлашарғымен алған меньшевиктік делегациядағылар шетелде тұратын және Россиядағы партия жұмысымен байланысы жоқ адамдар болатын. Поляк социал-демократиясының делегациясы конференцияда большевиктерді қолдады. Бундшылдар көптеген мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктерге ерді.

Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) РСДРП Орталық Комитетінің, Поляк социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Бунд Орталық Комитетінің, Петербург ұйымының, Москва және Орталық-өнеркәсіпті облыстық, Урал, Кавказ ұйымдарының есептері; 2) Қазіргі саяси жағдай және партияның міндеттері; 3) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 4) Саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты ұйымдық мәселелер; 5) Жергілікті жерлерде ұлттық ұйымдармен бірігу; 6) Шетелдегі жұмыстар.

Большевиктер конференцияда барлық мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктермен және оларды жақтаушылармен ымырасыз күрес жүргізді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселені талқылаған кезде жойымпаз-меньшевиктер (П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Н. В. Рамишвили — «кавказдық делегация» дейтін) партияның Орталық Комитетінің жұмысын барынша қаралаған, сөйтіп конференцияның заңдылығына күдік туғызған мәлімдеме жасады. Меньшевиктердің конференция жұмысын сәтсіздікке ұшыратуға тырысқан әрекеттеріне большевиктер — Орталық-өнеркәсіпті облыстық, Петербург және Урал партия ұйымдарының делегаттары (М. Н. Лядов, А. М. Буйко (Шестаков), Н. Н. Батурин (Константин) және басқалар) тойтарыс берді, олар коллективтік мәлімдеме жасап, меньшевиктердің жалақорлық өтіріктерін әшкереледі. Конференция «Есептер бойынша» қарарында жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде үзілді-кесілді айыптап, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы мейлінше батыл идеялық және ұйымдық күрес жүргізуге шақырды.

«Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» Лениннің баяндамасы конференцияның жұмысында шешуші орын

алды. Большевиктер бұл мәселеге үлкен маңыз берді, өйткені конференция партияның реакция жылдарындағы жұмысының ауыр жағдайларына сәйкес келетін тактикалық бағытты белгілеуге тиісті еді. Меньшевиктердің бұл мәселені конференцияның күн тәртібінен алып тастамақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

Ленин енгізген қарарды талқылағанда меньшевиктер самодержавиенің буржуазиялық монархия емес, плутократиялық монархия болып бара жатқанын көрсетуді ұсынды. (Бұл түзетуге сынды В. И. Лениннің «Буржуазияның «солшылдануы» және пролетариаттың міндеттері» (осы том, 446-бет) деген мақаласынан қараңыз). Меньшевиктердің түзетуі басым көпшілік дауыспен қабылданбай тасталды.

Қарарды дауысқа қойғанда шақырымпаздар мәлімдеме тапсырды, онда олар былай деп жазды: шақырымпаздық ағым дейтіннің өкілдері ретінде олар Дума туралы қарар бөлігінің 5-пунктімен (Думаны және дума трибунасын революциялық насихат пен үгіт үшін пайдалану туралы пункт) келісе алмайды, бірақ өздері қарардың қалған пункттерімен келісетіндіктен тұтас алғанда қарарды жақтап дауыс береді. Конференция Ленин ұсынған қарарды азғана өзгерістермен қабылдады (357—360-беттер).

Күн тәртібінің 3-мәселесін талқылағанда жарыс сөздер негізінен екі мәселенің: думадағы фракцияның қателері және фракцияның қаулыларына партияның Орталық Комитетінің вето правосы болуы төңірегінде өтті. Большевиктер енгізген қарарда фракцияның қызметі сынға алынды және оның жұмысын жақсартудың нақты шаралары көрсетілді. Меньшевиктер думадағы фракцияның қателерін конференцияның шешімдерінде көрсетуге наразы болды және фракция жөнінде партияның Орталық Комитетінің вето правосы болуына қарсы шықты. Мұның өзінде олар өздерінің парламенттік фракцияларының қателерін сынауды съездер мен конференциялардың шешімдеріне енгізбеген батыс европалық социалистік партиялардың тәжірибесіне сүйенді. Социал-демократияның парламенттік қызметі туралы мәселеде меньшевиктердің тактикасы партияны парламенттік фракцияның шылауы деп қараған II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің позициясымен толық сай келіп жатқан еді.

Думадағы фракцияға көзқарас жөніндегі лениндік бағытқа шақырымпаздар да қарсы шықты. С. Вольский (А. В. Соколов, Валериан) Россияда думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмыс істеуі үшін жағдай жоқ деп мәлімдеді, фракцияның қателерін «объективті жағдайлардан» туған нәрсе деп есептеп, бұл қателерді қарарда көрсетуге қарсы шықты.

Ленин өзінің ызалы сөзінде шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкереледі және думадағы фракция жөнінде жасаған қорытындыларының барлық айырмашылықтарына қарамастап жойымпаздардың да, ша-

қырымпаздардың да ортақ, оппортунистік негізі бар екенін көрсетіп берді. Конференция большевиктік қарарды қабылдады. Бұл қарардың текстіне «Бюджетке дауыс беру туралы мәселе жөнінде думадағы социал-демократиялық фракцияға практикалық нұсқаулардың» Ленин жазған екінші нұсқасы ішінара кірді және Ленин жазған ««Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарға қосымша» шешімге толық кірді (қараңыз: осы том, 364—365, 366-беттер).

Ұйымдық мәселені талқылағанда қарардың үш жобасы: большевиктік, меньшевиктік және бундтық жобалар ұсынылды. Большевиктер өз қарарының жобасында партия бұқара арасында жұмыс жүргізуге алуан түрлі жария қоғамдардың кең жүйесін пайдалана отырып, құпия партия ұйымдарын құруға және нығайтуға ерекше назар аударуға тиісті екенін көрсетті. Меньшевиктер іс жүзінде құпия партияның жойылуына және революциялық жұмыс атаулының тоқтатылуына жетуге тырысты.

Ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде Ленин жойымпаз-меньшевиктердің қарарын және реакция жылдарында партиядан қашқан адамдарды олардың қалайда ақтауға тырысушылығын қатты сынға алды. Ленин сөз сөйлегеннен кейін бундшылдар өздері ұсынған қарар жобасын қайтып алып, большевиктермен бірге дауыс берді. Меньшевиктік қарар үш дауысқа қарсы он екі дауыспен қабылданбай тасталды.

Конференция Ленин ұсынған «Ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арналған директиваларды» (қараңыз: осы том, 361-бет) қабылдады және қарарды әзірлеу үшін комиссия құрды. Комиссия, ал одан соң конференция да қарардың большевиктік жобасын қабылдады.

Жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы конференция қабылдаған қарарда федерализм принципі үзілді-кесілді қабылданбай тасталды, бұл принципті партияда жұмысшыларды ұлттық белгісі бойынша бөлуді талап еткен бундшылдар қорғаған еді. Орталық Комитеттің жұмысы туралы мәселені талқылағанда меньшевиктер Орталық Комитеттің тұрақты орнын Россияға көшіруді және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын таратуды ұсынды. Қарардың жойымпаздық жобалары қабылданбады. Конференция Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарар қабылдап, онда «шетелде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы формасындағы жалпы партиялық өкілдік болуы пайдалы және қажет» деп танылды. Орталық Орган туралы мәселе жөнінде де большевиктердің қарары қабылданды; Орталық Органды шығару ісін Россияға көшіру туралы меньшевиктердің ұсынысы қабылданбады.

Конференцияда большевиктер жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күресте зор жеңіске жетті. Сонымен бірге конференцияның «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы», «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» және

басқа мәселелер жөніндегі шешімдері шақырымпаздарға да соққы берді. Партия конференцияда қабылданған шешімдерді реакция жылдарында басшылыққа алып отырды.

Конференцияның маңызын бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (осы том, 388-бет).— *355.*

132 В. И. Ленин конференцияда 1908 жылы 24 декабрьде (1909 жылы 6 январьда) Кавказ делегациясының мүшесі, меньшевик Н. Рамишвилидің (Петрдің) жалақорлық сөзінен кейін осы мәлімдемені жасады. 1908 жылы августа Орталық Комитеттің пленумында мынадай жағдай анықталды: жойымпаз-меньшевиктер пленум шақырылмастан бұрын-ақ Орталық Комитетті партияның басшы органы ретінде ажыратуға, сөйтіп оның жұмысын информациялық қызметпен шектеуге әрекет жасаған. Орталық Комитетті жоюдың жоспары Орталық Комитеттің мүшесі Б. Горев пен «Голос Социал-Демократа» редакциясының мүшесі А. Мартыновтың 1908 жылғы июньдегі «Барлық меньшевиктік ұйымдарға» деген хатында баяндалды. Бұл хаттың ашықтан-ашық антипартиялық сипатта болғаны соншалық, ол тіпті Петербургтегі меньшевиктік конференцияның да қолдауына ие бола алмады. Ұйымдық мәселелерде меньшевиктермен жиі-жиі ынтымақтас болып жүретін бундшылдар да бұл жоспарға тілектестік білдірген жоқ. Ол кезде бұл жоспарды Орталық Комитеттің мүшесі меньшевик Н. Рамишвили де ашық қолдамады. Ал пленумның өзінде меньшевиктер өздерінің Орталық Комитетті жойғысы келетін ниеті бар екенін мейлінше жасырып бақты (қараңыз: осы том, 217—218-беттер және 99-ескерту). Большевиктер жойымпаздардың іріткі салушылық, антипартиялық әрекеттерін әшкереледі. Орталық Комитеттің пленумы күн тәртібінің барлық негізгі мәселелері бойынша қарарлардың большевиктік жобаларын қабылдады. Жалпы россиялық V конференцияда оған Кавказ ұйымының мандаттары бойынша қатысқан «Голос Социал-Демократа» редакциясының мүшелері Дан мен Аксельрод және Орталық Комитеттің мүшесі Н. Рамишвили жалпы, барып тұрған жойымпаздық позиция ұстады. — *362.*

133 Нақты мәлімдемені Ленин конференцияның 1908 жылғы 26 декабрьдегі (1909 жылғы 8 январьдағы) соңғы, тоғызыншы мәжілісінде енгізді. Протоколда жазылғанына қарағанда, бұл мәжілісте думадағы социал-демократиялық фракция туралы қарар одан әрі талқыланған. Бюджетке дауыс беру туралы пунктті талқылағанда Ленин қарардың осы бөлімі жөнінде өз тұжырымын ұсынды (қараңыз: осы том, 364—365-беттер). Протоколдарда М. Н. Лядовтың түзетуі бар, онда ол қарардың «кәсіптік ұйымдарының да» деген соңғы сөздерін мына-

дай редакцияда: «кәсіптік одақтарының өкілдерімен информация алысқаннан кейін» деп беруді ұсынды. Лядов өзінің түзетуін қарардың талқыланып отырған жобасы Орталық Комитеттің правосын тарылтады-мыс деген сөздермен дәлелдеді. Ленин думадағы социал-демократиялық фракция жөнінде Орталық Комитеттің veto правосы бар деп көрсетіп, Лядовтың түзетуіне қарсы шықты. Дауысқа қойғанда Лядовтың түзетуі өтпей қалды. Думадағы фракция жөнінде Орталық Комитеттің veto правосы болуы туралы шешім сол мәжілістің өзінде қабылданды. Бұл шешімде Орталық Комитет фракцияның жұмысы үшін жауап беретін болғандықтан, ол «фракцияның қаулылары партияға нұқсан келтіру қаупін туғызатын реттердің бәрінде» де фракцияның бұл қаулылары жөнінде өзінің veto правосын бұлжытпай қолдануға тиіс деп көрсетілді. — *369.*

134 *Орталық Комитетті жою туралы меньшевиктердің жобасы жөніндегі мәлімдемені* Ленин конференцияның 1908 жылғы 26 декабрьдегі (1909 жылғы 8 январьдағы) мәжілісінде Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарарды талқылағанда енгізді. 1908 жылы Орталық Комитеттің август пленумына дейін-ақ жойымпаз-меньшевиктер Орталық Комитетті партияның басшы органы ретінде жоюға тырысқан әрекет жасаған болатын. Осыған байланысты Ленин пленумда 1908 жылғы 12(25) августа «Орталық Комитет пленумын шақыру жөнінде мәлімдеме» енгізді (қараңыз: осы том, 217-бет). Келесі күні Лениннің ұсынысы бойынша «Пленум шақыру жөніндегі жанжал туралы» шешім қабылданды (218-бет) (сондай-ақ 99-ескертуді қараңыз).— *370.*

135 *Социалист-революционерлердің бірінші жалпы партиялық конференциясы* Лондонда 1908 жылы 4—15(17—28) августа өтті. Конференцияның ізінше партия Советінің 4-мәжілісі болды, ол конференция әзірлеген қарарларды бекітті. Бұл қарарлардың көпшілік бөлігі «Партия Советінің съезі және жалпы партиялық конференция туралы Социалист-революционерлер партиясы Орталық Комитетінің хабары» деген жеке листокта жарияланды. Ленин өзінің мақаласында осы «Хабарды» талдайды және одан цитат келтіреді.— *371.*

136 Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 842—876-беттер.— *376.*

137 *Герман социал-демократиялық партиясының Эрфурт программасы* 1891 жылы октябрьде Эрфуртте болған съезде қабылданды. Гота программасымен (1875 ж.) салыстырғанда, Эрфурт программасы бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы

табының саяси күрес жүргізуінің қажеттігі баса айтылды, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді; бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі икемделушілікке жол берілді. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын жан-жақты сынға алды («1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» — Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 101—116-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді, ал II Интернационал партиялары үшін Эрфурт программасы ерекше үлгі болатын. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы оның басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен шегінуі болды деп есептеді. (Эрфурт программасы жөнінде В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегін қараңыз. Шығармалар, 25-том, 393—514-беттер).— *376.*

138 В. И. Ленин атаған мақала «Пролетарий» газетінің 1907 жылғы 29 октябрьдегі (11 ноябрьдегі) 18-номерінде басылды (қол қойылмаған).— *377.*

139 Ленин бұл арада Ф. Лассальдың «Конституцияның мәні туралы» деген кітапшасын айтып отыр; бұл кітапша автордың 1862 жылы Берлин округтік «Азаматтар одағының» жиналысында сөйлеген және осы жиналыстың қаулысы бойынша жарияланған сөздерінен құралған. Бірінші сөзі 1862 жылы «Über Verfassungswesen» («Конституцияның мәні туралы»), екінші сөзі 1863 жылы «Was nun?» («Ал бұдан әрі не?») деген тақырыптармен жарияланды. Алғаш рет орысша толық аудармасы 1905 жылы «Қоғамдық пайда» кітапханасының басылымы ретінде шықты. Ф. Лассаль «әліппесінің» негізгі идеясы «елдің шын конституциясы тек нақ сол елдегі күштердің шын, нақты арақатынастарында ғана болады» дегенге келіп саяды.— *378.*

140 Әңгіме РСДРП Бесінші (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» қарары туралы болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229—231-беттер).—*382.*

141 Бұл арада «Знамя Труданың» 13-номеріндегі (ноябрь, 1908) «Тағы да қазіргі кезең туралы және партияның тактикасы туралы» деген қол қойылмаған мақала және А. Волиннің «Революционная Мысльдің» 1-номеріндегі (апрель, 1908) «Революция мәселелері» деген мақаласы туралы айтылып отыр.— *386.*

142 Лениннің мақаласы «Рабочее Знамя» газетінің 7-номерінен алынып, 1909 жылғы 12(25) февральда «Пролетарий» газетінің 42-номерінде көшіріліп басылған «Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақалаға редакциядан соңғы сөз ретінде жарияланған болатын. Осы газеттің 5-номерінде жарияланған шақырымпаз-жұмысшының хатын Ленин «Екі хат жайында» деген мақаласында сынады (қараңыз: осы том, 318—337-беттер).— *400.*

143 Бұл арада жойымпаздардың органы — «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясынан шығатыны туралы Плехановтың мәлімдемесі туралы айтылып отыр. Бұл мәлімдеме осы органның шығуға әзірленіп жатқан 10—11-номерінде басылған болатын. Бірақ соңынан, Плехановпен қосымша сөйлесілгеннен кейін, оның мәлімдемесі беттеулі тұрған жерінен алынып қалады, ал мәлімдеме туралы мазмұнда айтылған сөздердің үстінен қағаз жапсырылады. Алайда жанжал біржолата біте қоймайды. 1909 жылы майда «Голос Социал-Демократа» газетінің 14-номерінде Плехановтың хаты жарияланды, бұл хатында ол оқушыларға өзінің редакциядан ресми түрде шыққанын хабарлады. — *403.*

144 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; Женевада 1904 жылдың 22 декабрінен (1905 жылдың 4 январынан) 1905 жылдың 5(18) майына дейін шығып тұрды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Редакция құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен барлық хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Вперед» газетіне басшы мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар мен өңделген корреспонденциялар да шықты. Бірқатар мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровский, Ольминский және басқалар) бірігіп жазды. Әр түрлі авторлардың бірқатар сақталған қолжазбаларынан Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын сезіліп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерін беттелген күйінде үнемі қарап отыратын. Тіпті, Лондонда III съезде жұмыс сондайлық басынан асып жатқанның өзінде, Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Тек газеттің 18-номері ғана, Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты, оның редакторлық қарауынсыз шыққан сияқты. «Вперед» газетінде Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары

басылды. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9 январь оқиғасына және Россиядағы революцияның басталуына арналған 4, 5-номерлерін түгелдей дерлік Лениннің өзі құрастырды.

«Вперед» газеті шыға бастасымен-ақ жергілікті партия комитеттерінің құрметіне ие болды, олар оны өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принцип негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, Лениннің газет бетінде ұсынған және дәлелдеген нұсқаулары съезд шешімдерінің негізіне алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үнемі байланыс жасап тұрды. Әсіресе РСДРП Петербург, Москва, Одесса, Екатеринослав, Баку және басқа комитеттерімен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басты, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып отырды. «Вперед тің» 4-номеріндегі Лениннің «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» («Вперед» № 11) деген мақаланы РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп шығарды. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» («Вперед» № 14) деген мақаласын РСДРП Кавказ одағы комитеті грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп шығарды. Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру жолындағы күрестегі, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білудегі, съезді шақыру күресіндегі көрнекті ролін атап өтті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына «Пролетарий» газеті шығарыла бастады.— *405.*

145 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 162-бет.— *408.*

146 *«Партийные Известия»* («Партия Хабарлары») — құпия газет; Таммерфорс конференциясының (1905 жылғы декабрь) «Орталықтарды қосу туралы» қарарына сәйкес, большевиктік Орталық Комитет пен меньшевиктік Ұйымдастыру комиссиясы біріктірілгеннен кейін құрылған РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің органы. Газет партияның IV (Бірігу) съезі қарсаңында Петербургте шығып тұрды. Не бары 2 номері— 1906 жылы 7(20) февральда және 20 мартта (2 апрельде) шықты. «Партийные Известияның» редакциясы большевиктік («Пролетарий») және меньшевиктік (жаңа «Искра») органдардың редакторларынан бірдей мөлшерде алынып құ-

рылды. Большевиктерден редакцияға В. А. Базаров, В. В. Воровский және А. В. Луначарский кірді. «Партийные Известияда» Лениннің «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» (№ 1) және «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» (№ 2) деген мақалалары «Большевик» деп қол қойылып басылған. РСДРП IV съезінен кейін «Партийные Известияны» шығару тоқтатылды.— *408.*

147 *«Народная Дума»* («Халық Думасы») — күнделікті меньшевиктік газет; жабылып қалған «Русская Жизньнің» орнына, Петербургте 1907 жылы март — апрельде шығып тұрды. Газеттің 21-номері шықты.— *413.*

148 Әңгіме РСДРП Бесінші (Лондон) съезінің жиырма тоғызыншы мәжілісінде поляк делегациясының мүшесі Мухиннің («Будовничийдің») «Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы» қарардың 4-пунктіне енгізген қосымшасы туралы болып отыр (қараңыз: РСДРП Бесінші съезінің протоколдары, 1935, 513-бет). — *413.*

149 Бұл арада 1908 жылы декабрьде Прагада өткеп Польша мен Литва Корольдігі социал-демократиясының VI съезі қабылдаған елдегі саяси жағдай және партияның міндеттері туралы қарар жөнінде айтылып отыр.

Съезд жойымпаздық тенденцияларға тойтарыс берді, сөйтіп пролетариаттың революцияшыл шаруалардың көмегіне сүйене отырып, саяси өкіметті жеңіп алу жолында күресуі социал-демократияның негізгі міндеті болып табылатындығын дәлелдеді. — *415.*

150 *Шаруалар одағы* — Бүкіл россиялық шаруалар одағы — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июльде — 1 августа (13—14 августа) Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде Шаруалар одағының екінші съезі болып өтті. Осы съездерде одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, I Мемлекеттік думаға бойкот жариялау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, оның өзі, «эри-

не, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын» ұйымы болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты. — *418.*

151 *Бүкіл россиялық темір жол одағы* 1905 жылы 20—21 апрельде (3—4 майда) Москвада өткен I Бүкіл россиялық темір жол съезінде құрылды. Съезд саяси бостандықтарды жүзеге асыру, құрылтай жиналысын шақыру, темір жолдарда еңбек жағдайын жақсарту және т. б. бірқатар саяси және экономикалық талаптар қойды. 1905—1907 жылдардағы революция дамыған сайын темір жол одағында большевиктік ықпал да күшейе берді. 1905 жылы 22—24 июльде (4—6 августа) Москвада өткен II Бүкіл россиялық темір жол съезі бүкіл россиялық саяси темір жол ереуілін өткізу үшін үгіт жүргізуге дереу кірісу жөнінде шешім қабылдады. 1905 жылы сентябрь — октябрьде Петербургте өткен Бүкіл россиялық темір жол съезі (делегаттық деп аталатын съезд) революциялық бұқараның тегеурінімен бірқатар талаптар дайындап, үкіметтің алдына қойды, ол талаптар: 8 сағаттық жұмыс күні, темір жол әкімшілігінің жоғарыдан төменге дейін сайланып қойылуы, ереуілге қатысқаны үшін тұтқынға алынғандарды дереу босату, соғыс жағдайын және күшейтілген күзетті жою, саяси бостандық беру, амнистия жасау, ұлттың өзін өзі билеуіне ерік беру, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланған құрылтай жиналысын дереу шақыру. В. И. Ленин Октябрь жаппай саяси стачкасында темір жол жұмысшылары мен Темір жол одағының жетекші роль атқарғанын атап көрсетті.

29 темір жол өкілдерінің Бүкіл россиялық конференциясы большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясының жаппай саяси ереуіл жариялау туралы шешімін қолдады және 1905 жылғы 6 (19) декабрьде ереуілге қосылу туралы және бүкіл россиялық темір жол стачкасын дереу жариялау туралы қаулы алды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін темір жол одағы іс жүзінде астыртын жағдайға көшті. 1906 жылы августа темір жолшылардың конференциясы болып өтті, онда I Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты жаппай ереуіл жасау және көтерілісті дайындау туралы мәселе қойылды. 1906 жылдың аяғына қарай темір жол одағы эсерлердің ықпалына түсіп, өзінің революциялық мәнін жойып алды. 1907 жылы февральда РСДРП Орталық Комитеті шақырған ең маңызды социал-демократиялық темір жол ұйымдарының

конференциясы барлық революцияшыл социал-демократтардан темір жол одағынан шығуды талап етті. — *419.*

152 *Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы* 1905 жылдың көктемінде пайда болды. Одақта эсерлер партиясының өкілдері басым болды, олардың ұсақ буржуазиялық өресіздігі, революциялық сөзуарлыққа үйірлігі Одақтың программасына әсер етті. Өзінің қызметін кәсіптік күрес мүдделерімен шектеу тенденциясы Одақта айқын білінді. Дегенмен бұл ұйым жалпы саяси мәселелерге соқпай өте алмады, сөйтіп революциялық оқиғалардың ықпалымен революциялық демократияның ұрандарына үн қосты. Одақ мүшелері халықтың жер, ерік және өкімет үшін күресіне өздерінің қатысу ниеті бар екенін мәлімдеп, мұғалімдерді «халық санасын жетілдіруге және еңбекші халықтың ұлы мұраты жолындағы күресті ұйымдастыруға жәрдемдесуге» шақырды («Мұғалімдер мен халыққа білім беру ісі қайраткерлерінің Бүкіл россиялық одағының 1906 ж. 7—10 июньдегі III делегаттық съезінің протоколдары». 1906, 135-бет). Одақ «жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде, жынысына, ұлтына және дін тұтынуына қарамай» (бұл да сонда) құрылтай жиналысын шақыру талабын қолдады. Одақ Россияда халық ағарту ісін түбірінен қайта құруды: жалпыға бірдей ақысыз және міндетті бастауыш білім беруді және ақысыз орта және жоғары білім беруді, ана тілінде оқытуды енгізуді, барлық мектеп типтерін үйлестіріп, жалпы білім беретін жоғары типті мектеп төменгі типті мектептің тікелей жалғасы болуын, т. б. өзінің негізгі міндеттерінің бірі деп білді. Жарияланған мақсаттарға жету үшін ұсынылатын құралдар ретінде: қазіргі мектеп құрылысын ашық сынау, оқу ісі жөніндегі бастықтардың бассыздықтарына қарсы мұғалімдер мен оқушылардың коллективтік наразылығын ұйымдастыру, Одақтың идеяларын халық арасында кең насихаттау, т. т. хабарланды.

1906 жылы 6 (19) июньде В. И. Ленин Карпов деген фамилиямен халық мұғалімдерінің Бүкіл россиялық съезінің бір топ делегаттары алдында аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады. Лениннің осы баяндамасының мазмұнын эсерлердің «Голос» газеті (№ 15, 8 (21) июнь, 1906 ж.) берді. — *419.*

153 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет

пленумдарының қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірігуі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП-ның ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды.

Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, Август антипартиялық блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен тізе қосты. Осымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бетбұрыс аңғарыла бастады. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды. — *419.*

154 *«Социал-Демократ»* — газет, РСДРП Орталық Комитетінің құпия органы; Петербургте 1906 жылғы 17 (30) сентябрьден 18 ноябрьге (1 декабрьге) дейін шығып тұрды, барлығы 7 номері шықты. РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған газет редакциясында кілең меньшевиктер (Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. С. Мартынов, П. П. Маслов, А. Н. Потресов) болды. Іс жүзінде газет меньшевиктердің фракциялық органы еді. — 419.

155 *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакция құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін

атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революцияларының аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан жала жабу, сондай-ақ үкімет тарапынан қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау газетті шығару ісінің тоқтатылуына себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арналған қоштасу сөзінде «әрқашан да және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!» деп мәлімдеді.

Төменде Ленин Ф. Энгельстің «Революция туралы Берлинде болған айтыстар» деген мақаласынан және К. Маркстің «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» деген мақаласынан (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 64 және 299-беттер) цитат келтіреді. — *424.*

156 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 95-бет. — *425.*

157 *«Возрождение»* («Жаңару») — жойымпаз-меньшевиктердің журналы; Москвада 1908 жылғы декабрьден 1910 жылғы июльге дейін шығып тұрды. Журналға Ф. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және басқалар жазып тұрды. — *445.*

158 Ф. Энгельс. «Революция туралы Берлинде болған айтыстар» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 64-бет). — *447.*

159 В. И. Ленин К. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінің «Немісше бірінші басылуына алғы сөзден» Ф. Энгельстің сөздерін цитатқа келтіреді (қараңыз: К. Маркс. «Философия қайыршылығы», 1956, 11-бет). — *451.*

160 Бұл арада 1909 жылғы 14 (27) апрельдегі Дума мәжілісінде Синодтың шығындары сметасын талқылағанда III Мемлекет-

тік думаның депутаты, социал-демократ П. И. Сурковтың сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр (қараңыз: III Мемлекеттік думаның стенографиялық есебі, II сессия, III бөлім, 2074-бет). Сурковтың сөйлейтін сөзінің жобасы думадағы фракцияда талқыланғаны туралы мағлұмат «Думадағы социал-демократиялық фракцияда социал-демократияның дінге көзқарасы туралы мәселе жөнінде болған жарыс сөз» деген мақалада келтірілген; бұл мақала 1909 жылғы 13 (26) майда «Пролетарийдің» 45-номерінде «Партиядан» бөлімінде басылған болатын. — *453.*

161 Қараңыз: К. Маркс. «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 415-бет). — *454.*

162 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Эмиграңттық әдебиет. II. Коммунаның бланкист эмигранттарының программасы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 510—517-беттер). — *454.*

163 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 299—301-беттер.— *455.*

164 Бұл арада К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген кітапшасына Ф. Энгельстің жазған «Кіріспесі» туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 439-бет). — *456.*

165 *«Вехи»* — кадеттердің көрнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяевтің, С. Н. Булгаковтың, М. О. Гершензонның, А. С. Изгоевтың, Б. А. Кистяковскийдің, П. Б. Струвенің және С. Л. Франктың мақалаларының жинағы; Москвада 1909 жылдың көктемінде шықты. «Вехишілдер» өздерінің орыс интеллигенциясына арналған мақалаларында Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; 1905 жылғы революциялық қозғалысты масқаралады, патша үкіметіне «өз найзасымен және түрмесімен» буржуазияны «халықтың қаһарынан» құтқарғаны үшін алғыс айтты. Кадеттік қаражүзділіктердің жинағына В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында сын тұрғыдан талдау жасап, саяси баға берді (қараңыз: Шығармалар, 16-том, 124—133-беттер). «Вехи» жинағының философиядағы да, публицистикадағы да программасын қаражүздік «Московские Ведомости» газетінің программасымен салыстыра келіп, Ленин оны *«либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы»*, «демократияның үстіне лақ еткізіп төге салған реакциялық жуынды» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы

Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы. — *463.*

166 Депутат Т. О. Белоусовтың қатесі мынада еді: III Мемлекеттік думаның 1908 жылғы 22 марттағы (4 апрельдегі) мәжілісінде Синодтың сметасы талқыланғанда оның кезектегі істерге көшу жөнінде ұсынған тұжырымында дін «әрбір жеке адамның өз ісі» деп танылды. Белоусов тұжырымының қателігі «Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 2 (15) апрельдегі 28-номерінің бас мақаласында атап көрсетілді. — *465.*

167 *«Голос Москвы»* («Москва Үні»)—күнделікті газет, октябристердің—ірі өнеркәсіп буржуазиясы мен ірі помещиктердің контрреволюциялық партиясының органы; Москвада 1905 жылдан 1915 жылға дейін шығып тұрды. — *474.*

168 В. И. Ленин Жалпы россиялық конференцияны шақыру туралы қарардың жобасына түзетулерді И. Ф. Дубровинский жазған текстіге енгізген. Лениннің түзетулері кіргізілген қарар жобасын большевиктерден И. Ф. Дубровинский ұсынды, бұл жобаны пленум қабылдады. Меньшевиктер қарарының мәнісі практика жүзінде конференцияның шақырылуын белгісіз уақытқа кейін қалдыруға әкеп саятын еді, бұл қарар бес дауысқа қарсы жеті дауыспен қабылданбай тасталды. — *483.*

169 Лениннің 1908 жылы 24 декабрьде (6 январь, 1909) ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінің протоколда қысқаша жазылған мазмұнына қарап, жарияланып отырған конспектіде аталған мәселелердің бәрі бұл сөзде қаншалықты толық қамтылғанын анықтау мүмкін емес. Бірақ конспектіде көрсетілген тақырыптардың ауқымы бұл конспектіні ұйымдық мәселе бойынша жарыс сөз кезінде жазылуы мүмкін деп есептеуге мүмкіндік береді. — *484.*

170 Бұл арада РСДРП V (Лондон) съезінде 12 адамнан сайланған партияның Орталық Комитетінің құрамы туралы айтылып отыр. Бестік деліп отырған Орталық Комитеттің Россияда жұмыс істейтін бес адам кіргізілген ықшамдалған құрамы. «Періште есепті» бестік туралы Лениннің кекесінді ескертпесі, сірә, жойымпаз-меньшевиктердің қарар жобасына қатысты болса керек; бұл жобада олар партия жұмысына бүкіл басшылықты орыс бестігінің қолына шоғырландырып, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын таратуды ұсынған болатын. — *484.*

171 *«Марксизм туралы лекциялардың жоспары»* — 1908 немесе 1909 жылы жазылған. В. И. Лениннің мұндай лекциялары туралы тікелей мәліметтер марксизм-ленинизм институтында

жоқ. 1909 жылдың басында Ленин Париждегі большевиктердің үйірмесінде философия жөнінен лекциялар оқығаны естеліктерден ғана мәлім. Қолжазбада 1907 жылғы өнеркәсіп туралы айтылуы жоспардың 1907 жылдан кейін жазылғанын көрсетеді, өйткені 1907 жылғы өнеркәсіптің дамуы туралы статистикалық мәліметтер тек келесі жылдың басында ғана белгілі болуы мүмкін.

«Философиялық материализм» деген бөлімінің 6-пунктінде: «қазіргі оппортунистер (Богданов)» деген жазу бар, мұның өзі жоспар ерте дегенде 1908 жылғы марттың екінші жартысында жазылған деп жорамалдауға негіз бола алады. Бұл кезде Ленин «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласын жазып бітіріп, басуға (кеш дегенде 3 (16) апрельде) жіберген болатын; бұл мақаласында ол баспасөзде бірінші рет Богдановқа қарсы шығып, оның философия саласындағы оппортунистік, ревизионистік көзқарастарын сынады. «Философиялық материализм» бөлімінің барлық пункттері дерлік «Материализм және эмпириокритицизм» кітабында келтірілген; «Аграрлық мәселе» бөлімінің кейбір пункттері 1908 жылы жазылған аграрлық мәселе жөніндегі еңбектерде баяндалған. — *485.*

172 Бұл рефераттың жоспары РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі екінші топ шығарған хабарландырудың текстінде басылған. Хабарландыруда былай делінді:

«1909 ж. 10 февральдағы
сәрсенбіде
salle des Sociétés savantes
8, rue Danton, 8
кешкі 8 1/2 сағатта
Н. Лениннің

«Россиядағы қазіргі жағдай»
деген тақырыпта
рефераты болады».

Жоспарда аталған мәселелер Лениннің 1909 жылғы бірқатар еңбектерінде және әсіресе оның «Жолға» деген мақаласында айтылды (қараңыз: осы том, 388—399-беттер).

Хабарландырудың тексті 1955 жылы «Исторический Архив» журналының 2-номерінде берілді. — *487.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

[*Алексинский, Г. А.*] *Алексеев.* [*Поправка к проекту аграрной программы РСДРП, внесенная на 12-ом заседании IV (Объединительного) съезда РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 152.— *166—167.*

**Анненский, Н. Ф. Стоимость производства хлеба в частновладельческих хозяйствах.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., тип. Киршбаума, 1897, стр. 157—245.— *78—79.*

Бельтов — қараңыз: Плеханов, Г. В.

[*Берлинский трактат с приложениями.* 1(13) июля 1878 г.].— В кн.: Мартенс, Ф. Собрание трактатов и конвенций, заключенных Россией с иностранными державами. Т. VIII. Трактаты с Германией. 1825—1888. Спб., тип. м-ва путей сообщения (Бенке), 1888, стр. 639—676. На русск. и франц. яз.— *245—246, 265—266.*

**Благовещенский, Н. А. Сводный статистический сборник хозяйственных сведений по земским подворным переписям.* Т. I. Крестьянское хозяйство. М., типолит. Кушнерева, 1893. XVI, 267 стр. На русск. и франц. яз.— *131—133.*

«Блок крайней левой».— «Социал-Демократ», Спб., 1906, № 6, 3 ноября, стр. 2—4. На газ. дата: 3 октября.— *420—421.*

**Булгаков, С. Н. Героизм и подвижничество.* (Из размышлений о религиозной природе русской интеллигенции).— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции Н. А. Бердяева, С. Н. Булгакова, М. О. Гершензона, А. С. Изгоева, Б. А. Кистяковского, П. Б. Струве, С. Л. Франка. М., [тип. Саблина], 1909, стр. 23—69.— *463.*

Весин, Л. П. Значение отхожих промыслов в жизни русского крестьянства.— «Дело», Спб., 1886, № 7, стр. 127—155; 1887, № 2, стр. 102—124.— *118—120.*

«Вестник Европы», Спб., 1884, № 7, стр. 319—356. — *110—112.*

«Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины», Спб., 1896, т. XXXI, кн. 1, июль, стр. 1—49. — *118.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 51, стр. 972—976.— *82*.

**Вехи*. Сборник статей о русской интеллигенции Н. А. Бердяева, С. Н. Булгакова, М. О. Гершензона, А. С. Изгоева, Б. А. Кистяковского, П. Б. Струве, С. Л. Франка. М., [тип. Саблина], 1909. II, 209 стр.— *463, 476*.

В. И. Тимирязев в Москве.— «Голос Москвы», 1909, № 65, 20 марта, стр. 5.— *445, 451—452*.

**Вихляев, П. А. Крестьянское хозяйство*. Изд. Тверского губ. земства. Тверь, 1897, X, 313 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Тверской губернии. Т. XIII. Вып. 2).—*91*.

— *Народно-социалистическая партия и аграрный вопрос*.— В кн.: Сборник статей. № 1. Спб., «Наша Мысль», 1907, стр. 75—93.— *373—374*.

**Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства*. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., тип. Киршбаума, 1897. VIII, LXIV, 533 стр.— *78—79, 91—93*.

«Возрождение», М., 1909, № 1—2, стр. 26—31.— *445—447, 449—451*.

Волин. А. Вопросы революции.— «Революционная Мысль», 1908, № 1, апрель, стр. 4—8.— *151—154, 155—157, 371, 385—386*.

— *Политический переворот и инициативное меньшинство*.— «Революционная Мысль», 1908, № 2, июнь, стр. 4—7.— *151—154, 371*.

[*Воронцов, В. П.*] *В. В. Крестьянская община*.— В кн.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. I. Общий обзор земской статистики крестьянского хозяйства. А. Фортунатова. Крестьянская община. В. В. М., тип. Мамонтова, 1892, стр. 1—600.— *85*.

— *Новый тип местно-статистического издания*. Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Статистические таблицы о хозяйственном положении селений Мелитопольского уезда. Приложение к I тому сборника.— «Северный Вестник», Спб., 1885, № 3, ноябрь, стр. 186—193. Подпись: В. В.— *86*.

— *Разделение труда земледельческого и промышленного в России*.— «Вестник Европы». Спб., 1884, № 7, стр. 319—356. Подпись: В. В.— *110—112*.

Грибоедов, А. С. Горе от ума. — *56—57, 200, 315.*

Дан, Ф. И. Пролетариат и русская революция.— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 3, март, стр. 4—7.— *27—32, 33—34.*

[*Даниельсон, Н. Ф.*] *Николай — он. Очерки нашего пореформенного общественного хозяйства.* Спб., тип. Бенке, 1893. XVI, 353 стр.; XVI л. табл.— *91, 118.*

«Дело», Спб., 1886, № 7, стр. 127—155; 1887, № 2, стр. 102—124.— *118, 119.*

Державин, Г. Р. Бог.— *204—205.*

Десятый съезд ППС. Программа. Тактика. [Изд. «Mysli Socjalistycznej». Львов], 1908. 17 стр.— *51.*

Деятельность с[оциал]-д[емократической] думской фракции.— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 36—37, в отд.: Из партии.— *6.*

Директивы для комиссии по организационному вопросу — қараңыз: Ленин, В. И. Директивы для комиссии по организационному вопросу.

«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12.— *34—35, 49.*

Ежегодник России 1905 г. (Год второй). Спб., типолит. Ныркина, 1906. CXVI, 749 стр. (Центр. стат. ком. М. В. Д.). На русск. и франц. яз.— *82.*

**Еще о современном моменте и о тактике партии.*— «Знамя Труда», [Париж, 1908, № 13, ноябрь], стр. 11—13.— *386.*

Жбанков, Д. Н. Бабья сторона. Статистико-этнографический очерк.— В кн.: Материалы для статистики Костромской губернии. Изд. Костромского губ. стат. ком. Под ред. В. Пирогова. Вып. 8. Кострома, 1891, стр. 1—136.—*106.*

«Жизнь», Спб., 1901, № 3, стр. 162—186; № 4, стр. 63—100.— *173.*

Закон 11 декабря 1905 г. — қараңыз: Указ правительствующему Сенату об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу.

Сборник статей Брейера, Бруна, Воробьева, Герценштейна, Дена, Кауфмана, Кутлера, Левитского, Мануилова, Петрункевича, Хауке, Чупрова, Якушкина., М., «Беседа», 1907, стр. 442—628. (Изд. Долгорукова и Петрункевича). — *77—80, 81—85, 112—113, 134—135, 162—163.*

Классовые задачи пролетариата в современный момент демократической революции. [Проект резолюции большевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП].—«Партийные Известия», [Спб.]. 1906, № 2, 20 марта, стр. 6. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *407—409, 411—412, 413—414.*

Ко всему народу. [Воззвание от комитета социал-демократической фракции Государственной думы, комитета Трудовой группы Государственной думы, Центрального Комитета РСДРП, центрального комитета партии социалистов-революционеров, центрального комитета Польской социалистической партии (ППС), центрального комитета Всеобщего еврейского союза в Литве, Польше и России (Бунда)]. Июль 1906 г. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, июль 1906. 1 стр. — *418—421.*

Конференция кавказских социал-демократических рабочих организаций. [Genève, тип. партии, 1905]. 8 стр. (РСДРП).— *48—49.*

Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб., тип. Киршбаума, 1892. XX, 864 стр.; 17 л. карт. (Деп. земледелия и сельской пром-ти. С.-х. и стат. сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V).— *76—77, 118, 121—122.*

Кричевский, Б. Н. Принципы, тактика и борьба. —«Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36. — *154—155.*

Кулебаки. —«Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 44. Под общ. загл.: Корреспонденции. — *4—5.*

[*Кускова, Е. Д.*] *О русском марксизме.* (К двадцатипятилетию смерти Карла Маркса). —«Столичная Почта», Спб., 1908, № 251, 1 (14) марта, стр. 3—4. Подпись: Е. К. — *38—39.*

Кутлер, Н. Н. Проект закона о мерах к расширению и улучшению крестьянского землевладения.—В кн.: Аграрный вопрос. Т. II. Сборник статей Брейера, Бруна, Воробьева, Герценштейна, Дена, Кауфмана, Кутлера, Левитского, Мануилова,

Петрункевича, Хауке, Чупрова, Якушкина. М., «Беседа», 1907, стр. 629—648. (Изд. Долгорукова и Петрункевича). — *12, 344—345.*

Ларин, Ю. Крестьянский вопрос и социал-демократия. [Спб.], «Новый Мир», 1906. 111 стр.— *182—183.*

Левин, Д. Наброски. —«Речь», Спб., 1909, № 133 (1018), 17 (30) мая, стр. 2—3. — *476—477.*

Левые в третьей Думе. (Действительность и мечты).—«Знамя Труда», [Париж], 1908, № 10—11, февраль—март, стр. 9—12. Подпись: Игн. Н. — *156—159.*

[*Ленин, В. И.*] *А судьи кто?*—«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 19, 5 ноября, стр. 6—7. На газ. место изд.: М. — *158.*

— *Аграрная программа социал-демократии в первой русской революции 1905—1907 годов.* Ноябрь — декабрь 1907 г. — *61—66, 69—73, 124—125, 139—140, 160—187, 199, 273—280.*

— *Аграрный вопрос.* Ч. I. Спб., [«Зерно», январь] 1908. 263 стр. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. — *109—110.*

— *Аграрный вопрос и «критики Маркса».*—В кн.: [Ленин, В. И.] Аграрный вопрос. Ч. I. Спб., [«Зерно», январь] 1908, стр. 164—263. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. — *109—110.*

— *Аграрные прения в III Думе.*— «Пролетарий», Женева, 1908, № 40, 1 (14) декабря, стр. 3—5. Подпись: Н. Л. — *371.*

— *Гг. «критики» в аграрном вопросе.*—«Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 259—302. Подпись: Н. Ленин. — *173, 280—282.*

*— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* — В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 387—469. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908. — *413.*

— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905, VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *406.*

— *Директивы для ком*[*иссии*] *по организационному вопросу.*— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной

— *Проект большевистской резолюции о временном правительстве и местных органах революционной власти.* Временное революционное правительство и местные органы революционной власти.— В кн.: [Ленин, В. И.] Доклад об Объединительном съезде Российской социал-демократической рабочей партии. Письмо к петербургским рабочим. М. — Спб., тип. «Дело». 1906, стр. 92—93, в отд.: Приложения. — *410—412, 414.*

*— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. Изд. 2-е, доп. Спб., «Паллада», 1908. VIII, VIII, 489 стр. Перед загл. авт.: Владимир Ильин. — *64—67, 76—79, 82, 87—90, 91—95, 96—99, 101—103, 104—105, 107—111, 112—117, 118—119, 122—126, 128—129, 131—132, 145—146, 169—170.*

— *Революционная демократическая диктатура пролетариата и крестьянства.*—«Вперед». Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 1. — *405—407.*

*— *Революционный авантюризм.*—«Искра», [Лондон], 1902, № 23, 1 августа, стр. 2—4; № 24, 1 сентября, стр. 2—4. — *380—381.*

— *Резолюции о вооруженном восстании, [принятая на III съезде РСДРП].*— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XVII—XVIII. (РСДРП). — *406—408, 414.*

— *Резолюция о тактике с.-д. фракции в [III] Г[осударственной] думе.*—«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4, в отд.: Из партии. Под общ. загл.: Резолюции 3-й Общероссийской конференции. На газ. место изд.: М. — *37.*

— *[Тактическая платформа к Объединительному съезду РСДРП.* Проект резолюций к Объединительному съезду РСДРП].—«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9. — *407.*

— *Третья Дума.* —«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 18, 29 октября, стр. 1—3. На газ. место изд.: М. — *37.*

*— *Эсеровские меньшевики.* —«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *150.*

[Ленин, С. Н.] Сельскохозяйственные машины и орудия.— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1896, № 51, стр. 972—976. Под общ. загл.: Всерос. пром. и худож. выставка в Н.-Новгороде. — *82.*

— *Сельскохозяйственные орудия и машины.*— В кн.: Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896], стр. 47—58, в отд.: I. Сельское хозяйство. (М-во финансов. Комиссия по заведованию устройством Всерос. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *82.*

«Листок «Рабочего Дела»», [Женева], 1901, № 6, апрель, стр. 1—6. — *154—155.*

**Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.).* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909. 486 стр. (РСДРП). — *154—155, 382—383, 412—414, 416.*

Манифест. 17 (30) октября 1905 г.—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *473—474.*

Манифест ко всему российскому крестьянству [от комитета социал-демократической фракции Государственной думы, комитета Трудовой группы Государственной думы, Всероссийского крестьянского союза, Центрального Комитета РСДРП, центрального комитета партии социалистов-революционеров, Всероссийского железнодорожного союза, Всероссийского учительского союза]. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [июль 1906]. 2 стр. — *418—421.*

**Маресс, Л. Н. Производство и потребление хлеба в крестьянском хозяйстве.*— В кн.: Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства. Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I. Спб., тип. Киршбаума, 1897, стр. 1—96. — *91—93.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г.— январь 1848 г. — *22—23, 205.*

— *Собрание сочинений Карла Маркса и Фридриха Энгельса.* 1841—1850. Т. 1. Март 1841 — март 1844. Полный пер. с нем. И. Г. Гройсмана. Под ред. Л. И. Аксельрод (Ортодокс), Д. Кольцова и Б. Рязанова. С предисл. к русск. изд. Ф. Меринга. [Одесса, «Освобождение Труда»], 1908. II, 650 стр. (В изд.: Из литературного наследия Карла Маркса, Фридриха Энгельса и Ферд. Лассаля. Изд. Ф. Мерингом). — *424—425.*

— *Собрание сочинений Карла Маркса и Фридриха Энгельса.* 1841—1850. Т. 2. Июль 1844 — ноябрь 1847. Под ред. Л. И. Аксельрод, В. И. Засулич и Д. Кольцова. [Одесса,

— *Итоги политического развития.*— В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. I. Предвестники и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909, стр. 663—676. Подпись: Л. М. — *450.*

Мартов, Л. К. Каутский и русская революция. — В кн.: Издательство «Отклики». Сборник II. Спб., [электропеч. Левенштейн], 1907, стр. 3—24. — *45.*

— *«Левение» буржуазии.*— «Возрождение», М., 1909, № 1—2, стр. 26—31, в отд.: Общественно-политический отдел. Заметки журналиста. — *445—447, 449—451.*

Мартынов, А. Аграрный вопрос в контрреволюционной думе.— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 10—11, ноябрь—декабрь, стр. 5—14. — *450.*

— *Обличительная литература и пролетарская борьба.* («Искра», №№ 1—5).—«Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 37—64. — *154—155.*

Маслов, П. П. Аграрный вопрос в России. (Условия развития крестьянского хозяйства в России). 3-е изд. Спб., тип. «Общественная Польза», 1906. XIII, 462 стр. — *173—175, 275—279, 280—282, 314—316.*

— *Аграрный вопрос в России.* Т. I—II. Спб., тип. «Общественная Польза», 1908. 2 т.

Т. I. (Условия развития крестьянского хозяйства в России). 4-е доп. изд. С приложением статей: 1) О принципиальных основах аграрной программы. 2) Моим критикам, XIII, 520 стр.— *278—279.*

Т. II. Кризис крестьянского хозяйства и крестьянское движение. VIII, 457, 135 стр.; 4 л. карт.— *278—279.*

— *К аграрному вопросу.* (Критика критиков). —«Жизнь», Спб., 1901, № 3, стр. 162—186; № 4, стр. 63—100. — *173.*

— *Критика аграрных программ и проект программы.* М., «Колокол», 1905. 43 стр. (Первая б-ка. № 31). — *165—168, 285—288.*

— *О принципиальных и теоретических основах аграрной программы.*—«Образование», Спб., 1907, № 2а, стр. 117—126; № 3, стр. 89—104. — *165—167, 173—174, 178—182, 279—282.*

— *Икс. Об аграрной программе.*— В кн.: [Маслов, П. П.] Икс. Об аграрной программе. [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ

на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д. Женева, тип. Лиги, 1903, стр. 1—25. (РСДРП).— *280—282, 285—288.*

— *Икс. Об аграрной программе.* [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д. Женева, тип. Лиги, 1903. 42 стр. (РСДРП).— *280—288, 285—288.*

— *Письмо в редакцию.*—«Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 8—9, июль—сентябрь, стр. 23—24. — *273, 274—276, 277—282, 312, 316.*

— *Предисловие к третьему изданию [книги «Аграрный вопрос в России»].* — В кн.: Маслов, П. П. Аграрный вопрос в России. (Условия развития крестьянского хозяйства в России). 3-е изд. Спб., тип. «Общественная Польза», 1906, стр. XIII. — *173.*

— [*Проект аграрной программы*]. —«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 12. Под общ. загл.: Проекты аграрной программы к предстоящему съезду. — *285—286.*

Материалы для статистики Костромской губернии. Изд. Костромского губ. стат. ком. Под ред. В. Пирогова. Вып. 8. Кострома, 1891. II, 333, 25 стр.; 4 л. табл. — *106.*

Материалы для статистики Красноуфимского уезда Пермской губернии. Вып. III. Таблицы. Изд. Красноуфимского земства. Казань, тип. Вечеслава, 1893. [На обл.: 1894]. VII, 430 стр. — *87—89, 94, 97, 101, 109—111, 112—115, 117.*

**Материалы к крестьянскому вопросу.* Отчет о заседаниях делегатского съезда Всероссийского крестьянского союза 6—10 ноября 1905 г. С вступит. статьей В. Громана. Б. м., «Новый Мир», 1905. 114 стр. — *171.*

**Материалы к оценке земель Нижегородской губернии.* Экономическая часть. Вып. IV, IX, XII. Изд. Нижегородского губ. земства. Н.-Новгород, 1888—1890. 3 т. (Статистическое отделение Нижегородской губ. зем. управы).

*— Вып. IV. Княгининский уезд. 1888. 442 стр. — *94, 97, 101—103, 114.*

*— Вып. IX. Васильский уезд. 1890. 428 стр.— *94, 97, 101—103, 114.*

*— Вып. XII. Макарьевский уезд. 1889. 549 стр. — *94, 97, 101—103, 114.*

[*Материалы, поступившие в Общее собрание Государственной думы 2-го созыва*]. Б. м., [1907]. 7, 23 стр.; 1040 л. — *11, 167—168, 373—374.*

Милитаризм и международные конфликты. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 5—6. Под общ. загл.: Резолюции Штутгартского съезда. На газ. место изд.: М.— *202—203, 207—208, 223.*

Милюков, П. Н. Год борьбы. Публицистическая хроника. 1905—1906. Спб., [тип. «Общественная Польза»] 1907. XVII, 550 стр. (Б-ка «Общественной Пользы»).— *12.*

— *Задачи местных аграрных комитетов в понимании с.-д. и к.-д.*— В кн.: Милюков, П. Н. Год борьбы. Публицистическая хроника. 1905—1906. Спб., [тип. «Общественная Польза»], 1907, стр. 457—460. (Б-ка «Общественной Пользы»).— *12.*

— *С.-Петербург, 25 мая.*— «Речь», Спб., 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1.— *12.*

— *С.-Петербург, 16 марта.*— «Речь», Спб., 1908, № 65, 16 (29) марта, стр. 1.— *9—12, 13—14.*

Минск.— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 43—44. Под общ. загл.: Корреспонденции.— *5.*

Мольер, Ж. Б. Тартюф, или Обманщик.— 315.

Надеждин, Л. Канун революции — қараңыз: Канун революции.

«Народная Дума», [Спб.], 1907, № 12, 24 марта (6 апреля), стр. 4.— *413.*

Народу от народных представителей. [Июль 1906 г. Листовка]. Б. м., 1906. 1 стр.— *54—55.*

Научная хроника. (Новые опыты оживления трупов).— «Пролетарий», Женева, 1908, № 30, (23) 10 мая, стр. 2—3. Подпись: Т—ренов.— *53, 56—58.*

Не пора ли покончить?— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 1—2, февраль, стр. 24—26.— *152.*

Некрасов, Н. А. Кому на Руси жить хорошо.— 229.

— *Рыцарь на час.— 321—322.*

Ник.--он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

«Новое Время», Спб., 1908, № 11698, 5 (18) октября, стр. 2.— *248—250.*

Новые казни террористов и наша легальная пресса.— «Знамя Труда», [Париж], 1908, № 10—11, февраль — март, стр. 5—9.— *151—153.*

О временном правительстве. [Резолюция конференции кавказских социал-демократических рабочих организаций].— В кн.: Конференция кавказских социал-демократических рабочих организаций. [Genève, тип. партии, 1905], стр. 3. (РСДРП).— *49.*

О думской с.-д. фракции. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 5—6. (РСДРП).— *334, 395—397, 436—438.*

О завоевании власти и участии во временном правительстве. [Резолюция первой общерусской конференции партийных работников].— В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905, стр. 23—24. (РСДРП).— *405—408, 409—410.*

[*О классовых задачах пролетариата в современный момент демократической революции.* Проект резолюции к V съезду РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 3. Под общ. загл.: Проекты резолюций к Пятому съезду РСДРП. На газ. место изд.: М.— *407—409, 414.*

О современном моменте и задачах партии. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—5. (РСДРП). — *391—395, 408—409, 416—418, 428—429, 432—433, 449.*

О современном моменте революции и задачах пролетариата. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры». — *408—410, 411—412.*

и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909. [5], 676 стр.— *450—451.*

Общие тактические указания для текущего момента. [Резолюция, принятая на X съезде ППС].— В кн.: Десятый съезд ППС. Программа. Тактика. [Изд. «Myśli Socjalistycznej». Львов], 1908, стр. 8—10. Под общ. загл.: Резолюции.— *51.*

Одинцев. К вопросу о революционных организациях. (Письмо в редакцию).— «Революционная Мысль», 1908, № 2, июнь, стр. 10—13.— *153—155, 371.*

Одоевский, А. И. «Струн вещих пламенные звуки...».— 201.

Озеросский, С. О «Вехах».— «Речь», Спб., 1909, № 139 (1024), 24 мая (6 июня), стр. 5.— *476.*

Орлов, В. Крестьянское хозяйство. Вып. I. Формы крестьянского землевладения в Московской губернии. Изд. Моск. губ. земства. М., 1879. III, 320, 39 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. IV. Вып. I).— *85.*

[*Основные положения законопроекта об организации местных комитетов по аграрному вопросу, внесенные в I Государственную думу 35 членами Трудовой группы*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 672—673. (Государственная дума).— *11.*

От редакции.— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 8—9, июль—сентябрь. Прибавление к №№ 8—9 «Голоса Соц[иал]-Демократа», стр. 1.— *282, 312—314, 315—317.*

От редакции.— «Революционная Мысль», 1908, № 1, апрель, стр. 1.— *150—152, 153, 371.*

Отношение между социалистической партией и профессиональными союзами. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 5. Под общ. загл.: Резолюции Штутгартского съезда. На газ. место изд.: М.— *360.*

Отчет кавказской делегации об общепартийной конференции. Изд. Центрального бюро заграничных групп РСДРП. Paris, Rédaction du Socialisme, 1909. 53 стр. (РСДРП).— *367, 415.*

Очерки по философии марксизма. Философский сборник. Спб., [тип. Безобразова], 1908. 329 стр.— *20.*

Парламентский кретинизм наизнанку.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 18, 29 октября, стр. 2—5. На газ. место изд.: М.— *157, 377.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9, 9—11, 12.— *186—187, 285—286, 407—410, 411—412, 414.*

**Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.* Вып. I. Население империи по переписи 28-го января 1897 г. по уездам. Сост. Центр. стат. ком. на основании местных подсчетных ведомостей. Изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел. Спб., 1897. 29 стр. На русск. и франц. яз.— *71,72.*

Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП).— *44—45, 405—408, 409—410.*

Письма И. Ф. Беккера, И. Дицгена, Ф. Энгельса, К. Маркса и др. к Ф. А. Зорге и др. Пер. с нем. Политикуса. С письмами и биографией Ф. А. Зорге Евг. Дицгена. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907. XXVI, 44, 485, II стр.— *261, 449—450.*

Письмо из Петербурга. (В думской с.-д. фракции).— «Пролетарий», Женева, 1908, № 39, (26) 13 ноября, стр. 6—8, в отд.: Хроника. Подпись: Н.— *331—332.*

Письмо партийного работника.— «Рабочее Знамя», [М.], 1908, № 7, декабрь, стр. 4—6.— *400—401.*

Письмо рабочего. (О плане партийной работы в связи с оценкой текущего момента).— «Рабочее Знамя», [М.], 1908, № 5, октябрь, стр. 4—5.— *304, 318, 400, 401, 441.*

Письмо рабочего в редакцию «Рабочего Знамени». Перепечатываем из № 5 «Рабочего Знамени».— «Пролетарий», Женева, 1908, № 39, (26) 13 ноября, стр. 3—4.— *318—320, 323—337, 401, 441.*

Плеханов, Г. В. [*Вопросы к нерусским социал-демократам о характере русской революции и о тактике, которой должны придерживаться русские социал-демократы*].— В кн.: Каутский, К. Движущие силы и перспективы русской революции. Пер. с нем. («Neue Zeit», №№ 9 и 10, 25. Jg., Bd. I). Под ред. и с предисл. Н. Ленина. М., «Новая Эпоха», 1907, стр. 29.— *423—425.*

— *Еще о нашем положении.* (Письмо к товарищу X.).— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12.— *34—35, 49.*

— *Заметки публициста.*— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 3, март, стр. 3—12.— *27, 28, 34—35.*

— *Заметки публициста.*— «Современная Жизнь», М., 1907. № 2, февраль—март, стр. 158—186. Подпись: Бельтов. — *45.*

— *Проект программы русских социал-демократов.* 1885—1887 гг.— *164—165.*

— *Materialismus militans.* Ответ г. Богданову. I. (Письмо первое).— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 6—7, май — июнь, стр. 3—14.— *199, 282, 315.*

По поводу конференции РСДРП.— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1909, № 12, март, стр. 15—16.— *446, 448—449, 450.*

Положение о выборах в Государственную думу. С разъяснениями правительствующего Сената и министерства внутренних дел. Спб., сенатская тип., 1907. 188 стр.; 2 схемы. (Изд. м-ва внутр. дел).— *5, 11, 13, 301—302, 347.*

Положение о выкупе крестьянами, вышедшими из крепостной зависимости, их усадебной оседлости и о содействии правительства к приобретению сими крестьянами в собственность полевых угодий. 19 февраля 1861 г.— В кн.: Положения о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости. Спб., 1861, стр. 1—32.— *338.*

Положения о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости. 19 февраля 1861 г. Спб., 1861. 357 стр. Разд. паг.— *338.*

«Полярная Звезда», Спб., 1906, № 10, 18 февраля, стр. 733—737.— *9.*

[*Постановление ПК РСДРП по поводу Обращения СПБ коалиционного студенческого совета*].— «Пролетарий», Женева, 1908, № 36, (16) 3 октября, стр. 10. Под общ. загл.: С.-Петербург, в отд.: Из партии. На газ. дата: 16 (30) октября.— *239.*

Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка. Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП).— *30—31, 164—165, 166—167, 168—169, 179—180, 182—183, 187, 199, 299—301, 350—351, 353—354.*

*Постников, В. Е. *Южнорусское крестьянское хозяйство.* М., тип. Кушнерева, 1891. XXXII, 392 стр.— *92—93, 95—100, 102—103, 107, 114.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1.— *473—474.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1.— *34.*

— 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1.— *168—169, 338, 341—343, 348—349, 352—353, 358.*

— 1906, № 256, 18 ноября (1 декабря), стр. 1.— *169.*

Прения в думской с.-д. фракции по вопросу об отношении с.-д. к религии.—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 45, 13(26) мая, стр. 6—7, в отд.: Из партии.— *453, 462, 465.*

Приложения к стенографическим отчетам Государственной думы. Третий созыв. Сессия I. 1907—1908 гг. Т. I. (№№ 1—350). Спб., гос. тип., 1908. 35 стр., 2024 стлб.— *12.*

Примечание редакции «Голоса Социал-Демократа» к письму т. Маслова — қараңыз: От редакции.

Принятая [Пятой] конференцией [РСДРП (Общероссийской 1908 г.)] после комис[сионной] работы резолюция [по организационному вопросу].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 6. (РСДРП). Под общ. загл.: Организационный вопрос.— *391, 397, 399, 427, 434—436.*

Программа и организационный устав партии социалистов-революционеров, утвержденные на первом съезде. Изд. центрального комитета п. с.-р. Б. м., тип. партии соц.-рев., 1906. 32 стр.— *372—374.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *164—165, 178—180, 251, 288—289, 334, 372—374, 375.*

Проект главных оснований закона о земельном обеспечении земледельческого населения, [внесенный во II Государственную думу кадетами].—В кн.: [Материалы, поступившие в Общее собрание Государственной думы 2-го созыва]. Б. м., [1907], л. 293—295.— *11.*

Проект меньшевистской резолюции о временном правительстве и революционном самоуправлении. Временное правительство и революционное самоуправление.— В кн.: [Ленин, В. И.] Доклад об Объединительном съезде РСДРП. Письмо к петербургским рабочим. М.— Спб., тип. «Дело», 1906, стр. 91—92, в отд.: Приложения.— *409—410, 411—412.*

Резолюция ЦК [РСДРП] о кооперативах.—«Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 37—38, в отд.: Из партии.— *5.*

[*Резолюция ЦК РСДРП о работе в профессиональных союзах*].— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 38—39, в отд.: Из партии.— *5.*

[*Резолюция ЦК РСДРП по поводу выступления социал-демократической фракции в III Государственной думе по вопросу о закрытии дверей думской комиссии по государственной обороне...*].—«Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 35. Под общ. загл.: Деятельность Центрального Комитета, в отд.: Из партии.— *6.*

«Речь», Спб.—*9, 11, 476.*

— 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1.— *12.*

— 1908, № 65, 16 (29) марта, стр. 1.— *9, 10—12, 13.*

— 1908, № 205, 28 августа (10 сентября), стр. 1—3. — *226.*

— 1909, № 133 (1018), 17 (30) мая, стр. 2—3.— *476.*

— 1909, № 139 (1024), 24 мая (6 июня), стр. 5.— *476.*

Рубакин, Н. А. Наша правящая бюрократия в цифрах. (Из «Этюдов о чистой публике»).— «Сын Отечества», Спб., 1905, № 54, 20 апреля (3 мая), стр. 2—3.— *65—66.*

Руднев, Н. Ф. Промыслы крестьян в Европейской России.— «Сборник Саратовского Земства», 1894, *№ 6, стр. 189—222; № 11, стр. 421—463.— *119—120.*

«Русская Мысль», М., 1907, № 7, стр. 172—178.— *10.*

— 1907, № 8, стр. 228—235.— *10.*

«Русское Государство», Спб.— *9.*

— 1906, № 39, 18 (31) марта, стр. 4.— *9.*

С партией или без партии?—«Пролетарий», Genève, 1908, № 28, (15) 2 апреля, стр. 1.— *465.*

С Урала.— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 44—45. Под общ. загл.: Корреспонденции.— *4.*

— Т. VIII. Орловский уезд. Статистико-экономические и оценочные материалы по крестьянскому и частновладельческому хозяйству. С 2 картогр. 1895. 1005 стр. (Стат. отд-ние Орловской губ. земской управы).— *109.*

Сборник статистических сведений по Самарской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VII. Новоузенский уезд. Изд. Самарского губ. земства. Самара, 1890. 524 стр.— *92—94, 96—97, 99, 112—114.*

Сборник статистических сведений по Саратовской губернии. Т. I, XI. Изд. Саратовского губ. земства. Саратов, 1883—1891. 2 т.

— Т. I. Саратовский уезд. 1883. V, 154 стр.; 126 стр. табл., 1 карта.— *67, 77.*

*— Т. XI. Камышинский уезд. 1891. 979 стр.— *90—92, 96—97, 113—114, 169—170.*

Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 года. Спб., гос. тип., б. г. 78 стр.— *168—169.*

Сводный сборник статистических сведений по Самарской губернии. Т. VIII. (Вып. I). Изд. Самарского губ. земства. Самара, 1892. X, 228 стр.— *92—94, 116—117.*

«Северный Вестник», Спб., 1885, № 3, ноябрь, стр. 186—193. — *86.*

Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Изд. деп. земледелия и сельской пром-ти м-ва гос. имуществ. Спб., 1893. II, XXVI, 649 стр. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго). — *82.*

Сельскохозяйственные и статистические сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V — қараңыз: Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях.

«Серенький» — в Думе. —«Русское Государство», Спб., 1906, № 39, 18 (31) марта, стр. 4. Подпись: Segno. — *9.*

Сиверский. Философия и террор. —«Революционная Мысль», 1908, № 2, июнь, стр. 1—4. — *152—156, 371.*

**Сначала.*—«Знамя Труда», [Париж, 1908, № 13, ноябрь], стр. 1—3. — *375—378, 379—382, 384—386.*

«Современная Жизнь», М., 1907, № 2, февраль—март, стр. 158—186. — *45.*

«Социал-Демократ», Спб. — *419.*

— 1906, № 6, 3 ноября, стр. 2—4. На газ. дата: 3 октября.— *419.*

«Социал-Демократ». [Вильно — Спб.] — Париж — Женева. —*4, 6, 414—417, 424—425.*

— [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 10—19, 21—30, 35, 36—39, 43—45. — *4, 5, 6.*

— Париж, 1909, № 3, 9 (22) марта, стр. 3—4. — *405, 408, 411—412, 413—416, 417, 420—423, 424—426.*

Старые тенденции и уроки жизни. — «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 15—19. — *6.*

Статистика землевладения 1905 г. Свод данных по 50-ти губерниям Европейской России. Спб., тип. Минкова, 1907. 199 стр.; L стр. табл. (Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел). — *61—67, 69—71, 99—101, 142, 144—146, 160—161.*

**Статистика производств, облагаемых акцизом, и гербовых знаков за 1897 и 1898 гг.* Сост. в стат. отд-нии главного упр. Спб., 1900. 1037 стр. (Главное упр. неокладных сборов и казенной продажи питей). — *118—120.*

Статистика Российской империи. IV, XX, XXXI, XLIV, LV. 1883—1901 гг. Изд. Центр. ком. м-ва внутр. дел. Спб., 1888—1902. 5 т. На русск. и франц. яз.

— IV. Средний урожай в Европейской России за пятилетие 1883—1887 гг. Под ред. В. В. Зверинского. 1888. V, 17, 155 стр. — *78—79.*

— XX. Военно-конская перепись 1888 года. Под ред. А. Сырнева. 1891. VI, XXIII, 207 стр. табл.—*65—66, 110—111, 123—126.*

— XXXI. Военно-конская перепись 1891 года. Под ред. А. Сырнева. 1894. IV, XXIX, 149 стр. — *65—66, 110—111, 123—126.*

— XLIV. Военно-конская перепись 1896 г. Под ред. А. Сырнева. 1898. XIII стр.; 79 стр. табл.; 11 л. карт. — *65—66, 110—111, 123—126, 137—138, 146—147, 169—170.*

— LV. Военно-конская перепись 1899—1901 гг. Под ред. А. Сырнева. 1902. XIV стр.; 223 стр. табл.; 2 л. карт. — *65—67, 108, 110—111, 123—126, 137—138, 146—147, 169—170.*

Стаций, П. П. Фиваида. — 457—458.

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I—II. Спб., гос. тип., 1906. 2 т. (Государственная дума).

— Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). XXII, 866 стр. — *11, 55—57, 145—147, 166—168, 287—288, 344—345, 373—374.*

*— Т. II. Заседания 19—38 (с 1 июня по 4 июля), стр. 867—2013. — *11, 55—57, 344—345, 373—374.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1907 год. Сессия вторая. Т. I—II. Спб., гос. тип., 1907. 2 т. (Государственная дума. Второй созыв).

*— Т. I. Заседания 1—30 (с 20 февраля по 30 апреля). VIII стр., 2344 стлб. — *178—179.*

— Т. II. Заседания 31—53 (с 1 мая по 2 июня). VIII стр., 1610 стлб. — *172.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1908 г. Сессия первая. Ч. II. Заседания 31—60 (с 21 февраля по 6 мая 1908 г.). Спб., гос. тип., 1908. XV стр., 2962 стлб. (Государственная дума. Третий созыв). — *465.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1908 г. Сессия вторая. Ч. I. Заседания 1—35 (с 15 октября по 20 декабря 1908 г.). Спб., гос. тип., 1908. XIV стр., 3152 стлб. (Государственная дума. Третий созыв). — *333.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1909 г. Сессия вторая Ч. II—IV. Спб., гос. тип., 1909. 3 т. (Государственная дума. Третий созыв).

— Ч. II. Заседания 36—70 (с 20 января по 5 марта 1909 г.). XIV стр., 3244 стлб. — *440.*

— Ч. III. Заседания 71—100 (с 6 марта по 24 апреля 1909 г.). XII стр., 2956 стлб. — *333, 445, 453, 464—465, 469—479.*

— Ч. IV. Заседания 101—126 (с 27 апреля по 2 июня 1909 г.). XXXVII стр., 3476 стлб. — *470.*

Стенографический отчет с.-петербургского телеграфного агентства [о заседаниях Государственной думы. 1908 г. Третий созыв. Сессия вторая. Ч. I. Заседания 1—35 (с 15 октября по 20 декабря 1908 г.). Приложение к газете «Россия»]. Спб., [тип. газ. «Россия»], 1908. 1124 стр. — *338—354.*

«Столичная Почта», Спб. — *38.*

— 1908, № 251, 1 (14) марта, стр. 3—4. — *38—39.*

Струве, П. Б. Заметки публициста. Съезд союза 17-го октября и созыв Государственной думы.— «Полярная Звезда», Спб., 1906, № 10, 18 февраля, стр. 733—737. — *9.*

— *Консерватизм интеллигентской мысли.* Из размышлений о русской революции. —«Русская Мысль», М., 1907, № 7, стр. 172—178. — *10.*

— *Тактика или идеи?* Из размышлений о русской революции.— «Русская Мысль», М., 1907, № 8, стр. 228—235. — *10.*

«Сын Отечества», Спб., 1905, № 54, 20 апреля (3 мая), стр. 2—3. — *65—66.*

[*Тактическая резолюция по аграрному вопросу, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. — В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП). Под загл.: Аграрная программа. — *187.*

**Тезяков, Н. И. Сельскохозяйственные рабочие и организация за ними санитарного надзора в Херсонской губернии.* (По материалам лечебно-продовольственных пунктов в 1893 — 1895 гг.). (Доклад XIII губернскому съезду врачей и представителей замских управ Херсонской губ.). Изд. Херсонской губ. земской управы. Херсон, 1896. II, 301 стр. —*118—123.*

Толстой, Л. Н. Плоды просвещения. — 68—69.

Томский, М. П. Письмо рабочего в редакцию «Пролетария».— «Пролетарий», Женева, 1908, № 39, (26) 13 ноября, стр. 2—3. — *318—324, 336—337.*

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. (РСДРП). — *44—45, 405—408, 411—412, 414.*

Трирогов, В. Г. Община и подать. (Собрание исследований). Спб., тип. Суворина, 1882. 509 стр. — *85.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Наша революция.* Спб., Глаголев, б. г. XX, 286 стр. Перед загл. авт.: Н. Троцкий. — *417—422.*

Тургенев, И. С. Житейское правило. Стихотворение в прозе. — *286—287.*

— *Отцы и дети. — 342—343, 445.*

Уваров, М. С. О влиянии отхожего промысла на санитарное положение России.—«Вестник Общественной Гигиены, Судебной и Практической Медицины», Спб., 1896, т. XXXI, кн. I, июль, стр. 1—49. — *118.*

Указ правительствующему Сенату [*о выдаче крестьянским поземельным банком ссуд под залог надельных земель.* 15 (28) ноября 1906 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 256, 18 ноября (1 декабря), стр. 1. — *168—169.*

Указ правительствующему Сенату [*о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.* 9 (22) ноября 1906 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1. — *168—169, 338, 341—343, 348, 352—353, 357.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу.* 11 (24) декабря 1905 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *33—34.*

Успенский, Г. И. Власть земли. — 62—63.

[*Формула перехода к очередным делам, предложенная социал-демократической фракцией Государственной думы по поводу законопроекта по указу 9 ноября 1906 г.*].— В кн.: Стенографический отчет с.-петербургского телеграфного агентства [о заседаниях Государственной думы. 1908 г. Третий созыв. Сессия вторая. Ч. I. Заседания 1—35 (с 15 октября по 20 декабря 1908 г.). Приложение к газете «Россия»]. Спб., [тип. газ. «Россия»], 1908, стр. 118. — *353—354.*

[*Формула перехода к очередным делам, предложенная Трудовой группой Государственной думы по поводу законопроекта по указу 9 ноября 1906 г.*].— Там же, стр. 482. — *350—351.*

Черняев, В. В. Земледельческие орудия и машины, их распространение и изготовление.— В кн.: Сельское и лесное хозяйство России. С прил. 47 карт и диагр. Изд. деп. земледелия и сельской пром-ти м-ва гос. имуществ. Спб., 1893, стр. 351—362. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго). — *82.*

и биографией Ф. А. Зорге Евг. Дицгена. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907, стр. 266—270. — *261—262, 449—450.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 7 декабря 1889 г.].—Там же, стр. 356—359. — *261—262.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 10 июня 1891 г.].—Там же, стр. 406—407. — *261—262.*

— [*Письмо Ф. Келли-Вишневецкой.* 28 декабря 1886 г.].— Там же, стр. 271—274. — *261—262.*

— *Эмигрантская литература.* II. Программа бланкистских эмигрантов Коммуны. Июнь 1874 г. — *454.*

Юбилей Л. Н. Толстого.—«Речь», Спб., 1908, № 205, 28 августа (10 сентября), стр. 1—3. — *226.*

Abschaffung de stehenden Heere und allgemeine Volksbewaffnung. [Die Resolution des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Paris]. — In.: Protokoll des Internationalen Arbeiterkongresses zu Paris. Abgehalten vom 14. bis 20. Juli 1889. Deutsche Übersetzung. Mit einem Vorwort von W. Liebknecht. Nürnberg, Wörlein, 1890, S. 119—120. — *202.*

Abstract of the Twelfth Census of the United States. 1900. 3-d edition. Washington, Government Printing Office, 1904. XV, 454 p. (Bureau of the Census. S. N. D. North, Director).— *82.*

Die Arbeiter Britanniens an die Arbeiter Deutschlands. — «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 222, 22. September, S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die Arbeiter für den Frieden. — *223.*

Die Arbeiter für den Frieden. — «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 222, 22. September, S. 1—3. — *222—224.*

Baer, K. u. Helmersen, G. Beiträge zur Kenntnis des Russischen Reiches und der angränzenden Länder Asiens. Auf Kosten der Akademie der Wissenschaften. Bd. 11. Gemischten Inhalts. S.-Pb., Akademie der Wissenschaften, 1845. 183 S. — *73.*

Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 3. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883. VIII, 381 S. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIV). — *109.*

[*Das Begrüßungsschreiben der türkischen Revolution.* Die Resolution des Internationalen sozialistischen Büros].— «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 242, 15. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Internationale sozialistische Konferenz zu Brüssel.— *269—270.*

Bernstein, E. Probleme des Sozialismus.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1896—1897, Jg. XV, Bd. I, Nr. 6, S. 164—171; Nr. 7, S. 204—213; Nr. 10, S. 303—311; Nr. 25, S. 772—783; Bd. II, Nr. 30, S. 100—107; Nr. 31, S. 138—143.— *18—20.*

— *Das realistische und das ideologische Moment im Sozialismus.* Probleme des Sozialismus, 2. Serie II.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1897—1898, Jg. XVI. Bd. II, Nr. 34, S. 225—232; Nr. 39, S. 388—395.— *18—20.*

— *Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie.* Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *18—20, 24—25, 411—412.*

Die Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften. [Die Resolution des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 50—51.— *360.*

Brouckère, L. de. Das Begrüßungsschreiben der türkischen Revolution — қараңыз: Das Begrüßungsschreiben der türkischen Revolution.

«La Caserne», Haine st. Paul.— *208—209.*

[*La commune révolutionnaire*]. Aux Communaux. [Londres, 1874]. 12 p.— *454.*

Dahn, T. Die Bedingungen des erneuten Aufschwungs der russischen Revolution.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1908, Jg. 26, Bd. 2, Nr. 27, S. 4—10; Nr. 28, S. 49—58.— *32—35.*

Drechsler, H. Die bäuerlichen Zustände in einigen Teilen der Provinz Hannover.— In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 3. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883, S. 59—112. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIV).— *109.*

Engels, F. Introduction [to: «Socialism utopian and scientific»].— In: Engels: F. Socialism utopian and scientific. Translated by

E. Aveling. With a special introduction by the author. London — New-York. Sonnenschein — Scribner, 1892, p. V—XXXIX.— *47—49.*

— *Köln, 13. Juni.*— In: Marx, K. u. Engels, F. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. 1841 bis 1850. Bd. 3. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 97—100. Unter dem Gesamttitel: Das Ministerium Camphausen. (In: Aus dem literarischen Nachlaβ von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 3).— *446—448.*

— *Socialism utopian and scientific.* Translated by E. Aveling. With a special introduction by the author. London — New-York, Sonnenschein — Scribner, 1892. XXXIX, 117 p.— *47—49.*

*— *Über historischen Materialismus.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1892—1893, Jg. XI, Bd. I, Nr. 1, S. 15—20; Nr. 2, S. 42—51.— *47—49, 424—426.*

— *Vorwort* [*zum Buch von K. Marx «Das Elend der Philosophie»*].— In: Marx, K. Das Elend der Philosophie. Antwort auf Proudhons «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorw. und Noten von F. Engels. Stuttgart, Dietz, 1885, S. V—XXV.— *450—451.*

Die Ereignisse im Orient.— «Leipziger Volkszeitung», 1908, Nr. 232, 6. Oktober, S. 1—2.— *244—245.*

Farley, R. P. The socialist international. An impression.— «The Labour Leader», London, 1908, No. 42, Oct. 16, p. 665.— *262—264.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main, 1908, 14. April. — *36.*

— 1908, 20. Oktober. — *249—250.*

— 1908, 24. Oktober. — *249—250, 253.*

— 1908, 24. Oktober. 2. Morgenblatt. — *253, 254.*

Gesetz gegen gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. October 1878.—«Reichs—Gesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358.— *7, 210, 331—332, 395—396, 440—441, 487.*

Gesindeordnung. 1767. — *138—139.*

Glasier, J. B. Labour Party fully recognised. I. L. P. policy fully recognised. Kautsky moves the resolution.—«The Labour Leader», London, 1908, No. 42, Oct. 16, p. 665, Under the general title: International Bureau.— *262—264.*

Hervé, G. Leur patrie. Paris, édité par l'auteur, [1905]. 286 p.— *206—208.*

— *Der Militarismus und die internationalen Konflikte.* [Der Resolutionsentwurf, vorgeschlagen auf der Sitzung der Kommission des Internationalen Sozialistenkongresses am 20. August 1907].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 87.— *204—205.*

«L'Humanité», Paris, 1908, No. 1567, 1 août, p. 1.— *193—195.*

Hyndman, H. M. A criticism of the proceedings.— «Justice», London, 1908, No. 1,292, October 17, p. 7. Under the general title; The meeting of the International socialist Bureau.— *262—265.*

Internationale sozialistische Konferenz zu Brüssel.—«Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 242, 15. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *258—262, 263—266, 269—270.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 132 S.— *204—206, 207—208, 210, 223, 262—263, 270—271, 360.*

«La Jeunesse — c'est l'Avenir», Haine st. Paul.— *208—209.*

«Justice», London.— *192, 262—263, 264.*

— 1908, No. 1,292, October 17, p. 4, 7; No. 1,294. Oktober 31, p. 3; No. 1,296, November 14, p. 3.— *262—265.*

**Kautsky, K. Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. 2. durchges. und verm. Aufl. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 64 S.— *41—47, 48—49, 186.*

— *Die soziale Revolution.* II. Am Tage nach der sozialen Revolution. 2. durchges. und verm. Aufl. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 48 S.— *41, 186.*

— *Vorwort zur zweiten Auflage [des Buches «Die soziale Revolution»].*— In: Kautsky, K. Die soziale Revolution. I. Sozial-

reform und soziale Revolution. 2. durchges. und verm. Aufl. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 5—6. — *42, 48—49.*

Die Zulassung der «Arbeiterpartei» Englands zu den Internationalen Kongressen—қараңыз: Die Zulassung der «Arbeiterpartei» Englands zu den Internationalen Kongressen.

Keussler, J. Zur Geschichte und Kritik des bäuerlichen Gemeindebesitzes in Rußland. T. 2, II. Hälfte. S.-Pb., Ricker, 1883. VIII, 248 S. — *85.*

«The Labour Leader», Manchester — London — Glasgow. — *263.*

— London, 1908, No. 42, Oct, 16, p. 665. — *262—263.*

Lassalle, F. Über Verfassungswesen. Ein Vortrag, gehalten [am 16. April 1862] in einem Berliner-Bürger-Bezirks-Verein von Ferdinand Lassalle. Berlin, Jansen, 1862. 32 S. — *378.*

— *Was nun?* Zweiter Vortrag über Verfassungswesen. Zürich, Meyer u. Zeller, 1863. 41 S.— *378.*

«Leipziger Volkszeitung». — *244—245.*

— 1908, Nr. 232, 6. Oktober, S. 1—2. — *244—245.*

[*Lenin, W. I.*] *Lenin, N. Program rolny Socjaldemokracji w rewolucji rosyiskiej.* (Autoreferat).— «Przegląd Socjaldemokratyczny», Kraków, 1908, Nr. 6, sierpień, s. 516—532.— *283—287, 289—290, 294.*

The liberal-labour alliance.—«Justice», London, 1908, No. 1,292, October 17, p. 4; No. 1,294, October 31, p. 3; No. 1,296, November 14, p. 3. — *262—265.*

Liebknecht, K. Militarismus und Antimilitarismus unter besonderer Berücksichtigung der internationalen Jugendbewegung. Leipzig, 1907. VII, 126 S. — *206—207.*

Luxemburg, R. Offener Brief an Jean Jaurès.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1908, Jg. 26, Bd. 2, Nr. 43, S. 588—592. — *211—213.*

Marx, K. u. Engels, F. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. 1841 bis 1850. Bd. 3. Von Mai 1848 bis October 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S. (In: Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 3). — *290—291, 446—448.*

Marx, K. Das Elend der Philosophie. Antwort auf Proudhons «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorw. und Noten von F. Engels. Stuttgart, Dietz, 1885, XXXVI, 209 S. — *450—451.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 1. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel I bis XXVIII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. XXVIII, 448 S. — *273—276, 292—294, 314—315.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S. — *167—168, 175—176, 273—277, 292—294, 314—315.*

— *Köln, 29. Juli.* — In: Marx, K. u. Engels, F. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. 1841 bis 1850. Bd. 3. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 128—133. Unter dem Gesamttitel: Das Ministerium Hansemann. (In: Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 3). — *290—291, 424—425.*

— *Theorien über den Mehrwert.* Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie» von K. Marx. Hrsg. von K. Kautsky. Bd. I. Die Anfänge der Theorie vom Mehrwert bis Adam Smith. Stuttgart, Dietz, 1905. XX, 430 S.— *139—140, 172—173, 275—276, 289—290.*

— *Theorien über den Mehrwert.* Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie» von K. Marx. Hrsg. von K. Kautsky. Bd. II. David Ricardo. T. 1. Stuttgart, Dietz, 1905. XXII, 344 S. — *139—140, 172—173, 175—177, 274—275, 276, 289—290.*

— *Theorien über den Mehrwert.* Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie» von K. Marx. Hrsg. von K. Kautsky. Bd. II. David Ricardo. T. 2. Stuttgart, Dietz, 1905. IV, 384 S. — *139—142, 167—169, 171—173, 275—276, 289—290.*

Maslow, P. Die Agrarfrage in Rußland. Die bäuerliche Wirtschaftsform und die ländlichen Arbeiter. Autorisierte Übersetzung von M. Nachimson. Stuttgart, Dietz, 1907. XIII, 265 S. — *174, 280—282.*

— *W sprawie programu rolnego.* (Odpowiedź Leninowi).— Przegląd Socjaldemokratyczny», Kraków, 1908. Nr. 7, wrzesień, s. 588—596. *283—288, 289—291, 292—295.*

Der Militarismus und die internationalen Konflikte. [Die Resolution des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 64—66. — *202—204, 207—208, 223.*

**«Die Neue Zeit»*, Stuttgart, 1892—1893, Jg. XI, Bd. I, Nr. 1, S. 15—20; Nr. 2, S. 42—51. — *424—426.*

— 1896—1897, Jg. XV, Bd. I, Nr. 6, S. 164—171; Nr. 7, S. 204—213; Nr. 10, S. 303—311; Nr. 25, S. 772—783; Bd. II, Nr. 30, S. 100—107; Nr. 31, S. 138—143. — *18—20.*

— 1897—1898, Jg. XVI, Bd. II, Nr. 34, S. 225—232; Nr. 39, S. 388—395. — *18—20.*

— 1908, Jg. 26, Bd. 2, Nr. 27, S. 4—10; Nr. 28, S. 49—58.— *32—35.*

— 1908, Jg. 26, Bd. 2, Nr. 43, S. 588—592.— *211—213.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.— *424—425, 446.*

Die Organisationsfrage in der russischen Sozialdemokratie.— «Vorwärts», Berlin, 1909, Nr. 79, 3. April. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. Unter der Rubrik: Aus der Partei.— *427—429.*

«Le Peuple», Bruxelles.— *208—209, 259—260.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6.— *375—376, 455—456, 461—462, 465—466.*

Protokoll des Internationalen Arbeiterkongresses zu Paris. Abgehalten vom 14. bis 20. Juli 1889. Deutsche Übersetzung. Mit einem Vorwort von W. Liebknecht. Nürnberg, Wörlein, 1890. V, 133 S.— *202—203.*

Protokoll des Internationalen sozialistischen Arbeiterkongresses in der Tonhalle Zürich vom 6. bis 12. August 1893. Hrsg. vom Organisationskomitee. Zürich, Buchh. des Schweiz. Grütlivereins, 1894. VIII, 65 S.— *202—203.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891. 368 S.— *375—376, 455—456, 461—462, 465—466.*

resses in der Tonhalle Zürich vom 6. bis 12. August 1893. Hrsg. vom Organisationskomitee. Zürich, Buchh. des Schweiz. Grütlivereins, 1894, S. 20, 30.— *202—203.*

«La Tribune Russe», Paris.— *255.*

Vaillant, E. M. Die politische Lage. [Der Resolutionsentwurf, vorgeschlagen auf der Sitzung des Internationalen sozialistischen Büros am 12. Oktober 1908].— «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 242, 15. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Internationale sozialistische Konferenz zu Brüssel.— *264—265.*

Van Kol, G. [*Die Resolution zur Kolonialfrage*].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. S. 112. Unter der Rubrik: III. Kolonialfrage.— *270—271.*

Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Arbeiterkongresses zu Brüssel. (16.—22. August 1891). Berlin, die Expedition des «Vorwärts», 1893. 35 S.— *202—203.*

Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin, die Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896. 32 S.— *360.*

Die Verteidigung von Berlin!— «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 222, 22. September, S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Arbeiter für den Frieden.— *223—224.*

«Vorwärts», Berlin.— *247—248, 427—428.*

— 1908, Nr. 222, 22. September, S. 1—3.— *222—224.*

— 1908, Nr. 242, 15. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *258—262, 263—266, 269—270.*

«Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 243, 16. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. — *269—272.*

— 1909, Nr. 79, 3. April. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *427—429.*

Die Wirtschaftspolitik der Arbeiterklasse. [Die Resolution des Internationalen sozialistischen Kongresses zu London].— In: Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London

vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin, die Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896, S. 27—29.— *360.*

Zadania partji w chwili obechej. [Resolucja z VI zjazdu SDKP i L].— In: Sprawozdanie z VI zjazdu Socjaldemokracji Królestwa Polskiego i Litwy. Kraków, Wojtaszek, 1910, s. I—V.— *414—415.*

Die Zulassung der «Arbeiterpartei» Englands zu den Internationalen Kongressen. [Die Resolution des Internationalen sozialistischen Büros, angenommen am 12. Oktober 1908].— «Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 242, 15. Oktober. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. Unter dem Gesamttitel: Internationale sozialistische Konferenz zu Brüssel.— *258—261, 262—265.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты, 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздардың басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады.— *415, 446.*

II Александр (Романов) (1818—1881) — орыс императоры (1855—1881). — *448.*

Андерсон (Anderson), *Джемс* (1739—1808) — ағылшынның белгілі буржуазиялық экономисі, ірі фермер, негізінен ауыл шаруашылығы мәселелеріне арналған бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. 1777 жылы «Астық заңдарының табиғатын зерттеу» деген еңбегінде дифференциалдық рента теориясының негізгі белгілерін талдап жасады. Жер иелерінің мүдделерін қорғай отырып, астық заңдарын, баж салығы тарифтерін және экспорт сыйлықтарын сақтауды жақтады, бұлардың сақталуы егін шаруашылығын дамытуға жәрдемдеседі деп ойлады. Андерсонның көзқарастарын К. Маркс мына еңбегінде сынады: «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957. — *141.*

Андрейчук, М. С. (1866 ж. туған) — ауқатты шаруа; Волынь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; партияда жоқ. Думада азық-түлік, балық аулау жөніндегі және басқа комиссияларға сайланды. — *347.*

Анненский Н. Ф. (1843—1912) — экономист-статистик әрі публицист, либерал-халықшылдық қозғалыстың көрнекті қайраткері; бірқатар губернияларда земство статистикасына басшылық етті, оның басшылығымен және редакциялауымен көптеген статистикалық еңбектер шықты. «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына

эсері» (1897) деген екі томдық жинаққа қатысты, «Дело», «Отечественные Записки» журналдарына мақалалар жазып тұрды; либерал-халықшылдық «Русское Богатство» журналы редакциясының құрамына кірді. 1904—1905 жылдары либерал-монархиялық «Азаттық одағы» басшыларының бірі болды. 1906 жылы кадеттерге жақын, эсерлердің оң қанатынан бөлініп шыққан ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» партиясының ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарында саяси қызметтен қол үзді. — *78.*

Б

Базаров (Руднев), В. А.* (1874—1939) — әдебиетші-экономист және философ. К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің аудармашысы; социал-демократиялық қозғалысқа 1896 жылдан бастап қатысты. 1905—1907 жылдарда Базаров бірқатар большевиктік басылымдарға қатысты, реакция кезеңінде большевизмнен қол үзіп, маркстік философияны махизмнің позицияларынан ревизиялаушылардың бірі болды. Марксизмді Базаровша бұрмалауды әшкерелеген В. И. Ленин оны «жартылай берклишіл, махистер сектасындағы жартылай юмист» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 116-бет) деп атады. 1917 жылы — интернационалист-меньшевик, жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі; Ұлы Октябрь социалистік революциясына қарсы шықты. 1921 жылдан бастап Базаров СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді. 1931 жылы ол контрреволюциялық меньшевиктік ұйымның ісі бойынша сотталды, 1932 жылы босатылды. — *21.*

Балаклеев, И. И. (1866 ж. туған) — ірі помещик, Подольск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, барып тұрған оңшыл; қаражүздік «Орыс халқы одағының» жергілікті бөлімінің председателі. Думада бюджет, жұмысшы мәселесі жөніндегі және басқа комиссияларға сайланды. — *341.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913)—герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік позицияда болды, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдарда және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарын-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

дағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қалады» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күресінің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалауы және т. б.). — *204, 439—441.*

Белоусов, Т. О. (1875 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада бюджет және жер жөніндегі комиссияларға сайланды. 1912 жылы февральда Думадағы социал-демократиялық фракцияның құрамынан шықты, бірақ депутаттық уәкілдіктен бас тартқан жоқ. В. И. Ленин «Депутат Т. О. Белоусовтың Думадағы социал-демократиялық фракциядан кетуі туралы» деген мақалада (Шығармалар, 17-том, 511—516-беттер) Белоусовтың қылығын қатты айыптады.— *352, 353—354, 441, 465, 476.*

Бём-Баверк (Böhm-Bawerk), *Евгений* (1851—1914) — буржуазияшыл экономист, саяси экономиядағы «австриялық мектеп» дейтіннің өкілдерінің бірі. Қосымша құнның маркстік теориясына қарсы бағытталған еңбектерінде пайда жұмысшы табын қанаудың нәтижесінде пайда болмайды, қайта қазіргі және болашақ игіліктердің субъективтік бағаларының айырмасынан пайда болады-мыс деп дәлелдеді. Капитализмнің қайшылықтарын, капиталдың еңбекті қанауын бүркемелей отырып, Бём-Баверк жұмысшы табының назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысты; оның реакциялық көзқарастарын буржуазия капитализмді қорғау үшін пайдаланууда. — *20, 22.*

Бер — қараңыз: Бэр, К. М.

Березовский, А. Е. (Березовский 1-ші) (1868 ж. туған) — помещик, кадет, земство қайраткері; Симбирск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, азық-түлік мәселесі жөніндегі, жер жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі. — *343—346.*

Бёрнс (Burns), *Джон Эллиот* (1858—1943) — ағылшын саяси қайраткері. 80-жылдары — тред-юниондар басшыларының бірі, бірқатар ереуілдерге, оның ішінде 1889 жылғы докерлердің ірі стачкасына қатысушы. Ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшесі болды, алайда, көп ұзамай одан шықты. 1889 жылы Лондон графтығы советінің құрамына енді. 1892 жылы парламентке сайланды, онда капиталистермен ынтымақтасуды жақтап сөйледі, жұмысшы табының мүдделеріне қарсы шықты. 1905—1914 жылдары — жергілікті өзін өзі басқару ми-

нистрі, сонан соң — сауда министрі (1914). Басталған дүние жүзілік соғысқа қатынасу жөніндегі үкімет шешімімен келіспеуі себепті, 1914 жылы августа орнынан түсті. Одан кейінгі жерде белсенді саяси роль атқарған жоқ. — *262, 264.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизмнің және реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалары жарияланды, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейн мен оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практикалық оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның өзі бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін одан әрі жүргізе берді, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы күресті. — *18—20, 24, 35, 302.*

Бинасик, М. С.— қараңыз: Новоседский.

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» атанған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру еді. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері болды. 1871 жылдан 1890 жылға

дейін ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салу әрекеті нәтижесіз болды. 1890 жылы мартта орнынан түсті. — *33, 210, 454—455.*

Благовещенский, Н. А. (1859 ж. туған) — Курск земствосының статистігі, «Үй басы жүргізілген земство санағы бойынша шаруашылық деректерінің статистикалық қорытынды жинағы. I том. Шаруа шаруашылығы» (1893) деген кітаптың құрастырушысы және басқа статистикалық еңбектердің авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Курск губерниялық статистика бюросында істеді.— *132—133.*

Бобринский, В. А. (1868 ж. туған) — граф, реакцияшыл саяси қайраткер, ірі жер иесі және қант заводының иесі. 1895 жылдан 1898 жылға дейін Богородицк уездік земство басқармасының председателі болды. Тула губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думаларда оң қанатқа қосылды. Барып тұрған ұлтшыл болған ол Россияның ұлттық шет аймақтарын күшпен орыстандыруды жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті. — *340.*

Бобянский, А. Ф. (1853 ж. туған)—кадет, ірі жер иесі, әскери судья, отставкаға шыққаннан кейін — адвокат. Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада заң мәселелері жөнінде сөз сөйледі. — *343.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Партияның III съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Большевиктік органдар — «Вперед» және «Пролетарий» редакцияларының құрамына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі болды. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында шақырымпаздарды басқарды, партияның бағытына қарсы шыққан «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (субъективтік-идеалистік махистік философияның жалған маркстік терминологияны бүркемеленген бір түрі) деп аталған өз системасын жасауға тырысты; Ленин озі-

нің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл системаны қатаң сынға алды. 1909 жылы июньде «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде Богданов большевиктік партиядан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткульт» басшыларының және жетекшілерінің бірі болды, Пролетарлық университетте жұмыс істеді. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *20, 486.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі; ревизионист және оппортунист. 1884 жылдан либералдық «Tiden» («Замана») газетінің қызметкері, кейіннен редакторы болды, 1887—1917 жылдары (үзілістермен — партияның орталық органы «Socialdemokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; риксдаг депутаты (1897—1925). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық либералдық-социалистік үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды. — *270.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932) — француз мемлекет қайраткері және дипломат; кәсібі жөнінен адвокат. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылды. 1902 жылы парламентке өтіп алып, жұмысшы табына ашық дұшпан реакцияшыл буржуазияшыл саясатшы болды. 1906 жылы Бриан ағарту министрі ретінде буржуазиялық үкіметке кірді. Социалистік партиядан шығарылған соң, ол «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды; бұл топ 1911 жылы «республикалық социалистік партия» деп аталды. 1909 жылы Бриан «үш ренегат кабинетінің» (Бриан — Мильеран — Вивиани) премьері болды. 1910 жылы Бриан темір жолдарды соғыс жағдайында деп жариялап, теміржолшылардың ереуілін аяусыз басып-жаныштады. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдарда — премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерінің жасалуына қатысты. 1926—1931 жылдарда Француз сыртқы саясатын басқарды. 1931 жылы Бриан президент сайлауында жеңіліске ұшырағаннан кейін саяси қызметтен қол үзді.— *202.*

Брукер (Brouckère), *Луи, де* (1870 ж. туған) — Бельгия жұмысшы партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі; бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін партияның сол қанатын басқарды. II Интернационалдың Штутгарт конгресінде социалистік партиялар мен кәсіподақтардың қарым-қатынасы жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде — нағыз социал-шовинист. Соғыстан кейін — партияның Бас советінің бюро мүшесі және қалпына кел-

тірілген II Интернационал Атқару комитетінің мүшесі. Кейінірек үкіметке енді, сенатор, Ұлттар лигасындағы Бельгияның өкілі болды. 1919 жылдан — Брюссель университетінің профессоры, 1926 жылдан — Бельгия Академиясының мүшесі. Совет мемлекеті мен большевиктер партиясына қарсы шықты. — *20, 269.*

Булат (Булота), А. А. (1872—1941) — Литва қоғам қайраткері, Сувалки губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, кәсібі жөнінен адвокат. 1905 жылғы октябрь күндерінде — почта-телеграф қызметшілерінің ереуілін ұйымдастырушылардың бірі; түрмеге жабылды. Думаларда трудовиктердің фракциясына кірді; III Мемлекеттік думада осы фракцияның лидері болды. 1912—1915 жылдары — Вильнюсте адвокат, 1915 жылдан 1917 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында болды. Петроградқа қайтып келгеннен кейін жұмысшы және солдат депутаттары Советінің келісімпаз Орталық Атқару Комитетіне эсерлер партиясынан кооптацияланды.

1940 жылы, Литвада фашистік режим құлатылғаннан кейін, Халықтық сейм сайлауы жөніндегі республикалық сайлау комиссиясының мүшесі болды. 1940—1941 жылдары — Литва ССР Жоғарғы Советі Президиумының заң бөлімінің меңгерушісі. 1941 жылы неміс оккупанттары атып өлтірді. — *351.*

Бэр, К. М. (1792—1876) — орыс ғалымы, XIX ғасырдағы аса ірі жаратылыс зерттеушілерінің бірі, эмбриологияның негізін салушы, академик. Дерпт университетін бітіргеннен кейін шетелге кетіп, онда 1834 жылға дейін тұрды. 1817 жылдан Кенигсберг университетінің проректоры, 1819 жылдан зоология профессоры, 1826 жылдан анатомия профессоры болды. 1826 жылы Петербург Ғылым академиясына корреспондент-мүше, ал 1828 жылы штаттағы академик болып сайланды. 1834 жылы Петербургке қайтып оралды. Жануарлардың эмбриондық дамуы жөніндегі еңбектері арқылы көбірек танылды. Эволюция процесін мойындады, бірақ оны идеалистік тұрғыдан түсіндірді: Дарвиннің эволюция теориясына, әсіресе табиғи сұрыпталу теориясына қарсы шықты. Антропология мәселелерін де зерттеді. Географиялық қоғамды құрушылардың бірі. Бірқатар географиялық экспедицияларға қатысушы. Эмбриология, антропология, анатомия, география және басқа мәселелер жөніндегі көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *73.*

Бюлов, (Bülow), *Бернхард* (1849—1929) — кайзерлік Германияның дипломаты және мемлекет қайраткері. 1897—1900 жылдары сыртқы істер жөніндегі статс-секретарь болды; 1900 жылдан 1909 жылға дейін — рейхсканцлер. Герман империализмінің дүние жүзілік үстемдік жолындағы күресін білдіретін отарлық басқыншылықтың кең программасын алға қойды. Өскелең стачкалық қозғалысқа қарсы аяусыз жазалар қолдана отырып, реак-

циялық ішкі саясат жүргізді; антимилитаризммен күресті. Бірінші дүние жүзілік соғыстың (1914—1918) бас кезінде Италияда төтенше елші болды. Кейінірекке саяси қызметтен қол үзіп кетті. — *202.*

В

В. В. — қараңыз: Воронцов, В. П.

Валентинов, Н. (Вольский, Н. В.) (1879—1964) — меньшевик, журналист. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, 1904 жылдың аяғында меньшевиктер жағына шықты, меньшевиктік жария газет — «Московская Газетаны» редакциялады, бірқатар меньшевиктік журналдарға: «Правдаға», «Наше Делоға», «Дело Жизнлге» және басқаларына қатысты, буржуазиялық «Русское Слово» газетіне жазып тұрды; реакция жылдарында — жойымпаз. Аграрлық мәселеде жерді муниципализациялауды қорғады. Философия мәселелерінде марксизмді ревизиялады, Мах пен Авенариустың субъективтік-идеалистік көзқарастарын қорғады. Валентиновтың философиялық көзқарастарын В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде сынады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің «Торгово-Промышленная Газетасы» редакторының орынбасары болып, одан кейін — СССР-дің Париждегі сауда өкілдігінде істеді. 1930 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Буржуазиялық баспасөзде Коммунистік партия мен Совет мемлекетіне қарсы мақалалар жазды. — *443.*

Вальян (Вайян), (Vaillant), *Эдуар Мари* (1840—1915) француз социалисі, Бланкидің ізбасары, II Интернационалдың сол қанаты көсемдерінің бірі, Париж Коммунасы Атқару комиссиясының және I Интернационалдың Бас советінің мүшесі. Франция Социалистік партиясын құруға инициатор болғандардың бірі (1901). 1905 жылы Социалистік партия Жорестің реформистік Француз социалистік партиясымен біріккеннен кейін Вальян аса маңызды мәселелер жөнінде оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — социал-шовинист. — *259, 265, 269.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия Жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде—социал-шовинист: буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Вандервельде Октябрь социалистік революциясына өте-мөте дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы

қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті, II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда—Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға катысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Вандервельде бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы. В. И. Ленин атап көрсеткендей, Вандервельденің еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы шығады» (Шығармалар, 28-том, 327-бет). — *25.*

Ван Коль (Van Kol), *Генрих* (1851—1925) — Голландия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізін салушылардың және лидерлерінің бірі (1894). Партия құрылғаннан кейін бірнеше жылдан соң-ақ реформизмге және оппортунизмге қарай құлдырады. II Интернационалдың Амстердам (1904) және Штутгарт (1907) конгрестерінде отар мәселесі жөнінде империализмнің «цивилизаторлық миссиясы» дегенді жүзеге асыруды желеу етіп, отар халықтарын құлданушылықты ақтаған оппортунистік қарарды қорғады. Октябрь социалистік революциясына және Совет Мемлекетіне дұшпандықпен қарады. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Ван Коль позициясының империалистік мәнін қатты сынады. — *265, 270, 271, 272.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918). — *221, 224.*

Вирвэр (Virvaire) — француз генералы, 1908 жылы 30 июльде Вильнев Сен-Жорждегі стачкашыларға қарсы күреске шақырылған әскерді басқарды. — *195.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші мемлекет қайраткері; самодержавиені жанын сала жақтады; либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) бола отырып, Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заң шығару салаларындағы шаралары, шетел капиталын пайдалануды барынша көтермелеу арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті»,— оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді. — *9, 37, 54, 346.*

Вихляев, П. А. (1869—1928) — статистик және агроном, либерал халықшыл. Тверь земство басқармасы экономикалық бөлі-

мінің меңгерушісі болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Патшалық Россиядағы шаруа шаруашылығы туралы бірқатар статистикалық еңбектердің авторы; бұл еңбектерде шаруалардың таптық жіктелуі бекерге шығарылып, селолық қауым дәріптелді. Буржуазиялық Уақытша үкіметте (1917) егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Вихляев Орталық статистика басқармасында істеді және Москвадағы жоғары оқу орындарының профессоры болды. — *91, 374.*

Волков, Н. К. (Волков 2-ші) (1875 ж. туған) — кадет, мамандығы — агроном; 1905 жылы Читадағы қарулы көтеріліске қатысты, сол үшін патша үкіметі соттады. Забайкал облысынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; III және IV Думаларда қоныс аудару, балық аулау кәсібі, жер жөніндегі және басқа комиссиялардың құрамына кірді. — *351.*

Вольский, А. А. — ірі өнеркәсіпші және биржашы, кен инженері, надворный советник, 1908—1911 жылдарда — өнеркәсіп және сауда өкілдері съездері Советінің іс басқарушысы, «Промышленность и Торговля» журналының редакторы. — *444.*

Вольский, Н. В. — *қараңыз:* Валентинов, Н.

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист әрі публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі; «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) деген және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында Россияда капитализмнің дамуын теріске шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздап, марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде қатаң сынға алынды. — *85, 86, 91, 111.*

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды; Гайндман оған 1892 жылға дейін басшылық етті. 1900—1910 жылдарда Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. Империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығарылды. Гайндман Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады. Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады.— *259, 261, 264.*

Гарди (Hardie), *Джеймс Кейр* (1856—1915) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, реформист, Тәуелсіз жұмысшы партиясының лидері, лейбористік партияның негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен шахтер. Саяси қызметін Шотландия көмір қазушылары кәсіподақ ұйымының басшысы ретінде бастады. 1888 жылы Шотландия жұмысшы партиясының негізін қалады. 1887 жылы «Miner» («Шахтер») журналын шығара бастады, кейін бұл журнал «The Labour Leader» («Жұмысшы Көсем») деп аталды. Гарди 90-жылдардың басында ағылшын жұмысшыларының дербес саяси партиясын құруды жақтады, бірақ оның міндеттерін тар өрісті конституциялық, реформистік мақсаттармен шектеді. 1892 жылы «тәуелсіз» жұмысшы кандидаты ретінде парламентке сайланды, буржуазиялық партиялардың өкілдерімен келісімпаздық саясат жүргізді. II Интернационалдың оң қанаты қайраткерлерінің қатарында болды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың (1914—1918) басында центристік позиция ұстады, II Интернационал партияларының жұмысшы табына опасыздығын пацифистік жел сөздермен бүркемеледі. Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясында (февраль, 1915 ж.) Гарди соғыста империалистік үкіметтерді қолдауға шақырған социал-шовинистерге ашықтан-ашық қосылды. — *192*.

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы—объективтік идеалист; неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы—XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы еді. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болған идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы еді. Гегельше, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта өзгеруде және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, шындықты «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» туындысы деп қарайды. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық тұрғыдан ойдан шығарғаны деп атады. Диалектикалық методы мен шындығында дамуды тоқтатуды талап ететін консервативтік, метафизикалық системасы арасындағы терең қайшылық Гегель философиясына тән сипат болып табылады. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен Гегель конституциялық монархияның жақтаушысы болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин, Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойы дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің негізгі шығармалары: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838).— *19, 486*.

Гегечкори, Е. П. (1879 ж. туған) — грузия меньшевигі. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Уақытша үкіметтің ерекше Закавказье комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан соң Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін — ақ эмигрант. — *353—354.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё Жюль)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралып, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті; 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазып, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Францияға марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді; оны бірнеше рет парламент депутаты етіп сайлады. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілдерінің бірі деген сипаттама берді.

Бірақ, оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді: ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинизм позициясына көшіп, буржуазиялық үкіметке кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашық-тан-ашық опасыздық жасауынан *басқа,* бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар, дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады.— *269.*

Гельмерсен, Г. П. (1803—1885) — орыстың белгілі геологы, академик. 1865 жылдан 1872 жылға дейін — Петербург тау-кен институтының директоры. 1882 жылдан Геологиялық комитеттің директоры болды; бұл комитетті құруға өзі белсенді қатысқанды. Уралды, Алтайды және Орта Азияны зерттеулері арқылы

тапылды. 1841 жылы Европалық Россияның геологиялық картасын жасады. — *73.*

VII Генрих, Тюдор (1457—1509) — 1485 жылдан Англия королі. Өнеркәсіп пен сауданың дамуын көтермелеп отырды. Ол билеген жылдарда ірі жер иелерінің шаруалардың жеріне қоршау қою және шаруаларды жерінен жаппай қуу процесі мықтап өріс алды. — *168.*

Гепецкий, Н. Е. (1869 ж. туған) — жер иесі, священник; шіркеулік-приход мектептерінің уездік бақылаушысы. Бессарабия губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; бюджет, халыққа білім беру жөніндегі комиссиялардың мүшесі. — *471.*

Гершуни, Г. А. (1870—1908) — эсерлер партиясын құрушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның жауынгер тобының ұйымдастырушысы әрі басшысы, партияның Орталық Комитетінің мүшесі. 1902—1903 жылдары бірнеше террорлық әрекет жасады, тұтқынға алынып, өлім жазасына кесілді, ол жаза кейін өмір бойы түрмеде отырумен ауыстырылды. 1905 жылы Сибирьге жер аударылды, одан 1906 жылы шетелге қашты. 1907 жылы эсерлер партиясының Таммерфорс съезіне қатысты, онда кадеттермен блок жасасуды жақтады. — *158—159.*

Глейзиер (Glasier), *Джон Брус* (1859—1920) — ағылшын социалисі, лейбористік партияның негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен жұмысшы-металлист. Социалистік қозғалысқа XIX ғасырдың 80-жылдарының басынан қатыса бастады. 1893 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясына кірді, оның Ұлттық советінің мүшесі, ал 1899—1900 жылдарда — Ұлттық советтің председателі. 1900 жылы Жұмысшы өкілдігі комитетін құруға қатысты, 1906 жылы бұл комитет лейбористік партия болып қайта құрылды. Тәуелсіз жұмысшы партиясынан Халықаралық социалистік бюроға делегат болды. 1906 жылдан 1910 жылға дейін Тәуелсіз жұмысшы партиясының апталық органы — «The Labour Leader»-ді («Жұмысшы Көсем»), ал 1913 жылдан 1917 жылға дейін — «The Socialist Review» («Социалистік Шолу») əрайлығын редакциялады. В. И. Ленин Глейзиер жайында мынадай пікір айтты: «...оның пролетарлық уыты бар, бірақ дегенмен ол — төзуге болмайтын оппортунист» (Шығармалар, 35-том, 162-бет). — *258, 263, 265.*

Голицын, А. Д. (1874 ж. туған) — князь, ірі помещик, белгілі земство қайраткері; монархистік «17 октябрь одағы» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Арақ-шарап заводшылары қоғамы басқармасының председателі, арақ-шарап заводының иесі. Харьков губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; бюджет, қоныс аудару, маскүнемдікпен күресу жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі. — *340.*

Горев, Б. И. (Гольдман, Б. И., Игорев) (1874 ж. туған) — социал-демократ. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың орта кезінен қатыса бастады. 1905 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі, большевик. 1907 жылы меньшевиктерге қосылды. V (Лондон) съезде (1907) меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланды. Жойымпазменьшевиктердің органдары «Голос Социал-Демократа» газеті мен «Наша Заря» журналына жазып тұрды. 1912 жылы Венада антипартиялық август конференциясына қатысты, онда ұйымдастыру Комитетіне сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — меньшевиктік «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің және 1-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1920 жылы августа меньшевиктік ұйымнан өзінің шығатыны туралы мәлімдеді. Кейіннен жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыста болды. *—370.*

Григорий — қараңыз: Зиновьев, Г. Е.

Гужон, Ю. П.— ірі өнеркәсіпші. 900-жылдарда Москва металл заводы серіктігі басқармасының директоры, сауда және мануфактура советі Москва бөлімінің, «Өзара көмектесу француз қоғамының» мүшесі, «Москва өнеркәсіп ауданының заводшылары мен фабриканттары қоғамының» председателі, өнеркәсіп және сауда өкілдері съездерінің толық мүшесі болды. — *444.*

Гурвич, Ф. И. — қараңыз: Дан, Ф. И.

Гурко, В. И. (1863—1927) — патшалық Россияның реакцияшыл қайраткері. 1902 жылы ішкі істер министрлігінің земство бөлімінің басқарушысы, ал 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. I Мемлекеттік думада крепостник-помещиктердің мүдделерін жақтап, аграрлық заң жобаларына қарсы шықты. Горемыкин үкіметінде көрнекті роль атқарды, В. И. Ленин бұл үкіметті «дворяндық-буржуазиялық программасы бар» Гурко — Горемыкин кабинеті деп атады. Кейін Гурко қазына мүлкіне қол сұғып, талан-таражға салғаны ашылып, Сенаттың үкімі бойынша, қызметінен босатылды. 1912 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, ақ эмигрант. *—11.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде жұмысшы табы мен шаруалар жөніндегі үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. 1910—1911 жылдары — III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүше-

сі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында әскери және теңіз министрі болды, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант. — *34, 393.*

Гюисманс (Huysmans), *Камиль* (1871—1968)—Бельгия жұмысшы қозғалысының ең байырғы қайраткерлерінің бірі; филология профессоры, журналист. 1904—1919 жылдарда — II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының секретары, центристік позиция ұстады. 1916 жылы II Интернационалды қайта қалпына келтіру мақсатымен Гаагада бейтарап елдер социалистерінің конференциясын ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыстан (1914—1918) кейін — қалпына келтірілген II Интернационалдың көрнекті қайраткерлерінің бірі. Бельгия үкіметіне бірнеше рет кірді. 1946—1947 жылдарда — премьер-министр. Гюисманс 1910 жылдан—парламент депутаты; 1936—1939 және 1954—1959 жылдарда Бельгия депутаттары палатасының председателі. Соңгы жылдарда социалистік партиялардың КПСС-пен байланыс орнатуын жақтап, халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін қалпына келтіруді жақтап бірнеше рет сөз сөйледі. — *256.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктердің лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды; 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып барып, меньшевик болды. Дан РСДРП IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде—қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің бітіспес жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *27—32, 33—35, 167, 323, 367, 415, 446.*

Даниельсон, Н. Ф. (Ник.— Он, Николай—он) (1844—1918)— орыстың экономист-жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. 60—70-жылдары рево-

люцияшыл әртекті жастар үйірмелерімен байланыста болды. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды. Хаттарында Россияның экономикалық даму проблемаларын да сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп ақырында оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды. — *91, 118.*

де-Брукер, Л.— қараңыз: Брукер, Л.

Джон — қараңыз: Маслов, П. П.

Джордж (George), *Генри* (1839—1897) — Американың ұсақ буржуазияшыл экономисі және публицисі. Джордж халықтың кедей болуының негізгі себебі жер рентасы, халықтың жерден айрылуы деп пайымдады. Ол еңбек пен капитал арасындағы антагонизмді теріске шығарып, капиталға алынатын пайданы жаратылыстың табиғи заңы деп есептеді. Буржуазиялық мемлекеттің барлық жерді национализациялауын, сөйтіп оны жеке адамдарға арендаға беруін жақтады. В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық жолмен национализациялаушы» деп атады. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1-бөлім, 286—287-беттер) қараңыз.— *348.*

Дзюбинский, В. И. (1860—1927) — трудовик. Халық еріктілдігі қозғалысына қатысты; 1882 жылы тұтқынға алынып, Батыс Сибирьге 3 жылға жер аударылды, сонда түпкілікті тұрып қалды. Тобольск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада Еңбек тобы лидерлерінің бірі болды. — *351.*

Дитц (Dietz), *Иоганн Генрих Вильгельм* (1843—1922) — герман социал-демократы, 1881 жылдан 1918 жылға дейін рейхстаг депутаты. Социал-демократиялық партияның баспасына басшылық етті, бұл баспа Маркс пен Энгельстің шығармаларын басып шығарды; оның баспаханасында «Искра» газетінің алғашқы номерлері, «Заря» журналы, В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегі басылды. — *281.*

Дрекслер (Drechsler), *Густав* (1833—1890) — неміс профессоры және Гёттингендегі өзі ашқан ауыл шаруашылық институтының директоры. В. Геннебергпен бірге «Journal für Landwirtschaft» («Ауыл Шаруашылығы Журналы») журналын шы-

ғарды, ауыл шаруашылығы жөніндегі: «Die Statik des Landbaues» («Егіншіліктің халі») (1869), «Die Entschädigungsberechnung exproriierter Grundstücke» («Иеліктен айырылған жер учаскелері үшін сатып алу есептері») (1873) және басқа еңбектердің авторы. 1887 жылы рейхстагқа сайланды. — *109.*

Дубасов, Ф. В. (1845—1912) — генерал-адьютант, адмирал, патшалық реакция басшыларының бірі, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясын тұншықтырған қанқұйлы жендет. 1905 жылы Чернигов, Полтава және Курск губернияларындағы аграрлық қозғалысты басуға басшылық етті. 1905 жылғы ноябрьден — Москва генерал-губернаторы, Москвадағы декабрь қарулы көтерілісін талқандауға басшылық етті. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі, 1907 жылдан — Мемлекеттік қорғаныс советінің мүшесі.— *54.*

Дубровин, А. И. (1855—1918) — қаражүздік «Орыс халқы одағының» ұйымдастырушысы және басшысы, кәсібі жөнінен дәрігер. 1905—1907 жылдарда еврей ойрандарының және террорлық қимылдардың дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Қаражүздік антисемиттік «Русское Знамя» газетін редакциялады. 1910 жылы «Орыс халқы одағы» жікке бөлінгеннен кейін, өзінің ықпалында қалған «Одақтың» бір бөлегін басқара берді. — *438.*

Думбадзе, И. А. (1851—1916) — патша армиясының генералы, қаражүздік, Кавказда орыстандыру саясатын жақтаушы. 1906 жылы Ялта қаласының бас басқарушысы болып тағайындалды. Монархистік «Орыс халқы одағының» мүшесі бола және II Николайдың жеке өзінің сеніміне сүйене отырып, Думбадзе өзіне жағымсыз адамдарды ешқандай заңмен санаспастан жазалап отырды, Ялтаны өзінің вотчинасына айналдырды, халықты аяусыз қыспаққа түсірді, сот істеріне араласты. Бұл тіпті октябристер тарапынан да наразылық тудырды, олар 1908 жылы III Мемлекеттік думаға Думбадзенің заңсыз істері жөнінде сұрау қойды; 1910 жылы қызметтен алынды, бірақ бір айдан кейін-ақ Ялтаның қала бастығы болып қайта тағайындалды. — *34, 36.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономист, ұсақ буржуазияшыл идеолог Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Оның реакциялық-утопистік «социалитарлық» шаруашылық жүйесі шаруашылықтың пруссиялық жартылай крепостниктік формаларын дәріптеді. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлігінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және

Житловский, Х. И. (1865—1943) — қоғамдық қызметін халық ерікшісі ретінде бастады; 80-жылдардың аяғында Швейцарияға эмиграцияға кетті, Бернде «Орыс социалист-революционерлерінің одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды (1894). Одан кейін, социалист-революционерлер партиясымен тығыз байланыс жасай отырып, еврей ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық қозғалысы идеологтарының біріне айналды, еврей социалистік жұмысшы партиясын (СЕЖП) ұйымдастыруға қатысып, оның лидерлері мен теоретиктерінің бірі болды. Марксизмге қарсы шықты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін Россияга қайтып оралды, бірақ кейін қайтадан эмиграцияға кетті. 1908 жылдан бастап Америка Құрама Штаттарында «Dos Naie Leben» («Жаңа Өмір») деген журнал шығарып тұрды. Одан кейінгі жылдары Америка Құрама Штаттарында тұрды, бірқатар прогрестік еврей журналдарына қатысты, СССР-ге жақсы көзқараста болды. — *269.*

Жордания, Н. Н. (Костров) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады; Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты; партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальді түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан ақ эмигрант.— *165, 182.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция Социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттегі социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз

коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Жорес орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді.

Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі арқылы емес, демократиялық идеяның гүлденуі нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасының идеясы оған жат болды, ол езуші мен езілушінің арасында таптық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм жағдайында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудоншылдық жалған үмітті жақтады. В. И. Ленин Жорестің реформистік көзқарастарын, оны оппортунизм жолына итермелеген көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

«Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы. — *210, 211—212, 222, 269.*

З

Зеленский, Е. О. — қараңыз: Надеждин, Л.

Зиновьев, Г. Е. (Радомысльский, Г. Е., Григорий) (1883—1936) — 1901 жылдан партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» пен большевиктік «Пролетарий» газетінің редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешіміне өзінің келіспейтіні жөнінде 1917 жылы октябрьде Каменевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде мәлімдеме жасады, сөйтіп партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке ашып берді. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевтік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды.

1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайтадан шығарылды. 1933 жылы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *217.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң (1852) Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге — «Құрама Штаттардағы жұмысшы қозғалысы» деген кітаптың авторы, бірқатар мақалалар жазды, олар негізінен герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен, тағы басқалармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады. — ***261.***

И

Игорев — қараңыз: Горев, Б. И.

Извольский, А. П. (1856—1919) — орыс дипломаты. 1906 жылға дейін Ватиканда, Белградта, Мюнхенде, Токиода және Копенгагенде көрнекті дипломаттық қызметтер атқарды. 1906 жылдан — Россияның сыртқы істер министрі. Англия мен Россияның жақындасуын мейлінше жақтады; 1907 жылғы орыс-ағылшын келісімін жасасуға тікелей қатысты, бұл келісім арқылы Антантаны құру аяқталды. Бірқатар халықаралық кездесулер мен кеңестерге қатысты. 1910 жылы бірқатар дипломатиялық сәтсіздіктерге байланысты министр қызметінен босатылып, Парижге елші болып тағайындалды, онда Антантаны нығайту бағытын одан әрі жүргізе берді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Францияда эмиграцияда қалып, Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын қолдап отырды. — *245—246, 250—251.*

Илиодор (Труфанов, С. М.) (1880 ж. туған) — иеромонах, қаражүздіктер көсемдерінің бірі. Діни академияны бітіріп шыққаннан кейін Почаев лаврасында діни қызмет атқарды, сонда жүріп өзінің 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа қарсы өршеленген сөздерімен тез көзге түсті. 1908 жылы Царицынға ауыстырылды, онда белсенді реакциялық әрекетін үдете түсті; өзінің «Православиелік орыс халқы одағын» құрды. 1912 жылы діни атағынан бас тартты. «Киелі шайтан» деген кіта-

К

калық парасат сыны» (1788), «Пікір қабілетінің сыны» (1790) және басқалар. — *19.*

Капустин, М. Я. (1847—1920) — октябрист, кәсібі жөнінен дәрігер. 70-жылдардың басында Кострома губерниясында земство дәрігері болды, одан соң — әскери госпитальдарда, әскери-медицина академиясында, Варшава университетінде істеді. 1887 жылдан — Қазан университетінің профессоры. Қазан қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат; Қазан губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат болды, Дума председателінің орынбасары болып сайланды. В. И. Ленин Капустинді «контрреволюциялық буржуазияның өкілі» деп атады. — *340, 474.*

Караулов, В. А. (1854—1910) — кадет, дворян, кәсібі жөнінен юрист; Енисей губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Бұрын — халық ерікшілі. 1884 жылы Киевте 12 халық ерікшілерінің ісі жөнінен тұтқынға алынып, 4 жылға каторгаға кесілді. Каторгадан кейін Сибирьге жер аударылды. 1905 жылы ол кадеттерге қосылды; 1905—1907 жылдардағы революцияға ашық қарсы шықты. III Думада «аузында үнемі екіжүзділік құрғақ сөзі болатын, нағыз опасыз контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан алдыңғы орындардың бірі» алды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 31-бет),—*476—477.*

Караулов, М. А. (1878—1917) — казак подьесаулы, Терек облысынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат, монархист. «Казачья Неделя» журналын редакциялады. Думаларда әр түрлі комиссияларға кірді, жерді муниципализациялауды жақтады. 1917 жылы Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Теректегі контрреволюция басшыларының бірі. Терек казак әскерінің бірінші атаманы, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *178.*

I Карл (Стюарт) (1600—1649) — ағылшын королі (1625—1649). — *48, 425.*

Карышев, Н. А. (1855—1905) — экономист және статистик, земство қайраткері. 1891 жылдан — Юрьев (Тарту) университетінің, одан соң Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» журналдарына және т. б. қатысып тұрды; Россиядағы шаруа шаруашылығының экономикасы мәселелері жөніндегі көптеген кітаптар мен журнал мақалаларының авторы, оларда либерал халықшылдардың көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің реакцияшыл көзқарастарын қатты сынады. — *90, 91—92.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі

марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқаларын жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет). — *42—49, 186, 207, 210—211, 258—265, 271—272, 422—426.*

Кауфман, А. А. (1864—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі және статистигі, профессор, публицист; кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1887 жылдан 1906 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Өзінің «Қоныс аударту және отарлау» (1905) деген кітабында патша өкіметінің қоныс аударту саясаты тарихының очеркін жазды. «Шын «либерал» болғандықтан автор крепостниктер бюрократиясына өлшеусіз құрмет көрсетеді»,— деп жазды В. И. Ленин Кауфман жөнінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 435-бет). Аграрлық

реформаның кадеттік жобасын жасауға қатысты, «Русские Ведомостиге» белсене жазып тұрды; шаруалар мен помещиктер арасында таптық татулықты уағыздады. В. И. Ленин Кауфманды «сақ» статистиктердің қатарына жатқыза отырып, оны аграрлық мәселені шешуге буржуазиялық-чиновниктік тұрғыдан қарағаны үшін сынады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кауфман орталық статистикалық мекемелердің жұмысына қатысты. — *77—80, 81—84, 112—113.*

Кейр-Гарди — қараңыз: Гарди, Д. К.

Кейслер, И. А. (1843—1897) — экономист, финанс министрлігінде қызмет істеді, орыс шаруа шаруашылығы және жер қауымы мәселелері жөніндегі еңбектердің (көпшілігі неміс тілінде) авторы. Орыс жер қауымы туралы жазған төрт томдық шығармасы: «Zur Geschichte und Kritik des bäuerlichen Gemeindebesitzes in Russland» («Россиядағы шаруалардың қауымдық жер иелігінің тарихы мен сыны жөнінде») үшін магистр және саяси экономия докторы дәрежелерін алды.— *85.*

Кизеветтер, А. А. (1866—1933) — орыстың либерал-буржуазияшыл тарихшысы және публицисі. 1900—1911 жылдары — Москва университетінің приват-доценті; құрылған күнінен бастап «Азаттық одағының» мүшесі, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. Москва қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат; «Русские Ведомостиге» жазып тұрды, «Русская Мысль» журналы редакциялық коллегиясының құрамына кірді және оның редакторларының бірі болды. Өзінің тарихи-публицистикалық еңбектерінде 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының маңызын бұрмалады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Кизеветтердің көзқарастарын сипаттай келіп, оны реакцияның мүддесі үшін ғылымды саудаға салған кадеттік профессорлардың қатарына қосты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кизеветтер Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, сол үшін 1922 жылы Советтік Россиядан қуылды. Шетелде ақ эмигранттық баспасөзге белсенді қатынасты. — *444.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. Саяси қызметін III Наполеон империясына дұшпандық пиғылдағы солшыл республикашыл ретінде бастады. 1871 жылғы Париж Коммунасы күндерінде, Париждің бір округінің мэрі болып тұрып, пролетариат пен буржуазияны ымыраға келтіруге әрекет жасады. Одан кейінгі жылдарда муниципалитеттік қызметте болды, Париж муниципалитетінің председателі, ал 1876 жылы Францияның Депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. 80-жылдардан—радикалдардың басшыларының бірі. 1902 жылы Сенатқа сайланды,

ал 1906 жылдан 1909 жылға дейін француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) қарсаңында радикалдар партиясынан қол үзді. Соғыс кезінде — нағыз шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде соғыс диктатурасы режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, орыс контрреволюциясын қолдап отырды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуды және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1919 жылы Париждегі бейбітшілік конференциясында француз империалистерінің мүдделерін қорғады, бірақ өз мақсатына толық жете алмады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеді. — *194—195, 202, 245, 250, 316.*

Коган, О. А. — *қараңыз:* Ерманский, О. А.

Кондратьев, Ф. Ф. (1871 ж. туған) — шаруа, трудовик. Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада сот реформалары, халыққа білім беру жөніндегі комиссияларға сайланды. — *351.*

Короленко, С. А. — экономист-статистик, мемлекеттік мүлік министрлігінде, одан кейін мемлекеттік бақылаушының жанындағы ерекше тапсырмалар жүктелетін чиновник болып қызмет етті. 1889 жылдан 1892 жылға дейін мемлекеттік мүлік министрлігінің тапсыруы бойынша «Европалық Россияны ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп жағынан статистикалық-экономикалық шолуға байланысты иеліктегі шаруашылықтардағы ерікті жалдама еңбек және жұмысшылардың орын ауыстыруы. (Қожайындардан алынған материалдар бойынша ауыл шаруашылық және статистикалық мәліметтер. V кітап)» деген кітапты жазу ісімен шұғылданды, бұл кітапты егіншілік және село өнеркәсібі департаменті бастырып шығарды. 1900-жылдары қаражүздік «Новое Время» газетіне қатысып тұрды. — *118, 121.*

Костров — *қараңыз:* Жордания, Н. Н.

Крестовников, Г. А. (1855 ж. туған) — октябрист, ірі өнеркәсіпші және биржашы. Крестовников ұзақ уақыт бойы Москва-Курск темір жолы басқармасының директоры, Москва көпестік банк басқармасы мен Москва биржа қоғамының председателі болды; өнеркәсіп пен сауда өкілдері съездерінің толық мүшесі. 1906 жылы сауда-өнеркәсіп буржуазиясынан Мемлекеттік Советке мүше болып сайланды. — *444, 445, 449, 452.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап

Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатынасты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде біраз уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, 1899 жылы Одақтың «Рабочее Дело» журналының редакторы, оның беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады, РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті. — *155.*

Кромвель (Cromwell), *Оливер* (1599—1658) — XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясының аса ірі қайраткері, индепенденттер партиясының көсемі, Англияның лорд-протекторы. Белсенді саяси қызметін 1640 жылы шақырылған Ұзақ парламент кезінен бастады, ол бұл парламентке мүше болып Кембридж қаласынан сайланған-ды. Азамат соғысының бас кезінде әскери отрядтар ұйымдастыру ісін жігерлі жүргізді, отрядтардағы адамдардың көпшілігі шаруалар болды. Бұл отрядтар тұрақты парламенттік армияның ұйтқысына айналды. Кромвель король әскерлерін бірнеше рет мықтап жеңіп, аса үздік әскери қабілеті барын танытты. Кромвель екінші азамат соғысында жеңіске жеткеннен кейін (1648), халық бұқарасының талап етуімен парламентті Лондон буржуазиясының жоғары тобы — пресвитериандардан «тазартты», корольді дарға асып, Англияны Республика деп жариялады. Сонымен қатар, Ф. Энгельстің сөзімен айтқанда, «бір өзіне Робеспьер мен Наполеонды» біріктірген Кромвель демократиялық ағымның өкілдерін — левеллерлер мен диггерлерді, сондай-ақ Ирландия мен Шотландиядағы ұлт-азаттық қозғалысын қатал жазалады. 1653 жылы апрельде Кромвель Ұзақ парламенттің «құйыршығын» қуып таратып, өзінің жеке басының протекторат-диктатурасын орнатты, өзі лорд-протектор деп жарияланды. Кромвельдің диктатурасы Стюарттардың корольдік әулетінің таққа қайта отыруына жол ашты. Ағылшын буржуазиясының мүдделерін көздей отырып, Кромвель Англияның сауда мен отарлауда басым болуы үшін күресті. — *47.*

Кромер (Cromer), *Эвелин Баринг* (1841—1917) — ағылшынның реакцияшыл мемлекет қайраткері және дипломаты, лорд; В. И. Ленин оны «ағылшын империалисі және шенқұмар» деп сипаттады (Шығармалар, 39-том, 581-бет). 1872—1876 жылдарда Үндістан вице-королі кабинетінің бастығы болды; Египетті Англия оккупациялағаннан кейін (1882) 1907 жылға дейін — Египеттегі британ резиденті. Египетте толық өктемдік жүргізе отырып, елдің экономикалық және саяси өмірін ағылшын капиталы мүдделеріне бағындырды. Жергілікті өкімет орындарын сырт көзге сақтай отырып, ол орнатқан қатал отарлық режим «Кромер режимі» деп аталды. Кромер Египеттің ұлт-азаттық қозғалысына қатысушыларды аяусыз жазалады. 1907 жылы Деншаван деревнясы ауданында бейбіт египет халқын

ағылшын империалистерінің жазалауынан басталған ағылшындарға қарсы науқанға байланысты Кромер орнынан түсуге мәжбүр болды, содан соң әдеби қызметпен шұғылданды. — *201.*

Кропотов, А. Е. (1874 ж. туған)—шаруа, трудовик; болыс писары. Вятка губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада жер жөніндегі комиссияның мүшесі болды. — *348.*

Кунов (Cunow), *Генрих* (1862—1936) — немістің оңшыл социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф, профессор. 1917 жылдан 1923 жылға дейін—Герман социал-демократиялық партиясының органы —«Die Neue Zeit»-тің редакторы. Бастапқы кезде марксистерге қосылды, кейіннен ревизионист және марксизмді бұрмалаушы болды. Ленин оны «империализм мен аннексиялардың неміс апологеті» (Шығармалар, 22-том, 283-бет) деп атады.— *313.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либерал-монархиялық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің газеті — «Товарищтің» белсенді қызметкері болды. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. — *443.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924)—кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды. Петербург қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттердің аграрлық программасы жобасының авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 153—164-беттер және 16-том, 205—444-беттер) жан-жақты сынға алды. Октябрь

социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкінің басқарма мүшесі болды. — *12, 344.*

Л

Лабриола (Labriola), *Артуро* (1873 ж. туған) — Италияның саяси қайраткері, юрист және экономист; Италиядағы синдикалистік қозғалыс лидерлерінің бірі. Синдикализм теориясы жөніндегі бірқатар кітаптардың авторы, ол кітаптарында марксизмді «түзете отырып», өзінің «революциялық синдикализм» делінетін программасын марксизмге бейімдеуге тырысады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) шовинистік позицияда болды. 1920—1921 жылдары — Джолитти үкіметінің еңбек министрі. 1926—1939 жылдары эмиграцияда болды; фашизмге қарсы шықты. 1948—1953 жылдары — сенатор. 1949 жылы Италия үкіметі агрессияшыл Атлантика пактысына қол қойғаннан кейін Лабриола бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына қосылды. 1950 жылы Бүкіл дүние жүзілік Бейбітшілік Советіне сайланды. — *25.*

Лагардель (Lagardell), *Юбер* (1874 ж. туған)—француздың ұсақ буржуазиялық саяси қайраткері, анархо-синдикалист; француздың анархо-синдикализм теоретигі Жорж Сорельдің ізбасарларының бірі. Лагардель Франциядағы анархо-синдикализм тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; бір кезде социалистік орган — «Le mouvement socialiste»-нің («Социалистік Қозғалыс») редакторы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) — социал-шовинист. Кейіннен — жаппай еңбек конфедерациясының қайраткері.

1942—1943 жылдарда — Виши үкіметінің еңбек министрі; 1946 жылы Виши үкіметіне қатысқаны үшін өмір бойы түрмеде отыруға кесілді. — *25.*

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші даусы бар делегаты. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Полтава ұйымынан партияның V (Лондон) съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты белсене жақтаушылардың бірі. Антипартиялық Август блогына белсене қатысты; оның ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» журналын шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарда қызмет істеді. — *182—183.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі—лассальшылдықтың негізін қалаушы.

Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *329, 378.*

Легин (Legien), *Карл* (1861—1920) — герман оңшыл социал-демократы, герман кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — Герман кәсіподақтары бас комиссиясының председателі, 1903 жылдан — Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан —председателі. 1893 жылдан 1920 жылға дейін (арасында үзілістер болды) герман социал-демократиясынан рейхстагқа депутат. 1919—1920 жылдары — Веймар республикасының ұлттық жиналысының мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — ашық социал-шовинист. Буржуазияның мүдделерін көздеген саясатты белсенді жүргізді, пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы барынша күресіп бақты. — *222.*

Ледебур (Ledebour), *Георг* (1850—1947) — герман социал-демократы, 1900 жылдан 1918 жылға дейін герман социал-демократиясынан рейхстагқа мүше болды. Штутгарттағы халықаралық социалистік конгреске қатысты, онда отаршылдыққа қарсы сөз сөйледі. Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд оңшылдары саяси басшыларының бірі болды. 1916 жылы, герман социал-демократиясы жікке бөлінгеннен кейін, рейхстагтың «социал-демократиялық еңбек тобына» кірді, бұл топ 1917 жылы жаңа құрылған Германияның центристік Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының негізгі ұйтқысы болды, бұл партия ашық шовинистерді ақтады. 1920—1924 жылдары рейхстагтағы шағын тәуелсіз топты басқарды. 1931 жылы социалистік жұмысшы партиясына қосылды. Гитлер өкімет басына келгеннен кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті. — *272.*

тиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісін басқарушылардың бірі болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Носке бандалары айуандықпен өлтіріп кетті.

Либкнехттің қызметін бағалай келіп Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет) — *206.*

Липкин, Ф. А. — қараңыз: Череванин, Н.

Луначарский, А. В. (1875—1933) — профессионал-революционер, кейін көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін—большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. В. И. Лениннің тапсыруымен партияның III съезінде қарулы көтеріліс жөнінде баяндама жасады. Партияның IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Луначарскийдің көзқарастарындағы қателікті көрсетіп, оны қатты сынға алды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясын ұстады. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірқатар еңбектердің авторы. — *462.*

Лурье, М. А.— қараңыз: Ларин, Ю.

Лыкошин, А. И. (1861—1918) — патшалық Россияның реакцияшыл қайраткері, қаражүздік помещик, монархиялық «Орыс халқы одағын» ұйымдастырушылардың бірі. 1907—1914 жылдарда ішкі істер министрінің орынбасары болды. — *339, 343.*

Львов, Н. Н. (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша — «контрреволюцияшыл дворянсымақ», «сатқын кадеттің үлгісі». 1893—1900 жылдары Балашов уездік дворяндар жетекшісі болды; 1899 жылдан бастап — Саратов губерниялық земство басқармасының председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. «Азаттық одағының» және кадеттер партиясының негізін қалаушылардың бірі,

оның Орталық Комитетінің мүшесі. Кадеттердің алдауына түскен шаруалардың дауыс беруі арқасында I Мемлекеттік думаға сайланған ол шаруалардың талаптарына үзілді-кесілді қарсы шықты. II Мемлекеттік думаның мүшесі. «Бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. III және IV Думаларда «прогрессистердің» лидері ретінде көрінді. 1917 жылы — помещиктер одағы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ гвардияшыл журналист, кейінірек — ақ эмигрант. — *339—340.*

Люксембург, (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының қатарында болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП-ның V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталған «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; Юниус деген бүркеншік атпен «Социал-демократияның дағдарысы» (В. И. Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер) деген кітапша жазды (түрмеде отырған кезінде). Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның бірқатар мәселелер жөніндегі (партияның ролі туралы, империализм туралы, ұлт-отар, шаруалар мәселелері жөніндегі, перманенттік революция туралы және т. б.) қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті.— *211—213.*

Лядов (Мандельштам), М. Н. (1872—1947) — профессионал революционер. Революциялық қызметін 1891 жылы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвада болған маевкаға басшылық етті, тұтқынға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралған соң Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктермен белсене күрес жүргізді. 1904 жылы

августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобына енді және Капри аралындағы партия мектебі лекторларының бірі болды. 1911 жылы «Вперед» тобынан шығып, Бакуге кетті.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары, меньшевиктік позицияда болды.

1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, одан соң халық ағарту комиссариатында қызмет етті; 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды.— *369.*

Ляфонтен (Lafontaine), *Анри* (1854—1943) — Бельгия социалисі, Брюссель университетінің халықаралық право профессоры, сенатор. 1892 жылдан — Халықаралық бейбітшілік бюросының председателі; 1895 жылы Брюссельде Халықаралық библиографиялық институтын, бейбітшілік лигасының (Берн) және Халықаралық арбитраж мәселелері жөніндегі лиганың негізін қалауға қатысты. 1913 жылы бейбітшіліктің Нобель сыйлығын алды. 1921 жылы Ұлттар лигасы сессиясында Бельгиядан делегат болды.— *270, 271.*

Ляхницкий, Н. Я. (1871 ж. туған) — трудовик, кәсібі жөнінен адвокат. Ставрополь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада сұраулар жөніндегі, сот реформалары, бюджет жөніндегі және басқа комиссияларға сайланды.— *351.*

Ляхов, В. П. (1869—1919) — патша армиясының полковнигі; Кавказдағы және Ирандағы ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншудың нәтижесінде атағы шықты. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде — Қара теңіздің түрік жағалауы аймағының генерал-губернаторы. 1919 жылы февральда Ляхов Терек-Дағыстан өлкесіндегі Деникин әскерлерінің бас басқарушысы және қолбасшысы болып тағайындалды. Ляхов «Ерікті армияның» тау халқымен кескілескен күресі кезінде оққа ұшты.— *191, 250, 251.*

М

Маддисон (Maddison), *Фрэд* (1856—1937) — ағылшын социалисі, кәсібі жөнінен әріп теруші-жұмысшы. 1886 жылы — тред-юниондар конгресінің председателі. Алты жыл бойы Тоттенем

үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүргенде социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетті, «экономистердің» «Рабочее Дело» журналының редакциясына кірді, лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Екатеринослав ұйымынан делегат ретінде партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік согыс (1914—1918) кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, 1918—1920 жылдары Украинада мұғалім болды. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *155, 315, 370, 450.*

Маслов, П. П. (Джон) (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, съезд оны Орталық Орган редакциясына сайлады. Реакция жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі.— *163—167, 168—169, 172—174, 178—182, 199—200, 273—282, 283—295, 312—317, 442—443.*

Машкевич, Д. Ф. (1871 ж. туған) — қаражүздік, священник. Херсон губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада бюджет, халыққа білім беру жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі болды. Машкевич қаражүздік «Орыс халқы одағының» Елисаветград бөлімінде белсенді жұмыс жүргізді.— *471—473.*

Мейендорф, А. Ф. (1869 ж. туған) — октябрист, Лифляндия бароны, жер иесі, білімі жөнінен юрист. 1892 жылы Петербург университетін право кандидаты дәрежесімен бітірді. 1892 жылдан 1907 жылға дейін Сенатта, Рига округтік сотында, Мемлекеттік советтің канцеляриясында, ішкі істер министрлігінде істеді. 1902—1905 жылдары — Петербург университетінің орыс жер правосы жөніндегі приват-доценті. Лифляндия губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, III Думаның

алғашқы екі сессиясында председательдің орынбасары болды. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті.

Мейендорф «Пруссия конституциясы» (1904), «Орыс заң жүйесі бойынша шаруа үйі деген не» (1907) атты және басқа еңбектердің авторы ретінде белгілі болды.— *477.*

Мерзляков, И. Л. (1874 ж. туған) — трудовик, шаруа. Вятка губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада ауыл шаруашылығы және ескі дәстүрлер жөніндегі комиссиялардың мүшесі болды.— *351.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі; тарихшы, публицист әрі әдебиет зерттеуші. 60-жылдардың аяғынан — радикал буржуазиялық-демократиялық публицист; 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, соңынан біртіндеп солшылдық бағытқа ойысты, демократиялық «Volks-Zeitung»-тің («Халық Газеті») редакторы болды, социал-демократияны қорғап, Бисмаркқа қарсы шықты; 1891 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді. Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және оның редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы — төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» басылып шықты. Меринг Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын бастырып шығаруға көп еңбек жұмсады; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы жарық көрді. Мерингтің еңбектерінде марксизмнен бірқатар шегінушіліктер, Лассаль, Швейцер, Бакунин сияқты қайраткерлерге теріс баға беру, Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісін түсінбеушіліктер кездеседі. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. 1916 жылдан бастап ол революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *425.*

Мертваго, А. П. (1856 ж. туған) — агроном, Францияда бақша кәсібін үйрепді, Сорбоннода жаратылыс тану ғылымының курсын тыңдады. 1887 жылдан 1893 жылға дейін «Земледельческая Газетаға», «Сельское Хозяйство и Лесоводство» журналына жазып тұрды. 1894—1905 жылдары — ауыл шаруашылық және экономикалық «Хозяин» журналының редакторы, 1905 жылдан — осы журналды шығарушы. «Россияның қара топырақты емес

өңірінің ауыл шаруашылық мәселелері», «Россияда қанша жер бар, оны қалай пайдаланып отырмыз» деген және басқа да еңбектердің авторы.— *71—73.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде—кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жалғастыру жөніндегі империалистік саясатты жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюциялық Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды.— *12, 14, 34, 246, 342, 343, 344, 476.*

Митрофан (Краснопольский, Д.) (1869 ж. туған)—қаражүздік, епископ. Могилев губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада халыққа білім беру, православие шіркеуі жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі болды.— *341, 469—470.*

Молькенбур (Molkenbuhr), *Герман* (1851—1927) — герман социал-демократы, кәсібі жөнінен темекі өңдеуші жұмысшы. XIX ғасырдың 60-жылдарында Лассаль негізін салған Жалпы германиялық жұмысшы одағына кірді. Социалистерге қарсы ерекше заңға байланысты 1881 жылы елден қуылып, 1884 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында тұрды. 1890 жылдан — социал-демократиялық газет — «Hamburger Echo»-ның («Гамбург Жаңғырығы») редакторы; 1904 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясының бас секретары; Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. 1890—1906, 1907—1918 және 1920—1924 жылдары — рейхстаг депутаты; 1911 жылдан 1924 жылға дейін — рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде шовинистік позиция ұстады. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін жұмысшы және солдат депутаттарының Берлин атқару комитетіне сайланады, онда контрреволюциялық буржуазиялық үкіметпен блок жасасу саясатын жүргізді.— *271.*

Морли (Morley), *Джон* (1838—1923) — ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері. 1883 жылы парламентке сайланды.

1886 және 1892 жылдары Гладстонның кабинетінде Ирландия істері жөніндегі секретарь қызметін атқарады, 1906 жылдан 1910 жылға дейін — Үндістан істері жөніндегі секретарь, онда ұлтазаттық қозғалысты басу саясатын жүргізді. Морли жазушы ретінде де белгілі. Ол Вольтер, Руссо, Дидро, Кобдень, Кромвель, Гладстон туралы кітаптар жазды; 1917 жылы Морли екі томдық Естеліктерін бастырып шығарды.— *192.*

Мост (Most), *Иоганн Иосиф* (1846—1906) — неміс социал-демократы, одан соң анархист, кәсібі жөнінен кітап түптеуші жұмысшы. 60-жылдарда жұмысшы қозғалысына қосылды, социал-демократиямен жақындасты, журналист болды; 1874—1878 жылдарда рейхстагтың депутаты болып сайланды. Теория саласында Мост Дюрингтің жақтаушысы болды, саясатта — «қимылмен насихаттаудың» анархистік идеясын жүргізді, дереу пролетарлық революция жасауды мүмкін іс деп есептеді. 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заң шығарылған соң, Мост Лондонға эмиграцияға кетіп, анархистік «Freiheit» («Бостандық») газетін шығарды; бұл газет туралы Маркс былай деп жазды: «Біз Мостты оның «Freiheit»-інің *тым революцияшылдығы* үшін кінәламаймыз. Біз оны әлгі газетте ешқандай *революциялық мазмұнның* болмай, қайта бір ғана *революцияшыл жел сөздердің* болғаны үшін айыптаймыз» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 63-бет). Газет беттерінде Мост жұмысшыларды жеке-дара террор жасауға шақырды, ол террорды революциялық күрестің ең тиімді құралы деп білді. 1882 жылы Мост Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетіп, мұнда «Freiheit» газетін шығаруды жалғастырды. Кейінгі жылдары жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *463.*

Мушенко, И. Н. (1871 ж. туған) — Курск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы эсерлер фракциясы лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен инженер. Думада аграрлық комиссияға кірді, эсерлер партиясының аграрлық мәселе жөніндегі ресми баяндамашысы болды.— *171—172.*

Мюльбергер (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, Прудонның ізбасары, кәсібі жөнінен дәрігер. 1872 жылы Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы «Der Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде тұрғын үй мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жариялады; бұл мақалаларды Ф. Энгельс қатаң сынға алды. Хёхбергтің «Die Zukunft» («Болашақ») деген оппортунистік журналына қатысып тұрды, Франция мен Германиядағы қоғамдық ой-пікірдің тарихы жөнінде бірнеше еңбек жазды, марксизмді сынады.— *18.*

Н

Н. Л.— қараңыз: Ленин, В. И.

Надеждин, Л. (Зеленский, Е. О.) (1877—1905) саяси қызметін халықшыл болып бастады; 1898 жылы Саратовтың социал-демо-

О

П

ское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант.— *171.*

Пикер, А. С. — *қараңыз:* Мартынов, А.

Плеве В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1881—1884 жылдары — полиция департаментінің директоры; 1902 жылдан — ішкі істер министрі. Оның тұсында Полтава және Харьков губернияларында шаруалар қозғалысы аяусыз басып-жаншылды, бірқатар земство талқандалды; Плеве Россияның шет аймақтарында реакциялық орыстандыру саясатын қолдап отырды. Бұқараның назарын самодержавиеге қарсы күрестен басқа жаққа аудару үшін орыс-жапон соғысын тұтандыруға жәрдемдесті; осы мақсатпен еврей ойрандарын ұйымдастырып отырды, «зубатовшылдықты» қолдады. Өзінің саясаты арқылы өзіне орыс қоғамы қалың топтарының өшпенділігін туғызды. 1904 жылы 15 июльде оны эсер Е. С. Сазонов өлтірді.— *155—156.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылган «Қаралай бөліс» ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. XIX ғасырдың 90-жылдарында Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерк-

тер» (1896), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) деген және басқа бірқатар еңбектер жазды.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақ жасасуды талап етті; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы жақтады.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санады, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *20, 27, 28, 34—35, 44—45, 48—50, 164, 169, 176, 177—179, 185—186, 199—200, 274, 276—277, 282, 312—317, 350—352, 403, 422—423, 424.*

Половнев, А. В.— охранка бөлімінің агенті, қаражүздік «Орыс халқы одағының» негізін салушылардың бірі, «Одақтың» Нарва ауданындағы жауынгерлік жасағының бастығы. 1906 жылғы июльде Мемлекеттік думаның мүшесі, кадет М. Я. Герценштейнді өлтіруге қатысты, сол үшін сотталды, бірақ көп ұзамай патшадан кешірім алды.— *438.*

Попов, А. А. (Попов 2-ші) (1868 ж. туған)—село священнигі. Вятка губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада прогрессистер фракциясында болды; дін және православиелік шіркеу жөніндегі комиссияларда мүше болды.— *351.*

Попов, И. Н. (Попов 4-ші) (1878 ж. туған) — шаруа. Вологда губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада әуелі баяу-оңшыл, одан соң — партияда жоқтар жағында болды; қоныс аудару және сауда-өнеркәсіп жөніндегі комиссияларда мүше болды.— *347.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды; Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқаларда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жауып, мақалалар жазды.— *415.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, солшыл-кадеттік «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *73, 163, 415, 443.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. 1900 жылдан ішкі істер министрлігінде істеді, 1904 жылы — Плевенің ішкі істер министрлігі жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновник. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасы» ұйымын құрды; Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат: Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *393, 438, 476.*

Р

Рамишвили, Н. В. (Петр, Семенов, Н.) (1881 ж. туған) — грузин меньшевиктері лидерлерінің бірі. 1902 жылы социал-демократиялық партияға кірді, Грузия шаруалары арасында жұмыс жүргізді. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, сол кезден бастап большевиктерге қарсы күресті. 1907 жылы — РСДРП V (Лондон) съезіне делегат, съезде меньшевик-

терден Орталық Комитетке сайланды. Реакция жылдарында — жойымпаз. 1910 жылы РСДРП облыстық комитетінің мүшесі ретінде Тифлисте істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — грузин меньшевиктер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, «Эртоба» («Бірлік») газетінің редакторы. 1918—1920 жылдарда Рамишвили грузин меньшевиктік үкіметінің ішкі істер министрі болды, Грузияның Россиядан бөлінуін жақтады, Совет өкіметіне қарсы күресті. 1923 жылы шетелде жүріп, Грузияда Совет өкіметіне қарсы көтерілісті ұйымдастырмақшы болған меньшевиктер тобын басқарды. — *218, 362, 415, 446.*

Реклю (Reclus), *Жан Жак Элизé* (1830—1905) — француздың белгілі географы және социологы, анархизм теоретигі; Франциядағы 1848 жылғы революцияға қатысты. III Наполеонның Мемлекеттік төңкерісінен кейін (1851) Реклю Англияға эмиграцияға кетті. 1852 жылдан 1857 жылға дейін Ирландияда, Америка Құрама Штаттарында, Оңтүстік Америкада тұрды. 1857 жылы Францияға қайтып келіп, өзінің саяхаттары жайында бірсыпыра мақалалар жазды. 1865 жылы I Интерноционалға кірді, онда бакунистерге қосылды; 1871 жылы Париж Коммунасына қатысты; версальдықтармен соғыста тұтқынға түсіп, өмір бойы жер аударылуға кесілді, бірақ бірқатар көрнекті ғалымдар мен саяси қайраткерлердің наразылық білдіруі нәтижесінде жер аударылу Франциядан өмірбақи қуылумен ауыстырылды. Италияда, одан соң Швейцарияда және Бельгияда тұрды.

Реклюдің басты еңбектері мыналар: «Жаңа дүние жүзілік география. Жер және адамдар», 19 том (1876—1894); «Адам және жер», 6 том (1905—1908); «Эволюция, революция және анархизм мұраты» (1897) және басқалар.— *249.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі. «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) деген және басқа еңбектердің авторы, бұларда классикалық буржуазиялық саяси экономия қорытылып аяқталды. Феодализм қалдықтарымен күресінде буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын анықтады.

Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгі және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады. Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналған.— *140—141, 142, 168.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн-Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, Пруссиядағы ірі жер иесі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді; Энгельстің жазғанындай, ол «пұрсаттылығы бар тапты кем дегенде ең таяу 500 жылға» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 186-бет) сақтап қалуға үміттенді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Родбертустің негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды танып-білу жөнінде» (1842), «Фон Кирхманға арналған әлеуметтік хаттар» (1850—1851, 1884).— *142, 278.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. I, II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *343.*

Рожков, Г. Е. (1864 ж. туған) — шаруа, трудовик. Ставрополь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; православие шіркеуі жөніндегі комиссияның мүшесі. 1912 жылы июньде 200 депутаттың ішінде патшаның қабылдауында болды, сол үшін келесі күні трудовиктер фракциясынан шығарылды.— *349, 477—478.*

Розанов, Н. С. (1870 ж. туған) — трудовик, кәсібі жөнінен дәрігер. Саратов губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада бюджет, халыққа білім беру жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі болды.— *478—479.*

Розен, М. М. (Эзра) — 1908 жылғы 24—26 августағы РСДРП Орталық Комитетінің пленумында Бундтан делегат.— *217, 218.*

Романовтар — 1613 — жылдан 1917 жылға дейін патшалық құрған орыс патшалары мен императорларының әулеті.— *184.*

Рубакин, Н. А. (1862—1946) — орыстың библиографы және жазушысы, Россиядағы кітап ісінің библиографиясы мен тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің, география, жаратылыс тану ғылымы жөніндегі және басқа да ғылыми-көпшілік очерктердің авторы. 1907 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, өмірінің ақырына дейін сонда тұрды. Рубакиннің негізгі библиографиялық еңбегі — «Кітаптар әлемінде» (1906). Осы еңбектің II томына В. И. Ленин рецензия жазып, онда былай деп атап көрсетті: «Бірде-бір байсалды кітапхана Рубакин мырзаның шығармасын алмай тұра алмайтын болады» (Шығармалар, 20-том, 260—261-беттер). В. И. Ленин Рубакинмен шетелде кездесіп, оның кітапханасындағы кітаптарды пайдаланды. Кейін Рубакин Совет Одағымен тығыз байланыс жасап тұрды, өзінің 80 мың томдық кітабы бар кітапханасын СССР-ге мұра етіп қалдырды, олар В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханада сақтаулы.— *65.*

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Бастапқыда халық ерікшілдігі қозғалысына белсене қатысты; 80-жылдарда Парижге эмиграцияға кетті, онда 1893 жылы «байырғы халық ерікшілері тобына» кірді. Эсерлер партиясы құрылғаннан бастап — оның белсенді мүшесі. «Вестник Русской Революции» журналына ат салысты, журнал 1902 жылдан эсерлердің ресми органы болды. Амстердамда (1904) және Штутгартта (1907) болған Халықаралық социалистік конгрестерінде эсерлер партиясының өкілі. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы.— *260, 261, 268—269.*

Руднев, В. А.— қараңыз: Базаров, В.

Руднев, С. Ф. (1909 ж. қайтыс болған) — статистик, Москва губерниялық земство басқармасының статистика бөлімшесі бастығының көмекшісі, «Саратов земствосы жинағының» 1894 жылғы 6 және 11-номерлерінде басылған «Европалық Россиядағы шаруалар кәсіпшіліктері» деген мақаланың авторы.— *119.*

Руссель (Roussel), *Анжела* — француз социалисі. 1907 жылдан 1912 жылға дейін — Француз социалистік партиясының тұрақты әкімшілік комиссиясының мүшесі. Кейіннен саяси қызметтен шеттеп кетті.— *259, 261.*

С

Саттар-хан (XIX ғасырдың 70-жылдарында туған — 1914 ж. қайтыс болды) — Иран Азербайжанындағы демократиялық қозғалыстың көсемі, Иранның халық батыры. Закавказьедегі жұ-

өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады; марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы —«Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. — *9, 10—11, 14, 31, 33—35, 37, 54, 240, 339, 444, 476—477.*

Сурков, П. И. (1876—1946)—социал-демократ, тоқымашы-жұмысшы. Кострома губерниясының жұмысшыларынан III Мемлекеттік думаға депутат, большевик; I және II Мемлекеттік думаларға сайламшы болды. Петербургте шығып тұрған большевиктік жария газет — «Звездаға» жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партияда жоқ; бірқатар совет мекемелерінде қызмет істеді.— *453, 465, 471, 474, 478.*

Т

Тезяков, Н. И. (1859—1925) — ірі медицина қайраткері, 1884 жылы Қазан университетін бітіріп, Херсонның, Саратовтың және басқа жерлердің земстволарында санитарлық дәрігер болып істеді. Ауыл шаруашылығы жұмысшыларының еңбегі мен тұрмысының санитарлық жағдайлары мәселелері жөніндегі көптеген зерттеулердің авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — совет денсаулық сақтау ісінің белсенді қайраткері; 1920 жылдан бастап Денсаулық сақтау халық комиссариатында істеді. В. И. Ленин Тезяковтың «Ауыл шаруашылығы жұмысшылары және Херсон губерниясында оларға санитарлық бақылаудың ұйымдастырылуы» (1896) деген кітабына ұнамды баға бере келіп, сонымен бірге оның халықшылдық сипаттағы кейбір қателерін де көрсетті. — *122.*

Тилак (Tilak), *Балгангадхар* (1856—1920) — Үнді ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері. 1881 жылы «Кесари» («Арыстан») деген газет шығара бастады, онда ағылшын отаршылдық тәртібіне қарсы шықты. Үндістан ұлттық конгресі партиясында ағылшын отаршылдық тәртібімен бейбіт, жария күресу әдістеріне қарсы шыққан, сол қанатты басқарды; халық бұқарасын күш көрсетуді қоса, барлық құралдармен отаршылдарға қарсы күресуге шақырды. Бірақ Тилак шаруалар мен қолөнершілердің мүдделеріне сай келетіндей экономикалық программа ұсынған жоқ; ол феодалдық ескілікті дәріптеді, касталық құрылысты сақтауды жақтады.

Үндістанда 1905—1908 жылдары болған ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі кезінде халық бұқарасын бостандық жолындағы күресте орыс халқының күрес тәжірибесін пайдалануға шақырды. 1908 жылы отарлық тәртіпке қарсы күреске шақырғаны

үшін ағылшын өкімет орындары Тилакты 6 жылға каторгаға кесті. Тилакты соттауға қарсы Бомбей пролетариаты жаппай саяси ереуіл жасаумен жауап берді. 1914 жылы түрмеден босатылды.

Тилак Октябрь социалистік революциясын құттықтады және оның ықпалымен ағылшын отаршыларына қарайтын темір жол және басқа да өнеркәсіп орындарын национализациялауды талап етті. — *193.*

Тимирязев, В. И. (1849 ж. туған) — патшалық Россияның өнеркәсіп және финанс қайраткері. 1894 жылдан — финанс министрі советінің мүшесі, министрліктің Берлиндегі және Венадағы агенті. 1902 жылдан — финанс министрінің орынбасары, ал 1905 жылдан — сауда және өнеркәсіп министрі. 1906 жылы орнынан түсіп, өз бетінше сауда-өнеркәсіп қызметімен шұғылданды; Мемлекеттік советтің мүшесі. 1909 жылдан бастап сауда және өнеркәсіп министрі болып қайтадан тағайындалды. 1912 жылы «Лена алтын өнеркәсібі серіктігі» басқармасының директоры болып тұрғанында, прииск жұмысшыларын жазалауды (Лена қырғынын) ақтамақ болды. — *445.*

Титов, И. В. (1879 ж. туған) — священник, Пермь губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада прогрессистер фракциясында болды, халыққа білім беру, православие шіркеуі істері жөніндегі және басқа комиссияларға кірді. 1912 жылғы жазда діни атағынан бас тартты. —*347.*

Титтони (Tittoni), *Томмазо* (1855—1931) — Италияның мемлекет қайраткері және дипломаты. 1903—1909 жылдары — Италияның сыртқы істер министрі. 1906 жылдан — сенатор. 1910—1916 жылдары — Парижде елші. 1919 жылы — қайтадан сыртқы істер министрі, Париж бейбітшілік конференциясында Италия өкілі болды. 1919—1928 жылдары — сенат председателі. 1929—1930 жылдары—Италия академиясының президенті. —*245.*

Толстой, Д. А. (1823—1889) — граф, патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері. 1865 жылы синодтың оберпрокуроры, ал 1866 жылдан оған қоса халық ағарту министрі болып тағайындалды; бастауыш және орта мектептерге бірқатар реакциялық реформалар жүргізді. 1882 жылдан ішкі істер министрі және жандармдар шефі болды, аса қатал «Уақытша ережелерді» енгізді, земстволық мекемелердің дербестігін мейлінше шектеді, еркін ойдың болмашы белгілерінің өзімен күресті. — *339.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі ұлы жазушылардың бірі. Толстой өзінің творчествосында революцияға дейінгі Россияның өмірін суреттеді, реформадан кейінгі дәуірдегі орыс қоғамының әр түрлі таптары мен түрлі топтарының психологиясын, олардың

1905—1907 жылдардағы революцияға көзқарасын белгілеген сол кездегі қайшылыққа толы күрделі жағдайларды бейнеледі.

Шыққан тегі мен тәрбиесі жағынан Толстой Россияның үстем табы — помещик ақсүйектерінің жоғарғы тобына жатады. Алайда ол бұл ортаның көзқарастарынан қол үзіп, еңбекшілер бұқарасын езуге және қанауға негізделген мемлекеттік және қоғамдық-экономикалық тәртіптерді қатал айыптаушы болды; ол үстем таптарды ашу-ызамен соққылады, патша сотының әділетсіздігін, буржуазиялық моральдің екіжүзділігін және т. с. әшкереледі. Толстой самодержавиелік тәртіпті қасиеттеп, оған бас иген, езушілік пен қанаушылықты жақтап, ақтаған шіркеуді қатты сынға алды; бұл үшін ол шіркеуден аласталды. В. И. Ленин Толстойды «орыс революциясының айнасы» деп атады. Жазушының ұлылығын, оның данышпандық шеберлігін, орыс және дүние жүзі әдебиеті үшін оның аса көрнекті маңызын атап көрсете келіп, Ленин Толстойдың дүниеге көзқарасы шаруалардың буржуазиялық революциясы болған бірінші орыс революциясының өзіндік тарихи ерекшеліктерін мейлінше айқын бейнелегенін, бұл революцияның қайшылықтарын, оның күшті және әлсіз жақтарын бейнелегенін көрсетті.

Самодержавиенің озбырлығын әшкерелей отырып, крепостниктік тәртіппен және самодержавиелік-полициялық мемлекетпен күресудің орнына, Толстой «зорлыққа күшпен қарсылық жасамауды», саясаттан шеттеуді, революциядан бас тартуды, адамның өзін өзі жетілдірумен шұғылдануын уағыздады; дінге қарсы күресудің орнына, ескі дінді жаңа дінмен ауыстыру қажеттілігін уағыздады. Толстой жұмысшы қозғалысын да, революцияның себептерін де және революцияның болмай қоймайтынын да түсіне алмады. Оның ілімі —«толстойшылдық» утопиялық және реакциялық сипатта болды, бұл ілім революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді. Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі замангы жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес» (қараңыз: осы том, 225—233-беттер; Шығармалар, 16-том, 338—343, 346—349, 371—372-беттер) және басқалар. — *225—233.*

Томилов, И. С. (1873 ж. туған) — шаруадан шыққан ұсақ чиновник; әуелі кадет, содан соң трудовиктерге ауысты. Архангельск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада балық аулау кәсібі, заң жобалары жөніндегі комиссияларға сайланды. — *349.*

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан партияда болды. 1905—1906 жылдары РСДРП Ревель ұйымында істеді; 1907 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі; большевиктік «Пролетарий» газеті редакциясының мүшесі; РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында жо-

Фейербах неміс буржуазиясының неғұрлым радикал, демократиялық топтарының идеологы болды. 1848 жылғы революция кезінде саясаттың бірінші дәрежелі маңызы бар екенін мойындады, алайда өзі саяси қызметтен аулақ болды; революциядан кейін Германияда оның ықпалы едәуір төмендеп кетті. Өмірінің соңғы жылдарында социалистік әдебиетке ынта қойды, Маркстің «Капиталын» оқыды және 1870 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді.

Фейербах философиясына К. Маркстің «Фейербах туралы тезистерінде» және Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген еңбегінде жан-жақты талдау жасалған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 339—382, 383—385-беттер). — *453, 456, 463, 486.*

I Фердинанд Кобург (1861—1948)—болгар князі (1887—1908) және патшасы (1908—1918); неміс князьдары тұқымынан шыққан. Австрия-Германия дипломатиясының тіміскілеу әрекетімен, болгар буржуазиясының бір бөлегінің қолдауы нәтижесінде 1887 жылы Болгария князі болып сайланды. Өзінің саясаты арқылы 2-Балқан соғысының (1913) басталуына және Болгарияны Германия мен оның одақтастары жағында бірінші дүние жүзілік соғысқа (1914—1918) тартуға жәрдемдесті. Болгар армиясы солдаттарының Владай көтерілісіне байланысты I Фердинанд 1918 жылы октябрьде тақтан бас тартып, Германияға қашты.— *245.*

Фишер (Fischer), *Рихард* (1855—1926) — неміс социал-демократы; 1880—1890 жылдары Цюрих пен Лондонда социал-демократиялық баспаханаларда істеді; 1890—1893 жылдары социал-демократиялық партияның секретары болды; 1893—1903 жылдары партиялық социал-демократиялық кітап баспасын басқарды, партияның орталық органы «Vorwärts»-тың («Алға») шығарушысы және әкімі болды. — *223.*

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922)— Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың ортасында социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығарылған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып әлденеше рет сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін, Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі рет сөз сөйлеп, партияның қызметін реформалар үшін күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасасуға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизмнің және ревизионизмнің идеологы болды. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, «мемлекеттік социализмнің» артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын

жасаған кезде ұсақ жер меншікшілерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позицияларында болды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *204, 205, 208, 210.*

I Франц-Иосиф (1830—1916) — Австрия императоры (1848—1916). — *245, 265.*

Ч

Черeванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. Жойымпаздық басылымдардың қызметкері, партияны жою жөніндегі 16 меньшевиктің «Ашық хаты» авторларының бірі (1910); 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. — *300, 306, 403, 415, 443.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық әрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатал сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта өңдеуге ұмтылды. К. Маркс Чернышевскийдің шығармаларын өте жоғары бағалады және оны орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский — 50-жылдардан бастап 88-жылға

дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс тұрмысының артта қалуы себепті Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевский қаламынан саяси экономия, әдебиет, тарих, этика, эстетика саласында бірқатар тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романынан тәлім алды. — *486.*

Чижевский, П. И. (1861 ж. туған) — кадеттер партиясының мүшесі, украиндық буржуазиялық ұлтшыл; Полтава губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті, контрреволюциялық Украин радасының органы — «Воля» апталығына жазып тұрды. — *146, 288.*

Чиликин, Ф. Н. (1876 ж. туған) — Амур облысынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада әуелі социал-демократиялық фракцияға кірді (1909 жылға дейін), содан кейін — партияда жоқ. Социал-демократиялық фракцияда болған кезінде фракция қаулыларына бағынбады, сондай-ақ партиялық басшылықты мойындамады.— *333.*

Шыңғысхан (Темучин) (шамамен 1155 ж. туған — 1227 ж. қайтыс болды) — Монғол ханы және қолбасшысы. 1206 жылы Монғолияны біріктіруді аяқтады, қатардағы көшпелі-малшылар бұқарасына шонжарлардың үстемдігін нығайтқан мемлекет құрды. Шыңғысхан жаппай әскери міндеткерлік жүйесін енгізді, сансыз көп атты әскер жасақтады, пұрсатты әскери сословие қалыптастырып, олардан таңдаулы гвардия құрды, одан кейін кең көлемді басқыншылық саясатын жүргізуге кірісті. 1209—1210 жылдарда ұйғырларды басып алып, Шыңғысхан Солтүстік Қытайға, Орта Азияға, Иранға және Закавказьеге жорық жасады. Бұл жорықтарда жергілікті халықтарды тағылықпен тонап, зорлық-зомбылық жасады. Шыңғысхан құрған империя XIII ғасырдың 60-жылдарында ыдырап кетті.— *192.*

Чупров, А. И. (1842—1908) — профессор-экономист, либерал. Москва заң қоғамы статистика бөлімшесінің председателі болды. Темір жол шаруашылығы мен аграрлық мәселе жөніндегі көптеген еңбектердің авторы. «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына әсері» деген либералдық-халықшылдық жинақтың (1897) редакторы және осы жинақтағы мақалалардың бірінің авторы. Чупровтың аграрлық еңбектерін В. И. Ленин өткір сынға алды.— *12.*

Ш

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Март, 1908 — июнь, 1909)

1908

1908 жылғы март — 1909 жылғы июнь.	Ленин Женевада (7 январьдан (жаңаша) бастап) тұрады, одан соң 1908 жылғы декабрьдің ортасында (жаңаша) Парижге көшіп барады; большевиктік «Пролетарий» газетін редакциялайды, партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығаруды ұйымдастырады және оның редакторлық жұмысын атқарады; РСДРП-ның Жалпы россиялық V конференциясын әзірлеуге және өткізуге басшылық етеді.
19 март (1 апрель).	Лениннің «Тура жолға» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 26-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.
26 март (8 апрель).	Лениннің «Орыс революциясының «табиғаты» туралы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 27-номерінде бас мақала ретінде жарияланады; «Думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы айтыстар жөнінде» деген мақалаға постскриптум да осы номерде басылды.
Марттың екінші жартысы — кеш дегенде 3(16) апрель.	Ленин «Карл Маркс (1818—1883)» жинағына арнап «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласын жазады. Жинақ 1908 жылғы 25 сентябрь мен 2 октябрь (8 және 15 октябрь) аралығында Петербургте шықты.
Ерте дегенде март — кеш дегенде 14(27) октябрь.	Ленин J. Dietzgen. «Kleinere Philosophische Schriften». Stuttgart, 1903 (И. Дицген. «Кішігірім философиялық еңбектер». Штутгарт. 1903) деген кітапқа белгілер салады. Бұл кітапты Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде кеңінен пайдаланды.
Март — октябрь.	Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазумен (1908 жылдың февралынан) шұғылданады.

Апрельден ертерек	Ленин K. Kautsky. «Die soziale Revolution». Berlin, 1907 (К. Каутский. «Әлеуметтік революция». Берлин, 1907) деген кітапшаға цифрлық есеп жасайды, белгілер салады, сөздердің астын сызады.
3(16) апрель.	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында өзінің «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласын басуға жібергенін хабарлай отырып, оны ревизионистерге «ресми соғыс жариялау» деп атайды (бұл мақалада Ленин орыс махистері — А. Богдановты, В. Базаровты және басқаларын баспасөз бетінде алғаш рет сынайды).
	Ленин А. В. Луначарскийге жазған хатында оның «Пролетарийге» арнап Италиядан мақалалар және корреспонденциялар жазып тұруға келісім бергеніне қанағаттанғандық білдіреді; постскриптумда Ленин «ғылыми социализмді дінмен біріктіруді» уағыздаушылардан және барлық махистерден өз жолының бөлек екенін жазады.
3(16) апрельден кешірек.	Ленин В. Карпинскийдің Металлургия заводтарының бүкіл россиялық тресінің құрылуы туралы мақаласына қорытынды пікір жазады, «Пролетарийде» басылатын заметка үшін екі парағын (25 парақтан) алуды, ал бүкіл мақаланы кітапшаға лайықтап қайта өңдеуді ұсынады.
Кеш дегенде 6(19) апрель.	Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында өзінің таяуда Италияға жүретінін хабарлайды.
6 (19) апрель.	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында философия мәселелері жөнінде большевиктік фракцияның ішіндегі пікір алалығы туралы жазады; «Пролетарийге» арнап мақала жіберіп тұруын сұрайды.
10 және 17 (23 және 30) апрель аралығында.	А. М. Горькийдің тілегі бойынша Ленин Каприге келіп, мұнда бірнеше күн болады. Ленин А. Богдановқа, В. Базаровқа және А. В. Луначарскийге философия мәселелері жөнінен олармен мүлдем келіспейтіндігін мәлімдейді.
	А. М. Горькиймен бірге Ленин Неаполь музейін, Неапольдің, Помпеяның шет аймақтарын аралап көреді, Везувийге көтеріледі.

16(29) апрель.	Лениннің «Сүрлеу жолмен!» және «Кадеттердің октябристермен блогы ма?» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 29 номерінде жарияланады.
Апрельдің ортасы.	Ленин М. Ф. Андрееваға жазған хатында Женевадағы Куклин кітапханасына революция дәуіріндегі газеттер мен революция тарихына қатысты материалдар жіберіп көмектесу жөнінде А. М. Горькийдің орыс газеттеріне ашық хат жазуын өтінеді.
24 апрель (7 май).	Ленин Женевада «Орыс революциясын бағалау және оның ықтимал болашағы» деген тақырыпта реферат оқиды.
Апрель.	Ленин мына журналда: «Die Neue Zeit», Nr. 1, XI Jahrgang, 1 Band, 1892/93 — жарияланған Энгельстің «Über historischen Materialismus» («Тарихи материализм туралы») деген мақаласына белгілер салады. Энгельстің бұл еңбегін Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын және «Орыс революциясын бағалау жөнінде» деген мақаласын жазғанда пайдаланды. Лениннің «Орыс революциясын бағалау жөнінде» деген мақаласы поляктың «Przeglad Socjaldemokratyczny» журналының 2-номерінде жарияланды.
Ерте дегенде апрель — кеш дегенде 2(15) июль.	Ленин «Революционная Мысль» журналының 1-номерінде (апрель, 1908) басылған Сиверскийдің (В. Агафоновтың) «Карфаген талқандалуы тиіс!» деген мақаласына белгілер салады.
1(14) май.	Ленин Парижде орыс революциясының сипаты жөнінде реферат оқиды.
3(16) май.	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманске жазған хатында II Думаның бұрынғы депутаты, бірнеше ай бойына жұмыссыз отырып қалған И. Р. Романовқа 50 франк беруді өтінеді.
10(23) май.	«Пролетарий» газетінің 30-номерінде Лениннің «Екінші лектегі кадеттер» (бас мақала)

	және «Орыс революциясын бағалау жөнінде» (бұдан бұрын поляктың «Przeglad Socjaldemokratyczny» журналының 2-номерінде басылған) деген мақалалары жарияланады.
28 май (10 июнь).	Ленин М. Цхакаяға жазған запискасында онымен жүздесіп, әңгімелескісі келетінін білдіреді.
Майдың аяғы.	Ленин Бернде эмигранттар мен студенттер колониясы үшін Россияның экономикалық және саяси дамуының екі жолы туралы тақырыпта реферат оқиды.
Май.	Ленин Лондондағы Британ музейінде «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазумен шұғылданады. Женевада 1908 жылгы 15 (28) майда болған А. А. Богдановтың рефератында И. Ф. Дубровинскийдің (Иннокентийдің) сөйлейтін сөзінің тезисі ретінде Ленин «Референтке он сұрақты» жазып, оны Лондоннан жібереді.
Кеш дегенде май.	Ленин С. Н. Прокопович пен А. П. Мертваго-ның «Россияда қанша жер бар және біз оны қалай пайдаланып отырмыз» (Москва, 1907) деген кітапшасына статистикалық, цифрлық есептер жасайды, кей жерлерін сызып қояды және белгілер салады. Ленин өзінің «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардагы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» және «Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе» деген еңбектерінде осы аталған кітапшаның материалдарына сілтеме жасайды.
Ерте дегенде май.	Ленин Г. В. Плехановтың «Марксизмнің негізгі мәселелері» (СПБ., 1908) деген кітабына белгілер салады.
Көктем.	Ленин Лозаннада орыс социал-демократтарының бір тобына «Орыс революциясы және оның перспективалары» деген тақырыпта реферат оқиды. Рефератқа 120-ға жуық адам қатысады.
7(20) июнь.	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің Лондоннан оралғанын хабарлайды; «Ма-

териализм және эмпириокритицизм» деген кітабын «мәскеулік философ-бастырушы» — П. Г. Дауге басып шығарудан бас тартуына байланысты апасы А. И. Ульянова-Елизаровадан басқа бір шығарушыны табуға көмектесуді және «Социал-Демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген әлі жарыққа шықпаған кітаптың, түптелмеген түрінде болса да, 2—3 данасын жіберуді өтінеді.

10 және 14 (23 және 27) июнь аралығында. Ленин И. Ф. Дубровинский, Н. К. Крупская және басқалармен бірге Большевиктік Орталықтың мүшесі В. К. Таратутаның (Виктордың) атына жолданған «Пролетарий» редакциясының мәлімдемесіне қол қояды; бұл мәлімдемеде А. А. Богданов тиісті талаптарды орындаған жағдайда «Пролетарий» редакциясы мен оның арасындағы жанжалды жою қажеттігі туралы айтылған болатын.

17(30) июнь. Ленин Халықаралық социалистік бюроға К. Гюисманске жазған хатында Россияда РСДРП Орталық Комитетінің бірқатар мүшелерінің тұтқындалғанын, конгрестің есептерін бастырып шығаруды әзірлеуге байланысты, РСДРП Орталық Комитетінің II Интернационалдың Штутгарт конгресіне (1907) баяндамасының бірінші бөлегін жіберіп отырғанын хабарлайды.

18 июнь (1 июль). Ленин Гранаттың Энциклопедиялық сөздігіне арнап жазған «Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе» деген еңбегін аяқтады. Цензуралық жағдайларға байланысты бұл еңбек ол кезде жарияланбаған-ды, кейін 1918 жылы ғана жеке кітапша болып шықты.

Ленин Одессадағы В. В. Воровскийге жазған хатында А. А. Богдановпен және Г. А. Алексинскиймен арадағы алауыздықтың шиеленіскені және олармен сөзсіз ажырасуға тура келетіні жөнінде жазады; алдағы партия конференциясына байланысты, Воровскийді августа Парижге шақырады, конференцияға мандаттарды «тек қана жергілікті және тек қана нақты бар қызметкерлерге» беру жөнінде нұсқау береді; «Пролетарийге» арнап мақалалар жіберуді өтінеді; өзінің «Материализм және эм-

пириокритицизм» деген кітабын басып шығарудың мүмкіндігі жайында сұрайды.

25 июнь (8 июль). Ленин Ф. А. Ротштейнге жазған хатында Орталық Комитеттің алдағы пленумына дейін өзінің ағылшын фабриканты Джозеф Фелзге жазған хатын жібермей тұра тұруға ұйғарғанын хабарлайды; бұл хатта РСДРП V съезін өткізуге байланысты шығындарды өтеу үшін 1907 жылы осы фабриканттан алынған қарыз жөнінде айтылған болатын.

Ленин Халықаралық социалистік бюроға жазған хатында К. Гюисманстің 1908 жылғы 3 июльдегі хатының Россияға жіберілгенін хабарлайды; К. Гюисманстің хатында бастырып шығаруға әзірленіп жатқан II Интернационалдың Штутгарт конгресінің есебі үшін РСДРП Орталық Комитеті баяндамасының соңғы бөлегін Халықаралық социалистік бюроға жіберуді тездету жайында сұралған еді.

30 июнь (13 июль). Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында «Зерно» баспасында теріліп қойған, өзінің «12 жыл ішінде» деген Шығармалар жинағының екінші томының 2-бөлімінің бір данасын жіберуді өтінеді, бұл жинаққа оның «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегі енгізілген болатын. (Кітапты полиция баспахананың өзінде-ақ конфискелеген-ді, сөйтіп ол тек 1917 жылы жарық көрді).

Июнь. Лениннің ұсынысымен «Пролетарий» газетінде шақырымпаздық жөніндегі мәселе бойынша айтыс басталады.

2(15) июль. Лениннің «Қазіргі құлдыраудың кейбір белгілері жайында» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 32-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.

5(18) июль. Ленин «Социал-демократияның орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген авторефератын аяқтады. Автореферат августа поляктың «Przegląd Socjaldemokratyczny» журналының 6-номерінде жарияланды.

23 июль (5 август). «Пролетарий» газетінің 33-номерінде Лениннің «Дүние жүзілік саясаттағы тұтанғыш мате-

	риал» (бас мақала), «Соғысқұмар милитаризм және социал-демократияның антимилитаристік тактикасы» және «Петр Маслов Карл Маркстің алғашқы нобайларын қалай түзетеді» («Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектен) деген мақалалары жарияланады.
27 июль (9 август).	Ленин қарындасы М. И. Ульяноваға жазған хатында оны және анасы М. А. Ульянованы Женеваға келіп дем алуға шақырады.
5(18) август.	Ленин М. Н. Покровскийге хат жазып, онда «Россия тарихы» басылымының секретарынан фабрика-завод өнеркәсібінің тарихына арналған мақала жазу жөнінде алынған ұсынысқа байланысты оның пікірін сұрайды.
6(19) август.	Ленин Халықаралық социалистік бюроға К. Гюисманске жазған хатында Мюнхенде үш орыс жолдастың тұтқындалғанын хабарлайды және одан бұлардың социал-демократиялық партияның мүшелері екендігін Халықаралық социалистік бюроның атынан куәландыруды өтінеді.
11—13 (24—26) август.	Ленин Женевада РСДРП Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады: партияның Орталық Комитетін жою, оны «Информациялық бюромен» алмастыру жөніндегі меньшевиктердің әрекеттерін әшкерелеп сөз сөйлейді, «Орталық Комитет пленумын шақыру жөнінде мәлімдемені» және «Шетелдік орталық бюроны ұйымдастыру туралы» және «Орталық Комитет пленумын шақыру жөніндегі жанжал туралы» қаулылардың жобаларын ұсынады (пленум жобалардың екеуін де қабылдады); жалпы россиялық партия конференциясын шақыру туралы қарар жобасына және пленумның басқа да документтеріне түзетулер енгізеді. Ленин большевиктерден партияның Орталық Органы редакциясына сайланады.
13(26) август және 21 декабрь (3 январь, 1909 ж.) аралығында.	Ленин РСДРП Жалпы россиялық V конференциясын әзірлеуге басшылық етеді.

26 август (8 сентябрь).	Ленин Халықаралық социалистік бюроға Г. Гюисманске жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің Штутгарт конгресіне баяндамасының екінші бөлегінің әзірлену барысы жөнінде, К. Гюисманстің 1908 жылғы 31 августағы (жаңаша) открыткасын өзінің алғаны жөнінде хабарлайды.
Август.	Ленин «Пролетарий» газеті редакциясының атынан А. Богдановтан өзінің философиялық және саяси көзқарастарын баспасөз бетінде ашық баяндауын талап етеді.
Жаз.	Ленин М. А. Ульяноваға жазған, сақталмаған хатына постскриптумда Lowell'-дің «Марс және оның каналдары» деген кітабы туралы және А. Богдановтың «Қызыл жұлдыз» деген романы туралы пікір айтады; А. М. Горькийдің «Кенже қалғандар» атты жаңа пьесасының жарыққа шыққанын хабарлайды.
8(21) сентябрь және 2(15) октябрь аралығында.	Ленин «Пролетарий» газетінің 36-номеріне арнап «Ағылшын және неміс жұмысшыларының бейбіт демонстрациясы» деген мақаласын жазады. Мақала ол кезде жарияланбады (1933 жылы басылды).
Кеш дегенде 10(23) сентябрь.	Ленин «Біздің думадағы фракциямыздың қызметі туралы мәселе жөнінде» деген мақалаға редакциялық түзетулер енгізеді. Мақала «Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 11 (24) сентябрьдегі 35-номерінде жарияланды.
11(24) сентябрь.	Лениннің «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 35-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.
12(25) сентябрь.	Ленин Халықаралық социалистік бюроға К. Гюисманске хат жазып, онда 1908 жылға РСДРП-ның кезекті жарнасы есебіне 600 франк жіберілгенін хабарлайды.
17(30) сентябрь.	Ленин М. А. Ульянованың атына Михнево станциясына жіберген хатында жуық арада Халықаралық социалистік бюроның 11 октябрьде ашылатын мәжілісіне қатысу үшін Брюссельге жүретінін, «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазып бі-

	тірген соң бір аптаға Италияға барып қайтқысы келетінін хабарлайды.
25 сентябрь мен 2 октябрь (8 және 15 октябрь) аралығында.	Лениннің «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласы Петербургте шыққан «Карл Маркс (1818—1883)» атты жинақта жарияланады.
27 сентябрь (10 октябрь) күндізгі сағат 3-те.	Ленин Брюссельде өткен социалист-журналистер конференциясының жұмысына қатысады.
Кешке.	Ленин «Халық үйінде» болған, барлық елдер пролетариатының бейбітшілікті сақтау жолындағы күресіне арналған халықаралық митингке қатысады.
28 сентябрь (11 октябрь).	Ленин Брюссельде Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысады; К. Каутскийдің ағылшын Жұмысшы партиясын (лейбористерді) Интернационалға қабылдау жөніндегі қарарын сынап сөз сөйлейді және Интернационалдың орыстық кіші секциясына сионист-социалистерді қабылдауға қарсы шығады.
29 сентябрь (12 октябрь).	Ленин Брюссельде парламент фракцияларына мүше социалистердің халықаралық конференциясының мәжілісіне қатысады.
30 сентябрь мен 15 октябрь (13 және 28 октябрь) аралығында.	Ленин «Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі» деген мақаласын жазады. Мақала 1908 жылғы 16 (29) октябрьде «Пролетарий» газетінің 37-номерінде басылады.
Сентябрь.	Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабына алғы сөз жазады.
3(16) октябрь.	Лениннің «Студенттер қозғалысы және қазіргі саяси жағдай» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 36-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.
5 және 15 (18 және 28) октябрь.	Ленин «Балқандағы және Персиядағы оқиғалар» деген мақаласын жазады. Мақала 1908 жылғы 16 (29) октябрьде «Пролетарий» газетінің 37-номерінде басылады.

13(26) октябрь.	Ленин К. Каутскийдің ағылшын Жұмысшы партиясын Интернационалға қабылдау жөніндегі қарарына өз түзетуінің текстін К. Гюисманске жібереді және оны Халықаралық социалистік бюроның 1908 жылғы 11 октябрьдегі мәжілісі туралы ресми есепте басып шығаруды өтінеді.
14(27) октябрь.	Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазып бітіргенін хабарлайды, қолжазбаны жіберу үшін сенімді адрес беруін және мүмкіндік болған жағдайда осы кітапты шығару жөнінде шарт жасасуды өтінеді.
14 немесе 15 (27 немесе 28) октябрь.	Ленин А. А. Богдановқа жазған запискасына қоса Ю. М. Стекловтың хатын да жібереді; бұл хатта Стеклов Н. Г. Чернышевскийдің өмірі мен қызметіне арналған жинаққа қатынасуы жөнінде Ленинге ұсыныс жасаған-ды. Қосымша запискасында Ленин, егер оған философиялық тақырып берілетін болса, жинаққа арнап мақала жазуға келісетінін хабарлайды. Жинақ шықпай қалады.
16(29) октябрь.	«Пролетарий» газетінің 37-номерінде Лениннің «Балқандағы және Персиядағы оқиғалар», «Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі» және «Долданған П. Маслов» деген мақалалары жарияланады.
28 октябрь (10 ноябрь).	Ленин Петербургтегі махист-меньшевик П. С. Юшкевичке жазған хатында шығарылмақшы әдеби-философиялық жинақтарға қатысу жөнінде жасалған ұсыныстан бас тартады.
Октябрь — ноябрь	Лениннің «П. Масловтың «жауабы» жөнінде бірнеше ескертпелер» деген мақаласы поляктың «Przegląd Socjaldemokratyczny» журналының 8—9-номерінде жарияланады.
1(14) ноябрь.	Лениннің «Қазіргі кезеңді бағалау туралы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 38-номерінде жарияланады.
4(17) ноябрь.	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Парижге көшуді біржола шешкенін хабарлайды; апасына—Анна Ильиничнаға, «Материа-

лизм және эмпириокритицизм» деген кітабының қолжазбасын Подольскіге (В. А. Левицкийге) жібергенін айтуды өтінеді.

13(26) ноябрь. Лениннің «Плеханов пен К° ревизионизмді қалай қорғап отыр» және «Екі хат жайында» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 39-номерінде жарияланады.

18 ноябрь (1 декабрь). Ленин Халықаралық социалистік бюроға К. Гюисманске жазған хатында оның РСДРП-ның Россиядағы құпия ұйымы туралы, шетелде РСДРП Орталық Комитетінің Бюросы бар екені туралы және басқа сұрақтарына жауап береді, Халықаралық социалистік бюродан жұмыс күнін шектеу туралы, кәсіподақтар туралы, жұмыссыз қалуға мәжбүр болған жағдайда берілетін жәрдем туралы, заводтарда инспекторлық тексеру жүргізу туралы, әйелдер мен балалардың жұмысы туралы, шахтерлерді қамсыздандыру туралы, дене еңбегін атқаратын жұмысшылардың жалақысы туралы және т. б. мәселелер бойынша Думадағы социал-демократиялық фракцияның секретарына қажетті мағлұматтарды хабарлауды өтінеді.

Ленин В. К. Таратутаға жазған хатында Польша мен Литва социал-демократиясының съезіне қатысатын РСДРП Орталық Комитетінің өкілдері туралы оның сұрауына және Тышканың телеграммасына жауап береді; Орталық Комитеттің өкілі етіп Б. И. Горевті (Игорьді) тағайындау жөніндегі Тышканың ұсынысына наразылық білдіреді.

27 ноябрь (10 декабрь). Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің Женевадан қай күні Парижге жүретінін хабарлайды, «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын басып шығару жөнінде Москвадағы «Звено» баспасы қойған шарттарды дереу қабылдау жөнінде А. И. Ульянова-Елизароваға телеграмма жібергенін жазады, баспасөз жөніндегі заңдарға сәйкес жауапқа тартылудан сақтандыру мақсатында шартты Анна Ильиничнаның атына емес, өзінің атына жазу жөнінде кеңес береді.

30 ноябрь (13 декабрь). Ленин К. Гюисманске жазған хатында III Дума депутаттарының Халықаралық социалис-

тік бюроға жарнадан берешекті өтеуі жөнінде тиісті шаралардың бәрі істелгенін хабарлайды; Халықаралық социалистік бюро дайындап жатқан Штутгарт конгресі туралы есеп үшін РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы қашан жіберілетіні жөніндегі сұрағына бірнеше күннен кейін жауап жіберетінін айтады.

1(14) декабрь. Лениннің «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 40-номерінде жарияланады.

Ленин кітапқұмарлар Женева қоғамы комитетінің председателіне хат жазып (француз тілінде), онда өзінің Парижге көшуіне байланысты қоғамнан шығатынын хабарлайды және кітап пайдалануда өзіне көрсетілген көмек үшін алғыс айтады.

Ленин мен Крупская Женевадан Парижге көшіп барады; «Пролетарий» газетін шығару Парижге көшірілген-ді. Парижге келгеннен кейін В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Сен-Марсель бульварындағы 27-үйдегі «Отель де Гобленге» орналасады. Кейінірек қаланың шет жағындағы Бонье көшесіндегі 24-үйге, ал одан соң Мари-Роз көшесіндегі 4-үйге ауысады.

21 декабрь (3 январь, 1909 ж.). Ленин Парижде РСДРП Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; бұл мәжілісте конференция шақыру жөніндегі жұмыс туралы есеп талқыланған болатын.

21—27 декабрь (3—9 январь, 1909 ж.). Ленин Парижде РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының жұмысына қатысады. «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндама жасайды, осы мәселе бойынша қарар жобасын ұсынады (конференция бұл жобаны шамалы түзетулермен қабылдады); ұйымдық мәселе бойынша сөз сөйлейді, ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арнап директивалар жазады (бұл директивалар конференция шешімдеріне кіргізілді); қарарларды дауысқа қою тәртібі туралы ұсыныс жасайды және конференция шешімдерін жариялау жөніндегі қарар жобасын ұсынады, Орталық Комитетті жою туралы меньшевиктердің жобасы жөнінде нақты мәлімдеме және меньшевиктер саясатының жойымпаздық мәнін әшкерелейтін басқа бірнеше нақты мәлімдемелер ұсынады; думадағы социал-демокра-

тиялық фракция жөнінде мәселе талқыланғанда сөз сөйлейді; бюджетке дауыс беру туралы мәселе жөнінде думадағы социал-демократиялық фракцияға практикалық нұсқаулар жазады және басқа мәселелер жөніндегі қарар жобаларына бірқатар түзетулер енгізеді.

27—29 декабрь (9—11 январь, 1909 ж.). Ленин РСДРП Орталық Комитетінің пленумы жұмысына қатысады; онда РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының қарарлары бекітілген болатын.

30 декабрь (12 январь, 1909 ж.). Ленин Ұлттық кітапхананың бас әкіміне жазған хатында (француз тілінде) кітапхананы пайдалануға праволы өтетін карточка беруді өтінеді.

Декабрь. Ленин Россиядағы қазіргі жағдай жөнінде Парижде реферат оқиды.

1908 жыл. Ленин: Ludwig Feuerbach. «Sämmtliche Werke». Zweiter Band, Leipzig, 1846 (Людвиг Фейербах. Шығармалар жинағы. Екінші том, Лейпциг, 1846) деген кітапқа белгілер салады. Бұл кітапты Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазу үстінде пайдаланады.

Ерте дегенде 1908 жыл. Ленин В. Шулятиковтың «Батыс европалық философияда капитализмнің ақталуы. Декарттан Э. Махқа дейін» (М., 1908) деген кітабының беттеріне пікірлер жазады.

1908 жылдан кешірек. Ленин A. Rey. «La Philosophie Moderne». Paris, 1908 (А. Рей. «Қазіргі заманғы философия». Париж, 1908) деген кітаптың беттеріне пікірлер жазады.

Ленин Е. Н. Тарновскийдің «Мемлекеттік қылмыспен айыпталған адамдар жөніндегі статистикалық деректер» деген мақаласынан көшірме жасайды.

1909

Жылдың басы. Ленин Парижде большевиктер үйірмесінде философия тақырыбында лекциялар оқиды.

6(19) январь. Ленин К. Гюисманске жазған хатында (француз тілінде) РСДРП-ның 1908 жылғы жарпа-

	сы есебіне Халықаралық социалистік бюроға 300 франк жібергенін хабарлайды және II Интернационалдың Штутгарт конгресі туралы есепке РСДРП Орталық Комитеті баяндамасының II бөлімін әзірлеуге уәде береді.
7(20) январьдан ертерек.	Ленин 1908 жылдың ноябрінде эсерлер партиясының орталық органы — «Знамя Труда» газетінің 13-номерінде жарияланған «Әуелде», «Бір кикілжің жөнінде», «Тағы да қазіргі кезең туралы және партияның тактикасы туралы» деген мақалаларға белгілер салады.
7(20) январь.	Лениннің «Социалист-революционерлер революцияның қорытындысын қалай шығарып жүр және революция социалист-революционерлерге қалай қорытынды шығарды» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 41-номерінде жарияланады.
22 январь (4 февраль).	Ленин Парижде «Россиядағы саяси жағдай және аграрлық қатынастардың капиталистік дамуының екі жолы туралы» деген тақырыпта баяндама жасайды.
24 январь (6 февраль).	Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының алғашқы корректураларын алғанын хабарлайды және кеткен қателердің тізімін жібереді; хатқа қосымша жазуында қарындасы Мария Ильиничнамен бірге Л. Андреевтың «Өміріміздің күндері» пьесасын көрмекші екенін хабарлайды.
28 январьдан (10 февральдан) ертерек.	Ленин «Россияның қазіргі жағдайы» деген рефераттың жоспарын жазады. Бұл жоспар Париждегі РСДРП-ға жәрдемші екінші топ шығарған осы реферат жөніндегі хабарландыруда жарияланды.
28 январь (10 февраль).	Лениннің «Жолға» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 2-номерінде бас мақала ретінде жарияланады. Ленин Парижде «Россияның қазіргі жағдайы» деген тақырыпта реферат оқиды.
Январь.	Ленин К. Гюисманске хат жазып, онда Вильноның ереуіл жасаған былғарышыларына көмек көрсетуді өтінеді.

Ленин өзінің пәтерінде Россиядан келген И. Эренбургпен әңгімелесіп, одан жастардың пиғылы жөнінде, олардың қандай жазушыларды көбірек оқитыны, «Білім» жинақтарын қалай оқитыны жөнінде, Москвада Көркем театрда және Коршта қандай спектакльдер жүріп жатқаны жөнінде сұрайды.

Январьдың аяғы — апрель. Ленин өзіне Москвадан жіберілген «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының корректурасын оқиды, көзіне түскен қателер жөнінде А. И. Ульянова-Елизароваға хабарлайды, кітап текстіне кейбір түзетулер мен толықтырулар енгізеді.

Январь — июнь. Ленин Париждегі Ұлттық кітапханада жұмыс істейді.

1(14) февраль. Ленин «Пролетарий» газеті редакциясының мәжілісінде А. В. Луначарский уағыздап жүрген құдай жасампаздыққа қарсы редакцияның ашық пікір айтуын талап етеді. Құдай жасампаздыққа қарсы жазылған «Жолымыз бір емес» деген тақырыптағы редакциялық мақала 1909 жылғы 12 (25) февральда «Пролетарийдің» 42-номерінде басылады.

12(25) февральдан ертерек. Ленин Литвадан келген социал-демократ — ереуіл жасаушы Вильно былғарышыларына қаржы жинаушы уәкіл П. В. Эйдукявичуспен (Марцелимен) әңгімелеседі.

12(25) февраль. Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманске хат жазып (неміс тілінде), онда ереуіл жасаушы Вильно былғарышыларына қаржы жинауға Марцелидің уәкілдігін куәландырады.

Лениннің «Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақалаға жазған редакциялық ескертуі «Пролетарий» газетінің 42-номерінде жарияланады.

17—23 февраль (2—8 март). Ленин Ниццада дем алады.

24 февраль (9 март). Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында өзінің Ниццадан Парижге келгенін хабарлайды; «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын шығаруды жеделдетуді

және оны шығару жөніндегі көмегі үшін И. И. Скворцов-Степановқа «мың рахмет» айтуды өтінеді.

Ленин Халықаралық социалистік бюроға жазған хатында II Интернационалдың Штутгарт конгресіне РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасын әзірлеу жұмысының аяқталғанын хабарлайды.

27 февраль (12 март). Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының дайын болған баспа табақтарының бір бөлегін алғанын хабарлайды; кітаптың шығуын «жеделдетуді, қандай жолмен болса да жеделдетуді» өтінеді; түзетілмеген қателердің тізімін жібереді; Богдановқа және Луначарскийге қарсы айтылған пікірлердің өткірлігін кемітпеуді өтінеді.

Кеш дегенде 2(15) март. Ленин «Социал-Демократ» газеті редакциясының мәжілісінде Л. Мартовтың меньшевиктік-жойымпаздық көзқарастарды уағыздайтын «Не үшін күресеміз?» деген мақаласын жариялауға қарсы шығады. Редакция газеттің сол номерінде Мартовқа қарсы жауап берілетін мақала жазуды Ленинге тапсырады. Сөйтіп, Лениннің «Біздің революциядағы пролетариат күресінің мақсаты» деген мақаласы осындай жауап болды; бұл мақала 1909 жылғы 9 және 21 мартта (22 март және 3 апрель) «Социал-Демократтың» 3 және 4-номерлерінде басылды.

5(18) март. Ленин Парижде эмигранттар жиналысында Париж Коммунасы туралы сөз сөйлейді.

10 немесе 11 (23 немесе 24) март. А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» кітабына «IV тараудың 1-параграфына қосымша. «Н. Г. Чернышевский кантшылдықты қай жағынан сынады?»»-ны жолдағаны жөнінде хабарлайды.

13(26) марттан ертерек. Ленин Парижде РСДРП Жалпы российялық V конференциясы жөнінде реферат оқиды.

Ерте дегенде 23 март (5 апрель). Ленин РСДРП Орталық Комитетінің атынан Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының басқармасына наразылық білдіріл-

ген хат жазады; бұл хат 1909 жылғы 3 апрельде «Vorwärts» газетінің 79-номерінде басылған «Орыс социал-демократиясындағы ұйымдық мәселе» деген мақалада орыс социал-демократтарының арасындағы алауыздықтардың мәнін бұрмалап көрсетуге қарсы жазылған еді.

26 март (8 апрель). Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітаптың апрельдің бірінші жартысында шығуы үшін барлық қажетті шараларды қолдануды өтінеді. «Менің тек әдеби міндеттемелерім ғана емес,— деп жазды Ленин,— сонымен бірге елеулі саяси міндеттемелерім де кітаптың шығуына байланысты болып отыр».

Март. Ленин Парижде партияның думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарасы жөніндегі айтыста сөз сөйлеп, шақырымпаздардың позицияларын сынайды және революциялық насихат пен үгіт үшін Мемлекеттік думаның трибунасын пайдалану тактикасын жан-жақты сипаттайды.

Ленин К. Гюисманске хат жазып, ереуіл жасаушы Вильно былғарышыларына көмек көрсету жөнінде өтініш жасайды.

4(17) апрель. Лениннің «Большевизмге карикатура» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 44-номеріне Қосымшада жарияланады.

8(21) апрельден ертерек. Ленин Р. Люксембургтің шақырымпаздар мен ультиматистерге қарсы бағытталған мақаласының текстіне кейбір редакциялық түзетулер енгізеді және бұл түзетулер жөнінде автормен келісу жөнінде нұсқау береді. Р. Люксембургтің мақаласы «Революциялық масаю» деген тақырыппен 1909 жылғы 8 (21) апрельде «Пролетарийдің» 44-номерінде жарияланған болатын.

8(21) апрель. Лениннің «Буржуазияның «солшылдануы» және пролетариаттың міндеттері» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 44-номерінде жарияланады.

10(23) апрель. Ленин «Пролетарий» редакциясының кеңейтілген мәжілісіне әзірлікке байланысты И. Ф. Дубровинскийге хат жазады.

16(29) апрель.	Ленин И. Ф. Дубровинскийге жазған хатында Уралдағы басшы ұйымдардың сәтсіздікке ұшырағанын хабарлайды; А. Богданов бастаған бір топ шақырымпаздардың әрекеті салдарынан «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциялық кеңесі қарсаңында туып отырған ауыр жағдай жөнінде жазады.
Ерте дегенде 21 апрель (4 май).	Ленин «Қымбатты Маняшаға автордан» деген сөздер жазып, «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын қарындасы Мария Ильиничнаға сыйлайды.
21 апрель (4 май).	Ленин Парижде Н. А. Семашконың (Александровтың) аграрлық мәселе жөніндегі рефератында болған жарыс сөзде сөз сөйлейді.
	Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесіне әзірлікке байланысты мәсәлелер жөнінде И. Ф. Дубровинскийге хат жазады.
22 апрель (5 май).	Ленин И. Ф. Дубровинскийге жазған хатында «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциялық кеңесіне Большевиктік Орталықтың екі мүшесінің келгені және РСДРП-ға жәрдемдесетін Париж тобының сол күні болған мәжілісі жөнінде хабарлайды; Дубровинскийге оның санаторийде емделуді жалғастыра беруі жөнінде ыждағаттап кеңес береді.
29 апрель мен 4 май (12 және 17 май) аралығында.	Москвадағы «Звено» баспасында Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм. Бір реакциялық философия жөніндегі сын заметкалар» деген кітабы шығады.
Апрельдің аяғы — июньнің бірінші жартысы.	Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциялық кеңесін шақыруына әзірлік жұмысын жүргізеді.
5(18) май.	Ленин Р. Люксембургке жазған хатында «Мах жайындағы» әңгіменің ескерткіші ретінде өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының бір данасын заказды бандерольмен жібергенін хабарлайды; одан осы кітапты «Neue Zeit»-те басылатын «Редакцияға түскен баспасөз шығармаларының тізіміне» енгізуді өтінеді; Р. Люксембургтің «Революциялық масаю» деген мақаласына жақсы баға береді.

8(21) май. Ленин «Пролетарий» газеті редакциясының клубында (Париж) «Дін және жұмысшы партиясы» деген тақырыпта баяндама жасайды.

Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын алғанын хабарлайды; кітаптың басылуы жөнінде жағымды пікір айтады; «жұрт тек қана кітаптың бағасына (2 с. 60 т.) шағынады, бірақ бұл, сірә, шығарушының кінәсы болса керек!» деп жазады.

13(26) май. Лениннің «Жұмысшы партиясының дінге көзқарасы туралы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 45-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.

Ленин Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетіне жазған хатында (француз тілінде) II Николай патшаның жуықта Швецияға, Италияға, Англияға және Францияға баратын сапары туралы хабарлайды және социалистік партиялар мен парламенттік топтарды, швед социалистерінің жасағанындай, патшаның келуіне қарсы наразылық білдіруге шақыруды ұсынады. Ленин өзінің хатына қоса патшаның Европаға баратын сапарына байланысты III Мемлекеттік Думадағы социал-демократиялық фракцияның қойған сұрауларының аудармасын жібереді. Кейінірек Халықаралық социалистік бюро үндеу жазды, бұл үндеу бірнеше европалық елдердегі социалистік партиялардың орталық баспасөзінде жарияланды. II Николайдың келуіне қарсы наразылық толқынының өршуі себепті патшаның сапары өте қысқа болды, сөйтіп патша Лондонға да, Парижге де, Римге де бас сұға алмады.

15(28) май. Ленин Парижде «Россиядағы контрреволюция және буржуазия» деген тақырыпта өткен еркін айтысқа қатысады.

Кеш дегенде май. Ленин кадеттік «Вехи» жинағын оқиды, сөйтіп оның беттеріне белгілер салады, пікірлер жазады. Бұл жинақты Ленин өзінің ««Вехи» туралы», «Вехишілдер және ұлтшылдық» деген және басқа бірқатар еңбектерінде сынға алды.

4(17) июнь. Лениннің «Таптар мен партиялар олардың дінге және шіркеуге көзқарасы жағынан ал-

ғанда» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 6-номерінде жариялапады.

Жаздың басы. Ленин басып шығаруға көмектескеніне разылық білдіру ретінде И. И. Скворцов-Степановқа өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жібереді.

1909 жылдың бірінші жартысы. Ленин Сорбонна кітапханасындағы жаратылыс тану және философия жөніндегі кітаптар жайлы пікірлерін жазып қояды; L. Feuerbach. «Vorlesungen über das Wesen der Religion» (Sämtliche Werke, Bd. 8, Hrsg. Wigand, 1851) (Л. Фейербах. «Діннің мәні туралы лекциялар» (Шығармалар жинағы, 8-том, Виганда баспасы, 1851)) деген кітаптан кең конспект жасайды; L. Feuerbach. «Theogonie nach den Quellen des klassischen, hebräischen und christlichen Altertums» (Sämtliche Werke, Bd. 9, Hrsg. Wigand, 1857) (Л. Фейербах. «Классикалық, еврейлік және христиандық ескі заман деректемелері бойынша теогония» (Шығармалар жинағы, 9-том, Виганда баспасы, 1857)) деген кітапты шолып шығады; осы кітап жөніндегі пікірлерін «Діннің мәні туралы лекциялар»-дың конспектісі жазылған дәптердің аяқ жағына жазып қояды.

Ерте дегенде 1909 жыл. Ленин А. Дебориннің «Диалектикалық материализм» деген мақаласына пікірлер жазады; бұл мақала 1909 жылы «На рубеже» жинағында басылған болатын.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1909 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Шығармалар толық жинагы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық, Т. 1.— Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 17. Март 1908 — июнь 1909.
708 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар:
М. И. Труш және *А. Г. Хоменко*
Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. В. Наумов
Есімдер көрсеткішін дайындаған
А. Е. Иванов
Редактор *К. А. Остроухова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 30/I-76 г. Подписано к печати 24/XI-76 г. Формат $84 \times 108^1/_{32}$—23,0=38,6 усл. печ. л. (36,96 уч.-изд. л.)
Тираж 15000 экз. Бумага № 1 Цена 65 коп.
Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская 50.
Заказ 212. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.